

МУХТАР ӘУЕЗОВ

13





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МУХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ
1983

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МУХТАР ӘУЕЗОВ

ОН ҮШІНШІ ТОМ

854.342-2

Ә-50



Аударма пьесалар

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

АЛМАТЫ

1983


Редакциялық коллегия:

АХМЕТОВ Э., ӘУЕЗОВА Л., БАЗАРБАЕВ М.,
БЕРДІБАЕВ Р., ҚАРАТАЕВ М., МҮСРЕПОВ Ғ,
НҮРПЕЙІСОВ Ә., ТӘЖІБАЕВ Ә., ШӘРІПОВ Ә.

Ғылыми түсінікті жазып, томды баспаға
әзірлегендер:

НАУРЫЗБАЕВ Б., МЫРЗАХМЕТОВ М.,
ӘКІМОВ Т., ДОСЫМБЕКОВА Р.,
БӨЖЕЕВ М., САХАРИЕВ Б.

4603010000—112
Ә $\frac{402(05)83}{2-83}$



Н. В. Гоголь

РЕВИЗОР

Бес перделі комедия

Бетін қисық болса, айнаға өкпелеме
(халық мақалы).

ҚАТЫСАТЫН АДАМДАР:

Антон Антонович Сквозник-Дмухановский —
дуанбасы.
Анна Андреевна — оның әйелі.
Мария Антоновна — оның қызы.
Лука Лукич Хлопов — мектептердің бақылаушысы
Оның әйелі.
Аммос Федорович Ляпки-Тяпки — судья.
Артемий Филиппович Земляника — игілік орындарының
қамқоры.
Иван Кузьмич Щепкин — почтмейстер.
Петр Иванович Бобчинский } — қала помещиктері.
Петр Иванович Добчинский }
Иван Александрович Хлестаков — Петербургтен келген
төре.
Осип — оның қызметшісі.
Христан Иванович Гибнер — уездік дәрігер.
Федор Андреевич Люлюков } отставкадағы
Иван Лазаревич Растаковский } — чиновниктер,
Степан Иванович Коробкин } қаланың сый адамдары
Степан Ильич Уховертов — частный пристав.
Свинтунов }
Пуговицын } — полицейлер.
Держиморда }
Абдулин — купец
Февронья Петровна Пошлепкина — ұста әйелі.
Унтер — офицер әйелі.
Мишка — дуанбасының қызметшісі.
Трактир қызметшісі.
Қонақ әйелдер мен еркектер, купецтер, мещандар, арызшылар.

МІНЕЗДЕРІ МЕН КИІМДЕРІ

Актерлер үшін ескерту

Д у а н б а с ы — қызмет бабында жүріп қартаң тартқан, өзінше ақылы бар адам. Парақор болса да бойын салмақты ұстайды, әлінше тартымды; кейде сөйлеуік, сөзі қатты да, ақырын да, көп те, аз да емес. Бұның әр сөзі мәнді. Ауыр қызметті төмен дәрежеден бастаған адамдар тәрізді, бет бейнесі қопалдау, дәрекілеу. Қорқыныштан қуанышқа, оңбағандықтан маңғаздыққа ауысулары әрбір топас жанды адамдардай өте шапшаң келеді. Дардылы киімі, бастырма оюлы мундир, аяғында шпоры бар ботфорт. Бурыл шашы тықыр қырқылған.

А н н а А н д р е е в н а — оның әйелі, провинцияның қылмың кербезі. Әлі онша қартаймаған, жарым тәрбиені романдар мен альбомдардан алған, қалғаны малайлар мен үй-жайдың қамынан құралған. Сыбысқа жаны құмар, орайы келгенде дәреже құмар да. Кейде күйеуі бұған жауап таба алмайтындықтан, өзі үстемдік етіп те кетеді. Бірақ бұл үстемдік болымсыз жайларда, кейде бір сықақтап-мінеуде ғана болады. Пьеса бойында ол төрт рет әр алуан киінеді.

Х л е с т а к о в — жиырма үште жасы бар, жіп-жіңішке, ап-арык, «басында патшасы да жоқ» дейтін жарыместеу жігіт. Кеңселерде қуыс кеуде деп аталып жүретін жандардың бірі. Сөзі мен әрекетінде ой болмайды. Бір ойға байыздап тұра алмайды. Сөзді үзіп-үзіп сөйлейді және бар сөзі аузынан оқыс шығады. Бұл рольді ойнаушы неғұрлым әкпейіл, жұпыны көрінсе, солғұрлым олжа табады. Киімді мода бойынша киеді.

О с и п — егде тартқан малайдың бәріндей адам. Мәнмен сөйлейді, көзін төмен сала жүреді, ділмар. Мырзасы турасындағы ақыл сөздерді өзімен-өзі боп сөйлеуді жақсы көреді. Даусы көбінше бір қалыпты, мырзасымен сөйлескенде үні ызбарлы, келте және тұрпайылау шығады. Мырзасынан өзі ақылды, сондықтан одан гөрі бұрын

андағыш, бірақ көп сөйлегенді сүймейді, үндемес қу... Киімі не сұр, не көкшіл, көнетоз сюртук.

Б о б ч и н с к и й, Д о б ч и н с к и й — екеуі де аласа, домалак, батынша сыбысқұмар, біріне-бірі ғаламат ұқсайды. Екеуінің де қарны сәл шығыңқы. Екеуі бірдей шапшаң сөйлейді, қолдары үнемі дамыл таппайды. Добчинский Бобчинскийден сәл биіктеу және салмақтырақ, бірақ Бобчинский Добчинскийден гөрі еркіндеу және оңтайлырақ.

Л я п к и н-Т я п к и н — судья, бес-алты кітап оқығаны бар, сондықтан сәл озат ойшыл. Жорамалға құмар, өзінің әр сөзіне мән бергіш. Оны ойнаушы сырт ажарында салмақты кескін сақтасын. Сөзін зор дауыспен бастаса да, ескі сағаттың әуелі шықырлап, содан кейін соққаны тәрізді, қырылдап, күрсілдеп, соза сөйлейді.

З е м л я н и к а — игілік орындарының қамқоры, орасан жуан, ыңғайсыз, орашолақ болса да, сондайлық сұғанақ, сұрқия. Өзгеше жағымпаз, қарбаласы көп адам.

П о ч т м е й с т е р — ақпейілдің аңқауы.

Өзге рольдерге айрықша түсінік қажет емес. Олардың көбі әрдайым көз алдынан кезігеді.

Актер мырзалар ең соңғы сахнаға әсіресе қатты көңіл бөлсін. Ең соңғы сөз оқыстан келіп, бар жұртқа электр соққынындай тисін. Әп-сәтте бар топ халды өзгерте қойсын. Бар әйелдің таңданған үні, жалғыз ғана кеудеден шыққандай шапшаң болсын. Осы ескертулер еленбесе, бар тамаша зая кетуге мүмкін.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

ДУАНБАСЫ ҮЙІНІҢ БІР БӨЛМЕСІ

Дуанбасы, игілік орындарының қамқоры, мектептер бақылаушысы, судья, дәрігер, частный пристав, екі кварталдықтар.

І көрініс

Дуанбасы. Мырзалар, мен сіздерді бір орасан жайсыз хабарды естіруге шақырып едім. Бізге ревизор келе жатыр.

Аммос Федорович. Қандай ревизор?

Артемий Филиппович. Қандай ревизор?

Дуанбасы. Петербургтен келе жатқан жасырын ревизор және астыртын жарлығы да бар көрінеді.

Аммос Федорович. Мәс-саған!

Артемий Филиппович. Жайбарақат жатыр едік, ал керек болса.

Лука Лукич. Ой, құдай-ай! Астыртын жарлығы тағы бар.

Дуанбасы. Құдай білдіргендей, бүгін түні бойы түрі жаман екі егеуқұйрық түсімнен кетсінші. Тіпті, өмірі мұндай тышқанды көрген емен: добалдай, қап-қара! Келді де, иіскеп-иіскеп кетіп қалды. Артемий Филиппович, әлгі өзіңіз білетін Андрей Иванович Чмыховтың жіберген хатын оқиян сіздерге. Оның жазып отырғаны мынау: «Сүйікті достым, замандасым және сүйеушім» *(деп, көзін хатқа жүгіртіп, міңгірлеп кетеді)*... және сені хабарландырайын деп». А! Міне: «Саған білдірмек асығыс хабарым: жоғарыдан жарлығы бар бір төре келді, бүкіл губер-

нияны, әсіресе біздің уезді қарамақшы (*бір саусағын мәнмен жоғары шошайтады*). Ол өзін жәй адаммын десе де, мен анық сенімді адамдардан естідім. Мен білем ғой, сен де жұрт қатарлы күнадан мұнтаздай жан емес ең, үйткені ақылды адамсың ғой, құдайдың беріп тұрған несібінен кім қашады...» (*Тоқтаңқырап.*) Бұл жерде өзіміз ғой... «сақ болғаның жөн, өйткені бір күні көзбаушыдай сап ете түссе, тіпті келіп алып, бір жерде тығылып жатпағанын кім біледі... Кеше мен...» Бұл жерде үй ішінің жайын сөйлеп кетеді: «Біздікіне Анна Кириловна апамыз күйеуімен келді; Иван Кирилович орасан жуандап кетіпті, әлі скрипка ойнайды...» тағы сондай-сондайлар. Міне осындай жағдай.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Бұл ерекше жағдай екен, ия, тым ерекше, тегін емес қой.

Л у к а Л у к и ч. Неге бұл, Антон Антонович, неліктен бұл? Не үшін бізге ревизор келеді?

Д у а н б а с ы. Негесі бола ма! Тағдыр да! (*Күрсінеді.*) Бұған дейін құдайдың жәрдемі боп, өзге қалаларға кетіп жүруші еді. Енді кезек бізге де келгені.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Антон Антонович, мұнда бір нәзік үлкен саяси мән бар-ау деп ойлаймын. Бұл былай болу керек: Россия... иә... соғыспақ болған ғой, міне, сондықтан оған көлденең қиянаттық жоқ па екен, білейік деп, министрлер астыртын төре жіберген ғой.

Д у а н б а с ы. Әй, тәйір-ай! Ақылды адам да солай дейді. Уездік қалада не қылған қиянаттық! Шекарадағы емес қой бұл? Осы арадан ұдайымен үш жыл шапсаң да, шет жұрттың бірде-біріне жете алмайсың.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Жоқ, мен сізге айтайын, сіз нетіп... не қылмаңызшы... Ұлықтың біртүрлі нәзік несі болады: алыс-жақынына қарамай олар жіпке тізе береді.

Д у а н б а с ы. Тізің, тізбесін, мен сіздерді хабарландырдым, мырзалар. Байқандар! Мен өз тұсымнан көр-жер бұйрық қылып отырмын, сендерге де маслихат етем. Әсіресе, Артемий Филиппович, сізге! Келген төре сөз жоқ ең алдымен сіздің қарамағыңыздағы игілік орындарын көргісі келеді, соның үшін сіз бәрін де ретке салып қойыңыз: аурулар үйінде жүргендегідей күйе-күйе боп жүрмесін, қалпақтары таза болсын.

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Ол онша қиын емес, таза қалпақ кигізуге де болады.

Д у а н б а с ы. Иә, әрбір кроваттың тұсына латынша немесе басқа тілде жазылып қойылсын... Христиан Иванович, бұл сізге жататын іс — кімнің қашан ауырғаны: айы, күні... бәрі де болсын. Аурулар тым ащы темекі тартады, кіріп келгенде еріксіз түшкіресің, бұ да жақсы емес. Темекінің неғұрлым азы жақсы; ауруды жөнді қарамайды екен, дәрігері дым білмейді екен деп кетіп жүрмесін.

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. О! Ем-дом жөнінде Христиан Иванович екеуміздің өз шарамыз бар: табиғатқа жақын бола берген сайын жақсы болады, қымбат дәріні біз қолданбаймыз. Кісі деген өлейін десе, онсыз да өледі; жазылайын десе, онсыз да жазылады. Және Христиан Ивановичтің де олармен ұғысуы қиын болар еді, орысша бір ауыз тіл білмейді ғой.

Христиан Иванович әлде «и»-ге, әлде «е»-ге ұқсаған бір дыбыс шығарады.

Д у а н б а с ы. Аммос Федорович, сіз де келім-кетім бар орындарыңызға көз салғаныңыз жөн. Ана бір арызшылар отыратын ауыз үйге күзетшілеріңіз балапандарын шулатып, қаз қамап қойыпты. Аяғыңның астында сумаңдап жүргені. Шаруаға айналу кімге болса да дұрыс нәрсе, күзетшіге де қаз асырауға болады. Бірақ ондай жерде ұстау әнтек ыңғайсыз... бұрын да сізге айтпақшы едім, есімнен шыға береді.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Ә, олай болса, оның бәрін бүгін-ақ үйге алдырайын. Қаласаңыз біздікіне түстікке келіңіз.

Д у а н б а с ы. Ал, мекемеңізде боқтан өзгенің самсып ілулі тұрғаны жақсы емес, дәл қағаз салған шкафтың үстінде аңшының қамшысы тұр. Сіздің аңшы екендігіңізді де білем, сонда да қамшыны әзір ала тұрған мақұл, ревизор кеткен соң орнына қайтадан қоярсыз. Және де әне бір заседателіңіз... әрине ол өзі көзді-қарақты адам, бірақ өзінен арақ дүкенінен жаңа шыққандай бір жаман иісі мұңкіп тұрады, бұл да жақсы емес. Мұны да айтайын деп ұмытып кетіппін. Оның өз айтуынша: сүйегіме біткен иісім дейді, онысы рас болса, одан құтылуға да ем бар ғой. Оған біраз не сарымсақ, немесе басқа бірдеңе жеу керек. Бұған Христиан Иванович те әр түрлі дәрі-дәрмек бере алады.

Христиан Иванович манағы дыбысын тағы шығарады.

Аммос Федорович. Жоқ, оның ол иісін кетіру мүмкін емес, бала күнінде шешесі мерткітіріп алса керек, содан бері сол арақ иісі шығыңқырап жүретін болыпты.

Д у а н б а с ы. Әншейін ескерткенім ғой. Ішкі тәртіп жайынан әлгі Андрей Иванович хатында айтқан күналар туралы бәлен дей алмаймын. Оны айтудың тағы жөні жоқ, азды-көпті күнасыз адам кемде-кем ғой. Адамды құдайдың жаратуының өзі солай. Вольтерианцтер бұл жөнде бос сөйлейді.

Аммос Федорович. Антон Антонович, күна деп сіз нені айтасыз? Күнаның да күнасы бар. Пара алатынымды мен жасырмаймын, бірақ, не алады десенші? Тазының күшігін аламын. Бұның жөні басқа ғой.

Д у а н б а с ы. Күшік болсын, басқа болсын, әйтеуір пара ғой.

Аммос Федорович. Жоқ, Антон Антонович, олай емес. Мәселен, біреу бес жүз сомдық ішік алса, қатынына деп шәлі алса...

Д у а н б а с ы. Параға тазының күшігін алғаның не керек? Оның есебіне құдайдың барлығына сенбейсің, өмірі шеркеуге басыңды сұқпайсың; мен ең құрығанда дініме берікпін, шеркеуге жексенбі сайын барамын. Ал, сендер ші... Сендерді мен білемін: дүниенің жаралғанын сөз қыла бастасаңдар, кісінің төбе шашы тік тұрады.

Аммос Федорович. Бірақ, өз-өзімнен, өз ақылмен жеттім ғой.

Д у а н б а с ы. Кейде ақыл көп болғаннан да, болмағаны тыныш. Шынға келгенде, уездік сот жайын мен әншейін айттым; шынында онда кім барады дейсің, ол құдайдың өзі пана болып тұрған бір тәуір орын ғой. Ал, Лука Лукич, оқу орындарын басқаратын сіз ғой, әсіресе оқытушылар туралы сіз қам жеуіңіз керек. Олардың тәрбие көрген оқымысты адамдар екеніне де талас жоқ. Бірақ кейбіреуінің оқымыстыларға тән жат мінездері де бар. Атын ұмытып тұрмын, әне бір жалпақ беттіңіз кафедраға шыққанда, бет-аузын бір бүйтіп алмаса, көңілі көншімейді. *(Бет-аузын қисайтады.)* Сөйтеді де қолын галстугінің астымен әкеліп, сақалын сипауға кіріседі. Әрине, шәкірттеріңе үйткені онша оқа емес қой, ол онда керек те шығар, ол арасын мен білмеймін, бірақ өзіңіз ойлаңызшы, келген адамға сөйтіп отырса ол сұмдық қой;

ревизорға я басқа бір ұлыққа бет-аузын тыржитып, сақалын сипай берсе, не боларын кім білсін.

Лука Лукич. Соны қайтсем болады? Өзім талай айттым: энеукүні төреміз келгенде, мен көрмеген бір тыржитуды тағы шығарды. Ол оны жүрегінің қайырымдылығынан істегенін қайдан білсін, жас буынға азат пікірді неге егеді деп маған сөгіс берді.

Дуанбасы. Тарих оқытушысы туралы да айтуға міндеттімін. Оның оқымысты екені де, қайдағы-жайдағы мағлұматты жинағаны да рас, бірақ сабақты түсіндірем деп, қызып кеткенде, ес-тұсын білмей кетеді. Бір күні сабағын тыңдағаным бар: мысырлық, вавилондықтар жайынан сөйлегені кішкене иман таразы еді, ал Александр Македонскийге қалай жетті солай, құдай душар қылмасын. Мен өрт шығып қалды ма екен деп едім. Құдай біледі! Кафедрадан атып шығып, орындықты еденге құлаштап соққаны кеп. Әрине, Александрдың ер болғаны да рас, бірақ орындықты қиратып не керегі бар? Қазнаға зиян ғой.

Лука Лукич. Иә, ол қызу адам, мен өзіне талай ескерттім... «Қалай десеңіз де ғылым үшін жанымды аямаймын» дейді.

Дуанбасы. Иә, тағдырдың ақыл жетпес заңы солай: ақылды адам не маскүнем келеді, немесе бетін сондай тыржитып бергенде әулиең естен танар.

Лука Лукич. Құдай ғылымнан аулақ қылсын, әрқайсысы бір килігеді, ақылды болып көрінбек болады.

Дуанбасы. Ол оқу емес-ау. Әлгі астыртын құдай ұрғанды айтсайшы! Бір күні қапылыста келіп қап: «Е, шырақтарым, мұнда екенсіндер ғой! Мұндағы судья кім?»—«Ляпкин-Тяпкин».—«Келтір бермен, Ляпкин-Тяпкинді!»—«Ал, игілік орындардың қамқоры кім?»—«Земляника»—«Апкел мұнда, Земляниканы!— десе, міне пәле сонда.

II көрініс

Бұрынғылардың үетіне почтмейстер келеді.

Почтмейстер. Мырзалар-ау, келе жатқан қандай төре?

Дуанбасы. Естіген жоқсыз ба?

Почтмейстер. Конторға Петр Иванович Бобчинский келіп, содан жаңа ғана естідім.

Дуанбасы. Ал, немене? Бұл туралы сіз қалай ойлайсыз?

Почтмейстер. Қалай ойлайтыны бар? Түрікпен соғыс болады.

Аммос Федорович. Екеуіміздікі бірдей шықты! Мен де солай ойлап едім.

Дуанбасы. Е, екеуің де төбесінен дәл түстіңіз!

Почтмейстер. Рас, түрікпен соғысады, бәрін бүлдіріп отырған француз.

Дуанбасы. Не пәлемі, түрікпен соғыс! Түрікті емес, тура бізді оңдырмайды. Бұл — айдан ашық: менде хат жатыр.

Почтмейстер. А, онда түрікпен соғыс болмағаны.

Дуанбасы. Немене, Иван Кузьмич, сіз қалайсыз?

Почтмейстер. Менің не қалайымды сұрайсыз? Өзіңіз қалайсыз, Антон Антонович!

Дуанбасы. Менің не қалайым болады? Қорқыныш жоқ, азырақ неткенім болмаса... Менің қысылатыным купецтер мен қара халық. Мені қатты болды деп айтады-мыс, біреуден бірдеме алсам, құдай біледі-ау, ол жек көргендіктен емес. Ал, мен ше (*қолтығынан ұстап, былай шетке апарып*), әлде біреу шағым қылды ма екен деп те ойлап тұрмын. Әйтпесе, ревизордың бізде не ақысы бар? Бері қараңыз, Иван Кузьмич, бәріміздің пайдаямыз үшін, конторыңызға келген-кеткен хатты, азырақ бүйтіп ашып оқуға болмас па екен, жәй хат па екен, жоқ болса, қайта жабыстырып қоясыз ғой, жапсырмай тапсырса да оқасы не?

Почтмейстер. Білем, білем... Оны үйретпей-ақ қойыңыз, ондайды өзім де істеп жүрмін, сақтық үшін емес, таңсық үшін: дүниеде қандай жат хабар болып жатқанын білуге жаным құмар. Мен сізге айтайын, хатты оқу тамаша қызық нәрсе! Кейбірін оқығанда жаның рақаттанады, сондай неше түрлі қызық жайлар болады. Алатын тәлімің қандай... Тіпті Москваның газеттерінен де зор!

Дуанбасы. Ал, немене, Петербургтен әлде бір төре келеді дегенді оқыған жоқсыз ба?

Почтмейстер. Жоқ, Петербург төресі жайында ештеме жоқ, Кострома, Саратов төрелері туралы көп әңгіме бар. Не керек, хаттарды оқымайсыз. Талай тамаша-

лар бар. Жақында бір поручик досына бір балды суреттеп жазыпты, өте бір қызық, тіпті жақсы, жан досым, мен күнде аспанда жүргендеймін: қыз көп, музыка ойнайды... туымыз жоғары деп бастайды. Ол хатты әдейі сақтап қалдым. Керек болса оқып берейін.

Д у а н б а с ы. Ой, қазір оған уақыт жоқ. Сөйтіп, Иван Кузьмич, сіз бір мейрім қылыңыз: зәуде шағым, не арыз жолықты ма, оны-мұнысына қарамай, ұстап қалыңыз.

П о ч т м е й с т е р. Шек қылмаңыз.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Байқаңыз, түбінде опық жеп жүрмеңіз.

П о ч т м е й с т е р. Апырым-ай!

Д у а н б а с ы. Жоқ-жоқ, оқа емес. Көпке кесірі тиетін бірдеңе істегелі тұрған жоқсыз, бұл өзі от басының жұмысы ғой.

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Иә, жаман істің шалыққаны! Антон Антонович, мен сізге шынымды айтайын, сізге бір күшік сыйлағалы келіп едім. Өзіңіз білетін төбеттің туған қарындасы. Чептович пен Варховинскийдің дауласқанын сіз естідіңіз ғой. Содан бері маған рахат болды: қоянды екеуінің жерінен де қырып жүрмін.

Д у а н б а с ы. Әкесі, қояның бар болсын. Менің бар ойымда әлгі бір құдай ұрған астыртын төре тұр. Есікті сарт еткізіп, жетіп келе ме деп қыпылдап барам...

III көрініс

Бұлардың үстіне Добчинский мен Бобчинский кіреді. Екеуі де ентіккен.

Д о б ч и н с к и й. Керемет оқиға!

Б о б ч и н с к и й. Күтпеген хабар!

Б ә р і. Немене, немене?

Д о б ч и н с к и й. Ойда жоқ іс: екеуіміз гостиницаға келсек...

Б о б ч и н с к и й (сөзін бөліп). Петр Иванович екеуіміз гостиницаға келсек..

Д о б ч и н с к и й (сөзін бөліп). Е, сабыр етіңіз, Петр Иванович, мен айтайын.

Б о б ч и н с к и й. Е, жоқ, сабыр етіңіз, мен айтайын... кішкене... Сіздің сөзіңіз де менен гөрі не ғой...

Добчинский. Сіз енді шатастырып түгел айта алмайсыз.

Бобчинский. Түгел айтам, құдай біледі, түгел айтам. Жалғыз-ақ сіз бөгет қылмаңызшы! Мырзалар, марқабат етіңізші, Петр Ивановичке бөгет қылма деңізші.

Дуанбасы. Япыр-ай, айтындаршы, құдай үшін, немесе жүрегім тулап барады. Отырындаршы, мырзалар! Міне, орындық алыңыздар! Петр Иванович, міне сізге орындық! *(Бәрі екі Петр Ивановичті қамалай отырады.)* Ал, немене?

Бобчинский. Кішкене, кішкене: мен бәрін де рет-ретімен. Сіздікінен қалай шығысымен солай, әлгі, манағы бір хат туралы, сіздің кішкене ажарыңыз бұзылды ғой, я содан кейін мен жүгіріп... тәңір жарылқасын, Петр Иванович, сіз сөзді бөлмей тұра тұрыңызшы. Мен бәрін, бірін қалдырмай айтып берейін. Мен содан кейін жүгіріп, Коробкиндікіне бардым. Коробкиндікіне барсам, үйінде жоқ екен, содан шығып Растаковскийдікіне бұрылмаймын ба, онда барсам, о да үйінде жоқ екен, содан шығып мына Иван Кузьмитікіне кіріп, сіздің манағы жаңа хабарыңызды айтып, жаңа ғана шығып келе жатқанымда жолда Петр Ивановичке жолықтым...

Добчинский *(сөзін бөліп)*. Самса сататын будканың қасында.

Бобчинский. Самса сататын будканың қасында. Петр Ивановичке жолыққан соң, Антон Антонович бір сенімді адамнан хат алыпты, сондағы жаңа хабарды естідің бе дедім. Бақсам Петр Иванович менен бұрын сіздің әлгі Авдотья дейтін аспазшы қызыңыз, не жұмысқа барғанын білмеймін, Филлипп Антонович Почечуевтікіне барған екен, содан естіпті.

Добчинский *(сөзін бөліп)*. Француз арағын құятын күбі шелекке барыпты.

Бобчинский *(оның қолын серпіп, жібереді)*. Француз арағын құятын күбі шелекке барыпты. Міне, сонымен Петр Иванович екеуміз Почечуевтікіне бардық... Енді сіз, Петр Иванович, тәңір жарылғасын, кішкене сөзді бөлмей тұра тұрыңызшы!.. Сабыр етіңізші, Почечуевтікіне келе жатқанда, жолда Петр Иванович айтты: трактирге кірсек қайтеді, менің қарнымның өзі... таң атқалы дәнеңе жеген жоқ еді, қарным қоңылтақсып келе жатқаны... деді. Иә, Петр Ивановичтің қарны... Трактир-

ге бүгін жаңа балық келді, содан кішкене тамақтапайық деді. Гостиницаға кіруіміз-ақ мұң екен, жалма-жан бір жас жігіт...

Добчинский (сөзін бөліп). Келбеті жап-жақсы, киімі жай адамша...

Бобчинский. Келбеті жап-жақсы, киімі жәй адамша, бөлмеде олай бір, былай бір аяндап жүр, түрінде бір түрлі байымдылық дидары, қылығы, мына жері (*маңдай тұсын қолымен бұрғылап*) әр нәрсеге толған. Мен сезгендей-ақ Петр Ивановичке, мынау сірә тегін емес-ау, дедім. Иә, сүйткенше болмады. Петр Иванович қолымен ымдап трактирдің бастығы әлгі Власты шақырып алды. Жақында оның қатыны ұл тапқан, баласы ойнақшып тұр, о да әкесіне тартқан трактирші болар. Сол Власты шақырып ап, Петр Иванович: «мына жас жігіт кім» деп ақырын сұрамасын ба? Влас: бұл... деді, енді кішкене, Петр Иванович, жаңсақтатпай тұра тұрыңызшы, бұл жерін сіз айта алмайсыз, құдай біледі айта алмайсыз, сіздің сөзіңіз сызғырып шығады, мен білем ғой, сіздің бір тісіңіздің ақауы бар... Бұл жас жігіт — төре,— деді,— Петербургтен келді, аты-жөні,— деді, Иван Александрович Хлестаков,— деді, өзі Саратов губерниясына бара жатыр,— деді, мінезі бір түрлі жат адам: келгелі екі жұма боп барады, трактирден ешқайда бармайды, бәрін қарызға алады, бір тиын төлегісі келмейді,— деді. Со сөзді маған қалай айтты, солай құдай есіме сала қойды: «Е!»— дедім Петр Ивановичке...

Добчинский. Жоқ, Петр Иванович: «Е!»— деген мен емес пе ем?

Бобчинский. Әуелі сіз айттыңыз, сонан мен айттым ғой, Петр Иванович екеуміз қосылып «Е!» дедік, баратын жері Саратов губерниясы екен, мұнда бостан-бос жатып құтырып кетіп пе дедік. Иә! Ал, әлгі төренің өзі осы.

Дуанбасы. Кім, қай төре?

Бобчинский. Әлгі өзіңіз хабарын алған төрені, ревизорды айтам.

Дуанбасы (қорқып). Не дейсіндер, жаратқан-ау! Ол емес.

Добчинский. Сол! Әрі ақша төлемейді, әрі ешқайда бармайды, сол емей кім дейсіз? Жол қағазында Саратовқа барады депті.

Бобчинский. Сол, құдай біледі, сол. Бір түрлі

тегі қадала қарайды. Біз Петр Ивановичпен екеуміз балық жеп отыр едік, Петр Ивановичтің қарны қоңыл-тақсыған соң... Ол келіп, біздің тарелкамызға қадала қарай қалып еді, менің тіпті зәрем ұшып кетті.

Д у а н б а с ы. Ой, жасаған-ай, кешіре гөр біздей күнакар бенденді! Онда қайда тұрады екен?

Д о б ч и н с к и й. Сатының астындағы бесінші номерде тұрады.

Б о б ч и н с к и й. Былтырғы әлгі жолаушы офицерлер төбелесетін номерде.

Д у а н б а с ы. Көптен бері мұнда ма екен?

Д о б ч и н с к и й. А, екі жұмадай бопты. Василий Египтянинге қарсы келіпті.

Д у а н б а с ы. Екі жұма! (*Теріс қарап*). Әкем-ау, көкем-ау! Жар бола гөр, әулиелер! Нақ осы екі жұманың ішінде унтер-офицердің әйеліне дүре соғылды! Арестанттарға азық берілмеді. Көше толған кабак, боқтық! Масқара! Қорлық (*басын құшақтай алады*).

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Енді қайттік, Антон Антонович, сапымызбен гостиницаға баруымыз керек пе?

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Жо-жок. Әуелі руханиларды, купецтерді жіберу керек; Иоанн Масон кітабында да солай деген.

Д у а н б а с ы. Жо-жок, өзіме қоя беріндер. Талай қиын-қыстау жерлерден аман өтуші ем, тіпті алғыс та алушы ем, бұ жолы да құдай жар болар. (*Бобчинскийге қарап*.) Сіздер өзін жас кісі дедіңіздер ме?

Б о б ч и н с к и й. Жас жігіт, жиырманың үшеуінде, не төртеуінде болса одан сәл артық болар.

Д у а н б а с ы. Онысы бір тәуір екен, жастың сырын тезірек білесің ғой. Пәле кәрі шеңгелде, ал жастың тетігі сыртында. Мырзалар, сіздер өз жұмыстарыңызды қамдай беріңіз, мен өзім жалғыз, немесе мына Петр Ивановичпен болса да жөнелейін, елеусіз қыдырып жүріп кірген кісі боп, жолаушылардың қамын жеген боп... барайын. Уай, Свистунов!

С в и с т у н о в. Не бұйырасыз?

Д у а н б а с ы. Бар дереу частный приставқа, тұра тұр, немене, маған керек екенсің. Онда біреуге айт, тез барып маған частный приставты алып келсін. Өзің мұнда кел.

Кварталшы саскалақтап, тұра жүгіреді.

Артемий Филиппович. Жүрелік, Аммос Федорович, шын пәле боп жүрмесін!

Аммос Федорович. Сіз неден қорқасыз? Ауруларына таза қалпақ кигізе салсаң, болғаны да.

Артемий Филиппович. Қайдағы қалпақ! Ауруларға сұлы көжесі берілсін деген еді, ал, сенек біткен капуста сасып жатыр, кіріп келсең мұрныңды жарады.

Аммос Федорович. Бұ жағына келгенде, мен тиышпын, айтты-айтпады, уездік сотқа кім келеді дейсіз? Ал, әлдебір қағазға көзі түсіп кетсе, өзі де атып шығар. Міне мен сот болғалы он бес жыл болған болды, баяндама хатқа қалай көзім түсті ме, ә! деп қолды бір-ақ сермеймін. Оның шыны қайсы, өтірігі қайсы екенін Сүлеймен пайғамбар да айыра алмас.

Судья, игілік орындарының қамқоры, мектептердің бақылаушысы, почтмейстер келе жатқан кварталшымен соқтыға-қақтыға есіктен шығады.

IV көрініс

Дуанбасы, Бобчинский, Добчинский, кварталшы.

Дуанбасы. Немене? Арба даярма?

Кварталшы. Даяр.

Дуанбасы. Бар көшеге... немесе жоқ, тоқта! Бар, апкел... өзгелерің қайда? Жалғыз сен ғанамысың? Прохоров та мұнда болсын деп ем ғой. Ол қайда?

Кварталшы. Прохоров осында бір жай үйде, бірақ қажетке жарамас.

Дуанбасы. Қалай, не ғып?

Кварталшы. Соны таңертең сілейтіп, мас қып ап келді. Үстіне екі күбі су құйылып, содан айыққан жоқ.

Дуанбасы (басын құшақтап). Ай, құдай-ай, құдай-ай! Ұмтыл көшеге тезірек, жо-жоқ, жүгір, әуелі бөлмеге, естідің бе? Әпкел қылышым мен ана жаңа қалпағымды. Кәне, Петр Иванович, жүрейік.

Бобчинский. Мен де, мен де... Антон Антонович, маған да марқабат етіңіз.

Дуанбасы. Жо-жоқ, Петр Иванович, болмайды, болмайды! Ол лайықсыз және арбаға да сыймаймыз.

Бобчинский. Оқа емес, оқа емес, мен тек қана

қораз құсап арбаның артынан жүгіріп отырам ғой. Маған тек кішкене тесіктен сығалап, оның кеткенін көріп тұрсам болғаны ғой.

Д у а н б а с ы (қылышын алып, кварталшыға қаран).
Жүгір дереу, онбасыларды алып, әрқайсысы не алсын... Эх, қылышым да айғыз-айғыз! Антұрған купец Абдулин дуанбасының қылышы тозғанын көре тұра, жаңа қылышта жібермейді, ой, сайқал халық-ай! Зәлімдер әлі де етек астынан арыз дайындап жатпағанын кім біледі? Әрқайсысы қолдарына бір-бір көше алсын... тфу, шайтан... Көше емес, бір-бір сыпыртқы алсын, барлық трактирге баратын көшені тап-таза ғып сыпырсын. Ұқтың ба? Сен көзіне қара, сенбе! Білем мен сені! Сен келіскенсің, байқа, менің құлағым сақ!.. Купец Черняевке не қылғаныңды білесің бе, ә? Ол саған мундирге екі кез шұға алдесе, сен тобымен алып кетіпсің, байқа! Бойыңа шақтамай аласың! Бар!

Ү кө р і н і с

Бұлардың үстіне частный пристав кіреді.

Д у а н б а с ы. Э, Степан Ильич, құдай үшін айтыңызшы, қайда жоғалып кеттіңіз? Мұныңыз не?

Ч а с т н ы й п р и с т а в. Мен осы қақпаның сыртында ғана едім.

Д у а н б а с ы. Ал, бері қараңыз, Степан Ильич! Петербургтен бір төрс келіпті. Сіз қандай жарлық бердіңіз?

Ч а с т н ы й п р и с т а в. Сол өзіңіздің бұйрығыңызша. Кварталшы Пуговицынды онбасыларға қосып, тротуар тазалауға жібердім.

Д у а н б а с ы. А, Держиморда қайда?

Ч а с т н ы й п р и с т а в. Держиморда өрт сөндіретін трубаға мініп кетті.

Д у а н б а с ы. А, Прохоров әлі мас па?

Ч а с т н ы й п р и с т а в. Мас.

Д у а н б а с ы. Қалайша сіз тыйым салмадыңыз?

Ч а с т н ы й п р и с т а в. Құдай білсін. Кеше қаланың сыртында төбелес болып, тәртіп орнатуға сонда кетіп еді, сонда мас боп қайтты.

Д у а н б а с ы. Тыңдаңыз, битіңіз: кварталшы Пуговицынның бойы зор ғой... ол көпірде тұрып, тәртіп сақтауды басқарсын. Етікшінің үйінің жанындағы ескі

дуалды дереу құлатып, орнына саламнан қарақшы қойылсын, қала жаңа планмен түзетіліп жатқанға ұқсасын. Тегі, солай құлатылғандар көп болса, дуанбасы іскер екен деп ойлайды. Ой әттеген-ай, ұмытып кетіппін-ау, сол қораның жанында қырық арбадай боқтық жатыр еді! Құдай-ай, бұ неткен былапыт қала: бір жерге я бір ескерткіш орнатып, я бір жай дуал салсаң болғаны, қайдағыны қайдан әкеп төгіп тастайынын білмейсің? (*Күрсінеді.*) Ал, келген төре, зәуде, солдаттардан ырзасындар ма?— деп сұрай қалды бар ғой: барлығына да ырзамыз, Ваше благородие, десің. Ырза емеспіз дейтіндері болса, кейін ырза еместің әкесін танытармын. О, о, о, о! Күнамыз бастан асып жатыр. (*Қалпағым деп, қалпақтың қабын қолына алады.*) Тек, құдайтағала аман өткізсін, ондай күн болса, жолыңа бұрын жақпаған шырақ жағар ем: әрбір сұм купец басына үш пұт балауыз шамнан салық салар ем. Құдай-ай! Жүрейік, Петр Иванович! (*Қалпақ орнына қабын кимек болады.*)

Ч а с т н ы й п р и с т а в. Антон Антонович, мұныңыз қалпақ емес, қабы ғой.

Д у а н б а с ы (*қабын лақтырып жіберіп*). Қабы болмақ түгіл сайтаны болсын! Егер игілік мекемесінің жанындағы шеркеу неліктен салынып бітпеген деп сұрай қалса, оған ақша берілгеніне бес жыл ғой, ұмытпай айтып қой, жаңа салып жатқанда өртеніп кетті дерсің. Мен бұл туралы рапорт та түсіргем. Кім біледі, құрғырлардың біреуі сандырақтап, бастаған да жоқ деп соғар. Және Держиморда жұдырықты беталды жұмсай бермесін де, тәртіп жөні осы деп, жазығы барға да, жоққа да сілтеп, көзін шоқпардай ғып қоятыны болатын. Жүрейік, жүрейік, Петр Иванович (*кете түсіп, қайтып келеді*), ал солдаттар көшеге жалаңаш шықпасын, ол иттер ішіне дым кимей көйлектің сыртынан мундир кие салатыны болатын.

Бәрі кетеді.

VI көрініс

Анна Андреевна мен Мария Антоновна жүгіріп кіреді.

А н н а А н д р е е в н а. Қайда әлгілер, қайда? Әй, жасаған-ай! (*Есікті ашып.*) Әй! Әй деймін! Антоша, Антон! (*Жыпылдағып сөйлеп.*) Бәрі сенен, бәрін қылған

сен: түйреуішім, шашым... деп, күнұзын айналдырып. (Әйнекке жүгіріп барып дауыстайды.) Антон, қайда кеттің, қайда? Немене? Келді ме ревизор! Мұртты ма екен, қандай екен?

Дуанбасының дауысы: «Қоя тұр, қоя тұр, шешесі».

Анна Андреевна. Қоя тұр? Міне қызық, қоя тұр! Қоя тұрың керек емес... Маған бір-ақ ауыз сөз керек... полковник пе екен, ә? (Тыржиып.) Кетіп қалды! Тұра тұр, асықпа! Есіңе түсірермін! Бәрі мынадан: маматай, маматай, тұра тұр шашымды артынан түйрейін, қазір, қазір деп болсыншы! Мәссаған қазір! Міне түгін де білмей қалдық! Бәрі сенің қылымсығаныңның қырсығы, почтмейстер келеді деп ести қап еді, айна алдында ал қылтыңда, ал кеп сылан, біресе мына жағы, біресе ана жағымен қырындап, өзіне құмар деп мардымсиды, ол саған пысқырмайды да, сырт айналсаң бетін тыржитады.

Мария Антоновна. Маматай, қайтеміз енді? Бәрібір екі сағаттан соң бәрін де білеміз ғой.

Анна Андреевна. Екі сағаттан соң қатқаныңның басы! Уай, шіркіннің жауабын-ай. Бір айдан соң білеміз деп неге айтпайсың. (Әйнекке асыла тұрып.) Әй, Авдотья? А! Немене, сен естідің бе, Авдотья, келген кім екен? Естігем жоқ? Ой, есер! Қолын сілтейді? Сілтей берсін, сұрап қалсаң етті. Соны біле алмағаның, өсі-дертің күйеу ғой! Ә? Тез жүріп кетті! Арбасының артынан жүгірсең етті. Бар, бар жылдам. Есіттің бе, жүгір, ұш, сұрап қал, қайда барады екен, жақсылап сұра, келген кім екен, келбеті қандай екен, естідің бе? Тесіктен сығалап бәрін біліп кел: көзі қандай екен, қара ма, көк пе екен; тезірек біл де дереу қайт, есіттің бе? Тезірек, тезірек!

Шымылдық түскенше солай айқайлай береді, шымылдық түскенде екеуі де әйнек алдында тұрып қалады.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Гостиницаның кішкене бөлмесі, төсек-орын, стол, чемодан, бос бөтелке, етіктері, киім щеткасы секілді ондай-мұндайлар.

1 көрініс

О с и п (*мырзаның төсегінде жатыр*). Құрып қалсын, қарным сондай ашып, ішім шұрылдайды, ішімде дәл бір полк әскер кернейлетіп жүрген тәрізді. Міне үйге жетуден қалдық! Қайтерсің? Петербургтен шыққалы екі айдай боп қалды! Жолда ақшадан жұрдай боп, байқұның құйрығын қысты, бұрынғы күйгелектік қалған. Жолға мол жететін ақша бар еді; көрдің бе, әр қалада мақтанам деп... (*Мырзасын кекетеді.*) «Әй, Осип, барып ең жақсы бөлмені ал, тамақтың ең дәмдісін сұра: жаман асты іше алмаймын, маған жақсы тамақ керек» деп болсыншы. Шынымен адам тәрізді болса жөн екен-ау, чині титтей, болғаны бір елистратишка! Көрінген жолаушымен танысады да, бара карта ойнайды. Ал, міне ойын түбіне жетті! Е, құрсын, бұл өмір! Шынында артығы деревня ғой, мұндай көпшілік болмағанмен, қайғысыз боласың, шынға келгенде бір қатынды ал да, шалқаңнан түс те жат, самсаны шайнап. Әрине, шынға келсең Петербург тұрмысының жақсы екеніне кім талассын. Тек қалтаң мықты болсын, онда нәзік саясатты тұрмыс: театрлар алдында иттер билейді, не тілегенің табылады. Кімдекіммен тіл қатсаң, бәрі нәзік, сыпайы, кем болса дворяндардан ғана кем түсер. Щукин базарына барсаң, купецтер әдеппен «құрметтім» деп тұрады; өзенге барсаң, қайықта үлкен төремен тізелесіп отырасың; кеңескің келсе, лавкаға бар: офицерлер әскер жайын әңгіме қылады. Әр жұлдызды алақанында тұрғандай айтып береді. Кейде офицердің кемпірі қаңғырақтап келіп қалады; кейде үй күтуші әйел қарап қалады. Пай-пай! (*Жымыңдап, басын селкілдетеді.*) Шіркіннің майдасы-ай, тұрпайы сөзді мүлде естімейсің, жұрттың бәрі саған сіз, біз деп сөйлейді. Жүруге жалықсаң — бержабайға мінесің де, өзің бір маңғаз боп шіреніп отырасың, ақша төлегің келмесе еркін: үй басында қос қақпа, кіріп кет те, артқы қақпадан сып етіп шығып жүре бер, сені сайтан да таба алмайды. Жалғыз-ақ бір жаманы: кейде ыңқия тоясың да, кейде тап қазіргідей, аштан өлердей боласың? Бәрі осының қырсығы. Оған не қыларсың? Әкесі

ақша жібере ме, үнемдеп қысып ұстайды десе, қайдағы бержабайға міне ме, күнде театрға бара ма, әйтеуір бір жұмаға жеткізбей, быт-шыт қып жоқ қылады. Сөйтеді де жап-жаңа фрагын базарға сатқызады. Кейде ең ақырғы көйлегіне дейін сатып, үстінде ескі сюртугі мен шинельден басқа дымы қалмайды... Құдай біледі! Шұғасы қандай, деген аглицкий! Бір фрагы жүз елу сом тұрарлық, соны жиырма-ақ сомға тоғытады. Шалбарды сөйлеп те керегі жоқ — әншейін су тегін кетеді. Бұл неліктен. Қызметке қырсыздықтан, орын табудың орнына прешпектіні кезеді, карта ойнайды. Ә, бәлем, осынынды қарт мырза білсе, ол сенің чиновниктігіңе қарамас еді, көйлегінді түріп қойып, соғар еді дүрені, төрт күнге дейін жанбасыңнан жатып ішер едің. Қызмет қылатын болсаң қыл; міне, енді трактирші бұрынғы борыштарыңды төлемей, тамақ бермеймін деп отыр. Ал, төлемесек ше? (*Күрсініп.*) Ай, жалғанның жарымын обар едім. Есік қағады, сол ғой. (*Асығып, төсектен түсе қалады.*)

II көрініс

Осип және Хлестаков

Хлестаков. Мә, ал. (*Қалпағы мен таяғын береді.*)
Е, кроватьқа тағы аунағансың ба?

Осип. Несіне аунаймын? Кровать көрмеппін бе?

Хлестаков. Жаның шықсын, аунапсың; бәрін де қоқсытыпсың ғой.

Осип. Оның маған керегі не? Кроваттың не екенін мен білмеймін-ау? Аяғым бар, түрегеп те тұра алам. Кроватыңыз маған не керек?

Хлестаков (*олай-бұлай жүреді*). Қарашы, ана картузда темекі жоқ па екен?

Осип. Темекі қайдан келсін! Қалғанын тартып бітіргеніңізге төрт күн болды.

Хлестаков (*аяңдап жүріп, ернін олай бір, бұлай бір қысады, біраздан соң қатты, еркін дауыспен*). Әй, Осип, бері қара!

Осип. Не айтасыз?

Хлестаков (*батылсыздау қатты дауыспен*). Сен бар анда.

Осип. Қайда?

Хлестаков (*тіпті батылы бармаған, тіпті қатты емес, жалынғанға тәндік дауыспен*). Астыңғы, буфетке... айт аналарға... маға... маған тамақ берсін де...

О с и п. Жоқ, менің тіпті барғым да келмейді.

Хлестаков. Не деп тұрсың, ақымақ?!

О с и п. Солай, барғанмын, бәрібір түк өнбейді. Қожайын енді тамақ бермеймін деген.

Хлестаков. Ол қалай бермейді? Міне, былшыл!

О с и п. Ол түгіл дуанбасыға да барамын дейді, мырзаң үш жұмадай болып барады, ақша төлеген жоқ, мырзаңмен екеуің де залымсың дейді, ал, мырзаң бір сұмпайы екен дейді. Мұндай арам тамақтың, мұндай подлецтің талайын көргеміз дейді.

Хлестаков. А, сен айуан, оның сөзін маған дереу бұлжытпай жеткізуге құмарсың-ау.

О с и п. Ол айтады: үйте берсек, талайлар-ақ келіп ішіп-жеп, қарызданып, орнығып алған соң, қусаң да кетпейтін болар дейді. Мен дейді, қалжақты білмеймін дейді. Тура арыз берем де абақтыға сүңгітіп жіберем, дейді.

Хлестаков. Жетер, жетер, енді, ақымақ, жетер. Жөнел, жөнел, айт оған. Сондай тұрпайы айуан!

О с и п. Ендеше сізге қожайынның өзін шақырайын да.

Хлестаков. Қожайынның не керегі бар? Сен бар, өзің айт.

О с и п. Жоқ, енді, тіпті мырза...

Хлестаков. Ал, баршы, сайтан! Қожайынды-ақ шақыр.

Осип кетеді.

III көрініс

Хлестаков жалғыз.

Япыр-ай, қарнымның ашуы-ай, ашқаны басылар ма екен деп, азырақ жүріп келіп едім, құрып қалғыр, оған да болмады. Иә, Пензиде шашпағанда, ақша үйге дейін жететін еді. Әлгі жаяу әскер капитаны жаман тотитып кетті. Әй, соғылғанның шебері-ай. Ширек сағат ойнадық па, жоқ па, дым қоймай сыпырып алды. Сонда да тағы бір сүрісіп қалуға көңілім қатты кетіп еді, орайы болма-

ды. Не деген сұмпайы қала! Тамақ дүкендері несиене түк бермейді. Мұнысы тура иттік. (*Ысқырып, әр әнді бір шатпақтайды.*) Ешкім келетін емес.

IV көрініс

Хлестаков, Осип және трактир қызметшісі.

Қызметші. Қожайын сізге не керек екен, сұрап кел деді.

Хлестаков. Аман ба, туған! Ал, қалай, саумысың?

Қызметші. Құдайға шүкір.

Хлестаков. Ал, гостиница қалай? Жақсы ма?

Қызметші. Иә, құдайға шүкір, бәрі жақсы.

Хлестаков. Жүргіншілер көп пе?

Қызметші. Иә, жеткілікті.

Хлестаков. Шырағым, тындашы, маған әлі күнге тамақ келтірмей жатыр, соны сен тілеуің берсін, асықтыршы, тезірек берсін, көрдің бе, тамақтан соң оны-мұны жұмысқа айналуым керек.

Қызметші. Қожайын енді тамақ бергізбеймін дейді. Ол бүгін дуанбасыға барып арыз қылмақпын дегендей қып отыр еді.

Хлестаков. Неменеге арыз қылады? Өзін ойлашы, шырағым, қалай енді? Маған тамақ жеу керек қой, бүйтіп жүріп мен ашығып қалам ғой. Менің қарным қатты ашып тұр, ойыны жоқ.

Қызметші. Солай деңіз. Ол маған бұрынғы борыштарын төлемесе, мен оған енді тамақ бермеймін деді. Жауабы сол.

Хлестаков. Сен оған жайын айт, көндір.

Қызметші. Оған енді нені айтамыз?

Хлестаков. Сен оған кәдімгідей дұрыстап түсіндір, менің қарнымның ашқандығын айт. Ақша өз жөнімен тұрыпты ғой... Ол өзі сияқты қарапайым мұжықтай көреді ғой, бір күн тамақ ішпесе өзгелер де ештеңе етпейді деп ойлайды ғой. Міне қызық!

Қызметші. Айтсам, айтайын.

V көрініс

Хлестаков жалғыз.

Жеуге тіпті дым бермей қойса, қалай да бұл тым жаман болды. Қарным өмірі мұндай ашпас. Әлде киімнің бірін сатсам ба екен? Шалбарымды сатсам ба! Жоқ, одан да аштыққа шыдап, үйге Петербург киімімен барғаным артық болар. Әттең дүние, Иохим күймесінің майын бермегені, үйге күймемен кеп түсе қалып, әлдебір бай көрші помещиктің үйіне дүрілдетіп кеп, екі жағынан фонары жарқыраған есік алдында тұра қалсам, ливрей киген Осип күйменің артында тұрса, жұрт қандай әбігер боп: бұ кім, немене? деп үрпиіп қалар еді. Сол кезде лакей кіріп кеп (*бойын сірестіріп, лакейдің түріне салып*), «Иван Александрович Хлестаков Петербургтен, қабыл етуге бұйырасыз ба?» Ол надан немелер: «Қабыл етуге бұйырасыз ба?» дегенді білмейді ғой, олардың үйіне әлде бір помещик келе қалса, аюдай қорбандап, тура қонақ үйге тартады ғой. Бір әдемі қыздың қасына келіп: Бикеш, мен... (*қолын уқалап, өкшесін соғыстырып, аяғын тарс еткізеді.*) Түү (*түкіреді*), қарнымның ашуын-ай, жалап барады.

VI көрініс

Хлестаков, Осип, әнтек кейін қызметші кіреді.

Хлестаков. Ал?

Осип. Тамақ әкеледі.

Хлестаков (*алақанын шапалақтап, орындық үстіне қоқақтап*). Әкеледі! Әкеледі! Әкеледі.

Қызметші (*тарелкалары, мойнында салфеткасы бар*). Қожайынның ең соңғы берген тамағы.

Хлестаков. Ой қожайын, қожайын... Мен қожайынныңа пысқырмаймын да! Кәне не әкелдің?

Қызметші. Сорпа мен қуырдақ.

Хлестаков. Қалай, екеу-ақ па?

Қызметші. Екеу-ақ-с.

Хлестаков. Міне шатақ! Мен мұныңды жемеймін. Сен айт оған: айтты-айтпады мұнысы несі!.. Аз ғой бұл.

Қызметші. Жоқ, аз емес, қожайын бұ да көп дейді.

Хлестаков. Тұздығы қайда мұның?

Қызметші. Тұздық жоқ.

Хлестаков. Неге жоқ! Өз көзіммен көрдім ғой, ас үйдің қасынан өтіп бара жатқанда, онда тамақ мол еді ғой. Және қонақ үйде де бүгін таңертең екі тапалдау кісі балық, тағы оны-мұны жеп отырғаны қалай?

Қызметші. Бар екені бар болғанмен, жоқ болып тұр.

Хлестаков. Қалай жоқ?

Қызметші. Сол, жоқ болғаны.

Хлестаков. Көксеркеш ше, балық ше, котлет ше?

Қызметші. Олар тәуірлеу адам үшін ғой.

Хлестаков. Әй, ақымақ.

Қызметші. Сола-й-с.

Хлестаков. Ой, шошқаның баласы... Олар жегенде, мен неге жемеймін? Мен неге сөйтпеймін, әлде мен олардай жолаушы емеспін бе?

Қызметші. Олардай еместігіңіз-дағы.

Хлестаков. Енді қандаймын?

Қызметші. Кәдімгідей! Олар басқа белгілі: ақша төлейді.

Хлестаков. Ақымақ, мен сенімен сөйлескім де келмейді. (*Сорпаны тарелкаға құйып, ішуге кіріседі.*) Мынау не сорпа? Сен тек су құйып әкеліпсің ғой: дәм жоқ, тату жоқ, тек сасық исі шығады. Ішпеймін бұ сорпаны, маған басқасын әкел.

Қызметші. Ішпесең қайтып аламыз. Қожайын ішпесе ішпесін деген.

Хлестаков (*қолымен сорпаны қалқалап*). Болды, болды... қой енді, ақымақ; басқалармен сүйтіп жаман үйренген неме екенсің, мен, шырағым, олар емес! Менімен байқа... (*Ішеді.*) Ой, құдая тоба, бұ неткен сорпа! (*Іше береді.*) Дүниеде мұндай сорпаны тірі адам ішіп көрген жоқ шығар. Бетінде жылтырақ болсайшы, май орнына құстың жүні ме, немене жүзіп жүрген. (*Тауықты кеседі.*) Пай-пай-пай, мұндай да тауық болады екен! Бері бер қуырдақты!.. Мынада азырақ сорпа қалды, Осип, сен алып іш. (*Қуырдақты турайды.*) Бұл не қылған қуырдақ? Мынау қуырдақ емес.

Қызметші. Енді немене?

Хлестаков. Чорт біледі, не екенін, әйтеуір тастай сірі ғой. (*Жейді.*) Ой, залым, қулар-ай; не берет десейші! Мұның бір жапырағын шайнағанша жағың қарысып

қалар. (*Қолымен тісін шұқиды.*) Ой сұмдар-ай! Аумаған ағаштың қабығы, тіпті алынатын емес, мына тамақтан кейін тісің де қап-қара боп кетер. Залымдар! (*Орамалмен аузын сүртеді.*) Енді ештеңе жоқ па?

Қызметші. Жоқ.

Хлестаков. Ант ұрған! Қулар! Тым құрығанда тұздығы да жоқ, не дәмі де жоқ. Өңкей масыл! Тек жолаушыны қаңғақсатуды біледі.

Қызметші мен Осип ыдысты жинап алып кетеді.

VII көрініс

Хлестаков, соңынан Осип.

Хлестаков. Дәл бір түк жемегендей болдым, тек араным ашылды. Уақ бірдеңе болса, базарға жіберіп тоқаш алдырту екен.

Осип (*кіреді*). Анда неге келгенін қайдам, дуанбасы келді. Сіздің жайы-күйіңізді сұрайды.

Хлестаков (*шошып кетеді*). Мәс-саған! Мынау антұрған трактирші барып арыз қыла қойған ғой! Япырым-ай, айтты-айтпады, абақтыға сүйреп жөнелсе, қайттім? Амал не? Адам сияқтанып нетсе, мен бәлендей... жо-жо-жоқ, көнбеймін, анда қалада қаптап жүрген офицер, халық, өзім де соның арқасында көрініс беріп, бір купецтің қызына көзімді қысып қойып ем, жоқ... Көнбеймін... Ол немене сонша? Айтты-айтпады, қалай ол неге алады? Мен оған немене, купец пе, қолөнерші ме? (*Шытырайып, бойын сірестіріп.*) Мен оған түп-тура айтам: қалай сіз нетесіз? Қалай сіз?.. (*Есіктің тұтқасы айналады, Хлестаков сұры қашып, ығыса бастайды.*)

VIII көрініс

Хлестаков, дуанбасы, Добчинский. Дуанбасы кіріп кеп тұра қалады. Екеуі біріне-бірі қарап қорқып, көздерін едірейтіп бірталай тұрады.

Дуанбасы (*азырақ есін жинап, екі қолын жанына созып*). Есендікте-саулықта.

Хлестаков (*бас иіп*). Амандықта-барлықта...

Дуанбасы. Ғапу етіңіз.

Хлестаков. Оқасы жоқ.

Д у а н б а с ы. Менің міндетім, осы қаланың бастығы болғандықтан келген-кеткен жолаушыларға және де инабатты адамдарға ешбір таршылық келтірмеудің қамын қылу...

Х л е с т а к о в (*алғашқыда азырақ тұттығып, аяқ кезінде қатты сөйлеп кетеді*). Қайтейін енді?.. Менің жазығым жоқ... Мен, құдай ақына төлеймін.. Маған елден ақша келеді. (*Бобчинский есік артынан сығалап қояды.*) Қайта оның жазығы көп: беретін еті тастай сіңір, сорпасы не екенін шорт біледі, ішіне не салатынын, терезеден тысқа шашып жібердім. Ол мені ұзынды күнге аш қатырды. Шайы сондай бірдеңе: шай емес, балық сасиды. Менің жазығым не... Міне қызық.

Д у а н б а с ы (*ұнжырғасы түсіп*). Гапу етіңіз, менің тіпті жазығым жоқ. Базардағы еттеріміз қашанда жақсы болады. Холмогор купецтері әкеледі, әрі арақ ішпейтін, әрі жақсы мінезді адамдар. Ондай етті олардың қайдан алып жүретінін мен тіпті білмеймін. Үйтіп не болатын болса, онда... Менімен бірге басқа пәтерге шығуды ұсынуға рұқсат етіңіз.

Х л е с т а к о в. Жоқ, көнбеймін, не екенін білмеймін бе, басқа пәтеріміз абақты ғой. Білмеймін, оған сіздің қандай пұрсаңыз бар? Қалай неге аласыз? Міне, мен... Мен Петербургте қызмет етем. (*Ширан алады.*) Мен, мен, мен...

Д у а н б а с ы (*қырын қарап*). Ой, құдай-ай, сақтай гөр!.. Қалай ашуланшақ еді! Бәрін біліп қойған екен, бәрін көйткен екен, қарғыс атқан купецтер!

Х л е с т а к о в (*ерленіп*). Тіпті, сіз бар әскерлеріңмен келсең де бармаймын! Мен тіке министрге айдаймын! (*Жұдырығымен үстелді тарсылдатып қояды.*) Сіз немене!.. Е, немене...

Д у а н б а с ы (*қаққан қазықтай қалшып, тұла бойы дірілдеп*). Марқабат қылыңыз, құртпаңыз! Қатын-бала, қызыл қарын жас бала... Біреуді сорлы қылмаңыз.

Х л е с т а к о в. Жоқ, мен көнбеймін! Міне тағы! Маған не керек? Сіздің қатын-балаңыз бар деп, мен абақтыға барғаным ба, міне қызық! (*Бобчинский есіктен сығалайды да қорқып, бұғып кетеді.*) Жоқ, алдаразы болсын, көнбеймін.

Д у а н б а с ы (*қалтырап*). Тоғышарлықтан, құдай біледі, тоғышарлықтан. Ауқаттың кем-тарлығы... Өзіңіз ойлаңызшы: қазнаның жалақысы қант-шайға да жетпей-

ді. Егер, пара болды бар ғой: әшейін құрттай бірдеңе — тек тамақтық, бір-екі көйлектік қана. Ал, енді унтер-офицердің саудагер жесір қатыны деген сөз, оны мен дүреледі деген сөз, ол құдай біледі, шіп-шикі жала. Мұны шығарып жүрген менің дұшпандарым, бұ халықты қойыңыз, мені өзімді өлтіруге де бар.

Хлестаков. Оны қайт дейсіз? Оларда менің түк жұмысым жоқ. (*Ойға батып.*) Алайда, мен залымдар тақырыпты, әлдебір унтер-офицердің жесір қатыны тақырыпты неліктен сөз ғып тұрғаныңызды білмеймін... Унтер-офицердің жесір қатыны өз алдына, бірақ сіз маған дүре соға алмассыз. Қолыңнан келмейді... Міне тағы! Қарашы өзіңіз!.. Мен төлеймін, төлеймін ақшасын, бірақ қазір қолымда көк тиыным да жоқ. Осында отырғаным да сол көк тиынның жоқтығы.

Дуанбасы (*теріс қарап*). Ойпырм-ай, қу екен! Қалай бұлтартты! Не деп бұлтартып жіберді! Тілесен қалай үк! Білмеймін, қай жағынан жағынуды. Қой, не де болса байқайын! Қайдан шықса одан шықсын, болатын іс болар, бақ тәуекел, байқайын. (*Естіртін.*) Егер сіз ондай ақшаға, немесе басқа нәрсеге зәру болсаңыз, мен сізге қазір қызмет көрсетуге әзірмін. Менің міндетім — жолаушыға жәрдем көрсету ғой.

Хлестаков. Беріңіз, беріңіз маған қарызға, мен трактиршімен қазір-ақ есеп айырайын. Маған тек екі жүздей, немесе одан азырақ болса да болғаны.

Дуанбасы (*ақшаны беріп жатып*). Артық-кемі жоқ екі жүз, санап әуреленбесеңіз де болады.

Хлестаков (*ақшаны алып жатып*). Алда риза болсын; мен сізге елге барысымен жіберермін, менікі дереу... Байқаймын, инабатты адам көрінесіз. Ендігі жұмыс өз алдына.

Дуанбасы (*теріс қарап*). А, құдай, бергеніне шүкір! Ақшаны алды. Жұмыстың беті түзелер. Мен оған екі жүздің орнына төрт жүзді тығып жібердім.

Хлестаков. Әй, Осип! (*Осип кіреді.*) Шақыршы мұнда әлгі даяршыны! (*Дуанбасы мен Добчинскийге қарап.*) Сіздер неге түрегеп тұрсыздар? Рақым етіңіз, отырыңыздар. (*Добчинскийге.*) Марқабат етіңіз, отырыңыз.

Дуанбасы. Оқа емес, біз түрегеп-ақ тұрамыз.

Хлестаков. Рақым етіңіз, отырыңыздар! Сіздің салтыңыздың, ықыласыңыздың ашық екенін енді көріп

тұрмын. Әйтпегенде, шынымды айтайын, мен сіздерді, мені нетуге... (*Добчинскийге.*) Отырыңыз. (*Дуанбасы мен Добчинский отырады. Бобчинский есіктен сығалап тыңдап тұрады.*)

Дуанбасы (теріс қарап). Батылдау болу қажет. Ол өзін астыртын жай адам екен десін деп тұр ғой. Жақсы, біз де көлгірсиік, кім екенін білмеген болайық. (*Естіртін.*) Осындағы бір помещигіміз мына Петр Ивановичпен екеуміз қызмет бабында жүріп, осындағы жолаушылар қалай екен, оларды жақсы күте ме екен, білейікші деп, әдейі соғып едік, өйткені мен өзге дуанбасылардай ештенені естімейтін кісі емеспін. Жаңа қызметімнен басқа, христиан мейірбандығы мен құдайдың жаратқан құлының бәрін де жақсы күткенді тәуір көремін. Міне соныма қарай, сізге келтіріп, жақсы таныс боп қалдық.

Хлестаков. Мен де қатты қуаныштымын. Сіз болмағанда, құдай ақында көп жатып қалатын едім. Не төлерімді білмей, әбден дағдарып отыр едім.

Дуанбасы (теріс қарап). Айта бер! Не төлерінді әбден білмегенің шығар! (*Естіртін.*) Сұрауға болар ма екен? Қай жаққа бет алып барасыз?

Хлестаков. Мен Саратов губерниясына, өз деревняма бара жатырмын.

Дуанбасы (теріс қарап, кекеткен түсте). Саратов губерниясына! Ә? Жүзі жанбайды екен! Бұған сақ болу керек. (*Естіртін.*) Сапарыңыз оң екен. Жолдың өзі, бір жағынан, ат дайын болмай кейістік көрсетсе де, екінші жағынан көңіл көтеруге де теріс емес қой. Сіз, бәлкім, өз зейнетіңіз үшін бара жатқан боларсыз?

Хлестаков. Жоқ, мені атай шақырып еді, осы күнге дейін Петербургте қызмет қып, түк бола алмадың деп, қарт кейіп жатса керек. Қайдан білсін, қызметке түсе сала Владимир чинін алады деп ойлады ғой. Кеңседе біраз сарылуға соның өзін жіберсем деп келем.

Дуанбасы (теріс қарап). Қордің бе, бұлдыратып, қарт әкесін де қыстыруын! (*Естіртін.*) Онда көп боласыз ба?

Хлестаков. Анық білмеймін. Менің әкем бір қыңыр ағашша қақиган дүлей адам. Мен оған мейлің, не десең о де, Петербургсіз жерде тұра алмаймын деп тікесінен айттым. Айтты-айтпады, өмірді мұжықтармен қоретейін бе? Ендігі тілек болса — жаным жарықты көксейді.

Дуанбасы (теріс қарап). Түйінді қалай түйеді! Өтірікті соғып отыр, бір мүдірсейші! Түріне қарасаң, көзге бір қораш тинамдай неме, тырнағыңмен басып қалсаң қылжиып қалатын... Тоқта, балам, сырынды шешерсің, әңгіменді шерткізермін! (Естіртін.) Әділ айттыңыз, қараңғы жерде де істеуге болады? Міне, мысалы осы жерді алсақ, түн бойы ұйқы көрмейсің, отаныңа бола жаныңды саласың, ештеңенді аямайсың. Ал, қашан оның сыйлық берерін кім білсін. (Бөлменің ішін көзімен шолып.) Осы бөлме азырақ дымқылдау ма қалай?

Хлестаков. Жаман бөлме, қандаласы бар сұмдық, өмірімде көрмеген, дәл итше талайды.

Дуанбасы. Не дейсіз! Жан боп жаралуға тұрмайтын тинамдай қандалаға осындай көзі ашық, аяулы қонақтың жем болуын қараңызшы! Осы бөлменің өзі қараңғылау да емес пе?

Хлестаков. Иә, тіпті қараңғы. Қожайын шам бермеуді әдет қып алған көрінеді. Кейде бірдеңе істегің, оқығың немесе қиялыңнан бірдеңе жазғың келе ме, жаза алмайсың. Қараңғы, тіпті қараңғы.

Дуанбасы. Сізден сұрай алар ма едім... Бірақ жоқ, мен үйтуге татымаймын.

Хлестаков. О не?

Дуанбасы. Жоқ, жоқ, татымаймын, татымаймын!

Хлестаков. О не, немене еді?

Дуанбасы. Мен бір тұрпайылық істер едім.. Үйім де сізге лайық, өзі бір жарық, әрі жайлы бөлмем бар еді... Бірақ, оған енді батылым барыңқырамай отыр... Маған ол тым үлкен құрмет қой... Ашулаңбасаңыз, құдай біледі, ақ көңілдігімнен ұсынып отырмын.

Хлестаков. Жоқ, олай деменіз, қайта оныңыз маған қаныбет, маған кабактан да үйде жатқан артық.

Дуанбасы. Мен қатты қуаныш етер ем! Әйелім қандай қуанар екен! Мен өзім мінезім солай: бала жасымнан меймандоспын, әсіресе өзіңіздей көзді-қарақты кісіге... мұны көлгірлікпен айтып тұр деп, ойыңызға алмаңыз, ондай мінезім жоқ, тек ақ бейілділігімнен айтам.

Хлестаков. Алда разы болсын. Мен де солаймын, екі жүзді адамды жек көремін. Маған сіздің ақ жарқындығыңыз қатты ұнап тұр, мен шынымды айтайын, маған тек инабат, құрмет-инабат көрсетсе болғаны, одан өзгені сұрамаймын.

IX көрініс

Бұлардың үстіне қызметші мен Осип кіреді. Бобчинский есіктен сығалап тұрады.

Қызметші. Мені шақырттыңыз ба?

Хлестаков. Иә, есеп қағазыңды әкел.

Қызметші. Бір қағазды мана беріп ем ғой.

Хлестаков. Сенің сандырақ есептерің менің есімде жоқ. Айтшы, қанша еді?

Қызметші. Сіз алғашқы келген күні түскі тамақ алдыңыз, ертеңіне тек көксеркештен азырақ аузыңызға салдыңыз, содан кейін ылғи несиеге алып отырдыңыз.

Хлестаков. Ақымақ, тағы бір-бірлеп есептеп келеді! Барлығы қанша керек?

Дуанбасы. Оған мазаңызды кетіріп не қыласыз, ол шыдай тұрады. (*Қызметшіге.*) Аулақ, кейін жіберіледі.

Хлестаков. Айтты-айтпады, оныңыз да рас. (*Ақшасын тығып қояды.*)

Қызметші кетеді, есіктен Бобчинский сығалайды.

X көрініс

Дуанбасы, Хлестаков, Добчинский.

Дуанбасы. Енді сіз біздің қаламыздағы кейбір мекемелерді, игілік орны және басқа сияқтыларды көруге нетпес пе екенсіз?

Хлестаков. Онда не бар?

Дуанбасы. Жәй әшейін, көріңіз, бізде жұмыстың ағымы... Тәртібі қандай екен...

Хлестаков. Үлкен қаныбет, мен әзірмін. (*Бобчинский есіктен басын қылтитады.*)

Дуанбасы. Және, зәуде көңіліңіз соқса, одан шығып, уездік мектепке соғып, бізде ғылымның қалай оқылып жатқанын байқаңыз.

Хлестаков. Құп болады, құп.

Дуанбасы. Содан кейін барғыңыз келсе, острогқа, қаланың абақтысына бас сұғып, қылмыстылардың қалай тұратынына да көз салыңыз.

Хлестаков. Абақтының несіне барамыз? Одан да игілік орындарын көрген тәуір ғой.

Дуанбасы. Өз еркіңіз білсін. Қалай, өз арбаңызбен жүруге ниет етесіз бе, жоқ менімен бірге жеңіл арбаға мінесіз бе?

Хлестаков. Жоқ, сіздің арбаңызбен-ақ барайын.

Дуанбасы. Ал, Петр Иванович (*Добчинскийге*), сізге енді орын жоқ.

Добчинский. Оқасы жоқ мен былай да...

Дуанбасы (*Добчинскийге ақырыңқырап*). Бері қараңыз, сіз дереу екі хат алып жөнеліңіз, ұшыңыз. Бірін игілік орнындағы Земляникаға, екіншісін біздің қатынға жеткізіңіз. (*Хлестаковқа*.) Сіздің алдыңызда қатыныма бір жол ғана хат жазуға болар ма екен, сіздей құрметті қонақты қарсы алуға күтінсін демекші ем.

Хлестаков. Оның керегі не.. Бірақ та, мейліңіз, міне сия, жалғыз-ақ қағазды білмеймін... Әлде мына есеп қағаздың сыртына жазарсыз...

Дуанбасы. Осыған-ақ, жазайын. (*Жазып жатып, өз-өзіне*.) Тамақ пен жуан бөтелкеден кейін байқалар! Губерниямыздың арағы — мадера көзге қораш болғанымен пілді болса да мұрттай ұшырушы еді. Бірақ қай жағы қатерлі екенін біліп алсам.

Жазып болып, есікте дайындалып тұрған Добчинскийге береді. Бірақ, дәл сол кезде есік құлап кетеді. Ар жағынан сүйеніп сығалап тұрған Бобчинский есікпен қабат сахнаға қарай етпетінен түседі. Бәрі де шошып қалады. Бобчинский түрегеледі.

Хлестаков. Немене? Бір жерің мертiгiп қалған жоқ па?

Бобчинский. Оқа емес, тек мұрнымның үстін азырақ жыртып кетті. Мен Христиан Ивановичке жүгірейін, оның бір пластыры болушы еді, өзі-ақ жазып жібереді.

Дуанбасы (*Бобчинскийге зілденген нұсқа көрсетіп, Хлестаковқа*). Іштеме етпейді. Кәне, рақым етіңіз! Чемоданыңызды алып кел деп, атқосшыңызға айтайын. (*Осипке*.) Шырағым, сен бәрін де біздікіне — дуанбасының үйіне алып кел. Біздікін кімнен сұрасаң да көрсетеді. Кәне, рақым етіңіз! (*Хлестаковты алға жіберіп, Бобчинскийге бұрылып*.) Ей, сіз де бір, басқа жер құрығандай-ақ! Черт біледі, осы араға кеп созыла түскені несі.

Шымылдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші пердедегі бөлме

I көрініс

Анна Андреевна мен Мария Антоновна баяғы қалыптарында, эйнек алдында тұрады.

Анна Андреевна. Ал, мінеки, күткелі табандаған бір сағат — бәрі сенің кесірің, қылымсығаныңның қырсығы: киініп алса да, жоқ! Тағы да бипазданып болмайды... Тындамай кетіп қалмағанымды қарашы. Ой, жазған басым-ай! Егескендей бірде-бірі жоқ, жер жұтып қойды ма екен!

Мария Антоновна. Апырым-ай, маменька, қойшы, екі минуттан кейін бәрін де білеміз, Авдотьяның келетін кезі де болды. *(Бойлап қарайды да, шаңқ етеді.)* Аһ, маменька! Біреу келе жатыр, әне көшенің басында.

Анна Андреевна. Қайда келеді? Дәйім сенің бір бос қиялың қалмайды. Жоқ, шынымен келеді екен, бойы тапалдау... Жігерімді құм қылды-ау бұл... фрак қиген... Кім болды екен?

Мария Антоновна. Бұл Добчинский ғой, маменька-ау.

Анна Андреевна. Не қылған Добчинский? Дәйім сенің сондай бірдемені соғып жіберетінің-ай! Тіпті де ол емес. *(Орамалын бұлғап, шақырады.)* Әй, жүріңіз бері! Тезірек!

Мария Антоновна. Рас, мама, Добчинский!

Анна Андреевна. Ал, енді ерегесіп болмайды, ол емес десе.

Мария Антоновна. Ал, енді кім? Енді кім, мама? Көрдің бе, Добчинский екен.

Анна Андреевна. Я, ол Добчинский сол, жаңа көрдім, соған несіне таласа қалдың? *(Эйнектен айқайлайды.)* Әй, сіз, тезірек, тезірек! Тіпті ақырын жүретұғыныңыз-ай, немене? Аналар қайда? Айта беріңіз сол жерден, бәрібір. Немене? Тым қатты кісі ме екен? Ә? Біздің бе? Бай ше? *(Эйнектен кейін шегініп күйіп-пісіп.)* Ой қуарғыр, үйге кірмей, айтушы ма еді ол!

II көрініс

Бұлардың үстіне Добчинский кіреді.

Анна Андреевна. Е, құрып қалсын, қойыңызшы? Ұялсаңызшы? Сізді дұрыс адам көріп, сеніп жүрсем, жалма-жан бәрі жүгіре шығып еді, артынан сіз де жөнелдіңіз! Міне, әлі күнге бірде-бірінен дым біле алмай қалдық, ұятыңыз қайда дейім! Сіздің Иваныңызды да, Лизанызды да шоқындырған шешесі едім, сіздің қылып отырғаныңыз мынау!

Добчинский. Құдай ақына, ханым, сізге аман-дасқалы өлгенше жүгіріп, ентігімді баса алмай тұрмын. Сәлемет пе, Мария Антоновна.

Мария Антоновна. Есенсіз бе, Петр Иванович.

Анна Андреевна. Ал, немене? Айтыңыз, қалай болып жатыр?

Добчинский. Антон Антонович сізге хат жіберді.

Анна Андреевна. Ал, өзі кім екен? Генерал ма?

Добчинский. Жоқ, генерал емес, бірақ генералдан кем емес. Сондай оқымысты, қылығы сондай жат-с.

Анна Андреевна. Ә! Әлгі келеді деп хатта жазған төренің өзі ғой.

Добчинский. Тап өзі. Ең алғаш тапқан Петр Ивановичпен екеуміз ғой.

Анна Андреевна. Қәне, айтыңызшы: немене, қалай?

Добчинский. Е, құдайға шүкір, бәрі де жайланды. Ә дегенде Антон Антоновичке әнтек тігірек кеп қап, я-с; ашуланып гостиницаны жамандап, сіздікіне барамаймын деп, сізге абақтыға отырмаймын деп, содан кейін Антон Антоновичтің жазығы жоғын білген соң, о кісімен кәдімгідей тіл қатып, дереу ойын өзгертті. Жаңа аллаға шүкір, бәрі жақсы болды. Олар қазір игілік орындарын көруге кетті... Әйтпегенде, сөздің шыны, Антон Антонович астыртын шағым болып қалған екен деп, кішкене сасып қалып, мен де кішкене қорқып қалдым.

Анна Андреевна. Сіз неден қорқасыз? Қызмет адамы емессіз ғой?

Добчинский. Қалай да, үлкен ұлық сөйлегенде кісі қауіп ойламай тұра ма.

Анна Андреевна. Ал, немене... бұның барлығы әншейін... Айтыңызшы, түрі қандай! Қәрі ме, жас па?

Добчинский. Жап-жас кісі, жиырманың үшеулерінде, ал, сөйлегенде кәріден бетер. Бұйырыңыз дейді, мен дейді, онда да, мұнда да барамын... дейді. *(Қолын олай-бұлай сермеп қояды.)* Бәрі біртүрлі онды. Мен дейді, жазуды да, оқуды да жақсы көрем, бірақ кішкене үй қараңғылау дейді.

Анна Андреевна. Өзінің өңі қандай екен: қара ма, ақ па?

Добчинский. Жоқ, ақ құбалау, көзі тіпті өткір, жайнап тұр, кісінің ойын мүлде алай-дүлей етеді.

Анна Андреевна. Әлгі маған не жазды екен? *(Хатты оқиды.)* «Жаным, саған асығып білдірмекпін, менің халым мейлінше нашар болып еді, бірақ құдайдың жәрдемімен, екі тұздаған қияр өз алдына және бір кісілік икра, бір сом жиырма бес тиын...» *(Тоқтай қалады.)* Түк ұқсам бұйырмасын. Бұл араға тұздаған қияр мен икраны несіне жазған?

Добчинский. Оны Антон Антонович әншейін шапшандықпен бір қағазға жаза салған, онда бір есеп жазылған шығар.

Анна Андреевна. Е, солай екен... *(Тағы оқиды.)* «Бірақ құдайдың жәрдемімен түбі қайыр болар білем. Құрметті қонаққа тезірек үй дайында, ана сар қағазды бөлме бар ғой, тамақты көбейтпей-ақ, өйткені, Артемий Филипповичтің үйінде ас ішерміз. Арақты молырақ алдыр; Абдулин купецке айт, ең жақсысын берсін, оны қылмаса, қоймасының эптер-тәптерін шығарамын. Қолыңды сүйіп, хат жазушы сенің Антон Сквозник-Дмухановскийің...» Ой, жасаған-ай! Мұны тезірек қамдау керек қой! Әй, анда кім бар? Мишка!

Добчинский *(есікке жүгіріп)*. Мишка! Мишка!

Мишка кіреді.

Анна Андреевна. Бері қара: жүгір Абдулинге... тұра тұр, мен хат берейін. *(Стол жаңына отырып, хат жазып бір жағынан сөйлеп жатады.)* Бұл хатты сен Сидор көшірге бер, Абдулиндікіне ұшып барып, арақ әкелсін. Өзің қайтып кел, дереу мынау үйді қонаққа дайында. Кровать, қол жуғыш, тағы оны-мұны қой.

Добчинский. Ал, Анна Андреевна, енді мен жүгі-

ріп әлгілерге барайын, онда қалай қарап жатыр екен.
Анна Андреевна. Барыңыз, мен сізді бөгемеймін.

III көрініс

Анна Андреевна мен Мария Антоновна.

Анна Андреевна. Ал, Машенька, бізге енді киіну, күтіну керек. Ол астаналық нәсте ғой, құдай сақтасын, бірдемеізді күлкі қып кетер. Сен әлгі ұсақ бүрмелі, көк көйлегінді кигенің ұнамды болар.

Мария Антоновна. Фи, мама, көк көйлек пе! Маған тіпті ұнамайды. Ондай көкті Ляпкин-Тяпкиннің қатыны да киіп жүр, Земляниканың қызы да киіп жүр. Жоқ, одан да гүлді көйлегімді киемін.

Анна Андреевна. Гүлді!... Ал, енді таласа кетеді. Қисен ки, ол саған жақсы жарасады, өйткені, мен ақсары көйлегімді кигім келеді; мен ақсарыны біртүрлі ұнатам.

Мария Антоновна. Ах, маменька, сізге ақсары жараспайды!

Анна Андреевна. Маған ақсары жараспайды?

Мария Антоновна. Жараспайды, қалай айтсаң да жараспайды; ол қара көз кісіге жарасады.

Анна Андреевна. Әбден жақсы! Ал менің көзім қара емес пе? Нағыз қара көздің өзі. Бос сөзді сөйлеп кетесің-ау! Қалай қара емес дейсің, мен карта ашқанда, дәйім өзімді крестің мәткесі деп ашам.

Мария Антоновна. Ах, маменька, сіз одан да түйе табанның мәткесіне көбірек ұқсайсыз.

Анна Андреевна. Бос сөз, тіпті бос сөз! Мен өмірі түйе табанның мәткесі боп көргенім жоқ! (*Қызымен екеуі асығып, сахнаның ар жағына кетеді де, онда да сөзін қоймайды.*) Қарап отырып жоқты айтады, түйе табанның мәткесі деп, құдай-ау десенші!

Олар кеткеннен кейін есіктер ашылып, Мишка сыпырындыны бері лақтырады. Екінші есіктен төбесіне чемодан көтеріп Осип кіреді.

IV көрініс

Мишка мен Осип.

Осип. Қайда қойылады?

Мишка. Мұнда, ағай, мұнда.

О с и п. Тоқта, әуелі дем алайын. Ой, бүйтіп көрген күні құрсын! Аш кісіге жоқтан өзге де жүк болады екен.

М и ш к а. Ағай, немене, генерал тез келе ме?

О с и п. Қай генерал?

М и ш к а. Сіздің мырзаңызды айтам.

О с и п. Мырзаңыз? О қайдан генерал?

М и ш к а. Әлде, генерал емес пе?

О с и п. Генерал, бірақ басқа жағынаң.

М и ш к а. Ол немене? Нағыз генералдан артық па, кем бе?

О с и п. Артық.

М и ш к а. О-о! Бізді әбігер қылып жатқанының өзі сол екен ғой.

О с и п. Бері қара, шырақ, сен өзің епті жігіт көрінесің, бізге жейтін бірдеңе дайындатшы.

М и ш к а. Сіздерге дайын әлі ештеңе жоқ. Жәй тамақты жемессіз, ал әлі мырзаңыз келіп, дастарқанға отырғанда, сізге де сол тамақтан беріледі.

О с и п. Ал, кәне, жай тамақтан нелерің бар?

М и ш к а. Сорпа, каша, самса бар.

О с и п. Әкел сол сорпа, каша, самсаларыңды! Оқа емес: бәрін де жей береміз. Ал чемоданды апаралық! Немене, анда тағы есік бар ма?

М и ш к а. Бар.

Екеуі бүйірдегі бөлмеге чемоданды кіргізеді.

У к ө р і н і с

Кварташылар есіктің екі жапасын да шалқасынан ашады. Хлестаков кіреді, оның артынан дуанбасы, одан кейін игілік мекемелерінің қамқоршысы, мектеп бастығы, Добчинский және Бобчинский, ол мұрнына пластырь жапсырған. Дуанбасы кварталшыларға жерде жатқан қағазды нұсқайды, олар жалма-жан тұра жүгіріп, еңтігіп бірін-бірі итермелесіп жердегі қағазды жинайды.

Х л е с т а к о в. Жақсы мекемелер. Өткен-кеткен жолаушыларға қалада не барлығын көрсеткендеріңіз маған ұнайды. Басқа жерлерде маған түк те көрсеткен жоқ.

Д у а н б а с ы. Басқа дуандардың бастықтары мен төрелері көбінесе, өздерінің яғни пайдасын қамтиды. Ал, мұнда діндарлықпен, ұқыптылықпен қызмет етсең, үлкен ұлықтардың көзіне түссең дегеннен басқа ой болмайды.

Х л е с т а к о в. Сәскелік тамақ аса жақсы болды,

мен мүлде күпті боп қалдым... Қалай, сіздерде күнде осындай бола ма?

Дуанбасы. Әдейі сіздей сүйкімді қонаққа неткен ғой.

Хлестаков. Мен асты жақсы көрем, рақаты үшін тіршілік етет те. Әлгі бір балықтың аты не еді?

Артемий Филиппович (*ұмтылып келіп*). Лабардан еді.

Хлестаков. Тамақ-ақ екен. Соны қай үйде жедік? Аурухана емес пе?

Артемий Филиппович. Дәл түстіңіз, игілік мекемесі-с.

Хлестаков. Есімде, есімде, анда кроваттар тұрды ғой, аурулар жазылған ба? Онда қалғандары мәз көрінбейді.

Артемий Филиппович. Он шақты-ақ кісі қалды, өзгесінің бәрі жазылып тұрып кетті; біздің ол реттеуіміз, тәртібіміз солай. Мен бастық болғалы, мүмкін сіз нанбассыз да, аурулар шыбыннан оңай жазылады. Ауруханаға қалай кірді, солай сап-сау боп кетеді, онда да дәрінің күшімен емес-ау, ақ жүректік пен тәртіптің күші.

Дуанбасы. Сізге мен айтайын, дуанбасының қызметі қандай ауыр десеңізші! Бір ғана тазалық сақтау, жамау-жасқаудың өзі қанша жұмыс... Қысқасы, асқан ақылды адамның есі шығатын, бірақ әйтеуір құдайдың бергені бәрі де жайлы. Менен өзге дуанбасы болса, көбінесе өз пайдасын көздер еді, бірақ нанасыз ба, төсекке жатқанда да дамыл жоқ: «А құдай, қалай қылсам осы қызметім жоғарғы ұлықтың көзіне түсіп, риза болар екен»,— деп ойлайсың. Онымызға қарай ұлықтардан сый бола ма, болмай ма, әрине ерік оларда ғой, әйтеуір өз көңілімде ақау жоқ. Қала ішінің бәрі тәртіпті, көшелер сыпырулы, арестанттар жақсы ұстаулы, маскүнемдер аз болған соң... одан артықтың керегі не? Құдай ақына ешбір сый-құрметке де көңілің шаппайды. Ол енді әрине, қызықтыратын нәрсе ғой, бірақ игіліктің жанында өзгенің бәрі көр-жер жалған.

Артемий Филиппович (*теріс қарап*). Әй, суайтым-ай, қалай-қалай соғады! Құдай тіл мен жақты берген бұған!

Хлестаков. Ол рас. Мен өзім де, сөздің шыны, кей-

кейде ақылды болғанды ұнатам, кейде қара сөзбен, кейде өлеңмен ағытылып кетеді.

Б о б ч и н с к и й (*Добчинскийге*). Тура, бәрі тура. Петр Иванович, сөз әлпетін көрдіңіз бе... Ілімге төселген ғой.

Х л е с т а к о в. Айтыңыздаршы. Тәңір жарылғасын, сіздерде бір көңіл көтергенде ермек, мәселен, карта ойнағанда, бір жиында болмай ма?

Д у а н б а с ы (*теріс қарап*). Сұмын қараңызшы, білеміз кімді көздеп отырғаныңды! (*Естіртін.*) Құдай сақтасын! Ондай жиынның мұнда исі де жоқ. Мен өмірі қолыма карта ұстаған жан емес; қалай ойнайтынын да білмеймін. Тіпті, көргім келмейді, кейде зәусайтан крестің короліне, немесе өзге біреуіне көзім түсіп кете ме, тіпті аза бойым қаза тұрады. Бір рет балаларды алдандырамы деп, картадан будка жасап берем деп, соның артынан бұ сайтандар түні бойы түсіме кіріп пәле болғаны. Құрып қалсын есіл уақытты қор қып, оны кім ұстасын.

Л у к а Л у к и ч (*теріс қарап*). Сұмды қарашы, кеше ғана менен жүз сомды домалатып алып еді.

Д у а н б а с ы. Картаға кетірген уақытты, мемлекет пайдасына кетіргенім жақсы емес пе.

Х л е с т а к о в. Әй, жоқ, сіз бекер нетесіз... Бәрі де кісінің әр нәрсеге көзқарасынан. Зәуде, мәселен, үш жақтан бірдей бүгін сыпыратын жерде шегініп қалдың ба... Онда, әрине, жоқ, атамаңыз, кейде ойнаған қатты қызық.

VI көрініс

Бұлардың үстіне Анна Андреевна мен Мария Антоновна кіреді.

Д у а н б а с ы. Үй ішімді сізге таныстырайын: әйелім, қызым.

Х л е с т а к о в (*еңкейіп, шұлғып*). Мен қандай бақыттымын, ханым, сізді көру, былайша айтқанда бір қаныбет қой.

А н н а А н д р е е в н а. Сіздей мәртебелі адамды көру бізге де.

Х л е с т а к о в (*жайраңдап*). Өйдемеңіз, ханым, қайға маған одан да көңілдірек.

А н н а А н д р е е в н а. Қалай мүмкін болады! Сіз мұны әншейін қошемет үшін айтасыз ғой. Рақым етіңіз, отырыңыз.

Хлестаков. Сіздің қасыңызда түрегеп тұру да бақыт қой; алайда, сіз отыр десеңіз отырайын. Сіздің қасыңызға отырғанның өзіне де қандай бақыттымын.

Анна Андреевна. Мүмкін бе екен, мен өзімді сонша нетіп отыр деп, биттей де ойламаймын... Қайта астанадан шығып сапар шегу сізге көңілсіз көрінген шығар.

Хлестаков. Аса көңілсіз *comprenez vous*¹, жақсылар арасында жүріп үйренген адамға тұтқиылдан жол жүру оңай ма: былғаныш трактир, надандық, қараңғылықты көру. Сөздің шыны, менде неткен оқиға болмайды бар ғой... (Анна Андреевнаға қарап.) Әйтеуір түбі қайыр болуға айналды...

Анна Андреевна. Расында, сізге сондай көңілсіз болу керек.

Хлестаков. Өйткенімен тап осы минутта мен аса көңілдімін.

Анна Андреевна. Қалай мүмкін болады, сіз тым көтеріп айтасыз. Мен оған татымаймын.

Хлестаков. Қалай татымайсыз? Ханым, сіз татисыз.

Анна Андреевна. Мен кішкене қалада тұрамын.

Хлестаков. Кішкене қаланың да, сонда да, өз биігі, өз өлкесі болады... Әрине, Петербургпен теңестіруге болмайды! Уай, шіркін Петербург! Не деген тұрмыс десеңіз ше! Сіз, әлде мені қағаз көшіруші дерсіз, жоқ, мекеме бастығы менің жан досым ғой. Бүйтіп иыққа қағып қалып: бауырым, тамаққа кел деп қояды. Мен департаментке екі-ақ минутқа кіріп шығамын. Тек ананы алай, мынаны былай қыл деп, айтып кетемін! Анда жазатын төре, сондай бір егеу құйрық, қаламын ала-сала тр-тр деп жазып ала жөнеледі. Мені коллежский ассессор қоямыз деп еді, мен оның не керегі бар маған деп ойладым. Бір жағынан сторжы сатыдан домалап қолында шеткасы, артымнан жүгіріп рұқсат етіңіз, Иван Александрович, етіңізді тазалап берейін,— деп. (Дуанбасыға.) Немене, мырзалар, түрегеліп тұрсындар? Рақым етіңіздер, отырыңыздар!

¹ *Comprenez vous*-білсеңіз.

Бәрі бір } Дуанбасы. Жөн солай, бізге әлі тұра
 ауыздан } тұрсақта болады ғой.
 } Земляника. Біз тұра берейік те.
 } Лука Лукич. Бізге бола қам жеменіз.

Хлестаков. Чинсіз-ақ отыруларыңызды сұраймын. (*Дуанбасы, басқалар отырысады.*) Мен тәлімсігенді сүймеймін: қайта мен елеусіз ішіне кіріп кеп, арасынан жылп етіп кеткім кеп тұрады. Бірақ жасыруға болмайды! Тек бір жаққа шықтым-ақ: «Әне, Иван Александрович келе жатыр»— деп шу ете түседі! Бірақ, қызығы бар: бір жолы мені бас қолбасшы деп қалып, солдаттар гауптвахтадан атып-атып шыға келгені ғой. Соңынан менімен таныс офицер жолығып: «Ой, туған-ай, сені мүлде бас қолбасшы екен деп қалыппыз»,— дейді.

Анна Андреевна. Апыр-ай, ә?

Хлестаков. Жақсы артист әйелдермен де танысын. Менің де әр түрлі әңгімелер жазатыным бар ғой... Әдебиетшілермен көп жолығамыз. Пушкин менің досым. Жолыққан сайын мен оған: «Қалай, Пушкин, туысқан?»— деп қоям. Ол: «Жай әншейін, туысқан» дейді... Өте бір ерекше жан.

Анна Андреевна. Жазатыныңыз да бар екен ғой? Жазушыларға қызық болатын шығар-ау! Сіз журналға да бастыратын шығарсыз?

Хлестаков. Иә, журналға да бастырам. Өйткені, менің жазғандарым көп: «Фигароның үйленуі»¹, «Роберт Малғұн», «Норма». Жазаласа аттары да есімде жоқ. Бәрін тек жаза салғанмын. Жазғым да келмеуші еді, бір күні театрдың бастығы: інішегім, тәңірі жарылғасын, бірдеме жазсайшы деп жалынғаны. Ойладым да: ағай, жазсам жазайын дедім! Сол арада бәрін жазып шықтым білем, түгел таңғалды, менің ойымның ұшқырлығында қисап жоқ. Әлгі ылғи барон — Брамбеус, «Фрегат Надежда», «Москва телеграфы» боп... жазып жүретін мен ғой.

Анна Андреевна. Айтыңызшы, әлгі Брамбеус сіз бе едіңіз?

Хлестаков. Енді қалай, бәрінің жазғанын мен түзеймін. Ол үшін маған Смирдин² қырық мың сом берді.

¹ «Фигароның үйленуі»— XVIII ғасырдағы француз комедиясы.

² Смирдин — кітап басып шығарғыш.

Анна Андреевна. Ол рас екен. «Юрий Милославский» де сіздің шығармаңыз ғой?

Хлестаков. Иә, ол менің шығармам.

Анна Андреевна. Мен қазір түсіндім.

Мария Антоновна. Ах, маматай, онда Загоскиннің шығарғаны деген жазу бар ғой.

Анна Андреевна. Ал енді бұған да таласа кететіңді біліп едім.

Хлестаков. А, ол рас, ол анық Загоскиндікі, одан басқа тағы бір Милославский бар, сонысы менікі.

Анна Андреевна. Е, оныңыз рас, менің оқығаным сіздікі болар. Қалай өнді жазылған!

Хлестаков. Сөздің шыны, сол жазуыммен күн көрем. Петербургтегі первый үй менікі. Иван Александровичтің үйін білмейтін жан жоқ. *(Бәріне бір қарап алып.)* Мырзадар, Петербургке бара қалсаңыздар, біздікіне келуіңізді сұраймын, сұраймын. Мен де қызық той қылам ғой.

Анна Андреевна. Ойпырым-ай, ондағы тойлар қандай рақат, қандай салтанатты болады екен десенші!

Хлестаков. Атаманыз дейім. Стол үстінде, мәселен, арбуз тұра ма — бір-біреуі жеті жүз сом. Сорна дегеннің тегенесімен пароходпен тура Париждан келгендей, қақпағын ашып жіберсең, буы бүрқ ете түседі, — ондай бу жәһанда жоқ. Мен күнде тойда болам. Онда біздің карта ойнайтын кісілеріміз: сыртқы іс министрі, француз, ағылшын, неміс... елшілері жәнеден. Қызығына түсіп, ойнай-ойнай сілең құрып жығыласың. Сонымен жоғарыдағы төртінші қатардағы бөлмеге жүгіріп шығып, аспазшы қатынға: «Мә, Мавра, шинель», — деп мұрттай ұшасың. Ойбай, өтірік айтып отыр екем, тәрс есімнен шығып кетіпті, мен екінші қабатта тұрады екем. Менің бір басқышымның өзі... Менің ауыз үйіме кірсең қандай қызық: мен оянбай жатып, графтар, князьдар онда тоңырласып, соншама ызылдасып, тек шш... шш... дегені естіледі... Кейде министр де келіп... *(Дуанбасы, бәрі ұнжырғасы түсіп, орындықтарынан түрегеледі.)* Жазаласа маған жазған хатының сыртына: Ваше превосходительство деп те жазады. Ол түгіл менің бір рет департаментті билегенім де бар. О да бір қызық: директор кетіп қапты, қайда кеткені белгісіз. Ал енді кім билейді десіп дағдармасын ба? Талай генералдар да билегісі келіп істеп көрсе ме, жақындап келгенде — маңына дари алмайды. Сырт-

тан оп-онай-ақ тәрізді, қарастырып келсең, құрып қалсын, болмайды, әбден түк шығара алмаған соң — маған келеді ғой. Дереу сол минутта-ақ көше-көше толып кеткен курьерлер, курьерлер, курьерлер... шамалап қараңызшы, бір ғана курьерлердің өзі отыз бес мың болыпты! Хал қандай болды десеңізші? «Иван Александрович, жүріңіз, департаментті билеңіз» демей ме! Сөздің шыны керек, азырақ сасайын дедім, шапаншаң шықтым, болмайын деп бір тұрдым, бірақ, патшаның құлағына тиіп қалар деп ойладым... Сонан соң, мен енді: «Мырзалар, айтқандарыңыз болсын, қызметті қабыл алайын»,— дедім, жарар енді, «алдым, бірақ, енді титтей, титтей не болса», дедім, «мен қалт еткізбеймін!»— дедім. Айтқанымдай-ақ мекемеге кіріп келем бе — дәл бір жер сілкінгендей бәрі де жапырақтай қалтырап тұратын болды. (*Дуанбасы, бәрі қорқып, қалтырай бастайды. Хлестаков одан жаман қыза-қыза соғады.*) Уай! Мен қалжыңды сүймеймін. Мен шетінен тышқырттым. Менен мемлекет кеңесінің өзі де сескенеді. Айтты-айтпады, немене? Мен солаймын! Мен бетің бар, жүзің бар демеймін... бәріне де айтам: мен өзімді өзім білемін, өзім. Менің бармайтын жерім жоқ. Патшаның сарайына күнде барамын. Мені ертең-ақ фельдмаршал қылады...

Тайғанап барып, тақтайға жығылып қала жаздайды, бірақ төрелер құрметпен сүйемелеп ұстай алады.

Дуанбасы (таянып, өнебойы қалшылдап, бірдеңе айтам деп, тілі келмей). А... уа-уа-уа... уа.

Хлестаков (жұлып алғандай, тезінен). Немене?

Дуанбасы. А... уа-уа-уа... ау.

Хлестаков (сол дауыспен). Түк ұққам жоқ, бәрі жоқ сөз.

Дуанбасы. Уа-уа- уа... лұқ... ұлық мәртебелі, дем алуға бұйырмайсыз ба... міне бөлме бәрі даяр.

Хлестаков. Дем алу деген не. Құп болады, мен әзір, тамақтарыңыз жақсы.. Мен ризамын, ризамын. Лабардан! (*Бүйірдегі бөлмеге кіреді, оның артынан дуанбасы кіреді.*)

VII көрініс

Хлестаков пен дуанбасыдан өзгелер.

Бобчинский (*Добчинскийге*). Мынау міне, Петр Иванович, кісі. Кісі дегенің мұндай болады екен! Өмірі мұндай зор адамның қасында болған емен, қорыққаннан жаным шыға жаздады. Петр Иванович, сіз чині қалай деп ойлайсыз?

Добчинский. Генералға таяу болу керек деп ойлаймын.

Бобчинский. Сіз үйдесеңіз, мен генерал оның ұл-тарағына тұрмай ма деп отырмын; генерал болады ма, онда генералиссимус болар. Мемлекет кеңесін қалай бүрістіргенін естідіңіз бе? Жүріңіз, тезірек, Аммос Федорович пен Коробкинге айталық. Қош болыңыз, Анна Андреевна!

Добчинский. Қош, ханым (*Екеуі де кетеді.*)

Артемий Филиппович. (*Лука Лукичке*). Тура қорқыныш. Неліктен екенін өзім де білмеймін. Мундирімізді де кимеппіз; оянып алған соң, Петербургке қағаз түсірсе, қайттік. (*Мұңайып, мектеп бақылаушысын ертіп шығады, кетіп бара жатып.*) Ханым, хош болыңыз!

VIII көрініс

Анна Андреевна мен Марья Антоновна.

Анна Андреевна. Ах, қандай жұғымды!

Марья Антоновна. Ах! Жаным!

Анна Андреевна. Бірақ қалай нәзік сөйлесе де, астана нәстесі екені қазір білініп тұр! Мінезі бәрі, бәрі... Әй, қалай әйбәт! Осындай жас жігітті жаным жақсы көреді! Мен тіке есімнен айрылып қаппын. Бірақ мен де оған қатты ұнадым: байқап отырдым — екі көзі менде болды.

Марья Антоновна. Ах, маматай, маған қарап отырды ғой!

Анна Андреевна. Тәйт әрі! Жоқты айтпай, тіпті орынсыз сөйлейсің!

Марья Антоновна. Жоқ, рас, мама!

Анна Андреевна. Ал, енді міне, таласпаса жаңы шығады, неге қойсын. Саған ол қайдан қарайды? Саған қарайтын не жөні бар?

Мария Антоновна. Бұйырмасын, маған ылғи қарап отырды. Әдебиетшілер жөнінен айтқанда бір қарап еді, сонан соң елшілермен карта ойнағанын айтқан кезде тағы бір қарады.

Анна Андреевна. Болса болар, бірер қабат. Онда да: «немқұрайды, бір қарай салайын» деген шығар!

IX кәрініс

Бұлардың үстіне дуанбасы кіреді.

Дуанбасы (*аяғын ұшынан басып*). Тсс... сс...

Анна Андреевна. Немене?

Дуанбасы. Ішкізгенім де бар болсын. Әлгі сөзінің тіпті жарымысы шын болғанда да не болдық? (*Ойланады.*) Қалай шын болмасын! Ішкен кісі іштегісін түгел шығарады. Көңілдегісі аузында болады ғой. Әрине, азырақ бөсіп те жіберді. Болғанымен, өтіріксіз айтылатын сөз бар ма. Министрлермен карта ойнайды, патша сарайына барып жүреді... Міне, бәрінен бұрын ойға қалдыратын жері осы... чорт біледі, басым не боп кеткенін білмеймін; дәл бір мұнараға шыққан немесе дарға асуға апара жатқан кісідей боласың.

Анна Андреевна. Ал, мен биттей де сескенгем жоқ. Мен оны оқыған, дүние көрген, жатық адам екен деп білдім; чині туралы маған не керек.

Дуанбасы. Ой, әйел болмай кет. Бір ауыз сөз естісе болғаны, сендерге бәрі бұлдыр! Бас жоқ, көз жоқ, бірдеңені қойып қаласың, сойып салса қайтесің! Байыңды қайда жіберерін құдай білсін. Анна Андреевна, сен оған тіл қатқанда, тіпті әлде бір Добчинскиймен сөйлесіп отырғандай, тым еркінсініп кеттің.

Анна Андреевна. Оған қынжылмай-ақ қойыңыз. Біз де бірдеңені білеміз... (*Қызына қарайды.*)

Дуанбасы (*жалғыз өзі*). Сендермен сөйлесіп те болмайды!.. Япыр-ай, бұл қалай! Қорқыныштан әлі есімді жия алмай отырмын. (*Есікті ашып сөйлейді.*) Мишка, шақыр Свистунов пен Держиморданы: олар жақында, қақпаның ар жағында жүрген шығар. (*Біраз үндемей тұрғаннан кейін.*) Бұл заманның өзі бір алуан боп кеті-ау: тым құрығанда көзге толық болса екен-ау, ап-арық, тинамдай бірдеңе,— кім екенін қалай танырсың! Тым құрса әскери киім де түр береді екен, ал мына жәй киім-

мен — тақ қанаты жұлынған шыбындай. Мана трактирде қандай құбылды. Сөзін құйрықты қып, түсін бояп, тіпті ұстатат деген не. Міне енді жаңа икемге келді. Тіпті керегінен артық сөзді де сөйлеп жіберді. Жас екені көрініп-ақ тұр.

Х көрініс

Бұлардың үстіне Осип кіреді, бәрі жүгірісіп оның алдынан шығып, ымдап шақырады.

Анна Андреевна. Бері келші жарқыным!..

Дуанбасы. Чш!.. ш... немене? Немене? Ұйықтап жатыр ма?

Осип. Жоқ әлі, азырақ керіліп жатыр.

Анна Андреевна. Бері қара, сенің атың кім?

Осип. Осип, ханым.

Дуанбасы (қатыны мен қызына). Жә, жә! (Осипке.) Е, тамыр, сені жақсылап тойғызды ма?

Осип. Тойғызды, алда риза болсын, жақсы тойғызды.

Анна Андреевна. Ал, айтшы, жарқыным: мырзаң князьдар, графтар көп келетін шығар деп ойлаймын, солай ма?

Осип (теріс қарап). Не айтсам екен! Қазір жақсы тойғызса, әлі одан да әрі тойғызар. (Естіртін.) Иә, графтар да келеді.

Мария Антоновна. Жаным Осип, сенің мырзаң қандай әдемі!

Анна Андреевна. Ал, немене, алда риза болсын, айтшы, ол өзі қандай.

Дуанбасы. Қойсандаршы енді! Бос сөздеріңмен маған оралғы боласындар. Қәне, немене, тамыр?..

Анна Андреевна. Мырзаның чині қандай?

Осип. Чин кәдімгідей, қандай болушы еді.

Дуанбасы. Ой, айналып кетейін құдай-ай, бос сөзді сұрап жұмыс туралы сөйлетпедіндер ғой! Қәне, немене, тамыр, қалай мырзаң?.. Қатты кісі ме? Былай тықыртқанды жақсы көре ме, жоқ па?

Осип. Иә, тәртіпті тәуір көреді. Бәрі де түгел болса екен дейді.

Дуанбасы. Сенің ажарың маған ұнайды, тамыр, сен өзің тәуір адамсың-ау деймін. Ал, немене...

Анна Андреевна. Бері қара, Осип, қалай, мырзаң анда мундир киіп жүре ме?..

Дуанбасы. Қой енді, түге, шынқылдамай. Бір керек нәрсені сұрайын деп отырса. Әңгіме кісінің өмірі туралы боп отырғанда... (Осипке.) Ал, немене, тамыр, рас, сен өзің маған қатты ұнайсың. Жолда стакан шайды артық ішкен де теріс болмайды; өзі суық мезгіл ғой. Міне, сондықтан саған шайлыққа екі сом.

Осип (ақшаны алып.) А, тәңірі жарылғасын, мырза! Құдай деніңізге саулық берсін; кедей кісіге көмек қылдыңыз.

Дуанбасы. Жақсы, жақсы, өзім де қуанамын. Ал, немене, тамыр...

Анна Андреевна. Бері қара, Осип, мырзаң қандай көзді көбірек жаратады.

Мария Антоновна. Жаным, Осип! Мырзаның мұрны қандай сүйкімді.

Дуанбасы. Тұра тұршы, кезек берші!.. (Осипке.) Ал, маған, тамыр, айтшы: мырзаң көбінесе неменеге көз салады, жоқ, жолда немене көбірек жағады.

Осип. Ол өзінің әрненің ыңғайына қарай көреді. Бәрінен бұрын өзін жақсы күткенді, тамақты жақсылап бергенді сүйеді.

Дуанбасы. Жақсылап бергенді?

Осип. Иә, жақсы ғып. Мен, міне, крепостноймын ғой, маған да жақсы болғанды ұнатады. Құдай біледі! Бір жерге соғамыз ба? «Қалай Осип, сені жақсы сыйлады ма?»— деп сұрап отырады. «Күтпеді» десем, «Ой, Осип, ол жаман кісі екен»,— дейді. «Соңыра барған соң менің есіме салғайсың»,— дейді. Мен ойлаймын (қолын сілтеп) «Барсын!» деймін. «Мен қарапайым кісімін ғой» деймін.

Дуанбасы. Жақсы, жақсы, керек сөзді сөйлейсін. Әлгіде мен шайлық беріп пе едім, ендеше, міне, семіз ет аласың.

Осип. Тақсыр, мені мұнша сыйлағаныңыз қалай? (Ақшаны тығып жатып.) Сіздің амандығыңыз үшін бір ішейін бе, әлде.

Анна Андреевна. Маған да кел! Менен де аласың.

Мария Антоновна. Жаным, Осип, мырзанды бір сүйші!

Хлестаковтың азырақ жөтелгені естіледі.

Д у а н б а с ы. Тиш...ш!.. *(Аяғының ұшымен басып түрегеледі, бәрі де сыбырлаңқырап сөйлейді.)* Құдай сақтасын! Дыбыс шығармандар, барындар анда! Болар енді!..

А н н а А н д р е е в н а. Жүр, Машенька! Мен саған қонақтың өзім байқаған бірдеңесін айтайын, екеумізден басқаға естуге де болмайды.

Д у а н б а с ы. Ал, енді жыбырлайды байғұсын! Тек естісең! Құлағыңды қос қолдап баса қаласың. *(Осипке.)* Ал, тамыр...

ХІ көрініс

Бұлардың үстіне Держиморда мен Свистунов кіреді.

Д у а н б а с ы. Тиш...ш!.. Ой, қисық аяқ айуандардың етігінің тарсылдауын! Ақырын бассандар болмай ма? Арбадан 40 пұт жүк түсіріп жатқандай-ақ боп кеттіндер! Қайда құрыдың?

Д е р ж и м о р д а. Бұйрықпен жүрдік...

Д у а н б а с ы. Тиш... ш! *(Оның аузын баса қойып.)* Ой, антұрған, қарқ етуін! *(Кекетіп.)* Бұйрықпен деп! Күбінің түбінде жатып айғайлағандай. *(Осипке.)* Тамыр, сен анда барып, мырзаның керегін дайын қыл. Осы үйдегі бардың бәрін ал. *(Осип кетеді.)* Ал, сендер есік алдында болыңдар, тапжылмандар! Үйге бөтеннен бір адам кіргізуші болмандар, әсіресе купецтер кірмесін! Егер бірде-біреуін кіргізсеңдер онда... Аनाдайдан арыз әкеле жатқан, мейлі арызсыз-ақ менің үстіме шағым етушіге ұқсаған адам көрдіндер ме, дереу ондайды түртіп, желкелеп айдап жіберіндер! *(Аяғымен көрсетеді.)* Есіттіндер ме? Тиш... ш... *(Әуелі кварталшылар, оның артынан аяғының ұшымен өзі шығады.)*

Ш ы м ы л д ы к.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Дуанбасының әлгі бөлмесі.

І көрініс

Аммос Федорович, Артемий Филиппович, почтмейстер, Лука Лукич, Бобчинский, Добчинский, бәрі де аяқтарының ұшынан басуға таяу ептеп кіреді. Бәрі де қималы киімдерін, мундирлерін киген, тегіс сыбырмен, жарты дауыспен сөйлеседі.

Аммос Федорович *(өзгелерін қатарлап, жарым шеңберше тұрғызып жатып)*. Құдай үшін, мырзалар, алқа-қотан, тәртіп көбірек болсын! Құдай білсін: патша сарайына да бара береді, мемлекет кеңсесін де тышқыртады! Тәртіп мол болсын, солдатша тұрыңдаршы, құдды солдатша. Сіз, Петр Иванович, мына жақтан, ал, сіз Петр Иванович, мына жерге тұрыңыз.

Екі Петр Иванович аяқтарының ұшымен құлдырандап, көрсеткен жерге тұрады.

Артемий Филиппович. Әйтеуір, Аммос Федорович, ерік өзіңізде, бізге бірдене істеу керек.

Аммос Федорович. Ал, мәселен?

Артемий Филиппович. Белгілі ғой енді.

Аммос Федорович. Қыстыру ма?

Артемий Филиппович. Иә, титтей қыстыру болса да.

Аммос Федорович. Қатер-ау құрғырың, ақырып жібермесе: мемлекет адамы ғой. Әлдебір моланың пайдасына арналған садақа деп, дворяндар атынан бермесек?

Почтмейстер. Әйтпесе, былай қылсақ қайтеді: мына біреу почтамен келген ақша екен, кімге екені белгісіз десек.

Артемий Филиппович. Байқаңыз, почтаңызбен әрірекке айдап жіберіп жүрмесін. Тындаңыздар, мұндай жұмыс оразды жұртта былай істелмейді. Бүйтіп бір эскадрон боп барып не керек? Бір-бірлеп, төрт көзден басқа көрместей, құлақ естіместей, тірі жанға сездірмейтін қып беру керек. Міне, оразды елде осылай істеледі. Ал енді, Аммос Федорович, әуелі сіз бастаңыз.

Аммос Федорович. Жок, сіз бастаңыз, сіздің мекемеңізден қадірлі мейман дәм татты ғой.

Артемий Филиппович. Онан да Лука Лукич бастаған дұрыс, жастарды ағартушы ғой.

Лука Лукич. Ойбай, мен бере алмаймын, мырзалар. Мен шынымды айтайын, өзімнен чині бір елі жоғары адам сөйледі бар ма, зәре-құтым қалмайды. Тілім батпаққа батқандай бір батпан боп мызғымай қалады. Жоқ, мырзалар, мені қинамаңдар, тура қинамаңыздар!

Артемий Филиппович. Ендеше, Аммос Федорович, сізден лайықты кісі жоқ. Сіз не сөз айтсаңыз да, тақ Цицеронша¹ шығады.

Аммос Федорович. Қой... қой, қойыңыз, Цицерон деп, қайдағыны қайдан! Кейде, үйдегі қыруар боқташақты, немесе тазыларды сөз қылам деп, екіленіп кететінім бар...

Бәрі (оны қамалап). Жоқ, сіз жалаң ит емес, мұнаны да қозғап жібересіз... Жоқ, Аммос Федорович, бізді қор қылмаңыз, бізге пана болыңыз!.. Жоқ, Аммос Федорович!

Аммос Федорович. Жабыспаңыздар, мырзалар!

Хлестаковтың бөлмесінен жөтелген, тықырлаған дыбыс шығады. Бәрі де тура есікке жүгіреді, әрбіреуі бұрын шығуға ұмтылып, топырласып, кимелесіп, итермелесіп, бірін-бірі жаншып кетеді. Ақырын бай-байлаған дауыс естіледі.

Бобчинскийдің дауысы: «Ой! Петр Иванович. Петр Иванович! Аяғымды ездін де кеттің!»

Земляниканың дауысы: «Жіберіңдер, мырзалар, жанымды қынап, мүлдем жаншып кеттіңдер ғой!»

«Әй! Әй!»— десіп біріеше бақырысып түйдегімен сығылысып, есіктен шығады, бөлме бос қалады.

II көрініс

Хлестаков жалғыз, ұйқысын жөнді аша алмай шығады.

Хлестаков. Мен, тегі, недәуір қорылдап кеткенім-ау. Осынша көрпе, құс төсекті қайдан жинап әкелді екен; тіпті терлеп қаппын. Сәскелік тамақта осылар маған қақтырып жіберді білем: басым әлі күнге зырқ-зырқ етіп тұр. Мұнда, тегі, менің байқауымша, уақытты өткізуге болатын. Мен өзім күткенді сүйемін, сөздің шыны, маған

¹ Ежелгі Римде болған атышулы шешен.

өз күні үшін жағынғаннан да, шын жүрегімен жағынғаны көбірек ұнайды. Ана дуанбасының қызы тым кет әрі емес, шешесі де сондай не қылсын... Жоқ, құдай біледі. Осындай өмірді жаным жақсы көреді.

III көрініс

Хлестаков пен судья.

Судья (*кіріп тұра қалады, өзінен өзі*). Құдай, а, құдай! Аман шығара көр; тізем талып бара жатыр. (*Бойын сірестіріп, бір қолымен қылышын ұстап, естіртін.*) Сізге құрметпен сәлем беруге келдім, мен мұндағы уездік соттың судьясы, коллежский асессор Ляпкин-Тяпкин деген кісі болам.

Хлестаков. Отырыңыз. Е, сіз мұндағы судьясыз ба?

Судья. Сегіз жүз он алтыншы жылдан бері ақсүйектердің қалауы бойынша үш жылға сайланып, осы күнге дейін сол қызметте тұрып келемін.

Хлестаков. Тегі, судья болу пайдалы шығар?

Судья. Ұдайымен үш рет үш жылдан қызмет еткенім үшін ұлықтың қалауымен төртінші дәрежелі Владимир мақтауын алып едім. (*Теріс қарап.*) Ақшам уысымда, бірақ уысым отта.

Хлестаков. А, Владимир маған ұнайды. Ана үшінші дәрежелі Анна онша не емес.

Судья (*жұмулы жұдырығын әнтек ілгері созып, теріс қарап*). Ой, құдай-ай, қайда отырғанымды өзім де білмеймін. Дәл бір найзаның ұшында отырғандаймын.

Хлестаков. Қолыңыздағы не?

Судья. Жай, ештеңе емес. (*Жерге түсіріп жібереді.*)

Хлестаков. Қайдан ештеңе емес? Ақша ғой, жерге түсті, көріп тұрмын.

Судья (*денесі қалтырап*). Жоқ, ә, тіпті жоқ. (*Теріс қарап.*) О, құдай-ай, мен енді сотты болдым! Мені ұстап әкететін арбасы да әзір болды.

Хлестаков (*ақшаны көтеріп.*) Иә, мынау ақша.

Аммос Федорович (*теріс қарап*). Бітті енді: құрыдым! Құрыдым!

Хлестаков. Сіз немене? Мұны маған қарызға бере тұрыңызшы!

Аммос Федорович (*жалма-жан*). Е, әбден... тіпті... тәңірі жарылғасын. (*Теріс қарап.*) Ал, батыл бол, батыл! Е, құдай, аман алып шық!

Хлестаков. Білдіңіз бе, жолда шығындап қалдым; анау-мынау... ұйткенмен, деревняға барысымен жіберем ғой.

Аммос Федорович. Құдай сақтасын! Қалай неғып! Онсыз да қандай құрмет... Әрине, шамам келгенше ұлыққа ықлас... қызмет етуге тырысамыз... (*Орындықтан көтеріліп, екі қолын жанына созып, тіп-тік боп.*) Енді мазанызды алмайын. Ондай-мұндай жарлық болмас па?

Хлестаков. Қандай жарлық?

Аммос Федорович. Мен мұндағы уездік сотқа әлдебір жарлық ете ме дегенім ғой.

Хлестаков. Не керегі бар? Маған енді оның ешбір қажеті жоқ қой; ештеңе жоқ. Алда разы болсын.

Аммос Федорович (*басын шұлғып, шығып бара жатып, теріс қарап*). Ну, енді шаһар біздікі!

Хлестаков (*ол кеткен соң*). Судья жақсы кісі.

IV көрініс

Хлестаков. Почтмейстер кіріп, сіресіп, бір қолымен қылышын ұстап.

Почтмейстер. Сізге құрметпен сәлем беруге келген: почтмейстер надворный советник Щепкин деген кісі боламыз.

Хлестаков. А, рақым етіңіз. Жақсымен дидарласуды өте сүйемін. Отырыңыз. Сіз ылғи мұнда тұрасыз ба?

Почтмейстер. Дәл солай-с.

Хлестаков. Бұ қала маған ұнайды. Әрине, халқы онша көп емес,— ну несі бар? Бұл астана емес қой. Рас емес пе, астана емес қой?

Почтмейстер. Әбден рас.

Хлестаков. Бұл мына бонтон¹ дегеніңіз астанада ғой, уақ шаһарлардың қыздары онда жоқ қой. Сіздің пікіріңіз қалай, солай емес пе?

¹ Бонтон — сүйкімділік.

Почтмейстер. Дәл солай-с. (*Теріс қарап.*) Өзінің тәкаппарлығы жоқтау, бәрін сұрап жатыр.

Хлестаков. Сонда да, шыныңызды айтыңызшы, кішкене қалада жақсы тұруға болады ғой?

Почтмейстер. Дәл солай-с.

Хлестаков. Меніңше не керек? Өзіңді қадірлесе, жақсы көрсе болғаны да, шын емес пе?

Почтмейстер. Дұп-дұрыс.

Хлестаков. Мен шынымды айтайын, менімен пікірлес болғаныңызға қуаныштымын. Әрине, мені бір түрлі адам деп те айтарсыз, бірақ менің мінезім солай. (*Оның көзіне қарап, ойланады.*) Осы бастықтан да қарызға сұрап көрейінші. (*Естіртін.*) Қандай жат оқиға десеңізші: жолда көп шығындап қалғаным. Сіз маған 300 сом қарыз бере алмайсыз ба?

Почтмейстер. Неге болмасын? Шат көңілмен орындаймын. Мінеки, жан-тәніммен қызмет етуге әзірмін.

Хлестаков. Әбден ризамын. Ал, мен сөздің шыны, жолда өзімнен аяғанды жек көремін, не керек? Солай емес пе?

Почтмейстер. Дәл солай-с. (*Түрегеліп, сіресіп, қылышын ұстап.*) Енді мен мазанды алмаймын... Почта мекемесі жөнінен айтарлығыңыз болмас па?

Хлестаков. Жок, ештеңе жок.

Почтмейстер басын шұлғып, шығып кетеді.

Хлестаков (*сигарын тартады*). Почтмейстер де менің байқауымша, жақсы адам. Не дегенмен елгезек, мен ондай адамды жақсы көремін.

V көрініс

Хлестаков пен Лука Лукич оны есіктің артындағылары итеріп ыршытып кіргізеді, артынан «құты қашқаны несі?» деген дауыстар естіледі.

Лука Лукич (*дірілдеп, қалшылдап, қылышын ұстап*). Сізге құрметпен сәлем беруге келген: мектептер бақылаушы титулярный советник Хлопов деген кісі біламыз.

Хлестаков. А, рақым етіңіз. Отырыңыз, отырыңыз. Шылымға зауқыңыз соқпай ма? (*Шылым ұсынады.*)

Лука Лукич (*алуға батылы бармай, күбірлеп*).

Мәссаған! Тіпті ойда жоқ жерден. Алайын ба, алмайын ба?

Хлестаков. Алыңыз, алыңыз, жақсы шылым. Әрине, Петербургтікіндей емес. Онда мен жүз жиырма бес сомдығын тартушы едім, тартып болған соң, тіпті, еріксіз өз қолыңды сүйесін. От міне, тартыңыз. *(Жанып тұрған майшамды ұсынады. Лука Лукич тұтатам деп, қолы дірілдеп кетеді.)*

Хлестаков. Ой, о жағы емес.

Лука Лукич *(шошынғанынан шылымды түсіріп алып, түкірініп қолын сілтеп, күбірлейді.)* Құрып қалсын бәрі де! Әй, қуарған қорқақтық-ақ, түбіме жеттің-ау!

Хлестаков. Сіз менің байқауымша, пәлендей шылымшы көрінбейсіз-ау. Менің, сөздің шыны, осындай осалдығым бар. Ал, мына әйел жынысына дегенде шыдап тұра алмаймын. Сіз қалайсыз? Сізге қандай: қара көз ұнай ма, ақсары ұнай ма? *(Лука Лукич не дерін білмей, аңырып қалады.)* Жоқ, енді, шыныңызды айтыңызшы, қарасы ма, сарысы ма?

Лука Лукич. Оншасын біле алмаймын.

Хлестаков. Жоқ-жоқ, менің бек білгім келеді. Бұлтармаңыз.

Лука Лукич. Мүмкін болса... *(Теріс қарап.)* Ой не айтқанымды өзім де білмеймін.

Хлестаков. А, а! Айтқыңыз келмейді. Тегі әлдебір қара көз шынбайыңызға батырып жіберген-ау, шамасы. Мойныңызға алыңыз, батырып па еді? *(Лука Лукич үндемейді.)* Ә! Ә! Қызардыңыз ғой, қараңызшы! Неге айтпайсыз?

Лука Лукич. Қысылып қалдым. Түу... мәрте... ұлық... *(Теріс қарап.)* Тілі түскір, құртты-ау, құртты!

Хлестаков. Қысылайын дедіңіз бе? Менің көзімде сондай қорқытып жіберетін бірдене бар. Менің оны, әсіресе, білетінім: әйелдің бірде-бірі көзіме шыдамайды солай емес пе?

Лука Лукич. Дәл солай-с.

Хлестаков. Міне, құдайдың құдіреті: жолда шығындап қалғаным. Қарызға үш жүз сом бере тұрмайсыз ба?

Лука Лукич *(қалтасын ұстап алып, күбірлеп.)* Міне шатақ, апыр-ай, жоқ болып қалмағай еді! Бар, бар. *(Ақшаны суырып, қолы дірілдеп, ұсынады.)*

Хлестаков. Алда риза болсын.

Лука Лукич (қылышын ұстап түрегеліп). Енді мазаңызды алмайын.

Хлестаков. Қош болыңыз.

Лука Лукич (ентелей басып шығып бара жатып, өзінше). А, құдай! Мектепке әлде... енді келмес.

VI көрініс

Хлестаков пен Артемий Филиппович, екі қолын жаңына созып, тік қылышын ұстап.

Артемий Филиппович. Сізге құрметпен сәлем беруге келген: игілік орындарының қамқоры, надворный советник Земляника деген кісі боламыз.

Хлестаков. Амансыз ба, отыруыңызды сұраймын.

Артемий Филиппович. Қол астымдағы игілік мекемесін өзіңізге көрсетіп, құрметпен аралатқан кісі едім.

Хлестаков. А! Есімде бар. Сіз жақсы тамақпен сыйладыңыз.

Артемий Филиппович. Отанға қызмет етуге, міне, жанымыз...

Хлестаков. Сөздің шыны, бұл менің бір жаман жерім: жақсы тамақты сүйемін. Тәңірі жарылқағыр, осы менің көзіме кеше сіз бұдан тегі аласалау көрініп едіңіз, рас емес пе?

Артемий Филиппович. Әбден мүмкін. (Аз бөгелгеннен кейін.) Мен аянбай, қызметті бар ықыласыммен қылам деп айтуға бармын. (Орындығымен қабат Хлестаковқа жақындап, дауысын босаңдатып сөйлейді.) Ал, осындағы почтмейстер бар ғой, түк істемейді: жұмысының бәрі салақ, посылкаларды ұстап қалады... Нанбасаңыз әдейі барып қараңыз. Судья бар ғой, жаңа менің алдымда кіріп, кетіп қалды ғой, тегі қоян аулағаннан басқа түк бітірмейді, халық келетін ордалы жерге ит қамайды, ал, енді мінезі бар ғой — сіздің алдыңызда шын айтуымыз дұрыс қой, отанымыздың пайдасы үшін, — ол өзі маған әрі ағайын, әрі дос болғанмен, айтуға міндеттімін — мінезі мейлінше былғаныш адам. Осында Добчинский деген бір помещик бар, өзіңіз де көрген шығарсыз; сол Добчинский үйінен шыға қалды бар ғой: судья соның қатынымен болады, оған мен ант ішуге бармын... Өзіңіз қасақана балаларын барып көрінізші: Доб-

чинскийге тартқан бір баласы жоқ, бәрі де, тіпті, әне бір кішкене қызы да аумаған судьяның тап өзі.

Хлестаков. Қарай көріңіз! Мен онысын білсемші?

Артемий Филиппович. Ал, енді, осындағы мектеп бақылаушы бар ғой... жоғарғы ұлықтардың неғып соған сеніп, осындай қызметке қойып отырғанына таңым бар: ол, әлі, якобиндерден де¹ әрі жастарды бұзуы сонша, айтуға тіл бармайды. Сіз бұйырсаңыз, осының бәрін қағазға жазып берсем қайтеді?

Хлестаков. Кұп болады, қағазға жазсаңыз да болады. Тіпті жақсы. Білесіз бе, ішім пысқанда, мен сондай қызық нәрсені оқығанды жақсы көремін... Сіздің фамилияңыз қалай еді? Ұмытып барам.

Артемий Филиппович. Земляника.

Хлестаков. Е, Земляника. Ал немене, сіздің балаларыңыз бар ма?

Артемий Филиппович. Е, о не дегеніңіз. Бес балам бар, екеуі ержеткен.

Хлестаков. Ержеткен деңіз! А, қалай, немен?

Артемий Филиппович. А, сіз аттары кім дейсіз бе?

Хлестаков. Е, аттары кім?

Артемий Филиппович. Николай, Иван, Елизавета, Мария және Перепетуя.

Хлестаков. Онысы тәуір екен.

Артемий Филиппович. Міндетке арнаулы қасиетті уақытыңызды кетіріп, енді мазаңызды алмасам да болар... (*Шұлғып, шығуға ыңғайланды.*)

Хлестаков (*есікке таман шығарып*). Жоқ, оқасы жоқ. Айтқаныңыздың бәрі күлкі нәрсе. Екінші тағы келер болсаңыз, рақым етіңіз. Мен мұндайды тәуір көрем. (*Қайтып келе жатып, қайта барып есікті ашып артынан дауыстап.*) Ей, сіз ұмыта берем, аты-жөніңіз қалай еді?

Артемий Филиппович. Артемий Филиппович.

Хлестаков. Артемий Филиппович, сіз нете алмайсыз ба? Құданың құдіреті, жолда шығындап қалғаным. Сізде қарызға бере тұрғандай төрт жүз сом жоқ па?

Артемий Филиппович. Бар.

Хлестаков. Дер кезінде жақсы болды ғой. Алда разы болсын.

¹ Ұлы француз революциясы (1789 ж.) кезінде болған ең солшыл партия.

VII көрініс

Хлестаков, Бобчинский, Добчинский.

Бобчинский. Сізге құрметпен сәлем беруге келген: осы қалада тұрушы Петр Иванович Бобчинский боламын.

Добчинский. Помещик Петр Иванов Добчинский боламын.

Хлестаков. Рас-ақ, мен сізді көріп ем ғой. Анадағы жығылатын сіз ғой, мұрныңыз қалай?

Бобчинский. Құдайға шүкір! Оқа емес, тобарсыды, әбден тобарсыды.

Хлестаков. Тобарсығаны жақсы бопты. Мен де қуанамын... *(Тұтқиылдан, жұлып алғандай.)* Ақшаларыңыз жоқ па?

Бобчинский. Ақша? Не қылған ақша?

Хлестаков. Қарызға мың сомдай.

Бобчинский. Құдай ақына ондай сомам жоқ. Сізде жоқ па екен, Петр Иванович?

Добчинский. Бойымда жоқ қой. Менің, менің ақшам, білмек болсаңыз, қарып-қасерлер қоғамының сома сына тіркелген.

Хлестаков. Ендеше, мың болмаса, жүз болсын.

Бобчинский *(қалталарын қарманып)*. Петр Иванович сізде жүз сом жоқ па? Менікінің барлығы қырық-ақ сом екен.

Добчинский *(бумажнигін қарап)*. Барлығы жиырма бес сом екен.

Бобчинский. Жақсылап қараңыз, Петр Иванович! Мен білем ғой, сіздің ана жақ қалтаңыздың оң жағының тесігі, сол тесікке түсіп кетпесін.

Добчинский. Жоға, шыным, тесігінде де жоқ.

Хлестаков. Ну, бәрібір. Менікі әншейін ғой. Жақсы, алпыс бес сом-ақ болсын... бәрібір. *(Ақшаны алады.)*

Добчинский. Мен сізден бір шетін жайдың мәнін сұрауды ниет қып тұр едім.

Хлестаков. О немене?

Добчинский. Істің өзі бір шетін, менің үлкен ұлымды көрдіңіз бе, біздің некеміз қиылмастан бұрын тудырып едім...

Хлестаков. А?

Добчинский. Яғни, бұ жағы құр сөз әшейін, а, тегінде тудыруым мейлінше некелі кісідей, тіпті баршасы

кәдімгідей, мен кейін бәрін нетіп, некемен тиянақтатым ғой. Сонымен, енді көріп тұрсыз, ол біржолата, яғни, өзімнің бел балам боп, дәл өзімдей: Добчинский боп аталса екен деймін-с.

Хлестаков. Жақсы, ендеше аталсын!.. Ол мүмкін.

Добчинский. Мен сіздің мазаңызды алмас та едім, бірақ зеректігі обал. Баланың өзі сондай... дәмеміз зор; әр түрлі тақпақты жатқа айтады, және әлдеқалай қолына бәкі түссе, тақ фокусшылардай жып-жылдам арба да істей қояды. Оны мына Петр Иванович те біледі.

Бобчинский. Иә, зейіні мол.

Хлестаков. Жақсы, жақсы: мен бұл туралы тырысайын... мен сенемін... бұның бәрі істеледі, солай, солай. (*Бобчинскийге.*) Сіздің маған ештеңе айтарыңыз бар ма?

Бобчинский. Бәлі, үлкен жұмысым бар.

Хлестаков. Немене, о не туралы?

Бобчинский. Менің сіздің марқабатыңыздан сұрайтыным, Петербургке барған соң, барлық үлкендермен, неше алуан: сенатор, адмиралдарға ваше превосходительство немесе ваше сиятельство пәлендей қалада Петр Иванович Бобчинский тұрады деңіз. Солайша бұл жытпай: Петр Иванович Бобчинский тұрады деңіз.

Хлестаков. Бек жақсы.

Бобчинский. Ал, зәуде, патшаға тура келсе, патшаның өзіне де солай, сол ваше императорское величество, пәлендей қалада Петр Иванович Бобчинский тұрады деңіз.

Хлестаков. Бек жақсы.

Добчинский. Мазаңызды алғанымызға ғапу етіңіз.

Бобчинский. Мазаңызды алғанымызға ғапу етіңіз.

Хлестаков. Уақа емес, уақа емес. Маған өте ұнайды. (*Шығарып жібереді.*)

VIII көрініс

Хлестаков жалғыз.

Мұнда чиновниктер көп. Тегі, осылар менің байқауымша, мені үкімет адамы дейді. Рас, мана біраз септіртіп едім. Ай, ақымақ-ай! Әлі осының бәрін Петербургке

Тряпичкинге жазайыншы. Ол мақаласымақ жазушы еді, бәлем өздерін әдемілеп соққыласын. Ей, Осип, маған қағаз бен сия келтірші! (*Осип есіктен қарап: «Қазір» дейді.*) Ал, Тряпичкиннің тісіне ғана ілініп бақсын — ол аямайды, туған әкесі болсын, тамтығын қалдырмайды, ақшаны да сүйеді. Өйткенмен, бұл чиновниктер өздері жақсы адамдар: мына маған қарыз ақша бергендері тіпті жақсы мінез. Әдейілеп санайыншы, қанша екен өзі. Мынасы судьядан үш жүз. Мынау почтмейстерден үш жүз сом, алты жүз, жеті, сегіз жүз. Майлы қағаз екен! Сегіз жүз, тоғыз жүз.. О! Мыңнан асты. Кәне енді, капитан, кәне енді кезікші бәлем маған! Енді көрісейікші!

IX көрініс

Хлестаков, Осип сия мен қағаз әкелген.

Хлестаков. Ну, қалай екен, ақымақ, мені қалай күтіп, қалай қарсы алады? (*Жаза бастайды.*)

Осип. Иә, құдайға шүкір! Бірақ білесіз бе, Иван Александрович!

Хлестаков. Немене?

Осип. Бұл жерден жөнеліңіз, құдай ақына жетті енді.

Хлестаков (*жазады*). Міне сандалбай! Неге?

Осип. Сол енді. Құдай оңғарсын, соларды қойыңыз! Екі күн гуляйттадыңыз ғой — болды енді. Ұзақ айналысып не қыласыз! Тастаныз! Тастаныз! Кім біледі: біреу-біреу келіп қалар. Құдай ақына, Иван Александрович! Аттарының өзі тым сәйгүлік екен: ағызар едік!..

Хлестаков (*жазып жатып*). Жоқ, менің әзір мұнда тұра тұрғым келеді. Ертең болсын.

Осип. Қайтесіз ертеңін! Құдай ақына жүрейік, Иван Александрович. Сізге үлкен құрмет еткені рас қой, бірақ білесіз бе, сонда да кеткен әбзел... Сізді, шынында басқа біреу деп шатасып отыр ғой... Бөгелдің деп, әкеңіз де ашуланады... Әдемілеп тұрып, сөйтіп айдар едік! Ал, аттың бұдан жақсысын жегер едік.

Хлестаков (*жазып жатып*). Ну жақсы. Әуелі мына хатты апарып сал, сонда енді жол қағазын да ал. Бірақ біліп қой, аттың жақсысы болсын! Жемшіктеріне айт, бір сомнан беремін; жалғыз-ақ мені қоңыраулы поч-

тадай шаптырсын! Және әндетіп отыратын болсын!..
(*Жазып жатып.*) Тряпичкиннің бәлем ішек-сілесі қатсын.

Хлестаков (*жазып жатып*). Жақсы. Жалғыз-ақ шам әкел.

Осип (*шығып, сахна артында сөйлейді*). Ей шырақ: бері қара! Почтаға хат апарсын, почтмейстерге айт, ақшасыз алсын және мырзаға ең жақсы тройкасын әзірлетсін де, прогонды¹ мырза төлемейді де: прогон де қазна-нікі деп айт. Сөйтіп, бәрі тез болсын де, әйтпесе мырза ашулы де. Токта, әзір хат даяр емес.

Хлестаков (*жазып жатыр*). Айтпақшы, ол қазір қайда екен: почтмейстерде ме, городовойда ма? Ол да ақшасын төлемей пәтерден пәтерге көше бергіш болушы еді. Шамалап, почтамскийге айдайын. (*Бүктен сыртына жазады.*)

Осип шам әкеледі. Хлестаков пешеттейді. Сол кезде Держиморданың үні естіледі. «Қайда барады мына сақал? Кіргізуге бұйрық жоқ деп айтпадым ба?»

Хлестаков (*Осипке хатты беріп*). Бар, апар.

Купецтер дауысы. Жібер, әке! Сіз жібермей тұра алмайсыз. Біздің ісіміз бар.

Держиморданың дауысы. Кет, кет! Қабылдамайды, ұйықтап жатыр. (*Дырду молая бас-тайды.*)

Хлестаков. Осип, анда немене? Баршы, не шу.

Осип (*терезеден қарап*). Бір купецтер, кіреміз десе кварталный жібермейді. Қағаздары бар, әлпеті сізді көрмек-ау деймін.

Хлестаков (*терезеге жақындап*). Немене, сіздер, шырақтар?

Купецтер. Сіздің мархабатыңызға кеп едік. Патшам, арызды қабыл етіңіз.

Хлестаков. Жіберіңіз бұларды, жіберіңіз! Кіре берсін. Осип, сен барып: кіре бер деші. (*Осип кетеді.*)

Хлестаков (*әйнектен арыздарын алып, бірін ашып оқиды*). «Бек дегдар жақсымыз, қаражат тақсырға Абдулин купецтен...» чорт біледі не екенін: атымен мұндай чин де жоқ!

¹ Прогон — жеккен аттардың ақысы.

Х көрініс

Купецтер күбілеп арақ, басымен кант алып кіреді.

Хлестаков. Немене, шырақтар?

Купецтер. Құлдық ұрамыз, тақсыр.

Хлестаков. Не керек сіздерге?

Купецтер. Бізді құртпа, патшам! Тегіннен забыршылық тартып тұрмыз.

Хлестаков. Кімнен?

Купецтердің біреуі. Бәрі осындағы дуанбасыдан. Мұндай дуанбасы, тақсыр, бұ жалғанда болған емес. Забыршылығын айтып бітіре алмайсыз. Әбден қырып бітті, енді буынып өлуіміз-ақ қалды. Қылығыңа қарай қылмайды. Сақалыннан ұстап алып: «Әй, татар!» дейді. Тым құрса қылығымыз жақпаса екен, о да бір сәрі ғой, тәртібіне құлмыз: қатыны мен қызына көйлектікке — мынадай қарсылығымыз жоқ. Оған қанша берсек те аз, бұйырмасын. Әй, әй! Шын, лавкана келе ме: көзіне көрінгенін күйедей сыпырады. Шұғаға көзі түсе ме: «Е, қарағым, мынау жақсы шұға екен, біздікіне апар»,— дейді. Амал жоқ, апарасың, бір тобында ең кемі елу кез болады. Құдай біледі!

Хлестаков. Солай ма? Ай, бұ не деген жауыз!

Купецтер. Құдай біледі! Мұндай дуанбасыны өмірі көрген емеспіз. Ол келе жатқанда тығына бастаймыз. Әлдебір сыпайы нәрсе алса да бір сәрі екен, жоқтан өзгені де қоймайды: бөшкеде жеті жылдан бері жатқан алша бар ма, біздің малшы да аузына салмайды, соны ол уысымен асайды. Сондай сімтік, туған күнін өз аты Антонға мейрам қыла ма, бәрін даяр қыласың, ештеңені ірікпейсің. Жоқ, сонда да бере бер: Онуфрий де менің атым, о да туған күнім дейді. Амал бар ма? Онуфрийге де сый апарасың.

Хлестаков. Бұл нағыз тонаушы ғой!

Купецтер. Әй-әй! Ал, енді, қыңқ дедің бе, бір қол әскерді үйге әкеп орнатады. Бірдеңе қылайын десен, есігіңді бекіттіріп қояды: «Мен сені» дейді, «нетпеймін» дейді, «сабамаймын», «қинамаймын» дейді,—«бұны заң тыйған» дейді, «ал, оның есебіне сен, шырақайым, тұздаған балықты татасың!» дейді.

Хлестаков. А, неткен жауыз! Тура Сібірге айдайтын екен ғой.

Купецтер. Қайда айдатсаңыз да рауа, тек бізден

аулақ қылсаңыз болғаны. Ой, әкеміз-ай, біздің дәм-тұзымыздан жиренбеңіз. Қантымызды, арағымызды әкеп, аяғыңызды құшып отырмыз.

Хлестаков. Жоқ, ондайды әсте ойға келтірмеңіздер: мен ешбір пара алмаймын. Ал, енді, маған қарызға үш жүз сомдай берем десеңіздер, оның әрине, жөні бір басқа: қарызға алуға болады.

Купецтер. Алыңыз, алыңыз. (*Ақшаларын суырып.*) Үш жүз деген не! Тіпті бес жүз алыңыз, тек жәрдем қылыңыз.

Хлестаков. Кәнеки, қарыз дегенге ләм дей алмаймын, аламын.

Купецтер (*күміс подноскоға салып, ақша ұсынады*). Тіпті, тәңірі жарылғасын, подносымен алыңыз.

Хлестаков. Подносы да мүмкін.

Купецтер (*тәжім етіп*). Олай болса, қантты да біржола алып қойыңыз.

Хлестаков. Ойбай, жоқ, мен пара дегенді білмеймін...

Осип. Ваше благородие! Неге алмайсыз! Алыңыз! Жолда бәрі де керек болады. Әкел бас қантынды да, қабынды да! Бәрін де бере бер! Бәрі керекке жарайды. Ол немене? Жіп пе? Жібінді де әкел! Жолда жіптің де керек жері болады: арбаң сынса, бірдеңе етсе, байлап алуға жарайды.

Купецтер. Тақсыр, енді марқабат қылыңыз. Сізден бірдеңе болмаса не қыларды білмейміз: буынып өлгеннен басқамыз жоқ.

Хлестаков. Әбден, әбден. Құнттармын.

Купецтер кетеді. Әйелдер даусы шығады: «Жоқ, қарағым! Сен жібермей тұра алмайсың! Өйте берсең сенің үстіңнен де арыз қыламыз. Сен өйтіп қатты итерме!»

Хлестаков. Ол кім, ол? (*Әйнекке барады.*) Сен немене, шешей?

Екі әйелдің дауысы. Сізден жәрдем сұраймыз, әкетай! Арызымызды тындасаңыз екен.

Хлестаков (*әйнектің ар жағынан қарап*). Жіберіңіз оны.

XI көрініс

Хлестаков, ұстаның әйелі, унтер-офицердің әйелі.

Ұста әйелі (*Хлестаковтың аяғына бас қойын*).
Жәрдем қылыңыз!

Унтер-офицердің әйелі. Жәрдем қылыңыз...

Хлестаков. Сіздер не қылған әйелдерсіз?

Унтер-офицердің әйелі. Унтер-офицер Ивановтың қатыны болам.

Ұста әйелі. Мен осында тұратын мешанка, ұстаның қатыны Февронья Петровна Пошлепкина болам, әке-тайым...

Хлестаков. Тоқта, әуелі біреуіңіз айт. Саған не керек?

Ұста әйелі. Жәрдем қылыңыз: осында дуанбасының үстінен құлдық ұрамыз! Құдайдың жетпіс жеті пәлесі келгір бала-шаға, үрім-бұтағы, нағашы, апа-қарындасы түк көрмегір.

Хлестаков. Немене? Не қылды?

Ұста әйелі. Байымның маңдай шашын қырдырып, солдатқа жіберді, бізге кезек те келместен түйнеменің қылғаны! Заңға да дұрыс емес: оның қатыны бар ғой?

Хлестаков. Ол қалай үйтетін болды?

Ұста әйелі. Сөйтті сол, жалмауыз, қақсатты: екі дүниеде бірдей оңбай кеткір! Апасы болса, апасына бәле жаусын, әкесі тірі болса, әкесі де қақалып өлсін, арам қатсын, жауыз. Алатын жөні тігіншінің баласы еді, ол бір маскүнем, көк ала еді, бірақ әкесі көп сый беріпті, содан саудагер қатын Пантелееваның баласына қисайып еді, ал Пантелеева мұның қатынына астыртын үш топ кенеп жіберіп, сонымен маған жабысты: саған бай не керек, ол жарамайды,— дейді. Жарайтын, жарамайтынын өзім білем ғой, онда оның не жұмысы бар, лағнаттың! Байың ұры дейді, қазір ұрламағанымен, бәрібір әлі-ақ ұрлық қылады, онсыз да келесі жылы солдатқа әкетеді дейді. Байсыз менің күнім не болмақ, залым-ау! Мен өзім нашар адаммын, құдай атқыр! Өмірі зау-затымен жарық дүние көрмегір, енең болса ененді де...

Хлестаков. Жақсы, жақсы. (*Кемпірді шығарып жібереді.*) А, сен?

Ұста әйелі (*шығып бара жатып*). Шырағым, ұмыта көрме! Рақым қыл!

Унтер-офицер әйелі. Шырағым, менің де ісім дуанбасыда, келгенім...

Хлестаков. Ал, немене, қалай? Қысқа қып айт.

Унтер-офицер әйелі. Дүре соқты, әкем-ау!

Хлестаков. Не ғып?

Унтер-офицер әйелі. Қатадан дүре соқты, әкем-ау! Базарда біздің қатындар төбелесіп, полиция түскір кеш келіп қап, мені ұстап ала жөнелмесін бе. Өлгенше сілейткені: екі күндей отыра алмадым.

Хлестаков. Енді не қыл дейсің?

Унтер-офицер әйелі. Не қыл дейін енді, жазатайым ұрғанына айып әперсеңіз екен деймін. Өз пайдасынан өзі безе ме кісі, осы күні бар ма, ақшаға зәру боп тұрмын.

Хлестаков. Жақсы, жақсы. Барыңыз. Бұйрық беремін. *(Әйнектен арыз ұстаған қолдар саусылдап сұғылады.)* Тағы кім андағы? *(Әйнекке таянып.)* Қабыл алмаймын! Керегі жоқ, керегі жоқ. *(Әйнектен кетіп.)* Мезі қылады әбден! Осип, кіргізбе!

Осип *(әйнекке барып айғайлап)*. Кетіндер, кетіндер! Ертең келіндер!

Есік ашылады да үстінде шинель, көнтек ерін, жағы таңылған, сақалды бір адам итеріліп кіргізіледі. Оның ар жағынан тағы бірталай басқалары көрінеді.

Осип. Кет, кет! Қайда кимелеп барасың? *(Әлгі адамды қарнынан итермелей, есіктен онымен бірге өзі де шығады, есікті жауып қояды.)*

XII көрініс

Хлестаков пен Мария Антоновна.

Мария Антоновна. Аһ!

Хлестаков. Бикеш, неден шошыдыңыз?

Мария Антоновна. Жоқ, шошығам жоқ.

Хлестаков *(қылмаңдап)*. Бикеш, маған қатты ұнайды, сіздің мені сондай кісі екен... деп қалғаныңыз. Сұрауға болар ма екен: қайда баруға ниет қып едіңіз?

Мария Антоновна. Бұйырмасын, ешқайда бара жатқаным жоқ.

Хлестаков. Неліктен, мәселен, сіз ешқайда бара жатпадыңыз?

Мария Антоновна. Мен мұнда мамам жоқ па екен деп...

Хлестаков. Жоқ, менің білгім келеді, неге ешқайда бара жатпадыңыз?

Мария Антоновна. Мен сізге бөгет жасадым білем. Үлкен жұмысқа айналып жатыр едіңіз.

Хлестаков (*қылмаңдап*). А, сіздің көзіңіз үлкен жұмыстан да артық қой... Сіз маған бір де бөгет қылмайсыз, қайта келгеніңіз маған қаныбет.

Мария Антоновна. Сіз астанаша сөйлеп кеттіңіз-ау.

Хлестаков. Сіздей әсемді көргенде ғой. Сізге орындық ұсынуға болар ма екен? Жоқ, сізге орындық емес, тақ лайық.

Мария Антоновна. Бұйырмасын, білмеймін... Мен әншейін келе жаттым. (*Отырады.*)

Хлестаков. Сіздің орамалыңыз қандай тамаша еді!

Мария Антоновна. Сіздер сықақшылсыздар, тек уақ қаланың әйелдерін тәлкек қылуды білесіздер.

Хлестаков. Орамалыңыз қандай тамаша еді, мен де орамал боп, сіздің мойныңызға оралар ма едім.

Мария Антоновна. Мен сіздің не айтып отырғаныңызды тіпті ұқпаймын, әлдеқандай орамал... Бүгін күн бір ерекше екен.

Хлестаков. Бикеш, сіздің ерніңіз барлық күннен де артық қой.

Мария Антоновна. Сіз ылғи сондайды айтасыз... Одан да, мен сізден альбомыма бір өлең жазып беруіңізді сұрар ем. Сізде ол көп қой.

Хлестаков. Сізге дегенде, бикеш, не аяйды дейсіз. Қандайын тілейсіз, бұйырыңыз.

Мария Антоновна. Бір мынадай: жақсы, жаңасы болсын.

Хлестаков. Өлең деген не! Менде ондайлар толып жатыр.

Мария Антоновна. Кәне, айтыңызшы, маған қандайын жазып бересіз?

Хлестаков. Несін айтайын, айтпай-ақ білемін ғой.

Мария Антоновна. Мен өлеңді біртүрлі жақсы көрем...

Хлестаков. Менде көп, әр түрлісі бар. Ал, сізге мынаны айтсам ба екен: «Уай, сен адам, аһ ұрып қайғы

жейсің, тәңіріңе бекер налып өкпелейсің...»¹ тағы сондайлар. Қазір есімде жоқ, әйтпесе, оның бәрі түк емес қой. Мен сізге оның орнына махаббатымды ұсынайын. Көз-қарасыңызға нетіп... *(Орындығын жақындатады.)*

Мария Антоновна. Махаббат! Мен түсінбеймін, махаббатты... мен махаббаттың не екенін жан боп жаралғалы білген емеспін... *(Орындығымен шегінеді.)*

Хлестаков. Неге орындығыңызды сырғытасыз? Бірімізге біріміз жақын отырған жақсы ғой.

Мария Антоновна *(шегініп)*. Жақынның керегі не, алысы да бәрібір.

Хлестаков *(сырғып таянып)*. Алыстың керегі не, жақыны да бәрібір.

Мария Антоновна *(шегініп)*. Керегі не?

Хлестаков *(таянып)*. Сізге жақын сияқты көрінетін шығар, сіз алыспын деп ойлаңызшы. Бикеш-ай, сізді құшағыма алып қыссам, қандай бақытты болар едім.

Мария Антоновна *(әйнекке қарап)*. Немене, бірдеңе ұшқандай бола ма? Сауысқан ба, өзге құс па?

Хлестаков *(әйнекке қараған кісі боп, мойнынан сүйеді)*. Сауысқан ғой.

Мария Антоновна *(бұртаңдап, ұшып түрегеліп)*. Жоқ, мынау тым ұятсыздық!..

Хлестаков *(ұстай алып)*. Қеш, бикеш, оным, сүйгендіктен, шын сүйгендіктен.

Мария Антоновна. Сіз мені сондай надан адам көріп, нетесіз ғой... *(Кетуге бұлқынады.)*

Хлестаков *(ұстап жібермей)*. Сүйгендіктен, құдай ақына, сүйгендіктен. Мен тек ойнап едім, ашуланбаңыз, Мария Антоновна! Мен аяғыңызға жығылуға бармын *(тізерлен)*. Қешіңіз! Қөрдіңіз бе тіземнен тұрмын.

XIII көрініс

Олардың үстіне Анна Андреевна кіреді.

Анна Андреевна *(тізерлен отырған Хлестаковты көріп)*. Аһ, қандай пассаж!

Хлестаков *(тұрып жатып)*. А, қап!

¹ Ломоносов өлеңінің басқы жолы.

Анна Андреевна (қызына). Бұ қалай? Жарықтығым-ау, бұ неткен қылық!

Мария Антоновна. Мен, маменька...

Анна Андреевна. Жүр, әрі, жөнел, жөнел! Көрінбе көзіме. (Мария Антоновна жылап шығып кетеді.) Айып етпеңіз, бұйырмасын, таң қалдым...

Хлестаков (теріс қарап). Бұ да тым тәтті, өте жұғымды. (Тізерлеп тіленіп.) Міне, ханым, махаббаттықтан күйіп барам, көресіз бе?

Анна Андреевна. Шынымен жүгінгеніңіз бе? Аһ, тұрыңыз, тұрыңыз, жер де, пәлендей таза емес.

Хлестаков. Жоқ, жүгінемін, сөз жоқ жүгінемін, тағдырдың жазғанын білгім келеді, бұйырғаны өмір ме, өлім бе.

Анна Андреевна. Бірақ, тұра тұрыңызшы, мен әлі сөзіңіздің мәнісін толық түсіне алмадым. Жаза баспасам сіз менің қызым туралы сөз салмайсыз ба.

Хлестаков. Жоқ, мен сізге ғашықпын. Мен өлер халдемін. Зәуде, сіз менің мәңгі махаббатымды қабыл етпесеңіз, бұ дүниеде тірі боп жүруім де екі талай, жалынды жүрегіммен сіздің қолыңызды сұраймын.

Анна Андреевна. Бірақ абайлаңызшы, мен бір реттен... Менің байым бар ғой.

Хлестаков. Ол, оқа емес. Махаббатқа шек жоқ. «Заң тергейді» деп Карамзин де айтқан. Біз бұлақтың саясына кетейік... Қолыңызды, сіздің қолыңызды сұраймын.

XIV көрініс

Бұлардың үстіне Мария Антоновна қапыда жүгіріп келеді.

Мария Антоновна. Мама, папатайым саған... (Тізерлеп тұрған Хлестаковты көріп, шаңқ етеді.) Аһ, қандай пассаж!

Анна Андреевна. Ал, немене? Не боп қалды? Бұ неткен жеңілдік! Жынды кісіше шошандап жетіп кеп, не бар екен таңырқайтын! Не ойладың? Аумаған үш жасар бала. Он сегізге келген қызға түк ұқсасайшы. Білмеймін, қашан есің кірер екен. Әдеп-әркен көрген қызға қашан ұсар екенсің, жақсы тәлім, жақсы қылық дегенді сен қашан білер екенсің.

Мария Антоновна (*жыламсырап*). Мен, бұйырмасынға, маматай, білгем жоқ...

Анна Андреевна. Дәйім сенің басында жел ұйтқып тұрады, Ляпкин-Тяпкиннің қыздарынан өнеге аласың. Оларға еліктейтін не бар, керегі жоқ оларға қарап, өнеге алсаң, өзге де бар: алдында шешен тұр. Міне саған өнеге.

Хлестаков (*қыздың қолынан ұстап*). Анна Андреевна, біздің бақытымызға қарсы болмаңыз, мәңгі махаббатымызға батаңызды беріңіз!

Анна Андреевна (*таңданып*). Е, сіз оған нетіңіз бе?..

Хлестаков. Өлу, я тірі қалуымды өзіңіз шешіңіз?

Анна Андреевна. Ал, міне қарашы, ақымақ, саған бола — сендей шірікке бола, сый қонақтың жер тізелеп отырғанын, ал, сен құтырған адамша жетіп келдің. Егер мен жорта: көнбеймін, сен ондай құрметке татымайсың десем қайтесің.

Мария Антоновна. Бұдан былай бүйтпеймін, маматай. Бұдан былай да бүйтпеймін.

XV көрініс

Бұлардың үстіне дуанбасы ентелеп кіреді.

Дуанбасы. Ваше превосходительство! Құртпаңыз мені! Құртпаңыз!

Хлестаков. Сізге не болды?

Дуанбасы. Анда купецтер арыз қыпты. Құдай біледі, олардың айтқанының қақ жарымы да шын емес. Халықты алдайтын, безбеннен жейтін өздері. Унтер-офицердің әйелі дүре салды деп, сізге шип-шикі өтірік айтыпты, құдай біледі, ол өзіне өзі дүре соғып жүр.

Хлестаков. Унтер-офицердің әйелі құрсын, оны ойлап тұрғаным жоқ.

Дуанбасы. Нанбаңыз! Бәрі де өңшең суайт... оларға мынадай бала да нанбайды. Олардың суайттығын бүкіл қала біледі. Залымдық десеңіз мен айтайын: олардай залым дүниеде жоқ.

Анна Андреевна. Иван Александровичтің бізге қандай құрмет көрсетіп отырғанын сен білдің бе? Ол біздің қызымызды айттырмақшы?

Дуанбасы. Қайда! Қайда!.. Құтырдың ба, шешесі!

Тақсыр, ашулана көрменіз, оның сондай есалаңдығы бар, шешесі де сондай еді.

Хлестаков. Е, я. Мен рас айттырып отырмын. Мен ғашықпын.

Дуанбасы. Нана алмай тұрмын, Ваше превосходительство!

Анна Андреевна. Айтып тұрғамыз жоқ па?

Хлестаков. Қалжыңы жоқ... Ғашықтықтан мен жындануға бармын.

Дуанбасы. Нануға дәтім шыдамайды, ондай құрметке татымаймын.

Хлестаков. Е, Мария Антоновнаны беруге көнбесеңіз, чорт біледі, менің не қыларымды...

Дуанбасы. Сене алмай тұрмын: ойнап айтасыз ғой, Ваше превосходительство.

Анна Андреевна. Апырым-ай, неткен дүлей! Саған айтып тұрған жоқ па.

Дуанбасы. Сене алмаймын.

Хлестаков. Беріңіз, беріңіз, мен жан кешті кісімін, мен бәріне бел байладым: мен атылып өлсем, сізді сотқа тартады.

Дуанбасы. Ой, жасаған-ай! Құдай біледі, менде түк-түк жазық жоқ. Ашулана көрменіз! Қалағаныңыз болсын! Құдай ақына қазір менің басым... не боп тұрғанын өзім де білмеймін. Өмірі мұндай ақылымнан айырылып, мұндай ақымақ болған емеспін.

Анна Андреевна. Кәне, батанды бер! *(Хлестаков Мария Антоновнаны жетелеп, алдына келіп тұрады.)*

Дуанбасы. Құдай жарылғасын сендерді, ал менің жазығым жоқ. *(Хлестаков Мария Антоновнамен сүйіседі. Дуанбасы оларға қарайды.)* Бұ не, жаным! Шын ба! *(Көзін уқалайды.)* Сүйісіп жатыр ғой. Ой, әкем-ау, сүйісіп жатыр! Аумаған күйеу! *(Қуанғанынан секіріп түсіп, айғайды салады.)* Әй, Антон! Дуанбасы! Міне енді іс те оңғарылды!

XVI көрініс

Бұлардың үстіне Осип кіреді.

Осип. Ат даяр.

Хлестаков. А, жақсы... мен қазір.

Дуанбасы. Қалайша? Жүресіз бе?

Хлестаков. Иә, жүремін.

Дуанбасы. Ал, әлгі қашан... әлгіде, өзіңіз құдалық деген тәрізді бірденені сездіргеніңізді айтам.

Хлестаков. Бұл тек... бір-ақ минутке, бір-ақ күнге бір ағамдікіне барам. Соныкіне барып ертеңінде-ақ қайтам. Бай шал өзі.

Дуанбасы. Тоқтата алмаймыз енді, есен-аман қайтуыңызға тілектеспіз.

Хлестаков. Әрине, мен дереу. Қош бол, сүйгенім... жоқ енді, тілім де жетпейді, қош тұр, жаным! (*Марияның қолын сүйеді.*)

Дуанбасы. Сізге жолға іштеңе керек емес пе, сіз ақшаға зәрумін дедіңіз бе, жаңылмасам?

Хлестаков. А, жоқ, керегі жоқ! (*Азырақ ойла-нып*). Әйткенмен, мүмкін.

Дуанбасы. Қанша керек болар екен?

Хлестаков. Анада сіз екі жүз, жоқ екі жүз емес екен, сіздің қатаңызбен пайдаланғым келмейді, төрт жүз беріп едіңіз, тағы да сондай болса сегіз жүз болар өді.

Дуанбасы. Қазір! (*Бумажнигінен ақша алып.*) Әдейі дегендей өңкей жаңа ақшаның дәл келуін қарашы.

Хлестаков. Я, десеңізші. (*Алып ақтарып қарайды.*) Бұл жақсы ырым. Жаңа ақша — жаңа ырыс деуші ме еді?

Дуанбасы. Дәл айттыңыз.

Хлестаков. Қош, Антон Антонович! Сіздің қонақасыңызға қарыздармын! Шын жүрегіммен айтқанда: мені еш жерде мұндай күткен емес. Қош болыңыз, Анна Андреевна! Қош тұр, Мария жаным!

Бәрі шығады.
Сахна сыртында.

Хлестаковтың дауысы. Қош бол, жанымның періштесі, Мария Антоновна!

Дуанбасының дауысы. Бұл қалай? Дүрегей арбамен жүргеніңіз бе?

Хлестаковтың дауысы. Мен осылай үйренгенмін. Солқылдақ арбадан басым ауырады.

Жәмшіктің дауысы. Тыр-ыр...

Дуанбасының дауысы. Тым құрғанда астыңа бірдене, кілем-мілем де салу керек қой. Қалай, қалай, алдырайын ба?

Хлестаковтың дауысы. Тәйір, не керек? Сонда да, кілем салса салынсыншы.

Дуанбасының дауысы. Әй, Авдотья! Қоймаға барып: ең жақсы кілемнен әлгі бір көкжиек, персілік кілемді әкел, тезірек!

Жәмшіктің дауысы. Тыр-ыр...

Дуанбасының дауысы. Ал енді, қашан күт дейсіз?

Хлестаковтың дауысы. Ертең, не арғы күн.

Осиптің дауысы. Е, мына кілем бе? Бері әкел, былай сал! Енді мына жағына шөп тығында.

Жәмшіктің дауысы. Тыр-ыр...

Осиптің дауысы. Е, осы жағынан! Міне бір жерге! Тағы да! Жақсы, жұмсақ болады! (*Кілемді қағып қояды.*) Енді отырыңыз, мәртебелім!

Хлестаковтың дауысы. Қош болыңыз, Антон Антонович!

Дуанбасының дауысы. Қош, Ваше превосходительство!

Әйелдердің дауысы. Қош, Иван Александрович.

Хлестаковтың дауысы. Қош болыңыз, апажан!

Жәмшіктің дауысы. Шу, жануарлар! Шу, жануарлар!

Қоңырау сылдыр қағады. Шымылдық түседі.

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

Баяғы бөлме.

І көрініс

Дуанбасы, Анна Андреевна және Мария Антоновна.

Дуанбасы. Қалай, Анна Андреевна? Мұндай нәрсе ойыңа келіп пе еді? Неткен зор жұлде десейші! Қәне шыныңды айтшы: сенің түсіңе де кірген жоқ шығар — әлдебір қарапайым дуанбасының қатыны, ту-у, сайтаның... Қандай жермен құда болдың!

Анна Андреевна. Тіпті олай емес; мен әлдеқашан білгем. Бұл саған ғана жат нәрсе, үйткені жөні түзу адамды өмірде көрген жоқсың.

Дуанбасы. Қой, шырағым, мен өзім де жөні түзу адаммын. Сонда да, қатын, екеуміздің қандай қыран боп кеткенімізді сездің бе! Сайтанды немен қайда шапшып кетті! Тоқтай қал, мен әлі өңшең арызқұмар, шағымқұмар немелерге әкесін қалай танытар екем. Уай, уай, кім бар анда? (*Кварталшы кіреді.*) А, сенбісің, Иван Карпович, шақыршы мұнда купецтер біткенді. Сұмырайлардың сыбағасын берейін! Арыз қылатын немелер ғой! Көрдін бе, оңбаған жүйттердің тұқымдарын. Тоқта. Тоқта, шырақайлар! Орта құрсақ қылып қоюшы ем, енді мөлдегіңнен асырайын. Менің үстімнен шағым қылатын немелерді, алдымен оларға арыз жазатын законшы немелерді тірке. Біліп қойсын: дуанбасыға құдайдың қандай мейірімі түскенін білдіңдер ме де, қызын күйеуге бергелі жатыр де, күйеуі қандай десейші, ондай кісі жаһанда да болған жоқ де, не қылам десе әмірі түгел, түгел жетеді де, түгел, түгел, түгел! Бәріне жарияла, білсін, түге. Сал айғайды дайым жұртқа, соқ қоңырауды! Мереке болған соң болған сияқты болсын. (*Кварталшы кетеді.*) Міне, мұнда тұрамыз ба, жоқ, Питерде ме.

Анна Андреевна. Әрине, Петербургте. Қайтіп мұнда қаламыз.

Дуанбасы. Питер болса, Питер болсын, бірақ мұнда да жаман болмас еді. Ал, енді, дуанбасылықты ит жесін дейміз. Анна Андреевна, а?

Анна Андреевна. Әрине, дуанбасылық деген не ол!

Дуанбасы. Сен қалай ойлайсың, Анна Андреевна, енді үлкен чинді қағып алуға болады-ау, өйткені ол министр атаулымен ашна-жай, патша сарайына да барғыш көрінеді,— бір секірттіп жіберсе, күндердің күні генерал да болып кетерсің. Анна Андреевна, сен қалай ойлайсың: генералды қусыруға болар ма?

Анна Андреевна. Е, болмай! Әрине болады.

Дуанбасы. Уай, шіркін-ай, генерал деген жақсы-ау! Иығыңа, былай, кавалерияны¹ тағып тастайсың. Анна Андреевна, қай кавалерия жақсы: қызылы ма, көгі ме?

Анна Андреевна. Әрине, көгі жақсы.

Дуанбасы. Ә? Қара дәмесін! Қызылы да осал болмас. Сен неге генерал болғың келеді десейші? Неге десең, бір жаққа бара қалдың ба, шабарман, адъютант

¹ Кавалерия — ұлықтардың тағатын белгісі.

дегендер алдыңнан шабуылдап: «Ат, ат!»— деп кеткені. Онда, станцияда бір адамға ат берілмейді: чиновник, капитан, дуанбасылардың қалш-қалш етіп, алдыңнан күтіп тұрғаны, сен оларға пішту деп те қарамайсың. Тамақты, әлдебір губернатордікінде ішсең, ол арада дуанбасылар қақайып, тосып тұрсын солай! Еһ-еһ-еһ! (*Шек-сілесі қатқанша күледі.*) Міне, сайтанның қызықтыратыны со ғой!

Анна Андреевна. Қалай айтқанмен, сен ылғи сондай жабайылықты ұнатасың. Сенің есінде болсын, онда тұрмысты мүлдем өзгерту керек, сенің таныстарың әлдебір сенімен бірге қоян аулайтын, ит қуар, судья, немесе Земляника тәрізділер болмайды; қайта, кісімең өте нәзік жұғысатын графтар, өңшең қасқа мен жайсаң болады... тек, менің сенен қорқатын жерім: кейде сенің жақсылардың алдында өмірі айтылмайтын бір сөзді қойып қалатының бар.

Дуанбасы. Несі бар? Сөзден зиян жоқ.

Анна Андреевна. Рас, дуанбасы күнінде оқасы жоқ. Ал, ондағы тұрмыс мүлдем басқа ғой.

Дуанбасы. Онда бір-екі тәтті балықтар бар дейді-ау: ряпушка, корюшка, жей бастасаң аузыңнан су ағады дейді.

Анна Андреевна. Сенің есіл-дертіңнің бәрі балық! Мен үйімді астананың ең бас үйі қылғым келеді; бөлменің хош иісі сондай аңқып тұрса, мүлдем көз жұмбай кіре алмайтын болса екен деймін. (*Көзін жұмып, иіскейді.*) Аһ, қандай жақсы!

II көрініс

Бұлардың үстіне купецтер.

Дуанбасы. А! Аман ба, сұңқарларым!

Купецтер (*бас иіп*). Амандық тілейміз, әке!

Дуанбасы. Е, көгершіндер, қалай, жақсы ма? Саудаларың күсет пе? А, немене, өңшең самауыршы, кездемеші арыз қылдыңдар ма? Сырдаң сұғанақ, өңкей ала аяқ, ысқаяқтар! Арыз керек пе? Е, көп алдыңдар ма! Жұлын-жұтқыншағың үзіліп, жаның тесілгір өңкей, абақтыға тығады деп ойладыңдар ма мені!..

Анна Андреевна. Аһ, жасаған-ай, аузыңнан қалай-қалай жаман сөздер шығады, Антоша!

Дуанбасы (*кейіп*). А, қойшы, сөз тындағандай боп тұр ма кісі! Білдіңдер ме, әлгі сендердің арыз қыла-

тын төрең енді менің қызымды алғалы жатқанын? А! Қалай енді? Не айтасыңдар? Енді мен сендерді... Кесіптерің халықты алдау... Қазынадан бөдірет алсаң, шірік кездеме салып, жүз мың сомын жеп қоясыңдар, артынан жиырма кез садақа ғып, ол үшін тағы сый сұрайсың? Білсе бәлем сендерге... Онымен қоймай, шіреніп қарнын шермитеді. Купец екен шіркін; жолай көрме; біз дворяндардан кем емеспіз,— дейді. Дворянин... Ө-т-т... түрің құрғыр? Дворянин ғылым үйренеді: мектепте оларға дүре соқса да, пайдалы нәрсені үйрен деп соғады. Ал, сен ше? Көзіңді сұмдықпен, алдаумен ашасың. Байдың сені ұрғаны да, алдай алмайсың деп ұрады. Мұрнының боғы тыйылмай, «пысмылда»-ның исін де білмей жатып, безбеннен жейсің: қарнын жібіп, керіліп қалтаңды толтырасың, кеудеңе нан піседі? Көріп пе кісі, сірә, мұндайды! Күніне он алты самауыр шай ішкенге мардамсисың ба? Түкірдім сенің паңдығыңа!

Купецтер (*бас uin*). Айып бізде, Антон Антонович!

Дуанбасы. Арызқойлар! Сен көпір салғанда, жүз сомға да тұрмайтын-ақ ағашыңа жиырма мың сом алғанда, саған жәрдем қылған кім еді? Теке сақал ит-ау, мен емес пе сондағы? Ол есіңнен шықты ма. Мен оныңды көрсетіп, сені Сібір айландырып жіберетін едім, не айтасың? Ә?

Купецтердің біреуі. Құдайға жаздық, Антон Антонович. Сайтан азғырды. Тәуба қылдық, ендігәрі істемейік. Ашуыңызды тастаңыз.

Дуанбасы. Ашуың таста! Міне енді күштың ба аяғымды. Неге десейші? Мен жеңдім, безбеннің басы әнтек саған ауғанда, сен мені батпаққа батырар едің де, тұрмастай қылып, үстімнен салдауыр үйер едің.

Купецтер (*аяғын құшып*). Сорлатпа енді, Антон Антонович!

Дуанбасы. Сорлатпа енді! Айттың ба сорлатпаны, бұрын қайда қалдыңдар? Мен сендерді... (*Қолын сермейді.*) Ал, бірақ, құдай кешірсін! Болды енді! Жетті, мен кек сақтамаймын, тек енді аяқтарыңды аңдап бас! Қызымды әлдебір жай дворяninge бергелі жатпағанымды білдіңдер ғой... Сол кәдені білсеңдер ғой! Әлдебір балық-салық, немесе бір бас қант секілдімен құтыла қоям деп ойламаңдар, ал, барыңдар енді, жолдарың болсын! (*Купецтер кетеді.*)

III көрініс

Бұрынғылар, Аммос Федорович, Артемий Филиппович, аргынан Рас-
таковский кіреді.

Аммос Федорович (*есіктен кірер-кірместен*).
Жұрттың айтуы шын ба, Антон Антонович! Сізге ойда
жоқ бақ орнады дейді ғой.

Артемий Филиппович. Ойда жоқ бағыңыз
құтты болсын. Мен естігенде жаным қуанып кетті! (*Анна
Андреевнаның қолын сүйеді.*) Анна Андреевна! (*Мария
Антоновнаның қолын сүйеді.*) Мария Антоновна.

Растаковский (*кірген жерден*). Қайырлы бол-
сын, Антон Антонович! Өзіңізге де, екі жасқа да құдай
ұзақ өмір беріп, үбірлі-шүбірлі қылсын. Анна Андреевна!
(*Барып қолын сүйеді.*) Мария Антоновна! (*Оған да ба-
рып, қолын сүйеді.*)

IV көрініс

Бұрынғылар, Коробкин әйелімен және Люлюков.

Коробкин. Қуаныш қайырлы болсын, Антон Анто-
нович! Анна Андреевна! (*Қолын сүйеді.*) Мария Анто-
новна! (*Оның да қолын сүйеді.*)

Коробкиннің әйелі. Жаңа бақытыңызды бар
жүрегіммен құттықтаймын, Анна Андреевна!

Люлюков. Құтты болсын, Анна Андреевна! (*Анна
Андреевнаның қолын сүйіп, содан кейін көпке қарап,
қуанған түрде таңдайын бір қағып қояды.*) Мария Анто-
новна! Құтты болсын. (*Қолын сүйеді де, көпке қарап,
таңдайын тағы бір қағады.*)

V көрініс

Бәрі де бешпент, фрактар киген. Көп қонақтар кіріп, әуелі Анна Анд-
реевнаның қолын сүйіп: «Анна Андреевна», одан кейін Мария Анто-
новнаның қолын сүйіп: «Мария Антоновна!» десіп жатады. Бұзып-
жарып Бобчинский мен Добчинский кіреді.

Бобчинский. Е, құтты болсын!

Добчинский. Е, құтты болсын, Антон Антонович!

Бобчинский. Сәтімен болсын!

Добчинский. Анна Андреевна!

Бобчинский. Анна Андреевна (*Екеуі қабат ұмтылып, маңдайларын соқтырып алады.*)

Добчинский. Мария Антоновна! (*Барып, қолын сүйеді.*) Құтты болсын. Сіз үлкен бақытты боласыз, алтын киім киесіз, сорпаның да төресін ішесіз, өмірді қықты өткізесіз.

Бобчинский (*сөзін бөліп*). Мария Антоновна, құтты болсын! Құдай тек неше түрлі байлық, алтын, мынадай-мынадай (*қолымен көрсетіп*) доп-домалақ ұл берсін, алақандарыңызға қондырып отырғанда, балаңыз: «Уа! Уа!...»— деп жылап жататын болсын.

VI көрініс

Бұлардың қолдарына жабысып жатқан тағы бір қонақтар, Лука Лукич әйелімен.

Лука Лукич. Е, қайырлы болсын...

Оның әйелі (*байынан озып, жүгіріп барып.*) Қайырлы болсын, Анна Андреевна! (*Сүйіседі*). Мен қалай қуанды десеңші, маған кеп: Анна Андреевна қызын бергелі жатыр, деді. Аһ, жасаған-ай!—деп ойладым ішімнен, қуанамын сонша, күйеуіме айттым: Бері қара, Луканчик дедім, міне Анна Андреевна қалай бақытты!— дедім. Ішімнен, аһ, құдайға шүкір дедім, оған айттым: қуанышым сыймай барады, Анна Андреевнаға өзім барып, қуанышына құтты болсын айтпасам, шыдай алатын емеспін дедім... Аһ, жасаған-ай!— дедім ішімнен: Анна Андреевна қызын жақсы күйеуге берсем деп тілеуші еді, міне құдайдың жазуы — дәл көңілдегісі бола қалды дедім. Сондай қуандым, сондай қуандым, тіпті сөйлеуге мұршам кесінші. Қуанғаннан жылай беріппін, тіпті кеңкілдеп кетіппін. Лука Лукич: неге кеңкілдейсің, Настенька?!— деді. Луканчик, дедім, өзім де білмеймін, көзім жасы көл-көсір боп аға береді дедім.

Дуанбасы. Отырыңыздар, мырзалар! Әй, Мишка, көбірек орындықтар әкелші! (*Қонақтар отырады.*)

Бұрынғылар және частный пристав пен кварталшылар.

Частный пристав. Қайырлы болсын. Құтты мүбәрәк боп, өмір жастары ұзақ болсын.

Дуанбасы. Рақымет, рақымет! Отырыңыздар, мырзалар! (*Қонақтар отырысады.*)

Аммос Федорович. Қәне, тілеуіңіз болғыр, айтыңызшы, Антон Антонович, бұл қалай басталды: бастан-аяқ сөйлеңізші.

Дуанбасы. Бастан-аяқ бір тамаша. Тура өз аузынан өтініш айтты.

Анна Андреевна. Үлкен сыпайылықпен өте биязы ғып айтты. Бастан-аяқ тамаша сөйледі, айтқаны: мен, Анна Андреевна, сіздің қасиетіңізді құрметтегендіктен, дейді. Бір сондайлық әдемі, тәрбиелі, бекзада адам. Маған тура сіздің ерекше сипатыңызды құрметтегендіктен дейді, әйтпесе, өмір бір-ақ тиын, дейді.

Мария Антоновна. Аһ, мамажан! Оны маған айтып еді ғой.

Анна Андреевна. Қой әрі, түк білмейсің, килікпе, сен кірісетін сөз емес! «Мен, Анна Андреевна, қайран қалам»... Сондай сөзінен май тамызып... Сонымен мен: «біз енді үлкен құрметке жарар ма екеміз» дегенімде: тізесін бүгіп, отыра қап: «Анна Андреевна! Мені бақытсыз етпеңіз! Менің тілегімді беріңіз, әйтпесе, менің өлгенім» деді...

Мария Антоновна. Иә, әрине... Сен туралы да сөз болды, мен, әрине оны бекер демеймін.

Дуанбасы. Тіпті шошытып, атылып өлемін деді-ау. Атыламын, атыламын!— деді.

Қонақтар. Апыр-ай, ә!

Аммос Федорович. Анаң қара!

Лука Лукич. Тап келтірген дағдыр бұйрығы ғой.

Артемий Филиппович. Дағдыр емес, шырағым, дағдыр болмаса да, еңбектен туып отыр. (Шетке.) Бақ деген бұндай доңыздар аузына өзі кеп түседі!

Аммос Федорович. Мен, Антон Антонович, әнеугі сіз саудаласып жүрген төбетімді енді сізге сатармын.

Дуанбасы. Жоқ, мен енді төбетке айнала алмаспын.

Аммос Федорович. Оны алмасаңыз, онда басқа итке келісерміз?

Коробкиннің әйелі. Аһ, Анна Андреевна, сіздің бақытыңызға мен біртүрлі қуанамын! Түсінер болсаңыз біртүрлі.

Коробкин. Ал енді, қадірлі қонағымыздың өзі қайда деп білеміз? Мен бір іспен жүріп кетті деп есіттім бе.

Дуанбасы. Иә, ол бір үлкен жұмыспен, бір күнге жүріп кетті.

Анна Андреевна. Өзінің ағасынан рұқсат алам деп кетті.

Дуанбасы. Рұқсат алады, бірақ ертең-ақ. (Түшкіреді, жұрттың бәрі жаракімалдалап гу етеді.) Тәңірі жарылғасын! Бірақ, ертең-ақ қайтып келеді... (Түшкіреді. Жұрт тегіс құттықтайды, әсіресе қатты естілетін үндер):

Частный пристав. Сау болуыңызды тілеймін, ұлық марқабаттым!

Бобчинский. Мәңгі жасап, қаптаған қазына жыйңыз.

Добчинский. Қырық жерде қырыққа жетсін!

Артеми́й Филиппович. Арамғат!

Коробкиннің әйелі. Ома қап!

Дуанбасы. Бек рақымет! Сіздерге де сол болсын.

Анна Андреевна. Біз енді Петербургте тұрмақшымыз. А, бұнда, шынын айтсақ, ауасы тым жабыңқы ғой... Шынын айтсақ, тіпті жайсыз... Міне менің ерім, болса да онда генерал чинін алады.

Дуанбасы. Иә, мырзалар, шынын айтқанда, менің генералдыққа зауқым бек соғады.

Лука Лукич. Е, тәңір жеткізсе несі бар!

Растаковский. Бенденің бермесін тәңірісі берді.

Аммос Федорович. Зор кемеңің өрісі де зор.

Артеми́й Филиппович. Қызметіне қарай дәрежесі.

Аммос Федорович (шетке.) Шынымен генерал боп құтырмасын де! Сиырға ер ерттегендей генералдық қандай жарасар екен бұған! Жоқ, шырақ, оның ауылы алыс болар! Бұнда сенен көрі сыпайылар болса да, генералдық әлі алыс жатыр ғой.

Артеми́й Филиппович (шетке.) Қара дәмесін, генералдыққа мойын созады, не дерің бар ма, болса болып та қалар. Жын қағып кетпесе, бұның паңдығы жеткілікті. (Дуанбасыға.) Антон Антонович, ол күнде бізді де ұмытпаңыз.

Аммос Федорович. Бір кезі кеп, мысалы, бір істің душарлығы болса, көмегіңізден тастамаңыз!

Коробкин. Келесі жылы баламды астанаға мем-

лекет игілігі үшін апармақ ем, рақым етіп, соған пана болыңыз, бишараға әкелік қылыңыз.

Д у а н б а с ы. Мен әзірмін, көмегім әзір.

А н н а А н д р е е в н а. Антоша, сен үнемі уәде бергішсің. Ең әуелі сенің оны ойлайтын уақытың болмайды. Және өзінді уәдемен шырмап не қыласың, о несі екен!

Д у а н б а с ы. Неге, жаным-ау, кейде болар.

А н н а А н д р е е в н а. Әрине, болады. Бірақ сонда әлдеқандай уақ-түйекке көмек етуші ме едің...

Қ о р о б к и н н ің ә й е л і. Бізді не деп сыбағанын есіттіңіздер ме?

Қ о н а қ т а р. Несі бар, бұл баяғыдан сондай: қолы жетсе, құдайын ұмытады...

VIII көрініс

Бұлардың үстіне почтмейстер, қолында ашулы хаты бар, еңтігіп кіріп келеді.

П о ч т м е й с т е р. Тамаша, жұмыс, мырзалар! Ревизор деп жүрген төреміз ревизор емес боп шықты.

Б ә р і д е. Қалай ревизор емес?

П о ч т м е й с т е р. Тіпті ревизор емес. Мен мұны хаттан білдім...

Д у а н б а с ы. Немене сіз? Немене? Қай хаттан...

П о ч т м е й с т е р. Соның дәл өзінің хатынан. Почтаға маған хатты алып келмесін бе, адресіне қарап жіберсем: Почтамт көшесінде депті. Зәрем зәр түбіне кетті. Ә, дедім ішімнен, почта жөнінен бір пәле тапқан екен де, ұлыққа білдірген екен дедім. Алдым да, ашып жібердім.

Д у а н б а с ы. Сіз қайтіп, бұ неткеніңіз?..

П о ч т м е й с т е р. Өзім де білмеймін, жойдаусыз бір күштің итергені. Шабарманды шаптырып алып, дереу үкілі почтамен жөнелтейін деп бір оқталып ем,— өмірі көрмеген бір әуестік жеңіп болмағаны. Тіпті мұршам, мұршам жоқ. Қызықтырып сүйреп барады. Бір құлағыма біреу кеп: әй, ашпа, ашсаң мүрдем кетесің!— деп тұрса, екінші құлағыма сайтандай: аш, аш, аш!— деп қақылдап қалғаны. Сургішін басып қап ем — тамыр-тамырым от боп кетті, ашып жіберіп ем, аяздай, құдай біледі, аяздай қысты, қолым қалшылдап, көзіме түк көрінбей кетті.

Дуанбасы. Сіз, солай зор ірі мәртебелі ұлықтың хатын қалай аштыңыз?

Почтмейстер. Пәлесі сол онын: зор мәртебелі де, ірі ұлық та емес!

Дуанбасы. Ал, енді кім сізше?

Почтмейстер. Әрі-сәрі, сайтан біледі, кім екенін.

Дуанбасы (*шамданып*). Қалай әрі-сәрі? Қалай сіз әрі-сәрі дейсіз, әрі сайтан біледі деп? Мен сізді абақтыға...

Почтмейстер. Кім? Сіз бе?

Дуанбасы. Иә, мен.

Почтмейстер. Қолыңыз шолақтық қылар.

Дуанбасы. Ол менің қызымды алғалы жатқанын білесіз бе, мен өзім де үлкен бекзада боламын, мен сізді тура Сібірге айдаймын?

Почтмейстер. Ай, Антон Антонович-ай! Сібір не, Сібір алыс қой. Онан да мен сіздерге хатты оқып берейін. Мырзалар! Оқуға рұқсат етесіздер ме?

Бәрі. Оқыңыз, оқыңыз!

Почтмейстер (*оқиды*). «Достым, Тряпичкин, саған істеп жатқан кереметімді білдіруге асығамын. Жолда жаяу әскер капитаны ақшамды сыпырып ұтып алып, трактирші абақтыға отырғызбақшы да болып еді, бір күні құдайдың дес берісі, менің петербургтік киіміме қарай, бүкіл қала мені генерал-губернатор екен деп қалыпты. Сонымен, қазір дуанбасының үйінде жатырмын. Қызы мен қатынын мұралдап айналдырудамын, жалғыз-ақ қайсысынан бастарымды білмей тұрмын: әуелі шешесінен бастармын деп ойлаймын, өйткені не айтсаң да даяр болатын түрі бар. Сенің есінде бар ма, екеуміздің мұқтаждық шегіп, жоқтан өзгені тамақ қылатынымызды, бір күні ағылшын королінің есебіне деп текке жеген самсамыз тақырыпты, әлгі бір жаман наншының менің жағамнан сүйрегені де есінде ғой. Енді жұмыстың түрі өзгеге айналды. Қанша тілесем де барлық жұрт маған ақшаны қарызға береді. Неше алуан өрескел жандар бар. Сен күлкіден жарылып өлер едің. Сенің оны-мұны жазатының бар еді, сен бұларды өзіннің әдебиетіне кіргіз. Істің басы: «Дуанбасы — көк шолақ аттай ақымақ...»

Дуанбасы. Қой! Мұндай сөз жоқ онда.

Почтмейстер (*хатты көрсетіп*). Міне, өзіңіз оқып көріңіз!

Дуанбасы (оқиды). Көк шолақ аттай. Қой болмайтын іс, мұны өзіңіз қойдыңыз.

Почтмейстер. Мен қалай жазам?

Артемий Филиппович. Оқыңыз!

Лука Лукич. Оқыңыз!

Почтмейстер (тағы оқиды). «Дуанбасы — көк шолақ аттай ақымақ...»

Дуанбасы. О, құдай ұрсын! Тағы оқуын! Онсыз да жетпегендей-ақ.

Почтмейстер (оқи бастап). Ыһым... ыһым... ыһым... «шолақ аттай. Почтмейстер де қайырымды кісі... (Оқымай тастап кетеді.) Бұл арада ол мен туралы да әдепсіз сөйлепті.

Дуанбасы. Жоқ, оқыңыз!

Почтмейстер. Керегі не соның?..

Дуанбасы. Жоқ, болмайды, құдай ұрсын, оқыған соң түгел оқу керек! Бәрін оқыңыз!

Артемий Филиппович. Бере тұрыңыз, мен оқимын! (Көзәйнек киіп, оқиды.) «Почтмейстер аумаған департаменттің қора күзетшісі Михеев; бұ да бір соғылған болса керек, арақты ішуі жаман».

Почтмейстер (жұртқа қарап). Әй, бір сойып салатын оңбаған бала екен: не айтарсың!

Артемий Филиппович (оқиды). «Игілік орындарының бас... ба... ба...» (Тұтығып қалады.)

Коробкин. Е, неге тоқтадыңыз?

Артемий Филиппович. Жауыз, (көмескілеу) айткенмен антұрған екені көрініп тұр.

Коробкин. Маған беріңізші! Менің көзім кішкене қырағылау шығар деп ойлаймын. (Хатты алмақшы.)

Артемий Филиппович (хатты бермей). Жоқ, бұ жерін тастап кетсе де болады, ар жағы анық екен.

Коробкин. Бере тұрыңызшы, мен білем ғой.

Артемий Филиппович. Оқуын өзім де оқимын, рас, кейінгі жағының бәрі анық екен.

Почтмейстер. Жоқ, бәрін оқыңыз! Бас жағы түгел оқылды ғой.

Бәрі. Беріңіз, Артемий Филиппович! Хатты беріңіз. (Коробкинге.) Сіз оқыңыз.

Артемий Филиппович. Қазір (хатты береді). Міне, алыңыз... (Хатты алақанымен жабады.) Міне, міне жерден оқыңыз. (Бәрі анталайды.)

Почтмейстер. Оқыңыз! Оқыңыз! Жок, бәрін оқыңыз.

Коробкин (оқиды). «Игілік орындарының бастыры Земляника: нағыз тақия киген шошқа».

Артемий Филиппович (жұртқа). Түк тапқыш емес! Тақия киген шошқа! Тақия киген шошқа болушы ма еді?

Коробкин (тағы оқиды). «Мектеп басқарушысы сарымсақ сасып кетіпті».

Лука Лукич (жұртқа). Құдай біледі, өмірі ауызға сарымсақ салған жан емен.

Аммос Федорович (теріс қарап). Е, құдай, мұныца да шүкір, әйтеуір мен туралы жоқ екен.

Коробкин (оқиды). «Судья»...

Аммос Федорович. Мәс-саған!.. (Дауыстап.) Мырзалар, мұның өзі тым ұзын хат көрінеді және жоқтан өзгені оқудың да қажеті жоқ-ау деймін.

Лука Лукич. Жоқ!

Почтмейстер. Жоқ, оқи беріңіз!

Артемий Филиппович. Жоқ, енді оқыңыз бір-жола!

Коробкин (тағы оқиды). «Судья Ляпкин-Тяпкин, барып тұрған моветон¹...» (Тоқталады.) Француз сөзі болу керек.

Аммос Федорович. Чорт біледі не екенін! Сұмырай деген сөз болса да бір сәрі, әлде одан да сорақы бірдеме болмаса.

Коробкин (тағы оқиды). «Дегенмен, мейірман дос, ақ көңіл халық көрінеді. Қош бол, досым Тряпичкин. Мен де саған ұсап әдебиетпен айналыс қылғым келеді. Бос жүрістен кісінің іші пысатын, ақыры жаныца азық іздейтін көрінесің: сонда әлдебір зор нәрсені алданыш қылу керек сықылды. Маған жазсаң: Саратов губерниясы, Подкатиловка деревнясына жазарсың. (Хатты аударып, адресін оқиды.) Туысы ардақты Иван Васильевич Тряпичкинге, Санкт-Петербург, Почтамт көшесі, тоқсан жетінші номерлі үйде қораға кіргенде оң қолда, үшінші қатарда».

Әйелдердің біреуі. Не деген репирманд² оқыс жұмыс!

¹ Үлгілі тәрбие көрмеген, көргенсіз мағынасында.

² Істің қолайсыз жағдайға бет алуы.

Д у а н б а с ы. Міне, сойған деген осы да! Өлтірді, өлтірді, ондырмай өлтірді! Көзім түк көрмейді. Айналам бет-ауыз емес, өңкей шошқаның тұмсығы; одан басқа түк жоқ... Қайтару керек оны! (*Қолын сермейді.*)

П о ч т м е й с т е р. Қайтару қайда! Мен қара бастырғандай, ең жақсы үш ат жеккізіп беріп ем, сайтан ғой, жолына жарлықты да күн бұрын бергізіп ем.

К о р о б к и н н і ң ә й е л і. Ойбай-ай, ойпырмай-ай, масқара, масқара!

А м м о с Ф е д о р о в и ч. Бірақ, мырзалар! Құдай ұрып, ол менен қарызға үш жүз сом әкетті-ау.

А р т е м и й Ф и л и п п о в и ч. Менен де үш жүз сом алды.

П о ч т м е й с т е р (*күрсінеді*). Ой, менен де үш жүз сом алды.

Б о б ч и н с к и й. Пстр Ивановичпен скеумізден, алып бес сом қағаз ақша алып сді-с. Я-с.

А м м о с Ф е д о р о в и ч (*аң-таң болып, қолын жайып*). Бұл қалай, мырзалар? Япырмай, сонымен нағып қара басты бізді?

Д у а н б а с ы (*өзін-өзі жұдырықтап*). Мен ше? Жоқ, қалай мен кәрі ақымақ! Мен қалай алдандым!... Есуас, ақылдан айрылғаның ғой.. Отыз жыл қызмет қылғанда бір купец, не бір подрядчик алдап көрген жоқ еді, залымның зұлымын алдаушы ем; бүкіл дүниені теріс айналдырар талай ала аяқты қақпанға түсіріп едім; үш губернаторды алдап ұрдым... губернатор не! (*Қолын сілтеді.*)

А н н а А н д р е е в н а. Олай емес шығар, Антоша, ол біздің Мариямен сөз байласты ғой...

Д у а н б а с ы (*ызаланып*). Байласты! Қатқанының шекесі, мәс-саған байласты! Сөз байласты деп ыза қылғаны несі... (*Долданып.*) Бері қарандар мұнда, бүкіл дүние, бүкіл насырани қауымы көріндер, дуанбасының ит болғанын көріндер! Ақымақ, ақымақ дендер кәрі итті! (*Өзіне-өзі жұдырығын кезенеді.*) Ой, жуан тұмсық ит! Қайдағы бір сімілтір шірік немені зор кісі деп білдің-ау! Міне, енді, ол жол бойы шек-сілесі қатып қонраулатып барады! Жердің жүзіне жаяды, күлкі болғаның бір сәрі ғой, қағаз шимайлағыш қу қаламдастар естісе, сені күлдіргі кітап қып шығарады ғой. Міне, сонысы ғой бататын, сенің абройыңа да, атағыңа да пысқырмайды,

ол иттер аяуды біле ме, тегісінен қол шапалақтап, қаңқу ғып кетеді... Атаңның басына күлесіндер ме? Өзіңе-өзің жүлесін!.. Еһ, шіркіндер!.. *(Долданып, еденді тебеді.)* Ай, бәлем, қу қаламдар-ай! Антұрған, азат ойшы, шимайшылар-ай. Өңкей жынның тұқымы! Бірінді біріңе қосақтап, насыбайдай үгіп күл ғып ұшырар ма еді! Інге тығып жіберер ме еді!.. *(Жұмырығын түйіп, өкшесімен жер тебінеді. Біраз тым-тырыстан кейін.)* Әлі күнге есімді жия алғаным жоқ. Құдай аларда, алдыменен ақылды алады ғой. Сол бәдіктің ревизорға келетін қай жері бар еді? Түгі жоқ еді. Мына шынашақтай да ұқсас жері жоқ еді! Жалма-жан ревизор! Ревизор! деп, бәрің де шулай қалдың. Ең бастап ревизорды шығарған қайсың, айтыңдаршы?

Артемий Филиппович *(алақанын жайып)*. Нағып бұлай болғанын, өлтірсең де білмеймін, дәл бір тұман басып тұрғандай, сайтан нектегендей болды.

Аммос Федорович. Шығарған кім болушы еді,— міне, мына екі сабаз! *(Бобчинский мен Добчинскийді көрсетеді.)*

Бобчинский. Бұйырмасын мен емес. Мен тіпті ойлағаным да жоқ...

Добчинский. Мен, түк тіпті түк...

Артемий Филиппович. Әрине, сендерсіңдер!

Лука Лукич. Трактирден жүгіріп келдіңдер де, құтырған кісіше: «Келді, келді. Ақша да төлемейді!...» Тауыпсындар қырғиды!

Дуанбасы. Дәл сендер — қаланың өсекшілері, антұрған суайттар!

Артемий Филиппович. Ревизорың да, сөзің де құрсын, құрып кеткірлер.

Дуанбасы. Қаланы бастан-аяқ жортып, жұртты ылғи дүрліктіріп, қуарған сусылдақтар, тасығандарың өсек қана, жыңды көкектер.

Аммос Федорович. Антұрған күйелі көсеулер!

Лука Лукич. Қалпақсындар!

Артемий Филиппович. Тоғышар сұмдар!

Бәрі екеуіне ұмтылады.

Бобчинский. Құдай ақына, мен емес, Петр Иванович еді.

Добчинский. Е, жоқ, Петр Иванович, алдымен сіз ғой неткен...

Бобчинский. Жоқ боса, жоқ, алдымен сіз болатынсыз.

Соңғы көрініс.

Бұрынғылар және жандарм.

Жандарм. Арнаулы әмірмен Петербургтен келген төре сізді дереу келсін деп бұйрық етті. Өзі гостиницаға түсті.

Осы сөз барлығына жай түскендей әсер етеді; таңданған үн әйелдердің кеудесінен бір-ақ шығады, барлық топ күйлерін бір сәтте өзгертіп, тегіс тастай қатып, сілейіп тұрып қалады.

МЫЛҚАУ САХНА

Дуанбасы тап ортада дінгектей қақайып, екі қолын екі жаққа созып басын шалқайтып тұр. Оң жағында қызы мен әйелі бұған қарай ұмтылғандай күйде; олардың артында почтмейстер жалпы халыққа қарап тұрған сұрау белгісі сияқты; одан әрі Лука Лукич бейкүна адамдай боп мәңгіріп қалған, ар жақ сахнаның дәл шетінде үш қонақ әйел біріне-бірі сүйеніп, дуанбасының үй ішіне табалай қараған жүзбен тұр. Дуанбасының сол жағында басын бір жағына қыңырайтып, әлде бір тың тыңдағандай боп Земляника тұр; оған таяу екі қолын екі жаққа тарбайтып, жерге отыра жаздап, ернін ысқыратын кісіше, немесе «мәссаған» дейтін кісіше бұзып тұрған судья, оған таяу көзін сығырайтып, жұртқа қарап дуанбасыны мысқылдап тұрған Қоробкин; оған таяу ең шетте, қолдарымен біріне-бірі ұмтылып, ауыздарын аңқайтып, көздері адырайып тұрған Добчинский, Бобчинский. Өзге қонақтар тек қаққан қазықша қақайып қалған. Осындай аңтарылған күйде бәрі де бір жарым минуттай тұрады.

Шымылдық жабылады.

К. Тренев

ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ

Бес перделі пьеса

ҚАТЫНАСУШЫ АДАМДАР:

Любовь Яровая — оқытушы.
Михаил Яровой — оның күйеуі, офицер.
Павла Петровна Панова — машинистка.
Роман Кошкин — комиссар.
Швандя — матрос.
Хрущ
Грозной } — Кошкиннің орынбасарлары.
Мазухин }
Максим Горностаев — профессор.
Елена Горностаева — оның әйелі.
Малинин } — полковниктер.
Кутов }
Аркадий Елисагов — бейбітшілік ері.
Иван Колосов — электр технигі.
Дунька — күтуші әйел, кейін спекулянт.
Махора — қыз.
Марья — шаруа әйелі.
Григорий — астыртын күресші } — Марьяның ұлдары.
Семен — вахмистр }
Пикалов — моблизациямен алынған әскер.
Фольгин — либерал адам.
Барон
Баронесса
Чир — күзетші.
Би басқарушы.
Закагов — дінбасы (протоиерей).
Абыстай — Закаговтың әйелі.
Костюмов — каптенармус.
I-комсомолка
II-комсомолка
Генерал
I-конвой
II-конвой
Помещиктер депутаты.
Өндірісшілер депутаты.

Газет сатушы.
Папирос сатушы еркек.
Папирос сатушы әйел.
Байдың әйелі.
Етік тазалаушы.
I-мырза.
II-мырза.
III-мырза.
Гүл сатушы әйел.
Татьяна.
Писарь.

**Жұмысшылар, қызметкерлер, офицерлер, солдаттар, гимназисткалар,
жай адамдар.**

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Бұрынғы бір байдың дербес үйіне қазір ревком мен басқа да мекемелер орналасқан. Өмір өршелене түскен. Коммутатор, телефондар. Телефонистка телефон қабылдап алып жатыр.

Телефонистка (*телефонға кеп*). Иә, жолдас Хрущ па? Қазір! (*Жүріп кетеді.*) Жолдас Хрущ! Жолдас Хрущ! Сізді бірінші дивизия шақырады!

Хрущ (*аппаратқа кеп.*) Я, я, я... Солай. Күп. Бір салар ма? Жақсы! Орындалады.

Кошкин бөлмесінен бірінші комсомолка шығады.

I-комсомолка. Жолдас Хрущ, асығыс телефонограмма бар. Жолдас Кошкин, Мазухин мен сізге тез табыс ет деді.

Хрущ (*оқып*). Мазухин қайда? Қарындасым, Мазухинді шақыра қойшы.

II-комсомолка. Жолдас Мазухин! Жолдас Хрущ шақырады.

Мазухин кіреді.

Мазухин Не қылған экспресс?
Хрущ. Мінеки, оқы!

Мазухин оқиды. Телефон шылдыры.

II-комсомолка. Я! Жолдас Кошкин бе? Қазір!

Кошкин кабинетіне кетеді. Кабинеттен комиссар Вихорь жүгіре шығады.

М а з у х и н. Е-е!
Х р у щ. Жолдас Вихорь, оқы!
В и х о р ь. А-а. Иә-иә! (*Оқиды. Қуанышын сездіртпеуге тырысады*).

М а з у х и н. Білдің бе. Жеглов көпірін... Ақтар алып қойыпты.

В и х о р ь. Я... жаман!
Х р у щ. Кішкене көпірлерді талқандау керек.
В и х о р ь. Сонда кеттім!

Тез кетеді.

Хрущ пен Мазухин сөйлесіп кете барады. II-комсомолка келеді.

II-к о м с о м о л к а (*аппаратқа кеп*). Бес минуттан соң өзі шақырады.

Панова мен Швандя

Панова қолындағы қағаздарымен машинка жанына отырады.

П а н о в а. Сіз де сонда болдыңыз ба, жолдас Швандя?

Ш в а н д я. Әбден болдым. Мына, мына мен ғой біздер, қызылдар, жағада едік, а сіз мысалы, тап матросқа толған, француз кемесі. Ап-айқын көрініп, естіліп тұр. Сол сәтте біреуі ортаға шыға қап басты-ау кеп. (*Телефон шылдыры*). Я... тап бастырмалатып: «Жолдастар деп боржуй мен ақпесерге қарсы қапта» деп (*телефон шылдыры*), «жетті енді бізге бұлар үшін...» деп...

П а н о в а. Барсаңызшы ана телефонға.

Ш в а н д я (*трубканы алып*). Ал, ревком... Не қыл дейсің. Ал, иә! Жоғал тап, сайтан! Сенсіз де мен мұнда бұтты-сатты боп басым айналып, мұрын сіңбіруге тап мұршам жоқ. Менің мұнда докладым боп жатса қайте-сің. Былшылықпен екпінді істен бөгеме дейім. (*Трубканы іліп, отбой беріп.*) «Жетті енді бұлар үшін қан...» деп содан кетті, кетті дейім кеп ағып...

П а н о в а. Французша ма?

Ш в а н д я. Французша! Мүлтік жоқ!

П а н о в а. Тоқтаңыз, жолдас Швандя! Сіз французша түк білмейсіз ғой.

Ш в а н д я. Е, оның не білмейтіні бар. Буржуй, қанішер кімге айтсаң да біледі. Содан арман көріп тұрмыз, катерға мініп өзі келеді. Сақал дегеніңіз бе? Шаш дегенің — о да... сақ етпес пе.

Панова. Ол, өзі әлгіңіз кім?

Швандя. Ой, Маркс. Кім болушы еді?

Панова. Ой, енді бұныңыз өзі... Жолдас Швандя, сіз тіпті аса көп көріп жіберген екенсіз.

Швандя. Е, аз деп пе ең?

Панова. Маркс баяғыда өлген!

Швандя. Өлген? Қой-ой, сізше дүние пролетариятына команда беріп отырған кім?

Грозной кіреді. Швандя кетеді.

Грозной. Жолдас Панова, мынау асығыс қағазды көшіруіңізді сұраймын.

Панова. Әп-сәтте ме?

Грозной. Әп-сәтте. Қолымның өзі өте шапшаң болғандықтан ауызша өзім оқияын.

Панова. Жоқ... танимын. (*Қағазын алып көшіре бастайды. Грозной бұдан көзін алмайды.*) Маған несіне қарайсыз. Бетіме жазылған ешнәрсе жоқ.

Грозной. Сіз өзіңіз де суреттей сұлусыз ғой!

Панова. Ой, жолдас Грозной, мені үнемі ұялтасыз.

Грозной (*құбылып*). Қалайша?

Панова. Сөзіңізбен, әрине.

Грозной. А, сіз мені көзіңізбен ұялту ғана емес, терлетіп те жібересіз.

Панова. Ол қауіп екен!

Грозной. Сізге мен қауіпті емеспін. Ал ана өзге жыландарды ма, көзімнің өзімен есінен тандырам.

Панова. Қойыңызшы.

Грозной. Жаңа бір доктор кеп еді. Бойы төбеге тіреледі. Сақалы күйектей, көзәйнек... Мен соған, былайша қарап қана қалып ем. Бітті, халас! Бикештей боп ағарып, қалтырай жөнелді.

Панова. Иә, көзіңіз көз-ақ.

Грозной папиросын алып, ұсынады. Былғары пальтосының етегі ашылып, офицер шалбары көрінеді.

Мына костюм қалай жарасқан?

Грозной. Дәл ме!

Панова. Тамаша. Алтын оқа.. Қонтрреволюция шалбарын неге киесіз.

Грозной (*қысылғаннан қымтанып*). Әдейі күлкі үшін... сізге бір көрінейін деп... А міне, қолыңызды беріңізші.

Панова. Неге?

Грозной. Көресіз ғой. (Қалтасынан білезік, сақиналар алып). Зиянсыз нәрселер ғой!

Панова. Жок, жок, жолдас Грозной, бұл қажет емес.

Грозной. Неге?

Панова. Ненің ақысы?

Грозной. Е енді, сөйтіп татитын болғаныңыз ғой!

Панова. Жұрт не ойлайды?

Грозной. Ойлап көрсін!

Панова. А, жолдас комиссар көрсе қайтеді.

Грозной. Е, білезікті жең ішінде, сағатты төсіңізде сақтаңыз.

Панова. Жок, жолдас Грозной, өзіңізде қалсын.

Грозной. Ну, жақсы. Бірақ есіңізде болсын, зауқыңыз қашан соқса сонда аласыз. Мен жанымда сақтаймын. (Төсқалтасына тығады.)

Әйелін ертіп профессор Горностаев шығады.

Горностаев (дел-салдау, қозғалыстары шошып ояңған кісідей). Кімге сөйлесем екен?

Панова. Мінеки жолдас Грозной.

Грозной. А, саған не керек?

Горностаев. Сізбісіз. Иә, иә! Жұмысым, винтовкалы адамдар кеп менің кітапханамды печаттап кетті.

Горностаева. Ал біздің пәтерімізге кіріп алған, шолақ қол комиссар Вихорь, барлық үй сайманымызды алып қойды. Бар мүлікті лаптап отыр. Айтқаны боқтық. Үш тауығымызды сойып, солардың қанымен әр жерге: «бауызда буржуйды» деп жазып қойыпты.

Грозной. Хо-хо-хо. Вихорь азамат. Тапқанын қарасаңшы. Әй шаян! Тауықпен революция жасайды.

Горностаева. Сақтап жүрген тауығым...

Горностаев. Мәселе тауықта емес...

Грозной. Сен өзін кімсің осы?

Горностаев. Мен профессор Горностаевпын.

Грозной. Борсыған сорпа профессоры ғой. Ха-ха-ха. Саған не керек дейсің. Кітаптарыңды біз оқу үйіне аламыз.

Горностаев. Міне, ең лайықсызы сол болады.

Грозной. Но, сен бізге нұсқама. Сенің бір басыңда ғой мыңдаған кітап бар! Ал халықтың мыңына бір кітап жоқ болса қайтесің. Тәртіп пе осы?

Горностаева. Япырау, бұған жұмысын істеу керек қой!

Грозной. Бұ, қандай жұмыс істейді.

Горностаева. Кітап жазады.

Грозной. «Жұмыс!» Біз әлі сенің онда не жазып жатқаныңды көреміз. Әлде контрреволюцияны үгіттеп жатқан шығарсың.

Горностаева. Иә, иә!

Грозной. Немене «иә».

Горностаев. Досым, сенің көзіңде қорқыныш тұрғаны несі деймін?

Грозной. Менің бе. Қорқыныш. Ну, мен сені бір-ақ қорқытайын. Швандя, мына контрды маған алып кел.

Кетеді.

Горностаева. Макс, Макс... Бұ не бұл?

Горностаев. Е, тегі, тауық үшін де біреу жаза шегетін болғаны ғой!

Швандя (*профессорға жақындап*). Ал, шу. (*Байқап қарап, ұялып шегініп.*) Қой, болмас, мен мүлдем саналы кісі... (*Пановаға.*) Құтым қашты ғой, қалай ұқсас...

Панова. Кімге ұқсас?

Швандя. Портреті де, фамилиясы да дәл өзі.

Грозной келеді.

Грозной. Швандя! Неге әкелмейсің тұтқынды!

Швандя. Өй әрман әрі. Істің түрін көрдің бе, Қошкинсіз қиналмай-ақ қой!

Елисатов келеді.

Елисатов. Амансыздар ма, жолдастар. Максим Иванович, Елена Ивановна. Не қып жүрсіздер?

Горностаева. Мінеки... тауықтарымызды сойып, кітапхананы печаттап қойды комиссар Вихорь.

Елисатов. Бір минут, жолдас Грозной, бұл қалай?

Грозной. Әй, ей контр! Және тіпті тіл тигізеді.

Елисатов. Бұл профессор Горностаев. Европаға мәлім кісі.

Грозной. Бізге де мәлім болсын. Я, міне бастықтың өзі де келді.

Қошкин келеді.

Кошкин. Аман ба, жолдастар! Жолдас Панова, жиылыстың күн тәртібін жазыңыз. (*Айтады.*) «Оқытушылар съезі мен курстар туралы, яғни, оқытушыларды қайтадан оқыту үшін. Қалада қырық шамалы клуб ашу туралы. Көк төбеге бар буржуйды айдап барып окоп қаздыру туралы. Жалпы халықтың жаппай оқуы туралы. Көшу, қондыру, ауғастыру және артығын алу туралы... Екпінді түрде электрлендіру туралы». Жолдас Елисаатов, тағы қандай мәселе бар?

Елисаатов. Бір мәжіліске осы да жетер білем.

Кошкин. Жарайды! Және өткерме мәселелер, яғни контрреволюция туралы.

Елисаатов. Жолдас Роман! Сізге мына профессор Горностаевтың өтініші бар.

Кошкин. Шын ба?

Горностаев. Иә, иә! Кітаптарымды алып қойды.

Горностаева. Тауығымызды сойып тастады.

Елисаатов. Профессор Горностаев орыс ғылымының мақтаны мен абройы болған адам.

Кошкин (*Горностаевтың қолын қысып*). Мархабат қылыңыз, отырыңыз, жолдас. Әлдеқашан кірісуіміз керек еді. (*Швандяға.*) Жолдас профессордың кітабы лезде қайырылсын және (*Елисаатовқа*) тиюге рұқсат жоқ деп мандат берілсін. Халық ағарту жөнінде сіз бізге қажетсіз, профессор. Мен айтсам, бір жағынан уақытша, өзіме халық ағарту комиссарының міндетін де алып ем. Алысымен жалпыға оқу деген жоспар жайын қаттай бастап едім. (*Горностаевқа қағаз береді.*)

Горностаев (*оқып*). «Еңбекшілерді ағарту жұмысын... Жаппай фуксиндеу туралы», жолдас ағарту комиссары, сіз сауатсыз екенсіз ғой.

Кошкин. Неліктен сауатсыз? Өзім жазып отырғам жоқ па. Оқыған жарық, оқымаған қараңғы екенін білесіз бе?

Горностаев. Білем, естігем.

Кошкин. Жоқ, жолдас профессор, сіз жете білмейсіз. Мен көбірек білемін. Сіз оқыған жарық, дегенді ғана білесіз. Оны анық көресіз. Ал оқымағанның қараңғылық екенін, сіз алыстан, көлденеңнен ғана көрдіңіз. А, мен бар азабын өз басымнан кештім. Сіздің көзіңізге білім сәулесі түсіп тұрса, менікін қараңғылық қаптады, сондықтан бұл қараңғылыққа сізден де мен қатты өшпін, өле-өлгенше алысамын. Ал маған болыспай, қайта сабо-

таж жасайтын кісі болса, ол менен жарык пен қараңғыны бір-ақ алады.

Горностаев. Ия, ия! Көзінде сенім оты бар. Анау маған келгендерде ол жоқ еді. Олар құр нағанды ғана төсейді.

Кошкин. Нағансыз... жолдас профессор, революция жасай алмайсыз.

Елисатов. Дұрыс!

Кошкин. Жолдас Горностаев, бір сағаттан соң мына Елисатов жолдаспен бірге маған рахым етіңіз. Бұл кісі маған көп көмек етеді, іс істейміз. *(Пановаға.)* Повестка әзірленсін.

Жүреді.

Елисатов. Әлбетте! Бар күшімізді халыққа береміз. Ғылым бұрын капиталдың ақ құлы еді. Қазір ол пролетариаттың қызыл жолдасы болды. Солай емес пе, жолдас Горностаев?

Горностаев. А. Иә, иә...

Телефонистка. Жолдас Кошкин, телефонға! Фронт шақырады!

Кошкин кетеді.

Елисатов. Максим Иванович, сіз бен біз бұрын да кездесіп едік-ау. Одесса есіңізде ме?

Горностаев. Я, я, есімде, сіз осы тіс дәрігері ме едіңіз?

Елисатов. Жоқ! О не дегеніңіз! Мен қоғам қызметкерімін, және газетшімін.

Горностаев. Иә, иә. Осыған ұқсас бірдеме деп тұрғаным сол ғой!

Елисатов пен Горностаевтар кетеді. Чир келе жатады.

Панова. Чир, мына пакетті профессор Горностаевқа апарыңыз.

Чир *(алып оқиды)*. Өте жақсы. *(Байқатпай есіктің артына тастай салады.)*

Панова. Чир, бүгін тағы кімді көрсеттің.

Чир. Бай, жарлыға бірдей үкім етуші тәңір иеге тәслим... кітабында айтқандұр; ұйқыдан намаз қайырлы...

Кетеді. Елисатов келеді.

Е л и с а т о в (*Пановаға*). Қазір ғана хабар келді. Біздің кісілер Жеглов көпірінің бержағынан өтіпті. Екі күннен соң келмек.

П а н о в а. Ағатай-ау, рас па?

Е л и с а т о в. Шәк жоқ. Қазір дүркірейді.

Швандя кіреді, қолында қағаз, Елисатов кетеді.

Ш в а н д я. Қешіріңіз!

П а н о в а. Күп, жолдас Швандя! Қандай әдемісіз.

Ш в а н д я. Кім, мен бе?

П а н о в а. Я, я, рас, дәл періштедейсіз.

Ш в а н д я. Неге олай қысап қыласыз... (*Дунька кіреді.*) Жолдас Дуня Фоминишна, есенсіз бе? Нағыз періштенің төресі осы десеңші.

П а н о в а. Япырай, көйлегіңіз қандай тамаша!

Ш в а н д я. Өзіңіз дәл бір гүл... гүл орнатқан шөңкедейсіз ғой. Қолғапшасын-ай...

Д у н ь к а. А, сен жармаспа!

Ш в а н д я. Мен саусағыммен ғана түрттім ғой. Әлгі би дегенде Дунька Фоминишна, осы барыңызбен күп бересіз бе.

Д у н ь к а. Ә? Онда сіздің жауабыңыз жоқ!

Ш в а н д я. Жоға, сіз де біздей тап барынша саналысыз ғой.

Д у н ь к а. Маған жолдас комиссар керек.

Ш в а н д я. Е, ол уайым емес. Не қылмақ едіңіз?

Д у н ь к а. Онда сіздің жауабыңыз жоқ, сөзім сол-ақ. (*Кабинетке кіргісі келеді.*)

Ш в а н д я. Жоқ, жауабым бар. Шегінуіңізді сұраймын.

Қағаз алып Қошкин келеді.

Қ о ш к и н (*Пановаға*). Басыңыз.

Д у н ь к а. Жолдас Қошкин, сізге келдім.

Қ о ш к и н. Немене.

Д у н ь к а. Маған екі бөлме керек. Мен де жақсы жолдастармен ашнамын. А, ол маған жалғыз ғана жататын бөлмесін беріп, өзінен әлгі солқылдақ отырғышын да алып кетті, анау мейман жайын да берсін де! Оныкінен менің қонағым он есе көп. Ертең комиссар Вихорь кофе ішуге келеді. О қайда отырады? Е...

Қ о ш к и н. Жолдас, сіз кім едіңіз?

Д у н ь к а. Әрине, күтуші әйелмін.

Қошкин. Ендеше сіз союзға кіріп, өз правоңызды көппен бірге қорғауыңыз керек.

Дунька. Ол маған ділгер емес. Өзім-ақ қорғандаймын.

Қошкин кабинетіне кетеді. Марья кіреді.

Марья. Қайда әлгілер?

Швандя. Гражданочка, сен кімге келдің?

Марья. Сыбайы біле ме сендерді, кімің комиссар ең, сенбісің?

Швандя. Жо, жете қойғам жоқ.

Марья. Қайдам, тұмсығың дәл өзі. Деревнядан келгеніме үш күн, комиссарыңды тапсамшы. Қайда барсам мына бір бояулы көбелекті көрем. (*Дунькаға.*) Сен көк түйнек, неге кісі киімін киесің. Саған тігіліп пе еді. Еңбегіңмен алдың ба?

Дунька. Алғамын, қайтесің, енді бар дүние халықтікі.

Марья. Қайдан халықтікі, бәрін шеңгелдеп ап... Шеш, қу байтал!

Дунька. Аулақ, шеше!

Марья. Шеш деймін, сұмырай. Былғама киімді. (*Қофтасын сыпырып алады.*)

Дунька (*жанжалдасып*). Неге жабысасың, контр-революция.

Марья. Мен саған көрсетейін революцияны.

Швандя. Сен немене, құшнашпысың.

Дунька кашады. Швандя Марьяны кейін сүйреп алады.

Марья. Қандай асыл киімді ластады, өлексе! (*Жылайды.*)

Швандя. Түу, тентек кемпір.

Марья. Қайдағы кемпір. Бар жасым елуде-ақ, талай өмірім алдымда. Ұлдарым да жоғалды. Азапта жалғызбын.

Швандя. Ұлдарың қайда?

Марья. Қайдан білейін. Біреуі, әкесімен сонау соғыста жоқ болды. Екеуі мына соғыста жоғалып отыр. Міне соқыр басыммен түртініп жүрмін.

Швандя. Өздері қай жерде соғысқан екен?

Марья. Әуелі өзді-өзі үйде соғысты. Содан айрылысты да, шеше қош деді. Қош, иттің балалары, кеткеніңнен қайтпа дедім. Шын қайтпады. Қайда дейім.

Ш в а н д я. Өздері кім үшін соғысқан?

М а р ь я. Қайдан білейін.

Ш в а н д я. Білу оп-оңай. Қандай сөздер айтушы еді.

М а р ь я. Гриша Семкаға ұдайы: «сен пәленсің, бандитсің» дейтін.

Ш в а н д я. Дұп-дұрыс. Ендеше Семка ақ болды.

М а р ь я. Ал Семка Гришаға: «сен ел талағышсың» деп ақыратын...

Ш в а н д я. О, онда ақ Гришка болды. Ал Семка қайда екен бұл?

М а р ь я. Әлде мына қағаз-пағазынан мәлім шығар!?

Ш в а н д я. Тоқта, тұра тұршы, қағазсыз нетер ме екен. Шаруалары қандай еді?

М а р ь я. Ей, Гришка шаруаны не қылсын. Кісі есігінде жүретін... А, Семка құдайға шүкір, мығым еді. Бидайдың өзінен әлденеше пұт. Боқырауға шейін екі малай жалдаушы еді.

Ш в а н д я. Ой, ендеше бұйым емес. Семканы ақтан ізде, а Гришка осында болу керек. Жүр, көрші үйге барайық, айтып береді. Шеше, революция айтып береді.

Швандя мен Марья кетеді. Любовь Яровая кіреді.

П а н о в а. Әсем келдіңіз, жолдас Яровая!

Л ю б о в ь. Жаюу келдім. Немене, жолдас Кошкин жоқ па?

П а н о в а. Бос емес. Тағы отыз шақырымнан жаюу келдіңіз бе?

Л ю б о в ь. Мен үйреншіктімін, экспресс пен автомобильге дәндеген емеспін.

Елисатов кіреді.

Е л и с а т о в. А, жолдас Яровая. Саушылығыңыз қалай? Жазылған шығарсыз. Сүзектен кейін деревня тамаша ғой. Мектеп оқуы әлі тез басталмайды ғой. Тұра тұрсаңыз етті.

Л ю б о в ь. Деревняны кеше ақтар снарядпен өртеп жіберді.

Е л и с а т о в. Ақтар. Қайда жүр?

Л ю б о в ь. Кеше жеті шақырым жерде болды.

Е л и с а т о в. Солай ма еді?

Л ю б о в ь. Қазір деревняға кірген де шығар.

Е л и с а т о в. Болмас, біздің әскер бар жерден түріп қуып жүр ғой. (Кетеді.)

П а н о в а. Снаряд шошыта ма екен?

Л ю б о в ь. Жоқ, рақат.

П а н о в а. Жолдас Яровая, неліктен маған бұлайсыз?

Л ю б о в ь. Мен сізге жолдас та емеспін, ешбір бұлайым да жоқ... Жолдас Кошкин тез келуші ме еді?

П а н о в а. Қеледі. Тоса тұрыңыз. Біз екеуміз де солдаттың тұл қатынымыз. Өз еңбегімізбен күн кешеміз. Жолдас болғанда екі есе жолдас тәріздіміз ғой!

Л ю б о в ь. Тегі, тұл қатынның бәрі бірдей жолдас болмағаны ғой.

П а н о в а. Сіздің еріңіз өлгелі екі жыл болса, менікі өлгелі екі ай.

Л ю б о в ь. Ал онда не болғаны?

П а н о в а. Бәлки менің жарам жаңарақ та шығар

Л ю б о в ь. Болар.

П а н о в а. Папирос тартасыз ба? Дәрігер темекісі.

Л ю б о в ь. Жоқ, маған оқытушыныкі де болады. (Өз папиросын тартады.)

П а н о в а. Жолдас оқытушы, сіз өзіңіз оқып па едіңіз?

Л ю б о в ь. Өте азғана оқыдым.

П а н о в а. Ол көрініп те тұр.

Л ю б о в ь. Е, сіздер өздеріңіз тәуір көру үшін біздің көзімізді әдейі көр қылмап па едіңіз.

П а н о в а. Иә, мен көпті көрдім. Жаңа ғасырлар өсірген бұйымдарды былғаныш етікпен бір сәтте талқан қылғанды да көріп отырмын.

Л ю б о в ь. Өйтпін оп-оңай талқан боп қалса ол ғасырлардың істегені татымсыз болғаны да.

П а н о в а. Жоқ, ол сын емес. Сіз бен біздің ерлеріміз жақсы адамдар еді. Менің байым әсем архитектор болатын. Сарайлар, шеркеулер салушы еді. Бір ғана биттің шағуынан өлді. Бүгін ол шебер жоқ. Және сарай мен шеркеу салмайды. Оларды бит жеп қойды.

Л ю б о в ь. Басқалар салады.

П а н о в а. Россияда салмас, шырағым. Бұндағы патша бит, сол барды жер...

Л ю б о в ь. Біз оны сығып бітіреміз. Биттен жаман паразиттер бар. Менің байымды бала күнінде шағып, қазір жеп қойған солар. Сіздің байыңыз сарай салып жүргенде менікі абақтыда отырды. Сіздер өздеріңізге сарай салып, бізге зындан салдыңыздар. Мен бір қызмет-

ті тауып орналаса бастасам лезде айдаушы еді: хауіпті дейтін. Бай болса абақтыда. А, сіздің байыңыз герман соғысында болды ма?

П а н о в а. Жоқ.

Л ю б о в ь. Дұрыс. Отанды жау мен құнсыздарға қорғатып, отан ұлдарының өзі сол жауларының артына тығылып отырған. Менің байым кетерінде: Люба, таза жүр, фронттан жаңа дәурен әкелемін. Өткен үшін есеп айырамыз, деп еді. Мен қазір соның атынан есеп айырмақпын.

П а н о в а. Байыңыз үшін бе?

Л ю б о в ь. Жоқ, сіздерге сарай салушы барлық құнсыздар үшін.

П а н о в а. Мен өзім де бардың барымен өтеп отырмын.

Л ю б о в ь. Ендеше, квит шығады.

П а н о в а. Жо-жо. Менің де үлкен есем бар. Мен де есеп айырмақпын.

Л ю б о в ь. Еркіңіз. Мен өз есебімді шешемнің сүтімен емгенмін. Біреулер сайрандау үшін туса, біреулер содан жирену үшін туады.

Колосов келеді.

К о л о с о в. Туар мейрам құтты болсын! Люба, амансыз ба? Есенсіз бе, Павла Петровна. Маған Елисаатов келеді деп еді. Жай соған... келдім.

П а н о в а. Жай емес, жүгіріп келдіңіз ғой. Тыныс алыңыз. Су жұтыңыз. Емшіңіз міне. Тығыз жәрдем етеді.

К о л о с о в. Ашықтыңыздар ма. *(Нан мен конфет алып екеуіне ұсынады.)*

Л ю б о в ь. Жоқ, рақмет!

К о л о с о в. Ал, қалайсыз!

Л ю б о в ь. Жай, қайтып келдім. Деревняны ақтар өртеп жіберді.

К о л о с о в. Туар мейрам... ой, уақа емес. Жаңадан саламыз.

Л ю б о в ь. Сіз қалайсыз, Ваня!

К о л о с о в. Ертең барып қайтсам ба деп қиял етіп ем. Бүгін міне, өзіңіз кепсіз.

П а н о в а. Бақытты екенсіз-ау. Өміріңіз қиялыңыздан озыпты ғой.

К о л о с о в. Менде үнемі солай. Біреудің мейрамын құттықтайын дегенімше өз мейрамым туа қалады. *(Люба-*

ға.) Сіздің көз ажарыңыз жақсы емес қой. *(Телефон шылдыры. Панова трубканы көтереді.)*

Любовь. Ия... жоқ, шаршағандікі ғой. Және бір нәрсе көрдім. Ғажап, жүріңізші.

Кетеседі. Кабинеттен Кошкин, Елисагов, Швандя тағы басқалар шығады.

Панова. Жолдас Кошкин, телефонға.

Кошкин *(келе жатып)*. Фронт жақындаған себепті бүгінгі жиналыс бір сағат ертерек басталсын. Соған шейін тез митингтер өткізілсін. Швандя, Елисагов, қағаздарды жәшікке сала беріңіздер.

Швандя. Құп.

Кошкин *(телефонда)*. Ия, ия! Оһо... Бар буржуй тезінен окопқа айдалсын. Сақтық үшін кеңселер жинала берсін.

Панова. Жолдас Кошкин, қол қойыңыз.

Кошкин *(телефонды тыңдай тұрып қол қояды)*. Ия, ия, мынау ескі әріппен жазып жүрген кім?

Елисагов. Қазына бөлімінің хатшысы ғой. Әлі жаттыға алмай жүр.

Кошкин. Бір сөткеге подвалға жабылсын. *(Телефонға.)* Барлық көлік мобилизовать етілсін. Граждандардың тілегені көше берсін.

Кетеді. Колосов пен Любовь келеді.

Колосов. Бұйрық бойынша ішектер ағытылады. Музыка тамам. Көмектесіңдер. *(Проводты жинап жатады. Любовь болысады.)*

Любовь. Азғана ғана уақытқа... Бәрібір күні санаулы.

Колосов. Горностаевтың терезесінен не көрдім дейсіз.

Любовь. Беторамал. Дәл сондайды Мишаға жолға беріп ем.

Колосов. Жер жүзінде біріне-бірі ұқсас орамал аз дейсіз бе?

Любовь. Кестесі айнымаған өзім шеккен кесте.

Колосов. Екі жыл өтті, ұмытсаңызшы.

Любовь. Ия, өмір шапшаң.

Колосов. Өмір шеккен анау әшекейді көрсеңізші. Дала жақсы ма?

Любовь. Ия, жап-жасыл.

Қолосов. Сол жасыл далаға адам деген өз туысқанының қанымен қызыл кесте шегіп жатыр.

Любовь. Жаңа өмірді шегіп жатыр. Жаңа дүниені қан құнымен алып жатыр.

Қолосов. Кісі қаны, арзан төлеу ғой.

Любовь. Кісінікі дейсіз бе. Мен ең қымбат қанмен өтедім. Қажет болса өзімдікін де жұмсаймын. Оның қанына татымаспын. Қараңғы, қорқақ мешанкамын. Ол төңкеріс жолында отқа өртеніп жүргенде мен қорқып қалтырап: «Қойсаңшы, ашық жұмыспен де пайда келтіресің ғой» деп қыңқылдап жүрдім. *(Бетін басып.)* Еске алсам ұяттан қиналамын. Ол тірі болса қатарында жүріп отына бірге өртенер ем... Сүзек боп шатасып жатқанымда, көз алдымда ылғи, соңғы айрылардағы түрін көріп жаттым. Жайқалған егіндік бойлап кетіп барады.

Қолосов. Люба, мен болмай басқа бір, мықты адам болсам, барлық өміріммен сіздің көз жасыңызды құрғатар ем.

Любовь. Сіз, сіз болмасаңыз әрине басқа кісі болар едіңіз, дұрыс айтасыз. Е-ей, уайымшыл.

Қолосов. Жоқ, менің де алға қарағанымда қуанғаннан бойым қалтырап кетеді.

Любовь. Ол алға қарағандықтан емес, маған қарағандықтан.

Қолосов. Иә, әрине, о да бар. *(Зеңбірек даусы.)*

Любовь. Әне, Есіттіңіз бе. Мынау ма «қуаныш» болмысы. Бүгін олардың мейрамы болсын-ақ, бірақ ең соңғы мейрамы болар.

Панова келеді.

Панова. Есіттіңіз бе?

Любовь. Рақат па?

Панова. Жоқ, «қорқыныш!»

Жүгіре жөнеледі.

Любовь. Қорықпаңыз. Ол тез басылады.

Қошкин келеді.

Қошкин. Жолдас Яровая, амансыз ба?

Любовь. Есенсіз бе? Кеше ақтар Чугуновканы өртеп жіберді.

Қошкин. Білемін. Сізге сүзектен жазылуға да мұрша бермеді-ау, сайтандар!

Л ю б о в ь. Жазылуды қойыңызшы.

Қ о ш к и н. Уақа емес. Уақытша эвакуация. Соғыс-
сыз кетеміз. Көп күттірмей ораламыз.

Л ю б о в ь. Жолдас Қошкин, тоғай ішінде, Тасқаз-
ғанда деревня халқы қазір сізді күтіп отыр...

Қ о ш к и н. Көп кісі ме?

Л ю б о в ь. Әзірше азырақ. Солардан келдім. Егер
маған сене алсаңыз...

Қ о ш к и н. Жолдас Яровая, өткен жолы ақтар кел-
генде мен сізге өзімнің де, өзге жолдастарымның да өмі-
рін сеніп тапсырмамын...

Л ю б о в ь. О-ой, тәйір-ай!

Қ о ш к и н. Сізге барымша сенемін. *(Ақырын.)* Енді,
анада бізді тыққан кілетке басқа бір нәрсе тығуға тура
келер. Маған жарты сағаттан кейін оралыңызшы.

Кетеді. Панова келеді.

П а н о в а. Жолдас Роман, телефонға!

Беторамал ұстап Горностаева келеді, алысырақта Колосов көрінеді.

Г о р н о с т а е в а. Бұл не бұл... ақтық тауығымды
сойып тастады сұмырай. Бір дюжна беторамалымды
алып орнына қалдырғаны міне бір лас немесі!

Л ю б о в ь. О кім?

Г о р н о с т а е в а. Әлгі сол, үйімде тұрған бандит,
Вихорь!

Л ю б о в ь *(орамалды қарап тұрып бозарып кетеді)*.
Мүмкін емес... Өзі, дәл өзі. Әріптерін қара. Өз қолым-
мен...

Г о р н о с т а е в а. Сізге не болды?

Л ю б о в ь. Мен бұны байыма, жолға берген едім...
Мынау қайдан алып жүр. Өзім сөйлесем.

Г о р н о с т а е в а. Уа, бүгін таң сәріден біздікінен
кетіп қалған.

Л ю б о в ь. Мынаны маған, маған беріңізші!

Г о р н о с т а е в а. Ала қойыңыз. Бірақ маған төлеуін
беріңіз. Орамал егіп жүргем жоқ қой.

Любовь орамалды алады. Бетін басып еңірейді. Кетуге айналды.
Колосов пен Горностаева артынан ереді.

Кабинеттен Қошкин, Хрущ, Вихорь, тағы басқалар шығады.

Қ о ш к и н. Сонымен, тығыз міндет — бүгін түнде
Жеглов көпірін талқандау саған тапсырылады, Миша.

Вихорь. Жеглов көпірінің стратегиялық зор мәні бар...

Кошкин. Сен немене, лекция оқымақсың ба?

Вихорь. Ондай зор жауапты операцияны біз сенің өзіңнің ғана басқаруыңмен істеуге міндеттіміз.

Кошкин. Қазір барлық операция менің басқаруыммен жүріп жатыр — партия бұйрығы. Енді сенің басқаруыңмен көпір талқандалады — менің бұйрығым.

Вихорь. Ендеше маған, ең сенімді жолдас бер: Хрущ, Мазухин, Швандя ерсін.

Кошкин. Хрущ пен Мазухинді аласың, Швандя менің жанымда қалады.

Вихорь. Мақұл.

Кошкин. Аталған орындарға тегіс тараңдар. Бір сағаттан соң осында жиналасыңдар.

Кошкин мен Пановадан басқалар кетеді.

Ну, жолдас Панова, сіз қайтесіз. Бізге ересіз бе, ақтармен қаласыз ба?

Панова. Мен ақтарды сүймеймін.

Кошкин. Қызылды ше?

Панова. Қызылды сүйем.

Кошкин. Е... қызылды несіне сүйесіз. Тегіңіз бізден басқа емес пе!

Панова. Рас, бәрін емес, кейбірін ғана сүйем.

Кошкин. Кімін, мәселен!..

Панова. О, ол соғыс сырындай құпия.

Кошкин. Бірақ мәлім ғой!

Панова. Кім ғой дейсіз.

Кошкин. Нысанаға алып-ақ жүр ғой.

Панова. Жо, саудаға салып-ақ жүр ғой деңіз. Қалтасы толған алтын. Бәрін маған ұсынады.

Кошкин (*қағаздан басын көтеріп*). Қайдағы алтын?

Панова. Жүзік, білезік, сағат. Өз жариялауы бойынша қашан тілесем, сонда алмақпын.

Кошкин. Ой, сіз... гражданка Панова... байқаңыз!

Панова. Байқадым, гражданин Кошкин.

Кошкин. Ойнамаңыз!

Панова. Ойнамаймын.

Кошкин. Грозной, менің қаным бір бауырым!

Бір-біріне үндемей қарап тұрысады. Кошкин кетеді. Грозной, кейіннен Дунька шығады.

Д у н ь к а. Жолдас Грозной, менің грузовигім неге алынады.

Г р о з н о й. Қай грузовик?

Д у н ь к а. Жаңа ғана машинаға отырып ем, ол ақырып: «тойтарыл» дейді. Уа, мен тіпті түү-түү алдыңғы жылдан большевикпін. Автомобильден мен не деп тойтарылам.

Г р о з н о й. Жоғал қалжырамай.

Д у н ь к а. Ой, сен өйтіп оқыранба. Мен өзім де шабына білемін.

Г р о з н о й. Кет әрі! (*Қырсыз.*) Жолдас Панова, қағаздарды жолға әзірлеңіз.

Д у н ь к а. Өйте берсе мен сонау жолдас Совнаркомға да салып барам.

Колосов келеді.

К о л о с о в. Туар мейрам құтты болсын, жолдас Грозной.

Г р о з н о й. Қай мейрам. А, түсіндім... Ертең сендердің мейрамың екен ғой.

П а н о в а. Жолдас Грозной, ол оның сөйтіп амандасатын машығы.

Г р о з н о й. Сен өзің аққа қарсымысың, бізге қарсымысың?

К о л о с о в. Дәл сізге қарсы, жолдас Грозной.

Колосов кетеді, Кошкин келеді.

К о ш к и н. Ну, Грозной, сөйтіп ертеңнен қалмай кетеміз. Темекінді әпкелші! (*Пановаға.*) Басыңыз: «Әдіс ретімен аз уақыт қаладан кете тұрып, граждандардың толық тыныштық сақтауы...»

Г р о з н о й. Ех, Рома, буржуйлармен ойынымды қандырмай әкеттіндер ғой.

П а н о в а. Жолдас Грозной, сіз не деген қаталсыз.

Г р о з н о й. Жолдас Панова, революционердің жүрегі болат, төсі темір болуға керек.

К о ш к и н. Рас, Грозной! (*Ананың кеудесін сипап.*) Әй, сенің төсің өзі... алтын ба қалай? (*Тағы қағады.*) Шылдырайды ғой.

Г р о з н о й. Әрине!

К о ш к и н. Ә, кәне көрсетші!

Г р о з н о й. Ну, көрмеге түсем ғой...

К о ш к и н. Ей Грозной, көрсет, аш омырауыңды!

Грозной. Қой, Рома, қылжақты!
Кошкин. Ой, бол, бұлданба! Өзіміз ғой.
Грозной. Ой, кетші. Тапқан екенсің.
Кошкин (кәрленіп). Жолдас Грозной, аш омы-
рауыңды! Ну.
Грозной. Иә, түкірдім...
Кошкин. Жолдас Грозной, шығар лезде! (Грозной-
ға наған төсейді.)
Грозной (тапаншасын суырып ап). Ну. Бұ не қыл-
жак!..
Кошкин. Революцияның атынан. Сал тапаншамы
столға.

Грозной тапаншасын салады.

Қалтанда не бар, сал столға.

Грозной қалтасындағы алтындарды салады.

Әй, бандит. Махно. Марш коридорға!

Грознойды коридорға алып шығады. Грознойдың өкірген даусы:
«Рома, кеш». Кошкиннің командасы: «Грозной, тұр дуалға! Тез тұр...
Бір. Екі». Мылтық тарс етеді. Кошкин келеді.

Кошкин (айта беріп). Баса беріңіз... «Қаланы бар-
лық революциялық тәртібінде қалдырып...»

Шымылдык.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Көше. Эвакуация аяқталып келеді. Қала сыртындағы зеңбірек
даусы енді мылтық, пулемет даусына ауысады. Пұшпақта Совет
кеңселері орнаған үйде барлық есік, терезе ашық. Алысырақта шеткі
үй жанында Дунька өз жүктерін арбаға тиеп алған. Кетушілер мей
қалушылар топтары.

Дунька. Тұра тұр деймін, албасты. Мынаған әлі
отырғышты тығуға да болады. Айнаны үстінен сал. Чемодан-
данды бүйірден қақшит. Ал, жүр шапшаң! Я, құдай-ау!

Кетеді. Чир келеді.

Чир. «Ғаси фәндә күдіреттің қаһарынан қашты де».

Кетеді. Кошкин мен Елисатов келеді.

Кошкин. Жолдас Елисатов, автомобильмен жүріңіз деймін.

Елисатов. Жоқ, Роман, өзіңіз отырыңыз, болыңыз!

Кошкин. Мен ең соңынан кетемін.

Елисатов. Жоқ, мен сөйтеін. Сіз революцияға аса керек адамсыз. Эвакуация жұмысын ең ақырына шейін мен басқарамын.

Елисатов кетеді. Швандя келеді.

Швандя. Жолдас Роман, бұл қалай. Соғыс қаланың ішіне тақап қалды. Жеглов көпірі талқандалмағаны ма сөйтіп.

Кошкин. Сөйткені.

Швандя. Біздің жігіттер мен Вихорь да қайтқан жоқ қой.

Кошкин. Қайтқан жоқ.

Швандя. А, бұл... қалай болды.

Кошкин. Не де болса болғаны. Қағазды тиеттің бе?

Швандя. Мейлінше.

Кошкин. Жәшіктерді тасыттыңдар ма?

Швандя. Қазір бітеді.

Кошкин. Сылбырсыңдар. Байқандар. Партия бұйрығы бойынша: мен, сен, Хрущ, Мазухин, Вихорь бар, осында астыртын жұмыста қаламыз. Зор міндет. Жеглов көпірін талқандау және жау желкесіне партизан шабуылын жасай беру.

Швандя. Құп!

Кошкин. Қарудың жарымы тоғайда, жарымы мектептің артындағы кілетте. Қатынасымыз Яровая арқылы болады. Бітір де жыраға түсіп ап, Тасқазғанға тарт.

Швандя. Құп.

Кетеді. Любовь Яровая жүгіріп келеді.

Любовь. Неге тұрсыз, жолдас Кошкин! Шығар жолдың бәрін алып қойды ғой.

Кошкин. Білемін. Жасыл боп кетеміз. Кілеттегі, ана отын астындағы қаруға мығым болыңыз.

Любовь. Саспаңыз.

Кошкин. Жолдас Яровая, мен ешуақытта саспай-

мын. Көрісіп тұратын жер, алаңдағы селдір тоғай. Ал, тез көрісейік.

Любовь. Қош! Жөнеліңіз!

Кашкин кетеді. Любовь шығарып салады. Дунька жүгіріп келеді.

Дунька. Ойбай, құдай-ау! Ойбай, әкем-ау!

Елисатов келеді.

Елисатов. Неге қайттыңыз, жолдас Дунька.

Дунька. Ойбай, құдайым-ау, жолдас комиссар қайда деймін. Анда жібермей жатыр. Жолды ақтар алып қойыпты. Өткелге беттеу керек.

Кетеді.

Елисатов. Сөйт, бетте. Әйтпесе айнаңа зақым келер.

Кетеді. Алыс шеттен Яровой жүгіріп өтіп, жасырынады. Горностаева мен Яровая келеді.

Горностаева (*Яровая жаққа*). А, шырақ-ай. Қалай: «Буржуйды тауықтай бауызда», солай ма?

Любовь (*алыстан Яровойды көріп*). Ойпыр-ау, кім бұл өзі, бұ кім?

Горностаева. Е, әлгі дәл менде тұрған Вихорь, талап-талап алса да қашқанда құр қол ғой.

Любовь. Мүмкін емес. Елес қой...

Кетеді.

Есіктен екі-үш қызыләскер көрінеді, жүк әкеле жатыр. Жақындап келе жатқан Махораны көріп шегініседі. Швандя шығады.

Швандя. Ал, неге тұрдындар.

Қызыләскер. Әне бір албасты келеді.

Швандя. Но, ол бұйым емес! (*Махораға тап беріп, жұшақтап.*) Ну, қош бол Анюточка.

Махора. Анюточка. А мен Махорамын ғой.

Швандя. Уа, қойшы. Не деген ісі әдемі ат. Ну, қош тұрыңыз, уайымдамаңыз.

Махора. Да, мен сізді көріп тұрғаным осы ғой!

Швандя. Бәсе. Көрісіп болмай айрылысуға тура келгенін қайтейін. Ну енді жыламаңыз. Швандя қайта оралады.

Қызыл әскерлер Махораға көрсетпей жәшікті алып өтті. Швандя кетеді. Граждандар өтіп жатыр. Солардың арасында Дунька, кейін Марья шығады.

Дунька. Ой, құдайым-ай, құдайым-ай! Бастық қайда десеңші. Құрыды-ау жасауым!

Марья. Аналардың ішінде жоқ, енді мыналарын қарайын. (Дунька.) А, сен тағы түрленгенбісің. А? Басындағы шөмелесін көрсеңші. Бәлем осы! (Тап береді.)

Дунька кашады. Алдынан каптенармус Костюмов шығады.

Костюмов. Сізге не болды, бикеш.

Дунька. Әне, әне бір құтырған қатын.

Костюмов. Не қыл дейді?

Дунька. Әшейін. Күнәкерсіз! Болысар жан жоқ.

Костюмов. Ой, тәңір-ай! Рұқсат етіңіз. Аты-жөніңіз қалай?

Дунька. Авдотья Фоминишна Кулишова. Өзіңіз ше?

Костюмов. Екінші разряд каптенармус Кузьма Ильич Костюмов. Лайығына орай бөлме керек еді.

Дунька. Ендеше рақым етіңіз. Мен жапа-жалғызбын ғой!

Кетеседі. Марья жүгіріп өтіп бара жатыр

Марья. Мүлдем жоқ. Әй, өлген ғой иттің балалары!

Музыка. Алыста ақтар. Асығып, қысылып Швандя шығады. Аярлы қаранып, бұрыш айналады. Алдынан солдат Пикалов шығады.

Швандя. Жаныңды жалп етіп басты ма. Сен жолдасың, жоқ жерлеспісің, қалайсың?

Пикалов. Жолдас боп та жүрдім, жолдасқа қарсы боп та жүрдім.

Швандя. Біздікпісің, олардікімісің?

Пикалов. Сендік. Боқыраудан бері тұтқындамын.

Бүгін олар, ертең бұлар...

Швандя. Темекің бар ма?

Пикалов. Бұйырмасын.

Швандя. Табамыз.

Қатар отырып темекі тартысады. Дауыстар естіледі. Музыка.

Жерің алыс па еді?

Пикалов. Тульский. Сен ше?

Ш в а н д я. Курский. Митревка селосы. Швандя бо-
ламын, естіп пе ен. Ну, сендерде қалай?

П и к а л о в. Е, сол, болымсыз. Басында өйткенмен
тым онша емес. Сендерде қалай?

Ш в а н д я. Бізде басқа. Саналымысың?

П и к а л о в. Кім?

Ш в а н д я. Сен.

П и к а л о в. Жо, Хатталмадым. Сен ше?

Ш в а н д я. Мен бе, мейлінше. Төрдің төрінде. Әлгі
Маркспен өзің мен өзімдеймін.

П и к а л о в. Өзі қалай?

Ш в а н д я. Шал мығым.

П и к а л о в. Үйге тез қайтарам дей ме?

Ш в а н д я. Тіке дейді, бар капиталды құртқанша
тоқтамаймын дейді.

П и к а л о в. Ой, тоба!

Ш в а н д я. Әуелі Ресей капиталын ұшырам да, содан
кейін шетелдікін бөксеремін дейді.

П и к а л о в. Ой, қу шыбын жан. Пішенді тағы да
қатын өзі шапты десеңші.

Отрядымен офицер өтеді.

О ф и ц е р. Кімсіңдер.

Ш в а н д я. Біз ғой... Тұтқын әшейін...

Гимназистка жүгіріп шығады.

Г и м н а з и с т к а. Ванечка!

О ф и ц е р. Мурка. Міне рахат!

Г и м н а з и с т к а. Тірімісің?

О ф и ц е р. Көрмеймісің! (Швандяға.) Апар контр-
разведкаға. Отырғаны несі жалпынып!

Швандя мен Пикалов бір-біріне аңыра қарасады.

П и к а л о в. Тұтқын қайсымыз?

Ш в а н д я. Сен боларсың.

П и к а л о в. Е, мен алынғалы қашан. Саған қадал-
масын.

Ш в а н д я. Ендеше, алып жүр!

П и к а л о в. Қайда алып жүрем. Өзі жат қала...

Ш в а н д я. Тұра тұр, байқайын. Тегі, былай болар.

Пұшпақ айналады. Екеуі де айнала қарап, бірін-бірі көре алмай екі
жаққа жөнеледі. Швандяның алдынан Чир шығады.

Ата-ау, енді қайттік, Ремиз! Тесік атаулы кептелген.
Ч и р. Әй, әй, құдайдың құлы! Не қып шыға алмап ең?

Ш в а н д я. Жұмыс бөгеді ғой!

Ч и р. Қандай жұмыс?

Ш в а н д я. Әлемнің әкесіндей.

Ч и р. Ой, жүре ғой, құдайдың құлы Феодор, шығарайын. «Маған ерсең жәннәтқа барасың» деген ғой!

Ш в а н д я. Десе болғаны-ақ.

Келе жатысады. Патруль шығады.

Ч и р. Ей, туған, бері тарт. Міне мынау нағыз қызыл пері!

Патруль Швандяны ұстай алады.

Ш в а н д я. Ой, бәлем тұра тұр, көк соққан азғын. Тозақ отына түссем де сені бір кеп табармын.

Ч и р. А, сен өлер сағатында иманыңды, иманыңды айт. Жәллеп дарда тұрып та тәубе қылған. Феодордың аруағына тие берсін, аллаһу ақпар!

Кетеді. Шеркеу қоңыраулары қағылып, поп бастаған буржуйлар ақтың отрядын қарсы алады.

Е л и с а т о в. Ваше превосходительство, ең қиыны, сұмдардан мәдениет белгілерін сақтау болды. Талай рет өлімге де басты байладық.

Г е н е р а л. Мырзалар! Россия патшалығының тәңір берген иесі, сіздердің бірде-бір қазаңызды өтеусіз тастамайды. Мезгіл жетсін деңіз!

Е л и с а т о в. Міне, мына жарнаманы оқысаңыз не-тер екен!

Пұшпақтан Любовь көрінеді.

Яровой көріп қалып, аңырып тұрып, аздан соң қуанып ұмтылады.

Я р о в о й. Люба.

Л ю б о в ь (*көріп, тоқтап қан*). Бұл қалай?

Я р о в о й. Люба... Сенбісің?

Любовь аз уақыт дуалға сүйеніп қап, кейін еңіреп байының құшағына құлайды.

Таптым, таптым ғой. Қуанышым. Любушка!

Л ю б о в ь. Тоқта. Тоқташы. Осы сенбісің. Түс емес пе. Тірі, тірімісің?

Яровой. Тірімін.

Любовь. Мишенька! Мишенька! Екі жылдай жоқтап ем. Кәне көріп алайыншы. Аурумысын. Қолың кем бой! (*Жылаған бойында байының беті мен қолын сүйеді.*)

Яровой. Түк емес. Соғыс қой. Өзің қалайсың?

Көп ішінде Горностаева келе жатады.

Горностаева. Шырақтарым-ау. Оңбағандар дараға асылыпты. Дворян көшесінде фонарь бас сайын бір большевик асулы тұр. Міне үкімет. Жеттік-ау. Жеттік пе, я құдай, тәубе!

Любовь. Миша, кетейік, кетейікші тезірек.

Горностаева (*Яровойды көріп қап*). А, сен мұндамысын, шырақайым. Кетпедің бе?

Любовь. Неге қалдың?

Яровой. Амансыз ба, Елена Ивановна!

Горностаева. Мырзалар, офицерлер. Арестке алындар мына жауызды. Комиссар Вихорь!

Генерал. О немене, поручик Яровой?

Яровой. Иә, міне, адамның астамшылығын қараныз. Профессор әйелі, мүлкімді жақсы сақтамадың деп ұрсып тұр. Менің, өмірімді оққа байлап жүргенімді қайдан білсін.

Генерал. Иә, біз сізге бата оқитын боп қойып ек.

Горностаева. Сөйтіп сіз... біздік... біздік пе едіңіз?

Қуанып қолын құшақтайды. Мықты конвоймен Хрущ, Мазухин бастаған жегловшыларды әкеледі.

Яровой (*генералға рапорт беріп*). Жеглов көпірін бүлдірмек болған бұзақылар.

Любовь. Миша. Сен... Жалған... (*Құлайды.*)

Шымылдык.

Екінші сурет

Түн. Қала сыртындағы жардың елсіз жері. Үн жоқ. Аздан соң Швандя жақындап келе жатады. Оны екі конвой әкеле жатыр.

Токтасады.

І-конвой. Қай жерде, батыр-ау, бұл итгін қаласы. Аспан жап-жарық. Ал жерде түк көрінбейді. Токта. Тынығамыз.

Ш в а н д я (*әндетіп*).

Неткен сұмырай қыз еді-ей,
Неге алдаумен өтесің...

І-к о н в о й. Сені сол жерде-ақ асуға болатын еді. Осында жиырма шақырымға айдатқанын сайтан білемі?

Ш в а н д я (*темекі тартып*). А, ол жер маған мүлде жақпаған шығар.

І-к о н в о й. А, мен сен бандитті осы арада-ақ қвит қып жоқ қылайын деп отырмын. Бәрібір үкімің айтылған.

Ш в а н д я. Е, әрине, ұқыптылығыңа рақмет. Бірақ әуелі мені түрмеге жеткіз.

І-к о н в о й. Оған жеткенше таң атып кетеді де, сені аса алмай қаламыз ғой.

Ш в а н д я. Е, менің оншалық асығысым жоқ. (*Әндетеді.*)

Неткен сұмырай қыз еді-ей,
Неге алдаумен өтесің...

І-к о н в о й. Қой. Итше ұлымашы өзін.

Ш в а н д я. Өлім алдында тамақты кенеп алған жақсы болады... (*Әндетеді.*)

Демеп пе едің сүйемін мен
Байға кеткен неткенің.

І-к о н в о й. Ән салма дейім өлім алдында!

Ш в а н д я. А, өлім артынан үн жетпей қалады ғой. Ән өлімге түйткіл емес.

І-к о н в о й. Бәсе, өлімді қолмен қаға алмайсың. Дүниедегінің бәрі пәни жалған. Мына сен ғой большевик, неміске сатылдың да, капитал алдың, о дүниеге бәрібір әкете алмайсың.

Ш в а н д я. Қайда! Жеткізе алмайсың ғой!

І-к о н в о й. Қамтығаның көп-ау, ә?

Ш в а н д я. Шүкірлік.

І-к о н в о й. Қанша алдың? Әйтеуір өлесің ғой, дінді айтып тәубе қылсаңшы!

І-к о н в о й. Әлде, құдай, аз да болса күнәнді кемітер.

Ш в а н д я. Е, тәубе деген оңай ғой, бірақ поп болса десеңші!

І-к о н в о й. Сен шоқыншыдан поп не алсын. Мен-ақ жараймын. Мен шеркеу старостасымын.

Ш в а н д я. А, ну, о да болады.

І-к о н в о й. Ал кәне, имандай шыныңды айт: дін мен отанды сатқаның үшін қанша соқтың?

Ш в а н д я. Е, құдайға шүкір, құр тастаған жоқ. Дін үшін ер басына жүз гульд алдық. Ал отан үшін тік көтере сауда қып стервинг төледі.

І-к о н в о й. Оның патша ақшасына шаққанда не болады.

Ш в а н д я. Жаңылмасам, бір қырық мың болар.

ІІ-к о н в о й. Ә-әй, шайтан буржуй.

І-к о н в о й. Ол пұлың қайда?

Ш в а н д я. Әрине, өз бойымда, мен капиталымды кісіге сенбеймін.

І-к о н в о й. Кәне, көрсетші.

Ш в а н д я. Көрсен алып қоясың ғой!

ІІ-к о н в о й. Әрине. Ату керек паразитті.

І-к о н в о й. Сөйтп, о дүниеге әкетпексің ғой.

Ш в а н д я. Неге! Осы дүниеде дұға қып отырарлық бір тәуір қолға тапсырсам болар еді.

І-к о н в о й. Бері әпкел. Мен сенімді адаммын.

Ш в а н д я. Жо, мен одан да мынаған берем, осы сенімдірек.

І-к о н в о й. Әй, ол батырақ! Менде мұндайына қора толады.

ІІ-к о н в о й (*біріншіге*). Қара жалмауызды!

І-к о н в о й. Кәне қолыңнан бер. А, мен саған тәбаракті оқып шығам.

Ш в а н д я. Тәбарак аз ғой, ағатай-ау.

І-к о н в о й. Әпкел деймін! Әпкел, әйтпесе осы қазір жатқызамын. Көтер қолыңды, бандит. (*Швандя қолын көтереді.*) Қай жерінде. (*Тінтіп, қалталарын сыр айналдырып шығады.*) Ой, айт деймін!

Ш в а н д я. Қалтамда еді. Әлде астарды аралап кеткен болар.

ІІ-к о н в о й. Ой, оның тесік қой.

Ш в а н д я. Онда тап, түсіп қалған болар.

І-к о н в о й. Ой, сен сұмырайға мазақ керек пе. Айт, пұлың қайда!

Ш в а н д я. Пұл сенде ғой, бай. А мендегі барым осы сиқым мен битім ғой.

I-конвой. Өтірік айтасың. Немістің ақшасы болмаса сен ел талап, кісі өлтірер ме ең?

Швандя. Осы, мен емес сен өлтіргелі келе жатқан жоқпысың мені. Соның үшін және неміс ақшасымен ақы алғың келеді емес пе. Сатымсақ оңбаған сен емеспісің?

I-конвой. Оттапсың! Мен неміс ақшасы емес, өз жерім үшін соғысамын...

Швандя. Е, мен де сол үшін...

I-конвой. Не үшін?

Швандя. Сенің жерің үшін деймін! Тап сенен алып мынаған, жолдасына беру үшін соғысамын...

I-конвой (*долданып, мылтығын шапшаң көтеріп*). Қорқытпақпысың, бандит! Қылжақ керек. Қәне, тұр былай! Әрі қара деймін, өй өлексел

Швандя. Өй, бұныға машығым жоқ.

I-конвой (*екіншіге*). Әй, ал нысанаға. Не қып тұрсың?

II-конвой. А, сен тиме!

I-конвой. Не дейсін! Ат деймін, әйтпесе өзінді иттей...

II-конвой (*жалт беріп мылтығын оқтанып*). Әй бәлем, доңыз кулак, сен бе, тез...

Швандя (*II-ші конвойды қолынан ұстай алып*). Жолдас, тоқта. Оғынды шығын қылма. Елді үркітпейік!

I-конвой. Қара...

Швандя (*аузын басып*). Сүйре былай, мына жарға.

Екеуі. I-конвойды қараңғыға әкетеді. Тез оралады.

II-конвой. Енді қайда бардық?

Швандя. Жер таныс, жол жатық. Бері тарт, жолдас.

Кетіседі.

Шымалдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Кеш батып барады. Бірінші пердедегі бөлме. Ала тулар. Плакат, афишалары би жайын мәлімдейді. «Ресейдің оңтүстігіндегі әскерлерге көмек үшін» деген жазулар. Алысырақта Панова отыр. Колосов провд жүргізіп жүр. Есікте Любовь Яровая көрінеді.

Любовь. Не білдіңіз?

Колосов. Түк білмедім. Бәрінің айтатыны: жегловшылар атылады дейді. Үкімді бекіткен пакетті тосып отырса керек.

Любовь. Білеміз, кешірім жоқ. Қашан орындар екен. Жаңа Швандя кеп кетті, Роман жіберіпті. Жолдастарды атуға апара жатқанда жолда тартып алмақшы. Жалғыз-ақ қашан, қай жерде атуын білу керек.

Колосов. Үкімді бекіте салысымен атады.

Любовь. Ал сол бекіту қашан келеді екен?

Колосов. Әлде келген де шығар.

Любовь. Бәсе! Бәрін білетін Панова!

Би басқарғыш жас жігіт жүгіріп келеді.

Биші. Мырзалар, бүгін таң атқанша билейміз.

Любовь. Немене?

Биші. Немене. Би мен үкілі почта. Биді өзім басқарам.

Афишаны түзеп жүгіріп кетеді.

Любовь. Михаилға көріспес үшін мен кетемін.

Колосов. Анадан соң көріскен жоқпысыз?

Любовь. Жоқ. Сөйлестік те... бітті.

Кетеді. Панова келеді.

Панова. Қалтаңызда бір нәрсе бар-ау?

Колосов. Бек мүмкін. *(Екі алманы суырып ап.)*

Екі нәрсе. *(Сыйлайды.)*

Панова. Кеше, ана бөлмелерде жарық болмады.

Колосов. Патша ағзамның күйшілері, сіздердің шектеріңіз үзіле береді екен.

Кетеді. Кутов пен Елисатов келеді.

Елисатов. Қош келіпсіз, полковник. Қайтқаныңызға көп болды ма?

Кутов. Жаңа ғана. Дәл фронттан. Амансыз ба, Павла Петровна. Его превосходительствоға доклад етіп, Се-

лэзневка тұсында тағы да әдемілеп жеңгенімізді баян еттім. Олжаны білдіңіз бе.

Е л и с а т о в. Бәлі. Жетпіс тұтқын, төрт пулемет қой.

Қ у т о в. Қате. Жүз жетпіс тұтқын.

Е л и с а т о в. Телеграммада...

Қ у т о в. Түзетіңіз. Он төрт пулемет және де тоғыз зеңбірек.

Е л и с а т о в. Басылып қойған еді. Бірақ «қосымша хабарлар бойынша» дейміз ғой.

Қ у т о в. Және армияның көңілі қатты көтеріңкі деп басыңыз. Халық тегіс ерікті әскер қатарына жазылып жатыр деңіз.

Е л и с а т о в. Жау қалай дейміз?

Қ у т о в. Әбден іріген, үштен бірі дизертир, қалғанын штык, пулеметпен айдап салып жүр. Революция айдаһары өлуге айналды. Енді барлық орыс халқының ұлы Россия үшін жанын салып, «я құдай, жарылға...» деп шығатын күніне аз-ақ қалды.

Панова кетеді.

Е л и с а т о в. Ештеме әкелдің бе?

Қ у т о в. Қант.

Е л и с а т о в. Көп пе?

Қ у т о в. Жеті пұт.

Е л и с а т о в. Бағасы ше?

Қ у т о в. Жеті жүз мың.

Е л и с а т о в. Полковник, араныңызды ашпаңыз.

Қ у т о в. Алты жүз. Одан әрі бір тиын шегермеймін.

Е л и с а т о в. Алдым.

Қ у т о в. Ақшаны қазір түсіріңіз.

Е л и с а т о в. Ертең.

Қ у т о в. Жо, бір сағаттан бір минут ары кетпесін.

Панова келеді.

Е л и с а т о в. Полковник, осы сөздеріңізді газетке басуға рұқсат па?

Қ у т о в. Пожалуйста. Құрметті Павла Петровна, сіздің анау сыртқы дос деген сұмдарыңыздың не жаңалығы бар?

П а н о в а. Жаңалығы — жаңа моды. Жаңа билер. Бар Париждің толғағы сол.

Қ у т о в. Ну, оқа емес, ренжімеңіз, қымбаттым. Қаруларын алсақ, модасын да алармыз. Аркадий Петрович,

сіз білдіңіз бе, жақында его превосходительство келеді.
Е л и с а т о в. Әрине білемін.
К у т о в. Айтпақшы, өткен жолы его превосходитель-
ство келгенде көшеде қала халқынан ешкім болмады.
Оны его превосходительство байқап қалды.
Е л и с а т о в. Қойыңызшы? Қандай қырағы...
К у т о в. Бұл жолы шара қолдануыңызды сұрайды.
Е л и с а т о в. Қала халқын көбірек жиюды сұрай ма.
Ол шараны кім істейді?
К у т о в. Е, шама келгенше әрине өзіміз істейміз...
Е л и с а т о в. Павла Петровна, ұқтыңыз ба! Бұл да
салық. Бірақ сондай үлкен тапсырманы орындауға уақыт
аз деп ойламайсыз ба, полковник. Және біздің техника
қандай...
К у т о в. Сіз әзіл көресіз бе?

Протоиерей Закатов келеді.

Мына әкей протоиерей де уағыз-насихат сенімімен
жәрдемші болар...

Е л и с а т о в. Е, сіз бір сәрі ғой...

З а к а т о в. Яқшы ғафияттасыз ба, мырзалар. Его
превосходительство келді ме? Тәңірім дұшпанды тағы бір
жеңгізді деген ақпар тұғыры ма?

К у т о в. Әбден тура. Уағыз сөз сізге парыз боп
қалды.

З а к а т о в. Иншалла. Әлбетте шатлық зор. Жаңа
полковник Малининді көрдім, карательный экспедиция-
дан қайтқан екен. Бүкіл деревнялар ғайып гунаһерлары
үшін тәубәге келті. Менің пайғамбарлық сөздерім жа-
дыңызда ма, мырзалар. Қырық күннен соң Москва шер-
теулерінің ғажайып қоңырауларын тындаймыз демеп пе-
м?

Яровой мен Малинин келеді.

Міне, өзі де келді.

М а л и н и н. Амансыздар ма, мырзалар. Әкей про-
тоиерей, патихаңызды өтінем. *(Қолын созып бата сұ-
райды.)*

З а к а т о в *(шоқындырып)*. Илаһи амин, оралған са-
парың мүбәрәк болсын.

М а л и н и н *(Закатовтың қолын сүйіп, артынан Па-
нованың екі қолын да сүйеді)*. Әуелі әулие қолдың бірін,
содан періште қолдың екісін.

З а к а т о в. Тағзымың жақсы, сөзің дәр-гүмән!

П а н о в а. Фи, иісті майыңыздың аты қандай осы? Шабуыл майы ма. Мына полковник Қутовтың маған фронттан әкелгенін көріңізіші, ғажап!

Қ у т о в. Полковник, табысыңыз құтты болсын.

М а л и н и н. Сіздікі де құтты болсын.

Е л и с а т о в. Нобайын да айта алмайсыз ба?

М а л и н и н. Ә, нобайы десеңіз...

Е л и с а т о в. Ол деревнялардың помещик егінің орып ап, үйлерін талқандауға не себеп болған екен?

М а л и н и н. Тура большевик үгіті!

Е л и с а т о в. Үгітшілері ұсталды ма екен?

М а л и н и н. Мейлінше, бірі қалған жоқ.

Е л и с а т о в. Тыныштық орнату шаралары қандай болды?

М а л и н и н. Деревняны өртеу, кісісіне дүре соғу сияқты берік, тығыз шаралар. Айтпақшы, бұл баспаға баратын сөз емес. Баспаға жібер дейтінім: сол екі жұмалық сапар бойында бар отряды, командирі мен солдаты тегіс, деген жерден шықты. Барлығы да дін үшін — дарға, патша үшін — найзаға, Отан үшін — отқа түсуге де әзір болды. А, мынандай қол үшін (*Панованың қолын сүйін.*) от пен суына қабат түсе аламыз.

П а н о в а. Ия, сіздерді онда дар мен отқа салушылар кімдер екен? Қатындар ма?

Қ у т о в. Рас-ау, бейбіт ел ішінде найза деген бар ма екен, әуелі...

М а л и н и н. Қымбаттым, құлақ салыңыз, ең әуелі большевиктің бейбіт ел арасындағы қаупі соғыстағы найзадан анағұрлым күшті. Екінші, біз онда найзаны жидтің құс төсегі мен ханымдарға арналған иісті майлар үшін жұмсағанамыз жоқ, кейбір осындағы күлегештерше...

Қ у т о в. Үшінші, бейбіт елге барып орыс қатынын жоқ қылғанша, майданда жидті жоқ қылу абзалырақ шығар деймін, әкей протоиерей, ә?

З а к а т о в. Бір жағынан солай-ақ, тіпті екінші, үшінші жағынан әсіресе солай...

Я р о в о й. Мырзалар, бұл дауды шешу үшін ең әуелі кабинетке барсақ, екінші, әкей Закаатовты бұндайдан аулақ етсек жарар еді.

М а л и н и н. Кабинетке рақым етіңіздер, мырзалар.

Барлық офицер көрші бөлмеге кетеді.

З а к а т о в. Ал, Аркадий Петрович, дача жайы қалай. Алайын деп ем.

Е л и с а т о в. Бар, батышка, сізге өте лайықтары бар. Бұйырыңыз.

Кетіседі.

К у т о в. Қатындармен алысып жүрсіз, ал иегіңіздің астында жегловшылар көпіді тағы талқан ете жаздады.

М а л и н и н. Талқан ете алмады. Мазухин мен Хрущті ұстаған мен.

К у т о в. Сіз бе едіңіз. Оның бәрін істеген поручик Яровой. Сіз өзіңізге босқа таңасыз...

Я р о в о й. Мырзалар, бұл дауды қойсаңыздар екен. Қазіргі уақыт оңай емес. Роман Кошкин қолға түспей, желке жақтың қаупі жойылмайды.

М а л и н и н. Қолға түсіреміз. Орехов қарағайына кіріпті деген хабар жаңа ғана алынды. Ал әне бір, дарға асылар жерде конвойды тұншықтырып кеткен кім еді?

К у т о в. Швандя ма?

М а л и н и н. Ия, ия, Швандя Қасқыр сайда дейді. Қазір ғана екі жаққа отряд жіберу керек.

Я р о в о й. Менше, қателесесіз. Сіз отрядыңызбен қарағайды, мен сайды кезіп жүргенде, бұл жақта көпір мен складтар аспанға ұшып жүрмесін.

М а л и н и н. Осы тұста шошыта қимылдау қажет. Ана Жеглов шайкасын Жегловкада аспай, тақ осында бақшаға асу керек.

К у т о в. А, ол әсерлі болар еді.

М а л и н и н. Мен қазір его превосходительствоның рұқсат етуін өтінейінші. *(Телефон трубкасын алады.)*

Я р о в о й. Мен солай істемеуді талап етемін.

К у т о в. Жо, бұның әсері күшті болар еді ғой...

Я р о в о й. Мен өзім де ол сияқты құтырған құлдарды жалғыз бақша емес, тіпті Москваға баратын жолдың бойына асып-ақ қояр ем. Бірақ қазіргі сағатта одан шығатын әсер — дәл түрменің аузында сол Кошкиннің өзі айырып әкетеді.

М а л и н и н. Ну, оған жеткенше Кошкиннің қолымызға да түсер. Ал таңертең жұрт жаңағыдай асулы тұрған өлікті көрсе, ол барлық үгіттен әсерлі болар еді. Ескі тәжірибеге илансаңдар екен.

К у т о в. Біз батыл емеспіз, екі ұдайымыз. Болмаса қатал жазаны әшкереледің бе, ендеше іске асыр.

М а л и н и н. Шала большевикке де қаттырақ тиісу керек. Жарымын фронтқа жіберіп, жарымын қамау керек.

Я р о в о й. Сонда бар қолға ұстап қалатыныңыз Ели-сатов па?

М а л и н и н. А, сіз тегі шала большевик болмақсыз ба?

Я р о в о й. Большевикпен алысқанда менің буыным қалтырамайтынын білсеңіз керек еді ғой. Менің ойым-ша...

М а л и н и н (*зекіп тоқтатып*). Поручик мырза, кесер сөзім сол, өз ойыңыз өз ішіңізде тұрсын. Алдымен его превосходительствоның бұйрығын бұлжытпай орындаңыз.

Я р о в о й (*ашуын тежеп*). Мен сіз туралы ойымды өз ішімде қалдыруым керек.

Автомобиль даусы.

К у т о в (*терезеге қарап*). Его превосходительство.

Барлығы генерал кабинетіне беттейді.

Кутов есікті серпіп ашып қап, Колосовты көреді.

К у т о в. Сен кімсің? Не істеп жүрсің есік сыртында?

К о л о с о в. Мастермін, телефон түзеп жүрмін.

К у т о в. Кейін кел.

Жәшік көтерген Горностаева, оның артынан Закатов келеді.

Г о р н о с т а е в а. Бұ не болды, мырзалар-ау. Поручик Яровой, Максты тағы отырғызып қойды. Үшінші рет.

Я р о в о й. Қашан?

Г о р н о с т а е в а. Жаңа ғана. Көшеде. Мына жәшік-ті маған беріп, байымды контрразведкаға алып кетті.

Я р о в о й (*Малининге*). Тегі сіздің кісілер Горностаевты тағы Кошкин деп қалған ғой.

М а л и н и н. Жақсы. Қазір телефонмен білейін.

Горностаева мен Закатовтан басқалары кетеді.

Г о р н о с т а е в а. Үшінші рет. Өзі ауру адам. Бірде-бір жазығы болсашы!

З а к а т о в. Гунәһсіз кісің де, гунәһар да солай дей-тін әдет қой, ханым. Бірақ әкім адам момын қойды сүзе-ген текеден айырап.

Горностаева. Күнәсі не? Біресе, большевиктермен неге бірлестің деп еді, ал енді кеп: неге сахарин мен лимонды қыдыртып сатасың, неге спекуляция жасайсың дейді.

З а к а т о в. Сүйіктім, қиналмаңыз. Жұртыңыз хадал болса, абырой ала шығады.

Горностаева. Иә, абырой алса екі шыққаны аз болды ма! Сол абырой сіздің өз басыңызға келсе екен.

З а к а т о в. Несі бар. Ғайса мен әулиелер аштықты да, ғазап қорлықты да көрген. Жұптыңыз ғайыпсыз болса бұл көргені сауап қана болады, тек күпірлік келтірмеңіз. Бұнда большевик жоқ.

Горностаева. Отырса, сол бүліктер отырса етті. Мынау өз үкіметіміз еді ғой. Тоса-тоса тапқанымыз ба! Бар зиялы — абақтыда.

З а к а т о в. Ханым, зиялылар өздерінің өмір, бақыт бүліктігі үшін қаза шегеді. А, көріп отырғаныңыз солардың ісі. Нені ексең соны орасың. Міне сіздің жұбайыңыз профессор — сол өзінің биік мінбесінен нені уағыз етті дейсіз. Жас буынға нені үйретті. Патша мен дінді қорғау үшін үн шығарды ма?

Горностаева. Сіздің маған қадалғаныңыз не, батюшка-ау. Профессор келген соң нені үйреткенін өзінен сұраңыз. А, мен өзіңізден сұрайын, сіз нені үйреттіңіз. Уағазыңызды тыңдаған халқыңыз қайда. Профессорлар азғантай-ақ, олардың және аузын басып, менің Максімдей қуғын-сүргінге салушы еді. Ал, сіздің басыңызға алтын тақ кигізіп, бар халықты шәкірт қып бермеп пе еді. Сіздің үйреткеніңіз қайсы?

З а к а т о в. Сабыр етіңіз...

Горностаева. Сізге құдай патшаны сақтауды тапсырып еді. Біз сіздерге сеніп ек. Сақтадыңыз ба. Тіпті өзіңізді айдап шыққан жоқ па?

З а к а т о в. Сізге бес түрлі дағуа айтуға рұқсат етіңіз!

Горностаева. Сізді бар дағуаңызбен бірге қуып жатыр.

З а к а т о в. Ендеше, дәл сол бесінші дағуадан бастайын. Сіздің жұбайыңыз қызылдар тұсында кешкі университет ашып, ақтар келгенде қыдырып сахарин сатып кеткені несі?

Малинин келеді.

Малинин. Профессор босады. Қазір осында болады.

Закатов. Әне көрдіңіз бе, ақиқат қандай тез орындалды. Тек дағуа көтеріп, қасилық етпеу керек еді. Зи-я-лы.

Кетеді. Горностаев кіреді.

Горностаева (ұмтылып). Макс, Макс. Бұ не?

Горностаев. Бұл босанғаным шығар. (Малининге.) Кетуге бола ма?

Малинин. Иә, иә, профессор. Жаңсақтық үшін гапу етіңіз. Е, сіз бен біз ескі таныспыз ғой. Есіңізде ме?

Горностаев. Иә, иә! Мен сіздің көзіңізді де бір жерде... А, жо, Дуньканың...

Малинин. Не дейсіз?

Горностаева. Е, ол бұның бір аңқаулығы емес пе, солай!

Горностаев. А, иә, жаңа есіме түсті. (Анықтап қарап.) Бәле, бәле жандарм ротмистрі Малинин. Үйімде тінту жасап, кейін мені Вяткеге...

Малинин. Міне, міне. А, бүгін енді босатуға тура кеп тұр. Жаңа достан ескі.

Горностаев. Иә, иә, дәл өзі. Құдыққа түкірме!

Горностаева. Жүр, жүрші, құдай үшін.

Бұлар мен офицерлер кетеді. Панова көшірілген қағаздарды кабинетке апара жатады. Көрші бөлмеден Колосов шығады. Токтатады.

Колосов. Павла Петровна, бұл келген қандай қағаз?

Панова. Аулақ жүріңіз.

Колосов. Жегловшылар туралы ма. Құдай үшін айтсаңызшы?

Панова. Сіздің не айтқыңыз бар?

Колосов. Екі-ақ сөз: басқа ма, сол ма, жері қайсы екен.

Панова. Сізге білу қажет пе.

Колосов. Иә. Олардың өмірі сіздің қолыңызда.

Панова. О, қалайша.

Колосов. Қалайша екенін айта алмаймын, бірақ солай!

Панова. Кетіңіз дереу.

Колосов. Қарағым, абзалым. Сіз аямайды дегенге сенбеймін.

П а н о в а. Аяғанда сізді солармен бірге аспайтынын аяймын. Осы арадан қазір жоғалмасаңыз, аянышым кетеді де, сізді де асады. Мен соны істеймін.

К о л о с о в. Істеніз, бірақ үкімді бекіткен қағаз келді ме, соны ғана айтыңызшы?

П а н о в а. Чир. (*Чир кіреді.*) Монтер жұмысын бітіріпті. Завхоздың кабинетіне апарыңыз.

Чир Қолосовты ертіп кетеді. Қараңғы терезеден Кошкин көрінеді, крестьянша киінген, қолында ыдысы бар.

К о ш к и н. Жолдас Панова!

П а н о в а. Бұ кім, Роман... Сізге не керек?

К о ш к и н. Тоғайдың жемісін ала келдім. (*Ыдысын береді.*)

П а н о в а. Батыр-ау, сіз жындысыз ба... Ұсталасыз ғой қазір!

К о ш к и н. Қағаз келді ме? Қашан, қай жерде асады?

П а н о в а. Қімді?

К о ш к и н. Ой, бол!

П а н о в а. Білмеймін!

К о ш к и н. Білесіз!

П а н о в а. Жөнеліңіз!

К о ш к и н (*тапанша төсеп*). Ну, сіз мені білесіз ғой. Жегловшы жолдастарымның өмірі маған өз өмірімнен қымбат!

Есік сыртында аяқ дыбысы.

П а н о в а. Кетіңіз. Осында келеді.

К о ш к и н. Мен бұл нәрсемен ойнамаймын. Тостым!

Кетеді. Чир келеді. «Патшалық күр атақ тап» деп әндетеді.

П а н о в а. Сізге не керек, Чир.

Ч и р. Шақырмадыңыз ба?

П а н о в а. Жоқ.

Ч и р. Кәрі кісі кейде қакас есітеді ғой.

П а н о в а. Ендеше шоқына жүріңіз.

Ч и р (*шоқынып*). Жемістің исін-ай, өзі тоғайдікі ғой. Халық деген тереді. Жасылдардан да қорықпайды.

Яровой кіреді.

Я р о в о й. Чир, не дейсің?

Ч и р. Жемістің исі әдемі екен деймін, тоғайдікі ғой.

Я р о в о й. Бұны сізге кім ұсынды?
П а н о в а. Табынған жігітім ше.
Ч и р. Табыну тәңірге ғана лайық...
Я р о в о й. Шық шапшаң.

Чир кетеді.

Сізге табынушы кім екенін білуге бола ма?

П а н о в а. Болмайды.

Я р о в о й. Жемісті жасылдау жерінен әкелді ғой. Ер ғой?

П а н о в а. Қорқақ емес.

Я р о в о й. Тегі мұнда бір сүйіспендік романы бар ғой.

П а н о в а. Я, азғана.

Я р о в о й. А, сол кіші романыңыз — өзі үлкен әріппен жазылмай ма?

Бір-бірінің көздеріне қадалысады.

П а н о в а. А, сіз, басқаның сүйіспендік романын оқығышсыз ба?

Я р о в о й. Мен қызғаншақпын.

Есікте Кутов көрінеді, аз тыңдап, көрінбей кетеді.

П а н о в а. Сіз өз әйеліңізді қызғаныңыз.

Я р о в о й. Кімнен?

П а н о в а. Мен шағымқой емес ем... айып етпеңіз?

Я р о в о й. Ал, бірақ сіздің үстіңізден шағым етілсе, сіз де айып етпеңіз.

П а н о в а. Ғажап. Сіз мені өз әйеліңізбен шатастырып тұрсыз ба деймін.

Я р о в о й. Жоқ, мен сізді шатастырып тұрғам жоқ. Ол штабта қызмет жасамайды және жасылдармен жалғасы үшін басымен жауап бермейді.

Кетеді. Кутов келеді.

К у т о в (*өзін өзі ұстап*). Павла Петровна, мен де қызғаншақпын. Мені осы мырзалардың қайсысына сатып жүрсіз, айтыңызшы бір?

П а н о в а. Шынында танымай және өзіңізді сауда пұлы деп түсінгеніңіз қолайсыз-ақ екен.

К у т о в. Павла Петровна, қинамаңыз. Тағы айтайын, мен сіздің табаныңыздың астына... арымды да, басқа барымды да тастауға әзірмін.

П а н о в а. Сізде абыройдан өзге тағы бірдеңе бар ма еді...

Қ у т о в. Абыройдан басқа... Лондон банкесінде қырық мың долларым бар. Соның бәрі сенікі, сенікі.

П а н о в а. Полковник мырза, мен төменгі чин адамы емеспін, сіз деп сөйлеуіңізді өтінемін. Екінші, қызметтен бөгемесеңіз екен. Отан қорғаны... сізсіз-ау?

Есікте Елисатов.

Е л и с а т о в. Бөгет жасадым ба?

Қ у т о в (ашулы). Жасаған жоқсыз!

Кетеді.

Е л и с а т о в. Сыртқы дос бекзадалардың тағы не қызығы бар екен? (Оқып.) А, Монто-Карло... Білесің бе, көгершінім, мен кеше тағы да жүз доллар ұтып алдым. А, капитан Кульков жүзігіне шейін ұтқызып, атылып өлем деп еді. Мен фронтқа кетуге көндірдім. Онда не оққа ұшады, не доллар табады.

П а н о в а. Сізге неліктен қол шыға береді?

Е л и с а т о в. Өйткені мен ең сенімді жерге бәс қоям ғой. Кульковтей мырзалар аққа ғана қояды — бөлшексіз, бірдің өзін ғана алғысы келеді.

П а н о в а. А сіз қайсысына қоясыз?

Е л и с а т о в. Мен түс талғамаймын. Бірі болмаса бірін қайткенде де аламын ғой.

П а н о в а. Яғни.

Е л и с а т о в. Яғни не Ресейді, не сізді алам.

П а н о в а. Не дейсіз?

Е л и с а т о в. Не Москва барып Ресейді алам, немесе Париж кетіп бөлшексіз, бір ғана сізді алам.

П а н о в а. Сіздің Москва мен Парижде не алатыныңызды білмеймін. А, бұл жерде жағыңызға тиген шапалақты аларсыз және бір ғана емес, бірнешеуін аларсыз деймін.

Е л и с а т о в. Көзіңіз найзағай, найзағайдай жайнайды-ау! Күн шатырлап кетпесе еді.

Панова кетеді. Дунька кіреді.

Сау-сәлеметсіз бе, Авдотья Фоминишна? Не жақсылық айтасыз?

Д у н ь к а. А, ана фронтқа пропуск керек.

Е л и с а т о в. Біздің қаһарман әскерлерге не апармақ едіңіз?

Д у н ь к а. Жай әншейін ұсақ-түйек.

Е л и с а т о в. Әбзел жұмыс, әбзел.

Д у н ь к а. Е, әрине. Осы дін мен отан үшін бәріміз қан сорпа болуымыз керек қой.

Е л и с а т о в. Керек. А, менің сізге деген жеті пұт қантым бар.

Д у н ь к а. Неден сатасыз?

Е л и с а т о в. Миллион екі жүзден.

Д у н ь к а. Тұу, мен кеше ғана жеті жүз мыңнан алдым ғой.

Е л и с а т о в. Бәсе, кеше ғана. А, бүгін... Сіз фронтқа барам дейсіз бе? Сол мүмкін болар ма екен?

Д у н ь к а. Құрып қалса да барасың. Өз пұлыңмен жақсылық ет те және азап кеш.

Е л и с а т о в. Үлкен қимылдар болмақшы, бөгде кісіні жібермейді.

Д у н ь к а. Е, мен өзім де әскердің сынарымын ғой. Медалім қадаулы, бай хронтта...

Е л и с а т о в. Байыңды қойшы. Өз байлауың не десең де бейбітшілік жағына бейім ғой.

Д у н ь к а. Жә, миллион болсын!

Е л и с а т о в. Бір ғана сіздің жұбайыңыздың соғыстағы қайратын құрметтегендіктен және сіздің бұндағы ізгілігіңізді сыйлағандықтан беремін.

Д у н ь к а. Бәсе, десеңші! Ол онда арпалысады, мен мұнда тыпырлаймын. Соны тіпті есіне алған жан болсашы?

Е л и с а т о в. Жалғыз мен ғой. Әлгі сіздің үлкен айнаңызды сындырғанын білесіз бе?

Д у н ь к а. Ойбай, әлгі өзімнің каптенармусым Кузьма Ильич жүрегімді жұмсатпағанда...

Е л и с а т о в. Е, оныкі кейін ғой. Ал ең алдымен мен: революцияның қорғансыз құрсауы, дауыл қуған көгершін деген мен ғой...

Д у н ь к а. Әй тіпті өтірік айтсаңыз да, білімпаздық сөздерге қарсы шыдар дәтім болмайды... Құмарлығы құрғыр, бір осал жерім.

Е л и с а т о в. Ол мына жуандығыңыздан ғой. Ал қант, ақша, пропуск әзір болады.

Д у н ь к а. Жарым пұлын екі күннен соң алуға сенесіз бе?

Е л и с а т о в. Ой, сандуғашым-ай мен өзіме өзім де бір секундқа сенбеймін.

Д у н ь к а. Тіпті ант етейін.

Е л и с а т о в. Маған өз атымнан сенімді нәрсе жоқ, бірақ мен оған да сенбеймін! (*Дунька кетеді. Елисатов есікте тұрып*). Міне капитан, біздің отанды жанымен сүйетін Авдотья Фоминична жетсем дейді.

Кетеді. Көшеде күй естіледі, дауыстар. Любовь кіре беріп тұрып қалады, кейін Панова келеді.

П а н о в а. Бұ кім? Чир, сізбісіз?

Л ю б о в ь. Жоқ, бұл мен.

П а н о в а. А, жолдас Яровая, кімге келдіңіз?

Л ю б о в ь. Сізге.

П а н о в а. Немене?

Л ю б о в ь. Білейін дегенім... Көмек етсеңіз қайтеді...

П а н о в а. Не керек?

Л ю б о в ь. Менің комсомол шәкірттерімді жауып қойыпты. Полковник Малининге айтайын деп ем, бар ма екен?

П а н о в а. Жоқ.

Л ю б о в ь. Эттеген-ай... Тосайын ендеше.

П а н о в а. Мейліңіз.

Л ю б о в ь. Павла Петровна, мен... жегловшылар жа-
йында... Ваня айтып еді...

П а н о в а. Тыңдаңызшы.

Л ю б о в ь. Жоқ, сіз, сіз тыңдаңыз.

П а н о в а. Ал тыңдайын.

Л ю б о в ь. Жәрдем етіңіз. Айтыңыз, айналайын. Сіздің қолыңызда сондайлық, сондайлық адамдардың өмірі тұр ғой...

П а н о в а. Олардың өмірі менің қолымда анық болса, әлдеқашан түншықтырған болар ем.

Л ю б о в ь. Сенбеймін...

П а н о в а. Арыма сеніңіз. Егер де жегловшылардың орнында ақ қанішерлер болып, менің орнымда сіз болсаңыз құтқарар ма едіңіз соларды.

Л ю б о в ь. Біз бір-біріміздің орнымызда ешуақытта болмаспыз. Бірақ сіз екеуміз де тұл қатынбыз, шын-ақ біздейлердің саны көбейсін деп тілейсіз бе?

П а н о в а. О, тілеймін! Жөнеліңіз!

Чир қағаздар әкеп, столға қойып кетіп қалады.

Л ю б о в ь. Бұ не?
П а н о в а. Жаңа почта.
Л ю б о в ь. Ол да осында болар.
П а н о в а. Болса болар.

Кетеді. Любовь столға жетіп кеп, қағаз ақтармақ болады
Чир көрінеді. Любовь айнала қарағанда Чирді көреді.

Л ю б о в ь. Полковникке келін ем, жоқ екен.
Ч и р. Жоқ.
Л ю б о в ь. Жұмысым бар еді.
Ч и р. Солай.
Л ю б о в ь. Тосу керек.
Ч и р. Керек. *(Аз кідіріс.)*
Л ю б о в ь. Маған су беріңізші.
Ч и р. Иманға сусаған жаныңызды сулармен шы-
ла...
Л ю б о в ь. Бермедіңіз бе? Әй азғын. *(Кетпек бола-
ды.)*
Ч и р *(жолын бөген)*. Азғын емес, менің кітаптағы
атым Йов.
Л ю б о в ь. Тұр былай!
Ч и р. Тоса тұрасың.
Л ю б о в ь. Жақсы. А, сен осы ақ болғанбысың?
Ч и р. Пак болып өзгеріп еді — тоны да қардай аппақ
екен.
Л ю б о в ь. Е, сөйтіп Ғайса боп шықтың ба?
Ч и р. Жоқ, Қайта ана қызыл жындар ғой, мені да-
жал етіп жүрген.

Малинин кіреді.

М а л н и н н. Немене? Не керек?
Л ю б о в ь. Менің... білейін дегенім...
Ч и р. Білейін дегені хаттар көрінеді.
М а л н и н н. Хаттар? Сіз кімсіз?
Л ю б о в ь. Мен оқытушымын. Жөнін білейін дегенім...
М а л н и н н. Ненің жөнін?
Л ю б о в ь. Менің шәкірттерім арестке алыныпты.
Мынау деген ақ сүйек семьялардың тәрбиелі балалары
еді... Жаңсақтық болды ма деймін.
М а л н и н н. Иә, мүмкін. Отыра тұрыңызшы.
Л ю б о в ь. Сөйтіп келгенім, білмегім.. босату жайы
еді. *(Қағаздарды көзімен тінте бастайды.)*

М а л и н и н (байқап қап). Сіз сөйтіп өтіне келдіңіз бе? Білмекке келдіңіз бе?

Л ю б о в ь. Иә... өтінемін... пожалуыста.

М а л и н и н. Фамилияңыз кім?

Л ю б о в ь. Мен... Яровая.

М а л и н и н. Поручик Яровойдың жақыны емессіз бе?

Л ю б о в ь. Иә... ағайынбыз. Студент күнінде біздің имениемізде қонақ болған еді. Бірақ қызыл боп шыққан соң біз одан аулақтап едік.

М а л и н и н. Имениелеріңіз қай жерде еді?

Л ю б о в ь. Құдай-ау, бұл күнде имениелер қалды ма? Ардақты полковник, қай күні, қашан қайырып әпересіздер соларымызды.

М а л и н и н. Сабыр етіңіз, жаным, сабыр, тәңір жәрдем етсе тез қайыармыз.

Л ю б о в ь. Бар үмітіміз бір құдай, бір сіздерсіз ғой.

М а л и н и н. Мерси, мерси. Аянбаспыз. Сөйтіп, мен сіздің ісіңіз жайын білейін. Титтей тоса тұрыңыз.

Л ю б о в ь. Пожалуыста.

Малинин есікті шала жауып шығып кетеді. Любовь қағаздарға қол соза береді. Есік шалқасынан ашыла қалады. Малинин қарап тұр.

М а л и н и н. Я! Сізге қандай справка керек, айтыңыз шыныңызды.

Л ю б о в ь. Мен сізге түк те айтпаймын.

М а л и н и н. Сіз поручик Яровойдың шын жақыны емессіз бе?

Любовь үндемейді. Малинин телефонды алып.

Он екі: сізде поручик Яровой бар ма? Қазір келсін! (Трубкины іліп.) Сөйтіп жауап бермейсіз ғой?

Любовь үндемейді. Яровой кіреді.

Я р о в о й. Люба...

М а л и н и н. Сіздің жақыныңыз ғой?

Я р о в о й. Әйелім.

М а л и н и н. А, солай ма еді! Мен оны білгем жоқ.

Я р о в о й. Немене.

М а л и н и н. Сіздің әйеліңіз біздің қағазымызға қаты қызығатын сияқты.

Я р о в о й. А, сөйтетінін біліп ем... Ғапу етіңіз, полковник, бұл бір үй ішінің кішкене драмасы. Менің әйелім

аса қызғаншақ. Бұл бір сөз. Менің қағаздарымның ішінен ылғи әнсл хағын іздейді. Ол хаттар кеңсе арқылы келеді деп жорамалдайды. Люба, бері жүрші.

Олар кетеді. Кешде автомобиль даусы, гимн үні.

М а л и н и н. Его превосходительство.

Салтанатты баскомандашыны қарсы алу. Құрметті қарауыл, музыка. Антанта өкілдері. Делегаттар. Біреу тұз бен нан ұсынады.

З а к а т о в. Ваше высокопревосходительство. Селезневкеде дұшпанды жеңгендік құрметіне, сіздей Россия үстінде қалқып жүрген сайып қыран-командирімізге құтты болсын айтамыз. Ұшпу, мыңдаған тұтқындар, от шашар зеңбіректер, от төккіш пулеметтер — барлық жәлпеп, мазлұмдарды отанымыздан орыс халқының бір сәтте айдап тастап, сөйтіп қайырлы сағатта, қырық жерде қырық шеркеуін күле жайнатып күңіреніп отырып, анамыз Москваның ішіне кіріп, тәңір пәрменімен падышам болған әміршімізге өзінің тәж-тақытын әпереміз деп шанамыз.

Г е н е р а л. Рахмет.

А л п а у ы т т а р өкілі. Ваше высокопревосходительство, біз жерге байланысты қауымбыз, бар иманымызбен сенеміз... Орыс жері халық әміршіге қайтқан уақыттан бастап, сол жерден бөлшек-бөлшектері бұрынғы иелеріне және қайтады деп шанамыз. Себебі бүтін болу үшін барлық бөлшектер өз орнында болуы لازم. Кереметті Россия қайтады. Жеке меншік қайтатын құзыр деп білеміз.

Г е н е р а л. Рахмет.

Ө н д і р і с өкілі. Ваше высокопревосходительство, біз өндіріс еңбегінің қауымымыз. Біздің де аянышымыз — бүгінде тақ қан болған өндірістер, ұлық әміршінің қолымен гана бүтінделеді деп білеміз.

Г е н е р а л. Рахмет.

Ф о л ь г и н. Ваше высокопревосходительство, қызметкер зиялылар атынан бір сауал беруге рұхсат өтінем: осы тегі монархия болғанда қандай болмақшы?

Г е н е р а л. Рах... Кім дейсіз?

Ф о л ь г и н. Конституция монархиясы болса біз құттықтаймыз, ал жалғыз патша әмірі...

Генерал Фольгинге жаман көзімен қарайды. Кабинетке кетеді. Закатов және басқалары бірге кетеді.

М а л и н и н. Фольгин мырза, не деген...

Ф о л ь г и н. Бірақ менің өмір бойғы қиялым конституция ғой.

М а л и н и н. Ал, менің өмір бойғы алысқаным сол конституция болатын.

Барлығы кетеді. Малинин кейіндеп қалып, Пановаға.

Қымбаттым, сөйтіп бүгін таң атқанша билейміз бе? П а н о в а. Күн шыққанша билейміз.

М а л и н и н. Менің күнім — өзіңсіз! (*Қолын сүйеді.*)

Кутов кіреді.

К у т о в. Полковник мырза, бұныңыз не... Его превосходительствоны... ұмытқаныңыз ба. Мен сіздің даяшыңыз емеспін.

Кетеді.

М а л и н и н. Жақсы ендеше...

К у т о в (*ашулы*). Жарайды. Мен де есімде тұтамын. Павла Петровна? Не мең, не ол деңіз.

П а н о в а. А? Егер сіз де, ол да емес десем қайтеді?

К у т о в. Павла Петровна! Тегі қауіпті ойынды тастаңыз.

П а н о в а. Жо, тастағанша, әртүрлі жағдайын байқап көрерміз.

К у т о в. Мәселен?

П а н о в а. Мәселен: сіз емес, ол десем?

К у т о в. Онда оны өлтірем.

П а н о в а. Егер сіз де, ол да десем?

К у т о в. Онда сізді өлтірем.

П а н о в а. О. Бүгін менің кісі өлтіргіштерім көбейіп кетпей ме?

К у т о в. Павла Петровна, дәрі көмілген жерде сағырақ болыңыз. Мен сіздің қызылдармен байланысыңыз барын білем ғой.

П а н о в а. Менің қызылдарда не үшін істегенімді жұрттың бәрі біледі.

К у т о в. Ендеше мінеки. (*Ақырын.*) Бүгін менде боласыз. әйтпесе ертең әлгі мәселені контрразведка тексереді. Сағат сегізде, ұқтыңыз ба?

П а н о в а. А! (*Тістеніп*). Жақсы...

Қутов қолынан сүйіл кетіп қалады. Любовь кіреді.

Л ю б о в ь. Мені сізге Роман жіберді... Ең соңғы келгенім...

П а н о в а. Шып соңғы ма?

Л ю б о в ь. Бұйрық келді ме?

П а н о в а. Қелді.

Л ю б о в ь. Ол қайда?

П а н о в а. Полковник Қутовтың портфелінде.

Л ю б о в ь. Осы... рас па?

П а н о в а. Иә, иә!

Дунька жүгіріп келеді. Любовь кетеді.

Д у н ь к а. Бұнда Елисагов жоқ па, бойжеткен?

П а н о в а. Жоқ, бойжеткен.

Д у н ь к а. Мен шынды айтсам, бойжеткендіктен өткен едім.

П а н о в а. Ал сіз шынды айтпаңыз.

Д у н ь к а. Өй, оны орамалмен бүрсеі алмайсың. Қап, иттің баласы, жүлік емей кім, осы Елисагов. Қантының қақ жарымы топырақ. Жақсылығым үшін жапа шеккенімді қайтейін, сайтанның сапалағынан. Ой, тәңірім-ай.

Жөнеледі. Елисагов пен Қутов келеді.

Е л и с а г о в. Біз дедім, Ваше высокопревосходительство, ар мен алажақтың адамымыз, отап үшін бастың қамып құрбан етеміз дедім.

П а н о в а. Сізге осында Дунька құштар көрінеді. Өзі сізді жулик деп және әлдекімнің баласы деп жүр.

Е л и с а г о в. Біздің бәріміз де Россия ұлымыз, Павла Петровна!

П а н о в а. Жоқ, ол тегі сіздің ата тегіңізді басқарақ айтатың тәрізді.

Е л и с а г о в. Мен оны қазір айдап шығайын. Қай есікпен кетті өзі. (Панова көрсетеді.) Қазір табайын!

Басқа есікпен кетеді.

Қ у т о в. Жұмысты доғарыңыз. Мен үйге бара жатырмын.

П а н о в а. Жақсы, ендеше бақшаға барып тоса тұрыңыз. Қазір барамын.

Қ у т о в. Мерси. Тосамын!

Кетіп бара жатып есік алдыда Любовька кездеседі.
Любовь мұның артынан қарап қалады. Яровой кіреді.

Я р о в о й. Павла Петровна, генерал сізге шет патшалықтар газетін алып келсін дейді.

Панова кетеді.

Бұнда саған не бар?

Любовь кетпек болады. Яровой жолын бөгеп.

Тоқта!

Л ю б о в ь. Арестке алмақпысың.

Я р о в о й. Люба... Тәңірім-ау... Азабынды ғана бітірші! Көрістік те айрылыстық. Көргің келмегені ме? Ай болды, түн сайын терезенің алдында жүремін.

Л ю б о в ь. Жүрмеген екі түнің де бар.

Я р о в о й. А... Ол қашан?

Л ю б о в ь. Сот мәжілісінде болған түндерің. Ертеңінде фонарларда кісілер асулы тұрмап па еді.

Я р о в о й. Люба... Бір шақта маған қалтқысыз сенген Люба, қайдасың осы?

Л ю б о в ь. Сен қайдасың.

Я р о в о й. Осында, қасындамын. Сондағы шындығыммен кеп тұрмын.

Л ю б о в ь. Ол шындық меңде.

Я р о в о й. Саған оны алмастырып беріп жүр. Ал мен ант етейін, бұрынғы қалпымдамын.

Л ю б о в ь. Мен сенің атыңнан, осы бүгінгі сенің қалпыңды мәңгі жек көруге ертеде ант етіп қойғам.

Я р о в о й. Бұл қарғысқа неліктен ұшырадық осы?

Л ю б о в ь. Неліктен?

Я р о в о й. Тыңдашы, баяғынша тыңдашы!

Л ю б о в ь. Баяғы тыңдағаным бұл адам емес-ті.

Я р о в о й. Сен тыңдамай, басқа бір нәрсеге қобалжып тұрсың ғой.

Л ю б о в ь. Сенің барлық қорлық сөздеріңді білемін. «Біз революционер атымен жүрген қарын құлымыз. Біз асылзада одақ патшаларды алдадық. Біз қарғыс тиген Қайн қанішер, бұзақы, қаражүзділерміз» дейсің ғой.

Я р о в о й. Жоқ, одан да жаман. Ол айтқандарыңда тым құрса дін мен отан бар ғой. Мыналарда жалғыз бас қамы мен қарын ғана десеңші.

Л ю б о в ь. Бақыл бол. (Кетпек болады.)

Я р о в о й. Тоқтай тұр. Сен аз оқыған көрінесің, Люба.

Л ю б о в ь. Иә, а сен аз көріпсің.

Я р о в о й. О, аса көп десеңші. Замостье гұсынап бір шабуыл жасағалы келе жатыр ек. Бір сәтте, бір топ таңбалы азғындар: «Соғыс жойылсын!» деп айғай салғаны. Біреуі арқама найза қадап, бірі қолымнан атып, кейін қашып кетісті. Немістер тауып ап жарамды жазды. Және өзіме нағыз бостандықты ертеде құрып алған халықтың бүгінде нағыз революция жасап, мәдениетті қорғап жатқан үлгі қалпын көрсетті. Ол бостандық біздің түсімізге де кірмеген екен. Бірақ сол бостандық үшін өзімді де, сені де аямағанымды білесің ғой... Ендеше осы бостандыққа түкіріп, халық қанына тоғытқан жандарды да аямаймын. Соғыс шегіне жеткенше...

Л ю б о в ь. Команда жасаушы баяғы охранныктер ғой...

Я р о в о й. Ол бір біткен топ. Дауыл ұшырған қу жапырақ қой, оларсыз-ақ күшіміз жетеді.

Л ю б о в ь. Жендеттер ме?

Я р о в о й. Жендеттер онда.

Л ю б о в ь. Сендердің фонарьларыңда асулы ғой.

Я р о в о й. Е, ол фронт. Ал сені бұл фронттың арғы бетіне жібермеймін, Люба. Жіберу үшін тапқам жоқ. Сен екеуміздің екі айыр жолмен кетуіміз сұмдық қой. Бір-бірімізді таба салысымен екі айрылмақпыз ба?

Л ю б о в ь. Жоқ, одан да жаман. Жолымыз екеу емес. Бір жолда көп қақтықтық, енді біріміз жардан ұшармыз.

Я р о в о й. Люба, мен оған жол бермеймін.

Л ю б о в ь. Құдыретің қайсы! Біз енді бұрынғы адамдар емеспіз: мен күштімін де, сен сорлысын.

Елисатов жүгіріп келеді. Көшеде шу. Халық келеді, арасында Панова.

Е л и с а т о в. Мырзалар, сұмдық! Полковник Кутовты өлтіріп кетіпті.

Д а у ы с т а р. Не дейді? Қай жерде?

Е л и с а т о в. Жаңа ғана, осы пұшпақтағы бақ ішінде өлтіріпті. Тегі бір нәрсемен ұрып жықса керек.

Д а у ы с т а р. Тонап кетіп пе?

Е л и с а т о в. Жоқ, портфелін ғана алыпты.

Яровой, Любовь пен Пановаға қарайды.

Ш ы м ы л д ы қ.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Кешкі уақыт. Қала бағы. Сусын сататын павильон-кафе. Оркестр. Халық. Газет, папирос, тағы басқа уақ-түйек сатушылар.

Газет сатушы. Соңғы хабар, кешкі газет. Зор жеңіс!

Папирос сатушы. Жоғарғы сортты папирос. Мейлінше арзан папирос.

Газет сатушы. Соңғы хабар, кешкі газет. Ерікті армияның ерлігі. Большевиктер бітешек.

Папирос сатушы. Ең жоғары сортты папирос, өзі анағұрлым арзан! Он шүгі он-ақ мың!

Газет сатушы (*папирос сатушыға ақырын*). Любевьтің мектебінде, сағат бірде.

Папирос сатушы. Күп! Жоғары сортты папирос.

Етік тазалаушының қасында бай қатын әндетіп тұр.

Бай қатын. Бар жиғаным, бар асылым барлығы да жоқ болды.

Офицер (*осы әйелдің қасында тұрып*). Жүріңізші, сәулешім. Қатты өтінемін. Жүріңізші.

Етік тазалаушыға ақша төлеп, столдар тұрған жаққа кетеді.

Ол жақта мас офицерлер мен жаланаш әйелдер лық толы.

Гүл сатушы әйел. Пожалуйста, жас жауғазын! Қош иісті бәйшешек!

Горностаева. Сахарин, сода... Ащы бұрыш, лимон қышқылы.

Газет сатушы. Соңғы хабар, кешкі газет...

Папирос сатушы әйел. Жоғары сортты папирос, өзі арзан! (*Етік тазалаушыға ақырын.*) Сағат бірде, Любевьтің мектебінде...

Етік тазалаушы (*есітпеген боп*). Бек әдемі гуталин, резинка мен жақсы бау, өздері арзан. Бек әдемі гуталин.

Стол басында Елисатов отыр, алдында план.

Дауыстар. Елисатов мырза, пожалуйста, маған бірінші қатардан тағы бір жер беріңіз. Бұл тіпті ашқарақтай! Елисатов мырза, бірінші қатардағы жерді маған қалдырыңыз.

Е л и с а т о в. Мырзалар, болашақ курорт «Аркадияның» бос жерлері тегіс сатылып болып қалды. Енді ең соңғы жерлер ғана қалды.

І-м ы р з а. Планды көрсетіңізші, осы менің жерім қай тұста?

Е л и с а т о в. Бұйырыңыз. Жерін көрдіңіз ғой? Тап мына тұрған курорттың үлкен залы.

І-м ы р з а. Қазір анау алабота басқан жер ме?

Е л и с а т о в. Жоқ, алаботаның тұсында ағылшындық бақ болады. Мынау әзірше боқтық үйілген жер, шұрайлы болады.

І-м ы р з а. Жақсы, алдым, пожалуыста задатка алыңыз.

З а к а т о в. Мен, бірінші қатардан тағы бір жер ала-сам ба деп ем.

Е л и с а т о в. Амал жоқ, осы соңғысы.

М а т у ш к а. Құдай-ау, енді қайттік?

Е л и с а т о в. А, сіз екінші қатардан алыңыз, матушка! Тамаша жер мінеки. «Қиял фонтаны» деген болашақ фонтанның қақ қасы. Ал ана біріншіңізді сата қойыңыз.

З а к а т о в. Сат, апасы. Бол.

Матушка Елисатовқа ақша береді, қағаз алады. II-мырза жүгіріп келеді.

II-м ы р з а. Елисатов мырза! Маған екі орын қалдырып па едіңіз?

Е л и с а т о в. Бір де орын жоқ, мырзалар. Болашақ курорт «Аркадия» маңындағы жердің бәрі сатылып қойды. *(Планын орап, ақшасын тығады.)*

II-м ы р з а. А, батыр-ау, мен отан үшін отқа түсіп жүргем жоқ па?

Е л и с а т о в. Бәріміз де түсіп жүрміз. Тіпті болмаса қаракөл елтірісі мен күріш бар, жалғыз-ақ тік көтере аласыз.

II-м ы р з а. Барон, сонымен іс бітті. Петербургтағы сарайыңыз үшін менің Қырымдағы дачамды аласыз, үстеуіне бес қадақ қант қостым.

Б а р о н. Тоқтаңыз, костюм ше? Ал моппансье болмасын, қанттың дәл өзі!

Панова шығады, оның соңынан қызғындау Малнинн шығады.

П а н о в а. Міне ай да туып келеді. Бірақ мен қиял

ете алмаймын. Орыстың айы... Бұл да орыстың қазіргі жеріндей кірлеген, былғанған...

М а л и н и н. Оқа емес, біз оны тазалап тұрып, дөп-дөңгелек қып өзіңізге қайырып береміз.

П а н о в а. Тәңір жарылғасын. Сіз осы қай кезде дөп-дөңгелек ақымақсыз, мас күніңізде ме, жоқ сауыңызда ма? Ашуланбаңыз, мен бір жағынан өзімді айтам. Міне іштім де ақмақ болдым. А, бұрын ақылды болушы ем. Бұл тегі киімімнің жамандығынан болар... Киімі жаман әйел ақылды бола алмайды ғой.

М а л и н и н. Павла Петровна, маған әмір беріңізші, мен сізді ханшадай киіндірейін.

П а н о в а. Маған әмір беріңіз, сонда өзім де Пановадай киінермін.

М а л и н и н. Тоты, тоты...

П а н о в а. Полковник, байқаңыз..

М а л и н и н. О, о... мен байқаймын... Мен өзімнің полковник, жандарм полковнигі екенімді түсімде де байқаймын.

Би басқарушы жүгіріп келеді.

Б и б а с қ а р у ш ы. Мырзалар, би басталып жатыр! Ле кавалье ангаже ле дам!

Жүгіріп кетеді. Пановаға офицер жетіп келеді.

Павла Петровна, рұқсат етіңіз. *(Биге әкетеді.)*

Малинин артынан өте бергенде, Яровой жетіп келеді.

Я р о в о й. Полковник Малинин!

М а л и н и н. Мен.

Я р о в о й *(ақырын)*. Сауық құра беріңіз, бірақ сақ болуыңызды өтінем.

М а л и н и н. А, немене, өлтірушінің ізін таптыңыз ба?

Я р о в о й. Қалай десем екен...

М а л и н и н. Бірақ, соларға полковник Қутовта не бар еді?

Я р о в о й. Жұмбақ! Портфелінен бірдеме іздеген тәрізді.

М а л и н и н. Бірақ портфельді тастап кетіпті, бар қағазы да түгел ғой.

Я р о в о й. Әзірше ешнәрсені кесіп айта алмаймын.

М а л и н и н. Қалай құтырады бәтір-ау! Бүгін-ақ есе-
бін қайыру керек. Үкімнің бекуі келді. Жегловшыларды
таң сәрінен бақ ішіне асып тастау керек.

Я р о в о й. Иә, Қошкиннің бар күткені сол ғой.

М а л и н и н. Қошкин алыста.

Я р о в о й. Қошкин осында.

М а л и н и н. Не дейді, қалай осында?

Я р о в о й. Осы қалада деп білем. Мына Қутов ісі
соның қолы.

М а л и н и н. Солай-солай... Иә, сізше жегловшылар-
ды бөгей тұру керек қой?

Я р о в о й. Сөз жоқ. Қошкин бір нәрсе әзірлеп жүр.
Бір түйін байланып келеді, бірақ ұшығын ұстау қиын.
Қазір екеуміз бір-бірімізді сиқыршыдай қуып жүрміз.

М а л и н и н. Иә, мен де соны сезіп ем.

Я р о в о й. Сөйтіп мен сізден отрядты әзір ұстауыңыз-
ды сұраймын.

М а л и н и н. Иә, иә, пожалуыста.

Я р о в о й. Майдан қалай?

М а л и н и н. Күндізгі жайсыз хабардан басқа еште-
не жоқ.

Я р о в о й. Солай ма... Байқаныз, сақ болыңыз.

Кетеді. Жолдағыларды қағып-соғып Марья жүгіре шығады.
Малининді қағып кетеді.

М а л и н и н. Ой, қақпас, кімді қағасың!

М а р ь я. Жоғал! Семканы көріпті осында. (*Веран-
дада ас ішіп жатқандардың айғайы.*)

Д а у ы с. Хазрет патшамыздың ұрпағының саулы-
ғына!

М а р ь я. Соларыңмен қақалып қал!

Д а у ы с т а р. Ура!

М а л и н и н. Сен қатын, не дедің осы?

М а р ь я. Мен не дедім, ештеңе де дегем жоқ.

М а л и н и н. Әй, патруль!

М а р ь я. Не дедім? Жалғыз-ақ айтқаным: соны іше
алмай қал дегенім бе?

М а л и н и н. «Соның» кім?

М а р ь я. Мен қайдан білейін, не жеп жатқанын!

М а л и н и н. Жерсің ендеше дүрені! (*Семен тақан
келгенде.*) Ал мынаны!

С е м е н. Ап... ап... апатай..

М а р ь я. О... бұның кім?

Семен. Бұ мен, Семен Скопцов қой. Аманбысың,
Апа-жан-ау! (Сүйеді.)

Марья. Сен... Е, көзің қайда? Әй, иттің балалары.
Іздеген бейнетімнен садаға, өйшен. Көрінде өкіргір, өң-
шең...

Малинин. Ну, сенің бақытыңа балаң да инвалид
екен.

Павильонға кетеді.

Марья. Осындай бақ өз балаңның басына келсін,
Ал Гришка қайда?

Семен. Өзімнің де іздегенім сол, апажан. Жерге
кірсе де қоймаймын. Өшімді аламын. Зорықтырып өлтір-
ген екі атым ше, тыққан жерімнен қазып алған жүз сегіз
пұт бидайым ше. Қайтарамын орайын. Жерге кірсе де
қоймаймын. Атымның өшіне бақалшағын шағамын, би-
дайымның өшіне шиеттей қып қанын ағызамын.

Марья. Е, өзі де көрде шығар.

Семен. Көрде болса да табамын. Дүниені шарла-
сам да ақ малымды аламын. Мен қан сорпа боп мал
жиғанда қайда жүрген екен ол қу бандит. Мен тырнақ-
тап жимап па ем! Оқып алып, купецтің арзан нанын же-
меп пе еді? Сол купецтің ғой тағы өзін атты. Бірге туыс-
қан мені де талатты. Жиырма жылдық бейнетімді бір
түнде жоқ қылды.

Марья. Әй қуарғандар! Жалғыз көзі қалғанын қа-
расаңшы!

Семен. Түк те емес. Мен оның екі көзін бірдей жұм-
дырамын.

Марья. Әй, төбеңнен ұрғыр, жүр, шелпек пісіріп
берейін.

Семен. Болмайды, күзетте тұрмын.

Марья. Ендеше осында әкелем. Әй қуарған, төбең-
нен жортқырлар. Қатынды қайдан табам енді сен қу
соқырға!

Кетеді. Көлеңкеде Любовь пен Колосов бара жатады.

Любовь. Енді нені тосамыз?

Колосов. Тақ осы түнде болар. Асуға әзірленіп
жатқан тәрізді.

Любовь. Не дейсіз?

Колосов. Абақтыға кештен бастап отряд кірді.
Ал Чир үйінде құран оқытарлық шелпек әзірлеп жатыр.

Және ылғи әндетіп иман айтып жүр. Бұл дарға кісі асылар алдындағы әдегі. (*Кере береді.*)

Любовь. Тез барып Романға айтыңыз. Бұйрығың мектеп сыртында тосамын.

Верандадан Фольгин мен Елисатов түседі.

Фольгин. Мырзалар! Әрдайым құтқарушы рақымды заң ғой!

Елисатов. Неге айғайлайсыз?

Фольгин. Реакцияның қараңғы күшің тоқтатушы заң ғой.

Елисатов. Қайта реакцияны тоқтату заңсыз. Ол қимылға егескен қарсы қимыл. Табиғат заңы тоқта деген жерде барып өзі де тоқтайды.

Фольгин. Оны халық тоқтатады.

Елисатов. Қазір халықтың өзінде де көзсіз реакция!

Лакейге пұл төлеп верандадан түседі. Алдынан тоқылдақ ұстаған Горностаев кездеседі.

Амансыз ба, профессор!

Горностаев. Есенсіз бе!

Елисатов. Бұныңыз не?

Горностаев. Не екенін аспабымнан таныңыз. Өзіңіз ше?

Елисатов. Мен құралсызбын. Сақтар түгім жоқ: қайыршымын!

Закатов шығады.

Закатов. Жер жастанған фақырлыққа езулік.

Елисатов. Өзгелер жастансын. Менің ісім сату ғана. Ал, сіздің сауданың қайда?

Горностаев. Бітті. Магазинді де, бар істі де қатын өз қолына алды. Мені бір тілім нан үшін Дунькаға күзетші қып тағайындады. Мырзалар, тіл үшін бір ражайып заман болды-ау. Тіл өзінің дүниеге келгендегі мағынасын қайта тапты. Магазинді қатын өз қолына алды — дәл мағынасында алды. Мынау ше! Бір тілім нан маған да — дәл мағынасында... Мінски!

Фольгин. Атамаңыз, өте дұрыс. Мені бүгін көшеге шығарып тастады — дәл мағынада. Бөлмеме сүзекпен ауырғандарды кіргізді. Доктор маған жүрегің жаман,

жұқса тура әлесін дейді. Ал аурулар сандырақтайды. Өздері былғаныш, бит басқан.

З а к а т о в. Иә, иә, орыс халқы үлкен дәруеш қой. Шіріп, тесіліп, былғанып жатса да, бүкіл әлемге таза, ардақты шындықты мадақтайды. Иә, Россия және ақиқатты қанды азаппен толғатып отырып табады.

Е л и с а т о в. Жо, сіздің бұныңыз дәл мағынада емес. Алмағайып нәрсе ғой. Мүмкін, осының бәрі толғақ емес, құр іш ауру болса қайтесіз?

Г о р н о с т а е в. Неден іш ауру болады?

Е л и с а т о в. Неден? Ал, мысалы бостандықты көп жегеннен де болады.

Ф о л ь г и н. Осындай көзқараспен Россияда тұруға...

Кетеді.

Е л и с а т о в. Россия қайда? Көзқарас қайда?

З а к а т о в. Көзқарас болмаса дін бар ғой. Халық құдайшыл ғой, сол тәңірінің жолын іздейді.

Г о р н о с т а е в. Иә, иә... Елесін іздейді.

Е л и с а т о в. Соны менің үйімнен жеті рет іздеп келді. Еденіме шейін талқандап, құдай жолына барымды алып кетті. Құдайшылдар тіпті орындығыма шейін алды.

З а к а т о в. Тәңірі оның есесін жүз мәртебе қып қайырады.

Г о р н о с т а е в. Иә, иә... (Елисатовқа қадала қарап.)
Әлгі осы дача сатушы сізсіз бе?

Е л и с а т о в. Қай жағынан айтасыз?

Г о р н о с т а е в. Ку... Даланың құлдыр қуы...

Е л и с а т о в. Профессор, тегі мынауыңыз аса дәл мағынада боп жүрмесін.

Г о р н о с т а е в. А? Гапу етіңіз, әлде басқа ма еді?

Елисатов кетеді. Колосов келеді.

Ардан азғанның белгісі.

Фольгин жетіп келеді.

Ф о л ь г и н. Ардақты профессор, маған бір кеңес қажет.

Г о р н о с т а е в. Кеңес?

Алыста Горностаеваның даусы: «Сахариян, ащы бұрыш, лимон қышқылы»

Осы кімнің айғайы?

Колосов. Ол сіздің әйеліңіз ғой.

Горностаев. Даусы қандай нашар еді.

Фольгин. Профессор, менің шаруам аса үлкен деймін.

Горностаев. Иә. Пожалуйста. Сіз немене? Бриллиант немесе үн жайы ма!

Фольгин. Жоқ, мен адал адаммын. *(Ренжіп.)* Осындағы жер комиссиясының мүшесі ғанамыз.

Горностаев. Не айтпақ едіңіз?

Фольгин. Айтайын дегенім, осы мәңгілік ішінде әркімнің өмір сағаты бар ғой. Сол сағаты өз цифрын айналып, мезгіл санап жүріп жатпай ма? Менің сағатымның сол сапары қазір қаралы цифрға тақап кеп тұр.

Горностаев. Қысқаша, қара сөзбен айтыңыз.

Фольгин. Мені бит шағып алды.

Горностаев. Бұл... дәл мағна ма, тұспал ма?

Фольгин. Не қылған тұспал? Жаңа ғана сықтым... Енді қайтпек керек?

Горностаев. Орнын қасыңыз... Көйлек...

Фольгин. Сүзектің биті. Екі жұмадан соң мен жоқпын!

Горностаев. Ой, ол дәркүмән.

Фольгин. Жо, күмәнсіз... Бұл соншалық ұлы жаңалық! Екі-ақ жұма тірлік, содан әрі табытпын, жоқпын. Но, бірақ екі жұма менікі. Мен енді шексіз зор әміршімін, келешектен қорқарым жоқ. Тілесем: зор қайрат та, жауыз сұмдық та істей алам. Кісі өлтіріп, жер де өртей алам. Бит шағып, енді мәңгіліктің табалдырығынан аттаған соң жаңағылардың несі бұйым. Ал енді кеңес беріңіз!

Горностаев. Сіздің бит шақпастан бұрынғы көсібіңіз не еді?

Фольгин. Палатада қызмет еттім және құпия түрде болса да бар қиял қылғаным конституция еді.

Горностаев тоқылдағын қағып, жүріп кетеді.

Колосов. Тоқтаңызшы, тап сізге лайық бір жұмыс бар. Зор қайрат болады.

Фольгин. Мәселен?

Колосов. Бүгін дарға асылатын бес кісі бар, соларды құтқару.

Фольгин. Е, большевиктер ғой?

Колосов. Иә, бес адамның өмірі!

Фольгин. Бірақ мұнда екі негіз қағысып қалады

екен: бірі — адам жанын құтқару, екіншісі — большевикке болысу! Ойлану керек.

К о л о с о в. Жоқ, ойлануға уақыт жоқ.

Ф о л ь г и н. Жоқ, ойлануға әрқашан уақыт табылуы керек.

Кетіседі. Панова шығады, қарсы Любовь кездесді, ол жұпыны киінген.

П а н о в а. А, ардақты Люба, сіз де биге келдіңіз бе? Бірақ бүгін киім ауыстыратын бал емес еді ғой! (*Любовь кете береді.*) Қайда тарттыңыз? Тоқтаңыз, сұрағанымды айып етпеңіз.

Л ю б о в ь. Сізге не керек?

П а н о в а. Осы үкім қағазы шынымен-ақ Кутов портфелінде болмай шықты ма?

Л ю б о в ь. Оның анығын сіз білесіз ғой!

П а н о в а. Жоқ, ең анығын сіз білесіз.

Л ю б о в ь. Білгенім: Кутов сіздің жолыңыздағы бір кедергі екен.

П а н о в а. Ал менің білуімше: оның жолына сіз кедергі болдыңыз. Қазір бұны тиісті жерлер білетін болады. Отан қорғаушы асылзаданы көшеде өлтіреді. Жо, жетті енді, кәне, Шарлотта, өзіңнің жегловшыларыңмен бірге дарға қарай рақым ет.

Л ю б о в ь (*жақындап кеп*). Ну, несі бар, бітіріңіз. Әуелден-ақ осыны кәсіп етсеңіз етті.

П а н о в а. Ә, рас, мен білемін. Сіз өлімнен қорықпайсыз. Сондықтан мен сізге өлімнен сонауғұрлым сорақы бір нәрсе ойлап табар ем.

Л ю б о в ь. Сіздер өз бастарыңызға сол нәрсені таптыңыздар ғой, көрдің бишілері.

Кетеді.

П а н о в а (*ызадан булығып*). Ендеше сені де билетемін бәлем!

Елисатов келеді.

Е л и с а т о в. Павла Петровна, соңғы вальске жүріңіз!

Панованы ертіп әкетеді.

Л ю б о в ь (*ағаш артындағы Чирге қақтығып қап*). Сен де осында ма ең, сұмырай?

Ч и р. Қадір алла, шын ғафур жерімді тепкен байдан және құдайдан безген келейден жердің үстін тазарт деген.

Л ю б о в ь. Е, сенен тазарт демеп пе?

Кетеді.

Ч и р (*артынан ақырын еріп*). Я, құдірет, құтырған Любовьтің, ызақор Павланың, алдамшы Аркадийдің жанын сақта...

Яровой өтіп бара жатады.

Ваше благородие!

Я р о в о й. Иә?

Ч и р. Тәңірім сөзін айтамын.

Я р о в о й. Не сөз?

Ч и р (*бірге өтіп бара жатып сыбырлап*). Жаңа ферғауынның екі қызы портфельді бірдеме етіп бекіту жайын сөз қылды.

Г о р н о с т а е в а (*алысырақта*). Ең әдемі, түйір-түйір сахарин!

Қолосов жақындайды.

Қ о л о с о в. Кәне, бір бөлегін...

Горностаева сатады. Баронесса келе жатып, көз жасын сүртеді.

Б а р о н е с с а. Тәңірім-ай, тәңірім!

Г о р н о с т а е в а. Баронесса, сізге не болды?

Б а р о н е с с а. Естімедіңіз бе? Петербургтағы жеке меншік үйді айырбастап қойды. Костюм мен қантқа қызықты. Қайтып шыдайын, бекзада емес пе ем!

Г о р н о с т а е в а. Шырағым-ау, сенікі әйтеуір айырбастан бір нәрсе алыпты ғой. Әлгі менің байым ғой есуастай барды құртқан. Біреу сода сұраса, ол сахарин береді. Мың сомдық қағаз берсе, бес мыңдықты сдачаға береді... Бірнеше күн нан да көрмейтін болдық.

Б а р о н е с с а. Біз де солай.. Таң атысымен құршай... Енді Петербургке қайтқанда гостиницаға түсеміз-ау! (*Жылайды.*)

Қ о л о с о в. Рақым етсеңіздер қайтеді. (*Сумкасынан ақ нан алып ұсынады.*)

Б а р о н е с с а. Бұл қалай?

Қ о л о с о в. Алыңыз, қашпаңыз!

Б а р о н е с с а. Бірақ мен сізді танымаймын ғой!

Қолосов. Оқа емес. Өзі жаңа піскен нан.

Баронесса. Түу, ыңғайсыз-ау...

Қолосов. Тұра тұрыңыз, кесіп берейін. (*Горностаеваға беріп жатып.*) Рақым етіңіз.

Горностаева. Жоқ, қайтесіз... Бірақ мен сізді көрсем керек. Ал өзіңіз ше?

Қолосов. Е, мен тоқпын. Пирожный болмаса керегі жоқ.

Горностаева. Тәттіге құмар екенсіз-ау!

Баронесса. А, Елена Ивановна, сіз бранушвейгскойдің пирожныйын қалай көресіз? Түу, бір тамаша ғой.

Горностаева. Жо, жеміс салған қаттама тортты айтсаңызшы. (*Екеуі де түкірігін жұтып, шапшаң сөйлейді.*)

Баронесса. Бәле, померанцевтің қатығы-шы... саусағыңмен шұқырайтып, ақ уыз май құйып... Ойпырай, исін айтсаңызшы... Әлгі графиня...

Горностаева. Оймақтай қаттамалар, шетіне жұмыртқа жағып, ортасына жеміс салса... О-ой, қандай қып пісіруші ем, уай келіп...

Баронесса. Не дейді енді, барғанда қонақ үйім, буфет үйім бәрі кісінікі бола ма? (*Жылайды.*)

Қолосов. Сабыр, сабыр етіңіз. Міне груша алыңыз.

Баронесса. Әкей Закатов: «алты жұмадан соң» дейді.

Қолосов. Закатовыңыз өтірік айтады. Сабыр етіңіз.

Баронесса. Сіз не деп тұрсыз?

Горностаева. Сізше, өтірік айтпайтын кім?

Қолосов. Мен.

Баронесса. Ендеше Петербургке қашан жетеміз?

Қолосов. Ну, тез болмайды.

Горностаева. Бір жылдан соң дейсіз бе?!

Қолосов. Оны да айта алмаймын.

Баронесса (*айғайлап*). Сіз осындай ма едіңіз?

Горностаева. Не деген әдепсіз!

Баронесса. Мен қазір айғай сап, жалтырайын бәлем сені!..

Қолосов. Сіз әуелі мынаны жеңіз.

Баронесса. Мені жеммен ала алмайсыз.

Айғайға мырзалар жүгіріп келеді.

I-мырза. О, немене, баронесса?

II-мырза. Не боп қалды?

Баронесса. Е, мына большевик ашық үгіт жүргізіп тұр.

Горностаева. Өкімет-ақ екен!

II-мырза. Не дейсіз?

I-мырза. Қайсы, мынау ма! Мен қазір охранканы шақырайын.

Колосов. E-che! Жегенің ас болсын!

Жөнеледі.

I-мырза. Ұста, ұста! Большевик!

Қарбалас айғай. Чир мен Дунька шығады.

Чир. Ұр, туғандар, Сима, Хама және Ахветті!

Дунька. Ой, тәңірім-ау! Енді қайттік! Ұйымдас шапшан!

Дауыстар. Қайда большевик?

— Кім большевик?

— Бұ не, бәтір-ау?

— Қалаға кеп қапты большевик!

Үйлердің көлеңкесіне халық жиналады. Орталарында Любовь, Панова. Қуанышты сыбыр шошынған айғаймен араласады.

Біздің кісілер келе жатыр!

Жолдастар, жегловшыларды әкеледі!

Құтқарайық, жолдастар!

Извозчик, жүр вокзалға!

Жүз мың!

Слободкеге кеп қапты...

Дауыстар. Қошкин баронессаны бауыздап кетіпті. Барлығын бір-ақ қыру керек!

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

Ақ армия штабының қорасы. Кешкі мезгіл. Күтпеген жерден ақтар көшіп жатыр. Паровоз, автомобиль обоз дауыстары, Офицерлер жүгірісіп жүр. Террасада Яровой қағаз ұстап тұр. Телефон шылдыры. Малинин келеді.

М а л и н и н. Міне бұйрық, его превосходительство, жүріп бара жатып, жөнелту жұмысын маған тапсырды, қала күзетін сізге тапсырды.

Я р о в о й. Мақұл.

М а л и н и н. Көмек алу үшін одақтастарға кетеміз.

Я р о в о й. Кетесіздер, ал мұнда алысатын біз ғана...

М а л и н и н. Біз дегеніңіз кім?

Я р о в о й. Біз деген сіз емес.

М а л и н и н. А? Иә... Ну, несі бар, алысыңыз. Я, айтпақшы, его превосходительство, кеше ұсталған Қошкинді және жегловшыларды түрме ішінде жоқ қылуға бұйырды.

Я р о в о й. Тегі, генерал, мен Қошкинді босатып жіберу үшін ұстады деп ойлады ма екен!

Нәрселерін алып барон мен баронесса келеді.

Б а р о н. Баронесса, болсаңызшы!

Б а р о н е с с а. Менің тағы есім ауып тұр ғой.

Б а р о н. Полковник, құдай үшін, автомобиль беріңізші.

М а л и н и н. Мырзалар, бере алмаймын, поезға ұмтылыңыздар.

А д ъ ю т а н т (*Малининге*). Полковник мырза... (*Қағаз береді.*)

Б а р о н е с с а. Мені онда тұншықтырады ғой!

Горностаевтар келеді.

Г о р н о с т а е в. Кімді тұншықтырады?

Б а р о н. Баронессаны.

Г о р н о с т а е в. Оны қойшы. А, мұнда міне бірнеше адамды өлтіргелі жатыр. (*Малининге жақындап.*) Мырзалар, болмайды...

Б а р о н. Кімді айтады?

Г о р н о с т а е в а. Жегловшыларды айтады. Қамын жеген кісісін көрсеңізші.

Б а р о н е с с а. Ал, мен әлсіз әйел болсам да, оларды өз қолыммен тұншықтырам.

М а л и н и н. Ал, мырзалар, асығындар!

Кетеді. Барон мен баронесса артынан ереді.

Барон. Ал автомобиль ше?

Елисатов кіреді.

Баронесса. Елисатов мырза, келісім қағаз қайда?

Елисатов. Мен оны өзіңізге, заграницеге жіберем.

Баронесса. Жалғыз-ақ қайта келгенде мен тура имениеге түсетін болайын.

Елисатов. Қам жеменіз. Қош болыңыз.

Штабқа кетеді.

Горностаева. Макс, құдай үшін жүрейікші бізде.

Горностаев. Леля, сен білесің ғой... Мен шет елге ғылыми мақсатпен ғана барамын.

Горностаева. Ну, сол ғылыми мақсатпен кетейік.

Кетіседі. Чемодандарын алып бірінші және екінші мырза келеді.

Ханымдар да бар.

И-мырза. Мырзалар, мырзалар, одақтастардың ғажайып кемесі кепті. Жағада күзетте тұрған солдатты алдымен мен көрдім.

И-дама. Бір сәтте теңіз үстінде будақ-будақ түтін... Мұржалар.

И-мырза. Ал, бірақ штаб неге түк білмейді?

И-дама. Е, өйткені — ғажайып қой!

Закатов пен матушка чемодандарымен шапшаң келеді.

И-мырза. Ғажайып болса, әкей-протоиерей алдымен білген шығар.

И-дама. Әкей-протоиерей, сіз ғажайып кеме жайын естідіңіз бе?

Закатов. Қайда екен?

И-дама. Теңізде... Түтіні мен мұржасы көрініпті.

Закатов. Мүмкін, бәрі де мүмкін, балаларым.

Комендант жүгіріп бара жатады.

Комендант мырза, мына матушка екеуімізге төрт орынды автомобиль берілмек еді.

Комендант. Я-я, әзір тұр. Он үшінші номерлі.

Матушка. Ой, номері ырымға жаман екен. Тым құрымаса он төртіншіні беріңізші.

Е л и с а т о в. Москваға барасыз ғой, батюшка?

З а к а т о в. Мен сіздерді Москваға шақырып ем, сіз дінсіздер, күмән келтірдіңіздер ғой.

И - д а м а. Ғажайып кеме, батюшка.

З а к а т о в. Балаларым, тәңірінің ғажайыбына талпынып... Бірақ бастаушы ұстазыңыз болсын. Комендант мырза, менің автомобилім қайсы?

Кетеді. Сахна сыртында автомобиль жанында дау шығады.

Е л и с а т о в. Парижге кеттің бе, Авдотья Фоми-нишна!

Д у н ь к а. Е, сұмдармен бірге қашушы ма ем!

Кетеді. Сахна сыртында автомобиль жанында дау шығады.

З а к а т о в. Балам Евдокия, бекер отырғансыз, ма-шина біздікі.

Д у н ь к а. Тастаныз, батюшка, ондай хал-ақуалда-рыңызды. Шегінетін мен емес.

М а т у ш к а. Қойыңыз! Құдай жолындағы автомо-билге кептелетін сенің бөксең бе екен!

Г о р н о с т а е в (*таласқандарға қарай ұмтылып*). Дуньканы Европаға жіберіңіздер, жіберіңіздер.

Е л и с а т о в (*штабтан шыға айқайлап*). Павла Пе-тровна, мен мұндамын. Автомобильге отырыңыз. Бір ғана қағазды реттеп алайын. Бір минутке...

Штабқа кетеді. Панова шығады.

П а н о в а (*Елисатовтың соңынан*). Ал, тез болы-ңыз... (*Келе жатқан Любовьқа.*) Е, сәулешім, байыңыз керек пе? Әрі кеңес, әрі махаббат. Неменеге келістіңіз-дер, Кошкинге ме?

Л ю б о в ь. Ол қалайша?

П а н о в а. Қалайша, саттыңыз ғой.

Л ю б о в ь. Сен бетпақ, саттың.

П а н о в а. Қате айтасың, сәулешім. Сатқанда дос сатады. Мен жауымды ұстаттым. А, сенің көмегіңе рах-мет.

Л ю б о в ь (*тапаншасын ұстай алып*). Санаулы оқты саған жұмсау да арам.

П а н о в а. Міне енді біз «сен» десіп жүзбе-жүз сөй-лесейік. (*Бетін тақап, ақырын, қадап сөйлейді.*) Сен жыланнан да жамансың. Ғасырлық көнесінен жап-жасыл боп кеткен мына көзіңізді өлердей жек көрем. Ажымды

мандайыңды, уланған бишара ойыңды. Еріндерің жыланның балаларындай ирендейді. Миллион басты айдаһар! Өмір бойы жиренумен өтермін.

Л ю б о в ь. Сенің өміріңе қалған бар сыбаға сол ғой, тілі суырылған жылан. Жерімізден алып кет өлексеңді.

П а п о в а. Жорғалаңдар сол жерде, сүзек биттері.

Елисатов келеді.

Е л и с а т о в. Павла Петровна, мен әзірмін, автомобильге рақым етіңіз. Бір жұмадан соң екеуміз Парижде боламыз.

Екеуі кетеді. Террасқа қағаз қараған бойында Яровой шығады.

Любовь оған жақындайды.

Я р о в о й (басын көтеріп). Люба!

Л ю б о в ь. Кошкин мен жегловшыларды босат.

Я р о в о й. Люба, бұл орындалмайтын тілек.

Л ю б о в ь. Бұл тілек емес, шарт.

Я р о в о й. Кімнің шарты?

Л ю б о в ь. Менікі. Мен кеше саған Кошкинді ұстап бердім, бүгін қайтар деймін.

Я р о в о й. Сөйтіп, мәселе жалғыз Кошкин туралы ғой?

Л ю б о в ь. Жақсы. Әуелі Кошкин басын босат.

Я р о в о й. Мен оны бір күнге жалдамаға алды деп білемісің өзің?

Л ю б о в ь. Қылжақ керек пе? Көзіме қара менің. Әлде ең соңғы көргенің болар. Кеше, кеше неге келдің маған?

Я р о в о й. Люба, өзімнің саған тиісті жаныммен ант етейін, сені ғана іздеп ем. Аналар кездеседі деп ойламап ем.

Л ю б о в ь. Ендеше антыңды ақта — босат мыналарды. Құтқар соларды, бұны сен істей аласың ба?

Я р о в о й. Істей алсам, алдымен сені олардан құтқарар ем. Жетті, Люба. Бұл өлім майданы. Құлаш сілтесіп тұрмыз. Кімнің көзі тайса, соның басы ұшады. Сен маған көзің тайдыр демекпісің?

Л ю б о в ь. Сен ғой кеше алдаумен менің көзімді тайдырған. Жыландай жер бауырлап кеп жүрегіме кіріп, өлтіре шаққалы кепсің ғой.

Я р о в о й. Кездейсоқ оқиға килікті, сен айыпты емесің.

Любовь. Айыпты емес? Сенің құшағыңа бас иіп ем, бірақ сенің аяқ астыңа қандай бастарды түсіріп отырмын. (Телефон шылдыры.)

Яровой (аппаратқа барып). Я, немене? Қазір жетемін. Ну, қош бол, Люба, мені үшінші рет өлдіге сана.

Любовь. Сен... сен құтқармағаның ба?

Яровой. Бар енді... уақыт жоқ.

Любовь (қалтасынан тапаншасын жұлып алып).

Міне...

Яровой. А... Бұны сен жақсы тауыпсың. Ақылдысың. (Алдына тұра қап төсін ашады.) Шындап өлтір.

Любовь. Жоқ, сенің өлім жазаң алдыңда!

Тапаншаны өз кеудесіне бұра береді. Яровой секіріп кеп жұлып алып жанына тығады.

Бұның азғантай ғана бөгеуіл ғой. Бәрібір Романды өлтірсең, мен өзімді өзім өлтірем.

Яровой қоңырауды басады. Қарауыл солдат келеді.

Яровой. Мына әйел анау бөлмеге қамалсын. Мықтап күзетілсін.

Қарауыл Любовьті алып кетеді. Қолосов жүгіріп келеді.

Сізге не керек?

Қолосов. Мен Любовьқа келіп ем.

Яровой. Ана... Тыңдаңыз, мен сізді білемін, сондықтан сіз азатсыз. Сіз Любаны дереу, қала ішінен аулаққа алып кете аласыз ба?

Қолосов. Жоқ.

Яровой. Неге?

Қолосов. Ол жүрмейді.

Яровой. Неге?

Қолосов. Қошкинді босатыңыз.

Яровой. Барыңыз, ендеше.

Қолосов. Қандай зор іс істеген болар едіңіз...

Яровой. Барыңыз, әйтпесе Қошкин барған жерге сіз де барасыз.

Қолосов. Мен дәл соны тілеймін. Любаны харап қылмаңыз. Бұл дертті көтере алмайды. Қажет болса Қошкиннің орнына мені алыңыз.

Яровой. Сіз кімге керексіз?

Қолосов. Бәрібір мен де сіздерге зияндымын.

Яровой. Жоқ, сіз зиянсызсыз. Жөнеліңіз. Бірақ,

бір сағаттан соң қайта оралыңыз, Любаны сіздің ғана қолыңызға табыс етем.

Кегеді. Жүріп бара жатқан машинаның даусы. Қолосов көшеде, алдынан офицер киімін киген Швандя шығады.

Ш в а н д я. Жолдас Қолосов?

Қ о л о с о в. Сіз кімсіз?

Ш в а н д я. Танымай тұрсыз ба?

Қ о л о с о в. Швандя!

Ш в а н д я. Тап өзі.

Қ о л о с о в. Ерте шыққансын.

Ш в а н д я. Кеш десенізіші. Жолдастарды құтқару керек.

Қ о л о с о в. Любаны жаңа арестке алды.

Ш в а н д я. Қай жерде?

Қ о л о с о в. Осында, Яровой. Қарауыл қойып, өзі кетіп қалды.

Ш в а н д я. Ендеше, шақыру керек. Бастықтан кім бар екен.

Қ о л о с о в. Ешкім жоқ, часовой ғана бар.

Ш в а н д я. Е, ендеше бұйым емес, жүр!

Қ о л о с о в. Немене сен. Тартып аламысың?

Ш в а н д я. Неге? Жақсылықпен аламыз. (*Қолосовқа айғайлап.*) Әмірімді тыңда. (*Террасаға шығып.*) Смирно. Мен сендердің большевиктік істерінді жоямын. Жеңдік дейсің ғой. Өтірік айтасындар, қызыл сайтандар! Фронт қайда бекіді. Генералдар қайтып келді. Бәрі қайтып жатыр. Мінеки, пакет. (*Пакет суырып.*) Қазір маған екінші провод орнат. Ну? Әй, ереуілшімісің? (*Қарауылға.*) Поручик Яровой қайда?

Қ а р а у ы л. Кетіп қалды.

Ш в а н д я. Қайда кетті?

Қ а р а у ы л. Біле алмадым.

Ш в а н д я. Білу керек, айуан. Әлде сен де қызыл-мысың. Көрсетермін бәлем. (*Телефон трубкасын алып.*) Бикеш, екі мың екі ноль номерін беріңіз. Поручик Яровой? Сөйлеуші прапорщик... князь Курносовский. Тап өзі, сізге тығыз пакет пар. Қарауылға берем бе? Құп. Қай большевик қатын? Арестегі ме? Қазір білейін. Қарауыл, аресте әйел бар ма еді?

Қ а р а у ы л. Дәл солай.

Ш в а н д я (*трубкеге*). Дәл солай. Бар екен. Сөйтіп, оны қайтейін? Түрмеге өзін апар? Құп, жол... поручик

мырза... Мен оны қазір алайын. Шұрқ етпеңіз. Мен тырп еткізбеймін. Қарауыл пакетті күзетсін дейсіз бе? Құп, сау бол. Бонжур. (*Қарауылға.*) Әкел әлгі қатынды, түрмеге әкетемін. Ал сен мына пакетті ұста да, онымен поручикті тос.

Қ а р а у ы л. Бұйрықсыз қалай болады?

Ш в а н д я. Не дейсің? Телефонды естімеген шығарсың? Мен сенің мүкісінді арылтармын. Ну, бол, аш! Тұтқың, шық былай, марш. А, сен пакетке сақ бол.

Қ а р а у ы л. Қалай айт деп бұйырасыз?

Ш в а н д я. Саңыраумысың. Подпоручик князь Курносковский бұйрығы де. Монтер, бітірдің бе? Бар. (*Қарауыл кетеді.*) Ал, жолдастар, бытырайық, жөнеліңдер!

Кетеді.

Любовь пен Колосов көшеде, тұйықта жұмысшылар жүр. Күбірлеген дауыстар.

Д а у ы с т а р. Толайым, бәрі жөнелген бе деймін.

Соңғы эшелон кетті ғой.

Жалғыз түрме мен вокзалда қалды.

Бұл не, жолдастар-ау? Шынымен-ақ жегловшылар құрығаны ма?

Енді қайттік?

Қайтер едің?

Тағдыр ғой.

Кіріссек қайтеді?

Тағы да құр қол ма?

Япыр-ау, анда Қошкин, Хрущ, Мазухиндер бар ғой, шынымен бергеніміз бе?

Беріп қойып тұрып, бергеніміз бе дейсің-ау.

Т а т ь я н а. Беріп-беріп қойыңдар. Беруге мастерсіңдер. Хрущ сендер үшін отқа кетіп бара жатқанда «Хрущ барсын» дедіндер. Енді Хрущтар асыларда: «Хрущ асылсын» дейсіңдер ғой. (*Жылайды.*)

І-әй е л. Дұрыс айтады.

ІІ-әй е л. Дұрыс емей немене... Жақыны ма екен. (*Мазақтан.*) «Құр қол» дейді. Ендеше қолдарынды кеп байлап, менің байымша фонарьға асқанша тосыңдар, сөйтіп... Байым фонарьда, үш балам фонарь түбінде... Саусақтарын әкесіне созады. Мен болсам міне... Тосыңдар, сөйтіп.

Д а у ы с т а р. Біздің кісілер Громовойдың бер жағасына өтіпті ғой. Таңертең жетеді.

Жо, таң біліне жетеді.
Шын-ақ құтқармағанымыз ба?

Любовь жақындайды.

Любовь. Жолдастар. Таң ата мұнда фронттағы қырандар жетеді. Ал қазір кеш бата жаумен осы арада алысып жүрген жолдастарды дарға асады.

Жұмысшы. Біз де соны айтып тұрмыз ғой.

Любовь. Қалайша қол қусырып танды тосып отырсыздар, ә? Ертең жауынгер жолдастардың жүзіне не деп қарайсыңдар.

Жұмысшы. Қарамай суалып қалсын ол көзіміз.

Любовь. Немен қарсы аласыздар. Ерлердің бусанып тұрған өлігімен қарсы алмақсыздар ма? Ақтың тұзағынан ер бауырларыңды айырып алу үшін не істедіңіздер демей ме? Сонда не айтасыздар.

Дауыстар. Рас қой, жолдастар-ау?

Құтқарамыз.

Бұғып қалу масқара.

Жүр, құтқарамыз.

Любовь. Жолдастар, ендеше мектеп артындағы алаңға келіндер, қару түгел.

Дауыстар. Ура!

Тсс... ақырын.. тарай беріндер.

Соқ телефонды заводқа.

Түрме қасындағы алаңға жиналамыз.

Халық кете береді. Алыста қалың дүбір. Буржуйлар шошына қашып жатыр. Ақ армия да шегініп барады. Жаралы мен аурулары да бар.

I-г р а ж д а н и н (*II-сіне*). Не сатасыз?

II-г р а ж д а н и н. Түк те сатпаймын.

I-г р а ж д а н и н. Әлде бірдеме бар шығар. Ақшасына қарамаймын. Ботинкаңызды сатасыз ба? Қажет еді.

II-г р а ж д а н и н. Е, менің өзіме де қажет. (*Кетеді.*)

I-г р а ж д а н и н (*артынан еріп.*) Жүз мыңға қалайсыз? Алыңыз деймін.

III-г р а ж д а н и н. Ақтың ақшасы жойылды. Жаңа кассада жариялады. Өкімет-ақ екеп. Енді қайттік?

IV-г р а ж д а н и н. А, менде құдайға шүкір, Керен мен Николайдан басқа түк жоқ. Бастан-ақ біліп едім.

Кетіседі. Яровой шығады.

Я р о в о й. Тыныштық па?

Қарауыл. Дәл солай, господин поручик.

Яровой. Арестант әйел ше?

Қарауыл. Бұйрық бойынша подпоручик мырзаға табыс еттім.

Яровой. Не дейді? Кімге?

Қарауыл. Князь Курносовскийге, әлгі телефонмен...

Яровой (*бос бөлмені қарап*) Сен... мұнда не бағып тұрсын?

Қарауыл. Пакет күзетуде.

Яровой (*бос пакетті жыртып-жыртып қарауылдың бетіне лақтырып*). А, аттырамын сені! (*Телефон шылдырайды. Ұмтылып телефонға.*) Я, халық? Түрмеге? Алаңға ротаны шығарып, пулеметтер құрылсын. Бұйрық тосыңдар.

Семен жүгіріп кіреді.

Семен. Поручик мырза! Халық түрмеге ентелеп тұр. Тіпті тас лақтырады.

Яровой. Атыңдар алдыңғыларын.

Семен. Бәсе десеңші. Ал әне бір оқытушы салдақыны жатқызайық па?

Яровой. Ол кім?

Семен. Е, әлгі кешегі Кошкинді жасырған ше? Өзім-ақ жайратамын.

Яровой. Тиюші болма... Бұйрық күт. Ол тірідей ұсталсын.

Семен. Ну, соғыссыз бермейді.

Яровой. Бар. Бұйрықты телефоннан тос.

Семен. Тосуға болмайды ғой.

Яровой. Бар деймін.

Семен кетеді. Яровой телефон жанында толқып жүреді. Трубканы бір алып, қайта іледі. Анық естілмейді. Телефон шылдырайды. Трубканы алады.

Білемін. Бұйрық тоссын. Қақпаға шегінсін.

Малинин жүгіріп кіреді, артынан Чир.

Малинин. Поручик Яровой, сіздің істі бөгейтініңіз қалай? Неге ат деп бұйрық етпейсіз?

Яровой. Үлгереміз.

Малинин. Қалай үлгересіз? Бір большевик қатын солдаттардың қақ қасына барыпты. Үгіттеп жатыр дейді.

Чир. Ол әлгі сіздің қағазыңызды тінтетін қатын.

Малинин. А, сол ма еді. Енді түсіндім, поручик мырза. Дереву атуға бұйырыңыз.

Яровой. Кісі үкіміне қатыспауыңызды сұраймын.

Малинин. Мен полковникпін.

Яровой. Бұндағы барлық үкімет билігі маған берілген.

Малинин. Бұйрық етіңіз, болмаса мен сізді азғын есебінде арестке аламын.

Яровой (*тапаншасын жүлып ап*). Ну!

Малинин. Болшевикке кетесіз ғой.

Яровой. Сіздер болмасаңыздар, большевиктер жоқ болар еді.

Малинин. Поручик Яровой, артымнан еріңіз.

Яровой. Полковник Малинин, чемоданыңызға барыңыз.

Малинин. Бұйрық етгіңіз бе?

Яровой. Осы бұйрықты орындаңыз.

Малинин. Біз әлі сөйлесеміз, большевик!

Кетеді.

Семен жүгіріп келеді.

Семен. Поручик мырза! Бұ не, бәтір-ау, жегловшыларды тірідей тастағанымыз ба?

Яровой. Жегловшыларды? Осы минуттап бастап ату керек. Жөнел!

Семен. Маған оларды бермейді ғой.

Яровой. Қазір телефонмен бұйрық етемін (*Телефон соғады.*) Түрмені беріңіз. (*Телефон соға береді, бірақ жауап жоқ.*) Сайтан!

Офицер жүгіріп кіреді.

Не болып жатыр?

Офицер. Халық түрмені алып қойды.

Яровой. Алды? А солдаттар қайда?

Офицер. Солдаттар қарсыласпай қалаға ығысты, бір бөлегі вокзалға кетті.

Яровой. Өте жақсы.. Поручик, түнге шейін еркіншілік біздің қолда. Түнде қарағайға кіреміз. Соғыс әлі де бар.

Офицер. Соғысатын кім?

Яровой. Одақтастардың көмегіне сүйеніп, отанның адал ұлдары соғысады.

Офицер. Ұлдары? Отан? *(Ысқырып, погондарын жұлып ап.)* Жоқ, мен дәмін татқанмын.

Жөнеледі

Семен. Поручик мырза, большевиктер билеп барады. Бар қорадан қаптай шығып ылғи қызыл ту іліп жатыр. Қайдан алғанын да білмеймін. Жағалай арестке алып жатыр.

Яровой. Қоршап алып атыңыздар.

Швадня мен бірнеше жұмысшы келеді.

Швадня *(Яровойды нұсқап)*. А, міне дәл өзі. Алындар, жолдастар!

Яровой *(тапаншасын жұлып ап)*. Ну!

Оқ атып қашады. Патруль артынан қуып кетеді Горностаевты айдап Пикалов шығады.

Горностаев. Ардақты досым! Адам деген қанша шындық ойлап шығарды осы?

Пикалов. Естіген емен.

Горностаев *(тоқтап, Пикаловтың етігін сілкіп)*. Талай мың деңіз... Ал, егер қашан мыңдаған ұсақ шындықтан бір үлкенді жасаймыз десе... ол егеуқұйрықтан бір үлкен піл жасаймыз деген тәрізді болады.

Пикалов. Өй, өзің неге сілкесің мені? Мен саған алма ағашы ма едім? Тұтқын конвойды сілікпей тек жүру керек.

Горностаев. Бірақ сен екеуміз әлі жүрміз, әлі жүрміз, түк таппадық қой.

Пикалов. Е, жақсы ұлық атаулыны жын қағып кеткенге мен айыпты деймісің?

Горностаев. Мені жаманына табыс етші.

Пикалов. Жаманның әлі келмейді. Осында екеуі шарпысып, бірі: «пакетті оған апарып бер!» деп ақырады. Тағы біреуі: «мына пакетте «өте шұғыл» деп жазылған — пакетпен бірге өзін де сүйре» деп айқайлайды. Ал, шайтанның өзі қайда жоғалғанын қайдан білейін. Тауып көр кәне.

Горностаев. Соның өзі бізді тауып алғанша тоса тұрсақ қайтеді? Өйткені соның керегі бізге аз болса да, біздің соған керегіміз көбірек болар.

Пикалов, Тос, тоспа, әйтеуір, шалым, мен білсем:

сені өте шұғыл пакетпен ап жүрген соң біттім деп біл. Иманынды айта бер.

Кетеседі. Алыстан Яровой елес етеді. Патруль келе жатады, алдынан Чир шығады.

Чир. Әмір етіп, пендем ауынды салып көр, береке табасың дейді.

Патруль. Ата, сен не шатып тұрсың?

Чир. Ауынды осы кварталға сал, жолдастар, үлкен шортан ұстайсыңдар.

Патруль. Е, сенікі не?

Кетеді. Швандя шығады, қарсыдан чемоданын арқалаған саудагер әйелімен кездеседі.

Швандя (солардың соңынан). «Анам мені ұзатқанда, бар туғаным қаптап еді-ау!» (Махора келеді. Швандя бұған қақтығып қап.) А, Махорочка, осы сіздің жүдей қалатыныңыз қалай?

Махора. Сендерді сағынып.

Швандя. Ылғи ақтармен сыбайлас болдыңыз ғой?

Махора. Бәле, ақты бойыма дарытатын мен бе екем?

Швандя. Е, алдыңғы күн, осы арада, дәл осы бір жеріңізді биязылап шымшып алған кім еді?

Махора. Жаным-ау, шын сіз бе едіңіз?

Швандя. Дәл өз қолым.

Махора. Бәсе, сонда-ақ біле қойып едім.

Швандя. Сөйтіп, сіз толық саналы екенсіз. (Чирге қадалып тұрып, жақындап.) А. Чир, алдияр... Әлде танымай қалдың ба?

Чир. Я, тәубә жасаған... Асылған құлың Феодор... Мен саған тәбәрәк оқып, тәңірім дәргеһіна қабыл ал деп ем...

Швандя. Ой, ол қабыл алмады ғой. «Менің көз алдыма сені кім шақырды»— дегені ғой. «Чир жіберді ғой, құдайеке» деп ем. «Әй, надан, өзін жіберші, мен оған әп-сәтте танытайын»— деді. Мен «күп, жолдас» деп қайта салдым. Сөйтіп міне тап сені шақыра келдім, марш!

Чир. Жанды алуға, Федя, періште жіберіледі.

Швандя. Мен де құдайға соны айтып ем. «Жоқ, матрос сенімдірек болады» деді ғой. Балалар, алындар мынаны!

Ч и р. Бұл өтірік айтады, жолдастар. Ешбір құдай деген жоқ қой.

Ш в а н д я. Ендеше мені неге жібердің?

Ч и р. Қызық көрсін дегем. Босатыңыздар, жолдастар, құдай жоқ, оңбайын жоқ дейім.

Ш в а н д я. Сен кітап сөзін сөйле.

Бәрі кетеді. Пикалов шығады, артында Горностаев, бұл бөріктен айрылған.

Г о р н о с т а е в. Біреу құдайдан қатты безіп жатыр... Тегі жақынын таныған ғой. Ал, досым, енді қайда барамыз?

П и к а л о в. Шайтан біле ме, қайдам.

Г о р н о с т а е в. Барар жер жоқ болса, кел енді отырайық. Әлде ақыл табармыз.

П и к а л о в. Ақыл тұрмақ, сен бөркіңнен де айрылып қалдың ғой.

Г о р н о с т а е в. Саған қалай көрінеді, осы біз шындықты, сол шындық жолынан ауа жайылып іздеп жүргеніміз жоқ па? Өйткені, шындықты тығыз жолдың табанынан іздеп жүргенде ол дәл кеудеңде боп шығады ғой.

П и к а л о в. Сорыма жабысқан пәлесің сен бір. Осы сенен қайтсем құтылам?

Г о р н о с т а е в. Білмеймін. Саған пара берер ем, бірақ түгім жоқ.

П и к а л о в. Мен ныспы пара алып көргем жоқ.

Г о р н о с т а е в. Өзіңе беріп пе еді?

П и к а л о в. Жоқ.

Г о р н о с т а е в. Маған да берген емес.

П и к а л о в. Осы сен қай тапсың?

Г о р н о с т а е в. Мен профессормын.

П и к а л о в. Циркте ойнаймысың?

Г о р н о с т а е в. Неге олай дейсің?

П и к а л о в. Е, бағана әлгі егеуқұйрық пен піл жайын қисындырып айттың ғой.

Г о р н о с т а е в (бұған үңіле қарап). Тындашы... Сен... жаңа өмірдің азаматысың...

П и к а л о в. А? Мен.

Г о р н о с т а е в. Осы мені әншейін расходқа шығарсаң қайтеді?

П и к а л о в. Ой, бір көк ми екенсің.. Ал мына қағазды қайтем? Қолды кім қояды?

Горностаев. Мен саған өлдім деген расписка берейін.

Пикалов. Жо... менің оған машығым жоқ.

Горностаев. Машығың не еді?

Пикалов. Не болсын? Қатын әнеки ұлтарактай жерде жалғыз арпалысып жүр. Тегі, атымыз өлген болар... Былтырғы көктемде үш пұт астықты құдамнан қарызға алып ем! Биыл о да жоқ... Ой, осы сен өзің мені алдаусыратпашы тек!

Швандя келе жатады.

Швандя. А, жолдас Макс? Е, досым, сен де отыр ма ең? Бұ немене?

Пикалов. Бұ бір қып-қызыл шатақ...

Швандя. Әй, өзің немене, әлі тұтқында жүрмісің?..

Пикалов. Тұтқын болса бір сәрі ғой... Одан да жаман. Өзім айдап жүргем жоқ па, пакеті және бар сілең қатқырдың... Енді қайттім.

Швандя. Пакеті кімге жазылыпты?

Горностаев. Тәрізі маған болу керек. Бірақ міне осыны ашатын кісі жоқ.

Швандя. Ендеше ол бұйым емес! *(Пакетті жыртып, қағазын айналдырады, жөндеп тани алмайды да Горностаевқа береді.)* Оқышы, әке, менің даусым қарлығып қапты.

Горностаев *(оқиды)*. «Сақтау қағаз. Бұл қағаз иесі профессор Максим Горностаев Совет өкіметінің айырықша күтетін адамы... Арестке алынбасын... жан-жақты көмек берілсін...»

Швандя. Ой, мынау менің көзімше жазылған-ды, бірақ жіберуге мұрша келмей қалған болатын.

Пикалов. Бәсе, сергелдең болғаным содан екен-ау!

Горностаев. Көрдің бе, досым, бар нәрсенің түбі барып мағналы себепке тірелді.

Пикалов. Енді бұны қайтеміз? Дуалға тұрғызып атамыз ба?

Швандя. Өзің бір дуалсын ғой, санасыз!

Пикалов. Е, әлі жазылғам жоқ па?

Швандя. Бұл жолдас Макстің басы айдай әлемге әйгілі болады, ә, сен дуалға тұрғызам дейсің! Жүр, Макс әке, мен сізге қазір бәрін таныстырып берейін. Ол бізге бұйым емес.

Кетеседі. Қолының жарасын танып Любовь келе жатады.

Колосов (*қарсы ұмтылып*). Люба, құтқару қажет... Қамауда қалды.

Любовь. О кім?

Колосов. Кім болсын, Михаил да...

Любовь. Сөйтіп ол кетпеп пе еді? Тағы да торымақ қой?

Колосов. Өзін торып жүр. Осы бір көшеде қашып жүр. Бірақ қамауда. Қайда тығам?

Любовь. Кеудеңе, жүрегіңе тық. Кеше ол мені жүрегіңе басып тербетіп «көгіршін» етті ғой. Мен оны шағайын.

Колосов. Люба, өзіңізді харап етпесеңізші. Тығылыңызшы мектепке.

Любовь. Сіз жөнеліңіз, әулие.

Яровой жүгіріп келеді.

Яровой (*Любовьқа қарай жүріп*). Люба? (*Любовь шұғыл теріс айналады.*)

Колосов (*есікке таяй беріп Яровойға*). Бері қарай!

Яровой (*аз ғана кідіріп*). Ал, бәрібір.

Екеуі де есік артына кетеді. Қуып жүрген патруль кіреді. Қарсыдан кемпір шығады.

Патруль. Апай, офицер қалай қашты?

Кемпір. Жарығым, ол қашқан жоқ. Мына есікке кірді.

Патруль есікті аша береді, қарсы алдынан Колосовтың киімін киген Яровой шығады.

Патруль. Офицер Яровойды білесіз бе?

Яровой. Білмеймін.

Өте береді.

Колосов (*Яровой киімінде*). Ол мен.

Патруль. Жүр.

Яровой (*Любовьтің қасынан өте беріп*). Қош бол, Люба.

Любовь. А, сен бұндай құрбандықты қабыл алушы ма ең? (*Патрульге.*) Тоқтаңдар, жолдастар, мынау Яровой емес. Маскарад жасап жүрген мына дуана ғой. Яровой былай қашып кетті.

Патруль солай жүгіреді.

К о л о с о в. Люба, бұл өзіңізді қайткеніңіз?

Алыста қуанышты халықтың дабыры күшейе береді. Сол халық ортасында Қошкин мен жегловшылар, бұларға жұмысшы еркек, әйел қуана ұмтылады. Әр жерде шошынған буржуйлар бүрісіп тұр.

Д а у ы с т а р. Жігіттер, мынау Қошкин мен жегловшылар! Ура!

Т а т ь я н а. А, Хрущ? Менің ағам ше? Ағамды көрген бар ма?

Д а у ы с. Хрущ әзір көрінбейді.

Т а т ь я н а. Ендеше асқаны ма?

Қошкин бастаған халық жегловшылары мен барлығы уралаған айғаймен алаңға толады. Татьяна Қошкинге ұмтылады.

Хрущ қайда? Ағам қайда? Шын-ақ асқаны ма?

Қ о ш к и н (*жымиып*). Асарсың оны... Көтеретін фонарь табылмас. (*Топ ішінен Хрущ шығады.*) Өзінің өскенін көрсенізіші! (*Татьяна Хрущтің құшағына ұмтылады.*)

Х р у щ. Амансыз ба, жолдас Яровая! Сізді алдымен күйдірді-ау?

Қ о ш к и н. А, біз решетка артында қол қусырып отыра бердік те, құр ғана тамашалай бердік. (*Күліп.*) Бірақ, жолдастар, қол қусырып отыруға ерте. Жау кезі келсе кеңірдектен ала түсейін деп баспа қып тұр. Бәрін де шалғыншы болыңдар!

Отрядымен Швандя шығады.

Ш в а н д я. Жолдас Роман! (*Ұмтылып, мойнынан құшақтап.*) Сол енді, сол... сол...

Қ о ш к и н (*аялы*). Немене? Немене, Федя?

Ш в а н д я (*көзінен бір нәрсені сілкіп тастап*). Ремизге отырып ек, қайта айықты-ау.

Горностаев пен Пикалов келеді.

(*Айғайлап*). Бөркі табылды ма?

П и к а л о в. Табылды, бірақ пәле... өзінікі емес, кісінікі.

Қ о ш к и н. Жолдас Горностаев! Амандығыңызға қуаныштымыз. Сөйтіп қараңғылықпен алысамыз ба?!

Г о р н о с т а е в. Иә, иә. Мен дәл сол туралы: міне бөркі бар досым туралы.

Марья жүгіріп кеп Григорийге ұмтылып.

Марья. Сен... А Семка ше?

Григорий. Семка маған көр қазып жүр.

Марья. Қай жерде?

Швандя. Шеше, не теңіздің аржағынан немесе осы арада қасыңнан қазбақ.

Түкпірден Яровой қашып шығады, Патруль қуып келеді. Яровой Кошкинмен кездесіп қалады.

Кошкин. А! Комиссар Вихорь! Міне тағы кездестік, бірақ айтысар сөз де жоқ. Сөйтіп... бақыл бол!..

Яровой. Хош бол, Люба!

Любовь *(бұдан сырт айналады. Яровойды ұстап әкетеді. Любовь артынан қарап, күрсініп көзін жұмып, тез түзеліп, Кошкинге.)* Жолдас Роман, отын астындағы қару бүгін тиісті кісілерге табыс етілді.

Кошкин *(қолын қысып)*. Рақмет, мен әрқашан сізді адал жолдас санағам.

Любовь. Жоқ, мен, мен бүгіннен бастап қана адал жолдасын.

Шымылдык.

Соңы.

В. Шекспир

ОТЕЛЛО

Без актылы трагедия

АДАМДАРЫ:

Венецияның дожы — (герцог дәрежесінде).
Брабанцио — сенат мүшесі. Дездемонаның әкесі.
Грациано — Брабанционың інісі.
Лодовико — туысқаны.
Отелло — мавр, Венецияның сардары, әмір лашкері.
Кассио — Отеллоның лейтенанты.
Яго — Отеллоның маңындағы адам.
Родриго — Венеция дворяны.
Монтано — Кипрдің бұрынғы әміршісі.
Шут — Отеллоның қызметкері.
Дездемона — Отеллоның әйелі.
Эмилия — Ягоның әйелі.
Биянка — Кассионың тамыры.

Офицерлер, солдаттар, матростар, Кипр адамдары, халық.
Уақиға Венеция мен Кипр аралында болады.

БІРІНШІ АКТ

I САХНА

Венецияның көшесі. Түн. Родриго, Яго шығады.

Родриго.

Жөнел! Жоғал!
Өкпелеймін мен саған.
Алтынымды қалтамнан
Өз мүлкіңдей көруші ең.
Ұятың қайда, біліп жүріпсің.

Яго.

Япырай, тындамаған өзің ғой.
Осынау істі білгендігім шын болса,
Бетіме түкір дедім ғой...

Родриго.

Өлердей өшім сол деп ең.

Яго.

Өтірік айтсам оңдырма,
Мені соған лейтенант етем десіп ед.
Беделі бар, үш адам ед кіріскен.
Құдай ақына, сол орынға татушы ем,
Бірақ ол пандығына басыпты,
Құлаққа ілмей сөздерін
Мақтан сөзбен тасыпты.
Сүйтіп келіп,
Үшеуін бірдей тойтарып,
«Таңдап алған офицерім бар» депті.
Онысы кім десенші?
Рас, ол цифрға майпаз-ақ,
Микеле Кассио деген бір флоренциялық

Өлердей сүйген сұлуы да бар екен.
Жалғыз-ақ соғыста эскадрон да бастап көрмеген.
Әскер тәртіп ісінен,
Барлық білген шамасы.
Шүйке есетін қатындай
Жаттағаны құр солдаттың боқтығы.
Соғыс жәйін тоғы киген серінің
Бәрі де сондай білер-ақ.
Тілде бар да, істе жоқ.
Қасиетін көрдің бе?
Бірақ соны таңдапты.
Ал мен, Отеллоның өз көзінше қырғында
Родоста да, Кипрде
Язішілер
Жерінде де болып ем.
Жолымды міне шот қағушы кесіпті.
Сағаты соғып, ол лейтенант болғанда,
Е, тәңірі, мен маврдың прапорщигі ғана болмақ-
пын.

Родриго.

Мен жендеті болар ем өйткенше.

Яго.

Қайтерсің. Қызметтің сору осы:
Достықпен, сәлем хатпен өсіред,
Бұрынғы болса ретімен
Бізге де кезек келер ед.
Ал, ойлаңыз өзіңіз,
Маврды мен сүйерлік
Жөні қайсы, кәніки?

Родриго.

Қызметін неге етесің?

Яго.

Ендеше сабыр етіңіз,
Қызметін өзіне қарсы жолдармын.
Екінің бірі бек болмас,
Адал жалшы тек болмас.
Аз емесін білесіз,
Адал құл да, жорға құл,
Құлдығы мен қорлығын ғана сүйем деп
Мырза мінген есектей,
Әл-қуатын сарп қып
Жем үшін күн кешетін.
Қартайса қаңғып кететін.

Сойса дейім сол құлды.
Бірақ басқасы да болады —
Қимылы мен қабақта ғана шырай бар
Жүрек сыры ішінде бекем жататын.
Мырзаны құр сыртымен
Ырзалап жүріп сыпайтын,
Қуаты жетсе,
Өзіне ғана тартатын
Адам осы десеңші.
Міні, өзімді сондай санаймын да.
Сондықтан —
Сіз Родриго болғандай,
Мен мавр болғанда,
Әсте Яго болып қалмас ем.
Оған деген қызметім —
Өзіме де қызметім.
Қарыздарым, сүйгенім сол деген боп,
Мақсатымның бетін ғана бүркеймін.
Барымды сыртқа шығарып,
Сырым, жүзім жанымды
Шыныменен көрсетсем,
Онда жүрек деген немені
Қолыма ұстап, қарғаға шоқытып жүрсемші,
Үйтсем мен — мен болмаспын.

Р о д р и г о.

Бақытын-ай көптеп ерін неменің!
Дегеніне жеткені-ай!..

Я г о.

Оятыңыз әкесін,
Шабыңыздар қуалай!
Алаң сайын ләнеттеп,
Қыз туғанын жиыңыз!
Алтын сарай елде екен.
Шақтырыңыз шыбынға.
Беті қайтпас бақты екен
Талатып сұрқын бұзыңыз.

Р о д р и г о.

Қыздың үйі мінеки
Салайын мен айғайды.

Я г о.

Иә, өкіріп те зар қақсап,
Халқы қалың қалада
Өрт шыққандай етіңіз,

Родриго. Ей, әй Брабанцио, синьор Брабанцио!
Яго.

Ояныңыз, синьор!
Жау бар, жаулар, ұры бар,
Тексеріңіз тезірек.
Үйің, қызың, пұлың тегіс бар ма екен?
Ей... жау, бар жаулар!

Жоғарғы терезеден Брабанцио көрінеді.

Брабанцио.

Бұл неткен шу құтырған?
Немене боп қалып еді?

Родриго.

Үй, жаныңыз түгел ме екен, синьор?

Яго. Берік пе екен қақпаңыз?

Брабанцио. Бұл не деген тергеулер?

Яго. Құрып қалсын! Таландыңыз! Масқара-ай! Киінізіз. Жүрегіңіз өртенді. Жан шығарға жеттіңіз! Қазір осы минутте кәрі, қара бір қошқар тоқтыңызды қашырып жатыр... Ал болыңыз, ұйқыдағы халықты қоңырау соғып жиыңыз, әйтпесе сайтан иектеп, немерелі боларсыз! Қамдан деймін тезірек!

Брабанцио. Жынданғанбысың өздерің!

Родриго. Құрметті синьор, менің даусымды таныдыңыз ба өзіңіз?

Брабанцио. Сіз кім едіңіз?

Родриго. Менің атым Родриго.

Брабанцио.

Сүйкімсіз қонақ!

Үй маңына жолама дегенім кәні!

Менің қызым саған жоқ деп

Тұп-тура айтпап па ем?

Улы араққа масайрап,

Енді келіп құтырып

Қас ниетпен қарайып

Тыныштығымды бұзбақ па ең.

Родриго. Синьор! Синьор!

Брабанцио.

Есіңе мықтап салайын,

Дәрежеме күшім сай

Сыбағанды берермін.

Родриго. Сабыр етіңізші, судары!

Брабанцио. Талау деймісің?

Бұл Венеция.

Менің үйім лашық емес.

Родриго. Мархаматты синьор. Мен шын пейіліммен келдім ғой.

Яго. Сударь, сіз бір қара басқыр адам екенсіз. Әезілден әмір алса, құдайын ұмытатынның дәл өзі екенсіз. Біз сізге достық ете келсек, өзімізді сұм демексіз. Тегі қызыңызға бербер тұқымды айғыр шауып, бар немере, шөбереніз кісінеп түрегелсін дейсіз ғой. Тегі желіскерден, кер торыдан туысыңыз болсын дейсіз ғой.

Брабанцио. Былапыт, арсыз, сен кімсің?

Яго. Синьор, мен қызыңыз бен мавр екеуі дәл қазірде қос арқасы бар хайуанға ұқсап беттесіп жатыр дегенді айта келген кісімін.

Брабанцио. Бір құнсыз, сұмырай екенсің!

Яго. Ал сіз болсаңыз — сенатор екенсіз.

Брабанцио.

Тартасың жазанды.

Родриго, сені білуші ем ғой.

Родриго.

Барды айтайын, бірақ жалғыз сұрауым:

Осы сіздің жеті түнде, айдай қызыңды

Қасына жалғыз жалдама қайықшы қосып,

Өзге жасауыл, күзет қоспастан

Маврдың құшағына жібергеніңіз анық па?

Солай демеске шарам жоқ.

Егер біле тұра өзіңіз көнген болсаңыз,

Онда біз адастық, сізді текке ренжіттік.

Ал егер білмеген болсаңыз, әдеп лайық қой,

Онда сіз босқа ұрсасыз. Иланыңыз,

Сіздің жақсы атағыңызды қорлауға,

Менің ар-ұятым жол бермес еді.

Ал қызыңыз сіздің — әке еркіне қарамай!

Зор айыпқа батыпты,

Ар, ақыл, көрік, тағдыр баршасын

Қаңғыған, елсіз, бөтен

Жат біреуге ұсыныпты. Біліңізші тезірек,

Үйіңізде қыз болса,

Сізді алдаған күнәма

Осы елдегі зор жазаны тартайын.

Брабанцио.

Шақпақты ендеше

Әкел жарықты.

Оят барлық құлдарды.
Шошып едім түсімнен,
Тіпті ауызға алсам, жан түршігед.
Жарық қайда! Жарық! (*Жоғары кетеді.*)

Я г о.

Қош болыңыз, кетейін.
Бұнда қалсам амалсыз,
Ұлықты шаққан болармын,
Ол лайықсыз және қатер ғой.
Сенатты мен білем ғой.
Аз кінәлар да тоқталар.
Отеллоны жазалауға батпайды.
Жан саясы бәрінің
Осы жолғы жорықта сол ғана.
Бұндай іске сенаттың,
Онымен тең жаны жоқ.
Сол себепті мен міне —
Тозақтан бетер сүйсем де маврды,
Өмірдің көніп күшіне,
Достық туын бейіліме белгі деп
Ала ұмтылған боламын.
Бірақ ол белгі ғана.
Тауып аламыз — десеңдер,
Қуғындарың гостиницаға беттесін.
Сонда қасында мен де боламын.
Қош тұрыңыз. (*Кетеді.*)

Брабанцио қызметшілерімен жарық ала шығады.

Б р а б а н ц и о.

Сор бекер болып па ед — жоқ
Бұл сұмырай өмірде.
Өкініш қана маған қапты.
Ал қайда дейім айтсаңшы, Родриго,
Көрдің бе өзін? Сорлы балам.
Маврға... Бүйткен әкелікті қайтейін!
Таныдың ба өзін? Не деген алдау!
Сізге не деді өзі? Фонарь әкел.
Шақыр барлық туысқанды
Не, келісіп те қойып па?

Р о д р и г о. Солай ма деймін.

Б р а б а н ц и о.

Үйден қайтіп шықты екен.
Атадан **азған.**

Әкелер, көрініске алданып,
Қыздарыңа сенбендер.
Тазалық, жастық баршасын
Алдайтын сиқыр аз ба екен.
Бұндай жайды, Родриго,
Оқығаның бар ма еді?

Родриго. Әрине, оқып ем.

Брабанцио.

Шақыр інімді
Бүйткенше сізге тисе етті.
Шап жан-жаққа. Білесіз бе,
Маврменен екеуін
Қай арадан ұстаймыз.

Родриго.

Табармын деймін.
Жасауылды жиып ап.
Жүрмейсің бе соңымнан?

Брабанцио.

Бастаныз ендеше,
Әмірім жеткен жерлерде
Елдің бәрін оятам.
Ал қаруды, ей
Барлық қарауыл басы оянсын.
Жүрші, досым.
Еңбегінді ұмытпан.

Бәрі кетеді.

II САХНА

Отелло, Яго және факел (жарық) ұстаған қызметкерлер шығады.
Венеция. Басқа көше.

Яго.

Соғыста адам өлтірсем де,
Арсыздық деп білемін.
Өлтіруді тектен-тек
Сорым сол,
Қаталдығым жетпейді.
Болмаса ма?
Бүйірінен сан рет сапы салар ек...

Отелло. Салмағаның абзал да.

Я г о.

Жоға, өтірігін, сұмдығын.
Асқақ сөйлеп әулігіп.
Тілін сізге тигізген.
Көре тұра иттігін,
Жорғалыққа жәйім жоқ,
Салып-ақ қала жаздадым.
Айтыңызшы жалғыз-ақ,
Алғаныңыз шын ба өзі?
Білесіз бе және де.
Сенатор дегдар мұнда сүйікті
Оның өзі тегінде
Дож сөзінен салмақты.
Сізге қаптап жүрмесін
Жұмсап барлық амалды
Мазаңызды алмасын.
Закон оның соңынан
Күшігіндей ермесін.

О т е л л о.

Келтіре берсін залалын.
Өлкеге еткен еңбегімнің салмағы.
Оның етер арызынан астамырақ.
Және де намысыма шіркеу етпей мақтанды.
Шахзадалық тегімді де ашармын,
Тең сөйлесіп көрермін.
Ұлы баққа жеткенде,
Еңбегіммен,
Орнымменен жеткемін.
Білесіз бе, Яго!
Ғашығым сүйікті Дездемона болмаса,
Өміріме тұсау сап,
Түз құсындай емін-еркін күнімді
Теңіздегі хан қазынасына бермес ем.
Мынау неткен оттар?

Я г о.

Әкесі ғой тобын ертіп келе жатқан.
Үйге енсеңіз қайтеді?

О т е л л о.

Жоқ, тапсын мені.
Дәреже, еңбек, ақтығым
Кепілім болмай қайтеді?
Солар ма өзі?

Я г о. Жоға, құдай үшін.

Кассио және факел ұстаған бірнеше полицейлер шығады.

Отелло. Дож қызметкерлері, қасындағы менің лейтенантым, қайырлы түн, достарым!

Не жаңалық айтасың?

Кассио.

Есенсіз бе, генерал,
Дож жіберді,
Тығыз бұйрық тапсырып,
Бөгелместен жетсін дейт.

Отелло. Немене екен онысы?

Кассио.

Тегі, Қипр болар себебі
Тағы пәле бар білем.
Кемеден бірі артынан біреуі,
Тап он екі шапқыны
Бүгін түні кетті ғой.
Сенатордың көбі де
Дож қасына барыпты.
Асығып сізді іздетіп
Пәтерден де таба алмай,
Үш тарапқа шапқыншы,
Сізді іздеумен кетіпті.

Отелло.

Мен ризамын, тауыпсыздар...
Үйге кіріп екі сөз
Айтайын да ерейін. (*Кетеді.*)

Кассио (*Ягоға*). Өзі бұнда неғып жүр?

Яго.

Түнде құрғақта жүрген бір кемені басыпты.

Олжасы бойына сіңсе,— бұл бақытты болмақшы.

Кассио. Мен ұқпадым!

Яго. Қатын алыпты.

Кассио. Кімді?

Отелло келеді.

Яго. Құдай біледі... Жүрдіңіз бе, генерал?

Отелло. Жүріндер.

Кассио. Тағы бір отряд сізге келед.

Яго.

Брабанцио!.. Сақтаныңыз, генерал!—
Ниеттері жаман ғой...

Брабанцио, Родриго шығады. Қастарында факел ұстаған, қару асыңған жасауылдар.

Отелло. Тоқтаңыздар!
Родриго. Синьор, міні мавр!
Брабанцио. Ұста шапшаң ұрыны.

Екі жақтан сапылар жарқ-жарқ етеді.

Яго. Родриго, сіз бе едіңіз? Алдияр, сударь!

Отелло.

Тарт сапыны.

Шық тиіп, тат басады оларды!

Синьор, сіздің қарудан да

Үлкендікке етерлік

Ілтипатым молырақ.

Брабанцио.

О, қуарған ұры,

Қайда тықтың қызымды?

Оңбаған, сиқырыңмен алдың ғой!

Ақылы сау адамға

Аярлық сырың мәлім ғой.

Болмаса сендей, момын қыз,

Бақытты жас нәресте.

Венецияның бай да сұлу бектерін

Тастап, батып мазаққа,

Күйедей қара жүзіңе,

Жан шошынар кейпіңе

Кетті деуге кім сенер?

Тексерсін елдің төресі,

Күндей айқын, әрине,

Сұм, сиқырлық қолданып

Қызға ішірткі ішкізіп,

Еркін алып қойыпсың. Тергесін сот,

Мүмкін бе екен, жол ма екен?

Тұтқын ғып сені байлаймын

Жан көрмеген жәдігөй,

Сыбағанды беремін.

Ұстандар! Егер болмай егессе,

Өз обалы өзіне.

Отелло.

Тарт қолыңды!

Мен дегендер тапжылма!

Соғыс болса бар ролім

Суфлерсіз-ақ ойнар ем.

Қайда жауап берейін?

Б р а б а н ц и о.
Абақтыда,
Жауапқа сені жолымен,
Шақырғанша заңды сот
Сол арада боласың.

О т е л л о.
Сіз айтқанға бағынсам,
Дож әмірін қайтемін?
Бұнда соның елшісі
Мемлекеттің ісімен
Мені шақыра келіп тұр.

О ф и ц е р.
Рас еді бұл,
Синьор,
Дож кеңесте,
шақырған болар сізді де.

Б р а б а н ц и о.
Дож кеңесте?
Жеті түнде?
Ал ендеше алып жүр,
Ісім оңар тегінде.
Дож да, сенат та, өзге досым да
Бұл істі ортақ дерт көрер,
Болмаса, жазасыз бұны жіберсек,
Әрі кәпір, әрі құл
Әміршіміз боп кетер...

Кетіседі.

III САХНА

Мәжіліс залы.

Дож бен сенаторлар өзді-өзі орындарында. Арттарында жасауыл,
нөкерлер.

Д о ж.
Хабарларда қайшылық көп.
Шыны қайсы? Күмәнді...

1-с е н а т о р.
Дәл емес
Бірақ маған
Жүз де жеті кеме десед...

Д о ж. Маған жүз қырық деп жазыпты...

2-с е н а т о р.

Маған екі жүз депті.

Мөлшерімен айтқан ғой.

Себебі анық болмағанмен

Нағыса да түріктердің кемесі

Кипрге беттеп баратқаны ап-анық.

Д о ж.

Кенесуге сонысы да жетерлік.

Дәл-мәл дейтін несі бар,

Ең аяғы даусызы,

Төніп тұрған қауіп бар.

М а т р о с (сахна сыртында).

Ей, ей, жібер дейім...

Матрос кіреді.

Қ ы з м е т к е р л е р. Кемеден келген шапқыншы!

Д о ж. Не бар, сөйле!

М а т р о с.

Жау кемесі Родосқа беттепті,

Анджело синьор

Сенатқа соны білер деп

Бұйырған ед.

Д о ж. Міне өзгеріс.

1-с е н а т о р.

Мүмкін емес,

Мағына жоқ. Жорта сүйтіп

Біздің көзді алдамақ,

Осы арада ойға сап,

Түрікке Родос емес

Кипрдің қажеттігін байқасақ,

Барлығын да танимыз.

Және алу да оңай Кипрді

Қорғаны болсын, қамқоры болсын бәрі де

Родостай ма? Осының бәрін екшесек:

Ең керегін таңдамай,

Өзі нәрлі, өзі оңайын баурамай,

Әрі қатер, әрі пайдасызға басатын

Түрік ондай аңғал деймісін?

Д о ж. Әрине, ойдағысы Родос емес.

Қ ы з м е т к е р л е р. Тағы шапқыншы!

Шапқыншы кіреді.

Шапқыншы.

Қадірмендер,
Родосты беттеп баратқан
Түріктердің кемесі,
Сондағы бір көп кемеге қосылды.

1-сенатор. Айттым ба? Қанша кеме?

Шапқыншы.

Сондағы отыз. Қазір енді ап-ашық,
Бұрылып алып келеді
Тұп-тура Кипрге,
Әрі адал, әрі ер
Синьор Монтано қызметшіңіз
Тағзыммен осы хабарын
Жеткізумен сіздерді
Шек қылмаса екен дейді.

Дож.

Енді анық Кипр болды,
Шаһарда Марк Лучикос бар ма екен?

1-сенатор. Ол Флоренцияда.

Дож. Қайтсын жылдам, жазыңыз.

1-сенатор.

Брабанцио келеді.
Қасындағы ер мавр!

Дож.

Брабанцио, Отелло, Яго, Родриго, қызметкерлер кіреді.

Ер Отелло, тығыз керек боп тұрсыз.
Қарсысына баруға
Басылмастай жау түріктің. (Брабанциоға)
Байқамашпын сізді мен,
Есенсіз бе, синьор?
Сіздің көмек, сіздің кеңес қажет еді.

Брабанцио.

Маған қажет сіз едіңіз, тақсырым!
Кешіріңіз. Қызмет пен іс пе еді
Мені орнымнан тұрғызған?
Қамы ма еді жалпының?
Жоқ, өз басымның қайғысы
Селдей басып барады,
Өзге барлық қайғыны
Жалғыз осы жұтады.

Дож. Немене? Не болды?

Брабанцио. О, қызым, менің!

Дож бен сенаторлар. Өлді ме әлде?

Брабанцио.

Маған жоқ.

Қолды болды, бұзылды.

Ішірткімен, сиқырыменен бұзыпты.

Сап-сау балам алданар ма?

Қызым саңырау, соқыр, жынды емес,

Сиқырдан басқа себеп жоқ!

Дож.

Кім де болса сол бұзақы

Қызыңызды алдаумен,

Сізді-дағы қор еткен, естісін

Біздің заңның барлық қатал жазасын.

Өкімін дәл өзіңіз айтыңыз,

Аямаңыз маған десе,

Балам болсын дәл менің.

Брабанцио.

Тақсырым,

Алғыс айтам, мынау мавр!

Өзін тығыз осында

Мемлекеттің ісімен

Сіз шақыртқан ба едіңіз?

Дож бен сенатор. Қап, бәрекемді-ай.

Дож (*Отеллоға*). Бұл айыпқа сіз не дейсіз?

Брабанцио. Жалғыз-ақ бәрі шын болсын!

Отелло.

Құрметті ұлық синьорлар!

Тегіс кемел мырзалар!

Шалдың қызын әкеткенім рас еді,

Үйленгенім және рас.

Басы қатты болса да соңы тәтті,

Күйдіргенім қайсы?

Сөзім топас болар,

Бейбіт күннің биязы сөзін білмеймін,

Жеті жастан бүгінгеше,

Жалғыз соңғы тоғыз ай болмаса,

Білгенім тек — солдат қосы еді.

Тыныштық жәйді жақсы айта алмаймын,

Әңгімем ерлік, тартыс, соғыс еді.

Сіздерге де жақпасын

Айтқаныммен жайымды,

Бірақ рұқсат етіңіз,

Бояусыз тура айтайын

Бақсылық емес, махаббаттың толқынын,
Ішірткі, сиқыр, жәдігөй
Деген айып тақпақ қой,
Қызын немен алды екем.

Б р а б а н ц и о.

Қызым менің
Бұзар емес,
Өзі момын, ұялшақ
Еді барынша, енді сол
Тегіне, жасына, еліне де, намысқа да қарамай
Көрсө шошыр немені сүйді десе кім сенер.
Орынсыз бос сандырақ,
Мінсіз асыл адасып
Теріске әдейі басты деу.
Білемін, дозақы қылық айламен
Жетіп отыр бұл іске. Ант етемін
Ішірткімен, қан қоздырып
Ішкізген сұм дәрімен
Буып отыр бұл оны.

Д о ж.

Ант етулер аз болар
Анық айқын айғағы жоқ уақытта.
Болар деген болжал ғой.
Кінәнің көбі елес қой.

1 - с е н а т о р

Айтыңызшы, Отелло,
Заңсыз, зорлық жолымен
Жендіңіз бе жас баланың жанын сіз.
Әлде өтінішпен алдадыңыз ба
Жүрекке тартып жүрегін?

О т е л л о.

Өтінемін,
Гостиницадан әйелімді алдырыңыз,
Әке алдында айтсын менің жәйімді.
Егер жалған айтқан болсам,
Қызмет емес, маған деген сенімді де
Тегіс қайтып алыңыз:
Және де өкім етіңіз
Тірлігім де жоқ болсын.

Д о ж. Келсін дереу Дездемона.

О т е л л о (Ягоға). Сіз еріңіз, жол білесіз,

Яго мен қызметкерлер кетеді

Ол келгенше — күнәлі шын сырымды
Тәңірі алдындай айтайын
Қатал жиын естісін
Сүйікті сұлу махаббатын қалай алды екем.
Мені ол қалай жеңді екен.

Д о ж. Сөйлеңіз, Отелло!

О т е л л о.

Әкесі мені ұнатып, шақырып
Әр дәйім сұрап айтқызып,
Бастан кешкен соғыс
Қыспақ, шабуыл жайын тыңдаушы ед...
Мен балалық күннен бастап ап
Сол әңгіме айтқан шаққа шейін тізуші ем.
Қатері көп істермен
Құрғақты қауіп пен теңізде
Тосқан ажалды да айтушы ем.
Жауыз жаулар тұтқын етіп алғанын,
Құл ғып сатып, қалай азат болғаным
Барлығын да айтушы ем.
Жаһан кезген жолымды,
Шөл даланы, тас үнгірді,
Көк тіреген алып құзды айтушы ем.
Бір-бірінің етін жейтін каннибал мен
Бас дегені иығынан
Төмен біткен антропофакты айтқанымда
Дездемона құштар болып тыңдаушы еді.
Әлдеқалай шаруамен шыға қалса,
Тыңдағалы сөздерімді
Ісін жылдам бітіріп
Асығып қайта келуші ед.
Соны байқап, кезін тауып, орайлап
Шала есіткен, бастан кешкен жайларды
Айтып бер деп өзі сұрайтын
Етіп ем. Сұрауымен сөз қозғап
Жас шағымның қасіретін айтқанда,
Талай рет көзінен **жас ағып ед.**
Барымды айтып болғанда,
Соған орай мені сүйеп күрсініп
Қайран боп, ғажап екен, ғажап деп
Жан ашиды, жан ашиды деп келіп,
Естімесем нетуші ед деп, бірақ сіздей
Болсам нетуші ед деп
Алғысын айтып ед.

Және тағы тұспалап:
Мені сүйген адамым
Өз жайынан осындай халді баяндаса,
Мені жеңер ед дегенде, мен іштегі сырды аштым.
Ол ғазабым үшін сүйгенде
Мен мейірбандығы үшін сүйіп ем.
Осы менің барлық сиқыр дегенім
Өзі де әні келеді екен. Айтсын дәлін.

Дездемона, Яго және қызметкерлер кіреді

Д о ж.

Мұндай хикаяға менің қызым да ерер ед.
Қадірлі Брабанцио.
Жамандыққа жақсы жағынан қараңызшы.
Тіпті құр қол болғанша
Сынық та болса құрал тәуір де.

Б р а б а н ц и о.

Қызым өзі сөйлесін,
Егер аз да болса өзінің еркі,
Сол десе — кінәм үшін өлейін.
Бер келіңіз, шырағым,
Осынау ұлы жиында
Кімнің тілін алмақсың?

Д е з д е м о н а.

Әке,
Мойнымда екі қарыз бар.
Тірлігім де, тәрбием де сізбенен,
Өмір менен тәрбием
Сізді сыйлауменен өсірді,
Қызыңыз боп тұрғанда
Қарыздар ем мен сізге.
Бірақ енді, міне — ерім бар,
Бір кезде менің өз анам
Әкесі емес, сізді құрмет еткендей
Мен де қолды беремін маврға — менің еріме.

Б р а б а н ц и о.

А, ендеше тәңірі оңғарсын. Қойдым мен.
Қайтемін, тақсыр, ісімізге көшейік.
Қыздан да асыранды ұлды сүйер ем.
Ал мавр! Қел бері!
Қолың жетіп қоймаса
Жұлып алам деп едім, енді
Шын пейілмен сыйлаймын.

Сізше, асыл қазынам!
Өзге балам жоғына дән ырзамын,
Сенің қашуың қаталдыққа үйретті ғой,
Оларды кісендеп қояр ем. Мен болдым, дож!

Д о ж.

Рұқсат болса, сіз үшін бір сөз айтайын:
Сізден кешірім алуға,
Асықтар үшін сеп болар!
Дәруі жоқ болғанда
Қасіретке дауа жоқ.
Бәрі мәлім болғанда
Үміт шетке таяды.
Көздің жасын қайғыға серік еткенде
Тек қайғыға қайғы қосамыз.
Келмеске неге жылаймыз?
Егер дертке шыдасақ,
Дертті күлкі етпесек,
Ұры артынан жирене қарап күлкі еткен
Пәленің де көп салмағын жеңетін.

Б р а б а н ц и о.

Сүйтіп, сіздің өсиет бойынша
Кипрден де айрылып,
Күлкіні медеу етерміз,
Өсиет сөзді қайғыдан жырақ кісі айтар:
Сөз оған — пәле қаза еміндей;
Бірақ қасіретті шындап тартқан жан болса,
Оның тапқан өтесіні
Қорлық пенен шыдау ғой.
Мынадай сөз удай болсын, балдай болсын,
Екі жаққа бірдей ғой —
Кім тілесе сол алад,
Сөз сөз ғой құр!
Әйтсе-дағы сенбеспін.
Жүректегі жараны
Құлақ жазар дегенге,
Қатты өтінем сіздерден,
Мемлекет ісіне көшейік.

Д о ж. Түріктер қалың кемемен Кипрға беттеп бара жатыр. Ол аралдың әскер күшін жұрттың бәрінен артық білетін сізсіз, Отелло. Ол жердегі әмірші берік адам болғанмен, істің түбін аброй, атақ шешеді. Сол атақ сізде ғой. Сүйтіп жана бақытыңыздың шырайын бұзар болса да, осы қиын, ауыр сапарға сіз баратын боласыз.

Отелло.

Сенаторлар, машық деген әмірші
Соғыстың тас төсегін
Маған құс төсекпен тең еткен.
Жайнап тұрған қызық күтем
Қатал күннен, әзірмін.
Соғысқа шығам түрікпен.
Тағзым етіп сіздерден
Сұрайтыным жалғыз-ақ
Әйелімнің үй-жайын,
Нөкері мен азығын
Туысына сай етіп
Орнымен жайлап беріндер.

Дож.

Тілесеніз әгерде
Тұра тұрсын әкесінің үйінде.

Брабанцио. Жоқ, мен көнбеймін.

Отелло. Мен де.

Дездемона.

Мен де. Онда барғым келмейді.
Күйік болып әкеме,
Ыза қылып нетемін.
Мархабатты дож,
Сөзіне ілтифат етсеңіз,
Өз басыңыз пана боп,
Ығыңызға алыңыз.

Дож. Сонда нені тілейсіз?

Дездемона.

Бір болам деп маврды мен сүйгемін,
Оны ойнақы тағдырым
Дүниеге паш етті. Жаным менің
Ерлігіне табынған.
Жаны болса Отеллоның
Міне тұрған жүзінде
Ерлігі мен абыройына осының
Тағдырымды,
Жүрегімді арнағам.
Осы жерде әлсіз гүлдей
Мен қалып, ол майдан кетсе,
Өзім сүйген қасиетін көрмеймін.
Сүйгеніммен жырақта
Болған күнде ауыр ғой,
Жібер деп бірге өтінем.

Отелло.

Сол тілегін беріңіз деп жалынам,
Құдай куә, нәпсінің көп арманын
Ойлап сұрап тұрғам жоқ,
Құмарлықтың қызығы да ойда жоқ.
Сөнген ондай жас жалын —
Сұраймын жалғыз,
Алсын деп ол тілегін,
Зинаһар, ойламаңыз бұнымен
Бірге боп, ауыр зор істі
Бүлдіреді екен деп!
Жоқ! Егер ойнақы Амур
Қанаты жеңіл махаббаттың періштесі,
Ой, көзімді саулатып,
Қайратымды ұрласа,
Сүйтіп еңбегімді ермек жояр күн болса.
Онда менің дулығамды
Қазан етсін қатындар!
Барлық пәле жиылып,
Ағағымды қор етсін.

До ж.

Қалсын ба, сізбен ерсін бе
Оны өзіңіз шешіңіз
Іс асығыс,
Жауабы да асығыс;
Жолға бүгін жүресіз.

Дездемона. Бүгін түнде ме?

До ж. Ия.

Отелло. Дән ырзамын.

До ж.

Біз ертемен, тоғызда тағы бас қосалық.
Отелло, сіз офицеріңізді қалдырыңыз,
Жол қағазбен басқа да
Дәрежеге лайықты
Бар керекті ап барсын.

Отелло.

Менің прапоршигім
Адал, таза адамым. Соған
Әйелімді алып жүруді тапсырам,
Және, ұлық құрметті, өзіңіз
Жіберетін зат болса,
Барлығын да жеткізед...

Д о ж.

Құп ендеше,
Ал сау болыңыз баршаныз. (*Брабанциоға.*)
Қадрлі синьор,
Ерлік өзі сұлулықта ғой білсеңіз.

1-с е н а т о р. Қош, мавр, Дездемонаны күтіңіз!
Б р а б а н ц и о.

Уақып бол бұған, мавр!
Әкесін міне алдап тұр,
Бола ма екен адал жар!

Дож, сенаторлар, қызметкерлер тегіс кетеді.

О т е л л о.

Кепілім менің өмірім! Сенімді Яго,
Дездемонаны саған ғана тапсырам,
Өтінішім, әйелінді қосып қасына
Қайырлы сағатта жеткіз аман екеуін.
Жүр, Дездемона, жалғыз сағат
Махаббат пен тыныштық үшін тиіпті.
Уақытқа бағыну қарыз біздерге.

Отелло, Дездемона кетеді.

Р о д р и г о. О, Яго!

Я г о. Не айтасың, бекзадам?

Р о д р и г о. Енді мен қайттім?

Я г о. Барасың да жатып ұйықтайсың.

Р о д р и г о. Бөгелместен суға кетіп өлемін.

Я г о. Өйтетұғын болсаң, онда мен біржолата сүймей-
тін болармын сені. О не дегенің, әй, ақылсыз?

Р о д р и г о. Өмір сұм болса, тірі жүру ақымақтық,
өлім емшің болса, өлмек лайық.

Я г о. Әй, жаман-ай! Мен міне жиырма сегіз жыл
бойы дүниені болжап, пайда мен залалды айыратын бол-
ғалы, өз пайдасын жақсы білген адамды көрген емеспін.
Желдіаяққа құштар боп, суға кетіп өлем деуден бұрын
мен болсам, әуелі адам басыңды павиандай маймылға
айырбастаған болар ем.

Р о д р и г о. Енді қайтейін? Білемін, осыншалық сүю-
ім ұят, бірақ соны жеңер қайратым жоқ.

Я г о. Қайрат! Садағам! Қандай болсақ та біздің өзі-
мізден. Біздің тәніміз — бақша, тілектеріміз — бақшашы.
Сол бақшаға тікен егеміз бе, жем жапырақ, немесе хош
иісті шөп егеміз бе, бірін ғана егіп, немесе көбін егеміз

бе, жалқаулықпен өнімсіз етеміз бе, бейіш салып көркейт-теміз бе, бәрін де өзі әмірші әрі түзеуші де — жалғыз біздің өз еркіміз. Өмір таразымыздың бір басында, құмарлық жағын жеңдіріп әкетпей, дәл бастырып тұратын ақыл болмаса, біздің жаратылысымыздағы қан менен осалдық бізді қор етер еді. Бізде түпсіз тілек, қомағай нәпсі, қу құмарлықты тежеп отыратын ақыл бар ғой. Сол себепті сіздің махаббат дегеніңізді мен қолмен еккен жат ұрық деп санаймын.

Родриго. Мүмкін емес!

Яго. Ол құр ғана дене құмарлығы және қайраты әлсірегендік белгісі. Қой, еркек бол. Суға кету! Мысық пен соқыр күшіктерді суға тоғыт! Мен сенің досыңмын дедім Шын айтам, саған болысуға достығымның арқауы нық берік. Онан соң қазір өзге уақытта қолдан келмес істер істей аламын. Қалтаңды ақшаға толтыр да, бетіңе сақал жапсырып өзгеріп ал да, осы жолға бірге жүр. Есіттің бе, қалтаңды ақшаға сықап ал! Дездемонаның маврға деген махаббаты ұзақ болмас. Қалтаны ақшаға сықап ал. Маврдікі де көпке бармас. Қыз құлшынып бастаса да, құбылып қайтқанын көресің. Жалғыз-ақ қалтаңды ақшаға сықа. Бұл мавр дегендердің де тілектері айнымалы болатын. Қалтаңды ақшаға сықай бер, бүгінгі балдай тәтті ертең зәрдей ащы көрінер. Қыз жастығымен өзгереді, мынаның денесіне тойып болған соң, тандау жолында адасқанын ұғады. Өзгені керек етеді, керек етеді, сол себепті сықай бер қалтаны. Әйтеуір басыңды жоймақ болсаң, суға кеткенше, бір шебер жол тапсаңшы тым құрмаса. Қолға түсер суманың бәрін тоғыт. Егер баспана жоқ жабайының қулығы мен бас уәдесі, Венецияның сайқал қызының жалған серті менің қолымнан асып, дозақ күшін өзіне табындырып кетпесе, сен ол әйелмен мауқыңды басасың. Сол себепті төк ақшаны, суға кету не деген сандырақ! Түкке тұрмайды. Бос қалып суға кеткенше, одан да құмарыңа жет те дарға асыл.

Родриго. Егер түбіне сенсем, сен менің үмітімді ақтар ма едің?

Яго. Маған шәк қылма. Ақшаңды төк. Мен көп айттым ғой саған, енді тағы, тағы айтайын — маврға өшпін. Өшіретін жөнім бар, сенің де себебің олқы емес. Кел, екеуміз бірігелік те кек алалық. Сен дегеніңе жетсен, өзіңнің құмарың қанады да, менің айызым қанады. Уақыттың құрсағында көп сыр жатыр, жарыққа шығар.

Марш, қозғал, бас аяқты, ақша тап. Ертеңгі күн бүгіншең гөрі көп берейін деп тұр. Қош бол.

Родриго. Ертең қайда жолығамыз?

Яго. Менде.

Родриго. Мен ерте келемін.

Яго. Барыңыз, қош болыңыз. Байқа, Родриго!

Родриго. Не дейсіз?

Яго. Өлім жайлы жарым сөз де болмасын, білдіңіз бе?

Родриго кетеді.

Яго.

Эрқашан да ақымақтар менің қазынам.

Шеберлікті текке неге кетірем.

Бұл құзғынмен уақытты

Босқа неге өткізем.

Маврға да мен өшпін,

Менің төсегімде

Мен істейтін жұмысты

Атқарады деседі.

Білмеймін, рас па екен?

Бірақ мен дәлін білген кісідей

Сезікпенен іс етем.

Өзі мені жақсы көред

Ойдағымды орындауға бұл жақсы.

Қассио сұлуша жігіт... Ойлау қажет;

Соның орнын алса және істі

Қос қулықпен тындырса!

Бірақ қалайша десеңші?

Үндеме, уақыт өтсін,

Отеллоға сыбырлап,

Әйеліңмен ашына ғой деу керек.

Өзі сұлу, өзі майда Қассио,

Әйел затын аздыруға жаралған.

Мавр болса пейілі ашық, өзі кең,

Адалмын деген көрініске сенгіш-ақ,

Ноқталап ап, есектейін жетекке алу

Оп-оңай...

Таптым! Ұрық бітті. Түн мен тамұқ

Дүниеге бір сұмдықты туғызар.

Кетеді.

Шымылдық.

ЕКІНШІ АКТ

I САХНА

Қипрдегі теңіз порты. Жағадағы ашық алаң. Монтано мен екі дворян шығады.

Монтано. Молдан ары көзге ілінген зат бар ма?
1-дворян.

Түк жоқ. Теңіз шауып тулап тұр.
Су мен аспан арасында
Желкенді көріп болмайды.

Монтано.

Құрғақта дауыл қатты еді.
Мұнараны бүйтіп сілкіп көрген жоқ
Ашық теңіз бетінде,
Сондай соққын болғанда,
Таудай толқын ұрғанда,
Қандай кеме шыдасын?
Не жаманат естір екеміз?

2-дворян.

Түрік кемесі жойылды деп естірміз
Көбік атқан жағаға барып көріңіз.
Долы толқын бұлтты барып қуғандай.
Шабынып тұрған телегей
Жалы шапшып жаланып,
Жарқыраған жұлдызды ұрып тұрғандай.
Терістік пен түстіктің
Аумас оты сөнгендей.
Дәл мұндай боп құтырғанын көрмеп ем!

Монтано.

Я. Тығылмаса жағаға
Біткен болар түріктер,
Мынаған шыдап тұра алмас.

Үшінші дворян шығады.

3-дворян.

Достар, соғыс бітті!
Жәйін дауыл жәйін тапты түріктің.
Бар талабы құрыды.
Венеция кемесі
Жаудың барлық кемесінің
Ойран, талқан болған жәйін көріпті.

Монтано. Япыр-ай, шын ба екен?

3-д в о р я н.

«Веронетс» деген кеме келіп тоқталы
Ер маврдың лейтенанты
Микеле Кассио келіпті.
Мавр өзі жолда дейді,
Кипрге ұлық болып бекіпті.

М о н т а н о. Куанамын, сай бастық.

3-д в о р я н.

Бірақ түріктердің қазасын
Куанып айтқан, Кассиода кейіс бар.
Маврдың жанын тілейді,
Қатты дауыл үстінде
Көз жазысып қалыпты.

М о н т а н о.

Сақтай гөр!
Қызметінде болып ем,
Әрі солдат, әрі бастық,
Ей, жүріңдер жағаға,
Жаңа кеме көріп ап
Теңіздегі Отеллоға көз салып
Сонан алыс көк жиекте
Су мен аспан қосылған жерді шолайық.

3-д в о р я н.

Жүрейік тез,
Әр минутте келіп қалу мүмкін ғой.

Кассио шығады.

К а с с и о.

Алғыс айтам Кипрдің бар еріне
Маврды сондай зор тұтқан! Ия тәңрі!
Дүлей жаудан өзін пана бола гөр!
Қауіпті теңіз ортасында айрылдым.

М о н т а н о. Кемесі берік пе еді?

К а с с и о.

Кемесі мықты, кемеші де
Сенімді де шебер ед.
Сол себепті үмітім
Әлсіремей өседі.

Сахна сыртында дауыстар: «желкен, желкен, желкен» деседі. 4-ші
дворян шығады.

К а с с и о. Мынау не шу?

1-д в о р я н.

Бардың қала қаңыран
Жағаға тегіс жиылып,
«Желкен» десін дауыстайд.

К а с с и о. Үмітім зор — сол әміршім!

Зеңбірек дауыстары естіледі.

2-д в о р я н.

Амандасқан салют қой.
Осы тегі дос болар!

К а с с и о.

Өтінемін, барып біліп,
Кім келгенін айтыңызшы.

2-д в о р я н. Барайын.

М о н т а н о. Үйлесін не еді генералың, лейтенант?

К а с с и о.

Иә. Сәтіменен үйленді,
Мақтау, сырлау жете алмастай
Бір қызға.
Табиғаттың көркем еткен бір жаны
Барлық қасиет бір өзіне жиылған.

2-дворян шығады.

Ал, анау келген кім екен?

2-д в о р я н.

Отеллоның прапорщикі,
Яго дей ме, немене?

К а с с и о.

Бақытты екен, онайлықпен жетіпті,
Дауыл, толқын, дүлей жел,
Жартас пенен қайраң да
Қас етуші ед кемеге,
Нұрды көріп, сұм қылығын қойғанда,
Жол берген ғой перизатқа.

М о н т а н о. Ол кім?

К а с с и о.

Ол біздің командирдің командирі.
Ертіп келген ер Яго;
Күткен кезден
Бір апта ерте келіпті.
Я тәңірі, Отеллоны сақтай гөр,
Желкеніне өз деміңмен жел соқтыр,

Кемесімен жағаға жетіп қуантсын,
Тезірек кеп құшағына жарын ап,
Бәріңізге қайрат берсін жаңадан,
Кипрді де мәз етсін.

Дездемона, Эмплия, Яго, Родриго, қызметкерлер шығады.

О, көріндер мінеки,
Кемедегі асыл заттар келеді,
Арал халқы, тізенді бүкі!
Бақытты бол, госпожа!
Мейірімі түсіп тәңірінің,
Жәрдемшің болсын әрдайым.

Дездемона.

Алғыс айтам мен сізге.

Жарымнан не білдіңіз?

Кассио.

Әлі келе қойған жоқ.

Бірақ білем,

Амая-сау, қазір жетеді.

Дездемона.

Әй қорқамын...

Не ғып бөлек кеттіңіз?

Кассио.

Теңіз бен аспан алай-түлей алысып,

Екі айырды, еріксіз.

Сахна сыртында айғай: «желкен, желкен» деседі.

Естисіз бе, желкен дейді?

Зеңбірек.

2-дворян.

Жағаға кеме тіл қатты,

Келе жатқан дос болар.

Кассио. Біліңізші хабарын

2-дворян кетеді.

Есенсіз бе, мейірімді прапорщик! (Эмилияға)
Саумысыз?

Мейірімді Яго, біраз ғана

Еркіндік етсек, ұрыспаңыз.

Тәрбиеміз, тағзым ет деп бұйырад.

Қолынан сүйеді.

Я г о.

Тілін маған сыйлағандай
Ернін сізге көп сыйласа,
Мырза, сіз де тояр едіңіз.

Д е з д е м о н а. Сөзуар дейсіз бе?

Я г о.

Өте-мөте.
Әсіресе ұйықтар кезде сөзі көп.
Рас, сіздің алдыңызда
Тілін тияды, оған кепілмін,
Бірақ сол кезде ішінен сусындап тұрады.

Э м и л и я. Тіпті бекер айтасыз.

Я г о.

Әрине, сіздер көшеде — суретсіз,
Қонақ үйде — қоңыраусыз, ас үйде — мысық.
Ұрысарда — әулие, күйген кезде — сайтансыз.
Шаруа деген — ойыншық, анық шаруа төсекте.

Д е з д е м о н а. Түү, ұятсыз, жалақор.

Я г о.

Өтірік айтсам түрік болайын. Тура айтайын:
Сіздер үшін тұру — ойын, жату — іс.

Э м и л и я. Маған мақтау айтпай-ақ қойыңыз.

Я г о. Айтпаспын.

Д е з д е м о н а. Мені не деп мақтар едің?

Я г о.

О, госпожа, айтқызбаңыз.
Сынамастан қоя алман.

Д е з д е м о н а. Тіпті жақсы! Жағаға кісі кетті ме?

Я г о. Я, госпожа!

Д е з д е м о н а (*шетке*).

Көңілсізбін, сыртпен ғана
Іштегіні бүркеймін. (*Ягоға*)
Ал мені қалай мақтайсың?

Я г о.

Ойлаймын-ақ, бірақ ойым басыма
Желімдей жабысып қалыпты,
Миға да солай тартып тұр, бірақ қиял
Ақырында тапқандай:
Ақылды боп, сұлу болсам,
Сұлулығым қазына, ақылым соны сатқандай.

Д е з д е м о н а. Мақтау-ақ! Ал ақылды боп, кейіпсіз
болса нетеді?

Я г о.

Қара қыз боп, ақылды болсам,
Ақ жігіттің сұлуын тауып алмасам.

Д е з д е м о н а. Бұнысы тағы оңбады.

Э м и л и я. Ал сұлу боп, ақымақ болса нетеді?

Я г о.

Ақымақтық пен сұлулық болса іс нәзік:

Ақымақтықтың жәрдемімен бала бітеді.

Д е з д е м о н а. Бұның бәрі кабактағы ақымақтарды күлдіретін санасыз, ескі қылжақ қой. Ал өзі ақылсыз, өзі кейіпсіз болғанға не мақтау айтар едің?

Я г о.

Кейіпсізде ақылсыздың мінезі

Ақылды сұлу әдетімен десе бірдей.

Д е з д е м о н а. О, қараңғы надандық! Ең жаманды барлығынан асырдың. Ал, шынымен мақтанға тұрарлық, қасиетіне жауыздықтың өзі де мойындарлық әйелді не деп мақтар едің?

Я г о.

Егер әйел сұлу да болса, момын келсе,

Шешен де болса, суырылмаса,

Ерінің мүлкін көрінгенге шашпаса,

Көңілі қарсы болса да «я көндім» десе,

Ыза қылған кісіден өш алу оңай болса да,

Ұмытуға, кешірімге кең болса,

Сол сұлудың ебі шебер,

Ойы жүйрік, ойдағысын ішке бүгіп,

Дарытпайды қандай жігіт болса да,

Қатын сол да, соны алса...

Д е з д е м о н а. Ия, не керекке жарар ед.

Я г о. Есер ұлдар көп тауып, сыра құйып тұрар ед.

Д е з д е м о н а. О, бишара, құнсыз сөз екен. Осы күйеуің болса да сөзін тыңдамашы, Эмилия. Сіз не дейсіз, Кассио. Барып тұрған былапыт, бейпіл ауыздың дәл өзі емес пе осы?

К а с с и о. Тілі топастау екені рас, сударыня! Бұның жігітшілігінен гөрі солдаттығын ұнатарсыз.

Я г о (*шетке*). Алақанына қол тигізеді екен, солай, жақсы, сыбырлас. Өрмекшінің торымен Кассиодай үлкен шыбынды шырмайын. Иә, иә, жымия түс сүйтіп. Сені мен сол сыпайылығыңа шырмармын. Сіздікі жөн әрине. Мұндай қалжың сенің лейтенанттығыңды алып қоятын болса, онда сүйсінгеннен қолыңды сүю жарамас. Бірақ сіз бі-

лікті мырза боп көрінуді білесіз. Бек жақсы! Тамава,
сүйісіңдер. Айналдыруы шебер! Өз қолын тағы да сүйін
тұр ма? Осы қолың махаббатың ағарлық шүмек болса.

Керней үні.

Мавр! Керней үнін таныдым.

К а с с и о. Иә, дәл өзі.

Д е з д е м о н а. Жүр, алдынан шығайық.

К а с с и о. Әні, өзі де келеді.

Отелло мен покерлері шығады

О т е л л о. О, жауынгер асылым!

Д е з д е м о н а. Отеллом менің!

О т е л л о.

Қуанам да қайранмын,

Менен озып кенсіңдер. Қуанышым!

О, дауыл арғы бұндай тыныштық болм анда

Тағы соғып асау жел

Ажалды да айдасын.

Кеме толқын тауына

Шығып алып құлдилап

Құлай берсін дозаққа.

Енді маған өлім де

Зор бақытпен тең болар.

Жаным толы шаттыққа

Қорқатыным жалғыз-ақ,

Осындайлық бақытты

Берер ме тағдыр ұзақ қып.

Д е з д е м о н а.

Неге, құдай-ау!

Махаббат пен қуаныш

Өсу керек күн санап.

О т е л л о.

Әмин, ня құдай-ау!

Қуаныштан сөйлеуге де мұршам жоқ.

Дем біткендей. Неткен бақыт!

Мынау, мынау ғана бөгесін. (Сүйін.)

Жүректегі бірлікті.

Я г о (шетке).

Бірлігің бүгін жақсы скен,

Тиегінді тайдырып, күйлерінді бұзармын

Намысыммен ант етем.

Отелло.

Жүріңіздер сарайға.
Соғыс бітті, суға кетті түріктер.
Ескі достар бұнда қандай жәйде екен?
Кипрде сіз асыл қонақ боласыз
Мені мұнда жақсы көріседі. Қуанышым!
Мен орынсыз сөз сөйлеп,
Сүйсінгеннен сандырақтап барамын.
Мейірімді Яго, пристаньға бар-дағы,
Сандықтарды алғызып,
Крепосқа капитанды аң келші.
Өзі нағыз ер екен,
Хасиетін хош тұттым.
Дездемона, жүріңіз!
Кипр сізді күтеді.

Яго мен Родригодан басқалары кетеді.

Яго. Біраздан соң мені пристаньнан табасың. Мұнда келші. Осы ғашық болған шағында тегінде жоқ болса да нелер сұмдар жақсы мінез істей алад деуші еді, ер болсаң мені тыңдашы. Лейтенант бүгін түнде сарай ішінде күзетте болады. Ең әуелі Дездемона оған барынша ғашық деп біл.

Родриго. Соған ба? Мүмкін емес.

Яго. Жап аузынды, сүйт. Тыңдай бер енді. Білемісің, басында маврдың мақтаны мен бөспе әңгімесіне құлшына құмар боп еді ғой, ал сол былшылды үнемі сүйе берер деймісің? Жүрегің дана ғой, сенбессің оған. Оның көзі тою керек. Ал ана жағына қарап не құмары қанады? Құмарлық барып махаббат ойнағымен басыла ма — сонда оны қайта жандырып алу үшін сұлу пішін, майысқан жастық, биязы, әсем сыр керек. Бұның бәрі маврда жоқ. Сол сипатты іздеуде ол әуелі өзінің нәзік жүрегі алданғанын сезеді, басында тойып болып, содан соң маврдан жеркеніп, жек көретін болады. Осының бәрін оған табиғаттың өзі үйретеді, жаңа біреуді таңда дейді. Бұл айтқаным айдан айқын, табиғат заңы. Ал, мырза, осыған илансаң, енді осындай олжаға Кассиодан оңай тұрған кім бар? Ол өзі сөзге сумаң. Өзі де сыпайы тәрбиелі, ақ жарқын мінездің астарында өліп талған, сұмырай құмарлық бар. Дәл осы! Тап осы! Ол нәзік құмарпаз. Және орайын тапқыш. Өзінде қасиеттен дәнеңе болып көрмесе де, ол зор қасиет несі боп құбыла да, көріне де біледі. Қулығы

да эзезілдей, оның үстіне бұл сұмырайдың өзі сұлу, өзі жас. Санасыз жастықтың көзін тартарлық сипаттың бәрі өзінде. Сұмдық исі мұнкіп тұр, әйел де соны сезіп-ақ қалды.

Родриго. Мен мұныға сене алмаймын. Бұл әйелдің жаны абзал.

Яго. Тұрмығы абзал! Оның ішкен шарабы жүзім суы емес пе? Абзал болса, бұл маврды әсте сүймес еді. Абзал бүйен! Жаңа ана жігіттің алақанымен қалай ойнағанын көрмедің бе? Соны шын байқамадың ба?

Родриго. Байқадым, бірақ ол жай ғана сыпайылық қой.

Яго. Жок, сол бұзықтық екеніне мен кепілмін. Былық пенен арам ниеттің ымы-жымы, құлақ күйі сол. Екеуінің еріндері сондай жақындасып, демдері араласып тұрды. Ниеті жаман, Родриго! Сүйтіп екі тілек жол ашқанда, соның ісімен ең үлкен іс — дене тілегі келет те. Ту, мырза, сізді менің басқаруыма рұқсат етіңіз. Венециядан алып келген де менмін ғой. Бүгін кешке күзетте тұрыңыз. Сізді қою міндетін мен өзім алайын. Кассио сізді білмейді ғой. Мен сізге жақын жерде жүремін. Бір есебін тауып Кассионы ашуландырыңыз. Оған дабырлап сөйлеген сөз бе, әскерлік намысына тию ме, не кезіне қарай басқа бірдеме ме, әйтеуір өзіңіз сылтауын табарсыз.

Родриго. Жақсы.

Яго. Мырза, ол өзі шадыр, күйгелек. Тіпті ол сізді таяқпен салып та қалар — сүйтетін етіңіз. Сонда маған Кипрдің халқын біріктіруге болады. Содан соң бұрынғы тәртіпті қайта орындату үшін Кассионы орнынан алу қажет болады. Сүйтіп құмарыңа жетуге төте жол табысың. Менің көмектесуіме де рет табылады. Ал бөгетті сондай пайдалы түрде құлатқан соң, сіздің рақатыңызға кедергі қалмайды.

Родриго. Қисыны табылса, мен бұны орындайын.

Яго. Табылатынына мен кепілмін. Біз қазір қорған ішінде кездесеміз. Оған шейін мен әлгінің нәрселерін жағаға шығартайын. Қош.

Родриго. Қош.

Кетеді.

Яго.

Кассионың сүйгеніне бек сенем;
Әйел сүйсе ол да шын.

Ал мавр — өзін сонша жек көрсем де,
Ақкөңілді адал жан;
Дездемона жарына
Жақсы күйеу болғандай.
Әйелін мен де сүйемін,
Құмарлықпен емес-ау,
Өзге күнәм зор болса да,
Біресе кегім үшін демекпін.
Күдігім бар, құмары күшті мавр.
Төсегіме мінді білем. Осындай ой
Ішімді удай кеміреді.
Қатыныма қатын орай еткенде,
Сонда ғана жүрегімді тыныштармын.
Ол болмаса, маврды
Сондайлық бір қызғанышпен қайнатып
Ақылына ие болмастай етермін.
Бұны істеуге қосамын деп ап жүрген
Жарамаса Венеция төбеті
Қассионы ұстармын. Оның өзін
Маврға сұм ғып көрсетем. Бір қауіп
Қассио менің өзімді де
Ұрмасын. Ал мавр менің оны есек етіп
Тыныш жанын жынды еткенім
Үшін мені мақтап сүйер де.
Долбар солай піспей тұрсын
Іске асқанша жауыздық
Біраз қалғып тұратын.

II САХНА

Көше.

Жарлық қағазды ұстап жаршы шығады. Артында халық.

Ж а р ш ы. Біздің бекзада сайыпқыран генералымыз Отелло түрік кемелерінің түгел жойылғандығына барлық халық болып зор мереке жасайық дейді. Тілегендер билесін, тойға арнаған оттар жақсын, әркім өз ұнауы бойынша сауық етсін дейді. Өйткені бүгін жалғыз жауды жеңу емес, генералдың үйлену тойы да болғалы отыр. Осыны жария қылып отыр. Қонақ жайдың баршасы да әзір, еркін кіріп тойлауға қазіргі сағат бестен он бірге шейін тегіс ашық. Иә, тәңірі, Кипр аралы мен оның бекзада генералы Отеллоға жар бола гөр!

Кетеді.

III САХНА

Сарын тады

Отелло, Дездемона, Кассио, қызметкерлер шығады

Отелло.

Милкеде, күзетке уақып болыңыз!
Тартымды боп үйреніп
Қызуды тежей білейік.

Кассио.

Істер іске Яго бұйрық алып ед,
Сондағы мәні-жөнін
Өзім тағы карайын.

Отелло.

Яго сондай таза жігіт,
Қайырлы түн. Ертең ерте
Сөйлесерміз. Жүр, жарығым!
Сауда бітті, енді бізге
Жемісіп татар шақ жеггі.
Қайырлы түн.

Отелло, Дездемона, қызметкерлер кетеді.

Кассио. Хош келіпсің, Яго, бізге қазір қарауылға бару керек.

Яго. Қазір емес, лейтенант, әлі он болған жоқ. Біздің генерал өзінің Дездемонасына ынтық боп тұрғандықтан бәрімізді ерте босатты. Ол үшін кінәлауға болмайды, бүгін әлі қызықтаған жоқ қой. Ал әйелінің тәттілігі құдайыңды да қызықтырғандай ғой.

Кассио. Ия, тамаша әйел.

Яго. Өзі ойын үшін жаралған, осыған да кепілмін.

Кассио. Әрине, сондай уыз, нәзік жан ғой.

Яго. Көзі қандай десеңші! Көңіліме сырласуға шақырып тұрған сияктанады.

Кассио. Шақырғыш көздер! Бірақ сонымен қатар момын көздер.

Яго. Сөйлеп тұрған шағында махаббатты шақырып тұрмай ма?

Кассио. Әрине, міңсіз асыл.

Яго. Жарайды, төсектері бақытты болсын. Жүріңіз, лейтенант. Меңде азғана шарап бар еді. Кипрдің біраз ерлері кара маврдың саушылығы үшін соны ішпекші еді.

Кассио. Бүгін болмайды, Яго. Шарапқа мен әлсіз-

бін. Тәрбиеміз бойынша уақыт өткізудің өзге бір жолын тапсақ жарар еді.

Я г о. Жоға, олар біздің достарымыз ғой. Бір ғана жұтым. Сіз үшін өзім ішейін.

К а с с и о. Мен бүгін кешке сол бір жұтымды ішіп ем. Шарапты шебер істепті. Сонда да айналам өзгеріп кеткен тәрізді. Әлсіздігіме наразымын, бірақ сол әлсіздікті тағы сынауға батылым бармай тұр.

Я г о. Бұл қалай, мырза! Бүгін сауық түні ғой. Біздің достар да тілеп отыр.

К а с с и о. Қойшы, олар қайда?

Я г о. Әне, есік сыртында. Шақырыңызшы өздерін.

К а с с и о. Ал, жарайды, болсын-ақ.

Кетеді.

Я г о.

Ал енді бір кесені
Тағы да болмай ішкізем,
Қабаған қызу төбеттей-ақ әулігер,
Родригодай есуас болса,
Құмарлықтан ақкөз боп,
Дездемона құрметіне
Сан кесені төңкерді.
Өзі қазір күзетте.
Ер Кипрдің намысын
Өле жыртып күзеткен
Үш жігітті ісіп кепкен
Өлердей ғып сілейттім.
Олар да қазір күзетте.
Мас айуандар тобында.
Кассионың еппенен
Аралға тілін тигізем.
Келе жатыр әнеки
Жалғыз-ақ ойдағыдай шықса екен
Кемем есіп кеткендей,
Оннан желі соқса екен.

Кассио, Монтано, дворяндар келеді
Арттарынан арақ алып қызметкерлер кіреді

К а с с и о. Құдай ақына, мені мас қып қойыпты.

М о н т а н о. Азғантай-ақ, антым анық, биттей-ақ.

Я г о.

Әкел тағы шарапты. (Әндетеді.)

«Ал кәнеки, стакандар шок-шок!
Ал кәнеки, стакандар шок!
Солдаттарда ақымақтық жоқ!
Неткен өмір? Болымсыз,
Ішсін ерлер болсын тоқ»
Әпкел шарап, қызметкер.

К а с с и о. Күдай ақына әсем өлең.

Я г о. Өзін Англияда үйренгем. Ондағы адам ішкілікке пәле ғой. Датчан, неміс, жуан құрсақ голландецтей ішсендерші — ағылшындарға ілесе де алмайды.

К а с с и о. Сүйтіп сіздің ағылшындар келістіре ішеді екен ә?

Я г о. Датчан, ләйліп мас болғанда, ағылшын жай жеңіл ғана ішіп отырады. Ол немістен де терлемей-ақ оза береді, ал екінші құмыраны әкеп қойғанша, голландецті құстырып та болады.

К а с с и о. Генералдың саулығына!

М о н т а н о. Ол үшін мен де ішемін, қалыспаймын, лейтенант.

Я г о.

О, сүйікті Англия! (*Әндетеді*).

«Стефан король жақсы ер еді.

Теңгеге шалбар тіктірген.

Шығыным асып кетті деп,

Тігіншіні тілдеген.

Стефан король нағыз ер,

Сен болсаң құнсыз дүлейсің.

Жауыздық деп әшекейді білеміз

Онан-дағы көне кафтан кигейсің...»

Ей, тағы шарап!

К а с с и о. Ал мынау ән әлгіден де әсемірек!

Я г о. Тілесеніз тағы да айтып берейін!

К а с с и о. Қажет емес, өйткені ондай мінез істеген адамды өз орнына лайық адам деп білмеймін. Жарар — бәрімізден жоғары тәңірі бар, соның жарататын жаны бар да, татымайтын да жаны бар.

Я г о. Оныңыз рас, сүйікті лейтенант.

К а с с и о. Менің өз жайым болса, генерал мен басқа дәрежесі зор жандар ренжімесін деп өзім тәңірі жәрдемін көретін шығармын деп сенемін.

Я г о. Мен де өзім туралы сол ойдамын, лейтенант.

К а с с и о. Бірақ, рұқсат етсеңіз, менен кейін көрерсіз; лейтенанттың жаны прапоршиктікінен бұрын құтқа-

рылғаны лайық болар. Ал бұны осымен доғарайық та, сіздің істеріңізге көшейік... Йя, құдай, күнәмізді кеше гөр. Мырзалар, ісімізге кірісейік. Мені мас екен деп ойламаңыздар, мырзалар. Міне, мынау менің прапорщикім, мынау оң қолым, ал мынау сол қолым, мен мас емеспін. Тапжылмай тұрып, жақсы сөйлей де аламын.

Барлығы. Тіпті жақсы деңіз...

Кассио. Сөйтіп тіпті жақсы ма, ендеше мені мас деп ойламаңдар.

Кетеді.

Монтано. Балконға барайық, мырзалар, күзет қояйық.

Яго.

Көрдіндер ме жаңағыны
Патшаға солдат болар ед.
Бастыққа да жарар ед,
Бірақ әні — айыбы.
Сонысы құрғыр қасиетімен
Барабар. Кассионы айтамын,
Қорқатыным, Отеллоның сенімі
Жаңағыдай күйінде,
Сор болмаса аралға.

Монтано.

Осылай жиі бола ма?
Ұйқы алдында күнде осылай.

Яго.

Бесігін шарап тербелтсе,
Сөтке бойы ұйқы жоқ.

Монтано.

Генералға
Айтып қойсақ қайтеді.
Көзі көрмей, ақпейілдік әдетпен
Кассионың ерлігін ғана бағалап
Байқамай қалар залалын.
Солай емес пе?

Родриго кіреді.

Яго (ақырын Родригоға).

Ал, не бар, Родриго?
Барсаңшы лейтенанттың ізімен.

Родриго кетеді.

Монтано.

Қап, бекзада маврдың
Орынбасар қызметін
Әкініш екен беруі
Сондай мінді адамға
Ең адалы маврға
Бұны айту болар.

Яго.

Жоқ, Қиыр маған тисе-дағы көнбеспін!
Жақсы көрем Кассионы
Жазып алу инетім.
Анау петкен дауыстар?

Сахна сыртында «құтқар» деген айғай.
Родригоны қуып Кассио шығады.

Кассио. Малғұн, сұмырай!

Монтано. Не боп қалды, лейтенант?

Кассио. Оңбаған! Маған менің міндетім жайын
оқытпақ! Мен бұл оңбағанды бөтелкеге айдап тығамын.

Родриго. Мені тығамысың?

Кассио. Оттамақпысың, сұмырай!

Родригоны ұрады.

Монтано. Лейтенант, мен өтінемін, өтінемін, мырза,
қолыңызды тыйыңыз.

Кассио. Қоя беріңіз, мырза, әйтпесе тісіңізді сындырармын.

Монтано. Қойыңыз, сіз массыз ғой!

Кассио. Мас?

Екеуі төбелеседі.

Яго (*ақырын Родригоға*).

Барыңыз, ұқтыңыз ба,
Шақырыңыз халықты.

Родриго кетеді.

О, рахымды лейтенант, о, мырзалар!
Уа, келіңдер! Ей, Монтано! Лейтенант!
Уа, келіңдер, халайық!
Жақсы-ақ екен күзет те!

Қоңырау қағылады.

Кім екен ол даңғырлатқан? Сайтан, ей!
Оятты-ау енді қаланы! Лейтенант, жетті!
Өшпес таңба болды ғой, .

Отелло мен қызметкерлер шығады.

Отелло. Не боп қалды?

Монтано. Қансырадым. Өлімші болдым жарадан.

Құлап түседі.

Отелло. Тоқтағ жаның барында!

Яго.

Тоқтатыңызшы, лейтенант! Монтано! Мырза!

Міндет пенен орынды да ұмытып! Доғар!

Міне жандарал! Жетті! Масқара!

Отелло.

Бұ не, неден шықты бұл пәле?

Түрік пе едік бірімізге біріміз

Кәпір мінез іс етер?

Христиан сіздерсіз.

Тастаныз бұзық шатақты,

Құтырғанын қазір дереу тыймаған

Тіршіліктен түңілсін;

Қыбыр етсе — өледі.

Қорқынышты қоңырауды тыйыңдар!

Аралға үрей салады.

Не болып ед бұл жерде?

Адал Яго, өлердей құп-қу болыпсың.

Кім бастады, айт, білдір бәрін де.

Яго.

Мен білмедім. Барлығының достығы

Төсектегі жастардай-ақ

Тәтті еді. Міне әп-сәтте...

Әлде, жұлдыз естен айырды ма?

Лезде қылыш суырып,

Арандасып тұрғаны

Айту қиын пәле басы не екенін.

Аяғымнан мұнда мені келтірген

Адал істе айрылсамшы бүйткенше.

Отелло. Микеле, негіп естен жаңылдыңыз?

Кассио. Кешіріңіз... Айта алмаймын...

Отелло.

Ер Монтано, әдеп пенен

Берік мінез жас шақтан

Елге мәлім еді ғой.
Есі бардың аузында
Құрметті еді сіздің ат. Мынау қалай,
Қадірлеген атыңыз не болады?
Жаман атты жанжалқойға
Айырбасқа салдыңыз ба?
Жауап беріңіз!

Монтано.

Ер Отелло, жарам ауыр
Айтсын Яго офицерін
Сөйлеу қиын. Үндемеймін, көргенімді
Біле алмадым жалғыз-ақ.
Бас қорғауым айып па?
Сөз бен істе күнәм не...
Зорлық көрсем, бой сақтау күнә ма?

Отелло.

Ант етейін,
Ақылымды, менің ақылымды қан билеп,
Ашу есті жеңіп ап,
Өзіне жол салғандай,
Ал егер мен қозғалсам,
Не қолымды көтерсем,
Ашуымнан кез келгенің өлесің.
Айтыңыздар ұрыс неден басталды,
Бастаушы кім?
Осы арада айыпты боп табылған
Егізімнің дәл сыңары болса да,
Мәңгілікке кетіседі менімен.
Дәл қорғанның ішінде
Ортасында үрей болған халықтың
Түн ішінде болымсыздан
Шу жасау!.. Өздері және күзетте.
Сұмдық! Бастаған кім, айт, Яго?

Монтано.

Достығыңмен бұра тартып жасырсаң,
Әлденені шыға қосып жамасаң —
Сен солдат емессің.

Яго.

Сөкпе мені,
Лейтенант Кассионы ренжіткенше
Қырқылсын дермін тілімді
Бірақ сенем — аузымдағы бар шындық
Оған залал келтірмес.

Болған істер мынадай:
Монтаномен түр едік,
Бір адам қашып шығып айғай салды.
Оны қуған қылышы бар,
Кассио екен ызалы.
Сонда мынау дворян
Кассиоға жақындап,
Арашаны сұрап ед,
Қашқанды қуып мен кеттім,
Шошытар деп ем қаланы,
Айтқаным келді.
Бірақ жүйрік неме екен
Жеткізбей. Содан шапшаң қайтып ем,
Өйткені қылыш дауысы мен
Кассионың ұрысқанын да есіттім,
Бұрын ондай қарғыс сөзін
Білмеп ем. Қайтып келсем,
Әп-сәт еді — көз алдымда
Қырық пышақ, барлық жайы
Өзіңіз кеп айырғандай.
Бұдан артық түк білмеймін.
Есі ауатын кім де болса болмай ма?
Кассио аздап тиіп кетсе,
Ашуда досқа да қол тимей ме?
Анық сенем, сонау қашқын
Шыдамастық сөз айтып
Тіл тигізген Кассиоға.

Отелло.

Мен білемін,
Адалдықпен сүйгендіктен,
Жұмсартпақсың Кассионың кінәсін.
Сен маған қымбатсың, Кассио,
Бірақ енді — қызметімде сен жоқсың.

Дездемона мен қызметкер әйел шығады.

Қарандаршы, сүйгенім де оянған!..

(Кассиоға)

Өзгеге мысал болсын.

Дездемона. Немене, не болған?

Отелло.

Жайласты, бәрі сәулешім,
Төсегіңе барып жат. (Монтаноға)

Мырза, еміңіз өзім боламын,
Қотерсендерші.

Монғаноң алып кетіседі

Яго, қаланы сен тынышға,
Арсыз айғай шошытқанның бәрін бас.
Жүріңіз, Дездемона,
Карызы ғой солдаттың
Тәтті ұйқыдан шеруменен тез тұру.

Яго мен Кассиодан басқалары кетеді

Яго. Немесе, жарадарсыз ба, лейтенант?

Кассио. Ия, тегі ешбір дәрігер көмекші де бола алмас.

Яго. Не дейсіз? Құдай сақтасын!

Кассио. Абройым, абройым, абройым... ол абыройдан айрылдым ғой! Бойымдағы өлмес деген қасиеттен айрылдым, өлексем ғана қалды. Абройым, Яго, абройым!

Яго. Мен, тап шыным, сіздің етіңізге жара түсті ме деп ем; абройды жоғалтқаннан да, анадан келетін залал көбірек қой. Аброй деген еріккендік, бір жалған мысал ғой. Көбінесе бейнетсіз тауып, орынсыз айрылып жүреміз ғой. Сіз өзіңіз айрылдым деп көпке таратпасаңыз, генералды жұмсартудың есебі табылады: ол сізді ашумен қуып отыр, жазалағанда ызамен емес, есеппен жазалап отыр. Кісі жазығы жоқ өз итіп күшті арыстанды қорқытам деп ұрмай ма, сол тәрізді. Жалына беріңіз, сонда сізге қайта ойысады.

Кассио. Мен жалынсам, жек көр деп жалынармын, болмаса ашушаң, маскүнем, тентек офицер алақай деп тамаша бастықты ғағы да түңіліпеймін бе? Ішіп алу! Тотыдайын тақылдау, төбелесу, мақтаныш, ант ішу, көпірте сөйлеп, көлеңке көсемсу. Әй, арақтың жасырын күші-ай, сенің өз атың болмаса — эзезіл деп ат қойдық.

Яго. Қылыш алып қуғаныңыз кім? Жазығы не еді?

Кассио. Өзім де білмеймін.

Яго. Қойыңызшы!

Кассио. Есімде бұлшыр нәрселер бар, бірақ анық түгін білмеймін. Ұрысқанымды білемін, бірақ себебі есімде жоқ. Е, тәңірі, адам өзінің ақылын ұрлайтын жауды өз аузынан неге кіргізеді екен? Осы рақат, шаттық, ойынсауық үстінде айуан боп кететін себебіміз не?

Яго. Қазір сіз әбден ретке келдіңіз. Қалайша айықтыңыз?

Кассио. Мастықтың әезілі ашудың әезіліне орын берді. Мені өз-өзімнен жиренту үшін, бір мінім екіншісін жетектеп келді.

Яго. Жетті, сіз аса қатал сопы екенсіз. Әрине мезгіліне, орнына және бұл жақтың жағдайына қарағанда, мен бұл халдің болмауын барынша тілер ем. Бірақ болары болып қалған соң ендігіні өзіміздің пайдамызға қарай беру керек.

Кассио. Мен орнымды өзіме бер десем, ол сен маскүнемсің дейді. Бір емес, гидрадай он аузым болса да, соның бәрін тиярлық жауап осы ғой. Есің дұрыс адам боп, содан есуасқа, айуанға айналуды қайтесің. О, жұмбақ тағдірі әрбір артық кесе-қарғыс ішіндегі әезіл.

Яго. Болды, болды! Жақсы шарап дұрыс пайдаланса әдемі, жақын дос. Сүйікті лейтенант, мен білемін, менің сізді сүйетініме сіз сенесіз?

Кассио. Менің оған көзім жетті, мырза, мен маспын!

Яго. Сіз де барлық басқа адамша, кейде мас болуға болады, досым. Енді сіздің не істейтініңізді айтайын. Біздің генералдың әйелі де генерал. Соның сұлулығын тамашалап, мәз болуға генерал берілген дегенім ғой. Барыңыз да тұп-тура әйеліне айтыңыз. Жалына беріңіз, ол сонда орныңызды қайта алуға көмек етеді. Ол сондай кең, сүйікті, мейірім, рахымы мол, тіпті өтінішті тілегіңнен артық орындамаса мін санайды. Еріменен екі араныздағы үзілген жақындықты септеп жібер деп жалыныңыз. Бәс қылайын, қандай асылды атасаңыз да, мен барымды қояйын, осыдан соң генерал екеуіңіздің достығыңыз бұрынғыдан да сонауғұрым жақсы болады.

Кассио. Сіз маған асыл кенес бердіңіз.

Яго. Сізді шыныменен сүйгендіктен, әсіресе адал тілеулестіктен айтамын.

Кассио. Мен бұған сенемін. Ертең рахымшыл Дездемонаға болысыңыз деймін. Осы жолы тағы айныса, мен өз бақытыма сенуді мүлде қоярмын.

Яго. Оныңыз рас. Қайырлы түн, лейтенант, маған күзетке бару қажет.

Кассио. Қайырлы түн, адал Яго.

Кетеді

Я г о.

Сұм деп мені кім айтар,
Адал таза кеңесім.
Айқын жолмен маврды
Өзіңе тарт дегесің?
Дездемонаны жақсылыққа ойыстыру оңай ғой,
Мырзалығы кең табиғат мырзадай.
Көндіру маврды да оп-оңай.
Оның жаны махаббатпен тұсалған.
Керек болса діннен кешіп,
Сауаптан да безе алад.
Байлау шешу өз еркінде сұлудың
Тілесі тәңірісіндей ерінің
Әлсіздігін біледі.
Мен сұм ба екен
Жақсылыққа жетерлік
Кассиоға жол көрсетем.
Уа, дозақтың құдайлары?
Әезілге қараңғы куә керек болса,
Әуелі аспан періштесін жіберед,
Мынау да сол. Аңқау, ақымақ
Жәрдем сұрап барған кезде сұлуға
Ол маврға асылмай ма,
«Кассио ойнас үшін керек деп»
У құямын құлағына мен сонда.
Неғұрым зіл сап сұраса,
Соғұрым күдігі асар маврдың.
Осылайша жақсылықты қара майға былғап ап,
Сол сұлудың рахымынан тор тоқып,
Барлығын да шырмармын.

Родриго шығады.

Жә, қалайсың, Родриго?

Р о д р и г о. Мен мұнда аңға апармай, байлап қойып,
үріп тұрсын деген ит тәріздімін. Ақшам боса, көбі кетті.
Бүгін түнде дүре жедім. Тегі ақыр аяғында бар ақшадан
айрылып, бар еңбекті сарп қып, біраз ғана тәжірибе мен
біраз ғана ақыл тауып, Венецияға тек қайтармын дей-
мін.

Я г о.

Сабырсыздың сорлысы-ай!
Ілезде жара жазған бар ма?
Сиқыр емес, ақылыменен емдейміз,

Ақыл, ісі мезгілімен піспей ме?
Жаман ғой? Кассио да ұрды ғой, ә?
Сен сонымен Кассиодан құтылдың.
Күн көрмей де өсу бар,
Жеміс ерте бас жарса, ерте пісед.
Сабыр ет! Таң атыпты.
Ермек пенен іске сағат жетпейді.
Үйіңе қайт, пәтеріңе
Бар. Көбін кейін білесің.
Ал, жөнел!

Родриго кетеді.

Екі жұмыс алдымда:
Әйелімді әзірлеп, ханымнан
Кассиоға болысуды сұрату.
Өзім ертіп Отеллоны
Алып келіп Кассионың үстінен
Жалынып тұрған дер кезінде түсірем.
Осы долбар
Бөгелместен бар қулықты орындар.

Кетеді.

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ АҚТ

I САХНА

Сарай алды.

Кассио мен музыканттар шығады.

К а с с и о.

Тартындар осында. Ақысын өзім төлеймін:
Құттықтаңдар генералды.

Күй.

Шут шығады.

Ш у т. Немене, мырзалар? Аспаптарың Неапольға
барып па еді, мыңқылдап қалыпты ғой?

І-м у з ы к а н т. Қалайша, сударь, қалайша?

Ш у т. Е, бұл сіздің махаббатыңызға лайық духовой
аспаптар емес пе?

І-м у з ы к а н т. Әрине, мырза, духовой...

Ш у т. Құйрық қыстырғаны сол ғой?

І-м у з ы к а н т. Қыстырғаны қалай, мырза?

Ш у т. Тап маған мәлім. Өзге духовой инструменттердікі тәрізді дейім. Бірақ, мырзаларым, міне ақшаныз. Генералға сіздің музыкаңыздың ұнағаны сонша, ол тіпті шулағанын қойса екен деп жалынып жатыр.

І-м у з ы к а н т. Жаксы, мырза, біз ендеше қояйық.

Ш у т. Егер сіздерде есітілмейтін музыка болса, соға беріңіздер, әйтпесе жұрттың музыкаға мұршасы жоқ.

І-м у з ы к а н т. Біздің ондайымыз жоқ, мырза.

Ш у т. Ендеше кернейлеріңді, қабына тығып, және ліндер! Барылдар, жөнеліндер, жоқ болындар.

Қ а с с и о. Ей, тыңдашы, досым!

Ш у т. Жоқ, мен досыңызды тыңдамайым, өзіңізді тыңдаймын.

Қ а с с и о. Өтінейін, ілгішінді қойшы. Міне біреу алтын ақша сенікі. Егер генералдың ханымына қызмет етуші әйел оянса, бір ауыз сөзбен Кассио деген келіп тұр денізші. Істеймісің осыны?

Ш у т. Тұрып жатыр, мырза, егер мұнда келер болса, мен айтып байқайын.

Қ а с с и о.

Баршы, досым.

Шут кетеді. Яго кіреді.

Дер кезде қалай, Яго, келдіңіз?

Я г о. Сіз жатпаған ба едіңіз?

Қ а с с и о.

Жоға, біз таң ата
Айрылдық қой. Енді сіздің
Әйеліңді шақырттым. Яго,
Дездемона данаға
Тіл қатуын сұраймын.

Я г о.

Оны қазір жіберейін,
Ебін тауып маврды да
Әкетейін, сөз бен іске
Жол кең болсын.

Қ а с с и о.

Мен барымша ырзамын.

Яго кетеді.

Ешуақытта
Осындайлық сыпайыны
Флоренциядан да кормеп ем

Эмилия келеді.

Э м и л и я.

Есенсіз бе, лейтенант,
Қайғыңызға ортақпын.
Өтер бәрі тезінен!
Генералмен әйелі де сөйлесті,
Болысқаны сіз еді. Мавр
Анау жаралыны — Кипрдегі жақсы ден
Туысы да мол деді;
Сақтық үшін лайық деп
Тайдырса да сізді өзі;
Сүйетінін тағы айтты.
Болысқанның жөні жоқ
Орайы келген сағатта,
Өзім қайта алам деді.

К а с с и о.

Өтінейін мүмкін болса,
Лайық келсе, бір-екі ауыз
Тіл қатар ем сол ханымға
Оңашада.

Э м и л и я.

Хош келіпсіз, кіріңіз.
Тырысайық, сіздің көңіл
Тынышталсын.

К а с с и о. Қарыздармын мен сізге.

Кетеді.

II САХНА

Сарай бөлмесі.

Отелло, Яго, және Кипр аксүйектерінің өкілдері шығады.

О т е л л о.

Бұл хаттарды кемешіге табыс ет, Яго, құрметпенен сенатқа тегіс жеткізсін.
Қорғанға қарай барамын.
Сонда кел.

Я г о. Орындаймын, генерал.

Кетеді.

О т е л л о. Қорған жаққа барайық та, мырзалар!
О ф и ц е р л е р. Әміріңізге біз әзір.

Кетіседі.

III САХНА

Сарай бақшасы.
Дездемона, Кассио, Эмилия шығады.

Дездемона.

Илан, асыл Кассио, барымды мен,
Бар айламды сенің үшін жұмсармын.

Эмилия.

Бәсе, бәсе, ханышам! Өз басының қайғысындай.
Күйеуім де қамыққан.

Дездемона.

Адал жан ғой! Сеніңізші, Кассио.
Күйеуіммен екеуіңді
Бұрынғыдай дос етем.

Кассио.

О, ханым!
Кассионың не күн туса басына,
Өмірлікке адал құлың боп өтед.

Дездемона.

Білемін. Алғыс айтам. Генералды
Сіз ежелден сүйесіз.
Ол да сізге, салқындығын азырақ
Саясатпен сақтайды.

Кассио.

Қорқатыным,
Тіпті ұзаққа созылып
Кетпесе игі ед саясат,
Аяқталмай кетпесе;
Мен алыста, орным жатта болғанда
Ұмытпаса меніменен қызметімді генерал.

Дездемона.

Күдіктенбе. Эмилия куә ғой,
Кепіл болам, орның қайта тиеді.
Достық сертке мен берікпін:
Орындаймын; күйеуімнің мазасын ап,
Ұйқысы мен шыдамын да таусармын,
Төсегін мектеп, тамағын өсиет
Етермін, және барлық жұмысын
Кассионың жұмысымен қосармын.
Көңіл көтер, плана бер,
Сенің досың өлсе-дағы
Бұл жұмысты тастамас.

Отелло мен Яго шығады.

Эмилия. Мырзам келе жатыр.
Кассио. Қоштасайын, сөкпеңіз.
Дездемона. Жоқ, сөзімді тыңдап ал.
Кассио.

Жоқ, бүгін болмас. Тыныш емеспін:
Бұным маған зиян ғой.
Дездемона. Ендеше тілегенің дәл болсын.

Кассио кетеді.

Яго. Мынау маған жақпайды.

Отелло. Сен не дедің?

Яго. Жоқ, әншейін... білмеймін, генерал.

Отелло. Әйелімнің жанынан, анау кеткен Кассио
ма?

Яго.

Кассио емес, генерал.

Сене алмаймын

Сіз жақындап келгенде

Қашты деуге ұрыдай.

Отелло. Мынау сол сияқты ғой.

Дездемона.

Ал, Отелло, қалайсың?

Арызшымен сөйлесіп ем осында,

Ашуыңнан қайғы шеккен жан екен.

Отелло. Ол кім екен?

Дездемона.

Е, лейтенантың Кассио. Рахымды досым,

Күшім болса сізді қозғар,

Өтінер ем татулас деп сонымен.

Сізді сүймес ол болғанда

Айып етсе біле тұра,

Адал жанды танымаған болармын.

Қайтарып ал қызметіңе.

Отелло. Ол осында болды ғой!

Дездемона.

Ия, сондай мүләйім.

Қайғысын шақты маған кеп.

Жан ашиды. Алшы қайта, сүйіктім!

Отелло. Жоқ, Дездемона, кейін тегі көрермін.

Дездемона. Қашан дейсің?

Отелло. Жақындатам, жаным, сіз үшін.

Дездемона. Қашан, бүгін кешкі тамақта ма?

Отелло. Жоқ, бүгін емес.

Дездемона. Әлде ертеңгі аста ма?

Отелло.

Ертең үнде болмаймын, —

Крепосте қызметім бар.

Дездемона. Әлде ертеңгі аста ма?

Ендеше ертең кешке,

Әлде сейсенбі күн таңертең,

Түсте болсын, түнде болсын,

Тіпті сәрсенбі күн ертемен бе,

Өтінемін, үш күндік бір мезгіл айт,

Өкініші мол екен, қинамашы.

Анығында соғысқа

Жақсыларды өзеге үлгі ет десе де,

Бұның еткен кінәсіна

Ескерту де жетерлік.

Айтшы сүйтіп, қашан келсін?

Мен болсам, сіз тілеген қай тілекті,

Қайтарам деп іркілер ем.

Не дейін.

Сіз туралы мен қатаң сөз сөйлесем,

Ара түсіп, сізді ақтаумен болатын

Сол Микеле Кассио еді.

Енді маған

Қайта аяғызу қиын боқты. Мен барымша...

Отелло.

Жетер. Келе берсін қашан болса.

Сізге менің бермесім жоқ.

Дездемона.

Бұл тіпті де сый емес.

Бұның бәрі қолғабынды ки дегендей,

Асыңды іш те, қымтана жүр дегендей.

Дәл өзіңнің жәй қамыңды жегендік

Ал егерде мен шындап

Махаббатты сынар болсам,

Онда ауыр да қиын болар

Тілегімді орындау.

Отелло.

Сізге менің бермесім жоқ!

Енді менің тілегімді орындап —

Аз уақытқа бара тұршы.

Дездемона. Көнбесіме бола ма? Қош тұрыңыз,
Отелло.

Отелло. Өзіңе мен тез оралам, Дездемона.

Дездемона. Жүр, Эмилия. (Отеллоға)

Барлық сіздің
Тілегіңіз білсін
Әрқашан да көнемін.

Эмилия екеуі кетеді.

Отелло.

Пәле! Бас кетсе де
Сүйдім сені,
Тек түңілсем —
Дозақ орнар.

Яго. Мархабатты генерал...

Отелло. Не айтасың, Яго?

Яго.

Сіз үйленбеск болғанда, сырыңызды
Білмеп пе еді Кассио?

Отелло. Бәрін білген. Оның несін сұрадың?

Яго.

Жай, бір ойдың шешуі...
Қастан емес.

Отелло. Неғылған ой, Яго?

Яго. Екеуінің таныстығын білмеуші ем.

Отелло. О, ол талай рет, бізбен бірге болатын.

Яго. Солай ма еді! Солай ма еді!

Отелло.

Солай ма еді! Солай ма еді! Одан не таптың?
Әлде адал емес пе?

Яго. Ол адал, генерал!

Отелло. Я, адал, адал!

Яго. Менің долбарымша...

Отелло. Нені ойладың?

Яго. Нені ойладың дейсіз бе?

Отелло.

Ойладың дейім! Құдай ақына жаңғырықтай,
Ойына бір тажал орнап
Тығылғандай. Долбарың не?
Кассио кетіп қалғанда
«Мынау маған жақпайды»
Деген сөзіңді мен есіткем. Ол немене?
Содан кейін, махаббаттың жайында

Ақылшым сол болған-ды, дегенде,
«Солай ма еді» дедің бе,
Қабағыңды шытынып,
Ішіңе бір сұмдық ойды
Бүккендей боп көріндің,
Сүйгенің мені шын болса,
Аш соныңды.

Я г о. Сүйгенімді өзіңіз де білесіз.

О т е л л о.

Мен сенемін.
Адалдықпен сүйгеніңді білгеннен,
Өлшеусіз сөз айтпасыңды білгеннен,
Әсіресе, тұспалыңнан қорқамын.
Сұм адамға — ол бір тәсіл
Адал жапға — ол іштегі,
Жүректегі айып қой,
Ол болымсыз емес қой.

Я г о.

Лейтенант адал, сенемін,
Ант ішуге әзірмін.

О т е л л о. Мен де.

Я г о.

Көрінісің қалай болса,
Бар шының да сол болсын.
Арам болсаң, адалмын деп құбылма.

О т е л л о.

О, ие, көрінісің қалай болса,
Бар шының да сол болсын.

Я г о. Сүйтіп мен сенемін, Кассио адал.

О т е л л о.

Жоқ, мұнда бір мән бар.
Айтшы маған өз-өзіңе айтқандай:
Немсеңе бар ойыңда?
Сұмдық ойды
Сұмдық сөзбен айтып бер.

Я г о.

Кешіріңіз,—
Міндетімді адал қылу
Қарыз болған күнде де
Ықтияр бар ғой құл құрым.
Ойды айту ма? Ойым сұмырай болса қайтем?
Қай сарайға кезінде,
Кезелтік барып кірмейді?

Қандай таза жүректе
Қосарда күдік жүрмейді?
Таразының алдында,
Әділдікпен, сол-дағы
Қатарласып тұрмай ма?

Отелло.

Досыңа қарсы сөз дейсің, Яго,
Оны өзіңе жат санап,
Жаман деген ойдасың.

Яго.

Мүмкін менің
Тұспалдарым қата болар.
Шынды айтайын, зор мінім —
Қиянатты көп қазам.
Тырысам деп көбінше
Жоқ жерден де мін табам.
Өтінішім сондықтан,
Данасыз ғой.
Жаманымнан жиреніңіз,
Болымсыз, бұлдыр байқауыма
Сенбеңіз, секем алмаңыз.
Сіздің тыныштық, рақатыңыз,
Менің намыс, тәжірибем,
Адалдығым — баршасы
Ойдағымды сізге ашуға жол бермес.

Отелло. Не дейсің сен?

Яго.

Ер мен әйел абыройы
Асылзат қой, әміршім,
Ақша ұрлаған — жоқты ұрлайды:
Тек абройымды ұрлаушы, өзі болса
Алғанымен байымас,
Мені және жарлы етер.

Отелло. Құдай біледі, ойыңды тани бастадым.

Яго.

Жүрегім қолыңызда тұрса да білмессіз,
Жасырып тұрсам, қайдан танысың?

Отелло. А!

Яго.

Қызғаныштан сақтаныңыз, әміршім,
Жасыл көзді жамандық
Жемін мазақ етеді.
Алданған ер барды біліп,

Сикқырыны жеккоре алса бақыты
Шыны қарғыс, сектенс жүріп сүю ғой,
Сүю мен күю ғой.

Отелло. О, ғазап!

Яго.

Ырза кедей, бармен тең,
Өмір бойы қорқынышы — жоқтық болса
Тұттай сорлы біріңді бай,
О, тәңірі, нәсілімді
Қызғаныштап сақтай гөр!

Отелло.

Сен не дедің?
Тірлік қызғаныш болсын дейсің бе?
Әрбір туған айменен
Күдік асын дейсің бе?
Жоқ, бір сектенсем,
Барды бір-ақ шешермін.
Жанымды сенің
Бос, орынсыз күдігіңе билетсем,
Тек текеге мені айырбас ет.
Әйелімді еркін әнші, биші деп
Көз тартатын жақсы, сәнді дер болсаң,
Мен қызғаныш етпеймін.
Тазалық барда, бұның бәрі кіршіксіз.
Дәрежем аз болса да,
Қызғаныш пен күдік жоқ —
Көре тұрып тыңдаған. Жоқ, Яго;
Сектеніп, көріп, көз жетсін!
Көзім жетсе, талғау жоқ,
Қызғаныш пен махаббат та бір-ақ өлер!

Яго.

Мен ризамын, сіді ғана сүюменен,
Хұрметімді батымырақ көрсетем.
Қарыз, әмір еткендіктен айтайын,
Дәлелі емес айтарым.
Қасиомен болғанда, әйеліңді бағыңыз,
Қызғаныш та, сенгіш те емес!
Тек қырағы болыңыз!
Осыншалық асыл таза бір жанды
Алдансын деп қоя алмас ем. Бағыңыз дейім!
Венеция маған мәлім.
Ері білмес ептерін,
Онда аспанға ғана сездіред

Адалдық, айыпсыздық емес-ау,

Тек жасыра білуде.

Отелло. Не дейсін сен?

Яго.

Сізге ерерде алдады ғой әкесін...

Көзіңізден қалтырап қорыққан тәрізді еді,

Сүйтс жүріп сүймен не ед.

Отелло. Ия.

Яго.

Білмейсіз бе?

Соншалық жас болса да —

Сондайлық епті еді ғой.

Әкесінің көзін сондай бояумен

Ол кеп — сиқыр деді ғой.

Ашуланбаңыз.

Сізді сүйген айыбымды

Көп өтінем, кешіріңіз.

Отелло. Сенімен мәңгі табыстым.

Яго. Байқап тұрмын, сізге қозғау салыппын.

Отелло. О, жоқ, жоқ!

Яго.

Сөйттім бе деп қорқамын.

Сүйгендіктің белгісі ғой.

Айтқанымды түсінсеңіз,

Сіз киналдыңыз ғой.

Қорыта барып байлағанша

Сөзімнің мәнін ұлғайтпаңыз,

Құр ғана бір күдік қой.

Отелло. Олай етпеспін.

Яго.

Егер олай бола қалса,

Сөзімді сұмдық тапқаны ғой.

Талабым тіпті ол емес,

Кассио менің досым ғой.

Сіз киналдыңыз ғой, көрін тұрмын.

Отелло.

Онша емес.

Өзім білем, Дездемона күнәсіз.

Яго. Тек оның өмірі мен сіздің сенім ұзақ болсын.

Отелло. Ал, әлде табиғат өзі алдар ма?..

Яго

Бәсе, мәні сол ғой —

Сізге батым айтамын:

Көп күйеуді кейінсеріпті
Өз елінің, өзі түсті бегінен.
Табиғатта, бар нәрседе қисын бар.
Тұу, бұл — тандаудың ісі,
Бұзылған ой, нас қиялға ұқсайды...
Кешіріңіз, сөз қылғаным ол емес,
Қорқам бірақ салқын оймен
Нәпсі басып, сізді теңеп
Өз тегімен байқағанда
Өкініп қалып жүрмесс.

Отелло.

Жарайды, кош, кош,
Тағы білгеі жайын болса — айтып жүр,
Әйеліңе айт, андысын. Бар.

Яго (*кетіп бара жатып*).

Қош айтамын ибамен.

Отелло.

Неге үйлендім?
Адал Яго көріп жүр.
Айтқанынан білгені көп әрине.

Яго (*қайта оралып*).

Аса терең бойламаңыз бұл ойға
Өтінемін, асықпаңыз уақыт білсін
Кассионы қызметіне қайта аларсыз,
Міндетіне берік қой.
Бірақ тегі, алыс болса бар жайыи
Мақсатын да тез білер ек.
Әйеліңіз жабысып
Жалынар ма екен байқаңыз.
Көп сыр сонда ашылар. Әзірше,
Сезікшілге мені санап,
Шыны сондай болсам керек,
Таза деп соны біліңіз,
Өтінемін осыны.

Отелло. Мен өзіме берікшіін.

Яго. Қош айтамын ибамен

Кетеді.

Отелло.

Адал адам, жете білед
Адам жанын,
Мінездердің мәнін ұғуда.
Жайын болсаң, сұңқарым,

Балақ бауың жүрек қылым болса да,
Жіберермін ыққа қарай,
Бұйырғанын ілерсін.
Қара деймісін?
Судырлақтар секілді
Сыпайы сөзім аз ба әлде? Әлде,
Мосқал болдым ба?
Бірақ сондай кәрі емеспін.
Кеттің. Мен алдандым.
Жұбанышым — жирену ғана болғанда,
Некенің бір қарғысы —
Нәзік заттың сезімі емес,
Құр сыртына иеміз.
Өзім сүйген нәрсенің
Жалғыз түгін татырғанша басқаға
Тасбақадай жер астына кірсемші.
Бек дегеннің жарасы
Жабайыдан ашты екен.
Өлімдей қайтпас қу тағдыр
Бесікте өкім шығарып
Алданған ер етпек қой.

Дездемона мен Эмилия шығады.

Дездемона энеки.
Егер мені бұл алдаса,
Тәңірі өзін күлкі етер. Сенбеймін.

Дездемона.

Отелло,
Сіз шақырған аралдағы жақсылар
Күтіп отыр, ас әзір.

Отелло. Иә, айыптымын.

Дездемона.

Дауысыңыз сонша әлсіз ғой,
Әлде сырқат па едіңіз?

Отелло.

Ия, мына жерде,
Маңдайымда шаншу бар.

Дездемона.

Ұйқы шала болған ғой. Қәні,
Мықтап таңып берейін
Әлі әзір-ақ жазылады.

Отелло. Орамалың тым кішкене...

Орамалды қағады, түсіп қалады.

Дездемона. Аяныш болды-ау, сырқатыңыз бүгінгі!

Отелло, Дездемона кетеді.

Эмилиа.

Орамалын тапқанымның жақсысы-ай,
Бұл маврдың ең алғашқы сыйы ғой.
Ерепейсіз күйеуім,
Сен жалының, ұрлап бер деп айтушы ед,
Бірақ оған махаббаттың белгісі
Қымбат еді, ері-дағы сақтамағып
Шарт етіп еді.
Тастамайды жанынан.
Тіл де қатып сүйші еді.
Оюынан үлгі алам.
Соны берем Ягоға
Ол не қылмақ екенін
Білмесем де,
Күйеуімнің бір тілегін табайын.

Яго келеді.

Яго. Мұнда негіп жалғыз тұрсыз?

Эмилиа. Қой, ұрыспаңыз! Сізге деген нәрсем бар!

Яго. Нәрсе? Бос нәрсе екен...

Эмилиа. Немене екен?

Яго. Ия, ақымақ қатын екен?

Эмилиа.

Барың сол ма?

Ендеше дәл мынадай орамалға

Немене сый бересіз?

Яго. Қай орамал?

Эмилиа.

Қай орамал?

Отеллоның әйеліне бергені,

Ұрлап бер деп талай сұрап едің ғой.

Яго. Сен сүйтіп ұрлап алдың ба?

Эмилиа.

Ол оқыста түсірді

Мен осында едім,

Алып тұрмын мінеки!

Яго. Міне жақсы бойжеткен! Әпкел!

Эмилиа.

Мұны қайтпек едіңіз?

Ұрла деп неге сұрадың?
Я го. Сізге бәрібір.

Орамалды жұлқып алады.

Э м и л и я.

Аса қажет болмаса, қайтарыңыз?
Жоғалтқан соң сорлы әйел
Ақылынан адасар.

Я г о

Білмеймін де. Маған қажет.
Бар.

Эмилия кетеді.

Қассионың үйіне орамалын тастайын,
Мавр тапсын. Қызғаншаққа болымсыз да
Дін сөзіндей дәлел ғой.
Маған болса, септігі бар.
Уымнан мавр өзгерді.
Күдіктің тегі анық у.
Болар-болмас дәмі болад басында,
Бірақ қанға жеткенде
Күкірттей боп өртейді.
Бәсе білгенін!
Көріңіздер энеки!

Отелло келеді.

Мандрагор да, мак та болса,
Дүниенің барлық ұйқы дәрісі де
Кешегі тәтті ұйқыңды
Енді саған қайта бермес.

О т е л л о . А, мені алдау ма!

Я г о

Қалайсыз, генерал?
Жә, қойсаңызшы соны!

О т е л л о .

Жоғал! Жөнел! Азапқа салдың сен мені.
Құдай ақына, дәркүмәнда болғанша
Алданып жүрсем жақсы еді.

Я г о . Қойыңызшы, генерал!

О т е л л о .

Құмарлық сыйын жасырып жүріп бергенде
Мен ешнәрсе сездім бе?
Біліп пе едім? Ойлап па едім?

Азаптан аман, ұйқы да, тыныш, рақат ем.
Қаспионың сүйген ізін,
Аузынан да байқамап ем.
Шын тошалу, тоналғанды білген жерде.
Я г о. Естимін де қиналамын.
О т е л л о.

Білмей жүрсем, бір қол солдат
Кезегімен көрсе-дағы қызығын,
Бақытты күйде қалар ем.
Енді мәңгі қош бол, сабыр!
Қош, ырзалық!
Қанатты әскер сен де қош!
Даңқ құмарды ер дегізер соғыста
Кісінеген ат пенен азынаған керней де
Қозғау салар дабыл менен сырнай да
Патша туы, бар таланттар сен де қош!
Салтанат, атақ, соғыс мақтаны!
Зеңбіректер, сендер де
Қош болындар, бітті бәрі,
Енді жоқсың Отеллоға.

Я г о. Мүмкін емес, генерал?

О т е л л о.
Оңбаған, дәлелдеуге міндеттісің
Сүйгенімнің сұмдығына
Көзім жеткіз,
Не болмаса, ант етейін барыммен
Қайнаған ашу алдында
Тіл қатқанша,
Ит боп неге тумадың деп айтармын.

Я г о. Сұмдық!

О т е л л о.
Көзіме көрсет, ол болмаса
Күдік тұрар жер қалмастай
Ашып бер!
Болмаса қоштас өмірмен.

Я г о. Құрметті генерал!

О т е л л о.
Оны босқа қаралап,
Мені азапқа салған болсаң,
Дұға оқыма, тәубе қылма!
Сұмдыққа сұмдық қоса бер,
Аспан жылап, жер түршіксін:
Басыңды анық жояр жерің

Сол ғана.

Я г о

Ия, тәңірі панам бол!
Адамсыз ғой? Жан мен сезім
Бар емес пе? Құдай кешсін.
Қызметімнен шығайын.
Ақымақ екем.
Адалдық айып болыпты.
О, сұмырай дүние!
Көр, көрші міне,
Шыншыл, адал болу қауып болыпты.
Сабақ алдым, рахмет,
Достығымнан реніш тапқан сағаттан.
Қызмет маған азап болар.

О т е л л о. Жок, тоқта: сен адал боп қала аласың.

Я г о.

Мен ақылды болайын.
Адалдық — деген ақымақтық,
Қолданғанды қор етер.

О т е л л о.

Атым анық,
Өз ойымша әрі таза —
Әрі айыпты әйелім.
Өз ойымша сенің сөзің әрі өтірік, әрі шын.
Көзім жеткіз.
Оның аты әулиедей таза еді,
Былғаныпты, бүгін менен қара бопты.
Қанжар ма, дар ма, у мен от па...
Шыдамаймын. Жалғыз ғана білу қажет.

Я г о.

Ашу сізді буып тұр ғой, байқаймын.
Осы жайды айтқаным өкінем.
Білмексіз бе?

О т е л л о. Енді не? Білмей қоймаймын!

Я г о.

Мүмкін, бірақ қалай білсек, бастығым?
Тұрпайылау болса да ұстаймыз ба.
Басып жатқан кезінде?

О т е л л о. Ажал! Қарғыс!

Я г о.

Ондай күйде көре қою
Оңай болмас. Құтырып па
Бөтен көзге көрінгендей.

Бір төсекте. Қайттік енді? Не етсек екен?
Не дейін? Сізді қайтып сендірем?
Дәл текедей арсыз болып,
Мауығып тұрса маймылдай.
Әлде ұйыққан қасқырдай.
Немесе мас есуастай
Болса-дағы көрсетер ме?
Ал егерде белгі менен тұспалдарға
Сене алсаңыз, солар сізді
Жеткізеді бар шынға,
Бәрін-дағы білесіз.

Отелло. Арамдығын айқын көрсет әйелімнің.
Яго.

Жақпай-ақ түр өзіме,
Белшеден бір-ақ батқан соң.
Достық пенен адалдық деп сандалып
Тағы айтайын.
Жақында бір Кассиомен бір жатып ем,
Бірақ тісім қаңқақсап
Ұйықтамадым.
Шала жансар жандар бар ғой
Кейбір ісін түсте көкіп жататын,
Кассио соның өзі екен.
Сөйлеп жатыр байқасам: «сақ бола жүр,
Дездемона, білдірмейік махаббатты»
Деп тұрып қысып қолымды
«Сәлем» деп те дауыстап
Ернімді жұтып қойғандай
Жабысып кеп сүйгені-ай.
Аяғын әкеп өкшеме сап,
Сүйіп, жылап, күрсініп:
«Маврға сені бұйырған,
Қарғыс атсын тағдырды»— дейді.

Отелло. Сұмдық!

Яго. Бірақ бұл әшейін түс қой.

Отелло.

Түс былықты ашып тұр.
Түс болса да
Күдік дерттей болды ғой.

Яго.

Әлсіз болған дәлелді
Нығайтқандай болып тұр.

Отелло. Талқан стем мен оны!

Я г о.

Жоқ, сабырлы болыңыз.
Ісін көрген жоқпыз ғой.
Әлде тіпті адал болар. Айтыңызшы,
Әйеліңіздің қолынан
Бүлдіргендей оюы бар.
Орамал көрген бе едіңіз?

О т е л л о. Ол орамал — менің алғаш берген сыйым-
ды.

Я г о.

Біле алмадым, бірақ бүгін сондай орамалмен,
Шәк жоқ сол кісінікі,
Кассио сақалын сүртіп тұрды ғой.

О т е л л о. Орамал сол...

Я г о.

Орамал сол ма, басқа ма,—
Бір белгі тағы қосылды.

О т е л л о.

Қуарғанның қырық мың жаны болса етті?
Бір-ақ жанға кегім қайтіп қанады.
Көзім жетті. Бәрі де рас. Қара міне.
Махаббатты желге шашып жіберем:
Кетті әнеки.
Қап-қара кек, шық дозақтың түбінен!
Махаббат, таж бен тақты бер,
Аяу білмес ашуға!
Оқ жыландар қадалған
Көтерілсін бұл кеудем.

Я г о. Сабыр етіңіз!

О т е л л о. О, қан ішем, қан, қан!

Я г о. Өзгертіңіз ойыңызды, шыдаңызшы!

О т е л л о.

Жоқ, Яго, қоярым жоқ!
Теңізге тулап құярда.
Бетін бұрмай құлшынып.
Мұз тасқынын төгетін
Понт суындай болып ап —
Қан-жынттанып айқын ағар ойдағым.
Бәрін келіп жалмағанша
Әділ жәйін жалғыз кек
Жалғармас та, сүйеге де бұрылмас.
(Тізесін бүгін отыра қап)
Осы сөзден қайтпаймын деп,

Мәрмәрдай, мынау аспан астында
Осыны мен ант етем.

Яго.

Тұрмаңыз.

(*О да жүгініп*)

Мәңгі-бақи зор иемнің алдында,
Асылып тұрған осы аспанның астында,
Ыза шеккен Отеллоның жолына
Бойындағы ақылын, қолын, жүрегін
Аямасқа ант қып Яго береді.
Бұйрық берсе,
Маған десе қан төгілер іс болсын,
Өкінбестен барамын.

Екеуі де тұрады.

Отелло.

Достығыңды — сөзбен емес
Шын жүрекпен қабыл алдым.
Керегіме қазір және жұмсаймын.
Кассионың өлді деген хабарын
Білдір Яго осы үш күннің ішінде.

Яго.

Өледі, досым, оны тілесен,
Ал әйелді өлтірмеңіз.

Отелло.

Қарғыс тисін нас қаншыққа!
Жүр-ей бірге! Ойлап алып шешейін.
Сұлу жігіт әзезілдей,
Тез өлтіру есебін,
Енді сенсің — лейтенантым.

Яго. Мәңгі сізге тиістімін.

Кетіседі.

IV САХНА

Сарай алды.

Дездемона, Эмилия, Шут шығады.

Дездемона. Лейтенант Кассионың жәйі қайда
екенін білемісің, Шут?

Шут. Мұндай сұрақтарға жауап берер жәйім жоқ.

Дездемона. Неге?

Ш у т. Әскери адамның мекенін айту бекерлік, ол үшін басыңмен жауап берерсің.

Дездемона. А, қойшы! Қайда тұрады!

Ш у т. Оның қайда тұрғанын айту, менің қайда жатқанымды, яғни шатқан... шатқанымды айту болады.

Дездемона. Бұл не сандырақ!

Ш у т. Қайда тұратынын білмеймін. Сондықтан ия онда, ия мұнда тұрады деу, ол өз сорыңа өтірік айту болады.

Дездемона. Сіз өзгелерден сұрап, анығын біле аласыз ғой.

Ш у т. Мен бар дүниені мөңкір-нәңкірдей сауал, жауап дегізіп қояйын.

Дездемона. Соны тауып, осында жіберіңіз. Мен күйеуімді оның пайдасына ойыстырдым, ендігінің бәрі жақсы бола береді деңіз.

Ш у т. Бұл адам ақылының шамасынан тысқары нәрсе емес, сондықтан орындауға тырысайын.

Кетеді.

Дездемона. Қайда жоғалттым екен бұл орамалымды.

Эмилия. Білмеймін, ханым!

Дездемона.

Бүйткенше алтын салған

Асыл қалтам жоғалса етті.

Ер маврым сенгіш-ті,

Қызғаныштың сұмдығынан

Алыс бола тұрса да,

Осы жайдан күдіктену мүмкін еді.

Эмилия. Қызғаншақ емес пе?

Дездемона.

Байқауымызша, отанның

Күні сондай, сезімдерді жойғандай.

Эмилия. Әне, өзі де келеді!

Дездемона.

Қызметіне қайта алғанша Қассионы

Мен соңыңнан қалмаймын.

Отелло шығады.

Саушылығың қазір қалай?

Отелло.

Аса жақсы! (Шетке)

- О, мекерлік қалай қиын еді?
Сіз қалайсыз, Дездемона?
- Дездемона. Жақсы!
- Отелло. Қолыңызды беріңізші. Дымқыл екен.
- Дездемона.
Кәрілік те, уайым да.
Әлі бұған мәлім емес.
- Отелло.
Қоя берсін ісі көп,
Мырзалығы ол жүректің
Дымқыл, ыстық... Мұндайлық қол
Ораза — намаз, құлшылықты,
Қысымшылық азаптарды тілейді.
Мұнда жас, сүйікті жын бар ғой,
Бүлініп тұр ғой. Жақсы қол
Берген.
- Дездемона.
Мұны айтуға болады.
Жүрегімді сізге берген осы қол ғой.
- Отелло.
Қол мен жүрек бұрын ғана берілетін,
Ендігі жерде — қолды ғана бергізед.
- Дездемона.
Біле алмадым.
Ал, сіздің берген уәде қайда?
- Отелло. Қай уәде, сүйіктім?
- Дездемона. Сізге кел деп Кассионы шақырттым.
- Отелло.
Қатты бір тұмау қинап тұр:
Орамалың бере тұршы.
- Дездемона. Міне, Отелло.
- Отелло. Әлгі, мен сыйлаған ше?
- Дездемона. Жаныма салмай шығыппын.
- Отелло. Жоқ па?
- Дездемона. Жоқ, шын жоқ, Отелло!
- Отелло.
Бекерлік екен.
Анама сол орамалды
Цыган қатын беріпті.
Өзі бақсы, кісі ойын да оқиды екен,
Соның айтқан бір сөзі
Осы орамал әкемді,
Сүйдіріп те, көндіреді деген екен

Егер тегі жоғалтып
Не сыйланса біреуге,
Әкем айнып, басқаға ауып
Кетеді депті.

Өлерінде сорлы анам,
Орамалды тапсыр деп ед
Әйеліңе үйленгенде.
Сүйткен едім. Сақта,
Жауынгердей жақсы көр,
Егер оны, не жоғалтып, не сыйласаң,
Одан үлкен қаза болмас.

Дездемона. Шын ба?

Отелло.

Ия, шын! Ол нәрседе сиқыр бар.
Күннің жерді екі жүз рет
Айналғанын көріп алған Сивилия
Орамалды, көріп кел болар кезеңінде кестелепті
Жібегін берер өзгеше құртты өсіріп,
Семіп қалған мумиядай
Жүрегінен қыздардың
Қасиетін еппен алған.

Дездемона. Мүмкін бе екен?

Отелло. Ия, анық. Оны сақта сондықтан.

Дездемона. Бұйткенше оны көрмесем етті!

Отелло. А! Неге?

Дездемона. Құдая, тәуба!

Отелло. Сіз немене?

Дездемона.

Ол жоғалған жоқ.

Ал тегі жоғалса нетер еді?

Отелло. Қалайша?

Дездемона. Бірақ ол жоғалған жоқ.

Отелло. Әпкел өзің!

Дездемона.

Әкелер ем, бірақ әзір бермеймін.

Мені есімнен жаңылдырмақ айлаң ғой бұл

Өтінемін, Қассионы қайта алыңыз.

Отелло.

Орамалды бер деймін!

Сескеніп тұрмын.

Дездемона.

Ту, қойыңызшы...

Одан артық жан таппайсыз...

Отелло. Орамал!

Дездемона.

Бар тілеуің мәңгілікке
Сізден күткен жан екен.

Қауіпті де сізбен бірге кешіпті.

Отелло. Орамал!

Дездемона. Кінә сізде қалады ғой.

Отелло. Жоғал! Жоғал!

Кетіп қалады.

Эмилия. Өзі қызғаншақ емес пе?

Дездемона.

Бұрын білген емес едім;
Тегі, орамалда сыр бар екен.

Сорлы екенмін, жоғалтқаным.

Эмилия. Еркекті біз, талай жылдар танымаймыз.
Олар қарын, біз асымыз. Аш кезінде жейді де, тойса құ-
сып тастайды. Кассио мен менің байым келеді.

Яго, Кассио шығады.

Яго.

Басқа жол жоқ. Осы ғана көмекші.

Жол болғаны-ай! Барыңыз да жабысыңыз?

Дездемона. Қадірлі Кассио, не жаңалық айтасыз?

Кассио.

Баяғы сол бір тілек, ханым! Өтінемін,

Тағы да дос боп болысып

Өміріме рахымын алып беріңіз.

Жүрегіммен зор тұтқаным сол еді.

Егер реніш кешпестей боп

Жүзі маған жылынбаса,

Өткен қызмет, әзір қайғы,

Болар еңбек баршасы да

Түк болмаса, енді анығын білсем екен.

Онда амалсыз көнемін де

Бақ дегеннің қайырын

Басқа жолдан тілеймін де.

Дездемона.

Асылзада Кассио,

Менің сөзім өндімей тұр.

Ерім қатты өзгеріп жүр.

Егер көңіл өзгергендей,

Жүзі-дағы өзгерсе —

Танымай да қалар ем.
Тура айтам деп
Ашуына кез болсам да,
Сіз үшін мен тілегенді
Мен үшін, түбі тәңрі алдында
Періштелер тілесін деп айтар ем.
Сабыр етіңіз,
Қолдан келген барды жұмсап,
Өзім үшін етпесімді етермін.
Соған ырза болыңыз.

Яго. Немене, ашулы ма?

Эмилия.

Жаңа ғана кетіп қалды.
Өзгеше боп қиналғандай.

Яго.

Ашулана білуші ме ед? Топтар түсіп
Қатар-қатар солдатын
Қасындағы інісін,
Жоқ қылғанын көріп ем...
Ашулана білуші ме еді?
Пәле бар ғой мұнда бір,
Барайыншы өзіне,
Жүректе бір себеп бар ғой.

Дездемона.

Бәсе, баршы.

Яго кетеді.

Әлде бір іс бар ма екен
Венеция мен Кипрде әлде,
Күпия жауын танып,
Соған ойы күйді ме екен. Ерлер
Ашуының себебі үлкен болғанда
Болымсыз бір, ұсаққа да қаптағыш.
Бір саусағың ауырса,
Сау дененің бәріне де тарайды:
Ерімізді періште санау жөн емес,
Күйеу болған кезіндегі
Қас-қабақты күтпеу керек. Эмилия,
Маған ұрыссаңшы!
Бағына білмес тентек боп
Қатал деп оны сөгіппін,
Жалғаншы күнә тауыппын
Оны бекер мінеппін.

Э м и л и я.

Тек мемлекет ісі болсын.
Қызғаныш сұмрай күдігіне
Себепші ғана болмасын.

Дездемона. О, қасрет! Сылтау етер не қылдым.

Э м и л и я.

Қызғаншақ жауға оны деменіз:
Сылтаусыз да қызғанбастан тұра ма,
Қызғаншақ болса — себеп сол. Қызғаныш —
сұмрай

Өз-өзінен жүкті боп, өзін-өзі табатын.

Дездемона. Отеллоны сұмырайдан сақта тәңірім!

Э м и л и я. Әмин, ханым!

Дездемона.

Өзіне барам. Кассио, тоса тұрыңыз,
Көңілі болса, тырысып
Сіз айтқанға көндіремін не қылса.

К а с с и о. Ханым, алғыс айтам барынша.

Дездемона, Эмилия кетеді, Бианка шығады.

Б и а н к а. Кассио, досым!

К а с с и о.

Қайдан жүрсіз?
Халіңіз қалай, әсем сұлу Бианка?
Антым анық, беттегенім сіз едіңіз, сүйіктім!

Б и а н к а.

Кассио, мен де пәтеріңе келемін.
Жеті күн де жеті түн, апта болды, келмейді.
Сүйгеніміз сол жүз алпыс сағаты
Дәл жүз алпыс күннен ұзақ болғаны-ай.
О шерлі себептер!

К а с с и о.

Кешіріңіз, Бианка, мен
Бейнет басты боп жүрмін
Онашада енді өтермін
Бармағанның қызығын,
Еркетайым, Бианка,

Дездемонаның орамалын береді.

Үлгісін алыңыз.

Б и а н к а.

О, қайдан келген?
Жаңа бір дос сыйлады ма?

Келмеуінің себебін де сеземін.
Осыған жеттік пе? Ия, жарайды!

К а с с и о.

Жарайды!

Сұм тұспалды сайтан қақсын!

Жат ішінен қайтадан,

Қызғануды таптыңыз ба?

Сүйгеніңнің сыйы деп?

Белгісі деп!

Құдай ақына, Бианка, бекер!

Б и а н к а. Ал, енді кімдікі?

К а с с и о.

Білмеймін. Үйден таптым

Оюы әсем. Қайтарғанша.

Түбі, қайтаруға тура келер,

Осындай ғып шегіп берші. Ал, барыңыз.

Б и а н к а. Барыңыз? Неге?

К а с с и о.

Генералды тосып тұрмын. Жарамайды.

Қызбен тұрсам, лайық емес.

Б и а н к а. Қалайша? Айтыңызшы.

К а с с и о. Сүюмен емес себебі.

Б и а н к а.

Ия, сүйгендікпен себебі.

Біраз ғана ұзатыңыз.

Және, қонаға ерте келесіз бе?

К а с с и о.

Аз ғана жерге ұзатайын:

Осы арада тосу қажет

Бірақ артыңнан тез жетемін.

Б и а н к а. Ал, не дейін, көнбесеіме шарам жоқ.

Кетіседі.

Ш ы м ы л д ы қ.

ТӨРТІНШІ АКТ

I САХНА

Отелло мен Яго шығады.
Сарай алды.

Яго. Солай дейсіз бе?

Отелло. Солай деймін, Яго.

Яго. Сүйтіп ұрлап сую?

Отелло. О! Арам.

Яго.

Ал, жалаңаш күйде бір сағат
Төсекте доспен жазықсыз жатса нетеді?

Отелло.

Жалаңаш, төсекте, жазықсыз?
Бұл шайтаннан асқан сайқалдық қой?
Үйтіп пак боп шыққанда
Шайтан күлер, аспан да азар.

Яго.

Үлкен ісі болмаса — жазық аз ғой.
Бірақ егер, әйеліме бір орамал сыйласам...

Отелло. Сонда ше?

Яго.

Сонда орамал оған тиісті, әрине,
Кімге болса сыйлауға да еркі бар.

Отелло.

Ары да оған тиісті, әрине.
Оны да сыйласын ба?

Яго.

Әйелдің ары — бүркеулі зат;
Көбінде сол, әрі бар да, әрі жоқ.
Ал бірақ орамалды қайтеміз?

Отелло.

Құдай ақында, соның жәйін,
Ұмытқанға құмар ем.
Сен айттың да — ой соншама.
Топалаңның үстіне
Топырлаған қарғадай
Жаман белгі түйілді
Орамалым сонда екен.

Яго. Е, қайтушы еді?

Отелло. Онша жақсы да емес.

Я г о.

Ал, сізді мінеп, сөккенін
Есіттім десем не дейсіз.
Бар ғой сондай не қулар,
Жалынып жүріп жабысып
Әйелді алдап,
Құмарын басып
Алған соң
Көрінгенге көкімесе болмайтын.

О т е л л о. Немене, бірдемені айтып па еді?

Я г о.

Айтты-ау, бірақ не керек.
Танып кетсе тағы еркі.

О т е л л о. Нені айтты?

Я г о. Айтқаны, әйелмен... не айтқанын да білмеймін.

О т е л л о. Не дейсің? Не дейсің?

Я г о. Жаттым дейді...

О т е л л о. Қасында ма?

Я г о. Әлде үстінде ме — оны ықтиярыңыз білсін.

О т е л л о. Қасында жатқан? Үстінде?.. Әйелге жала жабарда үстіне мінді дейміз. Қасында жатқан ше? Не деген былық! Орамал... сырын айту... орамал!.. Қылмысы үшін, барын айтқызып, дарға асу. Жоқ, әуелі дарға асу, содан соң сырын ашу. Қалтырап барам... Осыншалық тұңғыққа, адам табиғаты себепсіз үңілер ме еді. Сөз емес мені сенделткен. Түү! Мұрындары, құлақтары, еріндері — не дейді! Сырын айту! Орамал! О, малғұн! (*Есі ауып құлап түседі.*)

Я г о.

Қимылда.

Менің дәрім! Осылай тосар
Ақымақтың аңқауын,
Бекзада, таза ханымдар да
Осылайша, ақ та болса күйетін.
Ах, генерал! Отелло! Генерал!

Кассио келеді.

А, Кассио да келіпті.,

К а с с и о. Бұл не мынау?

Я г о.

Генералдың ұстамасы ұстап тұр.
Кеше бір болып еді.
Бүгін тағы мінеки.

К а с с и о. Самайын сылап көріңіз.

Я г о.

Қой! Ол несі!

Ұстамаға бөгет ету болмайды.

Әйтпесе аузы көбіктеніп,

Аласұрып кетеді.

Тоқтаңызшы, қозғалды ғой.

Аз ғана шыға тұрыңыз

Есін жиып, тұрып кетсін,

Кейін сізбен сөйлесетін сөзім бар.

Кассио кетеді.

Генерал, аман ба екен мандайыңыз жарадан?

О т е л л о. Күлгенің бе?

Я г о.

Күлгенім? Ант етейін ойдағым

Еркек болып, тағдырына

Көнсе деймін мен сізді

О т е л л о. Сор мандай ер сұмырай бір айуан да.

Я г о.

Айуандарға солардай,

Шетінен толы қалалар

Сылайы бір сұмырайлар.

О т е л л о. Айтты ма өзі?

Я г о.

Еркек бола біліңіз.

Сақалдының бәрі де өзіңіздей

Қамыт қақты жегінде;

Көптің ортақ төсегін

Ант етіп жалғыз мендік деп

Жүретін талай миллион бар. Сіз жақсысыз.

О, дозақшы жауыздық,

Адал төсек үстінде

Мінсіз деп құшсаң бір қарды

Мазағы ғой әзезілдің.

Білген артық;

Сүйтіп білем өзімді,

Оның да жайын білемін.

О т е л л о. Мен білемін, сен естісің.

Я г о.

Былай барып тұрыңызшы

Бойға шыдам жиыңыз.

Сізді қайғы құлатты ғой,

Мұндай пәле сізге мүлдем жат ед.
Келген еді Кассио, сіздің жайды
Сыпайы сөйлеп жөнелтіп ем,
Қайта бір соқ, сөйлесем деп
Келмекші еді. Тығылыңыз. Байқаңыз.
Мазақ, мысқыл ма, әлде арсыз кекесін бе
Шығар ма екен жүзіне.
Бәрін-дағы қайта айтқызам. Әйеліңмен
Қалайша, қашан, қай жерде,
Қаншалық рет көрісіп жүр,
Тағы қашан көрмек екен.
Бар қимылын байқаңыз. Сабыр!
Болмаса ашу билесе,
Еркек емес болғаның.

Отелло.

Ескер, Яго,
Шын құбылам — бірақ ескер, Яго!
Қанішер болам.

Яго.

Әне соның жаман болмас,
Бәріне әлі мезгіл бар.
Ал енді сіз жалтарыңыз.

Отелло шетке кетеді.

Кассиомен қазір мен
Бианканы сөз қылам,
Өзін сатып ол қатын
Ас пен киім табатын. Кассионы
Сол жануар сүйіпті.
Сайқалдардың жазасы —
Анди жүріп өзгені,
Өзі торға түсетін.
Естігенде ол жайын,
Күлмей тұрмас Кассио
Әне өзі де келеді.
Күлсе болды!

Кассио келеді.

Жыны қозар Отеллоның,
Жөн білместік қызғанышы
Кассионың күлкісі мен қимылынан
Қисық ойлар ойлатар, Ну, лейтенант!

Кассио.

Айрылғанда өлдім десем,

Несіне сол чинді айтасың?

Я г о.

Іс болады, жабысыңыз Дездемонаға. *(Күбірлен.)*

Егер күші жетер болса Бианканын.

Мұратын тез болар еді-ау.

К а с с и о. Ах, сорлы-ай, десенші!

О т е л л о. Көрдіндер ме, күліп тұр.

Я г о. Сондай асық көрген емен.

К а с с и о. Байқауымша сол бәлекет шын сүйеді.

О т е л л о. Өтірік танып күліп тұр.

Я г о. Естисіз бе?

О т е л л о.

Енді үйіріп айтқызбақшы —

Кәні солай, кәні, жақсы.

Я г о.

Соның өзі

Сізге тием дейді ғой?

К а с с и о. Ха, ха, ха!

О т е л л о.

Асқақтаймысың, ақсүйек?

Асқақтаймысың?

К а с с и о. Мен соны алам ба! Бұл не? Сатымсақ қызды ма? Өтінішім болсын, аз да болса менің ақылым, ды аясаңшы. Тақа біткен жынды деме. Ха, ха, ха.

О т е л л о. Солай, солай, ұтқан кісі күлет те.

Я г о. Шыны, сыбыс көп, сіз алады деседі.

К а с с и о. Жоқ, шыныңды айтшы!

Я г о. Өтірік айтсам сұм болайын.

О т е л л о. Мені есептен шығарғансыз ғой? Жақсы.

К а с с и о. Ол сыбысты сол маймылдың өзі таратып жүр. Алады деп сенгені менің уәде бергенімнен емес, өзінің асық болып, құр үмітпен жұбанғаны.

О т е л л о. Яго маған ымдайды — әңгімесін енді бастады.

К а с с и о. Сол жаңа ғана осында кепті, қайда барсам қалмайды. Жақында теңіз жағасында бірнеше венециялықтармен сөйлесіп тұр ем, бір сәтте әлгі қуыршақ келе бере, құдай ұрсын, битіп кеп мойныма асыла түспесін бе...

О т е л л о. «О, қымбатты Қассиом» — деп, немесе басқа сондай бірдеме деп, аһ ұрып де — қимылы соны көрсетіп тұр.

К а с с и о. Жабысып, асылып, бір жылап, бір сүйреп, тағы жұлқып та қояды! Ха, ха, ха!

О т е л л о. Ендігі айтып тұрғаны — әйелдің менің төсегіме қалай жетектеп апарғаны ғой. О, тұмсығыңызды көріп тұрмын, бірақ соны тастайтын итті көрмей тұрмын-ау!

К а с с и о. Ия, менің оны тастауым керек.

Я г о. Құдай біледі, мынау тап сол.

К а с с и о. Міне саған сасық күзен! Сайтаны құрсын Иісті майлы сасық күзен!

Бианка келеді.

Айтыңызшы, осыншалық ізге түсіп не болды?

Б и а н к а. Сайтан түссін ізіңе? Жаңа ғана маған берген мына орамалдың мәнісі қалай осы? Осыны алған мен не деген есуаспын! Өз үйіңнен тауып апсың, ал мен кім қалдырып кеткенін білместен, үлгісін көшіріп алмақпын ба? Бұл, бір қаншықтың сыйы ғой, мен соның үлгісін алмақшымын ғой! Мә, сол байталыңыздың өзіне беріңіз. Қайдан алсаңыз да мен үлгісін көшірмеймін.

К а с с и о. Ну, бұныңыз не, Бианка сүйіктім, бұныңыз не?

О т е л л о. Ант етейін, орамал тегі менікі.

Б и а н к а. Егер бүгін кешкі асқа келем десеңіз келіңіз: ал егер келмейім десеңіз — онда басқа, тілеген кезіңізде келіңіз. *(Кетеді.)*

Я г о. Барыңыз! Барыңыз!

К а с с и о. Рас, бару керек — болмаса көше бойы үре береді.

Я г о. Сіз кешкі асына барасыз ба?

К а с с и о. Барамын деймін.

Я г о. Ендеше мен сізге сонда кездесемін; сізбенен сөйлескенге қатты сүйсінем.

К а с с и о. Рахым етіңіз, келесіз бе?

Я г о. Барыңыз, абыржымаңыз, келемін.

Кассио кетеді.

О т е л л о *(шыға беріп)*.

Бұны қалай өлтірем, Яго?

Я г о. Өзінің осалдығына қалайша күлгенін байқадыңыз ба?

О т е л л о. О, Яго?

Я г о. Орамалды көрдіңіз бе?

Отелло. Орамал өзі менікі ғой?

Яго. Анық өзі, апт берем, әлгі сіздің жеңілтек әйеліңізді тіпті титгей сыйламайтынын айтсаңызшы. Ол бұған орамалын берсе, бұл оны өзінің жезөкшесіне береді.

Отелло. Бір емес тоғыз жыл бойы ұдайы созып өлтірер ем мен бұны. Әсем әйел! Сұлу әйел! Нәзік әйел!

Яго. Жоқ, сіз оны ұмытуыңыз керек.

Отелло. Шірісін ол әйел, қаза тапсын, қарғыс атын осы түнде, үйткені ол өледі. Жоқ, жүрегім менің тас болыпты, ұрсам қолым ауырады. О, бар дүниеде одан абзал жан жоқ еді; патшаның қасында жатып қызметін істер жан еді.

Яго. Бірақ, сіздің тағдыр ол емес қой.

Отелло. Құрып кетсін! Құр ғана бір айтқаным ғой, іске шебер, музыкаға қандай ғажап еді. О, ол өзінің әнімен жайын жыртқыш аң болса да жуасытар еді. Соншалық зор, соншалық кең ақылы мен қиялы бар еді.

Яго. Бәсе, сонысы әсіресе жаман ғой.

Отелло. О, мың есе, мың есе жаным!.. Онан соң мінезі қандай сүйікті.

Яго. Иә, орасан сүйікті.

Отелло. Ия, әрине. Бірақ соншалық аяймын, Яго! О, Яго, соншалық аяймын, Яго!

Яго. Егер сіз оның осалдығына соншалық ынтық болсаңыз, күнә сұмдығынды істей бер деп қолына рұқсат хат беріңіз. Бұл тегі сізге батпаса, өзгеге тіпті жанаспайды да ғой.

Отелло. Өне бойын шапқылап өлтіремін. Маған қиянат етпек қой.

Яго. Иә, бұнысы сондай масқара!

Отелло. Менің офицеріммен!

Яго. Онысы, әсіресе масқара!

Отелло. Яго, бүгін кешке, маған бір у тауып берші. Оның денесі мен сұлулығы мені тағы да естен тандырмас үшін, мен онымен сөз қатпаймын. Дәл бүгін кешке, Яго.

Яго. Умен өлтірмеңіз, төсекте, өзі арам еткен төсекте тұншықтырып өлтіріңіз.

Отелло. Жақсы, жақсы; бұндай әділ өкім өзіме де ұнайды, тіпті жақсы.

Яго. Ал Кассионы маған қоя беріңіз; қалғанын түн жарымында есітесіз.

Отелло. Жақсы.

Бұл не қылған керней үні?

Яго.

Венециядан тіл келген! Әне Лодовико.
Дождан кепті. Қасында сіздің әйеліңіз.

Дездемона, Лодовико, қызметкерлер кіреді.

Лодовико. Есенсіз бе, генерал!

Отелло. Есенсіз бе, құрметтім!

Лодовико. Дождь бен барша сенатор сізге сәлем
жолдады. *(Пакетті береді.)*

Отелло. Рақымынан мен садаға. *(Пакетті ашып
оқиды.)*

Дездемона. Не жаңалық, туысқаным?

Яго. Қипрде сізді көргеніме шат болдым. Қош келіп-
сіз.

Лодовико. Рахмет. Кассионың халі қалай?

Яго. Жүр...

Дездемона.

Генералмен аралары бұзылды.

Сіз осыны түзерсіз.

Отелло. Сіздің сенім берік қой?

Дездемона. Отелло?

Отелло *(оқиды)*.

«Жіберіңіз егер сіз...»

Лодовико.

Сізге айтқан жоқ. Хат жайы ғой.

Сүйтіп бұлар араз ба?

Дездемона.

Қапа қылады. Мен барымша

Тыймақ едім.

Отелло. Дозақ оты!

Дездемона. Отелло!

Отелло. Есің бар ма?

Дездемона. Ашуы ма?

Лодовико.

Әлде ашуын хат келтірер.

Жаңылмасам бұған қайт деп,

Кассиоға істі табыс ет деген.

Дездемона. Білесіз бе, мен осыған шат болар ем.

Отелло. Ә, солай ма?

Дездемона. Отелло?

Дездемона. Отелло?

Отелло. Доzaқы! (Ұрып жібереді.)

Дездемона. Жазығым жоқ!

Лодовико.

Венецияға ант етсем де көрдім деп,
Адам сенбес, генерал, өрескел ғой!
Жылап тұр ғой. Кешірімін алыңыз.

Отелло.

Доzaқы!
Әйелдің көз жасынан
Буаз болса қара жер
Әр тамшыдан бір айдаһар бітер ед.
Жоғал менің көзімнен!

Дездемона. Кетейін, сізді қинамай. (Жүре береді.)

Лодовико.

Көнбіс жар ғой!
Өтінемін, генерал, қайырыңыз!

Отелло. Ханым!

Дездемона. Отелло?

Отелло. Сізге керек қой?

Лодовико. Маған керек?

Отелло.

Қайтар деген сіз емес пе,
Қайту оның еркі, мырзам,
Келіп тағы кете алад,
Жылай-жылай жүре де алад
Мырза, көнбіс дедіңіз ғой,
Аса көнбіс. Жылай бер.
Оқыдым... Азапты шебер ойнайды...
Қайтсын деген бұйрық — жоғалыңыз!
Кейін өзім шақыртам —
Бұйрықты орындаймын,
Венецияға қайтамын.
Ну, кетіңіз!

Дездемона кетеді.

Кассиоға істі берем. Енді, мырза,
Асқа рахым етіңіз. Хош келіпсіз.
Текелер де маймылдар! (Кетеді.)

Лодовико.

Сенаттың мінсіз дегені,

Жаны таза жамандықтан
Адалдығын кездейсоққа алдырмас,
Тағдырға да бойұсынбас —
Деген мавр осы ма?

Я г о. Ол өзгерген.

Л о д о в и к о. Есі қалай? Миында зақым жоқ па
екен?

Я г о.

Бұның бары осы ғой. Біле алмадым.
Тәңірі иіп өзгеріп,
Өзгеше біреу болса екен,
Бірақ әзір болмай тұр.

Л о д о в и к о. Қайтып қана қатынды ұрды!

Я г о.

Әрине нашар, бірақ мен
Сол ұрғаны, бар жамандық
Арты болса деп тілер ем.

Л о д о в и к о.

Әрқашан да осы ма?
Әлде хатқа қиналып,
Осындай оғат басты ма?

Я г о.

Е-ей!
Көрдім, білдім дей берсем,
Әділ емес. Көрерсіз.
Мен айтпай-ақ оның ісі
Сырын ашар. Көз салыңыз,
Болған істі байқаңыз.

Л о д о в и к о. Өкінемін, сырын білмей адасыппын.
(Кетіседі.)

II САХНА

Сарай бөлмесі.
Отелло, Эмилия шығады.

О т е л л о. Сүйтіп түкті көрмедің бе?

Э м и л и я. Естіген де, сезген де емен.

О т е л л о. Ал, Кассиомен бір болғанын көрдің бе?

Э м и л и я.

Онда да түк сұмдық жоқ.

Сөздерінің мен білмейтін түгі жоқ.

О т е л л о. Сыбырласқан да емес пе?

Э м и л и я. Емес деймін.
О т е л л о. Сізді шетке қаққан жоқ қой?
Э м и л и я. Еш уақытта.
О т е л л о. Ол-пұлына жұмсады ма?
Э м и л и я. О, жоқ, жоқ!
О т е л л о. Неткен ғажап.
Э м и л и я.

Ақтығы үшін өз жанымды
Кепілдікке беремін.
Сіздің ойыңыз басқа ма?
Алдамшы ойды айдаңыз
Соны ойлатқан аярдың
Басына аспан құласын.
Егер осы арам болса —
Барлық жерде бақыт жоқ,
Барлық қатын өсектей былық болғаны.
О т е л л о. Шақыршы өзін.

Эмилия кетеді.

Еркін! Сөз айтушы қатынның
Бәрі осыны айтар ед.
Сырқынды, сайқал!
Арам сырдың құлпы менен кілті осы
Ал, намазда, жерден
Бас алмайды өзім көрген.

Эмилия, Дездемона шығады

Д е з д е м о н а. Не тілейсіз?
О т е л л о. Бері келші, көгершін.
Д е з д е м о н а. Не қыл дейсіз?
О т е л л о.
Көзіме қараңыз!
Тура қараңыз.
Д е з д е м о н а. Қорқынып қой қырыңыз!
О т е л л о (*Эмилияға*).
Ханым, енді сіздің міндет:
Ынтымақтарды қалдырып,
Есік жап та, біреу келсе
Не жөткіріп, не қақырын.
Айяр! Айяр, шық шапшаң.

Эмилия кетеді.

Д е з д е м о н а.
Айтыңызшы, тізе бүгіп өтінем.

Не мәні бар сөзіңіздің?
Зәрін сезем, бірақ мәнін ұқпадым.
Отелло. Сен кімсің?
Дездемона. Адал, таза жарыңмын.
Отелло.
Осыныңа ант ет те,
Жаныңды өртеп, әзезілге
Матап бер — күнәнді асыр!
Тазамын деп антың бер.
Дездемона. Құдай куә!
Отелло. Құдай куә, дозақысың жалғаншы.
Дездемона.
Отелло, кімге, қалай
Кіммен жалған етіппін?
Отелло. О, Дездемона, кет, жоғал, жоғал!
Дездемона.
Қасірет күні! Жылайсыз ғой, япырау,—
Көз жасың менен болды ма, Отелло?
Әлде айыпты әкем бе екен
Сізді қайта шақыртқан?
Жазалама ол үшін,
Сенің жатың — маған да жат.
Отелло.
Тәңірі маған түйіліп
Жіберер болса азабын,
Төксе-дағы басыма
Қайғы, сордың нәсерін,
Белшемнен батсам жоқтыққа,
Өзім тұтқын, үміт типыл болса да,
Жанымның бір жерінен
Тамшыдай сабыр табар ем.
Жан жоқ меңіреу дөңбектей.
Табашылар жиренішпен түртсе де —
Соған-дағы шыдар ем; жақсы.
Бірақ мынау, жүрек сақтар жерімде
Не тірлік, не өлім бар,
Өмірдің шын тас бұлағы
Ақпаса, бірақ солар.
Осыдан қайтып қуылам!
Әлде шалшық көлдей боп,
Бақалардың ойнағы боп қаламын!
Түсіңді бұз, сабырлық,
Нәзік ерін періште едің,

Енді сұмдық дозақтай бол.
Дездемона. Ерім мені таза дер деп сенемін?
Отелло.

О, ия.
Шіріген ет те құрты қайнар,
Бойнядағы шыбындайсың.
О, сен бір усойқы
Түрің көркем, исің аңқып
Құмарлықты қоздыратын,
Тумасаң нетті бүйткенше.

Дездемона. Япырмау, менің күнәм не?
Отелло.

Ақ қағаз, кітап не керек?
Жазылар сөз «сайқал» болса? «Күнәм не!»
Ұятсыз, «күнәм не» дейсің.
Ісіңді сенің атасам,
Бетім оттай жалындап,
Ұятым күлдей сөнер ед.
«Күнәм не». Күнәңнан аспан қысылып,
Ай да көзін жұмады.
Арсыз жел де, жолындағы барды сүйген
Естуден не ұялып
Тығылыпты тереңге.
Күнәң сенің немене! О, бұзық!

Дездемона. Құдай ақына сөзің бекер!

Отелло. Бұзық емессің бе?

Дездемона.

Емеспін, иманыммен ант етем.
Денені сақтап ер үшін,
Арамдықтан пәк болу
Құтқарар болса бұзық аттан —
Бұзық емен, жарым сен.

Отелло. Сүйтіп, сайқал да емес пе едіңіз?

Дездемона. Ақтығыммен ант етем.

Отелло. Мүмкін бе екен?

Дездемона. Құтқар бізді, я тәңірі.

Отелло.

Кешіріңіз ендеше.
Отеллоға әдейі тиген
Венеция сайқалы деп ойлап см.
(Даусын зорайтып.)
Тоны айналған періштесіз,
Күзетің дозақ есігі, я!

Сіз, сіз, сіз, сіз!
Біз болдық. Мынау еңбек ақыңыз.
Есікті ашып, сырды бүгіп қалыңыз.
(Кетеді.)

Э м и л и я.

Япырау, ойы қандай мырзаның
Ханым, сізге не болды?
Немене, менің асылым?

Д е з д е м о н а. Шала көрген түсім бе?

Э м и л и я. Әміршіме не боп қалды кенеттен?

Д е з д е м о н а. Кімге дейсің?

Э м и л и я. Әміршіме деймін ғой.

Д е з д е м о н а. Ол кім?

Э м и л и я. О, ханым, әміршіміз біреу ғой!

Д е з д е м о н а.

Сөйлеспеші менімен. Ол мұнда жоқ.

Жылауға да мұршам жоқ,

Барымды тілмен айтар ем.

Түнде маған, ұмытпай,

Неке күнгі ақты жәй

Шақырып берші Ягоны.

Э м и л и я. Неткен заман!

Кетеді.

Д е з д е м о н а.

Осыншалық қор етті-ау!

Азғантай айып болса етті,

Қай мінезім сезік салды?

Эмилия, Яго келеді.

Я г о.

Әміріңізге әзірмін, ханым.

Сізге не болды?

Д е з д е м о н а.

Сөз жоқ. Жас баланы үйреткен

Кейде сипап сөкпей ме.

Ол да сүйтсе нетуші ед.

Мен әзір шын бала емес пе ем.

Я г о. Ханым, нені айтасыз?

Э м и л и я.

Япырау, ол сайқал деді.

Сондай сұмдық сөз тастап

Жүрегіне дақ салды.
Дездемона. Маған лайық ат па, Яго?
Яго. Қайсы?
Дездемона. Сол, әлгі — ерім берген ат.
Эмилиа.
Сайқал деді; мас қайыршы болса да,
Таныс қызын бүйтіп сөкпес.
Яго. Неге былай етті екен?
Дездемона. Білмеймін. Мен ол емес қой? Рас
емес пе?
Яго. Жыламаңыз, жыламаңыз, қасірет күн!
Эмилиа.
Салтанатты көп күйеуге бармастан
Тастағанда әкесін, досын, отанын.
Тапқан аты сайқал ма!
Кім жыламас!
Дездемона. Тағдырым менің сор-дағы!
Яго.
Сорлы неме —
Неменесі ұстап қап еді?
Дездемона. Құдай білсін.
Эмилиа.
Бекер болса дарда өлейін
Дәл осынан болыпты,
Ойлап тапқан бір сұм бар.
Қуарған бұзық, сұмырай,
Шен қуған бір жорға құл! Осыным
Бекер болса дарға асылам.
Яго. Түу, жоқ, ондай адам болмас-ақ.
Дездемона.
Егер сондай бар болса,
Күнәсін кеш, жасаған!
Эмилиа.
Жендет кессін тілеуін,
Кемірсін дозақ сүйсін.
Мұны сайқал деп отыр.
Қайда, қай кезде, қандай қылмыс етті екен?
Не жөні бар?
Сұрқия, жауыз, қуарған.
Оңбаған гой алдап жүрген маврды.
Тәңір-ау, неге сол сұмды
Етін ашып, қолына дырау қамшы алып
Жалацаштап, иттей дүрелеп

Күншығыстан күнбатысқа қумайсың.

Я г о. Қой айғайды!

Э м и л и я.

Ту әрмән! Сондай неме
Сіздің де ойды былғаған,
Маврменен сезікті деп мені де.

Я г о. Жындысыз ба, барыңыз!

Д е з д е м о н а.

Жаным Яго,
Қайтсем ерім қайтады?
Барсаңызшы, досым-ау,
Жарық күнім суалсын,
Не қылмыспен жазғанымды білмеймін.
Міне бүктім тіземді.
Егер оның махаббатын,
Сөзбен, іспен, ойыммен,
Көзбен әлде сезіммен
Қірлетіп шетке қарасам,
Егер бүгін, я бұрын
Мәңгілікке сүймес болсам,
Қайыршы етіп қуып шықсын —
Кетсін менен, қуаныш! Ашу қатты.
Ашуы оның өмірімді жоқ етер
Махаббатым былғанбас.
«Сайқал» деген сөзді айтам,
Айтамын да жиренем,
Сол айтқандай етерлік —
Дүниенің мені аздырар күші жоқ.

Я г о.

Тынышталыңыз. Бәрі-дағы басылар.
Қызмет жөнде реніш бар,
Сізге әшейін тиген ғой.

Д е з д е м о н а. О, сол ғана тегі болса еді!

Я г о. Мен кепілмін.

Керней үні.

Музыка асқа шақырады!
Венеция елшілері тосып тұр.
Барыңыз, жылай көрмеңіз. Ондалады.

Эмилия, Дездемона кетеді. Родриго келеді.

Р о д р и г о. Сені өзіме әділет істеп жүр деп айта алмаймын.

Я г о. Ал әділетсіз не бопты?

Р о д р и г о. Күн сайын маған бір сылтау айтасың, Яго, сүйтіп енді байқасам, тілегіме жақындаудың орнына, қисынды жердің барлығынан алыстатып барасың. Құдай ақына мен бұдан әрі шыдамаспын. Бұл күнге шейін ақымақ боп көтергенді, ендігәрі тына-тыныш көтере де алмаспын деймін.

Я г о. Мені тыңдауға қалайсыз, Родриго?

Р о д р и г о. Тыңдағаным онсыз да көп еді, бірақ сіздің сөзіңіз бен ісіңіз шалғай жатыр.

Я г о. Сіз тіпті мені орынсыз кінәлайсыз.

Р о д р и г о. Жок, кінәм тіпті орынды. Мен бар мүлкімді сарп қылдым. Дездемонаға бермек боп менен алған асылдардың жартысының өзі де бір сопы қатынды сатып аларлықтай болып еді. Сіз маған, ол қабыл алды және маған күтсін, тез арада жақындасуымызға сенсін деп айтты дедіңіз. Бірақ мен әлі күнге түк көргем жоқ қой.

Я г о. Жақсы, айта беріңіз, тіпті жақсы!

Р о д р и г о. «Тіпті жақсы», «айта беріңіз!» Мен айта бере алмаймын, мырза. Тіпті де «жақсы» смес. Барымменен ант етем, масқара! Ақымақ болғанымды сезе бастадым.

Я г о. Тіпті жақсы.

Р о д р и г о. Ал мен айтсам, түк те «тіпті жақсы» смес. Мен Дездемонаға барымды айтам; ол менің асылдарымды қайтарып берсе, ынтық болудан бас тартам да, орынсыз соңына түскеніме ғапу өтінемін. Ол болмаса — біліп қойыңыз, есесін сізден қуам.

Я г о. Сіз болдыңыз ба?

Р о д р и г о. Мен іске мықтап бекінгеннен басқа түк те айтқам **жок**.

Я г о. Қазір мен, сенде қайрат барын таныдым, сүйтіп осы минуттен былай, сен туралы өз ойымды түзей бастаймын. Қолыңды берші, Родриго; сен мені дұрыс кінәладың, бірақ сонда да тағы айтам, сенің ісің жөнінде еңбегім адал.

Р о д р и г о. Ол сезілген жоқ.

Я г о. Мен түсінемін, әрине, сезілмегені рас және сіздің сезіктенуіңіз ақылдан, дұрыстықтан тыс емес. Бірақ, Родриго, сенде менің әсіресе сенетін бір нәрсем — қайрат, еркектік, ерлік бар болса, соны бүгін кешке білдірші. Егер ертең түнде Дездемонаны жайламасан, мені осы

жарық дүниеден қу, жазаның ең ауырын ойлап тапшы.

Родриго. Бұл қалайша болғаны? Ақылға сия ма, мүмкін бе екен?

Яго. Мырза, Венециядан Кассионы Отеллоның орнына сайлаған бұйрық келді.

Родриго. Рас па осы? Онда Отелло мен Дездемона Венецияға қайтады ғой.

Яго. О, жоқ, ойда жоқ бір нәрсе бөгемесе, ол Дездемона сұлуды қасына алып Мавританияға кетеді. Ал бөгелетін жалғыз шара Кассионы тайдыру.

Родриго. Тайдыру деп нені айтасыз?

Яго. Тайдыру деген — Отеллоның орнына ала алмастай ету деген, яғни миын шағу.

Родриго. Сүйтіп осыны мен істесін дейсіз бе?

Яго. Иә, егер өзіңізге пайда менен теңдік керек болса, соны істейсіз. Ол осы кеште бір салдақының үйінде, мен де сонда барам. Өзіне келген жаңа құрмет жайын ол әлі білмейді. Егер сіз оның қайтқанын күзетпек болсаңыз, мен мезгілін он екі мен бірдің аралығына апаруға тырысармын. Сіз сонда оны оп-оңай аласыз. Мен сізге болысу үшін, жақын жерде болам, сүйтіп ол ортамызға түседі. Ну, таңданбаңыз бұған, жүріңіз. Мен оның өлімінің қажеттігін соншалық жақсы дәлелдейтін, сіз тіпті өзіңізді оны жоюға міндетті деп санарсыз. Кеш боп барды, алдақашан тамақ мезгілі болды. Ал іске бастық.

Родриго. Мен әлі бұл істің барша дәлелдерін естуім керек.

Яго. Сіз оған қанасыз.

Кетіседі.

III САХНА

Сахнадағы басқа бөлме.

Отелло, Лодовико, Дездемона, Эмилия және қызметкерлер кіреді.

Лодовико. Өтінемін, зорламаңыз өзіңізді.

Отелло. О, рұқсат болсын. Маған жүрсем пайдалы.

Лодовико. Қош болыңыз, ханым, сізге рахмет.

Дездемона. Әрдайым сізге біз шатбыз.

Отелло. Жүріңіз, мырза.

О... Дездемона!

Дездемона. Отелло!

Отелло. Шапшаң барып төсекке жатыңыз, мен тез ораламын. Күтушіңізді қоя беріңіз; байқаңыз, осы айтқаным орындалсын.

Дездемона. Баршасын орындаймын.

Отелло, Лодовико, қызметкерлер кетеді.

Эмилия. Ал, енді қалай? Жұмсарған сияқты ғой.

Дездемона.

Үйге жылдам қайтам деді.

Маған жат деп бұйырып,

Сізді үйіне жібер деді.

Эмилия. Мені ме?

Дездемона.

Әмір солай. Сол себепті, Эмилия.

Ет көйлегім бер-дағы қош бола тұр,

Келтірмейік ашуын.

Эмилия. Білмесең нетті осыны!

Дездемона.

О, жоқ, махаббатым барды ақтайды:

Ашуы, зілі, кейісімен —

Мынаны ағыт — бәрібір маған сүйікті.

Эмилия. Сіз бұйырған жамылшыны төседім.

Дездемона.

А, бәрібір. Ай, тәңірі, неткен ақылсызбыз.

Егер сенсіз өліп кетсем,

Жамылшыдан кебін істе.

Эмилия. Қойыңызшы!

Дездемона.

Күтуші болған анама

Барбара деген кәрі еді. Асық скен;

Сүйгені қуып тастапты.

«Үйенкі» деген бір ескі

Шыншыл әнді айтып,

Үнемі айтып өліп ед.

Сол әні бүгін кеш бойы

Көкейімнен кетпейді.

Сүйене тұрып айтқым келеді,

Сол Барбара бишарадай!— Ал, болшы!

Эмилия. Шапаныңыз керек пе?

Дездемона.

Жоқ, мынаны ағыт,—

Ал ана, Лодовико, сымбатты жас...

Эмилия. Ия, тіпті жақсы екен.

Дездемона. Өзі жақсы сөйлейді.

Эмилия. Венецияда осының төменгі ернін бір сүйген үшін Құдысқа¹ жаяу барудан бас тартпастай бір әйелді білуші ем.

Дездемона (әндетеді).

«Тал түбінде ол отырды күрсініп,
Әндетейін үйеңкіні.

Қайғы, жүдеу, сүйенеді ол сорлы...
Әндетейік үйеңкіні, үйеңкіні.

Ойнап ақты мұз бұлақ.
Әндетейік үйеңкіні, үйеңкіні,

Ащы жастар құмды өртеді...»

Оны қой.

(Әндетеді.)

«Әндетейік үйеңкіні, үйеңкіні»,

Бол тез: қазір келеді.

(Әндетеді)

«Әндетіндер — үйеңкіден алқам болсын...

Оны сөкпе — сүймеген соң кінә жоқ...»

Жоқ, мынаны әртаман... Тоқта: біреу қақты ма?

Эмилия. Жоқ, тек жел ғой.

Дездемона (әндетеді).

«Қыз айтқанда «опасыз» деп, ол «ұлыма» дегені.

Әндетейік үйеңкіні, үйеңкіні.

Мен талаймен кезгенде, сен талаймен ұйықтай
бер».

Қайырлы түн. Көзім қышнды.

Жас ағайын дей ме екен?

Эмилия. Түк етпейді!

Дездемона.

Солай десед, Ерлер, әттең ерлер!

Шыныңды айтшы, Эмилия.

Сұмдықпенен ерді алдайтын

Әйелдер бары рас па екен?

Эмилия. Ну, әрине, бар.

Дездемона. Дүние-мүлкін берер болса, сен осыны істер ме едің.

Эмилия. Сіз ше?

Дездемона. О, жоқ, жарық аспан — куәм болсын.

Эмилия. Мен жарықта істемес ем, қараңғысы жақсы ғой.

¹ Құдыс. Палестинаны айтып отыр.

Дездемона. Дүние-мүлкі үшін соны істерме ең?

Эмилия. Дүние-мүлкі зор ғой: аз күнәға қымбат баға болат та.

Дездемона. Көнбес едің. Шын емес пе?

Эмилия. Шынға келсем істер едім, бірақ істеп алып, соған көңілім соқпай істеген кісі тәрізденер едім. Әрине, мен ондай істі, әлде көр-жер үшін істемес ем. Ал бірақ, дүние-мүлкі үшін көнер ем! Өз күйеуін мысалы патша ету үшін, кім оны бұл жағынан сор маңдай етуге қимас еді. Құдай үшін мен тіпті дозаққа түсіп шығуға да көнер ем.

Дездемона. Дүние-мүлкі үшін де,
Соны істесем, қор болғаным.

Эмилия. Тегі жамандық, дүниеде болған кезде жамандық қой. Ал егер өз ісіңіз үшін бар дүниені алар болсаңыз, әлгі жамандық та өз қолыңыздағы дүниеде болат та, ендеше сол жаманды тезінен жақсыға айналдыра қоймас па едіңіз.

Дездемона. Сондай әйел барлығына сенбеймін.

Эмилия. Толып жатыр, тіпті өздері жанын салған дүниені лық толтырардай, көптен-көп.

Азуына әйелдің кінәлі болар ерлері.

Міндетіне шабан тартып,

Бізге деген жақсылықты жат етскке төгеді.

Біресе сұм қызғанышпен,

Қысып, ұрып, егесіп,

Сыбағалы табыстан да бермейді.

Адал да болсақ, бізде зіл бар,

Кекті біз де білеміз.

Біліп қойсын барлық ер.

Әйел де иісті сезеді.

Көре де тата біледі,

Ащы менен тұщыны

Олар да ердей айырад,

Неге бізді айырбасқа салады?

Құмарлық қой? Солай болар.

Нәпсісі ғой, билейтін?

Осалдық қой, кінәсі?

Әрине сол. Сол құмарлық бізде де бар.

Нәпсі рақат тілейді

Қуантсын бізді, болмаса

Жамандыққа үйретіп, жапа табар өздері.

Дездемона.

Қош, қош. Одан да тәңірі үйретсін
Жамандықтан жаман болмай артуды.

Кетіседі.

Ш ы м ы л д ы к.

БЕСІНШІ АКТ

I САХНА

Көше.

Яго, Родриго шығады.

Яго.

Тығыл мұнда, тез, келеді,
Жалаң қылыш, жаңылмай шап.
Бол, бол! Қорықпа, мен де ұзамаймын.
Өсу, өшу — осы арада.
Ескер, бәлкім барыңмен.

Родриго. Сен ұзама, жаза бассам қайтемін.

Яго. Қасындамын. Ер бол да бар орныңа. (*Шетке кетеді.*)

Родриго.

Қызыққандай ісім емес;
Бірақ сөзі орынды.
Бірі кемір! Ұмтыл сапы — ол өлед.

Яго.

Болымсыз бұл бөрткенді
Қаси-қаси қабарттым.
Өлтіре ме Кассионы,
Әлде өзі өле ме,
Жоқ ете ме бірін бірі —
Бәрі маған пайдалы.
Тірі қалса Родриго,
Дездемона сыйы деп
Мен алатын асылдар мен ақшаны
Қайта бер деп жабысады.
Болмау керек бұлайша.
Аман қалса Кассио, —
Әр күні асып мерейі.

Мені сұм қып барады. Және мавр.
Ұстап берер мені оған;
Онда менің өлгенім;
Қаза тапсын, әне өзі.

Кассио шығады.

Родриго. Тасырыңаң таныдым, мынау, сол ғой! Өл,
жауыз! *(Ұмтылып қарманайды.)*

Кассио.

Жау сапысын маған сапсын,
Бірақ тоным осал депсің,
Сенікін мен сынайын.

(Сапысын суырып Родригоны жаралайды.)

Родриго. Өлтірді!

Яго арттан келіп, Кассионың аяғын жаралап қашып кетеді.

Кассио. Ей, халайық! Жарадармын! Қап төгіс!
(Күлайды.)

Отелло келеді.

Отелло. Кассио ғой. Сөзіне Яго жетіпті.

Родриго. О, мен қуарған!

Отелло. Әрине, ол солай-ды!

Кассио. Кел! Әкел жарықты! Дәрігер әкел!

Отелло.

Сол! Әділ Яго, ер де, таза,
Сонша сезіп дос жарасын,
Маған үлгі беріпсің —
Сүйгенің өлген, сұлуым,
Сізге де тағдыр таянды.
Бұзығым, мен де жетейін.
Жүректен сиқыр қуғаймын.
Төсекті қанмен былғаймын.

Кетеді.

Лодовико мен Грациано келеді

Кассио. Күзет жоқ! Жүрген жан да жоқ! Қан
төгіс!

Грациано. Бұнда бір пәле болған ғой! Ыңырсыған
біреу ғой!

Кассио. Көмек етші!

Лодовико. Естисіз бе?

Родриго. Жансыз оңбаған!

Л о д о в и к о.

Ыңырысқан екеу, үшеу,— түні тастай.
Жорта істеген болмасын? Қатер болар,
Көмексіз жалаң барғасын?

Р о д р и г о. Жан келмес пе?
Қансырадым.

Л о д о в и к о. Естисіз бе?

Жарық алып Яго келеді.

Г р а ц и а н о.

Жарығы мен қаруы бар,
Көйлекшең біреу келеді!

Я г о. Бұл кім? Не шу? Жат айғай!

Л о д о в и к о. Біз білмейміз.

Я г о. Сіздерге айғай жетті ме?

К а с с и о. Көмек етші құдай үшін!

Я г о. Не боп қалды?

Г р а ц и а н о.

Мен білсем, осы маврдың
Прапорщигі емес пе?

Л о д о в и к о. Болар. Өзі ер жігіт.

Я г о. Сіз кімсіз, неге қатты ыңыранасыз?

К а с с и о.

Яго? Жаралады бір сұмдар.
Маған көмек беріңіз.

Я г о. О, лейтенант! Қай жауыздар!

К а с с и о.

Соның бірі жатыр білем,
Қозғала алмас өзі де.

Я г о. Сұмырай, азғын. (*Лодовико мен Грацианоға.*)

Сіздер кімсіз? Жүріңіздер көмекке.

Р о д р и г о. О, көмек бер!

К а с с и о. Біреуі сол!

Я г о. Қанішер, қал, оңбаған? (*Родригоны сапылайды.*)

Р о д р и г о. Жауыз Яго! Сұм төбет! О!

Я г о.

Қараңғыда қастығын!
Қайда қанқор ұрылар?
Қала қандай жым-жырт ед.

Қан төгіс, ей, қан төгіс!

Сіздер кімсіз — ел ме, жау ма?

Л о д о в и к о. Кім десеңіз еркіңіз.

Я г о. Лодовико мырзасыз ба?

Л о д о в и к о. Ия, мырза.

Я г о. Кешіріңіз. Кассионы жау жаралап кетіпті.

Г р а ц и а н о. Кассионы?

Я г о. Ал, қалайсың, туганым?

К а с с и о. Аяымда жара бар.

Я г о.

О, жасаған!

Жарық әкел, көйлегіммен таңайын.

Бианка келеді.

Б и а н к а. Ей, немене? Айғалаған кім өзі?

Я г о. А? Айғайлаған кім өзі?

Б и а н к а.

О, қымбатты Кассио!

Кассио, жаным Кассио!

О, Кассио!

Я г о.

О, сайқал! Сезігің бар ма, Кассио,

Кім екен мұнша қандаған?

К а с с и о. Сезігім жоқ.

Г р а ц и а н о.

Мұндай күйде көргеніме аяймын.

Іздегенім сіз едіңіз.

Я г о.

Орайтын бер. Әкеліндер көтергішті,

Апарайық тезірек.

Б и а н к а. Япырау талып кетті ғой! Кассио, Кассио!

Я г о.

Сезігім бар, мырзалар,

Бір пәледен аман ба екен осы сұм.

Сабырлы бол, Кассио.

Ал, әкелші жарықты.

Таныр ма екен мынаны?

Япырау, досым, жерлесім ғой,

Қымбаттым менің, Родриго?

Жоқ? Өзі ғой! О, Родриго!

Г р а ц и а н о. Не дейді, венециялық па?

Я г о. Сол, мырза. Таныс па едіңіз?

Г р а ц и а н о. Әрине.

Я г о.

Синьор Грациано, кешіріңіз.

Өтінемін мен сізден.

Қан үстінде қапы болды кешелік.
Г р а ц и а н о. Дән ырзамын мен сізге.
Я г о.

Қалайсың, Кассио?
Көтергіш әкел. Көтергіші!

Г р а ц и а н о. Родриго!

Я г о. Сол, сол!

Көтергіш пе, жақсы болды-ау!

Көтергіш әкеліседі.

Дос-жар жандар алып барсын
Мен дәрігерге жетейін. (*Бианкаға.*)

Қам жегенді сіз қойыңыз
Кассио, мынау өлген жан
Менің жақын досым еді,
Ұрысқандарың бар ма еді?

К а с с и о. Жоқ, мен тіпті таныс та емен.

Я г о (*Бианкаға*).

Сіз неліктен қуардыңыз?
Апарындар үйіне.

Кассио мен Родригоны әкетіседі.

(*Бианкаға.*)

Неге осынша қуардыңыз?
Көзі үркіп тұр көресіз бе?
Байқаңызшы қадала —
Әлі бәрін білеміз.
Қараңызшы осыған! Көресіз бе?
Жоқ, тіл үндемей тұрғанда
Айып өзі сөйлейтін.

Эмилия келеді.

Э м и л и я. Не боп қалды? Яго? Ах, не болған?

Я г о.

Кассиоға қараңғыда
Бұзықтарға қосылып
Жабылыпты Родриго,
Өзгелері қашып кетті.
Өлімші жара Кассио да,
Родриго мүлдем өліпті.

Э м и л и я.

Ах, бейшара мырза!
Ах, қадірлі Кассио!

Я г о.

Бұзылғандық салдары.
Кассиодан білші сен,
Кешке кімде болды скеп! (*Бианкаға.*)
О не, неге қалтырайсың?

Б и а н к а. Менде болған. Менің түк те қалтыраған жерім жоқ.

Я г о.

Сіз деңіз! Ах, солай ма?
Ну, еріңіз содымнан.

Э м и л и я. Өл де маған, түү, сайқал!

Б и а н к а.

Сайқал емен; тазалығым,
Тілің шайпау, дәл өзіңнен кем емес.

Э м и л и я. Түү! Менен бе!

Я г о.

Жүр көрейік, соры бар
Кассионы қайтты екен. (*Бианкаға.*)
Сіз жүріңіз, жаңадан
Тағы бір ертек айтарсыз. (*Эмилияға.*)
Эмилия,
Сарайға бар — мырзаларға айт.
Түсші алдыма. Тілеймін. (*Шетке.*)
Дәл осы түн өзімді
Не жоқ қылып, не көмегің етседі.

Кетіседі.

II САХНА

Сарайда, жататын үйде.
Дездемона төсекте, ұйқыда
Шам жанып тұр. Отелло кіреді.

О т е л л о.

Себеп бар, жаным, себеп бар!
Жаркыраған жұлдыздар,
Айтпасам да себеп бар.
Қан ағызбан, жара салман,
Қардай аппақ,
Ұлпадай майда етіңе.
Бірақ өлмей болмайды — басқаларды алдайды.
Өшсін шамы... тағы да — өшсін...
Сені өшірсем, жанған жалшы —

Өкінсем тағы қайтадан
Қайтара алам бұрынғы отты...
Бірақ сөнсе сенің отың,
Сән дүние әсем заты —
Білмедім отын Прометей
Шырағыңды қайта жағар.
Гүлді жұлсам —
Өсер нәрін қайтара алман;
Сембей қалмас;
Үзбестен бұрын иіскейін. *(Сүйеді.)*
Демі тәтті. Әділ жаза қылышын да
Сындырар еді тағы, тағы!
Өлген соң да осындай бол — өлтірем де
Тағы да қайта сүйемін. Тағы да, соңғы жол!
Тәттім ажал болғандай. Жылаймын,
Бірақ көз жас қазадай.
Тәңірі дертін берілті,
Сүйгенім өзі жазалап...
Міне өзі де оянды.

Дездемона. Бұл кім? Отелло, сіз бе?

Отелло. Иә, Дездемона.

Дездемона. Жатасыз ба, Отелло?

Отелло. Түнгі намаз оқып па едің, Дездемона?

Дездемона. Иә.

Отелло.

Рахымды тәңірі кешпестей

Күнәң бар ма еске алатын?

Тез дұға қыл сол үшін.

Дездемона. Япырау, жарым, не демекші болдыңыз?

Отелло.

Намаз оқы, қысқа оқы. Былай тұрам,

Өлтірмейін әзір емес күйінде,

Сақта, құдай, өлтіруден жаныңды.

Дездемона. Өлтіру... дейсіз бе?

Отелло. Иә.

Дездемона. Есіркей гөр, а құдай!

Отелло. Әмин; бар тілеуім.

Дездемона. Өлтірмейсіз, мұндай сөздің артынан!

Отелло. Мм...

Дездемона.

Сонда да сізден қорқамын: суықсыз ғой.

Жарқылдайды көзіңіз. Қорқам...

Лйыпсыз-ақпын, неліктен?
Бірақ тегі қорқамын.
Отелло. Күнәнді ойла.
Дездемона. Менің күнәм — сізді сүйю.
Отелло. Ия, өлесің сол үшін.
Дездемона.
Сүйген үшін өлтіру сұмдық болар.
О, неге срінді тістейсіз?
Қанды ашумен қиналыпсыз.
Жаман белгі; бірақ сенем,
Беттегені мен болмаспын.
Отелло. Үндеме де ұсына бер.
Дездемона. Иә, жақсы. Не қыл дейсің?
Отелло.
Мен сүйетін, саған берген орамалды
Қасниоға сен бердің ғой.
Дездемона.
Жоқ, жаныммен ант етем.
Сұраңызшы өзіңен.
Отелло.
Көгершінім, жалған анттан
Сақ бола гөр — өлер халде отырсың.
Дездемона. Дегенмен қазір өлмесің?
Отелло.
Қазір!
Сол себепті тәуба қыл.
Бірақ тегі, ант ішіп те танар болсаң,
Байлауымды бұза алмайсың
Еңіресем де соңынан.
Сен өлесің.
Дездемона. Есірке мені, жасаған!
Отелло. Әмин!
Дездемона.
Аяңызшы сіз-дағы. Ешуақытта сізді мен
Ренжіткен жан емесің.
Қаснионы сүйсем мен,
Жазықсыз күйде сүйгенмін.
Сыйлар берген жерім жоқ.
Отелло.
Ант етейін, қолыңда көрдім орамалды.
Жаннап безген.
Жүрегімді тас еттің.
Құрбандық дер ісімді.

Қанқорлық деп атамақсын.

Орамалды өзім көрдім.

Дездемона.

Ендеше тауып алған да.

Орамалды берген емен,

Шақыртыңыз осында:

Келіп шынын айтып берсін.

Отелло. Ол айтып болған.

Дездемона. Не деп еді?

Отелло. Сеніменен жақын екен.

Дездемона. Қалай! Бұзық түрде ме?

Отелло. Иә.

Дездемона. Ол айтпайды мұндайды.

Отелло.

Үні өшкен соң айтпайды

Адал Яго текке еткен жоқ.

Дездемона.

О, қорқыныш бәрін де ашты.

Қалайша, ол өлген бе?

Отелло.

Әр тал шашы жаны болса

Бас-басынан кек алар ем.

Дездемона. О, ол алданған, мен де біттім!

Отелло.

Шық, сайқал, өз көзімше

Жас төгесің, ол үшін!

Дездемона. Қусаңыз да өлтірмеңіз.

Отелло. Өлсін сайқал!

Дездемона.

Ертең өлтір.

Күндік өмір беріңізші.

Отелло. Қарсыласпақ болдыңыз ба...

Дездемона. Жарым сағат тым құрыса!

Отелло. Мұрсат қажет емес.

Дездемона. Тым құрыса дұға оқиың!

Отелло. Кешіккенсің. *(Тұншықтырады.)*

Эмилия *(сахна сыртында).*

Мырза, ей, ей, мырза!

Отелло.

Бұл не? Айғай ма? Өлді ме?

Жоқ, әлі әбден өлмеген бе?

Қатал да болсам рахымы бар,—

- Азап тартсын демеймін.
Міне, міне!
- Э м и л и я (*сахна сырғында*).
Ей, мырза, мырза, мырза!
- О т е л л о. О, кім?
- Э м и л и я (*сахна сыртында*).
Жалғыз ауыз сөзім бар.
- О т е л л о.
Эмилия? Қазір — бұл үзілді,—
Кассионың өлімін айта келген ғой.
Айғайлары мол еді. Қозғалмайды,
Табыттай тыныш болыпты.
Кіргізсем бе екен? Жақсы ма?
Бұл не? Қозғала ма?
Жоқ.— Қайтсем екен?
Кірсе әйелмен тіл қатады.
Әйелім менің! Әйелім?
Әйелім енді жоқ болды!
Шыдатпайды! О, қасірет сағат!
Ай мен күні қабатынан
Өзгеше боп тұтылғандай.
Шошыған жер сол күйден
Қақ айрылып жарылғандай.
- Э м и л и я (*сахна сыртында*).
Жалынамын,
Сөйлесіңіз менімен.
- О т е л л о.
Сені ұмытып кетіппін. Кір, Эмилия.
Қазір, ақырын. Шымылдықты тартайын.
Қайдасың сен? (*Есікті ашады. Эмилия кіреді.*)
Бұнда саған не керек еді?
- Э м и л и я. Мырза, сұмдық, адам өлген!
- О т е л л о. Жаңа ма?
- Э м и л и я. Жаңа, жаңа.
- О т е л л о.
Ай жолынан ауысқан ба,
Әлде жерге үңіліп кеп
Барлық жанды құтыртқан ба?
- Э м и л и я.
Венециялық Родригоны
Өлтіріпті Кассио.
- О т е л л о.
Не дейді? Өлген Родриго ма? Қалайша?

Кассио да өлген бе?

Эмилиа. Жок, өлген жок.

Отелло.

Ол қалайша өлген жок? Өлім болмай,
Кектің үні өшкен де...

Дездемона. О, жазықсыз өлдім ғой!

Эмилиа. Япырау, мынау кімнің дауысы?

Отелло. Мынау кімнің дейсің бе?

Эмилиа.

Бұл, бұл ханымның үні ғой.

Қайдасыңдар! О, тіл қатыңыз бір ауыз!

О, Дездемона, есіл ханым!

Дездемона. Жазықсыз өліп барамын.

Эмилиа. Кім өлтірген сізді бұл?

Дездемона.

Ешкім емес. Өзім... Қош.

Сәлем айт жарым Отеллоға. Қош

(Өледі.)

Отелло. Бұны өлтірген кім болар?

Эмилиа. Япырау, кім біледі?

Отелло. Есіттіңіз. Мен емес деп айтты ғой.

Эмилиа. Айтқаны рас — қостай алам.

Отелло.

Дозаққа кетті жалғаншы боп.

Оны өлтірген мен.

Эмилиа.

Ендеше ол періште.

Сіз қап-қара мөлгұнсыз.

Отелло. Жолдан тайып сайқал болған.

Эмилиа. Жала жаптың сен мөлгұн.

Отелло. Айтқаны сондай өтірік ед.

Эмилиа.

Сен,

Жыландай шапшаңсың.

Ол тәңірідей таза еді.

Отелло.

Е, Кассиомен бірге жатқан

Сұра өзіңнің байыңнан.

Шектен асқан ісіменен

Дозақтың төрін алмас па ем.

Бәрін байың біледі.

Эмилиа. Менің бе?

Отелло. Сенің байың.

Э м и л и я. Қиянатын біле ме?

О т е л л о.

Иә, Қассиомен болыпты.
Егер адал болғанда
Тәңірі маған ләғыл тастан
Бар мүлкін салса,
Бір басына алмас ем.

Э м и л и я. Менің байым!

О т е л л о.

Иә, алдымен сол айтты.
Ол адал жан, арам істің
Сұмдығынан жиренеді.

Э м и л и я. Менің байым ба?

О т е л л о.

Не қақсайсың!
Айттым ғой сенің байың деп.

Э м и л и я.

О, махаббатқа қастық күлген,
Менің байым бұзық деген!

О т е л л о.

Соның өзі,
Сенің байың, ұғасың ба?
Менің досым, сенің байың,
Менің адал, адал Ягом деймін.

Э м и л и я.

Айыпты ғой! Ендеше оның қаскөй жаны
Бір түйірден күн-түн сайын шірісін!
Жалған айтқан.
Бұның бәрі, таңдаған сұмын сүю ед.

О т е л л о. А!

Э м и л и я. Не сұмдықты істей бер!

Нұрдан садаға,
Өзің онан садаға.

О т е л л о. Тоқтаңыз — ақыл сол болар.

Э м и л и я.

Қанша қастық етсең де,
Шыдамымның жарымына жетпейсің. Ақымақ,
Шәңгі!
Сұм надан! Бітіріпсің ісінді...
Бір өлтірмей, жүз өлтір,
Сапыдан қорықпай барды ашам... келіндер!
Ханымды мавр өлтірген.
Ей, ей, мұнда қан төгіс!

Монтано.

Мұнда не хал?
Сіз немене, генерал?

Эмилия.

Келдіңіз бе, Яго, сіз? Жақсы екенсіз,
Сізге жапса, бір өлімнің жаласын.

Грациано. Ия, не болған?

Эмилия.

Ер болсаң, сұмның бетін аш,
Қаралаған сен деп тұр.
Мен білем сен емессің, ит емессің...
Айт, болмаса жарылады жүрегім.

Яго.

Ойдағымды айтқаным рас; түк қоспадым,
Өзі ұйғарған жәйі да.

Эмилия. Жүрісі бар деп те айттың ба?

Яго. Айттым.

Эмилия.

Сұрқия, сұм, жалған айттың;
Міне жаным, жалған, жауыз, жалған!
Жақыны Кассио ма?
Кассио болды дедің бе?

Яго.

Иә, Кассио мен ол әйел,
Тый өзіңнің тіліңді.

Эмилия.

Жоқ, тыймаймын — сөйлеймін.
Бұнда ханым өліп жатыр.

Барлығы. Сақта, құдай!

Эмилия. Сіздің жалған жалаңызбен өлтірген.

Отелло. Таң болмаңыз, мырзалар — бәрі де
шын.

Грациано. Ол жат шындық!

Монтано. О, сұмдық іс!

Эмилия.

О, жауыздық, жауыздық!
Ойлаймын, сезем жауыздықты...
Осылай болар деп едім...
Қайғыдан өлем жарылып,
Жауыздық, әттең жауыздық!

Яго. Жынданып па ең? Жөнел қазір үйіңе!

Э м и л и я.

О, мырзалар, сөйлеймін, рұқсат бер.

Көнуші ем бұған, енді бітті,

Әлде Яго, үйге-дағы қайтпаспын.

О т е л л о (*төсекке құлап бара жатып*).

О! О!

Э м и л и я.

Еңіре, құла төсекке!

Өлтіргенің сүттей таза

Періштенің өзі еді.

О т е л л о.

Онда осалдық бар еді

(*Тұрып, Грацианоға.*)

Аз білуші ем сізді, ағай.

Қарындасынды тұншықтырған қолдар мынау.

Сұмдық дерсіз бұл істі.

Г р а ц и а н о.

О, сорлы Дездемона,

Абзал екен әкеңнің де өлгені:

Сенің некең қазадай боп

Қарт көңілін қайғы жеп ед.

Тірі болса қасірет шегіп,

Періштеден бет бұрып,

Күпірлікке басар ед.

О т е л л о.

Қасірет қой бұның бәрі,

Бірақ Яго біледі:

Кассиомен былығып

Жүз жерде жүз бүлдірген.

Мойнына алды Кассио;

Сүйген еңбек орайына

Сыйға берген нәрсені

Мен берген жүрек белгісі —

Соны көрдім қолынан,

Ол орамал болатын

Әкем берген анама.

Э м и л и я. О, тәңірім, қайдасың!

Я г о. Тоқтат!

Э м и л и я.

Тоқтамаспын! Жырлармын!

Желдей мол ғып сөз төгем.

Тәңірісі ме, адамы ма,

Сайтаны ма — бәрі де

Жерлесін мені — барды айтам.
Я г о. Бар, үйге бар!
Э м и л и я. Тапжылмаймын.

Яго Эмилияға сапы салмақ болады.

Г р а ц и а н о.
Масқара!
Әйелге сапы салмақшы!

Э м и л и я.
О, ақымақ мавр,
Орамалды мен оқыста
Тауып алып берген едім байыма.
Көп жабысып сұраған ед оны бұл —
Болымсызды сұраудан
Артық еді жабысуы ұрла деп.

Я г о. Құрыған сайқал!
Э м и л и я.
Өзі берген деймісің?

Жок, мен, тауып
Берген едім байыма.

Я г о. Өтірік бұның, сұмқадам!

Э м и л и я.
Ант етем, шыным, шыным, мырзалар!
Пәңгі қанқор! Есуасқа осындай
Жақсы қатын не қажет?

О т е л л о.
Аспандағы нажағай —
Дауылға ғана керек пе ең?
Әй, сұмырай, жауыз-ай!

Ягоға ұмтылады, Яго Эмилияның сыртынан сапы салып қашады.

Г р а ц и а н о. Құлады ғой. Өлтірді ғой қатынын.

Э м и л и я. О, қасына жатқыз ханымның...

Г р а ц и а н о. Әйелін жайлап, қашты ғой.

М о н т а н о.
Мұндай жауыз бола қоймас. Сіз ұстаңыз
Маврдан алған сапыны.
Шығармаңыз, есікке ие болыңыз,
Өлтіріңіз болмаса.
Мен қуайын ол жауызды.
Қуарған төбет сол екен.

Отелло мен Эмилиядан басқалары тегіс кетеді.

Отелло.

Енді менде ерлік те жоқ.
Жаман бала қылышымды ала алад
Бірақ намыс тазалықсыз тұра ала ма?
Ерсін тегіс бәрі де.

Эмилия.

Әнің нені сездірген ед?
Естисің бе? А? Аққу болып көрейін
Әңімменен өлейін (*Әндетеді.*)
«О, үйеңкі, үйеңкі»—
О таза, о, мавр, сен сүйгенсің.
Катал мавр, иманыммен ант етем,
Айтқаным шын... өлемін. (*Өледі.*)

Отелло.

Басқа да бір қаруым бар,
Суы жеткен испан қылыш,—
А, әні келді.
Ағай, мені шығаршы.

Грациано (*сахна сыртында*).

Қарсылассаң, қан боласың.
Қаруың жоқ, күшке бой сұн.

Отелло.

Ендеше кір, сөйлесем.
Болмаса, құр қол ұмтылам.

Грациано кіреді.

Грациано. Не керек еді?

Қаруым бар.
Бұдан артық ешбір сапы
Солдат белін сәндемеген.
Бір күндерде
Мынау қол, мынау сапымен
Сіздің мынау бөгеуіңнен молырақ
Қысылтаңнан жол салған ем.
Бірақ мақтан орынсыз.
Тағдырына кім ие?
Енді бәрі өзгеше —
Қаруым болсын, қорықпаңыз,
Менің жолым біткені осы.
Кеменің де тоқырауы осы.
Шегінесің бе? Бос қорқыныш.
Қамыс оқтал Отеллоға
Сонда-дағы шегінер. Қайда барсын?

Сен қандайлық сорлы едің.
Көйлектен де ағырақ.
Махшар күні кездесерміз —
Назарыңмен сонда мүлдем
Ойран еткен жауымды,
Әзәзілдер ап кетер.
Пактігіңе ұқсаған
Сұп-суықсың, бөбегім.
Қуарған итпін!
— Қуындар мені, сайтандар,
Нұр жүзінен аулаққа,
Құйындай ғып ұшырып, шыжылдатып өртеңдер,
Тоғытындар түпсіз отқа.
О, Дездемона! Өлген. О, о!
О, о!

Лодовико, Монтано және носилкада Кассио келеді.
Офицер Ягоны тұтқын ғып әкеледі.

Лодовико. Әлгі есуас сорлы қайда?
Отелло. Бұрын Отелло дейтін бе? Мұндамын.
Лодовико.

Ана біреу жылан қайда?
Бері тақа доңызды!

Отелло.
Аяғына қарасам — жоқ, ертеңгі!
Сайтан болсаң, өлтіре алман. *(Ягоны жара-
лайды.)*

Лодовико. Ал сапысын.

Яго. Қан ақса да, тірімін.

Отелло.

Өкінбеймін; тірі қалсаң сол абзал.
Білемін ғой, өлім — бақыт екенін.

Лодовико.

Отелло, сен асыл едің соншалық,
Арам құлдың сұмдығынан сорладың.
Енді атыңды кім дейін?

Отелло.

Жә, не десеңіз еркіңіз.
Таза қанқор дейсіз бе,
Өйткені бәрін істеткен
Жауыздық емес, намыс ед.

Лодовико.

Залым өзі сұмдығына мойындады.

- Осыменен Кассионы
Өлтірмекті ойлап па ендер?
Отелло. Ия.
Кассио. Жазығым жоқ ед, генерал!
Отелло.
Сендім, кеш деп өтінем.
Білсеңдер екен, мынау жын
Шырмады екен неге менің
Жаным менен денемді?
Яго.
Білгеніңіз білген сол. Бұдан былай
Бір ауыз сөз айтпаймын.
Лодовико. Тәубаң бар ма?
Грациано. Тілінді жаза шештірер.
Отелло. Солай! Дұрыс!
Лодовико.
Мырза, жайды түсінесіз.
Сіз түк нәрсе білмейсіз ғой.
Хат табылды
Родригоның жанынан.
Екіншісі мінеки.
Біреуінде Родригоның
Өлтірмегі жазылған.
Отелло. О, жауыз!
Кассио. Неткен былық, не сұмдық!
Лодовико.
Кінәға толған бір хатты
Тауып алдық қалтасынан Родригоның,
Жібермек білем Ягоға.
Сол кезде барып мына сұм
Тыныштандырған тәрізді.
Отелло.
Қанішер сұм!
Ал, Кассио, қайдан барды сізге менің
Әйелімнің орамалы?
Кассио.
Үйден таптым.
Жаңа мынау мойындады,
Өзгеше бір мақсұтпен
Әдейі әкеп тастапты.
Жетіп отыр мұратқа.
Отелло. О, мен ақымақ!

К а с с и о.

Родригоның хатындағы бір кінә,
Қарауылда меніменен ұрыстырған
Тағы да Яго болыпты.
Менің істен қалуымның
Себебі де осыдан.
Жаңа Родриго есін жиып,
Құтыртқан да, өлтірген де Яго деді.

Л о д о в и к о.

Бұл үйден сіз, бізбен бірге кетесіз,
Әкімдігің алынды,
Мынау құлға келер болсаң,
Қасио билейд Кипрді,
Шебер жаза ойлап тауып,
Ұзақ азап табар болсақ —
Қолданамыз дәл соны.
Республика қылмысыңды білгенше
Тұтқында бола тұрасың,
Жүр, алып жүр!

О т е л л о.

Тоқта. Екі-ақ сөз бар кетерде,
Жұрт біледі, біраз жүрдім
Венеция қызметінде.
Жетті. Өтінішім — мынау сорды жазған кезде,
Сол қағазға, жаманымды асырмай,
Әлсіретпей барды да,
Кім едім, соны айтыңыз,
Айтыңыздар қатты сөгіп,
Ессіз сүйген жанның жәйін.
Қызғанышқа онша бейім
Болмаса да, бір тұтанып
Шекке жетіп қалғанын.
Есалаң индус секілді
Патшалықтан құны артық
Гәуһәрін атқан дегейсіз.
Бүгін көнбіс көзімен
Нәзік шерді білмесе де бұрында,
Жастар ақты ем дәрідей,
Арабстан ағашынан ағатын.
Барды айтыңыз,
Қосымша жалғыз мынау-ақ:
Алеппада бір күні,
Сәлделі жауыз бір түрік,

Ұрып жатып Венеция адамын,
Боқтағанда мемлекетті —
Ұстай алып тамақтан
Кестірілген сол итті
Орып едім былайша.
(Өзіне өзі сапы салады.)

Л о д о в и к о. Қанмен тынды-ау!

Г р а ц и а н о. Барлық сөздер орынсыз. —

О т е л л о.

Өлтірмес бұрын сүйіп едім,
Ақыр бір сүйіп өлем.
(Төсекке құлап өледі.)

К а с с и о.

Сезіп ем — қару жоқ па деп ем —
Зор-ақ еді-ау жүрегі.

Л о д о в и к о (Ягоға).

Спартаның төбеті,
Аштықтан, дерттен, теңізден,
Сұмдығың сенің асып тұр.
Көп қасірет жүктерін,
Анау төсек үстінде.
Сенің ісің — көрген көзді улатар,
Жабыңыздар. Үйді күзет, Грациано.
Маврдың мүлкін сіз аласыз
Мұрагері сізсіз ғой. (Кассиоға.)
Әмірші мырза,
Залымға сот белгілеп,
Азап кезін атаңыз,
Аямаңыз. Мен болсам
Жүрем, қасірет хабарын
Жеткізем сұмдық тамамын.

Ш ы м ы л д ы қ.

Соңы

В. Шекспир

АСАУҒА ТҮСАУ

Бес актылы комедия

ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР:

- Баптиста—Падуяның бай ақсүйегі.
Винченцио—Пизаның кәрі ақсүйегі.
Люченцио—Винченционың баласы. Бьянкаға гашық.
Петручио—Веронаның ақсүйегі. Катаринаның күйеуі.
Гремио } — Бьянкаға ынтық адамдар.
Гортензио }
Транио } — Люченционың қызметшілері.
Бьонделло }
Грумио }
Кертис } — Петручионың қызметшілері.
Нетеньел }
Джозеф }
Никлас }
Филипп }
Питер }
Педаант }
Катарина, асау } — Баптистаның қыздары.
Бьянка }
Жесір қатын }
Тігіші, саудагер, Баптиста мен Петручионың қызметшілері.
Уақпа Падуяда және Петручионың үйінде болады.

БІРІНШІ АКТ

БІРІНШІ САХНА

Елсіз жердегі трактирдің алдында. Трактирші әйел мен Слай келеді.

С л а й. Бәлем, сойып салам, шын айтам.

Т р а к т и р ш і ә й е л. Кісендер ме еді мұндай сұмдарды!

С л а й. Ой, жемтік! Слай тұқымы сұм болған емес. Шежіреге қара. Біз Ричард¹ жаһангердің өзімен бірге келгенбіз. Сөйтіп paucas palabris² тарта берсін дүние өз жолымен sessa!³

Т р а к т и р ш і ә й е л.

Сындырған стакандар үшін төлемейсіз ғой?

С л а й.

Жоқ. Grosh та бермеймін. Жөнел Иеронимо⁴

Суық төсегіңе жат та жылына бер

Т р а к т и р ш і ә й е л.

Мен табамын сені жөнге саларды.

Барып приставты шақырам. *(Кетеді.)*

С л а й.

Бірстап па, бесстап па, заңмен жауап бере алам.

Мен, жігітім, тапжылмаймын. Келе берсін,

Тілеуің берсін! *(Жатып ұйықтайды.)*

Керней үні. Аңшыларын, малайларын ертіп лорд шығады.

¹ Ричард — деп, Вильгельм деудің орнына қателесіп айтады.

² Испанның сөзін бұзып айтады. Мағынасы: «сөздің қысқасы» дегені.

³ Әй, сықпырт!

⁴ Бір трагедиядағы Иеронимо деген кісі мен Иеронимо әуленіп шатастырып тұр.

Л о р д (I-аңшыға).

Жақсы қара иттерді,
Тазы сорлы қан сорпа,
Резвыйды анау данғойға қос.
Күмісті айтсаңшы, қалтарыста
Қалай ілді, қаңғып кеткен жоқ па еді.
Сатпас-ақпын жиырма фунт берсе де.

I-аңшы.

Батыл айтам, Звондар да кем емес.
Үрмеді ме айрылса да ізінен.
Екі рет тапқан өзі ғой,
Иланыңыз, ең жақсы ит.

Л о р д

Ақмақ! Эхода шабыс бола алса
Ондай иттің онына өзі татыр ед.
Астарын бер, бақыла,
Ертең тағы аң қуамыз.

I-аңшы.

Бұлжытпаймын.

Л о р д

Мынау не? Мас па? Өлік пе? Демі бар ма?

II-аңшы

Демі бар, бірақ арақ жылытпаса,
Бұл төсекте қатып қалса керек ед.

Л о р д

Ұсқынсыз айуан! Шошқадай боп жатысын!
Сұмпай ажал, бейнауыңның жаманы-ай!
Ал осыған бір ойын етсе қайтер ед:
Ақырын ғана төсекке жайлап жатқызса,
Үсті таза, қолда жүзік,
Тәтті тамақ төсегіне кеп тұрса.
Түрекелсе — ливрей киген малай әзір...
Бәлки сонда, таныр ма екен өз-өзіп?

I-аңшы.

Милорд, не дерін де біле де алмас ол мүлде.

II-аңшы

Оянуы сұмдық болар.

Л о р д

Түс деп санар, бос қиял дер.
Кірісіндер, шебер ойын жасаңдар.
Апарыңдар ең бір жақсы бөлмеге,
Айналаға нелер қызық сурет ілсін,
Басына иісмай себіндер,

Хош иіс тұрсын бөлмесінде.
Оянғанда, музыканттар тосып тұрсын,
Балбыраған күйін тартсын.
Ләм десе бір бәрің дағы тағзым ет,
Бүгіліп тұрып бас иіндер,
«Құрметтіміз, не қажет» деп тұрындар,
Гүл ораған шылапшынмен
Біреу жылы су апарсын.
Бірі құман, бірі орамал тосып тұрсын.
«Беті-қолын жуа ма екен, лорд?» десін.
Тағы біреу жақсы костюм әкеліп,
Не киюді тілейді екен деп тұрсын.
Біреу ит пен аттың жайын сөз қылсын,
Әйелінің әр сырқатын, уайым еткен жайын айтып
Талмаурайтын науқасыңыз бар, дендер.
Кім екенін есіне алса — сандырақ деп ұқтырындар.

Өзің анық, асыл лордсың дендер,
Ойдағыдай орындандар, мырзалар.
Тамаша бір ермек болад,
Шектен аспай іс етіндер.

І-а н ш ы

Милорд, бізге сеніңіз, рольді сондай ойнаймыз.
Кім етеміз десек те
Сол болғанға, сендіреміз біз оны.

Л о р д

Ақырын ғана көтеріп апарындар төсекке,
Оянғанда барлық ісі әзір тұрсын.

Слайды алып кетіседі. Керней үні естіледі.

Керней ме бұл? Барып келші, немене?

Малайдың бірі кетеді.

Ақсүйек пе әлде бір,
Қонбақ болған жолаушы ма?

Малай келеді.

Ал, немене екен?

М а л а й

Былай екен, мархабаттым,
Артистер екен, сізге қызмет көрсетпек.

Л о р д

Е, несі бар, ертіп кел.
Актерлер кіреді.

Хош келіпсіз.

I-актер

Тағзым еттік.

Лорд

Қонбақсыз ба біздерге?

II-актер

Онда сізге қызмет етсек не етер ед?

Лорд

Маған ұнайды. А, мынау менің есімде.

Бір жас шаруаны ойнап еді-ау,

Ақсүйек қызын соншалық бір торып еді.

Ұмытыпшын атыңызды, бірақ ролің

Лайық-ақ боп шығып ед.

I-актер

Сото ма екен айтқаныңыз?

Лорд

Я, я. Сен тамаша болып ең.

Дәл кезінде маған кепсіз,

Әсіресе, бір ойынды ойлап едім,

Соған сіздің өнеріңіз сай болады.

Сіздер осында бір лорд алдында ойнайсыз,

Бірақ ойдағыдай шығарсыз ба,

Көре тұра оның етер мінезін?

Ол өмірде театрды көрмеген,

Сіздер күліп жүрмейсіз бе?

Онда ренжіп қалады. Есте болсын,

Күлкі болса кек тұтады.

I-актер

Қорықпаңыз, сударь. Шыдаймыз біз

Қандай қызық лорд болса да.

Лорд *(малайға)*

Қазір ғана апарыңдар буфетке,

Барды беріп қонақ етсін

Түк мұқтажы болмасын.

Малай мен актер келеді

(Басқа малайға.)

Шақырыңдар Бартоломью пажымды.

Әйел қылып киіндіріп

Әлгі мастың бөлмесіне кіргізіңдер.

Ханым деп бәрің құрмет ет,

Тапсырыңдар, маған жағам дер болса,

Өзін байсал ұстасын.

Өзі көрген анық бекзат леди болсын,
Дәл солардың еріне етер мінез етсін.
Анау маспен дәл сондай боп,
Сөз, мінез де нәзік болсын.
Айтар сөзі: «не бұйырар екенсіз,
Көргіш жарың бар бейілмен
Қарызы мен махаббатын ақтамақшы» деп тұр-
сын.

Сөйтіп құшып, сүйіп тұрып,
Кеудесіне басын исін.
Қуанышты жасын төгіп
Күйеуінің жазылғанын шүкір етсін.
Жеті жылдай ессіз болып,
Кедеймін деп жүрдің десін.
Егер әйел мінезіне сала алмай,
Бала жылай біле алмаса,
Сарымсақ та ем болады.
Орамалға түйіп алсын —
Еріксіз-ақ жас төгеді.
Орындашы осыны тез.
Қалған жағын кейін айтам.

Малай кетеді.

Білем, бала оп-оңай
Әйел даусын, жүрісін де келтіред.
Тыңдар ма еді ерім деген кездерін
Малайлардың күлкіден өлер болғанын,
Қарапайым тұрпайыға көнгенін.
Ақыл айтам. Өзім барсам
Қылжақтарын азайтам
Болмаса, шекті білмей кетісер.

Кетеді.

ЕКІНШІ САХНА

Лорд үйіндегі жатын үй.

Жоғарыдан Слай, малайлар келеді. Біреу киім, біреу шылапшын,
құман ұстаған. Малайша киініп лорд та келеді.

С л а й

Құдай үшін бір кружка жеңіл сыра!

І-м а л а й

Бұйырасыз ба, құрметтім? Мынау херес.

II-м а л а й

Бұйырасыз ба, құрметтім? Мынау компот.

III-м а л а й

Қандай костюм әкелуге бұйырасыз?

С л а й Мен Кристофор Слаймын. Мені құрметтім деп те, мархаматтым деп те атамандар. Хересінді тумысымда ішкен емен, ал компот берем десендер, сныр етінен жасаған компот беріндер Және қандай костюм киесің деп сұрамаңдар. Менің арқам қапша болса, кемзалым да сонша, балтырым нешеу болса, ұйығым да сонша, аяғым қапша болса, башмағым да соншалық, сонда да кейде башмағымнан аяғым саны артық боп жүретіні бар, немесе кей башмақтан саусақтарым сорайып жүреді.

Л о р д.

Шатас ойдан бой тартыңыз,

Қасиетті асыл зат.

Дәулет, құрмет иесі,

Былғаныш бір ой ойлар ма!

С л а й. Не дейд? Мені жынды етпексіз бе? Мен тегі Бертон-Хиттағы Слай шалдың баласы Кристофор Слай емеспін ғой? Мен тегі тумысымда жүкші, тәрбиемде жүн түткіш, басыма түскенде аю жетектегіш, бүгінгі кәсібім жез ұстасы емеспін ғой? Уинкоттағы трактир ұстаған жуан қатын Марьен Хеккеттен сұраңыз мен туралы. Сол, мен ішкен ақшыл сыра үшін он төрт пенс аласым жоқ деп танса, онда мені бүкіл насраный қауымындағы ең асқан суайт деңдер. Қалайша? Мен есалаң емеспін: міне...

I-м а л а й

Міне, осыдан ғой ханымның қайғысы.

II-м а л а й

Міне осыдан ғой малайлардың жүдеуі.

Л о р д.

Міне осыдан ғой туысқанның безгені.

Қашырған сіздің шалығыңыз.

О, есіңе ал, мырза, асыл тегіңді,

Өшкен ойды қайта ойла,

Қу маскара түсінді.

Көрші міне: құлдарың тосад әміріңді,

Тек белгі ет — қызметіңе әзір тұр.

Музыка ма тілерің? Чу! Аполлон ойнайды.

Музыка.

Жиырма бұлбұл торда сайрайд.

Ұйықтаймысың, төсек әзір,

Хор қызының мекеніндей
Жар төсегің жаюлы тұр.
Сейіл керек пе? Жолыңа гүл төгеміз.
Атқа мінесің бе? Аттар әзір;
Алтын тұрман жалтырап тұр.
Құс саласың ба? Сұңқар ұшад,
Боз торғайдай. Ит керек пе?
Үрген даусы аспан құшып,
Жаңғырығы жартаста жүр.

I-м а л а й

Аң қуасың ба? Тазы иттерің жосығанда
Бұғы, марал алдын орайд.

II-м а л а й

Сүйетінің сүр ет пе? Міне, сүр ет,
Жағада тұрған Аданиос
Цитерея тығылыпты қамысқа,
Демімен қамыс майысып
Жел ескендей жапырылған.

Л о р д

Әлде сізге Ио қызын көрсетсек пе,
Андаусызда қысылғаннан
Тірі жандай дәл шығыпты.

III-м а л а й

Әлде Дафна көресіз бе, қалың жыңғыл
Аяғынан қан ағызған,
Аполлон көріп қайғы шеккен,
Қан мен көз жас сондай шыққан.

Л о р д

Сен лордсың, сол ғана болмақсың,
Әйелің бар жаннан асқан,
Біздің азған заманда теңдесі жоқ.

I-м а л а й

Сен деп төккен көздің жасы
Сел қылмаса асыл жүзін,
Әлемдегі ең сұлудың өзі еді,
Қазірде де пар келер жоқ.

С л а й.

Мен — лорд, менің қатыным бар ма?
Түсім бе осы, әлде бұрын түс көріп пе ем?
Ұйқыда емен! Естіп, көріп, сөйлеймін;
Мынау иіс, мынау нәзік нәрселер,
Ах, сайтан, мен шынында лордпын-ды.
Жез ұстасы Кристофор Слай дағы мен емес.

Әй, әпкеліңдер көз алдыма қатынды
Үстеуіне бір кружка сыра келсін.

II-м а л а й

Мархабат қып қолды жуар ма екенсіз?
Есіңіздің түзелгені соншалық бір қуаныш.
Бұрын қандай болғаныңыз, ойыңызға түсті ғой.
Ұйқы үстінде он бес жылдай болдыңыз,
Қараңғыда жүрген жандай едіңіз.

С л а й.

Он бес жыл? Я, мейлінше ұйқы қандырыппын.
Сөйтіп, түк сөз айтпаппын ба?

I-м а л а й

Мүмкін бе скеп, суларь? Айттыңыз бірақ бос сөз-
дер.

Осы сәнді үйде жатып
Өзіңізді қуады деп сөйлейсіз,
Сырахана қатындарын ұрсасыз,
Сотқа тартам деп қоясыз,
Сыраны аз құяд дейсіз,
Бірде айғайлап Сайсли Хеккет шақырасыз.

С л а й

Е, рас. Ол сол үйдің қызы ғой.

III-м а л а й

Жоқ, сіз трактир мен қызын дағы көрген жоқсыз,
Бізге атаған көп кісіңіз
Стивен Слай мен кәрі Джон Непс-Сало,
Пигер Терф, Хенри Пимпернель, бірін дағы
көрген жоқсыз,

Тағы талай жанды атайсыз,
Бірақ олар, бұл дүниеде болмағандар.

С л а й.

Ал ендеше жазылғанға, тәңіріме шүкір еттім.

Б э р і

Әмин!

С л а й

Рақмет, саған да теріс болмас-ты.

Малайларды ертіп, әйелше киінген паж кіреді.

Н а ж

Ал, саулығыңыз қандайлық?

С л а й.

Тамаша: тамақ мұнда көл-көсір,
Жә, қатын қайда?

П а ж

Мұндамын, лорд бекзадам, әміріңе әзірмін.

С л а й

Сіз бе қатын, байым деп неге айтпайсың?

Малайларға лордпын мен, сіз үшін байың емес
пе ем.

П а ж

Сіз байымсыз, лордымсыз. Лордсыз және ерімсіз.
Мен болсам кішік, жарыңызбын.

С л а й

Бәсе, солай, ал аты кім мұның?

Л о р д

Мадам. .

С л а й.

Елс пе, жоқ Джен Мадам ба?¹

Л о р д

Бар бекзаттар салтынша мадам ғана атанад.

С л а й

Мадам қатын! Мыналар мені ұйықтадың дейд,
Он бес жылдай түс көрдің дейд.

П а ж

Маған отыз жылдай көрініп ед
Жар төсегінен түңілгелі.

С л а й

Түү, не деген өрескел! Малайлар, бар шығындар.
Мадам, шешін дағы қасыма жат.

П а ж

О, бекзат лорд, кешірім ет,
Бір-екі түн еркіме қой.
Ең болмаса күн батсын да.
Дәрігерлердің бұйрығы еді,
Сізді қайта жаңылар деп есінен,
Қасына жатпа деп еді.
Жайыңызды ойлауыңыз керек қой.

С л а й. Менің жайым ұзақ күтсем ауырлайды. Бірақ
бұрынғы сандыраққа енді қайтып барғым келмейді. Сөй-
тіп қан тамырым қайнағанмен, тоспай болмас.

Малай келеді.

М а л а й

Сізді тәуір дегенді естіп
Актерлер кеп комедия ойнамақ ед.

¹ Слай «мадам» деген сөзді фамилиясы деп есептейді.

Докторлар да тапсырған ғой
Сауық көрсін — ойдан қаны қойылып,
Іші пысса есі ауад деп,
Сондықтан да сәтіменен
Көңіліңізді көтермек ек.
Шерді қуып өміріңізді ұзартад ол.

С л а й

Жарар, мен көндім. Ойнай берсін. Немене өзі
Оразаның ермегі ме, жоқ әлде бір фокус пе?

П а ж

Жоқ, аса қызық зат болад.

С л а й

Ненің заты? Көйлек тігер пұл заты ма?

П а ж

Бұл бір шежіре тәрізді.

С л а й

Жақсы, жақсы! Көрейік! Мадам қатын, қасыма
отыр.
Болсын, не болса да. Тірлікте жастық біреу-ақ.

Отырады, керней үндері.

БІРІНШІ АКТ

БІРІНШІ САХНА

Падуя. Қаланың алаңы.

Люченцио мен қызметші Транио шығады.

Л ю ч е н ц и о

Мақсат еткем жетсем деп
Ғылым бағы Падуяны көрмек боп,
Жайнаған Ломбардия, жеттім саған,
Италия ғажап бағы екенсің.
Әкем ерік берген еді,
Сені өртеуге көнген еді
Сыналған берік қызметшім ең.
Тұрып мұнда сәтті күнде
Қиын ғылым оқуды да бастаймын.
Инабатты адамы көп қасиетті Пизаның
Сонда тұрдым, әкем сонда
Жаһан білген саудагер

Винченцио, Бентиволио тегінен.
Соның ұлы, Флоренция баласы,
Ақтау керек әке үмітін
Байлығына қасиетті таж етсін.
Сондықтан зер салғаным
Философия бір саласы.
Көксейтуғын зор санасы
Бақ тірегі қасиет дейтін.
Қалай дейсің? Пизадан мен кеткенде,
Падуяға келгенде,
Саяздан терең талғаумен
Ғана жұтпақ мақсұт қуа келмедім бе?

Т р а н и о

Кешіріңіз, қымбат мырзам,
Барлық жайға өзіңізше қараймын,
Қуанамын, талмағанға талабыңыз
Тәтті ғылым нәрін көксеп тұрғанға.
Өкінерім жалғыз-ақ, қадірлей тұра
Стоиктер ұлы өсиетін
Дана болмай дара болып қалмаңыз,
Аристотель тыйғанынан тиылып
Жүрсеңіз де, Овидийден жиренбеңіз.
Логиканы достарменен сөз етіңіз.
Риторика қысыр кенес боп қалсын.
Ермек болсын поэзия, музыка,
Ал метафизика сіміріңіз
Сиганынша қарынға.
Сүйкімсізден пайда да жоқ,
Тек сүйген затқа беріліңіз.

Л ю ч е н ц и о

Тамаша айттың, Транио,
Бьонделло мұнда болса,
Орналасқан болар ек.
Жайымыз боп шақырар ек,
Падуяда тың достарды.
Анаң қара, бұ неткен топ?

Т р а н и о

Әлде бізді қарсы алар ма?

Баптиста, Катарина, Бьянка, Гремио, Гортензио шығады.
Люченцио, Транио шеттей береді.

Б а п т и с т а

Қажамандар енді мені, сеньорлар!

Білдіңдер ғой байлауымның берігін.
Үлкен қызға күйеу таппай,
Кіші қызымды мен күйеуге бермеймін.
Егер біреу ғашық болса Қатарина қызыма,
Білгендіктен сіздерді, тыймас едім мынадан да
Қарамай-ақ қояр ем.

Г р е м и о (*шетке*). Қасарып қалсын ол қызың! Қасарман ғой! (*Қатты*) Гортензио зауқың бар ма? Байқасаңшы.

К а т а р и н а (*Баптистаға*).

Немененіз осы мен!

Шырға қылып шабақтарға осындай!

Г о р т е н з и о

Не дейд? Шабак? Сіздей шортан тілемейміз,
Сыпайырақ болыңыз.

К а т а р и н а

Шошымаңыз, сіз, мырзам,
Сізге әуелі пысқыратын кісі жоқ.
Есіне алса тек қана
Орындықпен басыңызға берер ед,
Бетіңізді жексұрындай бояр ед.

Г о р т е н з и о

Сақта құдай, сайтаныңнан мынадай!

Г р е м и о

Сақта құдай!

Т р а н и о

Мырза, қимылы дәл бірінші сорт,
Жыңды ма өзі, ызалы ма, неткен өрт!

Л ю ч е н ц и о

Ал сіңлісінің үнсіздікте көріктісі-ай!
Сыпайылық тәрбиесін танытады.
Ғс-с-с, Транио!

Т р а н и о

Оныңыз рас. Сіз де үндемей көз салыңыз.

Б а п т и с т а

Іске асырам айтқанымды
Қазір-ақ... Бар, Бьянка, үйіңе.
Қынжылма қымбат, Бьянкам:
Бұрынғымнан кем сүймеймін әлі де!

К а т а р и н а

Койдай момын бишара!
Сылтауы жоқ болса да, ағызыпты сорасын.

Бьянка
Менің сорым, бағың болсын, бауырым. (*Баптистаға.*)
Еркінізге бағынамын, сударь.
Музыка мен кітап менің досым болсын,
Жалғыздықта берілейін соларға.

Люченцио
Қалай дейсің, Транио? Минерваның өзі ғой.

Гортензио
Синьор Бапטיста, неге керек бүйткеніңіз,
Өкініш қой, сүйеміз деп Бьянкаға
Еткеніміз залалды.

Гремио
Сайтан үшін
Қамайсыз ба оны, синьор Бапטיста,
Топастығы біреуінің, біреуіне жаза ма!

Бапטיста
Тынышталыңдар, мырзалар. Байлауым сол,
Бар, Бьянка!

Бьянка кетеді.

Жақсы білем сүйетінін
Поэзия, музыканы.
Оқытушы шақырамын үйіме,
Жас күнінде оқып алсын. Гортензио,
Гремио, білсеңіздер оқытарды
Жіберіндер үйіме, білгір адам
Мұнда құрмет, сый көреді.
Тек баламды жетілдірсін,
Қош, Қатарина, сіз қалыңыз,
Бьянкамен сөзім бар.

Кетеді.

Қатарина
Не дейді? Еркі жоқ жан болам ба?
Не дейді? Қыбыр етпес болам ба? Тіпті сонша
Не қылуды білмейтұғын мен бе екем?

Кетеді.

Гремио. Маған десе мәрғау кетіңіз. Қеректігін соншалық. Мұнда бір жан бөгейін деп ойламас. Берекелері аз екен, Гортензио, тегі екеуміз де ораза боп тұра тұрамыз. Бұл алманың сіз жағы да, біз жағы да піспей

түр ғой әзірше. Қош болыңыз. Сүйікті Бьянкаға ынтығым үшін, тілегенін үйретерлік кісі тапсам, әкесіне бөгеместен жіберемін.

Гортензио. Мен де сөйтем, синьор Гремио. Тек жалғыз ақ екі ауыз сөз. Бұрынғы талас екеуімізге ақыл қостырмас болғанмен бір маслихат айтайын, екеуіміздің жайымыз. Ынтық жанға жақындап. Бьяканың оң шырайы үшін таласқан бәсекеміз келісті боп өту үшін, екеуіміз бірігіп әрекет етуіміз керек.

Гремио. О, немене?

Гортензио. Мәлім ғой, сударь, апасына бай табуымыз керек.

Гремио. Бай емес оған сайтан сай.

Гортензио. Бай деңіз, бай!

Гремио. Саятан деймін, саятан. Әкесінің байлығы үшін, осындай саятанды алатын есалаң бар деймісің шынымен, Гортензио?

Гортензио. Қой, Гремио. Оның айғайы мен ашуын біз көтере алмағанмен қазнасына қызығып, кемшілігін түгел көтеріп алатын мейірімді жігіт жоқ деме, тек табу керек сондайды.

Гремио. Әй, білмеймін! Бұл жасау үшін күн сайын базарда дүре жеуге көнгенмен тең ғой.

Гортензио. Әрине, рас: шірік алма арасында таңдау аз. Бірақ енді бөгет бізді дос еткен соң мықтап сүйенісейік. Баптистаның үлкен қызына күйеу тауып, кіші қызына жол ашайық. Сонда екеуіміз қайтадан шекісерміз. Айналайын, Бьянка, сен тиер жан бақытты ғой: кім көмбеге бұрын жетсе, бәйге сонікі. Не дейсіз, синьор Гремио?

Гремио. Айтқаныңыз бәрі рас. Сол апасына қызығып, айттырып, қатын етіп қасына жатар, сорды арылтар ер шықса, соған Падуяның маңдай алды бәйгесін сыйлар ем. Жүріңіз.

Екеуі кетеді.

Транио

Мүмкін бе екен, айтыңызшы шынымен-ақ,
Асықтық сізді жеңгені ме?

Люченцио

Өз басымнан атқармасам,
Сенбес едім өзім де.

Селқос қарап жүргенімде маңайға

Сол селқостан махаббат туып қалыпты.
Енді ашамын бар шынымды,
Саған ашам, басың маған қымбат еді,
Ертеде асық айтқан сырдай
Өртенемін Транио, өлем, өшем
Осы қызды алмасам. Ақылын тап, Транио сен
есебін

Табасың. Жәрдемің бер — сен жетекке аласың.

Т р а н и о

Мезгіл емес, сударь, сізді сөгерлік,
Ұрысқанмен жүрек отын жеңбейді.
Асық болсаң жалғыз ғана айла бар,
«Сор тұтқыннан аз ақымен азат бол».

Л ю ч е н ц и о

Рахмет. Айтшы және. Құлағыма жағады.
Маслихатым; көмекшім.

Т р а н и о

Қызға сонша телміріп қап
Істің жөнін аңғармапсыз.

Л ю ч е н ц и о

Тек шұғыласын тамаша еттім,
Сұлулығы қызындай бар Агенордың.
Тізе бүгіп Криттің бір жағасына,
Юпитердің ұйымаппед тал бойы.

Т р а н и о

Сол ғана ма сезгеніңіз? Ал апасы,
Қандай жанжал салғанын,
Қалай талқан болғанын білдіңіз бе?

Л ю ч е н ц и о

Қыбырлап ед нарттай қызыл еріні
Демінен әсем иіс аңқып ед,
Бір ғажайып бір өзінде тұрғандай.

Т р а н и о

Кой, ауған есті жияйық.
Ояныңыз, сударь! Сүйген болсаң,
Жетпек керек сол қызға. Дұрыс па?
Үлкен қызы албасты екен,
Соны әкесі ұзатқанша,
Сіздің сұлу отырардай түрі бар.
Сол себепті әкесі оны аулақ етпек
Мазасыз көп күйеулерден.

Л ю ч е н ц и о

Ах, Транио, неткен қатал әкесі!

Байқадың ба, жалғыз-ақ бір арманы
Тәрбиеші табуда екен.

Т р а н и о

Байқадым, сударь. Айлапы да тапқандаймын.

Л ю ч е н ц и о

Мен бе!

Т р а н и о

Болды. Қолыңызды, сударь,
Тегі ойымыз табысқан-ды.

Л ю ч е н ц и о

Айтшы сен әуелі.

Т р а н и о

Тілейсіз сіз.
Оқытушы болсам ба деп сол қызға,
Осы еді ғой ойыңыз!

Л ю ч е н ц и о

Қалай дейсің, мүмкін бе?

Т р а н и о

Жоқ. Кім ойнайды сіздің рольді
Винченцио ұлы болад кім мұнда?
Үйге ие боп кім оқиды,
Таныстарды шақырып, кім жүреді қонақта?

Л ю ч е н ц и о

Жә, basta!¹ Тоқта, таптым,
Бізді әлі ешкім көрген жоқ.
Өңімізден танылмайды
Мырза қайсы, малай кім. Мен боламын Транио.
Ие болып орнымды бас.
Малайлар мен шаруаға ие бол.
Мен Пизаның бір кедейі боламын.
Не Неаполь, не Флоренция адамымын.
Айтылды да болды сол. Шешін.
Қалпағым мен плашымды ал,
Бьонделло қызметкерің,
Оның тілін қазір табам.

Т р а н и о

Еркіңіз білсін.

Екеуі киім ауысады.

Әлбетте, сударь, сізге жақсын,
Бағыну менің қарызым

¹ Basta — жетті.

Жүрерде бай тапсырып ед,
«Айтқанын ет баламның», солай деп ед,
Болмаса да дәл мынадай ойында,
Қуанып-ақ Люченцио боламын,
Оны шын сүйгеннен.

Л ю ч е н ц и о

Люченцио өзі де солай сүйгеннен,
Құл боламын жету үшін
Көзім тартқан сол сұлудай арманыма.
Ал, міне біздің бұзық та!

Бьонделло келеді.

Қайда қаңғып кеттіңіз?

Бьонделло. Мен қаңғыдым ба? О нес! Өздерің
қайда қаңғыдың? Жә, мырза, менің досым Транио сізді
тонаған ба, жоқ, сіз оны ма? Әлде кезек тонас па? Айт-
саңыз нетті. Бұ не тамаша?

Л ю ч е н ц и о

Кел, сандалма, әзіл арзан,
Жағдайға үйлес одан да.
Сенің досың мені ажалдан құтқаруға
Қиімім мен атымды алды.
Құтылсам деп мен ол болдым.
Түсе сала кемеден, төбелесте
Кісі өлтіріп, сескенемін сотынан.
Қызметші бол мынаған
Сақтық ойлап жол шегемін мен бұдан.
Ұқтың ба?

Бьонделло

Жоқ, сударь? Жоқ!

Л ю ч е н ц и о

Транио атын ұмыт ендеше
Ол мүлде Люченцио болып тұр.

Бьонделло

Олжалы екен. Мен өзім де болар ем.

Т р а н и о

Ал, шырағым, менің енді мұратым не?
Баптистаның кіші қызын алу ма?
Тек өзіме емес, мырзама
Кісі барда тағзым ет.
Оңашада Транио баяғы.
Бөтен барда — мен мырзаңыз Люченцио.

Л ю ч е н ц и о

Ал жүрейік, Транио,
Сен істейтін тағы да бір іс бар екен.
Сен де мына ынтықтардың бірі бол.
Неге дейсің ғой?
Оған мықғы себеп бар.

Кетіседі Жоғарыда актерлер сөйлеседі.

І-қ ы з м е т ш і. Милорд, қалғисыз ба? Пьесамен жү-
мыс жоқ.

С л а й. Жоқ, жоқ, Анна атымен ант еттім. Сұмдық
жақсы. Әлі ұзақ па?

П а ж. Жаңа ғана басталды ғой, милорд?

С л а й. Аса бір тамаша, Мадам қатын, тек тез бітсе
екен.

Отырып қарай бастайды.

ЕКІНШІ САХНА

Падуя. Гортензио үйінің алды.
Петручио мен қызметші Грумио шығады.

П е т р у ч и о

Веронаға мен әзірше қош айттым,
Падуяда достарымды көрмекпін.
Әсіресе, берік досым, Гортензио.
Мынау соның үйі ғой,
Әй, бұзық Грумио, соқ деймін!

Г р у м и о. Соғам ба, сударь? Не деп соғам? Сіздің
жақсылығыңызды қайтіп қиямын!

П е т р у ч и о. Надан! Соқ деймін мен, нығытып.

Г р у м и о. Сізді соғам ба, сударь? Сударь, сізді ұра-
тын кім едім мен?

П е т р у ч и о

Надан! Соқ деймін есікті.
Болмаса, басың татар нәсіпті.

Г р у м и о

Сіз ғой — жанжалқой? Мен ұрсам ба,
Бұл басымды құртам да.

П е т р у ч и о

Естимісің бұйрығымды?
Болмаса жанжал салармын.
Құлағыңның бар сайтанын қағармын. (*Құлағын
бұрайды*)

Г р у м и о
Аттан! Жынданыпты, мырзам!

П е т р у ч и о
Тындайсың ба, бұзық найсап?

Гортензио шығады.

Г о р т е н з и о. Бұл не? Немене? Ескі досым Грумио,
ескі досым Петручио! Не боп жатыр Веронада?

П е т р у ч и о
Гортензио, арашаға келдіңіз бе?
Көргеніме қуанамын өзінді!

Г о р т е н з и о
Қош келіпсіз, құрметті синьор Петручио.
Тұр Грумио — көріс арты келісетін.

Г р у м и о. Мұндай іске бөтен тілдің емі жоқ, сударь.
Қызметінен босауға анық сылтау емес пе? Білесіз бе,
сударь, бұ кісі өзін қатты соқ дейді. Отыз жерден отыр-
са да мырзасын малай ұрса не болмақ?

Эттен, бірақ, соқсам етті,
Басым аман шықсам нетті.

П е т р у ч и о
Мисыз меңіреу! Гортензио,
Есік қақ деп бұйырған ем бұзыққа,
Айтқанымды өткізе алмай тұрғаным.

Г р у м и о
Есік қақ деп! Ой, тоба, ап-анық қып айтпап па
Едіңіз «оңбаған, соқ мені, соқ мені жақсылап,
Соқ мені нығыта» деп. Енді келіп есік қақ дегені
несі.

П е т р у ч и о
Ақым сол — тай да былай, ауыз жап!

Г о р т е н з и о
Тименіз, мен кепілмін.
Бір жаңсақтық болған ғой
Екеуіңіздің араңызда.
Не қандай жақсы желдер есіп
Веронадан сіз досымды келтірген?

П е т р у ч и о
Жасты қуар жел қаны
Бақ іздеуге қиырдан,
Орайсыздан. Қыл қысқасы,
Синьор Гортензио, жайым сол
Әкем өлді Антонио.

Мен бытқылға батыл кірдім.
Ебін тауып, бакыт тауып үйленбекпін.
Қалтада кроп, үйде мүлік.
Кезбек болдым жаһанды.

Гортензио

Егер сөзді шұбатпастан
Атасам қайтед бір асауды,
Алған үшін зарлағандай?
Кепіл болам байлығына,
Бай қалыңдық. Әй, досымсың, жалғыз-ақ теңін
емес.

Петручио

Гортензио, біз достармыз,
Келісеміз сөзсіз-ақ. Көзі жетсе
Байлығының сайлығына,
Ақша менің әнім сәні
Сұмпай болған қатынындай флоренттің
Мыстаннан да кәрі болсын, долы болсын.
Қсантиппа, қатынынан Сократтың, оңбаса да,
Байлауымды бұза алмайды.
Айнымаймын — туласа да,
Асау теңіз толқынындай.
Бай қалыңдық байы болам,
Бақ иесі боламын.

Грумпио. Көрдіңіз бе, сударь, ойын ірікпей айтып тұр. Алтынын мол берсеңіз — қуыршақ болсын, тіпті істік темір болсын, үйленеді бәрібір. Аузында бір тісі жоқ лақса болсын, тап өлу — көтерімнің дерті болсын бір басында пысқырмайды бәрібір, тек пұлы болсын.

Гортензио

Біз екеуміз лағып кеттік,
Бұл әзілді шын айтайын,
Петручио, айттырайын мен саған.
Өзі сұлу бай қызын
Ақсүйекше тәрбие алған.
Бар айыбы, зор айыбы
Мінезі бар пәлендей,
Асаулық пен қыңырлығы соншалық.
Мысал менің басыма апат жетсе де,
Алмас едім алтын өзен төксе де.

Петручио

Үнсіз, алтын күшін білмейсің,
Әкесі кім — болды маған.

Қарсы бастым — қаптай берсін
Күзгі соққан дауылдай.

Гортензио

Әкесі оның Баптиста Минола,
Инабатты ақсүйек.
Қызы болса Қатарина Минола
Зәрдей тілі елге аян.

Петручио

Әкесін білем, өзі емес,
Марқұм атам айтушы ед.
Қызын көрмей ұйқы көрмен
Кешіріңіз кінәмды,
Қазір кетем қасыңыздан
Бірге жүрмес болсаңыз.

Грумио. Өтінейін, сударь, бара берсін бетімен. Осы сөзім ұмытпаңыз, ол қыз мұны мен білгендей білсе, бұған ұрыс дарымасын тез таныр. Маған десе жүз қайтара оңбаған де, селт етпейді. Ал өзі ұрысты бастаса, құлдилата құлатад. Иланыңыз, сударь, мұнымен байланысты ма, сондай әлем тақсын да, сондай ұрыс бастасын кеп, ол қыздың ажарынан түк қалмас та, жарық дүниеге жаңа туған күшіктей боп мәңгіре қарар. Сіз мұны білмейсіз, сударь.

Гортензио

Тоқта, Петручио, мен де барам,
Менің де қазынам сол жерде.
Жан жарығым қамауда,
Кіші қызы нұр Бьянка
Жасырулы менен де,
Бар жастан да таласқан.
Қиындығын білген соң,
Жаңағы айтқан айыбы бар
Үлкен қызын ұзатудың,
Сондай тәртіп орнатыпты
Бьянкаға жан жуытпай.
Ұзатпақшы Қатарина қуарғанды.

Грумио

Қатарина қуарғанды,
Иә, қызға бұдан сұм ат болмас.

Гортензио

Сен, досым, бір еңбек етсең,
Мен жұпыны киінейін, Баптистаға

Зор күйші деп апар мені,
Бьянкаға молдалыққа.
Мүмкіншілік сонда табам
Еркімменен айналдырып
Оңаша қолға алам.

Г р у м и о. Бұл осалдық емес пе? Үлкенді қалай ал-
дамақ, жастар қалай жымдасады?!

Гремио мен кітап ұстап бөтеп киім киген Люченцио шығады.

Мырза, мырза, бері қараңыз. Мышалар кім, ә?

Г о р т е н з и о

Ақырын, Грумио, бұ менің бақталасым.
Петручио, кетейік.

Г р у м и о

Иә, махаббатқа дәл өзі екен!? *(Олар шетке кетеді.)*

Г р е м и о

Болды бәрі. Бар тізімді қарадым.
Тыңдаңыз тек, түптетіп тұрып беріңіз,
Оқытыңыз тек ашықтық кітабын
Басқа оқуға алданбасын.
Ұқтыңыз ба осыны?
Баптистаның төлейтұғын
Ақысының үстіне
Мен де сыйды аямаспын. Барлық мына кітапты
Иіс майлаңыз шетінен
Бұған тиер саусақтың
Теңі жоқ. Нені оқисыз әуелі?

Л ю ч е н ц и о

Көздейтінім пайдаңыз,
Сеніңіз маған әміршім.
Сізді өзімдей ойлармын
Мүмкін сезім әсері
Артық болар сіздің шала білімнен.

Г р е м и о

Білім — ғажап іссің-ау!

Г р у м и о *(шетке)*

Жұдырық, сен тамаша күшсің-ау!

П е т р у ч и о

Үн қатпа!

Г о р т е н з и о

Тсс! Грумио! Сәлем, синьор Гремио!

Г р е м и о

Құп келіпсіз, синьор Гортензио,
Мәлім болсын, Минолаға барғаным.
Уәде қып ем таппаққа
Нұр сипатты Бьянкаға молданы.
Сәті келіп табылып тұр, мінеки,
Сыпайы да ғалым жас.
Тілегендей: бек білгені поэзия,
Өзге жақсы кітаптар да біледі.

Г о р т е н з и о

Маған да бір танысым
Жақсы музыкант таппақ еді,
Сол сұлуды оқытқандай
Мен де қарап қалғаным жоқ,
Құрметіне Бьянканың өзім сүйген.

Г р е м и о

Өзім сүйген — ісім баян етеді.

Г р у м и о (*шетке*)

Қалтаң баян етеді.

Г о р т е н з и о

Мезгіл емес махаббатпен мақтанар.
Айтайын мен тыңдасаңыз,
Екеуімізге зор жаңалық:
Тауып тұрмыз ақсүйекті
Бізге пайда келтіретін еркімен
Айттыратын Катарина долыны
Байлық тисе — үйленетін.

Г р е м и о

Тамаша ғой, етер болса дегенін,
Айттыңыз ба қыз мінін?

П е т р у ч и о

Ұрысқағын, долысын да білемін,
Бұйым емес, сол-ақ болса айыбы.

Г р е м и о

Солай ма? Тамаша. Қай жерліксіз?

П е т р у ч и о

Веронадан, әкем аты — Антонио.
Ол өлген. Мұрагермін, ортақ жоқ:
Жасамақпын шексіз көп!

Г р е м и о

Мүмкін бе екен дәл мынадай қатынмен.
Тісіңіз батса — жолды оңғарсын.
Көмекшіге мен барынша әзірмін,

- Сөйтiп аласыз ғой қатердi?
Петручио
Алатыным тiршiлiк.
Грумио (*шетке*)
Алады оны — қыздың соры!
Петручио
Тек келдiм бе мен мұнда?
Шаң-шұңға мен сескенбеймiн,
Естiмеп пе ем арыстанның бақырғанын.
Құтырған толқын көрмеп пе ем.
Көбiк атып ұмтылатын қабандай?
Қан майданда көрменпiн бе атысты?
Аспан атқан эсцiрегiн бiлмеп пе ем?
Демiн тартып тыңдамап па ем мен талай
Кетер қайнап, керней ойнап, кiсiнеген аттарды?
Айтқандарың айғайы ма қатынның?
Ол қазанда тырсылдаған бұршақ қой
От қызғанда шытырлайтын.
Құбыжық деп үркiтiндер баланы.
Грумио
Қорқақ кiсi бұл емес.
Гремио
Байқадың ба, Гортензио!
Дер кезiнде келiптi.
Өзiнiң де бiздiң тағы бағымыз.
Гортензио
Мен шығынға ортақпын,
Тойдың қамын бiз алайық.
Гремио
Мен де ризамын, тек үйленсiн.
Грумио (*шетке*)
Мен сенемiн, ас сай болсын.
Жақсы кiнiнген Траннио шығады, қасында Бьонделло.
Траннио
Қайырлы сәт, мырзалар. Өтiнейiн сiздерден:
Болмаса айып айтыңызшы
Үйi қайсы Баптистаның?
Бьонделло
Әлгi екi сұлу қызы бар ма? Сол ғой ойдағыңыз?
Траннио
Дәл сол, Бьонделло.

- Г р е м и о
Қай қызы екен ойдағыңыз?
- Т р а н и о
Қызы ма әлде өзі ме, сізге тимес соққанамыз?
- П е т р у ч и о
Долысына тимеңіз — шартым сол.
- Т р а н и о
Долысына зауқым жоқ — сырым сол.
- Л ю ч е н ц и о (шетке)
Жаман емес, Транио.
- Г о р т е н з и о
Ниет қалай:
Келесіз бе, сіз де қызды жағалай?
- Т р а н и о
Қайтуші еді, солай болса?
- Г о р т е н з и о
Түк етпейді, табаныңыз таяр болса.
- Т р а н и о
Көше бойы кең емес пе:
Сізге де бір, маған да.
- Г о р т е н з и о
Рас, тек ол түсінбейді егеске.
- Т р а н и о
Ол қалайша, айтыңыз?
- Г р е м и о
Мен айтайын мәнісін,
Көңіл етед ол қыздан, синьор Гремио.
- Г о р т е н з и о
Оны және таңдаған синьор Гортензио.
- Т р а н и о
Сабыр, мырзалар! Сіздер бекзатсыздар ғой
Тыңдаңыздар дәлелімді менің де,
Баптиста шын ақсүйек.
Әкемменен таныс еді ескіден,
Қызы тіпті мұнан дағы сұлу болсын,
Қызыққандар талай болсын, ортасында мен бол-
мақпын,
Еленаға мындар ынтық болғандай,
Мың бір жігіт қызықса да Бьянкаға
Люченцио туын жықпас,
Парис келіп таласса да тайқып шықпас
- Г р е м и о
Мынау біздің бәрімізді түрмесін!

Люченцио

Ерік берсең әлі талай есіп берер.

Петручио

Осы сөздің не мәні бар, Горгензио?

Горгензио (*Траниоға*)

Жөн сұрайын сізден, мырза:

Көрдіңіз бе сол қызды?

Транио

Жоқ. Бірақ екеу деп есіттім

Бірі шайпау тілді дейді.

Екіншісі сыпайы да сұлу дейд.

Петручио

Алғашқыға тименіз — ол менікі.

Гремио

Ол қайратты Геркулеске қояйық,

Мың пәледен сол қиын.

Петручио

Менің сөзім ұқсаңдаршы, мырзалар.

Сіздер мұнда қиталасқан сұлуға

Әке бүгін жолатпайды жігітті.

Атамайды біреуіңе,

Ұзатқанша апасын,

Кіші қызға кезек жоқ.

Транио

Ендеше сіз болсаңыз

Бәрімізге, маған дағы көмекші,

Мұзды жармақ міндет алған болсаңыз

Алыңызшы апасын, кіші қызға

Жол ашып. Кім алса да соңғысын

Қарыздар болсын **бір сізге.**

Горгензио

Көңіл жақсы, сөз де жақсы;

Бірақ сіз де күйеу бопсыз

Ендеше сый етіңіз

Бұл мырзаның еңбегі үшін.

Транио

Жалтармаймын.— Соның үшін

Кешке бізге келіңіздер.

Сүйіктің саулығы үшін ішейік,

Сотта ұрсатын адвокаттар

Шарапта дос болысқандай.

Груммио

Ұсынысы тамаша. Ал, жүрейік.

Гортензио
Тойлау үшін сәт минутта,
Петручио, сіз болыңыз benvenuto¹

Кетіседі.

Шымалдық.

ЕКІНШІ АКТ

БІРІНШІ САХНА

Падуа Баптистаның үйінде.
Катарина, Бьянка шығады.

Бьянка

Апатай-ау, жер қылмашы өзіңізді,
Тең қылмашы мені күңге.
Қиналамын. Қиын болса,
Босатыңыз қолымды, берейін мен,
Лыпа қоймай өзіме, бар киімім берейін.
Әміріңіздің барлығына көнейін.
Үлкендерге бағынуды білемін.

Катарина

Олай болса айт маған: күйеулердің қайсысы
Саған ыстығырақ? Тек, құбылма?

Бьянка

Иланыңыз, апатай, бәріне де
Қызықпастан қараймын
Таңдағаным жоқ еді.

Катарина

Алдайсың сен, сүмелек. Гортензио ма әлде?

Бьянка

Сізге ұнай ма ол? Тырысайын ендеше,
Сіздікі болсын, апатай.

Катарина

А, сізді байлық тарта ма?
Гремио ойда ма, тұрмақсыз ғой бай болып?

Бьянка

Қызғанасыз ба соны да?
Енді ғана түсіндім: қылжақ қой.

¹ Қадірлі қонақ (итальянша).

Ылғи қылжақ еткеніңіз менмін ғой.
Бірақ, Кэт, өтінемін, босатыңыз қолымды.

К а т а р и н а

Ах, қылжақ па екен? Ендеше мынау да қылжақ па?

Ұрады. Баптиста кіреді.

Б а п т и с т а

Бү нең? Қайдан бүйтіп құтырдың?
Былай тұр, Бьянка. Жылатып қойған!
Ісіңді тік. Байланыспа мұнымен,
Ал сен сайтанның тұқымы, ұялсаңшы,
Бұдан қашан жәбір көрдің?
Бір ауыз сөз қарсы айта ма?

К а т а р и н а

Ол мені үндеместен күйдіреді. (*Бьянкаға ұмтылады.*)

Б а п т и с т а

Мен барда ма? Бар, Бьянка!

Бьянка кетеді.

К а т а р и н а

Сүймесіңіз менмін ғой. Білемін.
Ол болса қазынаң. Бай керек оған.
Мен ғой — жалаңаяқ билейін оның тойында
Кәрі қыз боп маймыл ертіп жүрейін.
Уа, қойыңыз. Отыра қалып осыдан
Сізден барлық өш алғанша жылайын.

Кетеді.

Б а п т и с т а

Менен де сорлы болды ма екен?
Мыналары кім екен?

Гремио, Люченцио, Петручио шығады. Музыкант боп Гортенцио келеді. Траннио, Бьонделло кітап, керней ұстап келеді.

Г р е м и о. Сәт болсын, көрші Баптиста!

Б а п т и с т а. Сәт болсын, көрші Гремио. Есенсіз бе, мырзалар.

П е т р у ч и о. Өзіңіз ше, синьор? Сізде сұлу қыз бар ма, Катарина дейтұғын?

Б а п т и с т а. Қызым бар, синьор, Катарина дейтұғын.

Г р е м и о. Шұғыл кеттіңіз. Рет керек қой.

Петручио

Керек емес, Гремио, бөгетің. Қойыңыз.
Веронадан боламын, ақсүйекпін.
Қанық едім сұлулық пен ақылына
Биязылық, сыпайылық барына,
Нұр сипатты, момын дейді,
Ойда жоқтан келгенім сол
Өзім танып білейін деп
Жетіп жатқан көп лақапты.
Таныстықтың басы болсын,
Малайымды танытайын. (*Гортензионы таныстырады*)

Музыка мен есептің бұл маманы
Қызыңызды жат көрмейтін сол өнерге
Жетілтеді бұл адам.
Алмасаңыз — ренжір едім,
Мантуандық, аты Личио.

Баптиста

Көргеніме қуанамын, өзіңіз бен мұны да.
Ал, Катарина, меніңше,
Айтпасыма болмайды, сізге қол емес.

Петручио

Байқауымша айрылуға қимайсыз,
Әлде мен ұнамай тұрмын ба?

Баптиста

Жоқ, жоқ. Ойдағымды айтқаным ғой,
Кім едіңіз, синьор? Атыңыз кім?

Петручио

Атым Петручио, Антонио ұлымын,
Әкем мәлім Италияда.

Баптиста

Маған да мәлім. Ұлына — менің құрметім.

Гремио

Петручио, берсеңізші бізге де бір
Тілектестік үн қатуға.
Оңбайын, сіз асығып барасыз.

Петручио

Кешіріңіз, дос Гремио, біткені еп қой!

Гремио. Бірақ сізге бөгет көп қой. (*Баптистаға.*)
Көрші, нық сенемін, мынау сізге жайлы сый. Ілтипаты-
ңызға көп қарыздар мен едім, соған орай құрмет тұтып,
Реймсте көп оқыған мынау жас білімпазды ұсынбақпын.
(*Лючензионы таныстырады.*) Грек, латынь тіліне жеткі-

лікті, ана кісінің музыка мен есепке жетіктігіндей. Аты Камбио, өтінемін, қабыл алыңыз қызметін.

Б а п т и с т а. Зор рахмет, синьор Грәмио. Хош келдіңіз, жақсы Камбио. (*Траниоға*) Ал, сіз құрметті синьор, тегі жолаушысыз ғой. Рұқсат болса, сапарыңыз мақсаты не?

Т р а н и о

Батылдығым кешіріңіз, синьор,
Жолаушы боп жүрсем де,
Сізге келдім күйеу болмақ ниетпен
Қасиеті асқан нақ сұлу Бьянкаға
Маған мәлім байлауыңыз
Үлкен қызды ерге ұзатпақ болыпсыз
Жалғыз ғана өтінерім
Туысымды біліп, қанып
Өзгелердің қатарына қоссаңыз,
Назарыңыз, бейіліңіз берсеңіз.
Қыздарыңыз тағлымы үшін
Мынау аспап ұсынамын,
Және грек, латынь кітаптары.
Алсаңыз — құны асқаны.

Б а п т и с т а

Атыңыз Люченцио ғой? Қай жерденсіз?

Т р а н и о

Пизаданмын, синьорым. Винченцио ұлымын.

Б а п т и с т а

Пизада ол ұлы адам. Естуім бар,
Білемін. Хош келіпсіз. (*Гортензиоға*)
Алыңыз сырнайды. (*Люченциоға*)
Сіз кітапты алыңыз.
Көрерсіздер шәкірттерді
Әй, кім бар анда?

Қызметші келеді.

Мырзаларды ертіп бар
Бөгеместен қыздарыма. Екеуіне айт.
Оқытушы, күтіп алсын.

Қызметші кетеді, артынан Люченцио, Гортензио, Бьонделло кетеді

Бір азырақ баққа шығып
Содан кейін ас ішейік. Қуанамын сіздерге
Шәк қылмаңыз көңіліме.

П е т р у ч и о

Синьор, шұбалаңға ісім тығыз.

Қудалыққа күнде келер жайым жоқ.
Әкем мәлім, одан міне өзім де,
Мұрагері жалғызымын ғой,
Өсірмесем кеміткем жоқ бар мүлкін.
Қызыңызбен мен үйлессем,
Жасауына не бермексіз?

Б а п т и с т а

Мен өлген соң — жерімнің қақ жартысы мен
Қазір жиырма мың крон алад.

П е т р у ч и о

Менің уәдем, жесір қалса
Одан бұрын мен өліп,
Бар мүлкіме ие етемін.
Тек түгендеп хатқа тізсек,
Берік болса бұзылмастай.

Б а п т и с т а

Ең әуелі сіздің қам,
Ол ұнатсын өзіңізді: барлық түйін осында.

П е т р у ч и о

Е, ол түк емес, иланыңыз,
Қыз қыңыр ма, мен шымырмын.
Екі от келіп тоқайласса,
Жанарын тауысып басылатын.
Әлсіз лептен жалын өрбид,
Қатты желден өшетұғын.
Солмын мен: үстем болам мен одан —
Бала емес — ер боп айттырам.

Б а п т и с т а

Айттыруда жолың болсын,
Бірақ талай ұрыс естисің.

П е т р у ч и о

Шыдай білем. Тұр ғой таулар
Қатты желдер соқса дағы айықпай.

Басы жарылған Гортензио келеді.

Б а п т и с т а

Сізге не болды? Өң жоқ қой?

Г о р т е н з и о

Шошынғаннан өңім қашты.

Б а п т и с т а

Қызым қалай? Музыкаға бейім бе екен?

Г о р т е н з и о

Мен танысам, бейім жағы соғыс болар.

Сырнай емес, найза берсе дәл ексн.

Баптиста

Жоймадың ба сырнай сүймес көңілін?

Гортензио

Қайдан! Сырнайдың өзін жойды мені ұрып.

Тілін дәл бас деп едім.

Саусағын ұстап көрсетіп ем,

Сол-ақ екен, перідей боп

Ақырып кеп: «Тіл ме? Сол ма тіл?» деп

Басыма кеп періп еді сырнаймен,

Жарылған сырнай, киілді де қала берді басыма,

Есім ауып тұрып қаппын,

Масқара боп бажырайып.

Сүмелек деп ұрса келіп жөнеліп ед,

Мисыз музыкант деп сыбап

Талай сұмдық сөздер айтты.

Петручио

Ә, неткен сайтан! Қызық қатын!

Маған тіпті жағып барад.

Көріспекке қатты ынтықпын.

Баптиста

Жә, жарайды, кейімеңіз.

Кіші қызды оқытып көр.

Ол ұғымтал және әдепті,

Синьор Петручио, жүріңіз.

Әлде сізге, қызым Қэтті жіберсем бе?

Петручио

Құп болады — мен тосайын.

Баптиста, Греммо, Траинио, Гортензио кетеді.

Келсін, мен бір қыр бастайын.

Ұрсады ғой — тура айтайын

Үнің бұлбұл үніндей деп,

Қабак түйсе — көзің майда

Майысатын гүлден дейін.

Үндемесе, томсырайса

Ділмарлығың хош тұттым деп

Шешендікке шатпын дейін.

Айдап шықса — алғыс айтып

Сый еткендей болайын.

Тимес болса — неке тойдың

Күнін ата деп тұрайын.

Ал өзі — әні. Петручио, іске бас!

Қайырлы, сәт, Кэт! Солай естіп пе ем атыңызды?

К а т а р и н а

Естіпсіз, бірақ құлақ мүкіс екен.
Айтар атым Қатарина.

П е т р у ч и о

Бекер. Сіздің ат сол Кэт,
Кейде майда, кейде асау Кэт.
Сөйтіп жаһанның Кэт жақсысы,
Тәттінің Кэт тәттісі,
Кэт деген көркем аттысы,
Жұбанышы жанымның — айтарым сол:
Атағынды көп естіп ем,
Момын деген, сұлу деген,
Даңқыңнан өзің артықсын
Жар болам деп соқтығыппын.

К а т а р и н а

Соқтығып? Сәті болсын! Ендеше сол алғаш соққан
Қайта соғып айдап шықсын.
Көрініп тұр: қақтықпа екенсіз.

П е т р у ч и о

Қақтықпаң қалай?

К а т а р и н а

Қаңбақтай дейін.

П е т р у ч и о

Тамаша айттың. Кел, маған мін.

К а т а р и н а

Мінгенге көнбіс есек еді — сіз сол ғой.

П е т р у ч и о

Жүкке көнбіс қатын еді — сіз сол ғой.

К а т а р и н а

Көтерерім мұндай шірік жүк болмас.

П е т р у ч и о

Саған салмақ салмақшы емен,
Білем, жассың, жеңілсің ғой.

К а т а р и н а

Рас жеңілмін, сендей жынға ұстатпаймын,
Салмағым сай болса да.

П е т р у ч и о

Сен арадан да жеңілсің.

- К а т а р и н а
 Сен байғыздан да ақымақсын.
- П е т р у ч и о
 Әй, байқа, көгершінді ол да ілетін.
- К а т а р и н а
 Көгершін де оны ұратын.
- П е т р у ч и о
 Жә, жетті, сонадай тым-ақ долы екенсіз.
- К а т а р и н а
 Сона болсам, шаққанымнан сақтаныңыз.
- П е т р у ч и о
 Қайтып уытын жұлып алайын ба?
- К а т а р и н а
 Сендей ақымақ, онысын да таба алмас.
- П е т р у ч и о
 Қайда екенін кім білмейді оның уытын. Құйры-
 ғында.
- К а т а р и н а
 Жоқ, тілінде.
- П е т р у ч и о
 Кімнің тілінде?
- К а т а р и н а
 Сенің тілінде, құйрық деп сандалған. Қош.
- П е т р у ч и о
 Не дейді, менің тілімде сенің құйрығың ба?
 Қой, байқа, шырақ. Кэт, мен ақсүйекпін.
- К а т а р и н а
 Байқайықшы, кәнеки. (*Ұрады.*)
- П е т р у ч и о
 Оңбайын, төбелесе бастасаң — қағып жіберем.
- К а т а р и н а
 Абыройдан айрыларсың:
 Мені ұрам деп, ақсүйек атты жоярсың,
 Оны жойсаң абырой да жоқ.
- П е т р у ч и о
 Абыройлылар тізіміне мені-дағы қоссаңшы.
- К а т а р и н а
 Телпегінде немене? Айдары ма қораздың?
- П е т р у ч и о
 Сен тауық бол, мен айдарсыз болайын.
- К а т а р и н а
 Жоқ, маған сай қораз жоқ. Үнің жайсыз.

- Петручио
Жә, жетті, Кэт, жидіген нес?
- Катарина
Жидіген көрсем сөйтуші ем.
- Петручио
Мұнда шірік дәнене жоқ, сылтау ғана.
- Катарина
Жоқ емес, бар, бар.
- Петручио
О қайда?
- Катарина
Амал бар ма, айна жоқ.
- Петручио
Мен дейсіз бе?
- Катарина
Жас та болсаң тапқырсың.
- Петручио
Ант етейін, сіз үшін мен, тіпті жаспын.
- Катарина
Көнелеусіз.
- Петручио
Жұмыстан ғой.
- Катарина
Онда менің жұмысым жоқ.
- Петручио
Кетпеніз, Кэт, мына күйде кетпеніз.
- Катарина
Ыза қылам, кетейін де.
- Петручио
Атамаңыз. Сізді сондай тәтті көрдім.
Маған сізді тасыр деп ед ұрысқақ —
Бақсам бәрі жалған екен,
Сен қызықсың, сыпайысың,
Сөзің баяу, бірақ гүлдей нәзік екен:
Түйілген мен бұртиғанды білмейсін.
Кей долыдай ернінді де тістемейсін.
Қияс сөзге зауқың жоқ,
Күйеулерге сыпайысың,
Тәрбиелі тағзымменен қабылдайсың.
Оттаған нес әлі маған Кэт ақсақ деп?
Бос былшыл! Кэт теректей сымбатты,
Түзулігі бұтақтай! Қаралығы жаңғақтай,
Бірақ дәні одан да артық.

Жүрші былай, көрейін. Сылғмайсың ғой?

К а т а р и н а

Ақымақ, бұйрығыңды құлына айт.

П е т р у ч и о

Көрік бермес Диана да тоғайға,
Мынау жайға Кэт жүрісі бергендей,
Дианасы сен боп, Кэт болса Диана,
Кэт ләззәт, Диана тентек болар ед.

К а т а р и н а

Осы шешендікті қайдан үйренгенсіз?

П е т р у ч и о

Ойдан шығад: ақылым шешеме тартқан.

К а т а р и н а

Данышпан екен. Ұлын есуас етіпті.

П е т р у ч и о

Немене, ақылсызбын ба?

К а т а р и н а

Қыздыра түссін ақылыңыз.

П е т р у ч и о

Шын қыздырар төсегің ғой өзіннің
Одан да доғарайық былшылды.
Тура айтайын. Әкең көнді.
Бермек болды, жасауға да келістік.
Не қылсаң да мендіксің.
Ал мен бе, Кэт, өзіңе сай бай болам,
Шүкірлік етем сені көрген сәтіме,
Дидарыңа ынтық болдым,
Менен өзге ешкімге де тимейсің,
Мен туғанмын асау Кэтті
Үйретпекке жуас Кэт қып.
Қолбала Кэт боласың,
Әне әкеңіз. Мөңкімеңіз,
Катарина, қатын етпей қоймаймын.

Баптиста, Гремио, Транио келеді.

Б а п т и с т а

Жә, қалай, Петручио, келіс қалай қызыммен?

П е т р у ч и о

Қоюшы ма ек келіспей?
Текке асықты дейсіз бе?

Б а п т и с т а

Жә, қызым, Катарина, сіз ренжисіз бе?

К а т а р и н а

Қызым дейсіз және шындап,
Әке болып қам ойлаумен,
Есуасқа айттырыпсыз,
Бас кесер бір есер ғой
Адырандап жеңем дейтін!

П е т р у ч и о

Әке былай: бәрлеріңіз
Бұл жайында тек жатыпсыз,
Қыңырлығы дұшпан көзі,
Шынға келсе, момындығы көгершіндей,
Қызу емес, таңдай салқын,
Шыдамы десең Гризельде,
Тазалығы Лукреция барабар.
Ақыры біз табыстық та
Жексенбіге тойды ұйғардық.

К а т а р и н а

Жетпей желкен үзілер.

Г р е м и о

Петручио, ұқтың ба: желкен деп тұр.

Т р а н и о

Солай ма еді! Оңбадық қой тағы да!

П е т р у ч и о

Сабыр, сабыр, мырзалар. Байлауымнан қайту
жоқ.

Ақың бар ма, ырзалассақ екеуміз?

Екеуміз бір байлау еттік,

Кісі барда бұрынғыша болмақшы.

Тек сеніңдер бір ғажапқа

Маған сондай ашық болды. О, рақат!

Құшағын артып мойныма, тынбай

Сүйед, сертін беред —

Лезде өзімді елтітті,

Баласындар, білгейсіндер,

Сайтан қызды сәтте ұйытад,

Оңаша барса бар жігіт!

Қолыңды бер, Қэт, Венецияға жүремін,

Тойға киер киім сатып аламын.

Әкей, қонақ жайын сіз ойлаңыз,

Сенімім зор, елден асқан Қэт болад.

Б а п т и с т а

Айтарым жоқ. Қолдарыңды беріңдер

Тәңір ісін! Іс бітті!

Т р а н и о, Г р е м и о
Амины! Біз куәміз.

П е т р у ч и о
Ал, әке, қатын, синьорлар, кош,
Венеция барамын. Уақыт тығыз.
Жүзік, сырға, әшекейлер аламын
Жә, Кәт! Сүй бетімнен. Жексенбі күні тойың ғой!

Катарина, Петручио екі жаққа кетіседі.

Г р е м и о
Коллы қалай тез соғысты.

Б а п т и с т а
Мен саудагер болдым-ау,
Асығып сатар пұт малын.

Т р а н и о
Өтпей тозған пұл бар ед,
Енді ондаса пайда аласыз.

Б а п т и с т а
Ойдағыдай тынса болды — пайда сол.

Г р е м и о
Соған бетгеп келеді ғой,
Ал, кіші қыз қалай, Баптиста?
Сарғая күткен біздің де күн туды ғой.
Көршінізбін, мен күйеудің алдымын.

Т р а н и о
Бьянкаға менің етер құрметіме
Сөз жетпестей, ой олақтай.

Г р е м и о
Шикі жассың, нәзік сезім білмейсің.

Т р а н и о
Қартайғанда мұздайтұғын бар сезім.

Г р е м и о
Өртейтұғын сендейлер.
Жоғал, желқуар! Шалға тисе тоқ болад.

Т р а н и о
Жо, жасқа тисе шат болад.

Б а п т и с т а
Тоқтаңыздар, синьорлар: мен төрелік айтайын
Іске қарай сый болад. Бьянкаға жесір қалса,
Кімің артық қазына атайсың —
Соған берем қызымды.
Жә, не бермексіз, Гремнио?

Г р е м и о

Үй қазынам сізге мәлім
Алтын, күміс, жиһаз толы.
Әсем қолда гүл жанатын
Үйім толы тир кілемі,
Ақша толған сүйек сандық,
Бұйым толы көп сандықтар,
Киім, кесте, шымылдықтар,
Меруерт шеккен түрік жастық
Венеция кестесі мен шілтері,
Бәрі де мыс — ас қазаным,
Бапты шаруа. Отарымда
Жүздей сауулы сиырым бар,
Жүз жиырма өгізім тұр
Қалғандары тағы олқы емес.
Жасырмаймын жасым моқсал.
Ертең өлсем — бәрі соған,
Тек тіріде жарым болсын.

Т р а н и о

Тетік сонда. Сөз менікі.
Мен әкемнің жалғызымын:
Қызыңызды сіз берсеңіз
Меншігіне төрт үй берем
Бай Пизада — әрбір үйі
Артық түсед Гремио үйінен
Және жылда екі мың
Доход алад жер түсімі.
Ал, Гремио, көктеп өткен жоқпын ба?

Г р е м и о

Екі мың доход жыл сайын,
Жоқ менің жерім одан сараң.
Бірақ қоса кеме берем,
Портында тұр Марсельдің,
Ал, кескем жоқ па кемемен?

Т р а н и о

Білесің бе, Гремио, әкемде
Үш кеме, екі галер барын,
Тағы дюжина бацасы бар. Бәрін берем.
Нені атасаң екі есе артық соны айтам.

Г р е м и о

Барым бердім. Қалғаным жоқ.
Жоқты берер мұршам жоқ.
Лайық болсам және барым соған.

Т р а н и о

Жо, қыз менікі елге аян ғой,
Уәдеңіз бар. Гремико жеңілді.

Б а п т и с т а

Рас. Атағанда сіздікі көп,
Тек әкеңіз кепіл болса.
Сізге берем; болмаса — ғапу етіңіз.
Ерте өлсеңіз қызым не алмақ?

Т р а н и о

Сылтау ғой. Мынау кәрі, мен жаспын.

Г р е м и о

Е, өлмеуші ме ед жас болса?

Б а п т и с т а

Ал, синьорлар, байлауым сол:
Жетсін алда жексенбі
Қатарина байға тисін,
Содан әрі бір жұмада Бьянканы
Сізге берем, Люченцио, кепіл болса әкеңіз.
Ол болмаса — Гремико, сіз аласыз.
Алғыс айтам екеуіңе. Қош болындар.

Г р е м и о

Қош, көршім.

Баптиста кетеді.

Сескенбеймін сенен мен,
Ақымақ бала! Әкең естен айрылған жоқ,
Барын беріп қартайғанда
Телміретін саған келіп. Масқара ғой!
Кәрі түлкі алдататын жас бала ғой!

Кетеді.

Т р а н и о

Ома қапқыр, көк тұқыл!
Бар козырім берсем дағы
Мен мырзама болыса алам.
Люченцио жалған болса,
Винченцио жалған болмас несі бар.
Міне қызық! Бала әкеден
Туар болса әдетте, мен екеуді тудырам.
Жігіт жолын қудырам.

Кетеді.

Ш ы м ы л д ы қ.

ҮШІНШІ АКТ

БІРІНШІ САХНА

Падуа. Баптистаның үйі.
Люченцио, Гортензио, Бьянка шығады.

Люченцио

Жетті, күйші, шек білгейсің
Ұмыттың ба алған сыйды,
Қатарина қолынан?

Гортензио

Байқа бейбас дүмше би
Күй тәңірісі мұнда тұр.
Өзі мені тандап тұр.
Біз бір сағат күй тартамыз
Келер сағат сізбен кітап оқиды.

Люченцио

Есек әмсе қияс тартад!
Білмеймісің күйдің қашан керегін!
Еңбек бейнет еткеннен соң
Ойға тыныс бермек үшін тартпай ма?
Ғылымға әуел жол беріңіз,
Күйді кейін тербетіңіз.

Гортензио

Мен көнбеймін бұл зорлыққа.

Бьянка

Ренжітесіз сіздер мені,
Ұрыс салып мен билейтін жай үшін.
Шыбық соғар бала емен мен,
Ұзақ күнге сарылатын
Тілегімше оқымақпын.
Дау бітсін біз отырайық
Сіз бізге бір күй тартыңыз.
Біз оқуды бітіргенше, сіз күйлеп те болмайсыз.

Гортензио

Мен болғанда, қоясыз ба оқуды?

Люченцио

Дәмесін өзінің. Бұрай бер — бар!

Бьянка

Біз қай жерге келіп ек?

Люченцио. Мына жерге: «hic ibat Simvis; his est Sigeia tellus; hic steterat Priami regia celsa senis»¹.

Бьянка. Аударыңызшы.

Люченцио. «His ibat»— мен сізге айттым ғой сізге: Simois мен Люченциомын, «his est»— Винченционның баласымын. Пизаданмын; sigeia tellus — сіздің махаббатыңызға жетсем деп киім ауыстырып киіп келдім; «his steterat»— ал анау сізді айттырам деп жүрген Люченцио болса, «Priami»— ол менің малайым Транно; «regia»— мен болып жүр, «celsa senis»— көрі әкеңді алдау үшін сөйтіп жүрміз.

Гортензио. Мен сырнайды күйлеп болдым.

Бьянка. Тындайық! Үсті келмепті.

Люченцио. Алақаныңа түкір де тағы кіріс.

Бьянка. Мен аударам алар ма екем, байқайыншы. «His ibat Simois — Мен сізді білмеймін; «His est Sigeia tellus мен сізге сенбеймін; his steterat Priami — сақ болыңыз, сөзімізді естіп қоймасын; «regia»— асқақ болмаңыз; celsa Senis»— күдер үзбеніз.

Гортензио. Енді күйленді.

Люченцио. Тек асты келмепті.

Гортензио

Асты, асты! Астыртын қу өзің келмепсің; (*Шетке.*)

Сүмелек, өзі сондай асқақ, тасыр!

Құдай ақы айналдырмақ ойы бар

Молда сүрей, көз айырмай бағармын.

Бьянка

Кейін болса білмеймін, ал әзірше сенбеймін.

Люченцио

Иланыңыз сөзіме. Шын Эакид дегені

Бір Аякс емес пе ед атасымен аталған.

Бьянка

Ұстазына сенді де

Болмаса, шәк қылар ем.

Ал, жетті сізге Личио, мен әзірмін.

Өтінемін, сөкпеңіздер, мырзалар,

Екеуіңізге ойнап айтқан әзілге.

Гортензио (*Люченциоға*).

Біз қалып, сіз кетсеңіз де болады,

¹Мұнда Симоис ағатын: мұнда Сигей жері; мұнда кәрі Примнің биік сарайы тұратын. (Овидийдың «Героид» атты дастанынан.)

Үш дауыспен оқымаймыз.

Л ю ч е н ц и о

О, не қылған қаталдық!

(Шетке.) Қетпеймін,

Әдейі байқаймын. Мен білсем

Бұл музыкантсымақ қызға ынтық.

Г о р т е н з и о

Қолға аспапты алмас бұрын

Саусағыңыз басар жерін білдірмекке,

Өнер алдын танытайын,

Гаммаларды тез үйрену әдісін

Анық, дұрыс жайлысын

Өз жолыммен үйретем.

Жазғанымша: мына қағаз бойынша.

Б ь я н к а

Бірақ гамманы мен әлдеқашан білем ғой!

Г о р т е н з и о

Жо, оныңыздан Гортензио басқа үйретеді.

Б ь я н к а (оқиды).

«Мен гамма, жердегі күйдің түбірімін»,

А,— Гортензиомен бірге қапалымын.

В,— О, Бьянка, маған тиші.

С,— Сізге ынтықпын.

Д,— Екі нота бір кілті.

Е,— Рақым ет те жар қылшы.

Осыны да гамма дейсіз бе? Сандырақ!

Бұрынғы жақсы есуас емен,

Түзулікті бұрмалауға салғандай.

Малай кіреді.

М а л а й

Әкеңіз оқу қойсын дейді,

Апаңызбен үйді бірге жайғас дейді,

Білесіз ғой, ертең той ғой.

Б ь я н к а

Сүйікті оқытушылар, қош болыңдар.

Бьянка, малай кетеді.

Л ю ч е н ц и о

Сіз кеткенде, менің де қалар жайым жоқ.

Кетеді.

Г о р т е н з и о

Ал менің сізді бағатұғын жайым бар;

Өзі шын-ақ ашық жанға ұқсайды.
Бірақ, егер Бьянка, ойың сенің осал болып
Болымсызға бой ұрса,
Тапқаныңды ала ғой. Сен айнысаң — сол үшін
Гортензио сақтай алмас бұл пішін.

Кетеді.

ЕКІНШІ САХНА

Падуа Баптиста үйінің алды Баптиста, Греммо, Транио, Катарина,
Бьянка, Люченцио, малайлар шығады.

Баптиста (*Траниоға*).

Атаған күн жетті міне, сньюр,
Катарина, Петручио тойы да
Күйеуден бірақ түк хабар жоқ,
Не дейді жұрт? Масқара ғой —
Жігіт жоқ боп келсе де
Неке қияр әзір болып тұрса да!
Қалай дейсіз бұл сұмдықты?

Катарина

Масқара болған жалғыз мен. Зорлық етіп
Еркімді алып қостыңыз.
Жабайы бір қу немеге.
Айттыруға асықса да, асықпайды алуға,
Айтпап па едім — жынды деп.
Ыржақтаумен сөзді елемейд,
Қызық жігіт атанбақ боп,
Жүз айттырып, күн атап,
Бар қызды жиып бітім қып,
Үйленуді ойға да алмайд.
Енді мені жұрттың бәрі табалап:
«Петручио қатыны еді,
Алмай кетті мұны» десін.

Транио

Баптиста, Катарина, шыдаңыздар.
Олда, алдамайд Петручио,
Жолда бөгет киліккен ғой.
Болғанменен қылжақбас, ол салмақты,
Болғанменен күлдіргі, адал адам.

Катарина

Көрсем етті мен оны.

Жылап жөнеледі, артынан Бьянка мен басқалар да кетеді.

Б а п т и с т а

Бар. Көз жасына ұрыспаймын,
Сендей қияс жан түгілі
Әулие болса сабыр тозар.

Бьонделло келеді.

Б ь о н д е л л о. Мырза, мырза, сүйінші. Тамаша сүйінші, мұндай сүйіншіні естіп те көрген емеспіз.

Б а п т и с т а

Тамаша сүйінші — бұл қалай?

Б ь о н д е л л о

Е, Петручио келе жатса, сүйінші емей немене?

Б а п т и с т а

Келді ме өзі?

Б ь о н д е л л о

Жоқ, сударь.

Б а п т и с т а

Қайда жүр?

Б ь о н д е л л о

Жолда келеді.

Б а п т и с т а

Мұнда қашан жетеді?

Б ь о н д е л л о

Осы жерге менің орныма кеп тұрғанда жетеді.

Г р е м и о

Ал сенің тамаша сүйіншің қайсы?

Б ь о н д е л л о. Жаңа қалпақ, ескі кемзал киген Петручио келеді. Бұтында үш рет жамап киген шалбары бар. Етігінің бірі жамау, бірі құрау. Складтан алған тот басқан ескі сапысы бар, онысының сабы сынған, қабы жоқ бауы да жоқ. Астындағы аты ақсақ, ер-тоқымы ескі, күйе жеген, екі үзеңгі екі түрлі. Атының өзі маңқа, арқасы жауыр, үсті қотыр, қарны қабақтай, аяғы таяқтай, өзі сүріншек, қысқасы ит кемірген қу асықтай. Жүгенінде ауыздық жоқ, тізгіні таспа және үзік-үзік. Айылы алты жерден жамалған құйысқаны барқыт, қатын ер-тоқымынікі, екі жерде қарпы бар, жоғалмасын деп жіппен шандып қойған.

Б а п т и с т а. Қасында кім бар?

Б ь о н д е л л о. О, сударь, малайының сәні атынан бетер: бір аяқта шабата, біреуінде киіз байпақ, бірін

қызыл, бірін көк суыртпақпен шандыған. Қалпағы ескі, оған құс қанаты орнына қырық құрау әлем байлаған. Құбыжық, тура құбыжық дерсін! Дені бұрыс қызметшіге де, не мырзаның малайына да ұқсайтын бір нұсқа жоқ.

Т р а н и о

Әншейін бір қыры шығар,
Болмаса киім бар еді ғой.

Б а п т и с т а. Қай пішінде келсе де жеткеніне қуандым.

Б ь о н д е л л о. Ол мұнда жетпейді, сударь.

Б а п т и с т а. Е, келе жатыр деген жоқ па ең?

Б ь о н д е л л о. Кім? Петручио ма?

Б а п т и с т а. Е, Петручио демеп пе ең?

Б ь о н д е л л о. Жоқ, сударь. Келе жатқан оның аты, ал өзі тапжылған жоқ, сол аттың гана үстінде отыр.

Б а п т и с т а

Е, оның бәрібір.

Б ь о н д е л л о

Куәсі сен Джеми,
Қоямын бір пенни,
Аты мен иесі
Болса да бірден көп
Екіден шын кемі.

Петручио, Грумио кіреді.

П е т р у ч и о

Жә, қайда әлгі біреулер? Үйде кім бар?

Б а п т и с т а

Хош келіпсіз!

П е т р у ч и о

Несі хош болсын!

Б а п т и с т а

Сіз ақсайсыз ба, қалай?

Т р а н и о

Әлде киім ойдағыдай емес пе?

П е т р у ч и о

Жақсы киім тұрса да, киетінім осынау,
Ал қайда, қайда менің, асыл жарым?
Немене, әке, а? Қонақтарың көңілсіз бе?
Неғып маған қадалдыңыз?
Ғажап сұлу ескерткішті көргендей,
Әлде жұлдыз елесі көріне ме?

Б а п т и с т а

Бүгін, сударь, тойыңыз ғой.
Келмей ме деп қамығып ек —
Қазір мынау түріңізге онан сайын күптіміз.
Тастаңызшы, масқара ғой.
Жақсы күнде көз ұялтад.

Т р а н и о

Айтыңызшы, қандай себеп
Қалыңдықтан сізді ұзаққа айырған,
Және неге мұнша түріңіз жат?

П е т р у ч и о

Ішім пысад айтуға, сіздерге де есту азап.
Сертте тұрып жеткенім де болады.
Кешіксем де аз ғана
Оңашада ақталармын,
Әбден ырза боларсыздар.
Жә, Кэт қайда? Көрмегелі көп болды?
Жүрейік те шеркеуге. Жер тығыз ғой.

Т р а н и о

Қалыңдыққа мына ажармен бармаңыз,
Бізге жүріп киіміңізді киіңіз.

П е т р у ч и о

Жок, атамаңыз. Қазір оған барамыз.

Б а п т и с т а

Мына түрмен бармайсыз ғой шеркеуге?

П е т р у ч и о

Дәл осымен барамын. Сөз қысқа.
Киімге емес, маған тиед.
Ол тоздырар қуатымды
Бұл киімдей жаңғырта алсам
Кэт пен маған құп болар ед.
Жә, не деп тұрмын мен оттап,
Жарға барып, сүйіп алып
Танытсамшы еркімді.

Петручио, Грумио кетеді.

Т р а н и о

Сұм киім де себеп болар,
Тілге келсе қойдырайын,
Ауыстырсын той алдында.

Б а п т и с т а

Қайтер екен мен көрейін.

Баптиста, Греммио, малайлар кетеді.

Т р а н и о

Сударь, қыз қоңілі болғанмен де,
Әкесінің бейілі керек.
Айтқанымдай өзіңізге
Кісі керек — кім екені
Қажет емес, тек қана ол
Пизадағы Винченцио болмақшы.
Падуяда сізге келіп,
Болып үлкен сома атасын
Сіз үміттің жемісін жеп
Бьянкаға ойдағыдай үйленесіз.

Л ю ч е н ц и о

Қасымдағы оқытушы
Бьянканы аңдымаса,
Мен жасырып үйленер ем.
Жұрт не десе ол күнде.
Дегенімді сақтар едім.

Т р а н и о

Соның бәрін орындаймыз,
Ойдағыны аламыз
Отырталық Гремио лақса менен
Қырағы әке Минолды да,
Личио күйші сұмды да —
Бәрін де бір сіз үшін, мснің мырзам Люченцио.

Гремио келеді.

Синьор Гремио, шеркеуден келдіңіз бе?

Г р е м и о

Бала күнде мектептен өстіп қашушы ем.

Т р а н и о

Ерлі-зайыпты қайтты ма екен үйіне?

Г р е м и о

Ер дейсіз бе? Ерсі деңіз.

Кім алғанын енді білер қыз бақыр!

Т р а н и о

Өзінен де долы ма? Болмас олай!

Г р е м и о

Нағыз сайтан, басқасы жоқ.

Т р а н и о

Қыз да сайтан, кем бе еді.

Г р е м и о

Ол қозыдай, көгершіндей мынау жігіт қасында,
Тында, синьор: поп келіп

Аласыз ба жұптілікке дегенде
«Е, әрине» деп қарқ етіп, бақыра
Дұға оқып ед, поп қолынан кітап ұшты
Соны алам деп еңкейгенде,
Күйеу келіп теуіп еді,
Поп сонадай ұшып түсті,
Жігіт жұртқа «жарылған жоқ басы күшті» деді
ғой.

Т р а н и о

Қалыңдық қайтты сол кезде?

Г. р е м и о

Қалтырап тұр, ері ақырып
Зекігенде попқа ұмтылып,
Неке қияр біткен соң,
Шарап сұрап алғызып
«Саулыққа!» деп ақырғаны
Кемеде қызып ішкендей.
Содан мускат ала сала
Қоңыраушыға шашып қалды
Бар сылтауы бұл ішкенде
Сілкінтеді сақалын
Қайыршыға ұқсағаны.
Содан қызды мойнынан ап
Шарт еткізіп сүйіп еді,
Шеркеу іші күңіренді,
Ұялғаннан қашып кеттім,
Жұрт та солай қашқан шығар.
Мұндай топас той көргем жоқ —
Ал, музыка ойнады ғой.

Музыка. Петручио, Катарина, Бьянка, Баптиста, Гортензио, қонақтар
келеді.

П е т р у ч и о

Алғыс айтам, қамдарына, достарым,
Асқа отырмақ ойда бар ғой
Тойға істеген тамақ та көп,
Бірақ менің ісім тығыз
Ортаңыздан кетпесіме амал жоқ.

Б а п т и с т а

Япыр-ау, түнге қарсы жүресіз бе?

П е т р у ч и о

Түн болмастан жүруім шарт,
Танданбаңыз. Жұмысымды білсеңіз,

Токтатнастан асықтырар едіңіз.
Алғыс айтам жақсы топқа.
Көрдiңiздер еркiм бердiм
Сабырлы сұлу жарыма.
Үйде қалып саушылыққа iшiңiз,
Мен бөгелмей кетемiн. Қош болыңыз.

Т р а н и о

Өтiнемiз ас iшiңiз.

П е т р у ч и о

Мүмкiн емес.

Г р е м и о

Қатты өтiнем мен сiзден.

П е т р у ч и о

Мұршам жоқ.

К а т а р и н а

Мен де сiзден өтiнем.

П е т р у ч и о

Зор шатпын.

К а т а р и н а

Шатсыз ба мұнда қалмаққа?

П е т р у ч и о

Шатпын сiздiң тiлекке:

Бiрақ өтiнгенмен қалмаймын.

К а т а р и н а

Сүйген үшiн қалыңыз.

П е т р у ч и о

Аттарды тарт!

Г р е м и о

Әзiр, сударь! Аттың бәрiн сұлы жеп қойды.

К а т а р и н а

Ал, мейлiн!

Не десен мен жүрмеймiн

Ертең де сол, еркiмше.

Есiк ашық жолың болсын,

Жорт етiгiң тозғанша.

Мен қаламын асықпаймын.

Таныттыңыз, сiз ойыншы екенсiз,

Әуелден-ақ аштыңыз.

П е т р у ч и о

Абайла, Кэт! Тiлеуiн берсiн долданба!

К а т а р и н а

Долданам сол! Не қылған iс?

Әке, ол жүрмейд, әрине!

Г р е м и о

Ал синьор, енді бұлар іс бастайды.

К а т а р и н а

Синьор, рахым етіп отырындар столға.

Әйелді ақымақ ету оңай,

Қарсыласар күш болмаса.

П е т р у ч и о

Олар сені тындайды, Кэт!

Келінге ықлас беріңдер.

Қызықтап, тойлап есіңдер,

Ішіндер мұның жастығы үшін.

Шаттанындар! Арам болар!

Ал, Кэт болса, бұл менімен кетеді.

Әй, бұртіма, түксиме!

Өз мүлкіме өзім не

Бұл өзімнің үйім-жайым,

Шаруа мүлкім, үй-аспабым,

Өгізім, атым, есегімдей.

Тұр ғой міне — тиіп көрші біреуің —

Пәле жабам, жақындап көр,

Бөгеп көрші жолымды. Әй, Грумио,

Суыр сапыны! Жау қамайды.

Еркек болсаң, бәйбішенді қорғап ал.—

Қорықпа, Кэт, тие алмайды.

Қалқаның мен, мың болса да бөтендер!

Петручио, Катарина, Грумио кетеді.

Б а п т и с т а

Кете берсін! Момын жандар!

Г р е м и о

Енді қалса — өлер едім күлкіден.

Т р а н и о

Мұндай сойқан көрген емен.

Л ю ч е н ц и о

Апаңыз жайлы сіз не ойлайсыз?

Б ь я н к а

Сойқанға сойқан қосылған соң қайтерсің.

Г р е м и о

Петручио Катариінамен ғой.

Б а п т и с т а

Көрші достар, болмаса да

Тойымызда үйленгендер,

Тәтті тамақ толық еді.

Люченцио күйеу үшін сіз болыңыз,
Апасының орнына отырсын бүгін Бьянка.

Т р а н и о

Үйренсін бе қалындықтың халіне?

Б а п т и с т а

Я, я, Люченцио. Мырзалар, столға.

Кетіседі.

Ш ы м ы л д ы қ

ТӨРТІНШІ АКТ

БІРІНШІ САХНА

Петручионың қала сыртындағы үйі.

Грумио кіреді.

Г р у м и о. Ома қапсын болдырған ат, бұзақы бай, батпақ жолдар! Осыншалық дүре жеген, осыншалық арып-талған дәл мендей тап болды ма екен? Мені алдынан от жаға бер деп жіберді, олар келіп жылынбақ. Тез қызатын қол-құман болмасам әлдеқашан еріндерім тісіме жабысып, жүрегім қарныма жабысып қап, отқа қақтап жібітер ем. Енді міне отты үргенде жылынып келем. Мынау аязда мен түгіл, менен денелі кісі де тоңар. Әй, Кертис!

Кертис кіреді.

К е р т и с. Аяздаған дауыспен мені шақырған кім екен?

Г р у м и о. Кесек мұз ғой шақырған. Күдігің болса иығымнан өкшеме шейін сырғанақ теп. Секірет жерін желкем болсын. От жақ, жақсы Кертис!

К е р т и с. Мырзам мен қатыны келе ме, Грумио?

Г р у м и о. Иә, Кертис. Сөйтіп, от, от жақ. Тек су құйма.

К е р т и с. Қатыны қалай, шын тентек пе жұрт айтқандай?

Г р у м и о. Осы аязға дейін сондай еді, Кертис. Бірақ өзің білесің ғой, қыс ер мен әйелді де, айуанды да жасытады. Біздің кәрі мырза мен жас бәйбішені де, мені де жуасытты, досым Кертис.

Кертис. Жоғал, ақмақ мыртесе. Мен бе екен саған айуан?!?

Грумио. Ә, мен мыртесе ме екемін? Рас, сенің мүйізін бір құлаш, мен де оныннан қысқа емеспін. Ал, жағасың ба отынды? Әйтпесе мен бәйбішеге айтам. Ол қазір мырзаның уысында болғанмен, сен оның қолынан ыстық қызметіне салқын сыйлар аларсың.

Кертис. Жөндеп айтшы, жақсы Грумио, дүниеде не боп жатыр?

Грумио. Дүниеде суық соғып тұр, өзіңнен өзге жерде жылу жоқ. Сондықтан — от жақ! Қажетінді істе де, қажетінді ал, мырза мен қатыны өлімші боп жаурап келеді.

Кертис. От жанады қазір-ақ, одан да жаңалық айтшы, Грумио.

Грумио. Ал, «Кіші Джек, кішкентай» жаңалық деген тіпті көп.

Кертис. Жарайды, қойшы, алдамшысың сен сондай.

Грумио. Ал жақ отынды, жаман тоңдым. Қазаншы қайда? Ас әзір ме, үй таза ма, жерге қамыс төселді ме, қоқсық жоқ па, қызметшілер таза киім киді ме; ақ шұлық киіп тойға әзір тұр ма? Стакан мен ыдыстардың ішітисы таза ма? Дастарқан жайылды ма, бәрі ретті ме?

Кертис. Бәрі ретті. Ал енді жаңалық айт.

Грумио. Ең әуелі мәлім етейін, менің атым болдырып, мырза мен әйелі жалп етісті.

Кертис. Біріне бірі ме?

Грумио. Жоқ, батпаққа, содан үлкен малағам болды.

Кертис. Созбасаңшы, жақсы Грумио!

Грумио. Құлағың созшы.

Кертис. Мә, мінеки.

Грумио (*салып қалып*). Мә, мінеки.

Кертис. Бұл малағамды есту емес, сезіну ғой.

Грумио. Ә, сондықтан да ол сезгіш малағам аталады. Ал жаңағы шапалақ сенің құлағыңа ескерту — тыңда дегенім. Енді бастаймын, біз батпақ төбеден асып келе жатыр ек, мырза бәйбішенің арт жағында отырған болатын.

Кертис. Екеуі бір атта ма еді?

Грумио. Онда сенің не ақын бар?

Кертис. Ақым жоқ, атты айтам.

Г р у м и о. Е, айтсаң әңгімені де сен айта ғой. Сөзімді бөлмеген болсаң бәйбішенің аты жығылғанын, оның ат астында қалғанын естір ең. Батпаққа былғанып ол жатқанда, мырзамның ат астында жатқан қатынға қармай, оның аты сүрінгені үшін мені сабай бастағанын естір ең. Әйелдің батпақ кешіп мені арашалағанын, мырзаның боқтық асғына алғанын және бұрын кісіге жалынып көрмеген әйелдің байына жалынғанын естір ең. Менің бақырғанымды, аттардың қашқанын, мырзаның тізгіні үзілгенін, менің айылымды жоғалтқанымды — тағы сондай қызықтарды естіместен қаласың. Ол жаналықтың бәрі ұмытылады, ал сен падап күйінде көрге кіресің.

К е р т и с. Қисышына қарағанда мырза анадан да тентек десенші!

Г р у м и о. Иә, иә, сені мен өзіндей бейбас досың бәрін де ол келген соң татасың. Әй, осы мен неғып әңгімеде тұрмын? Шақыр шапшаң Нетеньел, Джозеф, Никлас, Филипп, Уолтер, Сластен бар, барлығын. Тегіс шаштарын, жылмита тарасын, киімдерін тазартып ықшам болсын. Қарсы алғанда сол тізесін бүксін және, әсіресе, мырзаның қолынан сүйген соң ғана атының құйрығына қол тигізетін болсын. Бәрі әзір ме?

К е р т и с. Бәрі әзір.

Г р у м и о. Мұнда шақыр бәрін де.

К е р т и с. Әй, қайдасындар, естимісің? Сендер мырзаны қарсы алғанда бәйбішеге ой салатын боласындар.

Г р у м и о. Онысы өзінде де бар.

К е р т и с. Е, оны кім білмейді?

Г р у м и о. Сен білмейсің, халық жиып ой салам деп тұрған.

К е р т и с. Мен жиғанда қарыз ада қылмақпын.

Г р у м и о. Ол мұнда қарыз сұрай келмейді.

Төрт-бес малай кіреді.

Н е т е н ь е л. Хош келіпсің, Грумио.

Ф и л и п п. Халің қалай, Грумио?

Д ж о з е ф. Ал, қалай, Грумио?

Н и к л а с. А, дос Грумио?

Г р у м и о. Өзіңіз хош келіңіз. Халіңіз қалай? Сіз қалай? Сіз ше, дос? Ал, осы жетті қарсы алуға! Қалай, нояң жолдастар, бәрі әзір ме? Барлық бұйым ретті ме?

Н е т е н ь е л. Бар нәрсе әзір. Жақында ма мырзамыз?

Г р у м и о. Созған қолың жетеді, аттан түскен болар.
Ал сондықтан.. Арам болар! Ақыры! Үн келеді!

Петручио мен Катарина кіреді.

Петручио

Қайда бұл шайтандар? Жан жоқ тыста.
Түсіретін, ат ұстайтын!
Қайда Грегори, Нетеньел, Филипп?

М а л а й л а р

Мен мұнда. Мен мұнда. Мен мұнда. Мен мұнда!

Петручио

Мен мұнда, мен мұнда, мен мұнда!
Міне, топас найсаптар!
Бұ не? Ықылас жоқ, бейіл жоқ па?
Мана кеткен ақмақ қайда?

Г р у м и о

Мен мұнда. Кеткендегі ақмақ қалпым!

Петручио

Сіз жабайы, топас нас!
Тоғайда тос демеп пе едім.
Мына сұмның бәрін алып?

Г р у м и о

Нетеньел кемзалы жоқ,
Гербиэлдің жыртығы көп,
Қалпағы жоқ Питердің,
Уолтерде қылыш қынсыз.
Әзір екен Грегори, Адам мен Релф,
Өзгелері қайыршыдай
Бірақ бәрі мұнда тосты.

Петручио

Ал сұмпайлар, ас әзірле!

Малайлар кетеді.

(Әндетіп.)

«Бұрын кешкен дәурен қайда?»
Әлгі қайда? Отыршы, Кэт, бәйбіше бол.
Уф, уф, уф, уф!

Малайлар тамақ әкеледі.

Ал, тез бе? Әй, келіңдер, Кэт!
Тарт етікті! Шапшаң, иттер! (Әндетеді.)

«Болыпты бір сорлы сопы
Кезуменен өткен осы...»
Оңбаған, сындырдың ғой аяғымды!
Екіншісін сындырмасқа, мә саған! (Ұрады.)
Кэт, көңілден! Су әпкел! Әй!
Итім Троил қалай?! Бірің барып
Шақырыңдар Фердинандты!
Сіз тапысыңыз онымен, Кэт, бетінен сүйіңіз.
Туфли қайда? Ал суды қашан бересіңдер?

Малай су әкеледі.

Жуыныңыз, Кэт, рахым ет,
Әй, сен найсап Түсірмек пе ең! (Ұрады.)

К а т а р и н а
Байқамады, кейімеңіз.

П е т р у ч и о
Салпаң құлақ айуан! Ақмақ!
Отырыңыз, Кэт! Білем, сіз ашсыз.
Қайсынымыз дұға оқимыз!
Қой еті ме?

І-м а л а й.
Иә!

П е т р у ч и о
Кім әкелді?

П и т е р
Мен.

П е т р у ч и о
Кеуіп қапты. Тіпті бар тамағың күйген ғой.
Қандай төбеттер! Қайда қуарған қазаншы.
Қай бетімен мұны берген
Өстіп қызмет қылмақ па?
Әпкет табак, аяқтарды.

Тамақтарды сахнаға лақтырып, шашады.

Дүлей, меңіреу сұмырайлар!
Я! Ашу ма? Үйретермін бәріңді!

К а т а р и н а
Жаным. ерім, күйзелмеңіз
Мін тақпаңыз — ас дәмді.

П е т р у ч и о
Жок, Кэт, бәрі күйіп, бәрі кеуіп қалған,

Оны жеуге қоспаған-ды.
От төгіліп, ашу туады,
Ораза болдык одан да,
Онсыз да біз ашулымыз,
Күйген, кепкен ет жемей-ақ.
Сабырлы бол. Есесі ертең,
Түнде екеуміз ашығамыз,
Жүр төсекке жеткізейін

Екеуі кетеді. Бірнеше малай кіреді.

Н е т е н ь е л

Питер, көргенің бар ма мұндайды?

П и т е р

Қыз мінезін ем етіп жүр өзіне!

Кертис қайта келеді.

Г р у м и о

Қазір қайда?

К е р т и с

Төсегіне апарып, қанағат жайын үгіттеп тұр.

Ұрсып жатыр, анау байғұс,

Не дерін де білмейді.

Ұйқыдан жаңа тұрғандай.

Жүр кетейік. Тағы келеді.

Кетіседі. Петручио қайта шығады.

П е т р у ч и о

Қожалықты оң бастадым,

Жақсы аяқтар үмітім бар.

Сұңқарым аш, қылпып тұр.

Жемсау толса, көнбес еді,

Шақырғанға келмес еді.

Баулып алам келетін ғып

Шақырғанда сонадайдан

Басылғанша асаулығы,

Сұңқарға ұйқы бермес болар.

Бүгін аш қой, ертең де сол,

Кеше түнде ұйықтаған жоқ,

Бүгін де ұйқы болмасын.

Астан айып тапқандай

Төсекті де сылтау етем.

Лақтырамын жастықтарды

Құс төсек пен көрпелерді!
Сол әбігер барлығын да
Бір өзінің құрметі деп
Ұйқысынан айырам.
Қалғып кетсе байбай салып,
Тұрғызамын үркітіп.
Я, бұл достықпен өлтіру де оп-оңай,
Асауды сөйтіп тұсаймын.
Ұйретудің басқа білсе артығын
Ашып салсын, өнегеге өзгеге.

Кетеді.

ЕКІНШІ САХНА

Падуа. Баптиста үйінің алды. Транио, Гортензио шығады.

Т р а н и о

Мүмкін бе екен, дос Личио, Бьянканың
Люченциодан өзге жанды сүюі?
Мені ондырмай алдады ғой.

Г о р т е н з и о

Айтқаныма айғағым бар.
Оқытқан түрін естіңіз.

Шетке кетіседі. Бьянка мен Люченцио шығады.

Л ю ч е н ц и о

Пайда бар ма сабағымнан?

Б ь я н к а

Сабағыңыз қайсы екен?

Л ю ч е н ц и о

Бар білгенім — асықтықтың сабағы.

Б ь я н к а

Сол ғылымға кәмілсіз бе?

Л ю ч е н ц и о

Иә, жүрегіме өзің кәміл болғандай.

Сахнаның төріне кетеді.

Г о р т е н з и о

Жеңіп барад! Мені қалай.
Ант ішіп ең Бьянканың
Шын тандары Люченцио деп.

Т р а н и о

Айнығыш әйел сиқырлы ғой
Ғажап сол ғой, Личио!

Г о р т е н з и о

Адаспаңыз. Мен Личио емеспін.
Күйші де емен, алдағамын.
Түсті бояу жирентеді,
Ақсүйекті ол сатқан соң.
Құрмет тұтып қаңғыманы
Мәлім болсын, менің атым Гортензио.

Т р а н и о

Синьор Гортензио, көп естіп ем
Сіз ынтық деп Бьянкаға,
Енді көріп айнығышын,
Сіз көнсеңіз мен де бірге
Бьянканың қасиетінен бас тартам.

Г о р т е н з и о

Көресіз бе, еркелеуін, сүйіні!
Қолым міне ендігәрі
Жабыспасқа серт берем.
Татымайды сүйгеніме Бьянка
Ақылсыз боп албыртқаным тек екен.

Т р а н и о

Мен де ант етем барынша,
Тілдесе де алмасыма.
Фу, айуанша жанасуы-ай!

Г о р т е н з и о

Тегіс бездік. Сол-ақ алсын!
Мен сертімді орындауға
Өзі жесір, бай қатынды аламын.
Мынау жайын сұңқарды мен сүйгенде
Ол айнымай сүйші еді өзімді!
Солай, синьор Люченцио, хош тұрыңыз,—
Ажарлы емес, ақылды әйел,
Сүйюіме сай болад. Хош тұрыңыз.
Дегенімде тұрамын.

Т р а н и о (*Бьянкаға келіп*).

Синьора, сізді тәңір сақтасын,
Әмсе сүйсін сіздің жар!
Сырыңызды көрдік те,
Гортензио екеуміз тайқып шықтық өзіңізден.

Бьянка

Қойыңызшы, солай ма? Екеуіңіз де бірден бе?

Транио

О, солай!

Люченцио

Ендеше сіз Личиодан босапсыз.

Транио

Ол да бір жесір жас қатынға
Кідірместен үйленбекші.

Бьянка

Бақыт берсін екеуіңе.

Транио

Үйретеді бұл оны.

Бьянка

Сөйтем дей ме?

Транио

Өзі үйреткіш мектебіне түсті ғой.

Бьянка

Бізде сондай мектеп бар ма ед?

Транио

Бар, ұстазы ғой Петручио,
Оқытады асау қыздың,
Тілін тиып, жөнге салу

Бьонделло келеді.

Бьонделло

Мырза, шаршағаным иттен бетер —
Сонша тосып, ақыр таптым
Қолға түскен — кәрі әулие,
Тілегенің дәл өзі.

Транио

Кім екен, Бьонделло?

Бьонделло

Саудагер ме, молда ма,
Білмедім, бірақ бейнесі
Киімі мен жүрісі — дәл әкеңіз.

Люченцио

Сен не дейсің, Транио?

Транио

Көңгіш болып, ертегіме иланса,
Винченцио болам **десін**.
Көңілім болсын ата алдында,
Дәл Винченцио өзіндей,
Ал әзірше жарыңызбен кетіңіз.

Педант

Қайырлы сәт.

Транио

Өзіңізге әм болсын.

Педант

Осы жер еді аз күнге
Бұдан Римге және арырақ
Тірі болсам Триполи жетпекпін.

Транио

Туысыңыз қай жерлік?

Педант

Мантуялық.

Транио

Мантуялық? Сақта құдай?
Падуяда тірлігіңіз қатер ғой?

Педант

Тірлігім? Неге? Не қатер?

Транио

Қырғын бар ғой мантуялық
Келгеніне Падуяға. Білмейсіз бе?
Сіздің барлық кемелерді, Венеция ұстап отыр,
Бегіңізбен дож жауласып
Өмір берген, жұртқа мәлім.
Таң қаламын. Жаңа келген болсаңыз да,
Қалай мұны білмегенсіз.

Педант

Ойбай синьор! Өлгенім ғой ендеше.
Флоренциядан вексель алып
Бұдан ақша алмақ ем ғой!

Транио

Болыссам ба екем мен сізге,
Жә, бір ақыл айтайын.
Айтыңызшы: сіз Пизада боп па едіңіз?

Педант

Иә, Пизада мен талай болғам,
Асыл жандар көп шығып ед.

Транио

Білесіз бе Винченцио дегенді?

Педант

Таныс емен, бірақ сырттан қанықпын
Байлығына тең жоқ деп ед.

Т р а н и о

Ендеше, сол менің әкем, және айтайын
Екеуіңіздің түстеріңіз қатты ұқсас.

Б ь о н д е л л о (*шетке*).

Иә, алмаға бақа ұқсағандай.

Т р а н и о

Оны сүйіп, сізді ажалдан құтқармаққа,

Бір қызмет істемекпін:

Байқауымша жақсы боп тұр

Әкемменен ұқсасыңыз.

Сол атанып құрмет көріп

Біздің үйге жайғасыңыз,

Роліңізді жақсы ойнаңыз.

Ұқтыңыз ба? Сөйтіп мұнда

Іс біткенше тұрасыз

Мұным жақсы, қабылдаңыз.

П е д а н т

Қабылдаймын, синьор. Мәңгі сізді.

Қарыздарым деп кетермін.

Т р а н и о

Ендеше, бірге кірістік,

Айтпақшы, бірақ есте болсын,

Бүгін-ертең әкем келмек

Той хатына қол қоймаққа

Мен Баптиста қызын алам,

Барлық жайын кейін айтам.

Енді жүріп басқа киім киіңіз.

Кетіседі.

ҮШІНШІ САХНА

Петручио үйінің бөлмесі. Катарина, Грумио кіреді.

Г р у м и о

Жоқ, сірә, жоқ. Бата алмаймын.

К а т а р и н а

Маған батқан сайын ол қатал!

Аш қатырып өлтірмекке алған ба?

Есікке келген тіленші де

Үйден хайыр алмаушы ма ед,

Кім де болса бермеуші ме ед.
Мен кісіден сұрап па екем
Сұрайтындай ділгер боп па ем.
Сұлдерім тұр, енді ашпын да, ұйқы да жоқ.
Айғайымен ұйқыны, ашуымен асты қуды.
Бәрінен де бататыны, соның бәрін
Сүйгендіктен етем дейді.
Ас жеп, ұйқы ұйықтасам
Өле қалмақ па екемін.
Жолың болсын, әкеле гөр,
Аз да болса дәм татайын.

Г р у м и о

Жер ме едіңіз бұзау етін?

К а т а р и н а

Тамаша, тек шапшан.

Г р у м и о

Бірақ сіздің өтіңізге залал ғой.
Қуырған етке қалайсыз?

К а т а р и н а

Әбден болад! Грумио, әкел шапшан!

Г р у м и о

Әй, білмеймін өтіңізге жайлы болмас
Горчица мен сиыр етін не дейсіз?

К а т а р и н а

Оны тіпті жақсы көрем.

Г р у м и о

Ой, горчица жақпайды ғой!

К а т а р и н а

Етін әкел ендеше!

Г р у м и о

Горчицасыз ет берем бе мен сізге?
Өзге берсін ондайды — атамаңыз!

К а т а р и н а

Не бірге, не жеке болсын, тек берші.

Г р у м и о

Онда етсіз құр горчица бола ма?

К а т а р и н а

Жоғал шапшан! Қу суайт! (Ұрады.)
Атауменен тойғызбақ па ең?
Атың өшсін өңшен бұзық,

Менің қайғым мазақ қой'
Жоғал шапшаң!

Тамақ алып Петручио, Гортензио кіреді.

Петручио

Қалайсың, Қэт? Неге бұлай жадаусың?

Гортензио

Синьора, хал қалай?

Катарина

Бұдан жаман хал болмас.

Петручио

Қой түйілмей! Күле қара!

Көресің бе күйеуіңнің қамқорын,

Асыңды өзім пісірдім.

Бұл алғысқа татыр-ақ!

Үн жоқ па? Жақпады ғой бұл ас та?

Тырысқаным бос екен!

(Малайларға.) Әкетіндер табақты.

Катарина

Өтінемін, тимеңіз.

Петручио

Әр қызметке алғыс бар,

Соны айтпасаң татпайсың.

Катарина

Рақмет сізге!

Гортензио

Синьор, Петручио, ұят қайда.

Синьора Қэт, мен табақтас болайын!

Петручио *(ақырын Гортензиоға).*

Тілеуің берсін, Гортензио, көбірек же!

(Катаринаға.)

Ал, барынша жеші енді!

Қэт, же шапшаң. Қымбаттым, бүгін

Төркініңе барамыз да,

Ойдағыдай сайрандаймыз.

Онда жібек, барқыт, жүзіктер,

Ішік, көйлек мамықтай

Ленті шілтер қос-қостан,

Білезік алқа жалғасқан

Жеп те болдың ба? Тігінші де тосып тұр,

Сыбдыр толқып сені орауға есіп тұр.

Тігінші кіреді.

Ал, асылын көрсете бер,
Жаз былай!

Ұсақ пұлдың саудагері кіреді.

Сіздің пұлың қандайлық?

Саудагер

Мынау бөрік сіз тапсырған.

Петручио

Мына үлгіні алғанбысың астаудан?

Айнымаған тегене! Түү, сұм екен!

Бү не, ешкімай ма, қабыршақ па,

Ойыншық па, қылжақ па, әлде бала бөркі ме?

Долой! Бар, кеңірек етіп әкел.

Катарина

Керек емес кеңірегі. Осы моды —

Жақсы әйелдің бәрінде осы.

Петручио

Жақсы болсаң — сен де аласың,

Қазір емес.

Гортензио (*шетке*).

Ол тез болмас.

Катарина

Еркім бар ғой менің дағы сөйлейтін!

Сөйлеймін мен — бала емеспін!

Сізден артық кісілер де тындайтын,

Жақтырмасаң құлағыңа мақта тық.

Ішке жиған бар шерімді айтамын.

Сақтай берсем — жарыламын

Айтып тынам еркімменен,

Тілегенді тегіс айтам.

Петручио

Әбден рас осының — сұмпай бөрік,

Жібектен тіккен мәңгідей ме, сорақы!

Жақтырмайсың, мұның маған жағады.

Катарина

Маған ұнайды, жақпаса да, жақса да,

Өзгесі емес, осыны алам.

Саудагер кетеді.

Петручио

Көйлекті ме? Ал, тігінші, көрсетші?

Сақта құдай, бұл не қылған маскарад!
Мынауы не, жеңі ме? Зенбірек не деп едім!
Айқыш ұиқыш, қым қуыт,
Ойық-қиық, шұрық та шұрқ,
Айнымаған шаштаразы қорқоры.
Жә, бұ немене былығың?

Гортезно (*шетке*)

Бөрігі де, көйлегі де тимес болды.

Тігінші

Өзіңіз ғой жақсы тік деп танырған.

Моды болсын дедіңіз ғой.

Петручио

Дедім. Бірақ сондай айтпап па едім,
Модымен тік, тек модымен, бұзба деп.

Бар, шығыңыз! Марш үйіңе!

Басқаға тік, сударь,

Мұндай маған қажет емес! Жақсы тік.

Катарина

Өмірімде мұндай жақсы көрмеп ем:

Модысы мен сұлулықта міні жоқ.

Әлде мені безейсіз бе қуыршақтай.

Петручио

Дәл, дәл! Сені безейд қуыршақтай.

Тігінші

Сізді айтты ғой безейсіз деп қуыршақтай.

Петручио

Ах, қу сұмырай! Айтпа өтірік, ине, оймақ,

Кез, шерік, әшмөңке,

Бит, қырық аяқ, қу бүрге.

Өз үйінде жіп қарсылық айта ма.

Шық, шүберек! Жоғал шапшаң, қу қиқым.

Болмаса кезбен кездермін де,

Өмір бойға оттағаның тыярмын,

Бұздың деймін көйлекті.

Тігінші

Бекзадам, сіз жаңыласыз — көйлек

Сіздің бұйрықпенен,

Грумио айтуынша тігілген.

Грумио

Мен бұл бергем, бұйрық емес.

Тігінші

Қалай тігу нұсқасын да айтқансыз.

Г р у м и о

Қалай тігу? Әрине жіппен тік дегем.

Т і г і н ш і

Айтпап па ең қалай пішуді?

Г р у м и о

Сен пішіпсің.

Т і г і н ш і

Піштім.

Г р у м и о. Мені пішпе жалғыз-ақ. Сен көп кісіге сән бердің, бірақ мен өзімді ондай кесіп-пішкенді сүймеймін. Мен сенің қожайыныңа көйлектің қиығы болсын дегем, қырық құрау турамшыла дегем жоқ. Ендеше, сен өтірік айтасың.

Т і г і н ш і. Міне фасон турасындағы қағаз, менің сөзіме осы куә.

П е т р у ч и о. Оқы.

Г р у м и о. Сонда мен айтты деген сөз болса, ол қағаздың өз соры.

Т і г і н ш і (оқиды). «Белін қынап келтірген көйлек».

Г р у м и о. Мырза, егер сірә де: «белін қынап келтірген көйлек» деген болсам, мені сол көйлектің етегіне орап тігіңіз де, қоңыр жіптің ұшымен өлімші қып сабаңыз. Бар айтқаным «көйлек» дегем.

П е т р у ч и о

Ілгері оқы.

Т і г і н ш і (оқиды)

«Кішкене дөңгелек пелеринамен»

Г р у м и о

Пелерина? Я, оны айтқам.

Т і г і н ш і (оқиды)

«Жеңі тар»

Г р у м и о

Екі жең бе? Болсын дегем.

Т і г і н ш і (оқиды)

«Жеңінің ойығы молырақ болсын».

П е т р у ч и о

Міне бұл — былық.

Г р у м и о. Қағаздың қатесі, синьор, қағаздың қатесі. Менің тапсырғаным жеңін піш те, тік дегем, мұны мен қайда барсаң да мойныңа салам, е, маған десе шынтағыңа он оймақ қи.

Т і г і н ш і. Мен шынды айтам. Бәлем, басқа жерде кездессен, танытар ем мен саған.

Г р у м и о. Әй, мен қазір-ақ әзірмін. Қағазынды өзің ап, анау кезінді маған ұстат та сабай бер, аяма!

Г о р т е н з и о

Тәңір оңғарсын, Грумьо! Шетін екен бұл майда-ның.

П е т р у ч и о

Ал, қысқасы көйлек маған қонбайды!

Г р у м и о

Әбден рас, әйел көйлегі ғой.

П е т р у ч и о

Мә, көтер мастер өзі қызықтасын.

Г р у м и о. Әй, жолама, оңбаған! Бәйбішенің көйлегін көтеріп, мастер қызықтамақ па?

П е т р у ч и о

Ой, мұның мәнісі қалай?

Г р у м и о. О, синьор, мұның мәнісі, сіздің ойдан терең жатыр! Бәйбішенің көйлегін көтеріп мастер қызықтасын ба! Түү, түү!

П е т р у ч и о *(ақырын Гортензиоға)*

Гортензио айтсаңшы, ақысын төлеймін. *(Тігіншіге)*

Жөнел деймін! Сауда бітті!

Г о р т е н з и о *(Тігіншіге ақырын)*

Тігінші, ақынды ертең мен төлеймін,
Қатты сөзге ашуланба,
Үйіңе қайт. Қожайынға сәлем айт.

Тігінші кетеді.

П е т р у ч и о

Ал, жарайды, Кэт, төркінің
Өзіміздің күндегі адал киім киіп барамыз.
Киім жаман болса да — қалта мығым,
Дене деген ақылменен бай болар.
Бұлттан өтіп, күн жеткендей
Қасиетті жаман киім бөгемес.
Бозторғайдан сауысқан
Артық па ед ала қанат болғанмен.
Угорь кем бе жыланнан
Жылан түсі сыпайырақ болғанмен?
Сен ешқашан, Кэт, кем болмайсың,
Қандай жаман киінсең де.
Ұялар болсаң — маған жап.
Кәні күлші — той тойлаймыз

Төркініңе барып ап.
Жұртты шақыр, жүру керек,
Тоғайға тартсын аттарды,
Соған шейін жаяу барып мінеміз.
Шамасы қазір жеті болар —
Обедке шейін жетерміз.

К а т а р и н а

Иланыңыз, қазір екі болып қалды,
Біз ужинге әрең жетеміз.

П е т р у ч и о

Дәл жетіде біз мінеміз
Көрші міне: не деп, нені етсең де,—
Дайым қиғаш келесін. (*Малайларына*)
Бар, тараңдар.
Жүрмейім әзір. Өзім айтқан
Сағат соқпай жүрмеймін.

Г о р т е н з и о

Міне жігіт! Мынау ма, айға да әмір жүргізер.

Кетіседі.

ТӨРТІНШІ САХНА

Падуа. Баптиста үйінің алды.
Винченцио боп киінген Педант пен Транио шығады.

Т р а н и о

Үй мынау, синьор. Бұйырасыз ба қағуға?

П е д а н т

Әрине! Қателескен болмасам
Мен есінде болармын.
Генуяда жиырма жыл ілгері
Пегас атты гостиницада тұрғамыз.

Т р а н и о

Бек жақсы — роліңізді жақсы ұстап
Әкеге лайық болыңыз.

П е д а н т

Қысылмаңыз. Әне қызметші де келіпті.

Бьонделло келеді.

Ұқтыру керек бұған да.

Т р а н и о

Қорғанбаңыз бұл үшін. Байқа, Бьонделло,

Абайлап жүр, жаңылма.
Мынаны Винченцио өзіндей көр.

Бьонделло
Кысылмандар.

Транио
Баптистаға тапсырганды айтғыц ба?

Бьонделло
Айттым сіздіп әкеніз Венеция келіпті деп,
Падуяға осы күндер жетед деп.

Транио
Сен пысықсың. Ішуіне мынаны ал.
А, оне Баптиста. Күйіңізден жаңылмаңыз.

Баптиста, Люченцио келеді

Синьор Баптиста, кездескенге шаттанамын. (*Педантқа*)

Осы, синьор, сізге айтқаным,
Өтінемін жақсы әкем боп
Бьянканы әперіңіз жүлдеме.

Педант (*Траниоға*)

Тоқта, балам! (*Баптистаға*)
Кешіріңіз, синьор, Падуяға келгенім,
Аласымның жөні еді. Бірақ Люченциодан
Үлкен жұмыс жөнін білдім.
Мұныменен сіздің бала жарасыпты,
Сөйтіп, сіздің атақ сай болғаннан,
Сөйтіп сіздің қызды бұл сүйгеннен,
Құмарлықпен қинамасқа бұларды
Қабыт көрдім қосылуың, мейірлі әке болдым да,
Егер сізде дәл осындай
Көңіл болса, келісімде
Көнгішімді көрерсіз.
Тойдың шартын қуанышпен жасаймыз.
Тартыспаймын сізбенен мен
Жақсы атыңыз маған мәлім.

Баптиста
Кешіріңіз сөзімді,
Ашық мінез ұнатамын.
Рас, балаңыз Люченцио
Және қызым жарасыпты,
Жалған болмас бұлары
Енді байлау өзіңізде

Әкесіз ғой, менің қызым
Жақсы мүлік иесі.
Сіз көнсеңіз іс бітеді,
Мен қызымды беремін.

Т р а н и о

Алғыс айтам, сударь.
Қандай жерде
Құдалықты байласып,
Байламақ екен бар шартты!

Б а п т и с т а

Біздің үйде болмайды. Білесіз ғой
Тыңшы болад, дуалда малайлар көп —
Андүмен жүр Гремио кәрі де.
Бөгеу болу оп-оңай.

Т р а н и о

Олай болса, біздің үйде
Әкемнің де мекені ғой,
Бүгін түнде бар жұмысты жайғайық.
Қызыңызға қызметшіні жұмсаңыз,
Нотариусты мен шақыртам.
Жалғыз айып — уақыт тығыз,
Астың тарпы аз болар.

Б а п т и с т а

Аса жақсы — Камбио, жүгіріңіз,
Бьянка тез киім кисін.
Я, іс жайында айтарсыз,
Падуяға, Люченционның әкесі кеп жетті де,
Енді қызым ерге тиед.

Б ь о н д е л л о

Бар тәңірден тілерім, солай болсын!

Т р а н и о

Тәңірлерді тыныш қой да — жүгір шапшаң!

Бьонделло кетеді.

Жол бастауға рұқсат болсын, синьор,
Бір-ақ түрлі тамақ тартам,
Оқа емес тек, есесі қайтад Пизада.

Б а п т и с т а

Ердім сізге.

Транно, Педант, Баптиста кетеді. Бьонделло келеді.

Б ь о н д е л л о

Камбио!

Л ю ч е н ц и о

Не айтасың, Бьонделло?

Б ь о н д е л л о

Қожайынның ым қаққанын көрдіңіз бе?

Л ю ч е н ц и о

Несі бар ед, Бьонделло?

Б ь о н д е л л о. Тек әшейін. Бірақ мені мұнда қондырғанда осы ым-жымның мәнін ұқтыр деп еді.

Л ю ч е н ц и о. Айт ендеше.

Б ь о н д е л л о. Былай болды. Баптистаны тайғыздық. Ол жалған ұлдың жалған әкесімен болады.

Л ю ч е н ц и о. Ал сөйтпін?

Б ь о н д е л л о. А сіз оның қызып асқа апарасыз.

Л ю ч е н ц и о. Ал?

Б ь о н д е л л о. Әулие Лука шеркеуінің көрі попы тілеген сәтте еркіңізде болады.

Л ю ч е н ц и о. Ал, болса қайтеді?

Б ь о н д е л л о. Болғаны сол, аналар жалған шартты жасап жатқанда сіз cum privibegio imprimengum sodum solum¹ қызды меншіктенесіз. Жөнеліңіз шеркеуге, тек қасыңызға поп пен серігін және бір топ жарамды, таза куәлар ертіп ала барыңыз.

Бұл жақпаса көңіліңізге не дермін,

Бьянканы алдырмайды кедергің.

Л ю ч е н ц и о

Бьонделло, білдің бе?

Б ь о н д е л л о. Бөгелуге мұршам жоқ. Мен білген бір әйел, жайбарақат бір күні огородқа қымыздық алам, үй қоянына берем деп бара жатып күйеуге тиген. Сіз де сөйте аласыз, сударь. Қожайынның бұйырғаны, Лука әулиенің шеркеуіндегі поп сізден бұрын әзір болып, сіз бен қосымшаңызды тосып тұрсын деп еді.

Кетеді.

¹ Сонымен сөзсіз жарияланатын болсын. (Латынша)

БЕСІНШІ СІХІЛ

Жол үст.

Петруччо. Катарица. Гортенцио, малайлар шығды.

Петруччо

Айдаңдар, барарымыз қиын ғой,
Ах, тәңір-ай, ай қалай жарық еді!

Катарица

Айың не? Күн, күн ғой!

Петруччо

Мен саған ай жарық деп тұрмын ғой.

Катарица

Мен білем, бұл жарқыраған күн.

Петруччо

Оңбайын, шешемнің ұлымын, өз атыммен
Ант етейін, осы ай болғанша
Айтқанымдай болғанша — мен әкеңе бармаймын.
Әй, бұр кейін! Қайтамыз үйге!
Бұған тек дау керек! Ылғи дау!

Гортенцио

Болсыншы дегені, жете алмаймыз әйтпесе.

Катарица

Алға, азғантай-ақ қалды ғой.
Ай ма, күн бе — тілегенің бәрі болсын,
Шылалшын де маған десе,
Оңбайын сіз не десеңіз сол дейін.

Петруччо. Мен айттым ғой ай деп.

Катарица. Е, білемін, ай.

Петруччо

Жоқ, өтірік айнасыз, ол мейірімді күн.

Катарица

Я, рақым алла, мейірімді күн!
Ал күн емес десеңіз — смес дейін.
Ойыңыздан айлығын ай десеңіз, ол дейін.
Не десеңіз сол болады,
Катарица мәңгі солай болады.

Гортенцио

Ал жол болсын, Петруччо, майдан ері өзіңсін!

Петруччо

Міне осылай алға қарай! Дөң ылдыға
Домалайд, өрге емес.
Тоқта! Мына бірсеу неткен жан? *(Винченцио келеді, соған)*

Қайда асықтың, сұлу бикеш?
Шыныңды айтшы, Кэт, маған,
Осындай сұлу қыз көрдің бе?
Гүл жүзінде алқызылы қандайлық!
Жұлдыздай жарық аспанда,
Көздерін-ай нұр дидарда!
Тағы сәлем, сұлу бикеш,
Кэт, сүйіші сұлу жүзіңсі.

Г о р т е н з и о

Жыңды қылар әйел етіп сөйлесіп.

Қ а т а р и н а

О, сіңлім, гүл атқан,
Сапар қалай, үйің қайда?
Аман ба екен, ата-анаң?
Кімнің гана бағы үшін
Кімнің жары боларсың!

П е т р у ч и о

Әй, мұның не, Кэт, жыңдымысың?
Шал емес пе құрысқан,
Сен айтқандай қыз ба екен!

Қ а т а р и н а

Кешір, ата, байқамаппын,
Күннен көзім ұялған ғой,
Бұлдырап тұр айналам.
Енді көрдім, қарт екенсің,
Өтінейін, кінамды кеш.

П е т р у ч и о

Кеш, қария, жөніңді айт,
Барыс қайда, егер бір болса,
Жолқосшыңыз болайық.

В и н ч е н ц и о

Синьор және синьора, әзілкеш,
Таң қалдыңыз әуелде,
Атым Винченцо, жерім Пиза
Іздеп келем Падуяға
Көп болғалы көріспеген ұлымды.

П е т р у ч и о. Аты кім ед?

В и н ч е н ц и о. Люченцио, синьор.

П е т р у ч и о

Сәт болсын бұл кездесу, әсіресе, балаңа,
Жасыңыз емес, жол бойынша
Атамсыз деп айта аламын.
Мынау менің әйелімнің сіңлісін

Алып отыр сенің балаң. Таңданба да
Кейіме — бірінші сорт келінің.
Байлығымен, туысымен
Қасиеті анық сай.
Қай ақсүйек алам десе.
Құшақтайын Винченцио кәріні.
Ұлыңа бірге барамыз,
Келгеніңе мәз болар.

Винченцио

Шының ба осы? Әлде әзіл ме,
Жүргіншінің әзілқойы
Жолаушыға айтатын?

Гортензио

Жоқ, әке, иланыңыз.

Петручио

Жүре ғой — өзің көресің,
Баста ойнап ек — сенбеймісің біржола?

Кетіседі. Гортензио келеді.

Гортензио

Бек жақсы. Петручио қайрат берді,
Енді тартты жесір қатын жанына. Тентек болса!
Тыртысам мен кеп текедей, еркек болам!

Кетеді.

Шымылдык.

БЕСІНШІ АКТ

БІРІНШІ САХНА

Падуа. Люченцио үйінің алды
Греммо көрінеді. Одан ары Бьонделло, Люченцио, Бьянка,

Бьонделло. Ақырын, сударь, тезірек: поп тосып тұр.

Люченцио. Ұштым, Бьонделло. Ал, сен үйге керек боларсың, жүре бер.

Бьонделло. Жоқ, мен сіздің артыңыздан шеркеу есігінің жабылғанын көрмекпін, содан кейін үйге қарай ұмтылам.

Люченцио, Бьянка, Бьонделло кетеді.

Г р у м и о

Қайран қалам: Камбио қалай кешікті.

Петручио, Катарина, Винченцио, Грумио, малайлар келеді.

П е т р у ч и о

Есігі осы, Люченцио үйінің,

Атасының үйі ілгері.

Енді менің жұмысым бар, кетемін.

В и н ч е н ц и о

Әуелі сіз ішпек керек менімен,

Осы жерде әбден қопақ ете алам,

Жейтін ас та табылар.

Есік қағады.

Г р е м и о

Олар бос емс, қаттырақ қағыңыз.

Терезеден Педант басын шығарады.

П е д а н т

Бұл кім өзі, есікті сындырайын деп пе едің!

В и н ч е н ц и о

Үйде ме синьор Люченцио, сударь?

П е д а н т. Үйде, сударь, бірақ қабыл етпейді.

В и н ч е н ц и о. Егер оның ойын-сауығына арнап бір
скі жүз фунт ақша әкелген кісі болса қайтер еді.

П е д а н т. Ол сомаңызды өзіңізге қалдырыңыз, мен
тіріде оның мұқтажы болмайды.

П е т р у ч и о. Көрдіңіз бе, айтып ем ғой, сіздің бала-
ңызды Падуяда жақсы көріседі. Тыңдаңыз, сударь. қыл-
жақты қойыңыз да синьор Люченциоға айтыңыз, Пиза-
дан әкесі келіп, есік алдында тұр, сөйлеспек деңіз.

П е д а н т. Сен өтірік айтасың! Оның әкесі Пизадап
келіп, қазір міне терезеден қарап тұр.

В и н ч е н ц и о. Сөйтіп сен оның әкесі боламысың?

П е д а н т. Я, сударь, жалған айтқан болмаса, ше-
шесінің айтуы солай.

П е т р у ч и о (*Винченциоға*). Жә, сіз не дейсіз, қа-
рия? Бүйтіп кісі атын иемдену барып тұрған бұзықтық
емес пе?

П е д а н т. Байландар мынау найсапты! Менің атым-
ды жамылып қалада біреуді отыртайын деп жүрген немс
ғой.

Бьонделло келеді.

Бьонделло. Екеуі де шеркеуде тұр. Сапарлары сәт болсын! Жә, мынау не? Менің кәрі қожайыным Винченцио ғой! Қап, біржола пәле болды, бітті-ау бәрі!

Винченцио (*Бьонделлоны көріп*). Бері келші-ай, жанкешші!

Бьонделло. Қалай кешу, менің өзі еркім болса керек.

Винченцио. Қел бері, найсап! Немене! Сен мені ұмытқанбысың?

Бьонделло. Ұмытқан? Жоқ, сударь! Өмірімде сізді бірде-бір көрген емен, сондықтан ұмытты деу сөз емес.

Винченцио. Не дейсің, алаяқ қу! Мырзаның әкесі Винченционы сен бе өмірде көрмеген?

Бьонделло. Не дейді? Менің қадірлі кәрі қожайынымды ма!? Әрине көргем. Ол әне терезеден қарап тұр.

Винченцио. Ах, солай ма еді! Шының ба? (*Ұрады.*)

Бьонделло. Құтқар, құтқар! Мына жынды мені өлтірмек!

Кетеді.

Педант. Жүгір, балам! Жүгір, синьор, Баптиста!

Жоғары кетеді.

Петручио. Тындашы, Қэт, былайырақ барып, мына малағамның немен тынарын көрейік.

Шетке кетіседі. Төменге Педант, Траннио, Баптиста, малайлар келеді.

Траннио. Сударь, менің малайларымды ұрарлық сіз кім едіңіз?

Винченцио. Мен кім дейсіз бе, сударь? Жоқ, сіз кім едіңіз, сударь? Мәңгі-бақи жасаған! Ал антұрған! Жібек кемзал, барқыт шалбар, қызыл плащ, үшкір қалпақ! О, мен құрыппын, мен құрыппын! Тіс-тірнектеп пұл жисам, оны балам мен малайы университетте желге шашады.

Траннио. Не дейді? Немене өзі?

Баптиста. Бұл неткен адам — жынды ма?

Траннио. Сударь, түріңіз байсалды қарт мырза тәрізді, ал сөзіңіз тап жындыдай. Менің алтын мен меруерт

таққанымда сіздің қандай ақыңыз бар? Осылайша киінуіме қаражат берген қайырымды әкеме ғана қарыздармын.

Винченцио. Әкең бе сенің! Ах, найсап?! Сенің әкең Бергамода желкен жамап отыр.

Баптиста. Сіз жаңыласыз, сударь, жаңыласыз, сударь. Жолыңыз болсын айтыңызшы, сіздің ойыңызша аты кім мұның?

Винченцио. Аты кім? Атын білмейтін мен ғой? Бұны үш жасында тәрбиеме алған өзім-ді, аты Транио!

Педант. Жоғал, жоғал, құтырған есек! Мұның аты Люченцио, ол менің, синьор Винченционың жалғыз ұлым, маған тиісті барлық жердің мұрагері.

Винченцио. Люченцио! О, бұл өлтірген ғой мырзасын! Байлаңдар мұны бұйырамын герцог атынан! О, балам менің, балам! Айт, найсап, қайда менің ұлым Люченцио?

Транио. Шақырыңдар мұнда приставты!

Малай приставты ертіп келеді.

Мынау жындыны абақтыға әкетіңіз. Әке, Баптиста, жолыңыз болсын, екеуін бақылаңызшы.

Винченцио. Абақтыға мені әкете ме?

Гремио. Тоқта, пристав! Ол бармайды абақтыға!

Баптиста. Таласпаңыз, синьор Гремио, мен айтсам сізге, ол барады абақтыға.

Гремио. Сақ болыңыз, синьор Баптиста, қатыспаңыз бұл былық жанжалға. Осының анық Винченцио екеніне мен жан беруге әзірмін.

Педант. Батылың барса бере ғой.

Гремио. Жоқ, мен бермеймін.

Транио. Әлде сен мені Люченцио емес дерсің?

Гремио. Жоқ, мен білем, сен синьор Люченционсың.

Баптиста. Әкетіндер оттағышты! Апар абақтыға!

Винченцио. Шет адамға мұнда қандай қысым еді. Ах, жауыз! Ах, жауыз!

Люченцио, Бьянканы ертіп Бьонделло келеді.

Бьонделло. О, біз құрыдық, міне өзі. Танымаңыз, жат болыңыз, болмаса бәрі құрыды.

Люченцио. Кешіріңіз, әке, бізді! *(Тізерлеп тұрады)*

Винченцио. Сен тірі ме ең, ұлым жаным?

Бьонделло, Транио, Педант жыта береді.

Бьянка. Кешіріңіз, әке, маған!

Баптиста

Не дейді, не үшін?

Қайда әлгі Люченцио?

Люченцио

Уа, мен ғой Люченцио —

Шын ұлы мен, шын Винченционның.

Қызыңызбен некелесіп қойыппыз,

Жалғандармен сіз сөйлесіп жатқанда.

Гремио

Бұл айламен бәрімізді алдапты!

Винченцио

Қайда кетті әлгі Транио?

Көзбе-көз мені мазақтаған?

Баптиста

Айтшы осы, сен Камбио емес пе ең?

Бьянка

Камбиодан Люченцио боп тұр ғой.

Люченцио

Махаббаттың мұғжизасы. Бьянка үшін

Транио екеуміз, ат айырбас етіп ек,

Шаһарда ол мен боп жүрді,

Ал мен сәтімен жетіп тұрмын

Арман еткен мұратқа. Бар,

Барлық ісі менің әмірім болатын.

Кешір, әке, мен үшін.

Винченцио. Тұмсығын бұзсам деп ем ол сұмның, мені абақтыға жаппақ еді ғой.

Баптиста (*Люченциоға*). Айтыңызшы, сударь, сіз менің қызыма рұқсатымсыз қалай үйлендіңіз?

Винченцио. Қорықпаңыз, Баптиста, ырзалаймыз біз сізді. Тек кек алам оңбағаннан.

Кетеді.

Баптиста. Мен болсам сол оңбағандықтың сырын білем.

Кетеді.

Люченцио (*Бьянкаға*). Қайрат жи, ол ашуын қояды.

Г р е м и о

Бұйырмаса тандайға қалайда
Сыбаға алам бұл тойда.

Кетеді.

Петручио мен Катарина кіреді.

К а т а р и н а

Аңғаршы, досым, бұл қойыртпақ немен бітер.

П е т р у ч и о

Бек жақсы, бірақ әуелі бетімнен сүйші, Кэт.

К а т а р и н а

Қалай? Қөше ортасында ма?

П е т р у ч и о

Несі бар, менен ұяласың ба?

К а т а р и н а

Жок, құдай сақтасын, сүйісуге ұялам.

П е т р у ч и о

Ендеше қазір қайтамыз. Әй, тарт үйге.

К а т а р и н а

Ал сүйейін. Қоя тұршы, тұра тұр.

П е т р у ч и о

Ал несі бар, жаман ба? Солай, жаным, Кэт.

Ерте болса жақсы болад.

Жақсылықсыз жамандық жок.

Кетіседі.

ЕКІНШІ САХНА

Падуя Люченцио үйі.

Баптиста, Винченцио, Гремио, Педант, Люченцио, Бьянка, Петручио, Катарина, Гортенцио, жесір қатын, Бьонделло, Грумио шығады. Тра-нио мен малайлар десерт тасып жүр.

Л ю ч е н ц и о

Міне ақыры ұғысыппыз, мырзалар,

Керіс біткен шағында

Өткен шерге күлуге де болады,

Ал, Бьянка, сен әкеме құрмет ет,

Сенің әкең менен құрмет көргендей.

Петручио, бауырым, туысканым Катарина,
Гортензио өзі сүйген жарымен,
Асқа рахым етіңіздер, өтінем
Десертпенен аяқтасын
Ауыр астар. Алыңыздар;
Жей отыра сөйлесерміз.

Бәрі столға отырады.

Петручио

Отыру да отыру, жеу де жеу!

Баптиста

Падуяда құрмет етісед!

Петручио

Иә, Падуяда жалғыз құрғақ құрмет етісед.

Гортензио

Біз екеуміз соны көрсек.

Петручио

Оңбайын, Гортензио қатыны үшін қорқады.

Жесір қатын

Жоқ, байқаңыз, мен ондайлық мылжың емен.

Петручио

Ұғымыңыз бар екен, бірақ теріс ұқпаңыз
Гортензио сізден қорқад демек ем.

Жесір қатын

Қисыққа дүние қисық көрінер.

Петручио

Қисық емес айтқаныңыз.

Катарина *(жесір қатынға)*

Ол немене болғаны?

Жесір қатын

Біз жайғастық онымен.

Петручио

Жайғастық, менімен! Гортензио, не дейсін?

Гортензио

Жайғастық дейд сөз жөнінде.

Петручио

Е, ебін таптың. *(Жесір қатынға)*
Бетінен сүйші.

Катарина

«Қисыққа дүние қисық көрінер».
Айтыңызшы, мәні қалай бұ сөздің?

Жесір қатын

Күйеуіңіз сізді алып қисық бопты,
Соны менің еріме де жол депті.
Осы еді ойым, мен айтқан.

Катарина

Иә, дәл қаптесер тышқан ойы екен.

Жесір қатын

Ол ой сізге сай болғаны ғой.

Катарина

Рас, сіздің қасыңызда мен тышқандаймын, әрине.

Петручио

Ал, кәніки, Кэт!

Гортензио

Ал, кәне, қатын!

Петручио

Жүз марка бәс қоям: Кэт бұны бүктейді.

Гортензио

Қой, бүктеу біздің қарекет қой.

Петручио

Ә, сен сондай қарекетші екенсің-ау!
Кел ендеше саулығыңа! (*Екеуі ішеді*)

Баптиста

Қалай, Гремио, жақсы айкасты-ау!

Гремио

О, рас, синьор, тамаша сүзиседі.

Бьянка

Сүзиседі! Мүйіз болса маңдайда,
Іздеңіз әуел өзіңізден.

Винченцио

Ә, сіз де оянған ба едіңіз?

Бьянка

Оянғам жоқ шомғаннан,
Тағы қайта ұйықтай алам.

Петручио

Ұйықтатпаймыз. Тілге келген екенсіз,
Сізге ататын екі оқ бар.

Бьянка

Немене, мен құс па екем. Болсам тоғай арасына
Барармын. Нысанаға ілдірмеспін — қош болы-
ңыз.

Бьянка, Катарина, жесір қатын кетеді.

Петручио

Қашты менен.— Ал сонымен, Транио,

Құс атам деп теріс атқан сізсіз ғой?
Көздегені тимеген үшін мен ішем!

Т р а н и о

Синьор, мен аңшының иті болдым,
Жүгіргенмен ұшырған құсы жаттікі.

П е т р у ч и о

Тенегенің ит болса да өткір болды.

Т р а н и о

Сізді айтсаңшы: өзіңіз үшін жүгіргенсіз,
Бірақ сіздің өзіңізді аң қауыпты.

Б а п т и с т а

О-о, Петручио, дөп тиді-ау мынау!

Л ю ч е н ц и о

Асыл Транио, асығыс айтам дәл оғыңа.

Г о р т е н з и о

Тиген жоқ па? Мойындаңыз! Мойындаңыз!

П е т р у ч и о

Шынды айтайын жанап өтті,
Бірақ менен тайқып барып,
Екеуіңнен қабат өтті.

Б а п т и с т а

Иә, қалжың емес, ұлым Петручио,
Ең сұлу жар саған тиді.

П е т р у ч и о

Бәлі, бекер. Көздеріңді жеткіземін.
Шақырайық қатындарды бәріміз —
Кім қатыны тіл алғыш,
Елгезек боп айтқанды етед,
Бар бәйгені сол алсын.

Г о р т е н з и о

Мақұл, қанша қоямыз?

Л ю ч е н ц и о

Жиырма крон!

П е т р у ч и о

Қалай жиырма крон!
Қаршыға мен итке қояд ол бәсті,
Қатын үшін жиырма есе артық керек.

Л ю ч е н ц и о

Ал, жүз ендеше.

Г о р т е н з и о

Мақұл.

П е т р у ч и о

Қол соқтық.

Гортензио
Ал, кім бастайд?

Люченцио
Мен-ақ бастайын.
Бьонделло, шақыршы мұнда қатынды.

Бьонделло
Күп! (Кетеді.)

Баптиста (Люченциоға)
Ұлым, Бьянка үшін жарым бәсті мен қойдым.

Люченцио
Керек емес, өзім қоям бәрін де.
Бьонделло қайтып келеді.
Не айтасың?

Бьонделло
Әмір етті, жеткіз деп,
Бос емеспін, бармаймын дейді.

Петручио
Не дейді! «Бос емеспін, бармаймын!»
Неткен жауап.

Грессио
Иә, әлі бұл сыпайы ғой!
Өзіңізге бұдан жаман тимесін!

Петручио
Мен жақсырақ жауап күтем.

Гортензио
Бьонделло, айтып көрші қатыныма,
Мұнда келсін.
Бьонделло кетеді.

Петручио
А-а! «Айтып көрші» болды ма
Сонда келер дейсің ғой!

Гортензио
Қорқам, сударь,
Сіздікіне жалынсақ та ем болмас.
Бьонделло келеді.
Ал, қатын қайда?

Бьонделло
Ойнамасын, бармаймын дейд,
Өзіңізге келсін дейді.

Петручио
Сор үстіне сор болсын. «Бармаймын дейді»?

Неткен ұят, сорақы!
Ал, Грумио, бәйбішеге бар дағы
Мен бұйырды келсін деп айт.

Грумио кетеді.

Г р е м и о

Жауап мәлім.

П е т р у ч и о

Қандай?

Г о р т е н з и о

«Барғым келмейді» дейтін де.

П е т р у ч и о

Десе менің сорым да — сол-ақ та!

Б а п т и с т а

Сақта, құдай! Өзі келе жатыр ғой

Катарина келеді.

К а т а р и н а

Немене айтпақ едіңіз? **Шақыртыпсыз** ғой мені
сіз.

П е т р у ч и о

А, сіңлің мен Гортензио жары қайда?

К а т а р и н а

Залда камии жаңында әңгімемен отыр ғой.

П е т р у ч и о

Мұнда жібер соларды. Келмес болса,

Қамшылап әкел байларыпа.

Бар, келтір бәрін осында.

Катарина кетеді.

Л ю ч е н ц и о

Сиқыр бары шын болса — осы дерсің.

Г о р т е н з и о

Ал бұл сиқырдың арты не?

П е т р у ч и о

Арты тыныштық, махаббат,

Әмірші күшті құрметтеу,

Қысқасы — барлық бақыт дерміз.

Б а п т и с т а

Бақытты бол, Петручио, қымбаттым!

Бәйгені алдың, енді менің қосарым

Жиырма мың крон болсын,

Қызым оңған — жасау да оңсын,

Ол бүгінде — басқа болған біржола.
Петручио

Бәйгесі анық алғым келед
Тіл алғыштық үлгісімен,
Оның жаңа қасиетімен,
Әне қияс қатындарды
Ол тұтқын қып тізіп келед.

Катарина, Бьянка, жесір қатын келеді

Мынау бөрік саған тінті жараспайды,
Ал да жерге тасташы, Кэт!

Катарина бөрік алып жерге тастайды.

Жесір қатын

Я, тәңір, мені де сол күнге жеткіз,
Дәл осындай ақымақ болар.

Бьянка

Осындай да есуастықты,
Тілалғыштық дейсіз бе?

Люченцио

Осындай есуас болғаныңды тілер ем!
Болмаса, ақылыңнан, Бьянка,
Жүз кронды ұтқызумен отырмын.

Бьянка

Босқа ақымақ болыпсыз,
Бағынудан үміт қып.

Петручио

Кэт, ұқтыр мына қиястарға
Бай алдында міндетін.

Жесір қатын

Қылжақтайсыз ба? Бізге сабақ керек емес.

Петручио

Ал, Кэт, шапшаң! Өзінен баста осының.

Жесір қатын

Бастамайды.

Петручио

Көрерсіз. Өзінен баста осының.

Катарина

Жадырат кейіс қабақты,
Күйеуіңе түйілме.
Жаралама әміршіңді, иенді.
Қасиетің ұшырады, дауыл қуған жапырақтай.
Ашу құртад сұлулықты, көгалды қар құртқандай
Қызығы жоқ титтей де,

До­лы қатын жүрегі — лай бастау тәрізді.
Бы­лық, мал­ма, жи­реніш,
Шө­лір­ке­ген жан бол­са да,
Ондай судан тат­пай­ды.
Байың — иең, сүйені­шің, тір­лі­гің,
Бас­шың да сол әмір­шің. Ой­ла­га­ны
Се­нің қа­мың, ра­қа­тың,
Бей­нет кешер су­да, шөл­де,
Ұй­қы көр­мес су­ық жел­де,
Сен жы­лы­да, жат­қа­ның­да ты­ныш­тық­та.
Се­нен жал­ғыз ті­ле­гі бар —
Ма­хаб­бат, бейіл, тіл ал­ғыш­тық.
Ұлы ең­бек­ке аз тө­леу.
Бек ал­дын­да мін­детін­дей нө­кер­дің,
Ер ал­дын­да мін­де­ті бар қатын­ның.
Бо­лар бол­са қияс мі­нез, ба­я­пар,
Тың­да­ма­са жақ­сы ақыл­ды,
Бол­ған жоқ па аз­ған­дай,
Әмір­ші­ге ор қаз­ған­дай?
Ұла­мын сен­дер­дің есу­астық мі­нез­ің­нен,
Алы­спақ­пы­сың? Ті­ле­сең­дер­ші бі­тім­ді!
Билемек пе, тө­сте­мек пе ой­ла­рың?
Ма­хаб­бат пен ті­ла­лғыш боп бойың сұн!
Тек­ке тә­нің әл­сіз бе,
Ауыр іске кем­сін­бе,
Жү­рек де­нең бір­лесіп,
Бағына біл­сін де­ген­де!
Ах, түй­сік­сіз жер құрты!
Дәл сен­дер­дей тә­кап­пар ем мен дағы,
Бәрің­нен де ас­қақ ем,
Сөз асыр­май, ша­ныш­қан­ды — ша­н­шу­шы ем,
Енді бақ­сам құ­ра­лы­мыз
Са­лам екен, бос еке­міз,
Құш де­ге­нім түс екен.
Тә­кап­пар­лық тыйындар — одан түсер ол­жа
жоқ —

Аяғына ер­лер­дің, бас­та­рың­ды иің­дер.
Ті­ла­лғыш­тық көр­се­ту­ге әзір­мін,
Ті­лек ет­се оны менің қа­дір­лім.

Петручио

Кэт, сүй­ші мені, сен жі­гіт­сін!

Люченцио

Я, кәрі сай­қал, ба­қыт­ты­сың, же­ңіп­сін!

В и ч е н ц и о

Рақат қой, балалар мұндай гүл болғанда.

Л ю ч е н ц и о

Сор ғой қатындар долы болғанда.

П е т р у ч и о

Ал, Кэт, төсекке де мезгіл жетті,
Үшеу едік үйленген. Екеулері тосса нетті.
Бәйгені алған мен болдым, ақшылын¹ сіз
Алсаңыз да (*Люченциоға*),
Қайырлы түн қалсаңыз да.

Петручио, Катарина кетеді

¹ Ақшыл деп «Бьянка» деген сөздің «ақ» деген мағынасын мезгеп айтады.

А. Лфиногенов

ҚОРҚЫНЫШ

4 перделі, 9 суретті пьеса

*Өзгертіп аударушы
Әуезұлы Мұхтар*

АДАМДАРЫ:

Бородин Иван Ильич — профессор, жасы 60-та. Тірлік стимулдар институтының ғылыми бастығы.

Валентина — оның қызы, жасы 23-те, мүсін өнершісі.

Бобров Николай Касьянович — Валяның ері, 38 жастардағы профессор, институттың тәжірибе кабинетінің бастығы.

Захаров Виссарион Захарыч — 65-жаста, ескі шығыс діндерінің тарихшысы, профессор.

Кастальский Герман Витольдович — Бородиннің сүйікті шәкірті. Институт аспиранты, 28 жаста.

Амалия Карловна — кәрі әйел.

Варгасов Семен Семеныч — институт хатшысы.

Макарова Елена Михайловна — институттың ғылыми қызметкері, 30 жаста, партия мүшесі.

Цеховой Николай Петрович — Елепадың байы, 33 жастағы аспирант. Партия мүшесі.

Наташа — 10 жасар қыз бала Цеховойдың бұрынғы қатынынан туған қыз.

Спасова Клавдия Васильевна (Клара) — 60 жаста. Партия мүшесі. Заводта қызмет қылады. К. к-ның мүшесі.

Кембаев Құсайын — қазақ, партия мүшесі. Төменнен көтерілген аспирант.

Невский Борис Наумович — партия мүшесі, институт директоры. Басқарманың үндемес мүшесі

Тергеуші әйел

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Бородиннің пәтеріндегі қонақ үй. Кабинетке сыймаған кітап шкафтарының бірталайы осы бөлменің ішінде. Биікше орында су шүберекке ораулы бір үлкен мүсін тұр. Балшықтан істелген, профессордың қызы Валентинаның істеп жатқан бір мүсіндемесі.

Герман (сөздерін ақырын айтып жыр жырлайды. Жырлай отырып күй тартады. Өлеңнің соңғы екі аузын ғана толық дауыспен көтеріп айтады). Сөздері:

Өтті жылдар, соқты дауыл көшкіні,
Қиялымнан айықтырып, ұмыттырды ескіні.
Көңілден де нәзік жылы дауысыңмен,
Ұмытылған нұр жүзіңнің кескіні.
Енді жүрек талпынады қабынып,
Тірілтпекші ескі күнін сағынып.
Қайта табад алласын да, дәуренін де,

Шабытымен көз жасын да, ғашығын да жалынып.
(*Валя, Бобров, Бородин тыңдап отырысады.*)

Бородин. Жақсы-ақ-ау! Махаббат туралы қандай жырлар жырланады. Үйтпесе шара да жоқ. Бұл мәңгібақи, еріксіз стимул, ең алғашқы адамның ең әуелгі тіршілік таңынан бастап, ең соңғы адамның ең ақырғы тіршілік бейуағына шейін ылғи ғана ілесіп келе жатқан нәрселер осы махаббат, аштық, ашу, қорқыныш. Жә, командировкаң қалай өтті, Николай Касьянович, Николашка.

Бобров. Өте жақсы жүріп қайттым. Жақсы, тамаша жақсы болды.

Б о р о д и н. Бәсе, жақсы болу керек. Бірақ, себебі не дейсің? Себебі, бұ да еріксіз стимулдан туып отыр. Жерді тіреп тұрған көк өгіз төртеу. Адам сүйеді, қорқады, ашуланады, ашығады. Өзгенің бәрі осылардан туып тарайды, иә, суретші баяндаса осыны баяндау керек. Міні, Валентина менің стимулдар жайындағы жүйемді мүсін өнеріне қолданып еді. Ісі жақсы іс болғалы келеді. Бәйгеде ол бірінші орын алмай қалса, менің сақалымды жұлуға болады. Қазір бәйгенің комиссиясы келеді. Көрерсіңдер. Бұл өзгелердің бәрінен де өнерлі ғой. (*Қолымен нұсқап.*) Менің Валькам.

Г е р м а н. Сіз бәйге аласыз, Валя.

В а л я. Менің күйеуімнің пікірі олай емес. Бұл кісі жақтырмайды.

Б о б р о в. Мен сапасы не екенін айыра алмай отырмын.

В а л я. Егер сен бәйге комиссиясында болсаң қайтер едің?

Б о б р о в. Мен өз қатыныма бәйге берер едім.

Г е р м а н. Николай Қасьяныч адамзаттар туралы өз пікірінен айрылып қалған. Тегі ауданға командировкаға баруы солай әсер еткен шығар.

В а л я. О кісі өзінің сегіз қырлы жекешелігін ұсақ ойлардан аман сақтап қалмақшы болады. Бірақ анығына келсек, сен ажарсызданып, жасып барасың. Үй қояндарыңмен бірге ақылың азайып барады, Николай.

Б о р о д и н. Валя!

Б о б р о в. Мүмкін бұл шын да шығар.

Б о р о д и н. Жарайды. Бұл не? Күйеуінді көрмегеніңе бір ай болды. Келуіне тапқаның осы ма? Әй, сабыр жоқ, сабыр жоқ. Бұл жөнде үлгі алатын кісілерің міні. (*Германды көрсетеді.*) Мәжіліс болып жатыр, тағдыры шешілмекші. Бұл жыр жырлап қалжың айтады. Солай болуға да керек. Кастальский, сіздің ата-тегіңіз емен ағаштай ғой. Ылғи шынжыр қатар профессор, академик, сенат мүшелері.

Г е р м а н. Иә, соны айтыңыз, сенат мүшелері. Академиктің, сенат мүшесінің баласы. Ассистент те бола алмай отыр. Ассистент, қара темір ұстасының қызы Макарова Елена болады. Сырт мемлекетке де сол барады.

В а л я. Герман Витольдович сабырлылықтың шын үлгісі.

Герман. Фракция менің кандидаттығыма ашық қарсы болып қабылдамады.

Бородин. Мәселе жоғарғы орынға қойылып отыр. Мен көмекшіні өзім таңдап алуға ықтиярлымын. Сол жоғарғы орында қазір мәжіліс. Бізден онда Семен Семенович бар. Сабыр қыл. Сен зор талант емесісің, Герман, менің орнымды толық басатын сенсің. Семен Семенович және Ефрем Ефремычке телефон соғыпты. Александр Григорьевичпен де сөйлесіп алыпты. Бәрі де қостамақ болыпты. Не дейсің?

Герман. Олар уәде...

Бородин. Тс... с... бұл сыр жасырын.

Герман. Олай болса мен сенермін.

Валя Герман, сіз бақыттысыз-ау, жолыңыз бола береді. *(Қоңырау.)* Бәйге комиссиясы ма?

Герман. Семен Семеныч болып қалмасын. *(Бәрі тегіс аңырып күтеді. Захаров кіреді.)*

Бородин. Виссарион Захарыч, көрмегелі көп айлар! Келгеніне қатты ырзамын. Қатты ырзамын, отырыңыз. Міні, біздің жаңалықтарымыз да бар... Міні, Герман менің ассистентім болады. Берлинге барады. Ал, Валюшканың мүсіндемесін Минин Пожарскийдің орнына қызыл майданға қояды. Осындай боп жақсы құралып келеді барлығы да. Иә, онан соң менің Елена Макарова деген аспирантым бар, бұл күнде өзі коммунист, сол Макарова енді адам мінезін зерттейтін лаборатория жасайық деп ұсыныс кіргізіп жүр. Үй қоянының мінезін зерттеу жетті. Енді адамға көшейік дейді. Қалай дейсіз. Бүгінгі жастың екпіні қалай... Бұған не айтасыз?

Бобров. Адам мінезін саясатшылар тексереді. Сіз бен біз физиологияшымыз, Иван Ильич.

Герман. Физиология саясатты шетке қағып шығарады. Адамның тағдырын атқару комитеттері мен ячейкаларда шешу керек емес. Тірлік стимулдарының институтында шешуі керек.

Бобров. Макарова бұлай демейді.

Герман. Бұлай деп мен айтам.

Бобров. Мен жол жүрген бір айымның ішінде көп нәрселер көрдім. Саясатпен де таныстым. Адамды билеудің әдістері үй қоянын билеу әдісінен қиынырақ та, тереңірек...

Бородин. Иә, қарағым, адамды билеу соншалық оңай болмас.

В а л я. Онысына орай қызықтығы да бар ғой. Адамды үй қоянындай ұстаған қандай. Күйеуіңнің құлағының түбін қаси қойғанда жуасып мейрімді бола кетеді екен. Рахат та. *(Қоңырау шылдырайды.)* Бізге біреу келді, тыңда. *(Варгасов кіреді.)*

В а л я. Семен Семеныч!

Герман *(атып тұрып)*. Игілік пе? Жоқ па?

В а л я. Құттықтауыма бола ма?

В а р г а с о в *(тым-тырыстан соң)*. Өткізбеді.

Б о р о д и н. Қалжыңдап тұрсын, Семен Семеныч, қалжыңдайсыз деп білем.

В а р г а с о в. Жоқ, шып айғам, Иван Ильич, өткізбеді.

Б о р о д и н. Ал, Ефрем Ефремыч, Александр Григорьевич не қылып қалды?

В а р г а с о в. Қорқып бұғып қалды. *(Тым-тырыс.)*

Б о б р о в. Ассистент боп Макарова бекіді ме?

В а р г а с о в. Иә, Елена Михайловна.

В а л я. Ал, Берлинге кім баратын болды?

В а р г а с о в. Оған да баратын сол. Көктемде жүреді, жә, мен отырайыншы. *(Отырады.)*

Б о р о д и н *(қатты)*. Мен рұқсат етпеймін. *(Варгасов атып тұрады.)* Соғылғандар, кер жалқаулар.

В а л я. Әке!

Б о р о д и н. Мен отставкаға шығамын. Жалқаулар. *(Әрі-бері жылдам жүріп.)* Әпкеліндер қағаз, мен бәрін жазамын. Лондонға кетемін. Мені онда көптен шақырып жүр. Макаровамен бірге істемеймін. Оның басының ішінде не бар? Ағаш *(үстелді қағады)*, пробка, мақта, үгінді, иә...

В а л я. Ақырын, әке, ақырын, жүрегіңнің нашарлығын ұмытпа?

Б о р о д и н. Кұрып қалсын, жарылып кетсін қайта. Бізде ғалымдарды қалай ұстайтынын естісін. Жұрттың бәрі төменнен көтерілгендер. Вуз орындығынан доценттікке секіреді. Өзі үтірді де қалай қоюды білмейді. Тілдер түсіне де кірмеген, көмекші! Масқара, ұят, түү...

З а х а р о в. Керенау дүние.

Б о р о д и н. Не?

З а х а р о в. Эфир ішінде керенаулық лаңы қожалық жүргізеді деймін. Біраз тосу керек. Кришна айтқан екен: «Қуаныш пен уайымның кезектесіп келіп жатқан шағын-

да бір қалпыңнан ауыспа! Екеуінің де дәмін сезбеуге тырыс» деп.

Борodin. Сезбей көрші қане? (*Жылдам-жылдам жүреді.*)

Валя. Герман, сізге ауыр тимейді ме, қалайсыз?

Герман. Жоқ, мен бақытты емеспін бе? Менің жолым бола береді ғой. Көрмейсіз бе жолымның жарқырап жатқанын, түү, менің бағым қандай? Ұғасыз ба? Тек... Жоқ, ұстазым, сіз үй қоянына тым көп бөгеліп қалдыңыз. Енді төменнен көтерілгендердің мінезін зерттейтін де уақыт жетті. Оның да тірегі еріксіз стимул. Бізден қорқады, қадірлі ұстазым. Қорқады да сенбейді. Олар ғылымға қарай еңбектеп, өрмелеп келеді. Гаттон мұнарасына жүз мыңдап өрмелеп шыққан тышқандардай өрмелеп келеді бұлар, мұнараға жетіп ішіне кірген шағында олар бізді таламай, жем қылмай қоймайды.

Бобров. Қандай жақсы. (*Барлығы бұрылып қарайды.*) Сіздің Берлинге бармайтын болғаныңыз қандай жақсы болған.

Борodin. Тышқан деп сен тым қисық кеттін. Олай жайылма, шырағым. Ол жарамайды. Төменнен көтерілгендер мені құрметтейді. Есептеседі. Бағалай біледі деп те айта алам. Сол бағалаушыларды тышқан деймісің? Ол жарамайды... Мен бұлай демеймін.

Герман. Ұстазым, маған қатты батады, осының бәрі. Менің тұрғыластарым өздерінің естерінде жоқ ескілік үшін жауапты болып отыр. Мен Барбароссада жирен сақал болғанын, Францияны Генрих пен Людовиктер билегенін білем. Ескіліктің содан басқа есімде қалған ештеңесі жоқ. Ештеңесінің де керегі жоқ. Мен өз әкеме лағнет оқимын. Естисіз бе, лағнет оқимын.

Борodin. Тоқтат. Оған батылың бармайды. Бара алмайсың. Сенің әкең академик болған. Сен оның қасында баласың. Әлде несің...

Валя. Герман, сізге бұрынғыдан да арттырып, екі есе, үш есе арттырып оқып іздену керек. Көсіліңіз, жарқетіңіз. Кітап жазып атақ алыңыз, не қылсаңыз да атақ алыңыз.

Борodin. Рас. Рас... іздену керек. Мен жәрдемшің болам. Бір тақырып ал да, істе...

Герман. Жақсы. Мен түн ұйқыны да тастайын, Ғылым жүзінде атақ алғанша қырынбайын да, ән де сал-

майып. Өзім сияқты туысының салмағымен жапшынып бара жатқандардың бәрінің кегін мен аламын.

Бобров. Әй, үйткенше сақалыңызды мезгілімен қырып жүргеніңіз ақыл гөй деймін.

Валля. Мұның сөзіне сенбеңіз, Герман. Ол мені, дүниені білмегені сияқты сізді де білмейді. Үй қояны мен иттен басқа нені таниды дейсіз. Тырысыңыз, Герман. Осыған ерегесіп атақ алыңызшы. *(Шығып кетеді.)*

Герман. Николай Касьянович, сіз Қотоминнің сүйген шәкірті болғансыз, сіздің қысылған шағыңызда сол кісі шынымен-ақ осылайша, сізше сүйші ме еді.

Бородин. Иә, Қотомин өз шәкірттерін ешкімге де жем қылғызбайтын. Мен Қотоминге барсам ба екен? Шағамын соған, шып шағамын... а?

Варгасов. Профессор Қотомин кеше түнде тұтқынға алыныпты.

Бобров. Қотомин тұтқын ба?

Бородин. Басқан сайын ауырласын. Қандай жақсы жан. Тышқан мұрнын қанатпайды. Ендігісі мынау ма? Бұл адам не боп барады!

Бобров. Адам тап тартысын жүргізіп келеді. Саясатшылар солай дейді.

Захаров. Мені де міні, Иван Ильич, газартып шығарып отыр.

Бородин. Қалжыңдайтын шығарсыз, Виссарий Захарыч, қалжыңдайсыз.

Захаров. Мен шығыс діндерінің тарихын сөйлеп тұрғанымда бір дөңгелек көзілдірігі бар жалпақ бет жас жігіт келіп: «сізде маркшылдық тиянақ жоқ» деді.

Бородин. Иә, сіз жауап бердіңіз бе?

Захаров. Бір ащы сөз келіп-ақ еді. Кеуілжіріме келіп тұрып қалды. Есіме аңшылықтың атасы... Дзюре түсті. Жалпының амандығын тілей беретін аңқауларды ол күлкі қылады екен. Мен үндемей шығып кеттім, Иван Ильич, сізден маслихат та, жәрдем де сұрай келдім. *(Кембаев кіреді.)*

Кембаев *(басын иіп амандасып, алдында қарсы тұрған Бородинге)*. Профессор Бобровтікі осы ма екен? *(Қағазын созып.)* Мен міне бір қағазбен келіп едім.

Бородин *(қатаң)*. Мен Бобров емеспін. Не қылған адамсыз өзіңіз?..

Бобров. Бобров менмін.

Кембаев *(Бородинге)*. Гафу өтінемін. *(Қағазын*

Бобровқа берін.) Мен институттың жаңа аспирантымын. Фамилиям Кембаев, қазақпын, сізден бірнеше кітап сұрап ал деп жіберіп еді.

Бородин. Ертең күндіз институтқа келу керек, түнде біреудің пәтеріне кіру қажет емес.

Кембаев (*Бородинге аз кекесінмен*). Мен бір кітапты ғыз керек боп қалған соң кеп қалып ем. Сағат 8 гоіі, қазір, бұны түн емес шығар деп ем. Сіздің тыныштығыңызды бұзатынымды білмеппін. Рафу өтінемін.

Бобров. Кембаев, бері жүрініз. (*Екеуі шығады.*)

Захаров. Мені орнымнан шығарған да осындай бір жалпақ бет.

Бородин. Қырғыздар нәгеріңе басынып кіреді. Бұ да асынады. Бәсекелесіп оқымақшы. Көрсетермін мен бұл жалпақ беттерге. Семен Семеныч, Захаровпен сөйлесіңіз де институттың кітапханасына алыңыз. Мен оларға маркшілдық тұрғысын көрсетемін. Барасыз ба бұл қызметке, Виссарнон Захарыч?

Захаров. Бар бейліммен барамын.

Варгасов. Олай болса Варгасовқа сеніңіз. Жалғыз-ақ қызмет сұраған өтінішіңізді өткен жұлдызға жазып қояйық. Таратудан бұрын ықтиярмен көшкен кісі боласыз.

Захаров. Данышпан қария, аяғыңа бас иемін. (*Бородинның алдына тізесін бүгін, иілмек болады. Бородин атып тұрып.*)

Бородин. Көтеріндер мына кісіні, бұныңыз не? Ғалымдар бүйтіп кішірсеймейді. Азбайды.

Варгасов (*біраз бөгеліп, Германға.*) Варгасовқа сеніңіз, айтқаныңыздың барлығын мақұлдаймын. Шамам келгенше жәрдем стемін. Төлеусіз жәрдем.

Герман. Сонымен Котомин жабылған болды ма? (*Герман, Варгасов, Захаров кетеді. Профессор жалғыз отырып ойға кетеді. Аяғын ұрлап басып, ұзын бойлы, арық, сексиген кемпір кіреді. Бұл Амалия.*)

Амалия. Жасаған-ау, қалай қартайғансыз!

Бородин (*шошып бұрылып қарайды*). Сіз кімсіз? Не керек сізге? Тегі мен сіздің еш керегіңізге жарамаймын.

Амалия. Жалғыз көзі ғана бұрынғы. Оңай ма, сонша жылдар өтіпті.

Бородин. Мен бұрын сізді еш уақытта көрген емеспін.

А м а л и я. Шіркін уақыт, уақыт деген сол, есіңізде бар ма, Иван Ильич, Татьянаның күні, колонный залдың оттары, студенттер жасаған сауық кеші еді. Халық алдына орта бойлы, сымбатты студент шықпаған ба еді? Қара сөзбен жазылған өленді айтып өтті. Есіңізде ме?.. «Қандай көркем, қандай уыз еді розалар».

Б о р о д и н (*маңдайын сипап*). Иә, есіме түсіп келеді, өленді мен айтып едім ғой. (*Ойланып.*) «Қандай көркем, қандай уыз еді розалар», тұра тұрыңыз, қандай еді арғысы. «Қазір қыс, терезенің шынысына аяз кесте салады, қараңғы үйде жалғыз шам жылтылдайды». Есімде, есімде рас.

А м а л и я. Сол күні де қыс еді, мен сізге жас розадан букет жасап ұсынып едім.

Б о р о д и н. Тоқтаңыз. (*Атып тұрып жылдамдатып жүріп.*) Амалия Қарловна Моллий. Ақ газ киген 17-дегі жас қыз. Мүмкін емес. Мен сізге ғашық боп ем-ау. Сол Татьяна күнінен бастап есімнен айрыла сүйіп ем-ау. Неткен ауыр өзгеріс.

А м а л и я. Сіз сымбатты студент, ақ сарылау бұйра шашыңыз бар еді.

Б о р о д и н. Адмиралдың қызы. Әскери прокурорға күйеуге тиіп, студентті ұмытып еді.

А м а л и я. Бұл бекер, мен сізді еш уақытта ұмытқан емеспін, еш уақытта.

Б о р о д и н. Жарайды жетер, оны еске түсіріп енді ант-су ішу күлкі ғой, Моллий. Күлкі, Ғажайып, шын ғажайып. (*Мұрнын қатты сіңбіреді.*)

А м а л и я. Күйеуім Қырымда қайтыс болды.

Б о р о д и н. Балаларыңыз бар ма еді? Тірі ме?

А м а л и я. Ұлым сіздің институтта қызмет етеді. (*Профессордың таңданып үріккен пішінін көріп.*) Бірақ, ақырын, құдай үшін ақырын, бір жанға бір ауыз сөз айта көрмеңіз. Ол мені тастап кетті. Менен ажырап, тайып кетті. Жаңа тұрмыс бастады. Мен оған кедергі болғым келмейді. Жалғыз-ақ, қандай болды екен соны білейін деп ем.

Б о р о д и н. Қандай сұмдық сөздер айтасыз, тайып кетті, тастады. Ұлы анасынан қашты ма?

А м а л и я. Мен оның тұрмысын, келешегін бұзатын болдым. Сіз менің сырымды ашпайсыз, сізге мен сенемін. Сондықтан барымды айтамын. Қазір бал ашумен тіршілік етемін.

Борodin. Не деген сұмдық? (Герман кіреді.)

Герман (профессорға). Бәйге комиссиясының мүшесі келді. (Валентинаны іздеп кетеді.)

Борodin (Амалияға). Жүріңіз менімен, шешу керек. Сізді орналастыру керек. Не деген сұмдық замандар! (Амалия мен профессор кетеді. Басқа есіктен Клара мен Наташа кіреді.)

Наташа. Түү, не деген көп қуыршақтар. (Бобров пен Кембаев кіреді.)

Кембаев. Рақмет, жолдас Бобров, зор рақмет, түн бойы оқның енді бір.

Бобров. Жоқ, түнде онша сарылып оқымаңыз, залалды болады.

Кембаев. Асығу, асығу керек маған. (Кетеді.)

Наташа. Мынау кімнің қуыршақтары, сіздің кішкене қызыңыздікі ме?

Бобров. Жоқ, менің қатынымдікі.

Наташа. Біздің отрядтағы қыздар да қуыршақ ойнамайды, қатын түгіл. Күлкі екен.

Клара. Наталка, үндемеймін деп уәде қылған кім еді?

Бобров. Мұның күлкі екені рас. (Әуелі Валя, артынан Герман кіреді.)

Валя. Комиссияның өзге мүшелері қайда?

Клара. Олар ертең келмек. Менде ертең контрольный комиссияның пленумы еді. Сондықтан кіре кетейін деп келдім. Мына кішкене қыз Цеховойдың қызы.

Валя. Николай Петровичтің бе?

Клара. Иә, біз бұлармен бір пәтерде тұрушы ек. Мен де өнер көрем деп, жабысып болмай келді. Кәне, ашыңыз, не нәрселер илеп жапсырып едіңіз.

Валя. Бұл мүсін «еңбекшіл» деп аталады. Бірақ жеке адамды көрсетпейді. Дәуіріміздің негізгі мазмұны, коллектившілдікті баяндайды. Коллективтің ашу, махаббат, қиналу, жеңу стимулдарының үстіндегі жайын көрсетеді.

Наташа. Сіздің қуыршақ ойнайтыныңыз рас па?

Валя. Жоқ, шырағым, мен қуыршақ ойнамаймын.

Наташа. Олай болса қуыршақтар не ғып тұр?

Валя. Сен ойнасын деп қойылған.

Наташа. Керегі жоқ маған, мен пионер. (Диванға барып қуыршақтарға жақын отырады. Герман жабын-

шыны алады, мүсін бұлышық егірден, денелерден, жүздерден құралған бір үйінді төбешік.)

В а л я. Міні.

Қ л а р а. Мынау ма? Ә, ә! (Үндеспейді, Қлара мүсінді бір-екі айналып қарап өтеді. Өзінің бір қолына қараған бетімен бұрылып кетті.)

Н а т а ш а. Қлара тәте, мынау түйе ме?

Қ л а р а. Наталка... (Бобров пырс етіп күліп жіберіп, атып тұрып күлкісін зорға тыйып, үйден ата жөнеледі.)

Н а т а ш а. Өркештері де бар ғой!

Қ л а р а. Иә. (Біраз жылдамдап жүріп-жүріп, Валяның қарсысына келіп тоқтап). Қайда оқыдың?

В а л я. Мемлекеттік дүкен үйлерінің оқуын тамамадаған едім. Бітірген кісі 12 едік.

Қ л а р а. Сіздің атыңыз Валя ма? Валя, мен мүсін өнерін аз түсінемін.

Г е р м а н. Олай болса сіз би бола алмайсыз әрине...

Қ л а р а (Германға). Алайда сіз мына бұтқа киетін сымның орнына сол сым деп айтарлық құр пікірдің өзін киіп көргеніңіз бар ма? Мысалы заттан істелмеген сым десек? Көргеніңіз жоқ па? Мына Валя соны көрдім деп тұр. Пікір сымын мүсін депті. Бірақ іс шықпапты.

Г е р м а н. Олай десеңіз, социализм де затсыз киім ғой. Бірақ біз оны жасап келеміз дейміз ғой.

Қ л а р а. Сізге бұл сияқты саяси сабақты кім үйретті?

Г е р м а н. Азық-түлік карточкасы.

Қ л а р а. Терең кітап екен. Күніне бір купоннан оқисыз ба? Жоқ көбірек пе? Иә... Валя, өнердің ең үлкені: жабайы, қалыпты күүді кейіптеуде. Мысалы өзің жарық кеште далада болып көрдің бе? Сол кезде шөп сондай жап-жас, бұлттар жуынып шыққандай, өзеннен мұнар қалқиды. Жер жылы ғана. Уақыт та жай ғана жылжыгандай, бәрі де жабайы, қалыпты күй. Қайындар, шалғын, ағаштың алаңы, егіндік. Бірақ сол машықты, қалыпты күй адамның сезімін де, ойын да тазартып тереңдетеді. Мұнда да сондай. Валя, сен мүсінді жұмыскерлердің сарайына арнап істедің. Мүсін сезім мен ойды оятуға керек. Сенікі ой орнына бес минутқа таңдандырарлық қана нәрсе болған. Бұл бүкір ағайынды таста да, Валя, қайтадан баста. Наталка, жүр!

Н а т а ш а (қуыршаққа айналып). Қлара тәге, сөйлесе тұршы.

К л а р а. Жүр.

Н а т а ш а (күрсініп тұрып). Жарайды жүр, мен тазалық комиссиясының протоколын да қайта көшірген жоқ едім. (Қлара мен Наташа кетеді. Валя дағдарып аянышты пішінде тұрып қалады. Бобров кіріп.)

Б о б р о в. Валя, менің айыбымды кеш.

В а л я. Жақындама.

Б о б р о в. Байқамадым, құдай ақында байқамадым.

В а л я. Жақындама, сенің күлуіңе болады. Мүсінді қабылдамады. (Бородин кіреді.)

В а л я (әкесіне). Осының бәрі сенің сапдалған сти-мұлдарыңнан.

Б о б р о в. Валя, үйдеме? Болмайды.

В а л я. Қайтсе болады, қалай? Сен өз ішіңнен күліп тұрсын ғой, сүйретінді кәрі профессорша, ашық күл енді, күл! (Жүгіріп шығып кетеді.)

Б о р о д и н. Адам дегенге не болған, айтындаршы, не болған?

Г е р м а н. Адам тап тартысын жүргізіп келеді, ұста-зым.

Б о р о д и н. Тоқтат, сөйлсме! Сен түк түсінбейсің, мен өзім де түсінбеймін. Жалпақ бет қазақтар ғалымдарды қуады. Профессорларды абақтыға отырғызады. Аспиранттар кафедраға өрлейді. Төменнен көтерілгендер өнерлілерді қырып жатыр. Адам дегенге не болды, айтындаршы. Үндеме, сен түк түсінбейсің. Ұлдары аналарынан үркіп қашады. Өздерінің туысын жасырады. Қыздары әкелерін айыпкер қылады. Менің бірінші ғашығым өзіме күтушілікке түсті. Адам дегенге не болған? Мен сендерден сұраймын.

Г е р м а н. Орыстың зиялыларын құтқарыңыз.

Б о р о д и н. Сандырақ. Бәрі де жынданып кеткен.

Г е р м а н. Ғылым ат салысуға міндетті.

Б о р о д и н. А?..

Г е р м а н. Макаровапың ұсынысын қабылдап алыңыз да, адам мінезінің лабораториясын ашыңыз. Үй қоянының сыбағасы толды. Адамның есуастығының шын стимулдарын ашыңыз.

Б о р о д и н. А... а... а... (Өзін маңдайынан салып қалып.) Өте жақсы. Тамаша. Мынауың данышпандық пікір, қымбаттым. Рас-рас, күдік дегендердің бітетін кезі бол-

ды. Біз адам мінезінің лабораторын ашамыз. Бөгелместен ашамыз. Бір мыңдаған адамды жекелеп: ғылымның таза, сара, ала көңілсіз жолымен зерттеп шығамыз. Лаборатор барлық өмірдің әлдеқайда қаңғып, күз түбіне құлап бара жатқанын ашық көрсетеді. Мемлекетті төменнен көтерілгендер емес, ғалымдар билеу керек. Иә, иә, мен мұны ғылыммен дәлелдеп көзге көрсетем.

Герман. Біздің лаборатор адамды кеңес үлгісімен билеудің түкке тұрмайтындығын көрсетеді. Солай емес пе?

Бородин. Әрине солай.

Бобров. Оның болмайды, Герман Витольдыч.

Герман. Ол болады, Николай Касьянович.

Ш ы м ы л д ы к.

Екінші сурет

Елена пәтеріндегі ортақ бөлме. Барлық нәрсесі жөндекі, жүдеулеу, қоңырқай, Қажет қана нәрселер бар. Бөлме ішінде Наташа газет кесінділерін үстел үстіне аударыстырып жұмыс істеп жатыр. Елена Қлараны бөлмесінен сүйрегендей қылып алып шығып, диван үстіне құлата салады.

Клара. Менің уақытым жоқ, уақытым жоқ.

Елена. Жеңдік, толық жеңдік.

Цеховой. Институтты меңгеріп алуға айналдық. Адам мінезінің лабораторы ашылды. Менің қатыным, Елена Макарова сол істің басқарушысы.

Елена. Таласып-таласып кеп, бақырды да, шақырды да, Бородин маған ақырып маңдайыңның мына түрімен ғылымға кеулеуге болмайды дейді. Ха... ха... ха...

Цеховой. Мұның жауабын естісеңіз «олай болса шашымды қырып, маңдайымды үлкейтейін» дейді.

Елена. А, Кастанальский, Кастанальский бір жарым күндік тым-тырыс жасап кеп, былай жуасып қана: «Елена Михайловна профессордың ассистенті болған соң, бұл істі басқаруды осы кісіге тапсыру лайық» деді.

Цеховой. Бобров ше? Көрдің бе мінезін, моп-момақан боп түрекеліп, барлық шынымен «тәжірибе бөлімінің бастығы есебінде мен адам мінезінің лабораторын ашуға қарсымын» деді ғой.

Е л е н а. Рас, Бородин да таң қалып түшкіріп жіберді. Мен Бобровты баяғыдан молда болған қандала дейтұғым. Ылғи үндемейді. Немесе Бородинның айтқанын ғана қостайды. Үйретінді қандала да шағады екен-ау!

Н а т а ш а. Аға, Елена, қатты сөйлемендерші, менің ойлануыма керек.

Ц е х о в о й. Халық алдында да ойлана білетін боп үйрен, қызым.

Н а т а ш а. Аз-аздап үйреніп келем.

Е л е н а (*жүгіріп кел Наташаны аймалақтап*). Таста кесінділерінді, дем ал.

Н а т а ш а. Уақытым жоқ менің, уақытым жоқ.

Қ л а р а. Наталкам, мазақ қылма. Қысқасы: Бородин, Еленканың баяғыдан бері алысып, ашамын деп жүрген адам мінезі лабораторын ашты ғой. Бобров қарсы болған ғой?

Е л е н а. Ол айқын қарсылыққа шыдамайды. Жоспарды біз жасаймыз, зерттеуші бригадаларды да біз құрастырамыз, Бобровтың тұмсығын да сүкқызбаймыз, бұған. Кәні, Қлара, мақтасаншы бізді. Шын жақсы іс қып шықтық.

Ц е х о в о й. Еленаның қатты жолы болды. Мен үш жыл бойында ылғи үй қоянының стимулымен сорлы аспирантша ғана болып отырмын. Бұл былтыр ғана қоғамдық мінезден бастап еді. Енді әрі ассистент, әрі өзінің лабораторы да бар.

Е л е н а. Бірақ, әлі мен жақында Бобров орнына бөлімді де басқаратын боламын. Сен әлі менің аспирантым боласың.

Ц е х о в о й. О да болмай қалмас.

Е л е н а. Қалғандары қандай еді. Бәрі сенбей, күліп қылжақ қылатын физиологияға саясат өз заңын бұйыра алмайды дейтін. Біз бұйыра алатынын көрсетеміз. Біздің саясатымыз адамды қайтадан тудырады. Бұрын адаммен бірге туады деген сезімдер өледі, өшеді. Қызғаныш, жаулық, қорқыныш бәрі де өшеді. Оның орнына коллективтік, екпінді сенім, өмір қуанышы өседі. Біз сол жаңа стимулдардың өсуіне көмектесеміз.

Қ л а р а. Мінезді лабораторда жасап шығарудың мезгілі жеткен екен ғой. Тамаша емей немене? Бұрын мінезді абақтыда үйренуші еді. Айдау мен партия жұмысында үйренуші еді. Бүгінде сендер, жастарға игілік.

Е л е н а. Лаборатор партияның үйірмесі болады. *(Валя кіреді.)*

К л а р а. Валя ма келген. Есен бе, Валя?

В а л я. Мен сіздердің сөздеріңіз туралы көп ойладым. Енді заводқа барып жұмыс істегім келеді. Мен өзімнен жаңа адам істеп шығармақпын. Машинаны, тағанды істегендей шын қолдан істемекпін. Маған жәрдем етіңіз, менің инженерім болыңыз.

К л а р а. Сен трактор боласың ғой онда. Қәне, сөйлессік, сөйлессік. Бірақ менің тракторымның ерні тым қызылы несі екен. Бар жүзінді бұзып қойыпсың. Жүзін сенің сұлу ғой, кәні жүр. *(Валя мен Клара кетеді.)*

Ц е х о в о й. Рас, жүзі сұлу, бұл жақсы мүсінші.

Е л е н а. Профессордың қызы еріккен соң, саз балшықты жоя береді де.

Ц е х о в о й. Мен оның істегендерін көремін, оның үстіне бұл заводқа түзелем деп бара жатыр.

Е л е н а. Институттың қиялы да.

Ц е х о в о й. Сен заводтың адамды қайта тудыратынына сенбеймісің?

Е л е н а. Адамды қайта тудыру, трактордың бүлінгенін түзеу емес. Тағанның қасында тұрғанмен ақсүйек пролетар емес.

Ц е х о в о й. Енді қайт дейсің? Әлде сенің лабораторыңа келіп, пролетарлық қылғанша, безді отырғызып алсын дейсің бе? Бұл академиялық сандырақ. Завод ортақшылдықтың мектебі.

Е л е н а. Тым ауыр ұран. Өзінен бас айналады.

Ц е х о в о й. Сен мені онда, солшылдыққа айыпта!

Н а т а ш а. Аға, солшылдық үлкен бе? Жоқ, оншылдық үлкен бе?

Ц е х о в о й. Тек отыр дейім.

Н а т а ш а. Маған баяндама істеу керек, ә сен тек отыр дейсің. *(Бобров кіреді, үстінде пальто, бөркін қолына ұстаған.)*

Б о б р о в. Алдыңғы үйде Валентинаның ішігі тұр екен.

Е л е н а. Сіздің әйеліңіз Спасованыкінде, кіріңіз.

Б о б р о в. Мен сізге келдім. Елена Михайловна. Тағы айтамын лабораторға асықпаңыз. Анкетаның әр сұрағын қарап, салмақтаңыз. Бородинның барлық ұсыныстарын анықтап ойлап шығыңыз. Қорытынды жасауға асықпаңыз. Бұл істе асығыстыққа жол жоқ.

Е л е н а. Біз енді зерттсуде тағы нешеме жыл отыр-макпыз ба?

Б о б р о в. Мен алдағыға болжал айтуды кәсіп қылмаймын.

Е л е н а. Ал, мен болжал айтамын. Біз маркешілдар, большевиктер бір айдың ішінде сіз сияқты санашылдың жыл отырып жеткеніне жете аламыз.

Ц е х о в о й. Саясатта екпіннің жайлыгын оппорту-нышылдық дейді.

Б о б р о в. Мен саясатты кәсіп қылмаймын.

Ц е х о в о й. Ғылым саясаттан сыртқары дейсіз ғой. Бұл кімнің ұраны екенін біз білеміз. Бізге Кастанальскийдің лаборатор саясатқа көмекші болып, жасалып отыр деген сөзі жақпайды ғой.

Б о б р о в. Кастанальский сонымен өз саясатын жүргізіп келеді, ол бізді алдап жүр.

Ц е х о в о й. Қайтесіз, Николай Қасьянович, алдау туралы шын айтатын болсақ, өз әйеліңізге көбірек қараңыз.

Б о б р о в. Бұл өте қопал, өте әділетсіз тұспал.

Ц е х о в о й. Айыпқа бұйырмаңыз. Жұмысшыша солай шығады.

Е л е н а. Николай, бұның ақмақшылық.

Н а т а ш а. Аға, алты жерде жеті 37 ме, қырық сегіс бе?

Ц е х о в о й. Еленадан сұра, ол ақылды, сенің әкен аспирант қана. *(Клараның есігін қағады.)* Кіруге бола ма? *(Кетеді.)*

Е л е н а. Мінікі, міні алты жерде жеті қырық екі. Сіз немене ескерткіш сияқты тапжылмай тұрсыз.

Б о б р о в. Мен кісі пәтерінде отыруды жақтырмаймын. Сонымен менің ұсынысым қабыл алынбады ма? Солай деп қайтуға болады ғой?

Е л е н а. Николай Қасьянович, сіз табан бір ай жүріп мемлекетті аралап келдіңіз, соған қарамай әлі күнде ғылымды саясатқа жақындатуға қарсы болсаңыз, онда сіз еш нәрсені көрмепсіз де, еш нәрсеге түсінбеген де екенсіз.

Б о б р о в. Жоқ, мен көп нәрсе көрдім. Мен сол көргендерім туралы ұдайы ойлаймын. Мемлекетті саясатшылар билейді. Саясатшы бүгінгі күнмен ғана тіршілік етеді. Ғылым адамы болса оның ойы, ғасырлар масштабымен үйлесіп келетін болу керек. Тіпті ең жақсы саясат

та уақытты өткізгенде, акшаны тындап, тебендеп, ұсақтап өткізгендей қылады. Міні сіз «Гигант» совхозының егісті бірінші боп бітіргенін, Қызыл Путиловтың жоспарды толтырғанын білесіз және ертең месткомның қайта сайланатынын, бүгін күріш беріліп жатқанын, кеше өзіңіздің дем алыс күні болғанын да ұмытпайсыз. Бірақ сіз «Фаустың» жәрдемшісі кім екенін білмейсіз.

Е л е н а. Мен ол операны көрген емеспін.

Б о б р о в. Есіңізде болсын «Фаусты» оқу керек. Рас сіздің сібір пышысын сақпстап айырмайтыныңыз да бар.

Е л е н а. Менің шай ішуіме стакан бар.

Б о б р о в. Тарих бізді маймыл қатарынан көтергенде, әр кімнің өзінше біткен сегіз қырлы жекешелігіне жеткізіп еді. Сіздер енді сол қырларды саясаттың коллектив келісіне салып талқандаймыз дейсіздер.

Е л е н а. Біз тарих жасап келеміз. Осы бір-ақ рет болса да, нағыз өмірге араласып көріңізші, сонда біздің талқандаудан басқа да ісіміз бар екенін түсінер едіңіз. *(Қоңырау.)* Гафу өтінем, мен қазір. *(Шығады.)*

Н а т а ш а *(бағанадан Бобровты байқап отырған боймен)*. Сіздің үй қояндарыңыз көп пе? Жүз бе әлде?

Б о б р о в. Сен кел де көр. Ол жақсы қояндар.

Н а т а ш а. Маған артылған міндет көп, уақытым жоқ. Қазір бесжылдық туралы баяндама жасауға барамын. *(Бобровтың жымығанын байқайды.)* Сіз күлмей-ақ қойыңыз, бұл саз балшықтан жасаған түйе емес.

Б о б р о в. Шырағым, сен қай жерде істейсің баяндаманы.

Н а т а ш а. Клубта, бұл мектептің есепшісі.

Б о б р о в. Клубтарында қызық бола ма?

Н а т а ш а. Жүріңіз мен сізді ертіп барайып. Өте қызық, ағам мен Еленаны шақырып жүрмін. Бірақ әлі апара алған емеспін. Істері көп. Онда қызық. *(Клара бөлмесінің есігінен Валяның басы көрінеді.)*

В а л я *(Бобровқа)*. Коля, сен мені тосасың ба? *(Қайта жоғалады.)*

Б о б р о в. Жақсы.

Н а т а ш а. Жақсыңыз қалай? Клуб қайда?

Б о б р о в. Маған шынында қиын боп тұр.

Н а т а ш а. Міні, міні тағы. Шын, нағыз өмірге бір рет қана болса да, араласып көріңізші. *(Есіктің ар жағынан қатты күлкі естіледі.)*

Б о б р о в. Жақсы, шырағым, мен сенімен барамын.
Н а т а ш а. Ур... р... ра... (Жеңінен тартып.) Тез-тез жүріңіз, әйтпесе, айнып қаласыз. (Өзі жүгіріп кетеді. Елена кіреді.)

Е л е н а. Жаңа Қастальский телефон соқты. Алты зерттегіш бригада құрылыпты. Институттың шықырлауық арбасы қозғалды білем. Кішкене ғана зерттеуші институт, енді майдандық штаб болды. Екі жылдан соң кішкене қоңырқай үйімізден қатарлы үйге көшеміз. Ол қоғамдық мінездің институты болады. Міні!

Б о б р о в. Елена Михайловна, үй іші тұрмыстың шарт заңдары маған рұқсат етпейді. Сондықтан адам мінезінің лабораторы жайындағы білетін нәрселерімді мен айталмаймын. Тағы-тағы айтам, сағыр-ақ болыңыз. Сізді бір нашар ниетке қарай тартып бара жатқандар бар. (Қоштасады.)

Е л е н а. Әзірше! (Киініп алған Наташа жүгіріп кіреді. Бобровтың галошын да ала келеді.)

Н а т а ш а. Жүрейік енді.

Б о б р о в. Және тілеуіңізді берсін осы, «кешірім сұраймын», «әзірше» деген сөзді айтыңыз. (Наташамен кетеді.)

Е л е н а. Шынында осы неге қарсы болады. Үй тұрмысының шарт заңы дегені не екен? (Клараның бөлмесіне жақындап кеп, есік тұтқасын ұстайды. Сол кезде Николайдың қатты күлкісі мен Валяның дауысын есітеді. Ойланyp есіктен кетіп, үстелге келіп портфелінің ішінен қағаздар ала бастайды.) Ағыстағы саясат үйірмесіне тағы бармай қалыппын. Әй, Макарова, енді ячейка сені қандай ұрысар екен. Зи рейзен нах Дейтшланд. Сіз Германияға барасыз ба? Ес штифт Их рейзе нах Берлин. Хабен зи шон ирен аусландпас. Натюрлих унд мит аллен визен. Хир ист майн Пас. (Николай, Клара, Валя шығады.)

В а л я. Николай Петрович, «ғылым ішіндегі еңбекшіл» деген мүсін тобына сіз тамаша қолайлы болар едіңіз. Сіздің сенімділігіңіз, даусыңыз бәрі де заводтың дәл өзінен шыққандай бір заманда гректер өздерінің венераларын оливке майына қайнатып алатын болған екен. Сонда мрамор бір жылылық пен тірлік тапқандай болады екен. Бізге мүсіндерімізді машина майына қайнатып алу қажет. Тер мен мүржелердің түтін ісін сіндіру қажет. Сонда бұл мүсін де жанданады.

Қ л а р а. Терлі, майлы болғандарға біз шомылғыш-тар жасаймыз, таза жүрсін дейміз.

В а л я. Тез заводқа кіру керек. Бәрін көріп, дәмін татып, айналаның жаңа түрін табу керек. Мен басымнан аяғыма шейін жаңартуым керек. Менің күйеуім қайда кеткен?

Е л е н а. Күйеуіңіз Наташамен клубқа кетіп қалды. Их рейзе нах Берлин... унд мит аллен визен.

В а л я. Мені енді кім ұзатып салады?

Ц е х о в о й. Табанды еңбекшіл ұзататын болады ғой.

В а л я (*қолын созып*). Қош болыңыз.

Е л е н а (*шапшаң*). Өзірше! Зи рейзен нах Дейтшланд. Ес шмит.

Ц е х о в о й (*Валяны шығарып салып қайтып келеді*). Кішкене әдептірек болсаң да еш нәрсең кетпес еді-ау.

Е л е н а. Ғафу етіңіз, жұмыскерше ғой.

Ц е х о в о й. Саған хат бар. (*Үстелге тастайды, шығып кетеді.*)

Қ л а р а. Саған әлгі әйел жақпайды ғой. Бірақ мен заводқа ағарту жұмысына алғалы отырмын.

Е л е н а. Өмір бойы сол әлде қандай, құнсыздармен әуреленесің де жүресің.

Қ л а р а. Сендер, жастар, сыңар көздісіңдер. Дүниеге лабораторынның тұрғысынан ғана қарайсың. Ал біз адамды қалай болса солай лақтыра салмаймыз. Жоқ...

Е л е н а (*оқуын бітіріп*). Сен білемісің... Бобров — абақтыға жабылған Қотоминнің шәкірті.

Қ л а р а. Болса қайтеді?

Е л е н а. Қайткенің не? Зиянкестің шәкірті институтта деген не болады?

Қ л а р а. Е, зиянкес өзі емес қой.

Е л е н а. А... Ай, қойшы тілеуің берсін... (*Қызыңқырап арлы-берлі жүреді.*)

Қ л а р а. Мен қоятын дәнеңе жоқ, дәнеңе жоқ. Қартыңа келмей тұрғансың ғой, шырағайым. Немене тиірменше айналғаның, домалақ хаттан қорыққаның ба? Түү, айтарсың тіпті. (*Шығып кетеді.*)

Е л е н а. Жақсы екенсің, сегіз қырлы жекеше! Сібірдің фарфоры. Әсірлердің масштабы. Енді лабораторға сен қарсы болсаң, сол қарсылығыңның өзі-ақ лаборатордың қажеттігін көрсеткені.

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Үшінші сурет

Тіреген кітап қабырғалар. Бұл институт кітапханасы. Кітапханадан Бородин кабинеті мен институт үйлеріне баратын есіктер көрінеді. Захаров ақырын ғана қара тақтайға бормен бір нәрсе жазып жатады. Жазуы үш бұрыштар, қорытылды есептер. Кітап қатарларының арасында оқуға үңіліп Қембаев отыр.

Қембаев. Еңбек сағаттарың молайтамын деп өзге алаңның бәрін тастап ем. Ендігі бір көп уақытымды жейтін ұйқы мен тамақ боп тұр. Бүгін түнде ұйықтамай байқап ем, талай нәрсе оқып шықтым. Кезектеп оқып үш кітапты қатар жүргіздім. Кітаптарым: «Соғыс пен тыныштық», «Капитализмнің өсуі», «Ми қызметі» еді. Бірінен біріне ауысқанда тыңайып қалғандай болады екенсін. Енді маған Қотоминнің кітабын беріңізші. Зиянкестік кітабын оқып, сынап көрейін. Сол Қотоминді беріңізші. *(Герман кіреді.)* Көзім түйіліп отыр. Бұрып ұйқысыз түн өткізгенде дәнсем кетпеуші еді. Оқу үстінде ұйықтамай шығу ауырырақ па, қалай? Ашы шаймен болса да ұйқы ашу керек боп отыр.

Захаров. Философ Дарума ұйықтамайым деп кірпігін кесіп тастапты. Соның кірпігінен шай ағашы өсіп шығыпты. Сол себепті шай ұйқы ашатын болған. Шай ішіңіз.

Қембаев. Ертегі ғой.

Герман. Қембаев, түнде ұйықтау қажет. Өз уақытымызда, қызмет қылғанда: айлар бойында ұйықтамай кететін біз едік. Бірақ сізге ұйтуге болмайды. Сіз ең артта қалған елдің баласысыз. Сіз көтере алмайсыз. Бұл залалды болады сізге.

Қембаев. Бізге залалды сізге залалды емес сен ғой. Сіздер үлкен ұлттар, біз кішкене жабайы елміз ғой. Кішкене ел, кішкене бала сияқты. Көп ми қызметіне жарамайды. Оған көп ұйықтау қажет қой. Бұныңыз жыныстар жайындағы ескі байшылдық заңы ғой. Бірақ, енді ол сияқты заңның да, ол көп ұйқының да заманы өткен. Енді мен сіз істеген қызметтен екі есе артық қызмет істей аламын. Сіз бір ай ұйықтамауға жарасаңыз мен екі ай ұйықтамауға жарайтынымды көрсете аламын. Аспирант Кастаньскийді қуып жете алатын шығармын.

Герман. Қуып көр, Кембаев, қу. Шынында да сізге асығу керек. *(Бородин мен Елена кіреді.)*

Елена. Біз ашқан адам мінезінің лабораторы сүт сатқыш қатындарды, тазартылып шығарған бухгалтерларды, тіпті қайыршыларды да зерттеп отыр. Бізге бұл сияқты қоғамдық топтардың жайын зерттеу қажет емес.

Бородин. Мен адамды зерттеймін, қоғамдық топтар смес зерттемегім.

Елена. Адам болса, адамның ең көп жері завод, фабрик.

Бородин. Ғылым үшін сүт сатқыш қатын мен темір ұстасының керектігі бірдей.

Елена. Біздің мақсатымыз үшін темір ұстасы керектірек.

Бородин. Мен сіздердің еш мақсұттарыңызды білмеймін. Сіздер, жастар, фактіні сүймейсіздер. Сіздерге жалаңаш күйіндегі мақсұтты ғана беріп отырсын дейсіздер. Ғылым ондай жалаңаштықты сүймейді.

Елена. Фактіні не үшін жиып жүргеніңізді білу керек. Әйтпесе біз құр қараңғыда сипалап келе жатқан сияқтымыз.

Бородин. Тегінде біздің бәріміз де солайша сипалаумен келеміз.

Елена. Ол әдіс емес.

Бородин. Олай болса орныңызды Қастальскийге беріңіз. Ол менің ісім — ғылым әдісі екенін таниды.

Кембаев. Жолдас Бородин, ғылым жолына да өзара сын керек шығар? Елена Михайловнаның ұсынысын біз түгел қостаймыз.

Бородин. Өздерің өз аранды тілегеніңше сынай бер. Мені қозғамандар. *(Наташа кіреді.)*

Бородин. Мынау кімнің баласы? Саған не керек, қызым?

Наташа. Мен экскурсияны бастап келдім. Үй қояндарын көрмекпіз.

Бородин. Экскурсияның да, көрменің де керегі жоқ. Герман, есіттің бе? *(Кабинетіне кетеді. Герман артынан ере кіреді.)*

Елена. Наташа, сен мұны қайдан таптың. Бұл жерде музей емес, білемісің.

Наташа. Оны тапқан дядя Бобров, шақырған сол. Енді жайсыз болды ғой.

Кембаев. Бұлар көргенге үй қоянының дәнеңесі

кетпейді. Не қылған бұл маңына жап дарығнайғын немелер. Алып жүр, Наташа, отрядыңды.

Елена. Сені институтқа басқарушы қып қашан сайлап еді?

Кембаев. Сайламақ болған еді, өзім көнбедім. Біз Бобровтан рұқсат сұрап аламыз. Наташа, отыра тұр. *(Захаровқа.)* Котоминді таптыңыз ба?

Захаров *(кітапты ашып, оқып, жай жабады.)* Котомин институт кітапханасында жоқ екен. *(Кембаев шығады.)*

Наташа. Лена, мен қабырға газетіне жаңағы шал туралы жазамын.

Елена. А? Рас, рас... бүйтетін болса, біз мәселені баспасөз жүзінде шығарамыз. *(Үстелге отырып жаза бастайды.)*

Наташа. Маған да қарындаш берші. *(Ол да жазады. Амалия кіреді.)*

Амалия *(Захаровқа.)* Иван Ильичке тамақ әкеп ем, сізге де біраз тамақ бар.

Захаров. Бір кезде рақымшылық құдайы Қибаннон болған еді, мен соның суретін басқан корал түйме сыйлаймын сізге.

Амалия. Мына әйел кім?

Захаров. Николай Петровичтің әйелі.

Амалия. Ә... әлігі анау... ғылым қызметкері екен ғой. *(Еленаға жақындап көп қарап, Еленаның көзіне көзі кездескеннен кейін тайып кетеді.)* Балалары бар ма бұлардың?

Захаров. Николай Петровичтің бұрынғы әйелінен бір баласы бар.

Амалия. Наташа ғой?..

Наташа. Мен мұндамын.

Амалия. *(Арт жағына айналып шошығандай қарап.)* Наташа, кәмпит жеймісің? *(Қалтасын қырап бір кәмпит алып ұсынады.)*

Наташа. Жемеймін, кәмпитіңіз кір. Сіздің шайнап жүргеніңіз не?

Елена. Наташа, қой олай сөйлеме?

Наташа. Немене мені қаға бересің? Резеңке шайнайды, біздің Сережка да солай шайнайтын. Мен балаларға барамын. *(Кетеді.)*

Амалия. А... Наташа!.. А. *(Күбірлейді. Герман кіреді.)*

Захаров (Амалияға). Кабинетке кірініз. (Қолындағы кітабымен Германға жақындап кеп.) Мына кітаптың сыртына жазушысының өз қолымен жазылған жайсыз сөз бар. Сондықтан бермей ұстап қалдым.

Герман. Кітапты алып оқып жақсы істеген екенсіз. Мына жазу Николай Касьяновичке жайсыз тиеді. (Варгасовтың кабинетке келе жатқанын көріп.) Семен Семенич, мынау дұрыс емес пе? Қараңыз да алысыраққа тығып қойыңыз. (Кітап береді. Варгасов оқып кітапты өзімен бірге алып тез шығып кетеді.)

Герман (Еленаға келіп). Мен бес жасар күнімде бақшадан гәуһар тасты сырға тауып алып ем. Содан бері мені жолы болғып, бақытты десуші еді. Бірақ ылғи жарым бақытты болушы ем. Бірақ Берлинге сіз барасыз. Сіз шын ақжолтай боп туған екенсіз. Астарында қоғамдық бар, ақжолтайлық.

Елена. Шет елге баруға неге сонша құмарсыз?

Герман. Морис Шевалиснің әнін тындап, бір қарағанда үш жүз жалаңаш қызды көруге құмармын. (Кембаев пен Бобров кіреді.)

Бобров (Еленаға). Кембаев сіздің Бородинмен таласқаныңызды айтып еді. Меніңше, сіздің көзіңізді таңып ал, қолыңыздан жетектеп келеді. Сіз дауласасыз, айғайлайсыз. Бірақ сол тартысқан жолмен жүріп келесіз. Осы дауыңыздан енді мағыналы қорытынды жасайтын уақыт болды, Елена Михайловна.

Герман. Қысқасы, іс қорытындысы дейсіз ғой. Ұйымсыз профессор ұйым адамының өсиетін айтады десеңізші.

Кембаев. Кастальский тағы қауып ойлады. Қырағылығын байқаймысың, Елена. Бұл кісінің күдігі көп. Қазақ қуып жетіп қоя ма деп те қорқады. (Күліп.) Түнде оқыма, күндіз серуен қыл деген сияқты жақсы өсиеттерді де айтып қояды. Сен, Елена, Бобровтың сөзіне құлақ сал. Бобров дұрыс айтады. Тәуір оқушы осы ғана.

Герман. Тіпті дұрыс айтасыз. Николай Касьянович Котоминнің өз шәкірті. Ал Котомин шәкіртінің бәрі де жақсы оқытушылар болады.

Бобров ((Еленаға). Сіз үндемейсіз, сенбейсіз ғой маған. Институттағылар менімен сөйлеспейді. Кездесе менің көзіме қарамайды да аяғыма қарап, зиянкестің ісін тапқысы келеді. Менің сыртымнан сыбырласып, кү-

ліседі. Жұмыс қылу өте ауыр болып кетті, Елена Михайловна.

Е л е н а. Сіз институт ішінде отставкаға шыққан патсадай жүресіз. Шағымыңызды құлаққа сыбырлап қана айтасыз. Маслихат берген боласыз. Өзгеше өсиет айтудан бұрын әуелі өзіңіз көңке жариялап зиянкестен неге араңызды ашпайсыз. Оның орнына құр үндемей сыпайы жігіт бол келесіз. *(Шығуға беттейді.)*

К е м б а е в. Елена, бұл жөнінде Бобров іс қылмақшы, оны білмеіі пе ең? Қотоминнің сырын аш деп заданиелер беріп отыр. Мен кітабын іздеп жүрмін. Жакында баяндама істеймін. Бобров та бетін ашады деп білемін.

Е л е н а. Бір задание бергені істің мәнін өзгертпейді.

К е м б а е в. Неге өзгертпесін, қатты өзгертеді. Құр дүмбілез сезікпен жүргенше Бородинды қоса түйреу керек. *(Екеуі де шығады.)*

Герман. Ал, енді тез бержабайға мініңіз де басқармаға шабыңыз. Хат жазып ұстазыңыздан ат кекілін кесіп, ажырап шығыңыз. Сакалына түкіріңіз. Ол решетка ішінде отыр, қауыш жоқ. Өзіңізді қазір қолтықтап көтеріп әкетеді, кәні!

Б о б р о в *(қатты)*. Тоқтатыңыз, жетті! *(Бородин жүгіріп кіреді.)*

Б о р о д и н. Николаша, ершіңе шейін қалтырап тұр ғой.

Б о б р о в. Мына сүйіктіңізді тыйыңыз.

Герман. Николай Касьянович Қотоминнен айрылып шығуға асығып тұр. Сонымен Елена Михайловнаның оң қабағына ілінбек болады.

Б о б р о в. Біз пікір жолында Қотоминмен көптен келіспей ажырасқамыз.

Б о р о д и н. Үйткенмен бүгін оның абақтыда отырғанында қарсыласпасын.

Б о б р о в. Рас мен қарсы шығуға көшендеп қалдым. Бірақ ештен кеш қайырлы ғой. Жұмсақтығымды Кастальскийдің саудасына беріп қойғым келмейді.

Б о р о д и н. Николай, Николай Касьянович.

Б о б р о в. Басқармаға хат жазамын.

Б о р о д и н. Профессор Бобров, сіз жасқа толған адамсыз. Не қыламын десеңіз де еркінсіз.

Герман. Басына пайдалы қып істеу және бар.

Б о р о д и н. Бірақ, біліңіз, біздің арамыз онда бұрынғыдан да жіктенді. *(Никаша кіреді.)*

Н а т а ш а. Дядя Коля, біз әлгі шал, мына шал тура-сындағы басылатын сөзді талқыға салып шықтық.

Б о р о д и н. Бері әпкеліңізші (*алып оқып*). Өтімді боп жазылыпты. (*Тым-тырыс*.) Осыларға үй қояндарын көрсетіңізші, Николай Касьянович.

Н а т а ш а. Жүр, дядя Коля, біз гіпгі көн тостық. (*Бородинге*.) Біз әлі бұл сөзді баспаспыз да.

Б о р о д и н. Рақмет. (*Наташа, Бобров шығып кетеді*.) Газетке жазады. Ә... ә!.. Мен гимназиядағы күнімде директор туралы бір өлең жазып ем. Артынан екі жұмаға тамақсыз қалдырып, әкемді шақырып сөйлесіп, мінезіме үш қойып, әурелеп еді. Содан бері өлең жазбаймын. Ұйқастың бәрін жел ұшырғандай болды.

Г е р м а н. Бобров та газетке жазады «Котоминнен кеттім, қарсымын» деп. Бір аз уақыт өткен соң, сізден де сүйтіп ат-тонын ала қашады, ұстазым.

Б о р о д и н. Иә, адам ұсақтап барады. Ішкі негіздері жоқ. Жақында профессорды төменнен көтерілушіден айыра алмайтын болармыз. Аяймын Николашаны, аяймын. Орға құлап барады. Қысқасы, өзі білсін. Сен одан да Николай Петровичке үніле қара. Бұл өте қызық адам. Мен оны байқап жүрмін, қазір маған ол үй қоянының бірі есепті, иә.

З а х а р о в. Николай Петровичтің жүзінде шолпан, марс, ай түгел бар. Марс оған туысты ерлік береді. Шолпан үлкен махаббат береді. (*Портфелін былғақтатып Невский жүгіріп кіреді*.)

Н е в с к и й. Иван Ильич, кітапханаға тезірек кітаптар алыңыз, әйтпесе кредит жабылғалы жатыр.

Б о р о д и н. Директор, сіз тіпті институтта көрінбейсіз ғой.

Н е в с к и й. Есімді шығарды, шын айтам, есім шықты. Жабдықтау сметасы 12 жерден аман өтіп еді. Құрғыр 13-ке барғанда, тұрып қалды. Көп кемітіп тастады. Бірақ әлі де беріспей келемін. Дегенімізге жетеміз, әлі күнге Невский сметаны ұтқызып көрген емес. Бұл жолы да еш нәрсе етпес, жүріңізші, көрсетейін. (*Бородин екеуі кабинетке кетеді. Кітапханадан Герман шығады*.)

З а х а р о в (*Варгасовқа*). Николай Касьянович жолынан қайтпақшы, хат жазады.

В а р г а с о в. Бәрібір құтылмайды, іс өтіп кеткен, Виссарион Захарыч. Мұнда қалайша кіргеніңіз есіңізде

болсын, Варгасовты мықты ұстаңыз, бар білгеніңізді айтып тұрыңыз.

Захаров. Пентаграм.

Варгасов. Не?

Захаров (*үш бұрышты көрсетіп*). Пентаграм өтірік айтуға рұқсат етпейді. Не үндеме, не шыныңды айт. Өзгелерге үндемеймін, сізге шынымды айтамын.

Варгасов (*кабинетке қарай жүреді. Жолшыбай кабинеттен шығып келе жатқан Амалияға кездеседі. Өтіп кетеді, Амалия кітапханадан өтіп бір есікті ашып, шұғылынан қайта қашады*).

Амалия. Жасырыңыз, жасырыңызшы бір жерге, кездесе алмаймын мен онымен.

Захаров. Қіммен?

Амалия. Уһ, мен кейін айтамын сізге, кәні тез, Виссарион Захарыч.

Захаров (*кітапханалардың артындағы кішкене есікті ашады*). Кітап сақтаушыға барып, сонда тосып отырыңыз. (*Амалия кетеді. Цеховой мен Елена шығады. Цеховой кабинеттің есігін қағады. Варгасовтың басы көрінеді.*)

Цеховой. Невскийге менің келгенімді білдіріңіз, өте тығыз. (*Еленаға.*) Мен Бородинның маркстіл емес екенін сенен кем білмеймін. Бірақ Бородинның адам мінезінің жұмбағын шешуі, біздің мемлекетке зор пайда келтіреді. Бұнысымен санашыл профессор социализмнің құрылысына жәрдем етеді. Міні диалектика осы жерде.

Елена. Осы жердің диалектикасынан менің басымның ішіне қорғасын құйылғандай болады. Бородин қараңғыны сипалаған соқырлар деп сандырақтайды. Біздің зерттеп жүргеніміз әлдекім. Кастальский бізбен тілегенін істеп жүр. Мен партия мүшесі боп мақала жазып отырмын. Сен диалектикамен қорқытпақ боласың.

Цеховой. Сен академиялық дауға бойлап кетіп саясатты ұмытқансың. Саяси жағынан қарасаң сенің Бородинге қарсы жазған мақалаң зиянкестерге құрық беру болады.

Елена. Сенің есің дұрыс па өзі?

Цеховой. Сені түгел қостайтын кім? Бобров ол лабораторға, ұдайы қарсы болған. Ол Котоминнің ниеттесі.

Елена. Шәкірті болумен ниеттес бола қалмайды.

Цеховой. Сен солай ойлаймысың? (*Невский шығады.*)

Цеховой. Невский жолдас, тыңда. (*Кітапты оқиды.*) «Менің ниеттесім және досым Николай Бобровқа. Павел Қотомин» кітабының сыртына өз қолымен жазған. Осы, беті ашылмаған зиянкес, әлі күнге бір бөлімді басқарып келеді. Мен мұны басқарушылық жолындағы оп-портуншылдықтың айғағы деп бағалаймын.

Невский. Уһ!..

Цеховой. Мен күлейін деп тұрғаным жоқ, Невский.

Невский. Бұлтарасың, бұлтарасың-ақ, бірақ бәрі-бір, бір жаққа қисайды деген аттан құтылу болмас. Кәні істейік, айтшы не істейік. Бородин Бобров үшін барын салады.

Цеховой. Мәселені батым боп қою керек. Мен қазірде Бородин Бобровты алуға сонша қарсы бола қояды деп білмеймін. Бұлардың арасы көзге көрінерліктей болып, салқындап қалған.

Невский. Е, олай болса батым қимылдайық. Бірақ Бобровтың орнына кімді ұсынамыз? Макарованы ма? А... а? Боламысың, Елена?

Елена. Менің лабораторға шамам келмей жүр, бүкіл кабинетті меңгеру қайда?

Цеховой. Оның үстіне Еленаның батымдығы жеткілікті емес. Бұл жерге мықты қол керек.

Невский. Онда сен бол, Цеховой, басқа кісі жоқ.

Елена. Болмайды, жолдастар, профессордың орнына аспирант және де басқа мамандықтың аспиранты. Кабинет өте ғылыми, жауапты кеңсе.

Цеховой. Әрі партия мүшесі, әрі байы боса да ғажап сенімсіздік.

Невский. Бәрін де, жалпы тұтас күйде меңгере білу қажет. Мені институтқа былғары тресінен ауыстырып әкеп қойған. Мен үй қояндарының терісінен басқа дәнепсін ұқпаймын. Сонда да тірлік стимулдарының институтын басқарып отырмын ғой. Бұл — диалектика.

Елена. Енді екеуі де ән қосыпты, диалектика, диалектика.

Невский. Иә, жүрдек сөз, осы жұрттың бәрі айтады. Кәні қалайсың, Николай, көндің бе? Онда Бобровты аламыз. Сен кабинеттің басқарушысы боласың.

Цеховой. Басқарманың да мүшесі боламын ғой.

Невский. Әрине, ол, орны бойынша солай ғой.

Елена. Олай болса лаборатор кімді зерттейді деген мәселе...

Цеховой. Баспа сөз жүзіне қойылмайды. *(Невский, Цеховой, Елена шығады. Захаров кабинеттің есігіне келеді. Қағады. Варгасовтың басы көрінеді. Захаровымдап шақырып, қара тақтай жанына апарып, бірдеңені сыза бастайды.)*

Захаров. Мына жоғарғысы кішкене қыз. Оның әкесі Николай Петрович. *(Сол жақтан ноқат қойып сызық жүргізеді.)* Кішкене қызды Амалия Карловна біледі. *(Оң жақтан сызық жүргізеді.)* Амалия Карловна мен Николай Петровичтің арасында жұмбақты байланыс бар. *(Төменгі ноқаттардың арасын қосады. Үш бұрыш шығарады.)* Пентаграм араларында қандай байланыс бар екенін білгіңіз келе ме? Кітап сақтағыштың ішіне кіріңіз.

Варгасов. Япырым-ау әлі!

Шымылдық.

Төртінші сурет

Екінші суреттің көрінісі. Еленаның пәтері, сахнада Кембаев, Клара, Елена. Кембаев кітап оқиды, бірақ анда-санда кітабын тоқтатып сөзге де араласып қояды.

Елена. Институттағы кемпір бірдеңені жинап тұрып маған көп қарап еді. Сол кемпірдің көзін әрі көріп, әрі сезіп тұрғандай болам. Ал, өзімнің ісімді көрмеймін де, сезбеймін. Бородин шын айтты. Менің маңдайым тышқанның маңдайындай. Мұндай маңдаймен ғылымға өрлеуге болмайды, болмайды.

Кембасв. Сөз емес, Елена. Бородиндердің байшыл, кертартнашыл жүйе болмыстарына құлақ салсаң, сенің басыңды бір кемітсе, менікін онан да қор сапағысы келеді. Кешегі мал баққан жабайының басына ғылым қонушы ма еді демек болады. Шүкірлік, бірақ біз ол сандыраққа жүдемейміз де, пысқырмаймыз. Бұйырса осы басымызбен ғылым тауын жарамыз. Бұл бастар еңбекшінің басы болатын болса, өспей дегеніне жетпей қоймайды. Бізге шегінуге болмайды, Елена.

Е л е н а. Мен адам мінезінің лабораторы, енді не керек екенін ұқпауға айналдым. Кейде тіпті адамды билеп жүрген аштық, махаббат, ашу, қорқыныш сияқты боп көрінеді. Барлығы төрт қана стимул. Мен білемін, бұл бір сандырақ, санашылдық. Бірақ зерттеп, түбіне шейін бара алмаймын. Қорқамын, рас, рас қорқамын.

К е м б а е в. Бобров әлдеқашан айтып еді. Оны алып тастадық. Ол күнгірт тартып жүр. Бородиннен кетті, бірақ, бізге де келе алмады. Соны шақырып алшы, Елена, істесеміз бірге, сонымен.

Е л е н а. Ешкімді шақырғым келмейді. Жақында бәрін тастаймын да, Берлинге кетемін.

К л а р а. Ақымақ, барып тұрған ақымақсың. Саған басқа қояр ат жоқ. Қайдан шыққан өнер өзі, әкең тұқымымен енбекші, темір ұстасы. Өзің де көпке шейін заводта болдың. Енді қарашы міні, ұрғашы көйлегін киген Гамлет бола қапты. Қоянша ши түбіне тығылмақ. Бірақ құтылам деме. Құлағыңнан тартып ал, үстелге қайта отырғызамыз. Не қылсан да тексересің, түсінесің.

К е м б а е в. Қазір кабинетті Николай меңгеріп жүр. Сенің күйеуің, партия мүшесі. Бірақ Бобров туралы ол жаман қылды.

Е л е н а. Николай мені үрейсіз дейді. Екеуміз тамақты да бірге ішпейтін болдық. Трамвайда ұрысқанымызды естіп жүргіншілердің айызы қанады. Ол жана орын алғанына, өміріне дән ырза. Мен шопырлыққа кетемін.

К л а р а. Үйтсең біз сені партиядан шығарамыз. Бұл не деген сандалу. Табанынан азғантай жарылса болды — дүниелік күдік бастарына орнайды. Бұл ақылдан туған нәрсе деп білемісің. Қайратсыздықтарыңнан, ұйымсыз ғалымдықтарыңнан туады сендердің. Дүниенің кіндігі өз кіндіктерің деп білесіңдер ғой сен байғұстар.

К е м б а е в (күліп). Рас жақсы айттың.

К л а р а. Партия бұлардың артындағы құйрығы ғана болса керек. Менің ықтиярыма берсе сендердің арттарына келістіріп тұрып дүре салар едім.

Е л е н а. Дүре салу онай, сен жәрдем ет.

К л а р а. Иә, қайт дейсің, институтыңа бар дейтін шығарсың әлде. Жок, оқуға мен кәрімін, жарықтығым.

К е м б а е в (атып тұрып). Тоқтаңызшы, оқу қажет емес, сен шефтікті ал. Заводыңмен бірге шеф бол. Заводың боп кеп, біздің бағытымызды түзендер. Біздің инс-

тигүттың бағығы жақсы емес, пашар. (*Цеховой мен Валя кіреді.*)

К л а р а. Қайдан мұнша көңілді боп келдіңдер?

В а л я. Мен қайтадан мүсінге кірістім, Николай Петрович мүсінін түсіртті. «Ғылымға басқан еңбекшіл». Тамаша тақырып, мүсінде сирек мүсін. Басына қараңызшы. Мрамордан оярлық бас емес пе? Қолы мен иығы дәл мүсін өнерінің тілеген кескіні.

Ц е х о в о й. Валентина Ивановна, мен тыңдаудан қысылатын боламын.

К л а р а. Валя, сен заводқа қай трамваймен баратыныңды ұмытқан жоқпысың әлі?

В а л я. Ой, Клавдия Васильевна, заводта ылғи шап, салдыр-күлдір. Тұтасқан машина дырдуы. Менің күн сайын басымның сақинасы ұстайды. Ешкім елемейді. Ештегені түсіне алмаймын. Мүсін жасаудан да қалып қойдым. Әй, шыдай алмасам керек.

К л а р а. Е, сен де ши түбіне жалтарған екенсің ғой. Бірақ саған мен өсиет айтпаймын. Жылжы, көгершінім, жылжи бер. Ерініңді боя, тілесең еңбекшілді алтыннан жаса. Бақытты бол. Жүр, Құсайын, шефтық жайын реттеп алайық.

К е м б а е в. Жүр, өзіннен басқа ешкім еш нәрсе өндіре аламайды. (*Кларамен бірге соның бөлмесіне кетеді.*)

В а л я. Ренжіп қалды.

Ц е х о в о й. Шырақ кемпір, бірақ елең қылмаңыз.

Е л е н а. Күшті сөз.

В а л я. Сіз, сіз мүсініңізді түсіртпейсіз бе?

Е л е н а. Біздің ондай сандыраққа шығаратын уақытымыз жоқ.

Ц е х о в о й. Біз демей өзінді айт... (*Еленаға.*) Өнер дегеннің бар-жоғы бірдей. Шолпан бұнша — құр жалаңаш қатын. Ғайсаның өлімінің суреті — құр ғана дін мастығы. Ғылым қызметкері, ассистент. Миында тіршілік бар. Сезім мен сезімділік сеніп біткен.

Е л е н а. Николай!

Ц е х о в о й. Бөлменді қарашы, терезенің бәрі пердесіз, газеттер уқаланған, қабырғалар айғыз-айғыз, дастарқан үсті қоқым, темекінің сабағы, жуылмаған шыны, икраның қалбыры. Сен болсаң сезбейсің де, байқамайсың.

Е л е н а. Бұрын сен де байқамайтынсың-ды.

Цеховой. Бұрын мен аспирант қана едім.

Елена. Алыпқа бұйырмаңыз, өзгерісті байқамай қаппын. Сен қазір бастық скенсің ғой.

Цеховой. Мәдениеттірек тұру, залал емес болса керек. Қазір де әсіресе солай.

Елена. Жарайды, несі бар екен, қазір мен жинайын.

Цеховой. Сезу қажет соны. Жинауын әрбір ақмақта жинайды.

Валя. Мен Клавдия Васильевнаға барып сөйлесейінші. Сол кісінің алдында айыптымын. *(Валя есік қағады. Клавдия «иә-иә». Валя кіріп кетеді.)*

Елена. Сен мені бір селкектеген қыздың алдында қызарттын.

Цеховой. Осы қыздан мәдениеттілікті үйрен.

Елена. Оның мәдениеттілігі сен арқылы-ақ білініп тұр. Сезім, сезімшілдік. Әрине мен отыздамын, ол жиырма үште. Жаңа иіс.

Цеховой. Сен туыстан сондайсың. Әйелдігің бір қаталық қой.

Елена. Сүйте тұра қайтпін бес жыл өмір сүрдің?

Цеховой. Бәріне үйренет те адам. *(Қабырғаны газетпен ұрып.)* Тіпті қандалаға да үйренеді.

Елена *(икраның қалбырларын алып, Николайға лақтырып ұрады)*. Мә саған қандала. *(Щетканы лақтырмақ болады.)*

(Валя шығады. Елена тез өзгеріп щетканы төмен түсіріп, киімін бір рет сипап өтеді.)

Валя. Сіз киіміңізді аяқ щеткасымен тазалайсыз ба?

Цеховой. Ия, қандаланы қалбырмен өлтіретін де жайы бар. *(Қалбырды көтереді.)* Сізді мен шығарып салайын, Валя.

Валя. Жоқ, жок, мен жалғыз кетем, жүрменіз.

Цеховой. Мен шығарып саламын сізді, Валя.

Валя. Қош болыңыз, Елена Михайловна.

Елена *(Валяның қолын ұстап)*. Валентина Ивановна, студия ішіне мынамен бірге тығылмаңыз, бұрыш-бұрышта сыбырласпаңыз. Жасыру, алдау жетті. Болды.

Валя. Маған соқтықпаңыз.

Елена. Қаттырақ, қаттырақ, бар дауысыңызбен айғайлаңыз. Сүйгеніңізді білдіріңіз. Бар дауысыңызбен ашыққа салып білдіріңіз.

Валя. Мен ешкімді де сүймеймін, қоя беріңізші, қолыңыз не деген суық. *(Қолын тартып ап жүгіріп кетеді.)*

Цеховой. Маған қызғаншақ албасты керек емес. *(Валяның артынан жүгіріп кетеді.)*

Елена *(артынан айғайлап)*. Мен еш уақытта қызғанбаймын. Еш уақытта қызғанбаймын. *(Отыра қалып жылап жібереді. Клара шығады.)*

Клара. Неге айғайладың, әлде тісің ауырды ма?

Елена. Мен Николаймен бірге тұрмаймын енді.

Клара. Қай уақытта шеше қойдың, жарықтығым-ау? Жаңа ғана күбірлесіп отыр едің ғой. Қас пен көздің арасында машинамен ағып кеткендей. Пыр еттің де, жоқ болдың ба? Кәні басынды көтерші, көгер, көтер дейім. *(Еленаның иығынан көтеріп қарап.)* Жасын, жасын қара, мә, сүрт! *(Орамал береді.)* Әрқашан қатын бұрын жылайды. Біржолата айрылыстыңдар ма, жоқ уақытша ма?

Елена. Біржолата.

Клара. Валентинамен кетті ғой. Сұлу қыз.

Елена. Құнсыз қуыршақ, қоян жүрек.

Клара. Апырмау, күншілдіктің қаулап шығып келе жатқанын қарашы.

Елена. Мен еш уақытта күндемеймін.

Клара. Мен енді маслиқат бермеймін.

Елена. Ол қыз жастығымен ғана алған шығар.

Клара. Ойбой, кәрі байғұсым-ай! Қайтсін. Мен сенің жасыңда өмірмен допша ойнап ем. Кетсе — кетсін, барсын. Дүниенің тетігі сол ма еді? Саған жігітті өзім-ақ тауып берем. Заводта талай мыңы бар. Партия дисциплинасы бойынша он шақтысын айдап келейін. Таңдағаныңды ал. Иә, бүгін менімен бірге завод асханасының ашылуына барайық. Онда ойлануға да шамаңды келтірмейді. Оп-оңай талқан қылады. *(Кембаев кіреді.)*

Кембаев. Іс шықса осыдан шығады. Шефтіктің жоспарын нық ұста, Клара! Елена, көзің неге қызарған? Жылағанбысың өзің? Әлде күйеуіңмен келіспей қалдың ба? Екеуің де ақылды емеспедіндер.

Клара. Елена Николайдан айрылысып отыр. Қатындыққа аламысың осыны?

Кембаев. Айрылысты дейді, бұ не қылған ақмақ-шылдық. Түсінбедім, не жетпейді екен.

Е л е н а. Николай ексуімізді біріктіретін жұмыс еді. Бір-бірімізге жәрдемдесіп, сүйрессіп пікірлесіп істеуші ек. Жоғары мектептен-ақ солай еді. Қазірде менің көмегім оған қажет емес. Оның өзі ұлық боп алды. *(Наташа кіреді, үстел үстіне аквариумды қояды.)*

Н а т а ш а. Қлара, мынаны кара. Елена, қарашы мына аквариумды. Бұл ойыншық көрмені біздің отрядқа дядя Бобров істеп берді. Ол біздің клубқа жиі келіп жүреді. Көктемде үй қояндарының үйшіктерін де жасайды. Кәні қарасаңдаршы снді. Қлара, Елена. Құсайын!

К е м б а е в. Бобровпен сөйлесу қажет. Ол өзгелердей жаман емес. Оған сенің көмегің керек. Саған оның мәліметі пайдалы болады.

Е л е н а. Керегі жоқ. Ол ұйымсыз пайғамбарсып, шаншып мазаны кетіреді. Тілімді алмадың, айтқамын, сақтандырғамын деп одан да жалғыз тұрып, жалғыз алысқанымыз артық.

Қ л а р а. Сені емдеу керек, шыраққайым. Бүгінгі қалың маған жақпайды.

Н а т а ш а. Кәні, Қлара, кәні, Лена, Құсайын, қараңдаршы мына балықтарды.

Е л е н а. Жақсы балықтар. Бірақ сен одан да жақсысың, Наталочка. Неге сен менің қызым болмадың екен.

Н а т а ш а. О неге керек.

Е л е н а. Өне бойы бірге тұрар едік, айырылыспас едік.

Н а т а ш а. Біз онсыз да бірге тұрамыз ғой, айырылыспаймыз ғой, мен сені, тіпті-тіпті жақсы көрем. Бірақ сенің үнемі уақытың жоқ бола береді. *(Бір жақтан үндемей жылдам басып Цеховой өтеді.)*

Н а т а ш а. Папа, аквариумды көрші, ана.

Ц е х о в о й. Аулақ! *(Кетеді.)*

Н а т а ш а. Қызына айтар басқа сөзі жоқ. Ғажайып.

Е л е н а. Шын ғажайып.

Н а т а ш а. Біз отрядтан Серезжканы шығарып тастадық. Ол поптың баласы екен. Қызметкердің баласымын деп жүріпті. Басшымыз «Серезжка отрядты алдағанда, жұмысшы табын да бір күні алдап кетуі мүмкін» деді. Жұмысшы табын алдауға болмайды ғой э, Қлара тәте, солай емес пе?

Қ л а р а. Басшыларың да айтқан екен ғой. Болмайды сол.

Н а т а ш а. Сен ен үлкен басшы кім екенін білемісің?

Білмейсің бе? О, мен білемін, ең үлкен басшы — партия. Қарашы, қалай жарық етті.

Е л е н а. Ай, Наталка... Қлара менің қызым болмағанына қатты өкінем. Не себепті жоқ болды екен? Кеш сайын оған жыр жырлап отыра едім. Талмас едім.

Қ л а р а. Жарайды енді, Елена, езілуің, «не себепті, не себепті», сенің уақытың өткен жоқ. Дайындал қазір. Жаңағы мәжіліске барамыз.

Е л е н а. Шын барамыз ба, Қлара?

К е м б а е в. Мені де алыңдар. Еленадан қалғым келмейді. Енді Еленаның жалғыз жүруіне де болмайды.

Қ л а р а. Трамвайдағы орын да үш-ақ кісіге қалдырылған, жүріңдер. *(Қлара, Елена, Кембаев кетеді.)*

Н а т а ш а *(жалғыз)*. Жақсы болды ғой, жалғызбын, ешкім мешайт қылмайды. Балықтарға тамақ берейін, рақат болды ғой. *(«Картошкенең» әніне салып жырлайды. Герман кіреді.)*

Г е р м а н. Шырағым, әкенді шақыршы.

Н а т а ш а. Отыра тұрыңыз. *(Жүгіріп барып Цеховойды ертіп әкеледі.)*

Ц е х о в о й. Бар, жат, қызым.

Н а т а ш а. Мен балықтарыммен бірге бола тұрам.

Ц е х о в о й. Жат, қызым, бар.

Н а т а ш а. Олай болса балықтарға тиюші болма. *(Кетеді.)*

Г е р м а н. Николай Петрович, мен сізден құдайға сенесіз бе деп сұрағалы келдім.

Ц е х о в о й. Шатылған сұрақ екен.

Г е р м а н. Олай болса шайтанға да сенбейміз ғой. Ал жандардың бір туысқандығына сенесіз бе?

Ц е х о в о й. Сіз аурусыз ба, жоқ мені сықақ қылмақсыз ба?..

Г е р м а н. Николай Петрович, тап туысқандығына сенеміз бе әлде? Қоғамдық туыстың біркелкілігіне сенесіз бе? Жауап беріңіз, мен шын сұраймын. Бір таптың баласының, туысқан қалыбында болатынына сенесіз бе?

Ц е х о в о й. Әрине.

Г е р м а н. Шыққан жерлеріне қарай туысқан бола алысады ғой. Орталары бірыңғай болғандықтан ішкі күйлері, машықтары, ыңғайлары да біркелкі болысады ғой. Сіз осыған сенсеңіз, онда менің туғанымсыз, Николай Петрович.

Ц е х о в о й. Немене сандырақтап отырсыз өзіңіз?

Герман. Әрине, екеуіміз бір әкеден емес. Менің әкем сенат мүшесі. Сіздікі — почтаның ұсақ чиновнигі. Ол төңкеріске қатыспаған. Қай үкіметтің тұсында болса да оның хаттары мезгілімен үзілмей келіп тұрған... Анкетаға да осылай жазуға болар еді.

Цеховой. Мен сізбен сөзді тоқтатамын.

Герман. Сіздің партиялық анкетаңызда «әкем почтаның ұсақ чиновнигі» делінген. Бірақ бұл бәрі емес. Шешем мещан қызы. 21-жылы Самарада аштықтан өлді деген. Солай. «22-жылы заводқа түстім. 25-жылға шейін істедім. Содан кейін ұйымға кірдім» делінген. Вузға жолдама алғансыз. Одан біздің институтқа аспирант болдыңыз. Солай, көрдіңіз бе, мен хабардармын. Институтта сіз Бобровпен ашық алыстыңыз. Бобров қоғамдық ортаның дағдылары оңай жиылмайды, дейтін еді. Олай болғанда әскери прокурор мен адмиралдың қызынан туған ұлдың өзі де іштей адмирал болмақ керек қой. Сіз осы жүйеге қарсы сөз де жаздыңыз. Мақаланың ішінде өз пікіріңізден көрі өзгенің пікірлерін жинастыруыңыз көбірек еді. Иә, бұнысы әншейін бір көлденең нәрсе.

Цеховой. Ашып айтыңызшы, жағалатпай.

Герман. Афродитадан мін таба алмағандығынан Мамур қызғанып, жарылып өлген екен. Сіздің партиялық анкетаңызды оқыған мен Мамур бола жаздадым. Бірақ мені сіздің бір азғантай ғана кемшілігіңіз аман сақтап қалды. Сіздің анаңыз тірі, Николай Петрович!

Цеховой. Қалайша тірі?

Герман. Мезгіл жетеді көріссеңіз. Енді біздің қалайша туысқан екенімізді түсінген шығарсыз деймін. Екеуімізді де бір орта туғызды. Бірақ соның ауыртпалығын әр қайсымыз әр күйде көтеріп келдік. Сіз әрі жасыңыз үлкен, әрі ақылдысыз — бұл әзіл емес, шын. Сондықтан өткен жылдардың тізімінен әскери прокурор мен адмирал қызын өшіріп тастадыңыз. Мен саржолтай. Атым да Герман. Ол мүмкіндікпен пайдаланбадым. Мен тағдырға сенемін, егер сырғаның екінші сыңарын таба алмай, өмір бойы бір сыңарымен кетесің десе, соған да сенемін. Мен шет мемлекетке Елена Михайловнаның баратынына, өзімнің аспиранттықпен жүріп қартайатыныма да көніп қойдым. Бірақ, мына сіз, сіз енді қалай сезетін боласыз өзіңізді.

Цеховой (атып тұрып). Мен заводта істедім. Мен

еңбекші боп кеткем. Бес жылдан бері партия мүшесімін, мені шешеммен қорқыта алмайсыз.

Герман. Құдай сақтасын. Мен сізге қорқытам деп келгем жоқ. Мен сізді сақтандырамын деп қана келдім. Туысқанымсыз, қам етіңіз, Николай Петрович. Партияға кірерде туысын жасырған үшін ұйымнан шығарады ғой. Сақ болыңыз. Және шақырмаған куә есепті боп, ісіңізге араласқанымды айып қылмаңыз, кешіңіз. Бұл жайдан мен сізге қайтып енді бір ауыз сөз айтпаймын. Ұйқыңыз тыныш болсын. *(Есік сарт етеді.)*

Цеховой *(жалғыз)*. Бұл жалған, жалған айтады. Мен заводта үш жыл, партияда бес жыл болдым. Партияда бес жыл, станок жанында үш жыл. Мен контрольный комиссияға барамын да бәрін де айтамын. Тергесін. Түсінеді. Кешіреді де төмендегі қызметке жібереді. *(Тез кіннеді.)* Міне менің барым деймін. Айтамын. Заводта үш жыл, партияда бес. Шешем тірі, қорқыта алмайсың. Бәрін, бәрін айтамын. Станок жанында, бес жыл, ұйымда бес жыл. Бәрі осы. Бәрі осы. *(Шығады.)*

(Есік сарт етеді, өз бөлмесінен Наташа шығады.)

Наташа. Папа? *(Айқайлап.)* Папа! *(Шошынып айқайлайды.)* Папа, қайда кеттің, сен жұмысшы табын алдадың ба? Басшыны алдадың ба? Папам менің.

Шымылдық.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Бесінші сурет

Мәжіліс үстелі. Үстел айналасында Бородин, Невский, Цеховой, Елена, Бобров және басқарма мүшесі. Бұл барлық мәжіліс уақытында бір ауыз сөз айтпайды, шай ішіп, май жаққан панды ғана жеі береді. Шетіректе Герман, Кембаев, хатшысы Варгасов. Бұның жанында телефон, бастық Невский.

Невский. Сөз жолдас Макароваға беріледі.

Варгасов. Борис Наумыч, сізді телефонға шақырады!

Невский. Айта бер, Макарова, мен тыңдай берем. *(Телефонға келеді.)*

Елена. Иә, сонымен, сыртынан қарасан бәрі әп-

әдемі. Біз адам мінезінің лабораторында отырмыз, зерттейміз, анкет толтырамыз, қанның соғу салмағын өлшейміз. 6 бригада ертеден кешке шейін іс істейді. Ал, содан кейін біздің материалымыздың бәрін профессор өз қолына алады, кабинетіне бекініп алады да жападан-жалғыз өзі тексеріп іс қылады. Біз ғылым қызметкерлері — зәңгілер қолындамыз. Біз өзіміздегі жұмбақ болған бір фабрикаға шикі зат беруден басқа түк істемейміз. Жетті енді, болды. Қазір біз сол фабриканың не дайындап жатқанын білмекпіз. Етік дайындай ма? Балауыз шам ба, жоқ әлде улататын газ шығара ма?

Герман. Бұл біз дегеніңіз кім?

Елена. Партия мүшелері мен бригадалардың қызметкерлері.

Герман. Мен де бригада қызметкерімін. Мен бүйтіп жеңілдікпен шабуыл жасағандыққа қарсылық білдіремін. Мен кесіп айтам: менің бригадам...

Елена. Мен лаборатордағы бригада адамдарының жалпы жиылысы тапсырған сөзді сөйлеп отырмын. Невский, жүргіз мына басқарманды жөндеп...

Невский. Қазір, қазір, сметаны ілгері жылжытып жатырмын. Иә, кімнің сұрағы бар?

Елена. Мен бітіргем жоқ, Невский. Профессор кабинетін ашып, лаборатор материалын зерттеуді көпшіліктің тексеруіне салуға керек.

Бородин. Талапайға салдыру ма? Мен пікірлерімді жиырма жыл бойына жиып-теріп, құрап келем. Сендердің соны таландыға салғыларың келді ғой. Өзгенікін талап алып керектеріңе жаратпақсыңдар ғой. Бұл болмайды. Бізді құлақты құртқандай құрта алмайсың. *(Маңдайын қағып.)* Менің дүнием қолыңа түспейді, мұнда.

Қембаев. Институт Бородиндікі емес, мемлекеттік, қоғамдікі; бұның табысы көп үшін, қай заманда болса да, көптің пайдалануына ортаға түсіп, сол көптің керегіне жарауға міндетті десе не дейсіз?

Бородин. Менің істеп шығарған нәрсем мемлекеттік, бірақ сол мемлекетке тиісті нәрсені мен істедім. Бұл есіңізде болсын, жалпақ бет жігітім.

Герман. Мемлекет біздің ісімізге ырза болады.

Бородин. Ол әлі мәлім емес.

Герман. Өйткенмен профессор Бобровка мемлекет-

тің ырза еместігі мәлім ғой. Ол басқарманың шығарылған мүшесі, портфельсіз министр емес пе?

Е л е н а. Біздің институт басқармасына қоятын шартымыз.

Б о р о д и н. Шарт қойғызбаймын. *(Невскийдің қолынан қоңырауды жұлып алып еденге лақтырып жібереді.)* Әуелі үтірдің қалай қойылатынын үйреніп болыңыз. Содан кейін шарт қойыңыз. Материалдардың копияларын алыңыз да, тойғаныңызша тексере де, қорыта да беріңіз. Бобровпен, тағы басқалармен бірігін өздеріңізше заң табындар. Содан кейін тексереміз, кімнің қорытындысы жақсы болып шығар екен. Одан беріде кісінің қалтасына қол сұқпа, милиция шақырам!

Б о б р о в. Мен қорытындымды жасадым.

Г е р м а н. Олай болса соныңызбен отырыңыз үйіңізде.

Е л е н а. Невский, жүн болып кеткенбісің, неге дұрыс жүргізбейсің мәжілісті?

Б о р о д и н. Сіз әлі боқтап та саларсыз.

Н е в с к и й *(қоңырау қағып)*. Жолдастар, тәртіпке шақырамын! Араларың шиеленіспесін тек, сөйлсей беріңіздер!

В а р г а с о в. Борис Наумыч, телефонға шақырады, тығыз.

Н е в с к и й. Сөйлей беріңіздер, жолдастар, мен қазір... *(Телефонға кетеді.)*

Б о р о д и н. Салыңыз ортаға қорытындыңызды, Николай Касьянович!

Б о б р о в. Мен көп заман үндемедім, мүмкін үндемеуім шектен асып кеткен де шығар. Иван Ильичтің беделі, салмағы, бас бірлігіміз, үй іші тұрмыстың шарт заңы... болды. Менің профессор Бородинге қол көтермегім оп-онай емес. Өйтсе де Иван Ильич зор ғылыми қаталыққа ұшырап жүр. Адамның мінездерін бұл кісі ең жабайы хайуани стимулдар бойынша шешпек, түсіндірмек болады. Бұл қатасы ол кісінің саяси көз қарастарының нәтижесі болып отыр. Дәл осынысына мен қарсы шығуға міндеттімін.

Г е р м а н. Сөйлей беріңіз, зиянкестің ниеттесі.

Б о б р о в. Менің Қотомин жайында жазған хатымды оқып па едіңіз?

Ц е х о в о й. Тым кешігіп шыққан өкініш.

Е л е н а. Біз лаборатор жайында сөйлеп отырмыз, Котоминның бұл жерге қажеті жоқ. Біз Бородиннің бағытына қарсылық білдіреміз. Сіз адамның тапқа тиістілік жағына қарамай, жалпы адам мінезі деп тексересіз. Таптардан сыртқары тұрған мәңгі стимулдарға ғана көз саласыз. Бұндай тұрғыдан қарасаңыз төңкеріс ашудың нәтижесі, социалдық жарыс — шағылысы қуатының салдары; екпінділік — аштық нәтижесі болып көрінуге мүмкін. Бұл басынап аяғына шейін бізге жат, саяси залалды жүйе болады.

Б о р о д и н. Сіз қандай қорытындылар шығатынын әлі білмейсіз, білуіңізге мүмкін емес. Оны әзір менің өзім де білмеймін.

Б о б р о в. Қорытындыны Қастальский сыбырлап ұсынып жүр. Мақсат бүгінгі адам қауымын басқарып отырған тәртіпті жаман қылып көрсетуде.

Г е р м а н. Тоқтат енді, арсыз! Маған шімірікпестен жала жабады. Қызғаншақ ер, түсін бояған зиянкес, қорғансыз, аспиранттан кек аламын дейсің ғой!

Е л е н а. Жап аузыңды.

Г е р м а н. Бастық, Бобровты жалған сөзі үшін, қылмыс ретінде жауапқа тартыңыз! Жазыңыз протоколға! Бұ мені қуғынға алып жүр!

Б о р о д и н. Мен мемлекетке жәрдемдеспекші боламын. Жұрт өзін дұрыс ұстауына керек еді. Бірақ оның орнына маған жұмыс істетпейді, бөгет шығарады.

Г е р м а н. Бобров пен Макарова қызғаншақтық қылады біздің ісімізге.

Б о р о д и н. Рас, рас, қызғанады, профессордың май қазаны дұрыс қайнатады, кел соған ботқа пісірейік десе-ді ғой. Түпшегі жоқ мәжілістерге отырғызатын болды. Уақыт босқа өтеді, бар күшің айғайға кетеді, не қалды? Басында ой-пікір орнына, ботқа ғана қалды. Мені жау дейсіңдер, сөйтіп тұрып өздерің жаудың кабинетіне сұранып келесіңдер, неге сұранасыңдар? Не үшін? Кәні?

Г е р м а н. Сіздің құлметіңізді ашпақ үшін сұранады, профессор.

Е л е н а. Рас, біздің күдігіміз дұрыс болып шығатын болса құлметіңізді ашпақпыз. *(Тым-тырыс. Сол кезде Невскийдің дауысы естіледі, ол телефонда.)*

Н е в с к и й. Гайлиске салмақ сала бер. Мен онымен сөйлескенмін. Біздің үй қоянымыз тұрған жердің шатырынан су тамшылайтын болды...

Б о р о д и н. *(Невскийге жүгіріп барып трубканы жү-
лып алып, тастай беріп).* Үй қояның да, Гайлисің де
марғау кетсін. Менің ең соңғы сөзім мынау: институтта
не мен боламын, не Макарова болсын, таңдаңыздар.

К е м б а е в *(орнынан тұрып, саспай салқын).* Олай-
ша қорқытпаңыз. Сізге мемлекет көп көңіл бөліп іс істе-
тіп отыр, кәдірлеп отыр. Солайша кәдірлегеннің арқасын-
да сөйлеп отырсыз осыша сөздерді. Бұны сіздің қалайша
ескермейтініңізді мен түсінбеймін. Кәдірлемесек білссіз
бе, сіздей сөйлейтін кісіні 20-жылда расходқа шығара-
туғымыз?

Б о р о д и н. Құдай ұрғандар... *(Есікті сарт екізін
шығып кетеді. Варгасов артынан қоса жүгіріп шығады.)*

Н е в с к и й. Жолдас Кембаев, сен қазір мәжілістен
шығасың, тез... солай.

К е м б а е в. Мен шефтық мәсслесін қоймақпын, жос-
пар даяр ма?

Н е в с к и й. Шефтықты сөйлейтіндей болып отырмыз
ба? Шефтық — болымсыз сөз. Онан да қазір ғана мә-
жілістен шық та, Бородинды тауып алып, кешірім сұра,
жаңағы сөздерің үшін!

К е м б а е в. Не сөйлейсің өзің? Сұрай бер, сұрағың
келсе, өзің! Біз бағаласақ ғылым қызметін бағалаймыз,
ал, саяси сандырағы молая берсе, ұрыспақ түгіл, ұрып
та саламыз. Елена да, Бобров та дұрыс айтады. Жігіт
екеуі де. Сен түсінбейсің де, сенбейсің бұларға!

Н е в с к и й *(айғайлап).* Мен сені шығарамын! Шық-
пасаң болмайды, ұғамысың?! *(Кембаев басын шайқап,
теріс қарай беріп, өй ішіңді ұрайын — деп шығып кетеді.)*

Б о б р о в. Мен тағы айтамын: лаборатор бізге төтен,
ерекше саяси мақсатпен ашылған.

Г е р м а н. Ол мақсат сізге бөтен. Кеңес өкіметіне
бөтен емес.

Б о б р о в. Кеңес өкіметіне Қастальскийлердің қор-
ғандығы қажет емес.

Г е р м а н. Бобровтардың сүйемелі онан да кемірек
керек пе дейім.

Е л е н а. Лабораторды қайта құру керек. Біз Боро-
динға өзінің ішкі сырын ықтиярсыз айтқызамыз.

Н е в с к и й. Сонша ақшаны шығарып, шығарып енді
қайта құрамыз де! Мені ол үшін ПКИ тірідей пісіріп
жер. Бұның еш уақытта болмайды.

Цеховой. Үзіліс жарияла да, фракцияның мәжілісін жасашы

Невский. Дұрыс, үзіліс жариялаймын. *(Невский, Елена, Николай шығып кетеді.)*

Цеховой *(жолшыбай Невскийге)*. Макарова мен Бобров — бұл не деген негізсіз бірлік! *(Кетіп қалады.)*

Басқарма мүшесі *(тұрып)*. Шай бітті, нан мен май да бітті. Үйге қайтсаң да болады екен, сірә менің қостаған дауысымды бірге санап салыңыздар. *(Кетеді.)*

(Герман мен Бобров кабинет ішінде адымдап жүріседі. Валя кіреді.)

Валя. Мен Николай Петровичке арнап «Лознгринге» билет әкеп едім, осыны табыс қыл да, менің театрға жүріп кеткенімді білдірші, тілеуің берсін!

Бобров. Өзің берсең.

Валя. Ә, ашулы екенсіз ғой, ықтиярыңыз. Герман Витольдович, сіз беріңізші онда!

Герман. Күп.

Бобров *(орындықты жұлып алып)*. Кетіңіз бұл жерден! Болмаса мен сіздің басыңызды жарамын!

Герман. Жақсы. *(Тез шығып кетеді.)*

Валя. Менің ерім қызғанышып орындықпен білдіреді. Ха-ха-ха! Сабырсызсыз, Николай Касьянович.

Бобров. Валентина Ивановна!

Валя. Рас, мен — Ивановна, а, сіз — Касьянович. Касьянның туған күні төрт жылда бір-ақ айналып келеді. Әкесінің аты ондай болған кісінің қызғаншақ болуына жол жоқ. Міне, егер сіз испан болсаңыз, атыңыз мысалы, Вентура, Гарсия, Кальдерон болса, онда орындығыңыз да кешірілер еді.

Бобров. Тоқтаныз енді, санасыз әйел! Сізді ойлайын деп отырғаным жоқ мен қазір...

Валя. Бұл өте қызық екен. «Мені ойламақшы емес». Ха! Сіздің қызғанышыңыз өте ұсақ. Қызғаныш сұлу болса, сұлу астай ғой. Біздің заводымыз, асты сұлулап береміз деп талап қып отыр. Таза асхана істің өнімін арттырады. Бұл даусыз, дұрыс. Ал, сен не етесің... сен орындықпен қызғанышыңды білдіресің. *(Герман, Бородин, Варгасов кіреді.)*

Бородин. Көр, міне, Валентина, сенің күйеуің үкіметтен мақтау алмаққа тырысып отыр. Әкенді көрге тықпақшы. Кім біледі, әлде нарком да болар. Кездескенде

қолын да бермес. Қалайда мен онан бұрын қол бермеііні болғанымды мақұл көрем.

В а л я. Менің бөгде кісінің кім болғанында жұмысым жоқ.

Б о р о д и н. Бұл шығ бөлде кісі ме?

Б о б р о в. Профессор Бородин, менің жалғыздығым аяқталып келеді. Бірақ жақында сіздікі басталады; сол күнде шошып жүрмеңіз. *(Цеховой, Невский, Елена кіреді. Валя байқалмай шетке кетеді. Есіктен Қембаев кіреді.)*

Н е в с к и й. Орындарыңызға отыруларыңызды сұраймын. Басқарманың фракциясы бұндағы жайды талқыға салып шықты, жолдастар. Біз бірнеше ұсыныстар белгіледік, оқып шығуға рұқсат етіңіздер. Бірінші: «Институттағы ескішіл элементтермен негізсіз бірлік жасау арқасында лаборатор жұмысына сенімсіздікпен қарайтын болғандықтан, жолдас Макарованы лабораторды басқару жұмысынан босатуға». Екінші: «кабинеттің бастығы жолдас Цеховой, қосалқылық ретімен лабораторға да бастық болсын; лаборатор ісіне белсенділік екпінін беріп, бригадалардың социалдық жарысын жасасын». Үшінші: «қызметкерлерді тарататын басқарманың сұрағы бойынша және жергілікті орындарда партия мүшесі, ғылыми қызметкерлері жетіспей жатқандықтан жолдас Макарова Саратов университетіне оқытушылық жұмысына жіберілісін». Төртінші: «осындай жайлар болғандықтан, шет елге баратын командировка Кастальскийге ауыстырып берілісін. Бұл мәселе тиісті орындарда қаралатын болсын». Протоколда Макарованың жекеше пікірі бар.

Б о р о д и н. Жақсы! Мен құттықтаймын, Николай Петрович; Борис Наумыч, рақмет. Енді біз оларға көрсетеміз, құттықтаймын!

Н е в с к и й. Сұрақтар жоқ па? Дауысқа қоямын. Бірінші ұсынысты кім қостайды? *(Бес қол көтеріледі.)* Екінші ұсынысты кім қостайды? *(Бес қол көтеріледі.)* Үшінші ұсынысты кім қостайды? *(Бес қол көтеріледі.)*

Қ е м б а е в. Бұл не? *(Кекетіп.)* Мақұл, мақұл!

Н е в с к и й. Төртінші ұсынысты кім қостайды? *(Төрт қол көтеріледі. Бобров қол көтермейді.)* Мәжіліс жабылды. *(Жиылғандар тарасады.)*

Г е р м а н *(Цеховойға жақындап келіп)*. Рақмет, туысқан.

Цеховой. Менен аулақ болыңыз.

Герман. Сізді Валентина Ивановна тосып отыр.

Бородин (Еленаға). Қош болыңыз, Елена Михайловна! Саратовтан маған жазып тұрыңыз. (Валя Цеховоймен бірге кетеді. Солардың ізімен өзгелер кетеді. Бобров, Елена, Кембаев қалады.)

Елена (Бобровқа). Сіз де бригада мүшелері келген қорытындыға келіпсіз. Ал, сіз бен біз сөз байласқан жоқ едік қой.

Кембаев. Бұнда Бобровқа сендер келдіңдер, сендерге Бобров келген жоқ.

Елена. Жоқ, мәселе біздің енді бір қалыпты ойлауымызда. (Бобровтың қолын қысады.) Жә: «ескішіл элемент» не мені партиядан шығарар, не болмаса, мен Бородинге қосып сендердің бәрінің күлметінді ашармын.

Кембаев. Партиядан шығуға болмайды, партияға қарай жүруге керек. Бұл іске партияның кірісуі қажет болды. Фракция болмаса, райком; ол болмаса, облыс; облыс болмаса, кіндік комитет. Мен тіпті Сталинге шейін жеткіземін.

Елена. Уақыт өткізуге болмайды, біз Бородинды енді жаңа тұрғыдан шабуылға аламыз. Мәселені баспа жүзіне саламыз. Жүр!

Бобров. Міне, енді, менің де жалғыздығым бітті. (Бобров, Кембаев, Елена шығады. Бір аз уақыт сахна бос тұрады. Артынан Варгасов, Герман шығады.)

Герман. Сіз Бобровты құлатуға көмек қылдыңыз. Сіз лабораторда жұмыс қылуға жәрдем еттіңіз. Сіз Николай Петровичтың сырын біліп маған білдірдіңіз. Жалғыз қалып, өмір соққысына ұшыраған интеллигентке осынша пейіл салуыңызда не мағына бар? Себебі не?

Варгасов. Мен сізге жолға алтын ақша да тауып беремін. Виза мен паспорт туралы да Варгасовқа сеніңіз.

Герман. Сіз зиялылардың ең адал, ең тілеулес досысыз.

Варгасов. Өзім де бір заманда зиялы болғамын, ғылыми журналдарда бір кезде мен де мақалалар жазғамын... көбінесе желіскер аттар жайынан. Шіркін-ай, қандай еді менің аттарым, қиялда ғана көргендей. Патшаға да апарып жүріп едім.

Герман. Менің тәңір жарылқасынға берер де еш пәрсем жоқ.

В а р г а с о в. Өл бар, табылады. (*Сыбырлап.*) Сыртқа бір тапсырманы ала кетіңіз.

Г е р м а н (*шошып*). Жоқ, жоқ! Мен ешбір ұйымға...

В а р г а с о в. Тәйірі, енді сіз үрікпеңіз, Герман Витольдович. Тұрмысыңыз қалай болса, солай еді; ісіңіз жалғыздың ісі еді. Сонда біз сізді өзіміздің жоспаршамызға әлдеқашан кіргізіп қойғамыз.

Г е р м а н. Қандай жоспарға?

В а р г а с о в. Бізге де өз орынбасарларымызды әзірлеу керек. Адам деген бізде де дертті мәселе. Сондықтан наразылығы бар сөзшендерді біз де байқақтап жүреміз. Сонымен, бір кеште біздікіне кіріңіз. Оңашада толығырақ сөйлесіп ұғысамыз.

Г е р м а н. Бұл өте қауыпты. Мен ең алдымен өмір сүрмек боламын.

В а р г а с о в. Е, мен де сонша өле қойғым келіп отырғам жоқ, құдай рақым етсе, бұдан былай да жаман болмаспыз. (*Қоштасады.*) Міне, енді сіздің жалғыздығыңыз тамам болды, Герман Витольдович!

Ш ы м ы л д ы қ.

Алтыншы сурет

Бірінші суретте, профессор Бородин үйінде болған көрініс. Сахнада Герман мен Бородин.

Б о р о д и н (*қатты қызған пішінде жылдам-жылдам жүріп жүр, қолында газет, оқиды*). «Олар ғылымға өрмелеп келеді, Гаттон мұнарасына жүз мыңдаған отрядтар болып, өрмелеген тышқанша тырмысып келеді». Менің қызымның ері болған адам, сенімімді осылайша таптады. Профессор Бобров үй ішіндегі сөзді газетке жеткізіп, сені шет елге жүргізбеймін деп отыр. Адам баласы көз алдында шіріп барады, өлекселері ауаны ұлатып барады.

Г е р м а н. Басқарманың өкілі институт кеңесіне де келіп кетті. Ол Варгасовты күтіп еді, бірақ Варгасов таңертеңнен бері жоқ болып кетіпті.

Б о р о д и н. Сенер жан жоқ, досың ба? Ол да сатады. (*Газетті сілкінтіп.*) Котоминге сот болып жатыр, зиянкестер ұйымында болыпты. Соншалық сүйікті адам — ол да оңбаған болып шықты.

Герман. Дүние жүзі ғылымның шын сөзін күтеді.
Бородин. Мен тез бітірсем деп күні-түні істеп келем, үш айдан кейін мен өзімнің қорытындыларымды жариялаймын.

Герман. Кеңес журналдары сіздің еңбегіңізді баспайды.

Бородин. Ол Лондонға жіберіледі.

Герман. Жазбаңызды шекарада конфискалайды.

Бородин. Онда мен алаңға шығып айқай саламын.

Герман. Аланда сіз тамағыңызды ғана талдырасыз.

Бородин. Онда үй ішінде айқай саламын. *(Өзін маңдайынан салып қалып.)* Мен тіпті баяндама істеймін. Бүгінгі мінездің стимулдары туралы баяндама болады. Баяндамаға стенографшылар мен шет елдердің тілшілері келеді. Осы тамаша ой емес пе, Герман, жалғыз-ақ мені жауып қояр ма екен!?

Герман. Достарыңыз сыртта ғылым ойын басып қойған үшін ереуіл білдіреді, сондықтан сізге бата алмайды, тимейді. Ереуілге ғылым, мәдениеттің маңдай адамдары қол қойған. Сіздің атыңызды ту қылып ұстайтын болады, ұстазым.

Бородин. Менің достарым аз, ереуіл жасайтын кісі болмай жүрмесін.

Герман. Ол жазылып та қойған. Тсс... *(Есікке жүгіріп барып, айнала қарап.)* Көріңіз, міне. *(Қағазды суырып алып ашады.)* Барлық мәдени қауымға... Оқыңыз... *(Профессор оқиды.)* Орыс фамилиялары жасырын болып қалады.

Бородин. «Профессор Бородин абақтыға тығылды». Мен әлі боспын ғой!

Герман. Бұл документ сіздің баяндамаңыздан кейін басылады.

Бородин. Олай болғанда мені бәрібір жабады ғой.

Герман. Біз сізді босатып аламыз, оқыңыз.

Бородин. Не... не... «Ғылымға тыныс алдырмайды». Бірақ біздің институт төңкерістен бері ғана жасай бастады ғой.

Герман. Оқыңыз.

Бородин. Қойылған қол мол емес. Солай. *(Варгасов ұшып кіреді. Герман қағазды шапшаң ұстай алады.)*

Варгасов. Уһ! *(Отырып.)* Нашар.

Герман. Не нашар?

В а р г а с о в. Документті тығуыңыз нашар, оп-оңай сезілді.

Б о р о д и н. Құрыдық та, Семен Семеныч.

В а р г а с о в. Әуре... Сонда да паспорт дайын. Ертең он екіде аласыз, виза да болады, валюта бар... (*Ақшаны суырады.*)

Г е р м а н. Тамаша, Семен Семеныч, тамаша.

Б о р о д и н. Айтыңыз, айтсаңызшы, қайтіп істедіңіз?

В а р г а с о в. Кейін айтармын, Иван Ильич, қазір уақыт жоқ. Герман Витольдович, енді тез жүру керек. Әзір газеттегі бір түрткен сөз сара емес ол. Бірақ газеттен шығып етек алып жайылып, басқа бір жаққа ауып кетсе, сол жаман болады. Николай Касьяновичтің қылғаны-ақ сол, тіріде ұмытпастық болды... Иә... оқыңыздар, мына тақталарды баспаханадан бір танысым әкеп берді... Мұнысы Макарованың мақаласы. Иван Ильичке қарсы жасақ жиылып жатыр.

Г е р м а н (*тақталарды алып*). «Тобынан сыртқа қарамау — тап дұспанының бір айласы». Сөз басы емес, тура барабан.

Б о р о д и н. Бері әпкелші! (*Жұлып алып.*) Кетерлерінде шалды былғап кетейік дескені ғой!

В а р г а с о в. Журналдың шығуы бөгеледі. Бір айдан кейін ғана шығады.

Г е р м а н. Олай болса бір айдан кейін Бородынге баяндама жасатпайды екен ғой.

В а р г а с о в. Бір танысым телефон соғып еді. Аспиранттар конференциясында Кембаев Иван Ильичті мінep баяндама жасамақшы дейді.

Г е р м а н. Сіздің күніңіз санаулы болып қалыпты, ұстазым, сізді тексеріп талқылауға алыпты.

Б о р о д и н (*тақталарды лақтырып жіберіп*). «Тап дұспаны» деген атқа ілініппін. Рақмет. Көріндер, жігіттер, алдарында тұрған анық тап дұспаны! (*Бобров, Кембаев кіреді. Бобровтың жолын бөген.*) А, профессор Бобров! Мен үн шығармаймын, сіздің көзіңізше қатты сөйлеуге болмайды ғой, газетке қыстырасыз.

Б о б р о в. Қатты сөйлей беріңіз, бірақ айтқан сөзіңіз үшін жауап бере де біліңіз.

Б о р о д и н. Тіпті жақынынның алдында айтқан сөз үшін де ме?

Б о б р о в. Тіпті өзіңізге өзіңіз айтқан сөз үшін де.

Б о р о д и н. Менің үйімнен қашан қоныс аударасыз?

Б о б р о в. Бөлме тауып алудан бұрын аудармасын.

Г е р м а н (*Бобровқа*). Сіз мені ғана қуып жүрген жоқсыз. Қазір мына бір қазақты Бородинның соңына салып қойдыңыз. Сіз биология кафедрасын неге алдыңыз, ең дұрысы тыңшылық пен жоқшылық жөнінен сабақ беру ғой сізге.

К е м б а е в. Былжырама енді, оңбаған! Бобров — біздің кісі. Ол дұрыс ұстаздық қылады. Дұрыс жолмен келе жатқан осы. Басқа әлдекімдей сандырақтамайды бұл. Сол себепті бұл өзгеннен бағалырақ, қымбатты да бізге. Біліп қойындар мұны.

Г е р м а н. Мен білемін, сені ақымақ қылып...

К е м б а е в (*ұмтылып*). Сен сияқты итаршыны ату керек! (*Бобров ұстай алады.*) Ату да аз... Білемісің?! (*Ұмтылады.*)

Б о б р о в. Кембаев, сабыр қылыңыз! Сіз, менімен бірге келдіңіз ғой, жарамайды. (*Ертіп әкетеді.*)

Г е р м а н. Жынданса керек мынау. Осындай жындылардың профессорға қарсы дау айтпағын қайтерсің?

Б о р о д и н. Үндеме, сонысы жақсы. Осыдан бір жұма бұрын мен бір үй қоянын жындандырып едім. Енді, міне, мынау. Жынданған үй қояны, жынды — төменнен көтерілуші — екеуінің де адасуының негізі біргелесті. Бұл тамаша. (*Цеховой, Наташа, Валя кіреді.*)

В а р г а с о в. Айтпақшы... маған кету керек екен. Герман Витольдович, документті көзіңіздей көріп сақтаңыз! (*Шығады.*)

В а л я. Эке, міне, мына кісі менің жаңа күйеуім!

Б о р о д и н. А... Енді мен жындана бастадым!

В а л я. Мен Николайдікіне көшемін. Наташа, мына кісі сенің атаң.

Н а т а ш а. Менің атам жоқ. (*Диванның бұрышына тығылып отырып алады.*)

В а л я. Менің күйеуіммен амандассаңызшы, эке! Мұның да аты Николай, атына үйренем дейтін емес. (*Бородин үндемейді.*)

Г е р м а н. Мен құттықтаймын жастарды. Валентина Ивановна (*қолынан сүйіп*), қиялым едіңіз менің, алыстап, бұлттай тарап кеткен қиялым. Николай Петрович! (*Қолын созады. Николай қолын бере қоймайды.*) Мен сізге құтты болсын айтып тұрмын, Николай Петрович! (*Николай қолын береді.*) Мен жастарға Морис Шевалие-

нің әнін жырлап берейін, тыңдандар!.. (*Французша жырлайды.*)

В а л я (*ән біткеннен кейін*). Мен киім-кешегімді жинаймын. (*Шығады.*)

Б о р о д и н (*Цеховойға жақындап келіп*). Жә! Күйеуім, шарам жоқ менің басқа, есенсіз бе? Сіздің алдыңыздағы Николай Бобров маған қарсы соғыс ашып отыр. Енді сіз туысқанша қорғауға міндеттісіз.

Ц е х о в о й. Бобровты біз институттан қуып шығамыз.

Г е р м а н. Валентинаның алдындағы кісі де кенже қалып жүрген жоқ. Қараңызшы, міне, сіздердің тап дұспандарыңыз бар екен.

Ц е х о в о й. Макарованы біз партиядан шығарамыз.

Г е р м а н. Кембаев деген қазақтарыңыз баяндама жасап, профессорды талқыға салмақ.

Ц е х о в о й. Кембаев жұлына берсе, біз оны да институт маңынан айдаймыз. Бастықтың бітер уақыты болды. Енді ширау керек. Демагог пен жікшілдерден түгел тазарып арылу керек. Бородинның қызметі мемлекетке қажет. Тыныштанып, ісіңізді істей беріңіз, Иван Ильич!

Г е р м а н. Тез уақытта ұстазым өзінің қорытындылары туралы көп алдында мәлімдеме жасайды.

Ц е х о в о й. Алып қашпаларға берілетін ең жақсы жауап сол болады. Біз адам мінезі жайында ғылымда үлкен бір өзгеріс болатын дәуірге жақындап келдік деп мен нық сенемін, профессор. Сол өзгерісте менің еңбегім де бір тамшыдай жәрдемші болатынын ойлап, мен қатты жұбанамын.

Б о р о д и н. Николаша, сіз тамаша жақсы адамсыз ғой. Япырай, кім ойлар еді сізді, Николай Цеховойды баласы деп... а, а, ғафу өтінем, менін қызымның күйеуі деп! А, қошамет сөзіңізге шын көңіліммен рақмет айтам. (*Валя кіреді.*)

В а л я. Иә, ұғыстындар ма?

Ц е х о в о й. Айтқаныңызша.

Г е р м а н. Өзді-өздеріңіз болып қалыңыздаршы рас. Әңгімелесіңіздер, бір-біріңізге іштеріңізді ашыңыздар. Мен кетейін. Бөгет жасамайын.

Б о р о д и н. Герман (*шетке таман жекелеп апарып*), сіздер маған ара түспексіңдер, документ жазыпсыңдар. Бұларыңыз қасиеттілік. Бірақ сонда да керек емес, жақ-

пайды маған. Біздің ісімізге Лондонды кірістіру қажет емес. Мен көне алмаймын.

Герман. Мәскеуге қайтуға кеш болады. Көп толқыған кісі қаза таппай қоймайды. *(Кетеді.)*

Бородин *(Германды шығарып салып қайтып келеді)*. Қарақтарым-ау, бұл ғажап іс қалайша болып қалды? Түсінбеймін мен.

Валя. Әй, қартым-ай, саған түсіну қиын екені рас. Бірақ барлығы да заңды, жолды. Мен заводта қызмет етем. Жаңа түрлі адам болып өсіп келем. Ал, жаңаның адамы мұрны қалай біткен, жамбасы қандай деп сынамайды. Сондықтан мен станоктан ғылымға көшкен нағыз еңбекшілді сүйдім де қойдым.

Бородин. Һым... Һым... Иә, ақылды қызым, пионерка, енді атаң туралы газетке сөз жазуға болмайды. Біз жақын туысқан болдық.

Валя. Маңдайыңды тыжырайтпа, Наташа. Мен сенің жаңа шешең боламын.

Наташа. Керегі жоқ.

Валя. Сен неге маған ашуланасың?

Цеховой. Қой оны, ол қияңқы, ашуқой қыз, құйып қойған шешесі.

Наташа. Әрине, саған ұқсағам жоқ, ымырашыл.

Цеховой *(ақырып)*. Токтат енді, оңбаған!

Валя. Қоля, ол не дегенің балаға? *(Аз тым-тырыстан соң.)*

Бородин. Николай Петрович, сіздің келешегіңіз өте жарқын болады. Менің сөзім есіңізде болсын. Бородин адам туралы жаңылмайды. *(Кетіседі. Наташа қалады.)*

Наташа. Неге менің жылағым келеді?.. Пионерлер жыламайды. Олар әрқашан қызықты, көңілді болатыны қайда? *(Диванның жастығына бетін басып жылайды, Бобров кіреді.)*

Бобров. Наташа, менің балақайым, жалғыз қалыпсың ғой. *(Қолынан ұстайды.)*

Наташа. Менің енді шыдар шамам жоқ... Мен Қлара тәтеме айтайын деп едім. Папама жаным ашиды. Ылғи үндемей-үндемей жасырып келемін. Енді сол үндемегенім кеудемді жарып барады.

Бобров. Әкең сені ренжітті ме?

Наташа. Ол мені ренжіткен жоқ, бірақ жұрттың бәрін алдапты. Дядя Қоля, неге жылағым келе береді

менің? Мен саған әкемнің шешесі туралы барды айтамын, жарай ма? Сен екеуміз дос емеспіз бе?

Б о б р о в. Әрине, айт, досың бәрін ұғады. *(Амалия кіреді.)*

А м а л и я. Валентиночка... а, Наташечка, бөпетайым... кәмпит жеймісің?

Н а т а ш а. Дядя Коля, кетейікші!

Б о б р о в. Кетейік. *(Наташаны қолына көтеріп алып кетеді.)*

А м а л и я. Николайдың қызы мұндай болсын деп тілеген жоқ едім. Валентиночка, балақайым, ішкі киімдерің даяр... Қайдасың? *(Есікке қарай жүреді. Қарсы алдынан Цеховой шығады. Амалия үркіп қысылып кейін шегінеді, естір-естілмес қып.)* Николая...

Цеховой. Сіз қандай айламен тірі қалдыңыз? *(Есікті жауып.)* Мен сізді әлдеқашан...

А м а л и я. Ғажаппен, Николая, ғажаппен ғана тірі қалдым. Жасаған-ау, неткен жақсысың!

Цеховой. Қойыңыз оны. Уақыт — жетеді сонда мен сізді қайта табамын. Әзірше ұлыңыз барын ұмытып тұрыңыз.

А м а л и я. Мені қайта табам деймісің, Николая.

Цеховой. Иә, лаборатор ісі біткен соң, профессор баяндама жасағаннан кейін, бұған тыныш қызмет етуге мүмкіндік беруші жалғыз мен болғандығыма жұрттың бәрінің көзі жетеді. Мені Невскийдің орнына шығаратын шығар. Ол езілген байғұс смета комиссияларының ішінде қақтығуымен жүріп бар абұйырын тауысып бітті. Мен, басыма сенім мен атақ әбден оралып болған соң контрольный комиссияға келемін де, қызыл үстелінің алдына барып: «мен міне» деймін. Айыптымын, партияны алдадым. Партия заңының қаталдығын қолданып, хукім қылындар деймін... Сонда менің қылмысым не екенін естігенде олар жымып қана күледі де: «бар, жұмысыңды істей бер, ендігәрі айыпты жұмыс істеме»,— дейді. Мен институт директоры, анама, ұл болып, қайта қайтамын.

А м а л и я. Аһ, марқұм сенің әкең де осындай жақсы сөйлеуші еді. *(Бородин кіреді. Тым-тырыс.)*

Б о р о д и н. Қысылмаңыздар, сөйлесе беріңіздер мен өз кісілерің.

Цеховой. Сізге.. Бір нәрсе мәлім бе?

Б о р о д и н. Бәрі мәлім.

Цеховой *(Амалияға)*. Әй, кемпірдің тілі-ай!

Бородин. Қымбатты күйеуім, айтыңызшы шыныңызды: қорқасыз ғой? Үстіңізде саялы бәйтерек тұр ғой, бірақ соның астында жүрегіңіз қорқыныштан шаншып тыным бермейді, ә?

Цеховой. Сөз емес, есіттіңіз бе, сөз емес.

Бородин. Сіз біздің тұқымның адамысыз. Төменнен көтерілген емессіз, зор саясатшы болуыңыз мүмкін. Ол салақият сіздің қаныңызда бар. *(Валя кіреді.)*

Амалия. Валентиночка, балақайым, мен сізді іздеп едім!

Валя. Енді жүруге болады.

Бородин. Иә, қайтейін, Валюшка бақытты бол!

Валя. Тырысайын, әке!

Цеховой. Қош болыңыз, Иван Ильич, есіңізде болсын менің айтқаным, сөз емес. *(Валя мен Николай кетеді.)*

Амалия. Бұныңыз не, оны неге қыздырдыңыз?

Бородин. Николай Петрович, «сөз емес» емес, шынның шыны. Сіз қорқасыз. Сіз көп өрістейсіз, бірақ сіз де қорқасыз. Менің шынжырымның екі басы қабысып тұйықтасуға айналды. Иван Бородин баяндамасын үш айдан соң емес, үш жұмадан соң оқиды. Иә, «келешек жылдар» тығылған, күнгірт тұман ініне, бірақ сенің тағдырың жазылған жарқын жүзіңнен, бар адамның тағдырын, бар мемлекеттің тағдырын тұтас көріп отырмын... Мен бә-э-рін айтамын, бәрін... Есалаңдық тыйылады. Адам түсінеді де, тіл алады да... Жалғыз-ақ Валюшка кетіп қалды-ау. Сүйді де кетті міне... Бала әкеге оның жас дәуренін қайтарып әкеп бермейді. Кәрілік әр қашаннан жалғыздықпен егіз. Амалия Карловна! Мен қайраттанып, өгіздей өрге сүйреп қызмет етем. Бірақ өткен-кеткеннің салмағынан белім бүгіледі. Пешке қарай тарта береді. Таңертең тұру да оңай емес. *(Захаров кіреді.)*

Захаров. Жастықтың ішкілігі болса, кәріліктің кеменгерлігі бар.

Бородин. Кәртеген шағында бұрынғы өміріңді теріс жүріп өткізген екем деп түсінсең, онда ешбір кеменгерлік сүйеніш бола алмайды, Виссарийон Захарыч, біз, міне қазір үш кәрілікпіз... Ал, қайсымыз дұрыс өмір сүрдік? Қайсымыз?

Амалия. Бар ма есіңізде? Татьяна күні... Қолон-

ный залдың оттары, жұрт алдында орта бойлы, сымбаты студент...

Б о р о д и н. Қандай жақсы, қандай уыз еді розалар...
э, баяндаманы бәрібір істеймін! (*Пианино тілдерін басып қалады.*)

Ш ы м ы л д ы қ.

Жетінші сурет

Мінбер. Профессор Бородин баяндамасын оқып тұр. Үстел айналалында: Невский, Цеховой және басқарманың үндемес мүшесі.

Б о р о д и н. Менің баяндамама аяқтап келеді. Мінез дегеннің негізі: арнаулы, айдаушыл, қоздырғыш стимулдар болатынын үй қояндарының мысалынан көрдіңіздер. Біз стимулын тапқан соң соған әсер ету арқылы, мінез де өзгерте аламыз. Осыған ұқсас, адам қауымының да, бір қоғамдық ортасының салмақты стимулын тауып алсақ, соған қарап сол қоғамдық ортаның, қоғамдық мінезі қай жолмен өсетінін алдын ала болжауымызға болады. Олай болса ғылымның саясатты керексіз қылып, реттен шығаратын сағаты соқты. Біз мемлекетімізге шамамыз келген жәрдемімізді істемек болдық. Сонымен бүгінгі адам мінезінің іргесі боп жатқан стимулдар нелер екенін зерттеп өттік. Бізбен бірге істескен бірнеше партиялық жолдастар болды. Олардың ісінде мен, әсіресе көп еңбек сіңірген кісі деп Николай Петрович Цеховойды айтамын. Сол адамдармен бірігіп біз әртүрлі қоғамдық таптардың адамынан бірнеше жүз кісіні таза ғылыми жолмен зерттеп өттік. Мен бұны зерттеудің жолдары мен әдістері қандай болғандығы туралы айтпай-ақ қоямын. Білгісі келгендер материалдарды қарауға болады... Жалғыз айтатыным, зерттелгендердің 80%-нің мінез стимулы қорқыныш боп шықты.

Д а у ы с. Не?

Б о р о д и н. Қорқыныш. (*Баяндаманың осы жерінен бастап, аяғына шейін басқармаға залдың әр пұшпағынан шыққан запискалар жауа бастайды.*) Горндайк, Уэтсон, Лэшли тағы басқалардың кітаптары бойынша, қорқы-

нышты туғызатын ықтиярсыз стимул — не қатты дабыс, не тіректен айырылу болады екен.

Барлық зерттелгендердің 80%-і үнемі сондай ақыру, зекудің қауыпымен, немесе қоғамдық тірегінен айрылумен тіршілік етеді.

Сүт сатушы қатын — сиырын конфискулейді деп қорқады. Қара шаруа — ықтиярсыз коллективке кіргізе ме деп қорқады. Кеңес қызметкері — тынымсыз тазартудан қорқады; партия мүшесі — ісімнен уклон шығып қала ма деп қорқады; ғылым қызметкері — санашылдыққа айыпталам ба дейді; техника қызметшілері — зиянкестікке айыпталам ба деп қорқады. Міне, осындай ұлы қорқыныштың дәуірінде келеміз.

Қорқыныш талай талантты оқығандарды туған аналарынан бездіріп, туысын жасыртып жалған айтқызып жүр. Қорқыныш соларды биік орындарға қарай ұмтылтады... иә... себебі биік орында тұрғанда сыры ашылса, ол соншалық қауыпты емес. Қорқыныш адамды өкшелеп жүр, сондықтан адам ешкімге сенбейтін, тұйық, ұятсыз, салақ, негізсіз болып барады... Жұмыстан қалғыштық, өндірістің кедергісі, жалпы кедейлік, аштық та сол қорқыныштан туады. Ешкім зекіру, ақырусыз, қара тақтайға жазылусыз, не отырып қалу, не айдалып кету қауыпынсыз іс істемейді. Жұтқалы келе жатқан айдаһарды көрсе үй қояны орнынан тапжыла алмайды. Қорыққаннан бар денесі ағаштай боп иілмей қалады. Сондықтан жыланның келіп оралып, қысып, жаншып өлтіргенін өзі қимылдамастан тосып алады. Біздің бәріміз де сол үй қоянымыз. Осындай халде жанданып іс істеуге бола ма? Әрине, болмайды.

Зерттелгеннің қалған 20% төменнен көтерілгендер, жұмысшылар. Олардың қорқатын ештеңесі жоқ. Мемлекеттің қожасы да солар. Олар кеңеске де, ғылымға да зор көкірекпен кіреді. Етіктері тасырлап, қатты күліп, дабырлап сөйлеп кіреді... Бірақ солардың өздері қорықпаса да олар үшін милары қорқады... Қара жұмыс адамының миы, шамадан тысқары нағрузкадан қорқады. Содан барып қашқынды қуғындылық дерті пайда болады. Олар ылғи қуып жетіп, басып озуға талпынады. Сондай таусылмайтын жарыста өкпесі қабынған сияқты болып, миы не жынданады, не баяулап әлсірейді, шөгеді. Жойыңыздаршы қорқынышты, сол қорқынышты туғызарлық нәрсенің бәрін; сол күнде мемлекет қандай-

лық жанды, салынды тіршілік бастағанын көрер едіңіздер. Осымен сөзімді бітіруге рұқсат етіңіздер. (*Мінбеден түсіп кетеді.*)

Цеховой. *Пышақсыз бауыздады ма... (Маңдайының терін сүртеді.)*

Невский. Профессор Бородинның баяндамасы бойынша сөйлегісі келген жолдастардың саны жүзден асты. Енді записка бермеулеріңізді өтінемін. Жазылу ретінде бірінші сөз «Красный прокатчик» зауыдынан келген Спасова жолдасқа беріледі. Одан кейінгі сөз аспирант Кембаевтікі. Үшінші — профессор Бобров.

Клара. Мен «институтқа шефтық қыламын» деген заводтың атынан сөйлеймін. Бірақ біз шефтықты сөйлегенмен институттың ондай уақ-түйекке қолы тимейтін болады.

Невский. Біз ғылыми баяндаманы талқыға салып отырмыз. Шефтық мәселесінің бұл жерге қажеті жоқ.

Клара. Олай болса, егер біздің зауыдымыз институтқа шефтық қылса, онда біз мынадай ғылыми баяндамаға жол бермес едік.

Дауыс. *Дұрыс!*

Клара. Ал, енді баяндаманың өзі туралы. Қорқынышты жоғалтыңдар деген ұсыныс жасады профессор. Біз сіздің ұсынысыңызды қабыл аламыз. Келіңіз қорқынышты жоғалтайық. Сонымен, адамның күші мен өнерін жанды, жалынды тіршілікке сарып қылатын болайық. Бірақ қорқыныш жойылу үшін әуелі соны туғызған себептерді жою керек. Ал, себептер бригада да, тазарту комиссиясында да, тіпті СПВ-де де емес. Профессор, сіз бен біз кәрі адамдармыз, сондықтан білеміз қорқыныш жер үстіне бүгін ғана келген жоқ Талай мың жылдар бойы тіршілік етеді. Жер үстінде құлдық пен зорлық дүниесі орнағаннан бері қарай, қорқыныш адамды адамның басып бағындыруының зор құралы болған... Шошыту... еркін алу... езілушілердің қарсылығын таптау... адамды мұнан бағынғыш үй қоянына айналдыру — міне, барлық дәуірлердің, барлық халықтардың айдаһарларының мұрады осы болған. Шошыту керек, сол үшін еріткен қорғасын Болотниковтың тамағына құйылған. Разинның денесі тірідей кескіленген. Пугачевтардың бастары алынған; көтеріліс жасайтын құл крестьяндардың қалалары соққыға ұшыраған; қызыл Пресняның

дружинниктері оққа ұшқан; сiбiр партизандарының iштерiн жарған. Сонда поптар өкiметке қарсы болушыларға тамұқ жазасын тiлеген. Профессор да өздерiнiң мiнберлерiнен, қара жұмыс адамы ғылым мен мемлекет iсiне жарай алмайды деп миландырған.

Шошыту керек! Бiрақ езiлгендер — үй қояны емес-тi, профессор Бородин! Олар Спартактың отрядында соғысқан; олар инквизицияның отында жанып бара жатып бостандық ұранын тастаған; олар басын шапқалы тұрған жендеттiң бетiне түкiргендер; дар ағаштың табанында тұрып күреске шақырғандар. Солай болатын. Оларды жаяу этаппен Орта Қолымскiге қаторғаға айдаған. Орта Қолымскiге шейiн қанша жүретiндi, сiз профессор, бiлесiз бе? Сегiз жыл жүрушi едi... Үркiттiң өзiне шейiн екi жарым жыл жүретiн... Бұл сiзге сүт сатушы қатын емес.

Оларды қаторғаға айдап, абақтыға отырғызатын. Сонда да олар қашып шығып қайтадан алысқа кiрiсетiн.

Солайша қорқыныштан қорықпайтындық туған. Бұл езiлгендердiң ерлiгi едi. Олардың айырыламын, аяймын дейтiн еш нәрсесi жоқ едi. Ол еңбекшiлдiң, төңкерiсшiлдiң, большевиктердiң ерлiгi. Ендi келiп сiз бiздi поездың кешiгiп жүретiнiмен қорқытпақ боласыз. Бұныңыз iске аспайды, профессор, iске аспайды.

Қорқынышты жою үшiн сiз бен бiздiң қайсымыз iспен алысып отырмыз; қорқыныштың негiздерiне қарсы көтерiлген, қанау мен қан дүниесiнiң негiзiне қарсы көтерiлген бiз алысамыз ба? Жоқ, бюрократты тазартудан, құлақты коллективтен, зиянкестi СПВ-ден қорғаймын деген сiз алысасыз ба? Тап дұспанының кедергi жасауға батылы барып, колхозды өртеп, консервiнi уландырып, оның үстiне мына мiнберден сөйлеуге батылы барып отырса,— ол әлi қорыққандық емес. Онда сақтықты бұрынғыдан он есе арттыру керек болғаны. Бiздiң қатарымызда қиыншылықтан қорқатын адамдар шыға қалса, ол капитал айдаһарының көзi әлi оны арбап тұрғандығын көрсетедi. Олай болса қаттылықты да он есе арттыру керек.

Тап тартысында ер болындар да, тап дұспанына рақымсыз болындар. (*Тым-тырыс.*)

1907 жылы менiң ұлым дарға асылды... Жиырма жылдан кейiн төңкерiс музейiнде мен сондағы жендеттiң

есебін тауып алдым. Содан бері анда-санда кәрі сүйегім шаққан уақытта сол есепті оқимын. Бойыма жаңа қуат біткендей болады. Есебі міне:— білезік темір — отыз тиын, арқан — елу тиын, басына жабатын қапшық — бір сом.

Оның жүзін көрмес үшін басына қапшық кигізіпті. Дарға асатын адамның пішінінен қорқатын... Пішінінде өздеріне арналған хукім жазылған. Соны оқудан қорқатын. Олар сол қапшығын біздің бәрімізге қаптамақ болады. Арқанға елу тиын емес, миллиондарын да қуана-қуана береді. Олар бізге өлім білезігін соқтырып алып, бұл күнге шейін дүние жүзі көрмеген — қан мен қорқыныш теңізін жаймақшы. Бірақ біз бен сенің соңғы рет кездесетін сағатың жеткенде, бастарыңа қапшық жаппай-ақ қоямыз біз, капиталшы мырзалар! (*Тым-тырыс.*)

Біз жер үстіндегі соңғы зорлықшылдың қарсылығын құлатқан соң, содан кейінгі бала, ұрпақ «қорқыныш» деген сөзді тілмаштан ғана көретін болады. Оған шейін тап тартысының қорықпайтын ерлігіне шыныға беріңдер. Жаудың жаңа шабуылдарына әзір отырыңдар! Кездессеңдер, жұмысшы табының алып қолымен сілейте ұрыңдар!! (*Қол шапалақтау.*)

К е м б а е в. Профессор Бородин! Сіз ғылым саясатты қағып шығаратын сағат соқты дедіңіз, жалғыз-ақ соныңыздың өзімен ғылымды тастап, саясатқа аттап кеткеніңізді түсіне ме екенсіз. Жүйеңіздің өн бойында түгел ғылым бар деп білмеймін мен, үй қоянынан ары асқан жерде сіз ғылым негізінен, ғылым қалпынан кеткенсіз, жүйеңізде ғылымдық пішін жоқ. Сіз адам қауымының қалпын, адамның мінезін, ішкі қиын терең дүниесін, үй қоянынан байқалған мінезбен шешесіз. Сіздің үй қоянынан сүт сатқыш қатынға, құлаққа қарай бір-ақ секіруіңіздің өзінде механикалық ұшқырлық бар. Ал ол сүт сатқыш қатын мен және басқа неше алуан сіз іріктеп алған обыватель мешан мен бүгінгі социализмді құрып келе жатқан жұрттың адамының арасында қаншалық зор айырмыс бар екенін кім білмейді, кім ол айырмысты я жоқ, я жалған деп айта алады? Бұл күнге шейін адам баласының тарихы көрмеген жаңа өмірдің жаңа жолын жарып салып келе жатқан пролетариатты қояйық. Басқа жай адамның жай-жабайы тұрмысы мен мінезін, ішкі дүниесін алайық. Соның өзін де, я үй қояны, я түз қоя-

ны, қатта тіпті биология басқышының адамға жақын сатысында тұрған адам кейіптес маймыл мінезіне қарап шешуге бола ма? Өзге барлық жануарлар бір төбе, адам бір төбе, адам мінезін биологиялық примитив мінезімен шешу, әсіресе профессор Бородинше шешу зорлық. Әдейі істеген зорлық; саяси мақсатпен істеген зорлық. Ал, тіпті профессор Бородиндікі бір сәтке дұрыс дей тұралық: 80%-ті билеген стимул қорқыныш болсын. Жә, сол жүйемен тексергенде — осы профессордың осы бүгінгі өзі істеп тұрған стимулы не? Бұл қорқыныш емес қой. Бородин бекіткен төрт стимулдың ішінде, бұл ашу стимулынан ғана туған бола ма? Профессор сияқтанып үй қоянынан Бородинның баяндамасына қарай біз де бір-ақ секіріп түссек, бұнда ашудан басқа еш нәрсе таба алмауымызға керек қой. Бірақ оған, Бородин, сіз өзіңіз де көнбейсіз, өзгені де көндіре алмайсыз. Баяндаманың терең тамырлары, үнем, социология, саясат, ғылым бар — барлығына түгел барып тереңдеп батып отыр ғой, мұны кім білмейді, кім түсінбейді? Онан соң мен сіздің институттағы төменнен көтерілген аспирантпын. Бұрын бұратана ұлт деп саналған елден шыққамын. Сіздің үй қоянынан бір секіріп ұстағаныңыз сүт сатқыш қатын болса, тағы бір секіргенде қармағаныңыз біз сияқты төменнен көтерілгендер болатын, әсіресе мен — қазақ, кешегі қой соңынан ерген қойшы, бүгін ғылым мұнарасына өрлеймін деп «Әддін білмеген», сіздің ойыңызша ғылымды көтере алмай миы қорқып, құз түбіне құлайды деген адам — мен бір қызық материал болуыма керек. Солай деп қарадыңыз да, үй қоянының аласы, қарасы, ағының ортасында мен сізге тағы бір өзгешесі боп көріндім. Сіз осы жағынан ғана қарап, менің миымның өсемін деп шөккенін, өрлеймін деп құлағанын көремін деп үміт етіп жүрдіңіз. Бірақ сәуегейлігіңіз келген жоқ. Ал, қасыңызда, көз алдыңызда жүрсем де өскенімді әлі көрген жоқсыз, көре алмай келесіз. Үйткені сіз оны көрмекші емессіз, өзіңіздің күткеніңізді көруге ынтықсыз. Осы сияқты көтерілген бақташы жалғыз мен ғана емес, бұрын мен туып өскен елдің — қазақтың кедейі, еңбекшінің бәрі бақташы еді, бәрі де артта қалған еді. Сіз төменнен көтерілген бізді айтасыз. Ал, сол қазақтың төменнен көтерілген, шын көтерілген, социализм құрылысы көтерген мың-мыңдарының қандай екенін сіз білесіз бе? Кешегі нағыз бақташы, нағыз еңбекші, нағыз қалың бұқа-

раның — мың-мындарын айтамын. Сіз білмейсіз. Ол сіздің лабораторыңыз емес, ұлы төңкерістің, алып құрылысының жемісі мен туындысы. Ол сияқты сан мындардың бұл күнде бақташы ғана емес, Турксибтей жол, Қарағанды, Риддердей ұлы өндірістің белсенді, екпінді қайраткері екенін де білмейсіз. Қазақстанның құм шөлі де сонау баяғы сіздің бала күніңізде география картасынан бір көрген ақ таңбаңыз емес. Бүгінде айқыш-ұйқыш түскен жолдары бар, көз тұнжырататын құбылып тұрған түсті металдары бар екінші — индустриялы, тең мемлекет болғанын да білмейсіз. Жайын Қазақстанның мәдени мемлекет болғанын, жабайы жалпы қазақтың — социализм жұртшылығының тобына қосылғанын, қатарға енгенін білсеңіз, ұқсаныз, сіз мұндай баяндама жасамас едіңіз. Өмір мен тарих баяғыда лақтырып тастаған санашыл, байшыл, кертартпа жүйе — жыныстар жүйесін қолданбас та едіңіз. Одақ миллиондарының өскенін білсеңіз, ұқсаныз, мына жүйе болмысыңызды бір Қазақстанның өз мысалы-ақ шалқасынан салатынын түсінер едіңіз...

Ш ы м ы л д ы к.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Сегізінші сурет

Үлкен, биік бөлме. Есігі сықырсыз ақырын ашылады. Ішінде зор тыныштық. Бөлме ішінде тергеуші әйел бір нәрсе жазып отыр. Бородин кіреді, есік жабылады

Б о р о д и н. Мені жабатынды білгенмін. Сіз жалғыз-ақ, тілеуіңізді берсін, менің үйіме телефон соғып, менің түнде киетін башпағымды беріп жіберсін деңізші. (*Тергеуші отыруға ишарат қылады.*) Сіздің бұныңыз үлкен әдептілік... Бірақ сонда да сіздер ғылымнан қорқасыздар. Ғылымның қорытындысымен дауласқанда әрестен бастайсыздар. Бұл дәлел емес, күш қой... қарағым. Мені тұтқынмен қорқыта алмайсыңдар, көрер өмірді көріп өткізгемін. Енді үйде өз төсегімде өлем бе, жоқ абақтының төсегінде өлем бе, оның бәрібір. Бірақ менің пікірлерім өшпейді. Өмір сүреді, шәкірттерім соны тереңдетіп

ұлғайтады. Әрине, таласпаймын, әлгі кәрі большевик әйел, жауапты жақсы айтты... ашумен айтты... қатты ашулы еді. Мен шынымды айтқанда, көп нәрсе туралы едәуір ойланып қалдым. Баяндамадан кейін бір түн бойы ұйықтамай да шықтым, ылғи сол кемпір туралы ойладым. Жасы мен шамалы әйел. Бірақ екеуміздің кәрілігіміз екі алуан, ұқсаспайды. Дүниені де екеуміз екі түрлі көреміз. Мен оған хат та жаза бастап едім, бітіре алмадым. Бірақ хатым жаман шыққан жоқ. Иә... бұдан 30 жыл бұрын маған барлық нәрсе әлдеқайда түсініктірек еді. Міне жаңа бір газет сатып алдым... мен туралы жазады. *(Тымтырыс.)* Иә, енді бастасаңызшы сұрауыңызды. *(Тергеуші тұрып, кейбір қағаздарын жиып алып басқа бір есіктен шығып кетеді.)*

Бородин *(жалғыз)*. Солай... *(Үндемейді. Содан кейін өзімен ала келген газеттерінің біреуін жайып қарап.)* «Тап дұспаны мінберде» бұлай деп мені айтады... солай. *(Оқиды.)* Нығыз... нығыз айтылған. *(Екінші газетті алып.)* «Бородин күйесінің күлметін ажайық». Мақалалар, хаттар, резолюциялар... профессорлар, студенттер, темірші, тоқымашылар... бәрі де тұлған тұтады. Бұлары несі?.. *(Үшінші газетті алады.)* Ғылымға еңбекші лектерін батымдықпен кірістіру керек. *(Қалтыраған Захаров ақырын ғана кіреді.)*

Захаров. Иван Ильич.

Бородин. Мынаны қараңыз, Виссарион Захарыч, бұрын менде күтуші болған Настянің суреті. Қазірде ол тоқымашы. Белсенді. Суреттің астында ол жазған сөз де бар. Настя мен туралы сөз жазады, Настя жазады! Ол хатты да шала танушы еді-ау, адам дегенге не болып ба-рады!?

Захаров. Мен Настяні ойлайын деп тұрғам жоқ, Иван Ильич.

Бородин. Ан... иә... иә... *(Айнала қарап.)* Сіз қалайша мұнда келіп қалдыңыз?

Захаров. Құдай білсін... тып-тыныш жұмыс істеуші едім. Ешкімге тимеуші едім, уһ, жаман қорқам, Иван Ильич!

Бородин. Болды, болды... Қришнядан жәрдем сұраңыз. Дәмін сезбейтін бол мұндайлардың... адамның қиқым таласынан жоғары өрлеп, асып кет...

Захаров. Өрлеп, асып көріңіз... *(Тергеуші кіреді. Артынан Кембаев бірге кіріп.)*

Кембаев (тергеушіге). Көрші жолдас міне. Бұл Захаровтың институтқа, физиология жолындағы адамдарға арнап алған кітаптарының аттары: «Сиқырлық зиян», «Крес пен пентаграм», «Аруақпен сөйлеушіге жолбасшы», «Қараңғы сенім дүниенің негізі»... Осы сияқты кітаптар тау болып жатыр онда... зиянкестік. Не айтасыз, жолдас?

Тергеуші әйел. Бұған сіз не айтасыз, Иван Ильич?

Бородин. Жоға, осыған сіз не айтасыз, Виссарион Захарыч?

Захаров. Сиқырлық, адам мінезі жайындағы ең тереңдеген ғылым. Біз енді адам мінезін зерттеп жатқан соң...

Бородин. Япырау, сіз бір заманда профессор да болдыңыз-ау, Виссарион Захарыч!

Тергеуші (Кембаевқа). Сіздің енді жүре беруіңізге болады, жолдас! (Кембаев қоштасып шығып кетеді.)

Захаров. Мені, олай болғанда, кітап үшін екен ғой... Іріктеудің жамандығы үшін ғой.. бұл дұрыс... ал, басқа ештеңе жоқ... кетуге бола ма?

Тергеуші Басқа ештеңе шын жоқ па?

Захаров. Немене бар? Құдай біледі ештеңе... (Тым-тырыс.) Ештеңе... әлде «Барлық мәдениетті адам баласына» деп арнаған үндеу қағазға қол қойғаным ба? Бірақ құдай біледі бір тиын алған емеспін... Қол қойсам айыма жүз сомнан береміз деп уәде қылып еді, бірақ бір тиын да берген жоқ.

Тергеуші. Кім уәде қылды?

Захаров (қатты сасып). А?.. Мына кісі...(Бородинды көрсетеді.)

Бородин. Мен бе?

Захаров. Мен ол ақшаға дүрбі сатып алып, бақшараларда жұлдыздарды көрсетіп жүрейін деп едім... мен...

Тергеуші. Үндеуді кім жазды?

Захаров. Мына кісі...(Бородинды көрсетеді.)

Тергеуші (оқиды). «Профессор Бородин абақтыға қамалды»... Мұнысы жалған емес пе, Иван Ильич-ау?!

Бородин. Мен оған керек емес деп айтып едім.

Тергеуші. Кімге?

Бородин. А? Жоқ, бұл солай... үндеуді жазған мен емес...

Тергеуші. Қім жазды?

Бородин. Білмеймін.

Захаров. Осы... осы... осы кісі...

Тергеуші. Сіз барыңыз.

Захаров *(көткеншептей, сүріне шығып кетеді.)*

Бородин. Бұлай болғанда сіздің сөзіңіз баяндама туралы емес екен ғой?

Тергеуші. Оқып шығыңыз. *(Қағаз береді, Бородин оқиды.)*

Бородин. Мен ешкімді де қыздырып, қоздырған емеспін... Төменнен көтерілгендермен алысу үшін де лаборатор ашқам жоқ... Мен үндеуді де жазғам жоқ. Ие бір ғылыми партия деген партияны білмеймін. *(Тергеуші кнопканы басады. Герман кіреді.)*

Бородин. Герман! Міне, міне, мына кісіге айтшы, сен, Герман... Бұл менің шәкіртім, менің куәм. Баяндаманы екеуміз бірге дайындадық. Осы бәрін біледі. Айтшы, Герман!

Герман. Мен бұрынғы жауабымды қайта айтуға керек пе? *(Тергеуші басын изейді.)* Жақсы, мен қайта айтайын... Мені шекарада ұстап, осында алып келді. Маған бірнеше айып қойды, бірақ менің барлық қылмысыма айыпты кісі профессор Бородин.

Бородин. Мен бе?

Герман. Бородин менің ұстазым, ақылгөйім болған. Мен бұл кісінің жүйесіне сендім. Біліміне бағындым. Мені беделімен де, миландыруымен де бағындырды. Профессор Бородин маған төменнен көтерілушілерді жек көруді үйретті. Ғылым олармен алысу керек деп үйретті... Бұрынғыңнан екі есе артық ізденіп, оқып, төменнен көтерілушілерді өзіңнен озғызба. Мемлекетті олар емес, біз билеуге керек екендігіне көздерін жеткіз деді... Барлық жерде жалғыз ғана қорқыныш, аштық, жындануды ғана көруге үйретті; иттің таласы мен жұмысшы көтерілісінің арасында ешбір айырма жоқ, онда да, мұнда да аштық... Екеуі де не сүйек, не нан үшін алысады. Тап тартысы деген — еріккен саясатшылардың ойлап шығарған нәрсесі деді... иә, Бородин жақсы саясатшы болатын. Ол үгіттеді, қыздырды. Бірақ өзі тартыстың сыртында қалып отырды. Мен немене, мен қолында ойыншық болдым. Жас едім. Шетке қағылған әділдікті жоқтадым. Мен қор-

қыныш жайындағы жүйе, төңкеріске қарсы шыққан саяси қозғалыстың туы болып кететінін біліп едім...

Б о р о д и н. Не деген сұмдық!

Г е р м а н. Иә, сұмдық. Бородин таза, сара ғалымның тонын киіп іс қылды. Мен қара жұмысына жүріп отырдым. Менің иығыма жасырын ұйымның салмағы түсті; неше түрлі қараңғы жұмыстар істелді. Мен қайтпас жолға, кірге малтықтым. Соның бәрін профессор, жайымен, ғылыми баяндама дайындасын деп істедім. Бүгінгі күнде мен айыптымын. Бұл кісіні сіздердің менен он есе артық қылып соттауыңыз керек.

Т е р г е у ш і э й е л. Үндеуді кім жазды?

Г е р м а н. Бородин... Мен көп уақыт жаздырмай жүрдім. Санасыз-ақ іс еді... Менің сыртқа документ... апарғым келмеді. Бірақ мені Бородин қорқытты, командировканы алып қойып, институттан шығарып тастаймын деді. Мен сенат мүшесінің баласымын... менімен ойына келгенін істей алады...

Т е р г е у ш і э й е л. Осы рас па, профессор? *(Бородин бекер дегендей қылып, басын шайқады.)* Гражданин Кастанальский, барыңыз. *(Герман шығады. Тергеуші бөлме ішінде бір рет арлы-берлі жүріп келіп кнопканы басады, Варгасов кіреді.)* Бородин туралы сіз не білесіз?

В а р г а с о в. Мен бар істі осы кісінің бұйрығымен істедім. Үндеудің аяғына әркімнің қолын қойғыздым. Оны да осы кісі бұйырды. Содан кейін баяндаманы сыртқа жібер деп тапсырды. Бұл біздің ғылыми партиямыздың програмы, деді. Ол не, қандай программа, ішінде кім бар, не үшін керек — оның бәрін мен білмеймін, ар жағындағы сырларын айтқан жоқ.

Т е р г е у ш і э й е л. Барыңыз.

В а р г а с о в. Және менің бір қосайын дегенім бар еді. Профессор мені үй қоянындай қылып, ылғи қорқытып ұстаушы еді. Сондықтан уақытында білдірмедім. Қорқушы едім бұл кісіден, қорықтым!

Т е р г е у ш і. Барыңыз. *(Варгасов кетеді.)*

Т е р г е у ш і э й е л *(бөлме ішінде тағы бір аз жүріп келіп, Бородинның алдына тоқтап, қолындағы стенограмманы оқиды.)* Біздің бәріміз де үй қоянымыз. Осындай болған соң жанданып іс істеуге бола ма? Әрине, болмайды!.. Жә! Иван Ильич, жаңағы адамдарыңыз кім? Бұлар үй қояны ма, айдаһар ма? Сізді қандай қылып

орап алғанын көрдіңіз бе, а? Бұны да өмір үшін қорыққандық дейсіз бе? Болар ма солай деуге? Төңкеріске қарсы шайкеге кірерде бұлар қорқынышты жеңіп кірмеді ме екен? Иван Ильич, тап тартысы қорғаныш атаулының барлығынан көрі күштірек-ау... Кәні... бұлардың айыптауларына қарсы сіз не айтасыз енді?

Б о р о д и н. Мен еш нәрсе айта алмаймын. Барлығы да бұлай емес... басқаша... бұндай... сұмдық... емес...

Ш ы м ы л д ы қ.

Тоғызыншы сурет

Екінші суреттің көрінісі. Еленаның пәтері. Ерте, таңертеңгі мезгіл. Терезе алдында Наташаның үстелінің үстінде жаңа істеле бастаған кішілеу мүсін. Соның жанында Валя жапсырып байқайды. Бөлме ішінде салқындық білінеді. Еленаның үстелінде кастрюльке, бұрышта Амалияның шүберек салған кәрзеңкесі. Қағаз сауыт, шыны сауыттар пайда болған. Үстел, орындықтар бұрынғы орындарынан ауыстырылып қойылған. Барлық көрініп тұрған нәрседе бір түрлі қаңырағандық, уақытша тұрғандық таңбасы бар сияқты. Амалия бір есіктен бір есікке ақырын жылжып кіріп, жылжып шығып жүр. Бір нәрселерді ала жүреді, бірдемені шайнап, күбірлеп сөйлейді. Валя саз балшықты тастай беріп, саусақтарын сүртіп, ойланып отырып қалады.

А м а л и я (жақындап келіп сыбырлайды). Коленька тұрып жатыр. Коленькаға тұқымнан құймақ керек. Сіз Коленьканы барыңызша жақсы көрмейсіз. Жиі ренжіте бересіз. Қамын да көп жемейсіз. Аһ, мұндай келін емес еді күткенім.

В а л я. Сіз қап тесер тышқансыз... Иә, иә... қаңыраған бос пәтердегі тышқанмыз, еденде жорғалап жүріп үстел-орындықты кеміресіз. *(Қолында түйіншегі бар Наташа кіреді.)*

Н а т а ш а (Амалияға). Сіз кішкене бала емессіз, нәрсеңізді өзіңіз жиып жүруге керек. Ас үйді тіпті сен білік жасамаса арылмайтын қылып қоқырсытыпсыз

В а л я. Қоқсық... айнала қоқсық... Әлдеқайдан темекінің сабағы да қаптап кетіпті. *(Клара кіреді.)*

К л а р а (өз бөлмесіне бара жатып). Наталка, сен

мені біржола ұмыттың-ау. Үйге жатарда ғана бір-ақ келесің.

Н а т а ш а. Қлара тәте, мен сенімен ақылдаспақшымын.

Қ л а р а. Кәні, кел, ақылдасайық.

Н а т а ш а. Менің әкем ішуден айықпайды. Кеше ұрысып та қалдық. Мен — ішкіш әкемен бірге тұрмаймын дедім. Ол — олай болса кет, жөнел — деді. Мен енді нәрсемді жиямын да, жөнелемін. Дядя Қолянікінде біраз тұрғым келеді. Содан кейін отрядқа барып, отрядпен бірге тұрамын.

В а л я. Мұнда қаңыраған бір қуыс. Өзі шаң, ешбір жан келмейді... Анау болса ылғи төсек тартып жатқаны. Өзінде тазалық жоқ. Мінезі бір түрлі қатты. Күні бойы ашуланып, сізді, мені, менің әкемді — барлығымызды ианаттайды... Мен біржолата есімнен айырылдым, Клавдия Васильевна!

Н а т а ш а. Бірге кетейік, Валя... Туған қызының тілін алмау қандайлық екенін байқасын. Сен нәрселеріңді өзіңмен бірге аласың ба? Алмайсың ба? Жарайды, керегі де жоқ, менің бет орамалым бар.

Қ л а р а. Аһ, қыздарым, қыздарым, қайтсем екен сендерді? Бөлмеме апарып шай берем бе әлде? Шай ішіп отырып бар жайды сөйлесеміз...

Н а т а ш а. Мен шәйнекті қайнатайын, кеңесейік. *(Николай Цеховой кіреді.)*

Ц е х о в о й. Валентина, менің шешемді қап тесер тышқан дедің... тышқаннан тышқан туады... олай болғанда мен де тышқан ғой, солай ма? Сенің айтқаның сол ма?

В а л я. Мен сенің махаббатың, өзімнің өзгеріп қайта туысуыма күш береді деп іздедім-ау!

Ц е х о в о й. «Адамды қайта туғызу — тракторды қайта түзеу емес» кім айтып еді осыны, есімде жоқ? Есімде ешнәрсе де қалмапты. Иә, есімде бар екен — мені партиядан шығарып, институттан қуып шықты. Бұл есімде. Мені партиядан мына кемпір шығарды. Сендерге бұнымен сөйлесуге рұқсат етпеймін мен... түсіндіңдер ме? Рұқсат етпеймін!

Н а т а ш а. Өзара сынды тыюға болмайды.

Ц е х о в о й. Тоқтат!

Қ л а р а *(Валя мен Наташаға)*. Жүріндер біздікіне!

Цеховой. Валентина, қайт бері! Наташа, бар өз бөлмеңе!

Клара. Жол бер бізге!

Цеховой. Жібермеймін!

Клара (әмірлі, қатты дауыспен). Босат шапшаң! (Тура өзіне қарай жүреді. Елена кіреді.)

Елена. Кімді кім босатпайды?

Наташа. Лена келді! Ленушка! (Ұмтылады.)

Клара. Жеттің бе әйтеуір?! (Шамадан ұстап Кембаев кіреді, артынан Бобров кіреді.)

Кембаев. Клара, қонақ келді, қымбатты қонақ келді. (Шамаданды жерге қояды.)

Бобров. Институттың жаңа директоры. Вокзалда ячейка хатшысы (шығып бара жатқан Кембаевты көрсетіп) және өзінің орынбасары (өзін көрсетіп) болып лайықты құрметпен қарсы алдық.

Наташа. Сен біржолата келдің бе?

Елена. Біржолата келдім, қызым, біржолата. Есенсіз бе, Валентина Ивановна! Николай, сәлемет пе? Сақалы алынбаған... Шашы үрпиген... Жуынбаған ба, немене?

Валя. Ол әшейін, пахмелденіп қана болған жоқ. (Шығып кетеді.)

Наташа. Мен, әлде, нәрселерімді саған алып шығармын.

Елена. Алып шық, Наталка, бірге тұрамыз.

Наташа. Қазір шай ішеміз. (Клараның бөлмесіне жүріп кетеді.)

Клара. Сен сәнді киінетін болғанбысың, жарықтығым-ау... Жаңа костюм алыпсың... (Кембаев кіреді.)

Елена. Профессор емеспін бе? Николай айтқандай мәдениеттірек болып тұру бөгет қылмайды тегінде... ға-жайып! Бірталай жаңа дағдылар да таптым. Салмақты музыканы біртүрлі сүйетін болдым. Талай уақытымды концертте кетіремін. Соны істеп жүрген мен екенімді қайтерсің. (Шәйнек алып Наташа кіреді.)

Кембаев. Жалғыз барамысың, жоқ қасыңда біреу бола ма?

Елена. Әзірше жалғызбын, Құсайын.

Кембаев. Бұның жақсы екен... қарашы, Клара... Өзі жас, сұлу, дені сау, өзі ақылды — қымбат қонақ емес пе Елена? Суың қайда, Наташа? (Наташамен бірге шығады.)

Б о б р о в Ячейка хатшысы жаңа директордың ықпалына түсіп кетті ме деп қорқамын.

Е л е н а. Бір түрлі тамаша жігіт... Жол бойы барлық жаңалықтарды айтып шықты. Жә! Осы үйде былық көбейіп кеткені несі? Жап-жақсы бөлме шатырдағы үйшікке ұқсап кетіпті.

К л а р а. Бұл бөлме қазірде қан майданының ортасы сияқты. Цеховойдың маған қарсы ашқан граждан соғысы бар. Мен оны партиядан шығарып едім, ол мені пәтерден шығармақшы. Сонымен аз-аздап соғысып тұрамыз.

Е л е н а. Сен ұялмаймысың, Николай. (*Цеховой үндемейді. Қембаев, Наташа кіреді.*) Құсайын, кел, осы үйде тәртіп орнатсақ қайтеді?

Қ е м б а е в. Орнатайық, Елена! (*Наташа шәйнекті алып келеді. Елена мен Қембаев бөлмені реттеп жүреді.*)

Е л е н а. Жә, кемпірім, біздің жоспарымыз қандай десеніңші — үш бес жылдыққа тұтас жетеді.

Б о б р о в. Институт қатты ұлғайып келеді, Клавдия Васильевна

Қ е м б а е в. Он сегіз жаңа аспиранты бар. Соның оны партия мүшесі. Мықты ячейка жасап алдық.

Б о б р о в. Институт адамның жаңа кейіпкерлерін зерттейтін болады.

Е л е н а. Қлара! Бұл — балшықтан істелген «ғылымға басқан пролетар» емес, мұны өмірдің өзі туғызып отыр.

Б о б р о в. Адамның жаңа бір тұқымы жасалып келеді. Енді 15—20 жылдан соң біз өте ескіріп қалған бөтен жан боламыз.

Е л е н а. Қорықпаңыз, Николай Касьянович, сіз де өсіп келесіз. Дұрыс емес пе, Қлара? Бородинға жақсы жауап берді ғой. Мен газеттерден оқығамын.

К л а р а. Рас, саяси сөз сөйлеп шықты. Айтуына қалыпты, жабайы сөз тапты. Иландыра сөйледі.

Е л е н а (*әзілмен*). Ғылым адамына саясатқа жабысу залал. Әсірлер масштабынан айрылып қаласыз.

Б о б р о в. Әсірлер масштабымен ой жүргізуді мына кісі сияқты тамаша әйелден үйреніңіз.

Е л е н а. Е, севрдің шыныларын қайттік?

Б о б р о в. Елена Михайловна!

Е л е н а. Бірақ, «Фауст» шын тамаша нәрсе, Саратовта оқыдым... Мына шелекті ас үйге апарып, ішіндегі лай суды төгіп, өзін шайып қайтадан таза су құйып әкеліндерші. (*Бобров шелекті алып кетеді.*) Терезені ашшы, Құсайын! Көктем мезгілі, күн мынау, немене газ үйшігіне кіргендей айналаны бітеп алғансындар? (*Кембаев терезені ашады.*) Біздің жаңа үйіміздің маңдайына «Алмас қорының институты» деген сөз ойылып жазылады. Және соның төменгі жағынан: «Қызылту орденінің ерлері, колхоз коммунасының белсенділері, екпінді бригаданың қайраткерлері — адам баласының алмас қоры сендерсіңдер» деген ұран жазылады. Тамаша емес пе? Осыны вагонда ойлап таптым.

К е м б а е в. Сенің өзің де алмассың, Елена! Оны да ұмытпау керек.

Қ л а р а. Құсайын, сенің басың біраз тұманданғаннан сау ма?

К е м б а е в. Қім біледі, кітапхананы тексеріп, Захаровтың күлметін ашқанда басым сау-ды. Бірақ осы Еленаны көргеннен бері айналыңқырап тұрғаны рас... Қәрзеңкені қайда апарайын, Елена? (*Амалия кіреді.*)

А м а л и я. Бұл менің кәрзеңкем, тимеңіздер бұған, Николая, айтшы мыналарға, Николая...

Ц е х о в о й. Аулақ.

К е м б а е в. Ал, кемпір, шығар бір жаққа! (*Амалия кәрзеңкесін сүйретіп әкетеді.*)

К е м б а е в. Бір түрлі кемпір өзі.

Ц е х о в о й. Еһ... (*Есікке қарай жүреді.*)

Е л е н а. Николай!

К е м б а е в. Қете берсін, тіпті жаным ашымайды.

Е л е н а. Рас, менің де жаным ашымайды. Бір жұлып алып тастаған тіс сияқты.

Қ л а р а. Бұл тамырынан шіріген тіс. (*Наташа кіреді.*)

Н а т а ш а. Оһ, ауаның жаңғырғанын қарашы! Мен әлдеқашан ашайын деп едім терезені, кемпір аштырмайды. Шай дайын болды, жолдастар, шай дайын!

Е л е н а. Біз қолымызды ғана жуып алайық, Наташа!

Қ л а р а. Қәні, Ленка, енді көрсетші маңдайыңды! (*Еленаны маңдайынан сүйіп.*) Мұндай маңдаймен ғылымға тырмысуға болмайды... Әйел көйлегін киген Гамлет... (*Наташамен кетеді.*)

Кембаев (ас үйге кетіп бара жатып). Сен әлі менен ақылдырақсың да, жоғары тұрсың. Бірақ қуып жетіп қатарласайын. Сонда екеуіміздің бір үлкен сөзіміз болады. *(Шелекті алып Бобров кіреді.)*

Кембаев. Жүр, қол жуайық, Елена!

Елена (Бобровқа). Николай Касьянович, шай әзір. *(Кембаевпен ас үйге кетеді. Бобров шелекті модель тұрған үстелдің қасына қояды. Қолында кішкене шамаданы бар Валя шығады. Ыңғайсыз тым-тырыс. Валя мүсінге жақындап келіп сорғышты алады да, мүсінді салып қалады, мүсін быт-шыт болады.)*

Бобров. Неге бұлай қылдыңыз?

Валя (кекетіп). Кемеңгер әйелдің еркелігі... «Ғылымға басқан пролетар»... Пролетар... мен әзір ешбір жаңа сөз айта алмаймын. Бірақ сүйтсе де мына жапсырманы аямай-ақ сындыра аламын. Жүрегің айниды. Құр қуыс... Оның есебіне сен... сіз қатты өзгеріпсіз, Николай Касьянович.

Бобров. Солай ма? Сіз солай дейсіз бе? Бұныңыз шын... Біз ылғи өзімізді өмірдің ұстазы деп біліп, ылғи жұртты үгіттей беруші едік... Енді бір бастауыш кластан түсіп, барлықты қайтадан оқып отырмыз. Сонда да ішіміздегі үйреткіштікті әлі жойып болғанымыз жоқ... Қиын екен. Бірақ қайтсем де, енді менің жолым айқын.

Валя. Сен өзіңді таныдың, таптың. Бірақ маған, міне, завод та жәрдем ете алмады. *(Елена мен Кембаев кіреді.)*

Елена (шамаданды байқап). Валентина Ивановна, мен мұнда азғантай-ақ тұрамын... Кету керек емес... мен бүгін-ақ...

Валя. Мен біржолата кетіп барамын... Николайға енді қайтып оралмаймын.

Кембаев. Валя, шай ішерсіз әлде, сонан соң кетпейсіз бе? *(Валя үндемейді. Елена Кембаевты ақырын ертіп кетеді.)*

Бобров. Сіз... сен кетіп барамысың?

Валя. Көремісің мына едендегі қатқан балшық пен сүп-сүр тозанды? Менен де қалғаны осындай сүр тозаң ғана... Мені бүлдірген әкем... Иә, иә, иә... ол мені барлық дүниеден ықтиярсыз стимулды ізде деп үйретті. Мен Цеховойды жақсы көріп қалдым — махаббат ықтиярсыз стимул емес пе? Сол махаббат мені жаңа адам қылып шығаруға керек еді. Міне енді, мен барар ешкімі жоқ,

әншейін бір қуысқа кетіп бара жатқандаймын... әкем мені де быт-шыт қылды, өзі де бүлінді. Қазір мен талай ащы сөздер айтар едім әкеме... *(Бүкірейіп қартайған Бородин кіреді. Артынан көлеңкесіндей болып Амалия кіреді.)*

Бородин. Иә, кәні, айт.

Валя. Әке!.. Сен келдің бе? Әке?

Бобров. Иван Ильич!.. Отырыңыз, Иван Ильич.

Бородин. Айт, Валюша, барыңды.

Валя. Жоқ, о не дегенің! Мен ақымақпын, әке! Өзімнің не болып бара жатқанымды білмеймін.

Бородин. Мен өзім де ескірген кетік аяқпын. Достарым да, шәкірттерім де, қызым да жоқ. Алжыған төбеттей жалғызбын.

Валя. Мен естуге шыдай алмаймын... естігім келмейді... мен еңіреймін қазір.. *(Жүгіріп шығып кетеді.)*

Бобров. Валя, бұл не? *(Валяның артынан бір жүгіріп, одан Бородинға ұмтылып, артынан тағы Валя кеткен жаққа қозғалып.)* Иван Ильич, мен қазір *(Валяның артынан шығып кетеді. Клараның бөлмесінен Наташа шығады.)*

Амалия. Міне, көріңізші... келіп керек емес еді, керек емес...

Бородин. Маған соқтықпаңызшы, мен өз қызымның кім екенін де білмеймін. Бұдан отыз бес жыл бұрын маған барлық нәрсе түсініктірек еді.

Амалия. Есіңізде ме, Иван Ильич? Бұдан отыз бес жыл бұрын, Татьянаның күні еді, колонный залдың оттары, халық алдында жас студент...

Бородин. Кетіңіз, жоғалыңызшы сіз, жас студентіңізбен. Сіздің ішіңізде жас студенттен басқа сынық күрес бар ма екен. Кетіңіз, әйтпесе мен сізді сабаймын қазір... *(Амалия есік сыртына қашып шығады.)*

Бородин. Мен осы ескі күл сауытты да сүйдім-ау... өзімді өзім де түсінбеуге айналдым. Енді біржолата жалғызбын. Айналамда әуе де жоқ, бір қуыс.

Наташа. Мұнда әлі мен бармын, тұрмын ғой, міне!

Бородин. Е, сен, пионеркамысың?

Наташа. Бұл кемпір ұдайы кір-кір болып жүреді ғой. Және ертеден қара кешке бір нәрсені шайнайды да жүреді. Мен таң қалушы едім.

Б о р о д и н. Байқаған емес едім, рас шайнап жүреді-ау...

Н а т а ш а. Бұдан 35 жыл бұрын әкімшілік басында патша мен алпауыттар болған. Және городовойлар болған. Шын пионер сөзі, еңбекшінің терісін сойған олар, маған Сашка айтып еді. Оның әкесі тірі городовойды көріпті... шын пионер сөзі.

Б о р о д и н. Кеше мен институтқа бардым. Жай, көрейін деп едім. Коридорларда көп дауыс, дырду. Көп таныс емес адамдар, жас аспиранттар екен. Менің кабинетім бұрынғысынша жабық екен. Олар есік алдында дауласып тұр, қатты дауласады, біреуі — есікті сындырайық — дейді. Оның ұсынысын қабыл алыспайды. Мен шкафтың артында тұрып, естіп тұрдым.

Н а т а ш а. Ашсаңыз етті.

Б о р о д и н (*Наташаға бір қарап, ойланып қалып*). Ашайын деп едім. Кейін... шкаф артынан шығып жүруді ұят көрдім.

Н а т а ш а. Ұят болса қайтеді? Мен бір күні мектепте терезені қиратып алып, үндемей қоя қойып едім. Кім сындырды десіп сұрасады, мен үндемедім. Айтуға қатты ұялдым. Бірақ артынан айтып едім, өзіме бір түрлі жеңіл боп, жақсы боп қалды.

Б о р о д и н. Болса болар... болса болар... таласпаймын, пионерка, жалғызбын мен... маслихат сұрар да кісім жоқ.

Н а т а ш а. Сізге мен айтайын, біздің отрядқа келіңіз, әнгімелесуге. Ақылдасамыз.

Б о р о д и н. Кәрімін ғой, пионерка, кәрімін.

Н а т а ш а. Иә, бұл рас... 14 жасқа дейін ғана болады. Жә! Олай болса білдің бе, сіз әзір отыра тұрыңыз. (*Қлараның бөлмесіне кетеді.*)

Б о р о д и н (*жалғыз. Қолындағы кішкентай суретке қарайды*). Көшеде қызғалдақ сатып жүр екен. Халық сатып жүр... күліседі... көп болды-ау, мен күлмегелі... көп болды. (*Елена, Кембаев кіреді.*)

Е л е н а. Есенсіз бе, Иван Ильич?

Б о р о д и н. Елена Михайловна, сіз, сіз бе... мен білдіңіз бе... өз кабинетімнің кілттерін әкелдім. (*Кілттерді ұсынады.*) Алыңыз, ашыңыз және...

Е л е н а. Сіз өзіңіз ашып, жаңа аспиранттарды өзіңіз баулитын боларсыз. Біз сіздің қашан іске кірісетініңізді күтіп жүрміз, Иван Ильич.

Борodin (*Кембаевқа*). Білесіз бе, анда Захаров кітапхана қаражатын шашып жіберіпті. Жаңа аспиранттарға кітаптар керек... менің кітапханам жап-жақсы еді... сіз барып бар керегін таңдап алыңыз... тілеуіңізді берсін, алыңыз... мен осыны көп сұраймын.

Кембаев. Профессор, көп сұрау қажет емес. Әдебиет керек әрине. Мен мүмкін болса қазір-ақ барамын.

Елена. Құсайын, тоқта, кейін де уақыт болады.

Кембаев. Дұрыс, уақыт өткізу керек емес қой деп едім. Тығыз керек кітаптар бар еді. Жолдас Борodin, қайта келіңіз енді, істейміз... бірге істейміз... ертең кабинетіңізге алдымен өзім келемін.

Борodin. Мен енді ғылымға да, сіздерге де керек емес боп қалдым, Елена Михайловна. Мен адамды да танымаппын. Қорытындымда да қатты адастым. Бұл каталардың басынан аттап өте алмаймын.

Елена. Оныңыз бекер, Иван Ильич, аттап өтесіз. Шынымен соны ниет қылсаңыз түк емес.

Борodin. Ниет қылғым-ақ келеді.

Елена. Сіз теңіздің жайын стаканға құйылған суға қарап зерттеген сияқты боп, өмірді де кабинетіңіздің терезесінен қарап зерттеңіз. Бірақ стакан ішінде астанкестен толқын да, шайқалу да, дауыл да жоқ. Онда тұз қиыршығы мен жәндіктер ғана бар. Сіз, сол теңіздің тасқынын ұсақ жәндіктердің қызып тулауынан деп шештіңіз... осынымды ашық мойыныңызға алыңыз, Иван Ильич.

Борodin. Яғни?

Елена. Көпшіліктің алдында өз баяндаманызды өзіңіз сынап шығыңыз.

Борodin. Аһ, анау ма... жоқ... мен оған жарамаймын.

Кембаев. Өзіңіз жарамасаңыз, мен де болысам, жәрдемші болайын.

Борodin. Мен тәкаппармын, Елена Михайловна. Мені күдік басып жанышқаны рас. Мен бүгін қайыршыдаймын. Бірақ мен тәкаппармын; халық алдына шығып өзімді өзім дүрелеу ме... оған менің шамам келмейді. (*Есік шалқасынан ашылады. Цеховой кіреді.*)

Цеховой. Жүр, шеше, қорықпа! Жүр деймін саған. Бәрің де бері келіндер... бәрің де... (*Амалия кіреді. Өз бөлмесінен Клара, Наташа мен Бобров, Валямен шығады*). Міні, көрмегендерің бар ма? Көріңдер, міні.

Бұл Николай Цеховойдың шешесі, станоктан шыққан пролетардың шешесі... жоқ, мағлұмыңыз шынын айтуды құп көреді — ол әскери прокурордың ұлы.

Қ л а р а. Бұны біз әдеқашан білгіміз.

Ц е х о в о й. Маған білдіріңізші, осыны айтқан кім? Қай оңбаған білдірді? Бәріннен сұраймын...

К е м б а е в. Оны сұрағанша ұйықтасаңшы барып.

Ц е х о в о й. Донос қылған қандай ит?

Б о б р о в. Сіздің өткен күніңізді айтқан мен.

Ц е х о в о й. А, сен... Валентинамен. Олай болса кетейік, шеше! Наташка, бері жүр! Бақшаға барып, қолымызды созып, қайыр сұраймыз. Шығарылғандарға рақым етіңіздер дейміз. Шешем, сен де шығарылғансың. Кімнің қызы екенін білген соң Наташканы да шығарады.

Н а т а ш а (*жұлқынып*). Сен ылғи жалған айтасың. Мені шығаратын себеп жоқ, себеп жоқ. Қлара, себеп жоқ емес пе?

Қ л а р а. Тыңдама оның сөзін, Наталка!

Е л е н а. Адам ішіндегі қотырашысың-ау, Николай!

Ц е х о в о й. Оның есебіне сен пролетарсың, дүниенің тұтқасысың, директор. Әлде алдыңа бас июге бұйырамысың? Жүр, кемпір, жүр! Міні балаң сені халық алдында қайта тапты; қуан. (*Бородинға.*) Жүр, байғұс шал, бізбенен. Біз бір тұқымның адамымыз, тамаша компания болады. Тағдырды болжағыш, ескі тулақ, сен де енді еш нәрсеге жарамайсың. (*Кетеді. Артынан күбірлеп Амалия да кетеді.*)

Б о р о д и н. Жоқ... жоқ... қайда кетсем де бұлармен кетпеймін. Жоқ, айтсын, айта берсін. Бетіме келіп мазақ қылсын, күлсін — қорықты шал, айтқанынан қайтып жатыр десін?.. Мен үй қояны деп қорғап жүргенімнің айдаһар болып шыққанын айтамын... мен Макаровадан қорқушы едім. Ол кірмесін деп кабинетті жауып жүруші едім. Оны теріс жолмен жетелеп жүрдім... Германға есікті үнемі ашушы едім. Бұны да айтамын. Мен қорқыныштың қай белгісін көрсем де қуанушы едім. Сонда қорықпайтын ерліктің мысалдарын байқамай жүріппін. Мен Кембаевты бір кезде ғылым салмағын көтере алмай ауруға ұшырар деп, соған қуанушы едім. Сүйтіп жүріп оның санасы артып, өскенін, тереңдегенін байқамаппын. Өмірдің өзін көрмей, елесін көріп жүріппін. Өз пәтерімде, кабинетімде қиялдың туғызған нәрсесін, өмір осы шығар деп адасыппын. Шын өмірді түсінбегемін. Түсін-

бегендерді өмір жазалайды екен, жалғыздыққа салады екен... бұл да кек. Бірақ, басқа кектердің ішіндегі ең қорқыныштысы осы екен!.. Мен жылап та отырмын-ау деймін. Бірақ көз жасым үшін ұялмаймын. Мен кәрімін де әлсізбін. Кәріге жылауға болады ғой. Солай емес пе? Жә, енді мен барамын оларға... олар, өрлеп келе жатқан жастар, олар барлық кабинеттердің кілттерін бер деп әмір қылып жатыр. Мен бойымдағы барлық кілттерімді беремін...

Иә, қайдасыз, әлгі жаңа директор, мен сіздің шарттарыңызды қабылдадым... орындаймын...

К е м б а е в. Аламыз кілттерді, бүкіл дүниенің неше алуан кілттерін аламыз, жолдастар!..

Ш ы м ы л д ы к.

Түсініктер

РЕВИЗОР

«Ревизор» 1938 жылы Алматыда жеке кітап болып шықты. Ұлы жазушы Н. В. Гогольдің әйгілі комедиясының қазақ тіліне аударылуы кезінде қазақ әдебиеті үшін елеулі жаңалықтың бірі еді. Кейін «Ревизор» 1953 жылы Н. В. Гоголь шығармаларының Алматыда жарияланған төртінші томында шықты. Бұл жолы баспаға сол 1953 жылғы басылым жіберілді.

1938 жылы жарияланған «Ревизор» мен 1953 жылы басылған «Ревизор» арасында недәуір айырым бар. Алғашқы аудармада түп нұсқадан қалып қойған сөздер бар-тын. «Мінездері мен киімдері» деген тақырып бойынша Н. В. Гогольдің дуанбасы, Анна Андреевна, Хлестаков, Добчинский, Бобчинский, Ляпкин-Тяпкиндердің тұрпаты, мінезі, киімі қандай болуы керек екені туралы актерлер үшін арнайы жазған бір беттей сөздері 1938 жылғы басылуында түгелдей жоқ. 1938 жылғы басылымда бірінші перденің бірінші бетіндегі дуанбасы сөздерінің соңы: «Бұл жерде үй ішінің жәйін сөйлеп кетеді. Міне жұмыстың түрі» (Ревизор, 1938, 8-бет) деген сөздермен аяқталса, 1953 жылғы басылымдағы дуанбасы сөзі: «Бұл жерде үй ішінің жәйін сөйлеп кетеді. «Біздікіне Анна Кирилловна апамыз күйеуімен келді. Иван Кириллович орасан жуандап кетіпті. Әлі скрипка ойнайды...» тағы сондай-сондайлар. Міне осындай жәй» (Н. В. Гоголь Төртінші том, А. 1953, 10-б.) деп бітеді.

Хлестаковты тексеру жұмысымен Петербургтан әдейі келген үлкен ұлық-ау десіп үрейленген, абыржыған, жағымталсынған, әуреленген, бос өбектеп жүрген дуанбасы, почтмейстер, Добчинский, Бобчинский, Ляпкин-Тяпкиндер туралы Хлестаковтың Тряпичкинге жазған хаты-

ның бас жағындағы «Спешу уведомить тебя, душа Тряпичкин, какие со мной чудеса. На дороге обчистил меня кругом пехотный капитан, так что трактирщик хотел уже было посадить тюрьму, как вдруг по моей петербургской физиономии и по костюму весь город принял меня за генерал-губернатора. И я теперь живу у городничего, жуирую, волочусь напропалую за его женой и дочкой; не решился только с которой начать, думаю, прежде с матушки, потому что кажется готова сейчас на все услуги. Помнишь, как мы с тобой бедствовали, обедали наширемыжку и как один раз было, кондитер схватил меня за воротник по поводу съеденных пирожков на счет духоводов аглицкого короля? Теперь совсем другой оборот. Все мне дают взаймы, сколько угодно. Оригиналы страшны. От смеху ты бы умер. Ты, я знаю, пишешь статейки, помести их в свою литературу. Во-первых: городничий — глуп, как сизый мерин...» (Н. В. Гоголь. М. 1949, том 4, стр. 85) — деген сөздерді М. Әуезов былайша аударыпты

«Достым Тряпичкин, саған істеп жатқан кереметімді білдіруге асығамын. Жолда жаяу әскер капитаны ақшамды сыпырып ұтып алып, трактирші абақтыға отырғызбақшы да болып еді, бір күні құдайдың дес берісі, менің петербургтық киіміме қарай бүкіл қала мені генерал-губернатор екен деп қалыпты. Сонымен қазір дуанбасының үйінде жатырмын. Қызы мен қатынын мұралдап айналдырудамын, жалғыз-ақ қайсысынан бастарымды білмей жүрмін; әуелі шешесінен бастарым деп ойлаймын, өйткені не айтсаң да даяр болатын түрі бар. Сенің есінде бар ма: екеуміздің мұқтаждық шегіп, жоқтан өзгені тамақ қылатынымызды, бір күні аглиц королінің есебіне деп текке жеген самсамыз тақырыпты, әлгі бір жаман наншының менің жағамнан сүйрегені де есінде ғой. Енді жұмыстың түрі өзгеге айналды. Қанша тілесем де барлық жұрт маған ақшаны қарызға береді.

Неше алуан өрескел жандар бар. Сен күлкіден жарылып өлер едің. Сенің оны-мұны жазатының бар еді, сен бұларды өзіңнің әдебиетіңе кіргіз. Істің басы: «Дуанбасы — көк шолақ аттай ақымақ». (Н. В. Гоголь, А., 1953, 4-том, 90-бет.)

Бұл баслым жазушының он екі томдық шығармалар жинағынан алынып беріліп отыр. (Мұхтар Әуезов. Шығармалар. Он екі томдық. Алматы, 1969. 9-том).

ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ

«Любовь Яровая» — совет драматургиясының классикалық туындыларының бірі болып табылады.

Осындай таңдаулы шығарманы қазақ тіліне аударумен М. Әуезов қазақ театрының репертуарын байытуға қазақ актерлерінің орындаушылық шеберліктерін жетілдіруге зор ықпал жасайды.

Пьесаның орыс тіліндегі нұсқасының тілі мейлінше бай: онда орыс, украин халқының қарапайым өкілдерінің ауызекі сөз қолданыстары, әр қауым адамдарының сөйлеу машықтары, бейнелі сөз тіркестері, мақал-мәтелдер жиі ұшырайды. Мұндай көркем туындыны бір тілден екінші тілге аудару үлкен творчестволық еңбекті керек еткені сөзсіз.

М. Әуезов аудармасы түп нұсқаның бар бояу, ерекшелігін сақтаған, сонымен бірге оқушы, көрермендеріне ана тіліндегі төл туындыдай әсер беретін үлгілі аударма болып шыққан.

Аударма авторының шеберлігін танытарлық бірқатар мысалдар келтірейік.

I-пердедегі Швандяның «убирайся к чорту!» деген сөзін автор «Жоғал тап, сайтан!» деп аударарды. Түп нұсқаның әрпіне тәуелді аудармашы болса, «Жоғал сайтанға!» деп аударар еді. Бірақ ол қазақ тілінде жатық болмас еді.

Осы пердедегі Грознойдың Пановаға қаратып айтатын: «Вы сами — писаная красotka» деген (81-бет) сөзінің қазақшасы: «Сіз өзіңіз де сүттей сұлусыз ғой!» (423) деп аударылады. Мұнда да қазақ тілінің бейнелеу ерекшелігі ескерілген.

Сондай-ақ Грознойдың профессор Горностаевты менсінбей кекеп «Профессор кислых щей» деген мәтелін (82) «Борсыған сорпа профессоры ғой» (424) деп дәл де үйлесімді аударарды.

Үшінші пердедегі Закаатовтың сөзін аудару тұсында автордың түп нұсқаның мағынасын еркін аударып, тереңдете түскені байқалады.

Орыс текстісі:

З а к а т о в. Сударыня, так говорят и невинные и вину имуще, во власть предержажая отличит овец от козлищ. (109 стр.)

Қазақшасы:

З а к а т о в. Гүнәһсіз кісіңе (осы «кісіңе» деген сөз дұрысында кісің де» болу керек) гүнәһар да солай дейтіні әдет қой, ханым. Бірақ әкім адам момын қойды сүзеген текеден айырар». (452-бет.) Соңғы сөйлемдегі қой мен текеге тағылған сын-эпитеттер түп нұсқада жоқ. Ал оларды кірістіргеннен аударма ұтпаса, ұтылмаған.

М. Әуезовтің алты томдығындағы «Любовь Яровая» пьесасының (бұл 5-томда) текстінде кейбір қате басылған сөздер түп нұсқамен салыстырыла отырып, жөнделді.

I-пердедегі Дуньканың «Это мне без надобности» (стр. 86) дегені қазақша басылымда «Ол маған дәрігер емес» (428-бет) деп терілген. Дұрысы «д і л г е р е м е с» немесе «дәркер емес» болу керек.

Мұндай жөндеулер тиісті орындарда ескертілді.

М. Әуезов аудармасында К. Треневтің «Любовь Яровая» пьесасы 1938 жылдан бастап Қазақтың Мемлекеттік академиялық драма театры сахнасында талай рет қойылды.

«Любовь Яроваяның» қазақ тіліндегі түп нұсқасы (машинкаға басылған) М. Әуезовтің музейінде сақтаулы. Қазіргі тексті мен оның арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Кей сөздер кітапқа басыларда аз-кем редакцияланған. Мысалы, пьесаға қатысушы адамдар туралы берілген түсініктердің кейін там-тұм редакцияланғаны байқалады. Түп нұсқада «Михаил Яровой — байы, офицер делінсе, кітапта: «Михаил Яровой — оның күйеуі, офицер» деп өзгертіледі. «Марья — крестьянин катын» делінсе, кейін «Марья — шаруа әйелі» деп алынады.

Жиырма томдыққа жазушының он екі томдық (1969. 9-том) шығармалар жинағы бойынша берілді.

ОТЕЛЛО

Ағылшын драматургы Вильям Шекспирдің бес актілі трагедиясы. Кейбір документті деректерге қарағанда, шамамен, 1604 жылы жазылған. Алғаш рет басылып шығуы 1622 жыл. Драматург трагедиясының сюжет желісін Джиральди Чинтионың «Экономити» атты итальян новеллаларынан алған.

Трагедия орыс тіліне сан рет аударылған. Оның ішінде жұртқа танымал болған нұсқалары: П. И. Вейнбергтің, А. Сокольскийдің, А. Радлованың, М. Л. Лозинскийдің, Б. Пастернактың аудармалары.

Мұхтар Әуезов пьесаны қазақ тіліне аударып, 1939 жылы Қазақстан көркем әдебиет баспасынан жеке кітап етіп шығарған. М. Әуезов 1935 жылы Анна Радлова орыс тіліне аударып, 1936 жылы Шекспир шығармаларының VIII томдық толық жинағына енген (том V, 176—340-беттер) нұсқасынан ақ өлең түрінде еркін аударған. Пьеса он екі томдыққа осы 1939 жылы қазақ тілінде жеке кітап болып шыққан нұсқасы бойынша енгізілген еді. Аударманың латын әрпімен жазылған қолжазба (автограф) нұсқасы жазушы музейінің архивында (ЛММА архиві. 175-папка) сақтаулы.

1939 жылғы кітапта жаңсақ кетіп, қате басылған сөздер қолжазба бойынша түзетіліп қалпына келтірілді. Мысалы: кітапта «Аз куәлар да тоқталар» (8-бет) деген сөз қолжазба бойынша — «Аз кінәлар да тоқталар» деп түзетілді. Осы ретпен: «Міршіміз» (14) — «Әміршіміз», «Уақыт» (24, 40) — «Уақып», «Сандырақтарды» (36) — «Сандықтарды», «панар боп» (36) — «құмар боп», «кулығы ма» (37) — «Кулығы да», «Кассионың сүйегіне» (38) — «Кассионың сүйгеніне», «Жек көрмесе де» (38) — «Жек көрсем де», «Орным затты» (57) — «Орным жатта», «Сіз шығарған» (67) — «Сіз шақырған», «Сақтамаған» (67) — «Сақтамағын», «Күнәм болсын» (104) — «Куәм болсын», «Аузына әйелдің» (104) — «Азуына әйелдің», «Бағасын» (108) — «Барғасын», «Ай-

гай» (128)—«Ағай», Қол салған» (122)—«Жол салған»— болып түзетілді.

Жиырма томдыққа жазушының он екі томдық (1969, 9-том) шығармалар жинағы бойынша мына төмендегідей түзетулер енгізумен жіберілді: «Микеле Кассио деген бір флорентинелік» (332)—«Микеле Кассио деген бір флоренциялық», «Ызалап жүріп сыпайтын» (333)—«Ырзалап жүріп сыпайтын», «Бөгелместен жетсін, айт» (339)—«Бөгелместен жетсін дейт», «Шық басады оларды!» (340)—«Шық тиіп, тат басады оларды!», «Қызын немен алды екен» (345)—«Қызын немен алды екем», «Тәңірі алдына айтайын» (346)—«Тәңірі алдындай айтайын», «Сонда бітті енді бізге» (364)—«Сауда бітті, енді бізге», «Күдіктің тегі анық-ау» (390)—«Күдіктің тегі анық — у», «Сан дененің бәріне де тарайды» (400)—«Сау дененің бәріне де тарайды», «Әндетіндер — үйеңкіден алқаң болсын» (422)—«Әндетіндер — үйеңкіден алқам болсын», «Бізге деген жақсылықты жат еткенде төгеді» (423)—«Бізге деген жақсылықты жат етекке төгеді», «Серізім бар, мырзалар» (427)—«Сезігім бар, мырзалар», «Кассио біледі Кипрді» (442)—«Кассио билейд Кипрді», «Аштықтан, дауыл, теңізден» (443)—«Аштықтан, дерттен, теңізден» тағы басқалар.

АСАУҒА ТҰСАУ

Ағылшын драматургы Вильям Шекспирден 1943 жылы аударған. «Отеллоның» аудармасына қарағанда, бұл дәлме-дәл аударма деуге болады. Театр сахнасында қойылғаны болмаса, аударма көпке дейін баспа бетін көрмей келіп, тұңғыш рет 1957 жылы жазушының тандамалы шығармалар» жинағының VI томында (420—531 беттер) жарияланды. Жазушының 12 томдық жинағына аударма текстiнiң сол 1957 жылы жарияланған нұсқасы алдында. Аударманың автографы (ЛММА папка № 173) және машинкаға басылған сахналық варианты (ЛММА папка № 174) жазушы музейiнiң архивында сақтаулы 1957 жылғы басылымында: «Виченцо, Люченцо, Петруччо, Гремьо, Гортензьо, Траньо, Грумьо, Қамбьо, Алтоньо, Личо»— делiнiп қате басылған кейiпкерлер есiмдерi бұл жолы қолжазба бойынша (папка № 173) және В. Шекспир шығармаларының толық жинағы («Полное собрание сочинений» в восьми томах. том II. 3—110 стр. Москва — Ленинград. 1937 г.) бойынша: «Винченцио, Люченцио, Петручио, Гремьо, Гортензио, Траньо, Грумио, Қамбио, Антонио, Личио»— болып түзетiлдi.

Сол саяқты 1957 жылғы басылымда жаңсақ кеткен «Резвыйда» (М. Әуезов «Тандамалы шығармалар» том VI. 424-б.) деген сөз қолжазба бойынша «Резвыйды» (ЛММА. папка № 173. 3-б.) болып түзетiлдi. Осы ретпен: «Шалғыңыз» (429)—«Шалығыңыз» (9), «Рето-

рика» (435)— «Риторика» (14) «Ақтармасам» (439)— «Атқармасам» (16), «Ерік берсен, әлі талап өсіп берер» (452)— «Ерік берсен, әлі талай өсіп берер» (23), «Біз қуамыз» (467)— «Біз куәміз» (30), «Гортензью сақтай алмай бұл пішін» (473)— «Гортензио сақтай алмас бұл пішін» (34), «Сұңқарым аш, қынып тұр» (492)— «Сұңқарым аш, қылпып тұр» (43), «Етіңізге» (499)— «Өтіңізге» (46), «Өзіндей» (507)— «Өзіндей» (50), «Желісімде» (507)— «Келісімде» (51), «Жанкеші» (516)— «Жанкесші» (54), «Тынаатынып» (517)— «Тынарын» (55), «Тартысам да» (514)— «Тыртысам да» (53), «мұғжизасы» (520)— «Мұғжизасы» (56), «Салом» (530)— «Салам» (60)— болып түзетілді.

1957 жылғы басылымда пьесаның басында «Интродукция» деген сөз түсіп қалғандықтан, «Бірінші актіге» дейінгі сахналық екі көріністің (VIII том. 423—434 беттер) не екені белгісіз болып қалған. Бұл жолы «Интродукция» деген сөз М. Әуезов аудармасының қолжазбасы және Шекспир шығармасының орыс тіліндегі нұсқасы (жоғарыда аталған томды қараңыз) бойынша қалпына келтіріліп, өз орнына қойылды.

Бұл басылымға жазушының он екі томдық шығармалар жинағы бойынша (1969, 10-том) мынадай түзетулер енгізілгеннен кейін жіберілді: «Кім екенін есін алса» (299)— «Кім екенін есіне алса», «Түү, не деген өрсекел» (305)— «Түү, не деген өрескел», «Сор тұтқыннан аз ақынмен азат бол» (311)— «Сор тұтқыннан аз ақымен азат бол», «щпитердің ұйымап па ең тал бойы» (312)— «юпитердің ұйымаппед тал бойы», «Саған ыстығырақ? Тек, құбыл ма?» (324)— «Саған ыстығырақ? Тек құбылма?», «Мынау аспан ұсынамын» (327)— «Мынау аспап ұсынамын», «Жүздей саулы сиырым бар» (336)— «Жүздей сауулы сиырым бар», «Үйім не болса сабыр тозар» (342)— «Әулие болса сабыр тозар», «Бәрін де біз үшін менің мырзам Люченцио» (345)— «Бәрін де бір сіз үшін, менің мырзам Люченцио», «Қызықтап, тойлап өсіндер» (348)— «Қызықтап, тойлап есіндер», «Бері келші-ай, жанкеші» (374)— «Бері келші-ай, жанкесші» тағы басқалар.

ҚОРҚЫНЫШ

Бұл пьеса 1934 жылы қазақ тілінде латын әрпімен жеке кітап болып басылып шықты. Кітаптың ішкі бірінші бетінде (А. Афиногенов. Қорқыныш. 8 суретті пьеса. Өзгертіп аударушы Әуезұлы Мұхтар», соңғы сыртқы бетінде орыс тілінде: «А. Афиногенов. Страх». Пьеса в 8 картинах. Перевод и переработка Ауэзова М. На казахском языке» делінген. Сыртында сегіз суретті деп көрсетілгенімен қазақ тіліндегі басылымының ішкі тексінде, орысшасының өзінде де тоғыз суретті. Бұл басылымға сол бойынша жіберіліп отыр және қандай

өзгерістер енгізгендігін білу мақсатымен орыс тіліндегі басылымын салыстырып қарағанда мына секілді бірлі-жарым айырмашылықтар байқалды. 7-суреттің соңында келетін Қембаевтың: «Профессор Бородин! Сіз ғылым саясатты қағып шығаратын сағат соқты деуіңіз, жалғыз-ақ соныңыздың өзімен ғылымды тастап, саясатқа аттап кеткеніңізді түсіне ме екенсіз. Жүйеңіздің өн бойында ғылым бар деп білмеймін мен...» деп басталатын көлемді сөздері мен 9-суреттің соңындағы: «Қембаев. Аламыз кілттерді, бүкіл дүниенің неше алуан кілттерін аламыз, жолдастар!..» дегендер орысшасында жоқ. 6-суретте «Қембаев. Былжырама енді, оңбаған. Бобров — біздің кісі. Ол дұрыс ұстаздық қылады. Дұрыс жолмен келе жатқан осы. Басқа әлдекімдей сандырақтамайды бұл. Сол себепті бұл өзгеннен бағалырақ, қымбатты да бізге. Біліп қойындар мұны» дегендер орысшасынан басқалау.

Ал жазушының аударуындағы қолжазбаның түп нұсқасы сақталмағандықтан кітапта жіберіліп алған қателерді салыстырып қарауға мүмкіншілік болмады да, орыс тіліндегі басылымымен салыстырып мына төмендегідей адам аттары, біраз сөздер түзетілді: «Барадин — Бородин». «Вэлентина — Валентина», «Бабров — Бобров» болып дұрысталды.

1934 жылғы басылымның 13-бетінде Бородинның сөзінде: «Мен керек сізге» деген сөйлем «Не керек сізге» болып және осы суретте 9-бетте «Кришне — Кришна» болып түзетілді. 5-суретте кітаптың 53-бетінде «Лайэнгрин — Лоэнгрин», 6-суретте 61-бетте «Мэрис Шевалие — Морис Шевалие» деп дұрысталды. 7-суреттің бірінші бетінде Бородиннің сөзінің аяғындағы: «қорғаныш» сөзі «қорқыныш», сол бетте «Уатсын, Лесли» сияқты адам аттары «Уэтсон, Лэшли» және 69—70-беттердегі «Болотин — Болотников, инкврие — инквизиция» болып дұрысталды. Бесінші суретте кітаптың 54-бетінде «Вентора, Горсия» сөздері «Вентура, Гарсия», тоғызыншы суретте 85—87-бетте, «өзіміздің — өмірдің» болып өзгертілді. Кітаптың 84—90-бетіндегі «пұрылтар — пролетар» болып дұрысталды.

МАЗМҰНЫ

Ревизор	5
Любовь Яровая	89
Отелло	169
Асауға тұсау	283
Қорқыныш	373
Түсініктер	446

Мухтар Омарханович Ауэзов

**СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ
ТОМ ТРИНАДЦАТЫЙ**

Переводные пьесы

(на казахском языке)

Ответственный за выпуск *Т. Акимов*

Редактор *К. Узакбаева*

Художник *Т. Мухатов*

Худ. редактор *Б. Машрапов*

Техн. редактор *С. Лепесова*

Корректор *К. Рахимжанова*

ИБ 2301

Сдано в набор 10.12.82. Подписано в печать 02.06.83. Формат 84×108¹/₃₂. Бум. тип. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 14,25. Усл. печ. л. 23,94+0,47 вкл. Уч.-изд. л. 23,53+0,32 вкл. Тираж 10 000 экз. Заказ № 37. Цена 2 р. 40 к.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

Әуезов М. О.

Ә 83 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алматы: Жазушы, Т. 13. Аударма пьесалар,— 1983.— 456 бет.

Мұхтар Әуезовтің он үшінші томында Н. В. Гогольдің «Ревизоры», В. Шекспирдің «Отеллосы», «Асауға тұсауы», К. Треневтің «Любовь Яроваясы» сияқты аударма пьесалары еніп отыр және М. Әуезовтің 1934 жылы аударған А. Афиногеновтің «Қорқыныш» атты пьесасы енген.

Қаз 2

Ә $\frac{4603010000-112}{402(05)83}$ 2—83



Ревизор» пьесасы. Дуанбасы ролінде — Қалибек Қуанышбаев.
1936 ж.



«Ревизор» пьесасынан көрініс 1940 ж.



«Любовь Яровая» пьесасы Яровой ролінде — Қапан Бадыров; Яровая ролінде — Х. Дәрібаева. 1937 ж.



«Отелло» пьесасы Отелло ролінде — Шәкен Айманов, Эмилия ролінде — Хадиша Бөкеева 1964 ж.



«Отелло» пьесасы. Отелло ролінде — Капан Бадыров; Дездемона ролінде — Әмина Абдуллина. 1939 ж.



«Отелло» пьесасынан көрініс 1964 ж.



«Асауға тұсау» пьесасы. Петручио ролінде — Шәкен Айманов; Катарина ролінде — Хадиша Бөкеева. 1942 ж.



«Асауға тұсау» пьесасы Петручио ролінде — Шәкен Айманов;
тарина ролінде — Хәдиша Бөкеева 1967 ж.